

12232

VI

84 Каз 71

X 94

Махмет
Хусаинов

Үкілі Ыбырай

Шахмет
Хұсайнов

ҮКІЛІ
ЫБЫРАЙ
(ПЬЕСАЛАР)

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,
АЛМАТЫ — 1972

ӘБУНӘСІР ӘЛ ФАРАБИ

*Екі бөлімді трагедия
Үшінші варианты*

Ұлы бабамыз Әбунәсір Әл
Фарабидің ғылыми мұраларын
зерттеуші қазақ ғалымдары
Ақжан Машанов, Дүкенбай
Көбісов жолдастарға зор ал-
ғыс. Фараби туралы пьесаны
солардың ғылыми еңбектері, ке-
ңесі бойынша жаздым.

Автор.

С(каз)2

X 94

КАТЫНАСУШЫЛАР:

Әбунәсір Ғараби
Иоганн бин Хайлан — досы
Әбуғаббас — шәкірті
Бурахан — Отырардың ханы
Дату — қызы
Насир Сәид — Бұхардың әмірі
Ғұламқадыр — бас уәзір, дін басшысы
Азапбақ (Ғұлам Салық) — дәруіш
Қарақас — қызы
Әбурайхан — балаң жігіт
Миршах — есік ағасы
Зұлық — Ғарабидің әкесі, Отырардың ғаскер басы
Бекдар — сарай ғалымы
Жасауылдар, күтуші нөкер, ер, әйелдер, қарапайым халықтар, тұтқындар, ғұламалар, ишан хазірет, тағы-тағылар. Мезгіл 914-920 жылдар шамасы.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Отырар. Тарихы әріден белгілі, кейін монғол шапқыншылары жойып жіберген қала. Бураханның сарайы. Күнбағар сағат. Су құбыры. Хауыз. Жабық канал арқылы Сырдың суы хауызға құйылады. Хауыз бұл кездегі бассейн тәрізді. Жиегін кемерлеп таспен өрген. Хан сарайы Ислам дінін қабылдамастан бұрын салынған. Қазақ даласындағы Арыстанбаб, Айша биби ескерткіштерінің ою өрнектеріне ұқсас Қанлы-қыпшақтың өзіне тән өнерімен салынған.

Сарайдың қасында Тархан, Сұлтан, Хаким, Хафиздің балалары оқитын мәдіресі. Дәріс алған шәкірттердің махамдары естіліп тұрады.

Х о р:

Ассубу — хабада мән талғатиһи!
Уаллайды тұза фи ғафратиһи!
Сағатис шажаро, сәманин қамаро!
Бий шарифатиһи. (*Ән аяқталады.*)

Етегі арқасына жайыла төгілген желек, арапша тайласан, орысша покрывало. Желектің ұшын иегінің астынан байлаған, шен дәрежесі катип, Әбуғаббас келеді.

Ә б у ғ а б б а с (*жар сала кіріп*). Ғұламқадыр, ғұламалар! Отырардың хакимдері! Жаңалық бар!.. Жаксылық бар! (*Мәдіресінің ішінен Отырар мен Бұхардың дін басы Ғұламқадыр шығады.*)

Ғ ұ л а м қ а д ы р (*мақамдата сөйлеп*). Ненің жаңалығы? Жан шапағаты ма? Ізгіліктің нұр ғибыраты ма?

Ә б у ғ а б б а с. Екеуі де, Ғұлам әке. Фараби келді. Отырардың ұлы перзенті келді.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Мұғаллим Сәні! Екінші ұстаз.

Ә б у ғ а б б а с. Сіз жақсы біледі екенсіз ғой.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Ол пидисап ғылымы, логика ғылымы, музыка ғылымын да алдына жан салмаған данышпан! Оның басы бұ жалғанның мұқаддасы! Отырар мешітін күңіrentкен Жиырма Муәзеннің азанымен, Хорасан да ашшифа Әл Мәлік кіргізген мешітте махамдатып әндеткен көп кісілік Жаухатымен қарсы алайық.

Ә б у ғ а б б а с. Ғұламқадыр әке, үшбу ықыласыңызға, мен де ризамын. Көзіңізге нұр, аузыңызға бал құйылсын.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Хорасанда мешіт ішінде көп кісілік ән салу дәстүрі әлдеқашан кірген. Біздің Бұхар патшалы-

ғының хахимдері хрестиян дініндегі шеркеу дәстүріне еліктеушілік, деп тыйым салып жүр. Мысырдың мұсылман мешіттерінде азанды қосылып айту, мұқаддас мақамы та-
рауих намазында айтыла бастаған.

Әбуғаббас. Түркістан қожаларының шамына тиіп, қойындарынан қанжар суырып жүрмесін, ғұқ болыңыз!

Ғұламқадыр. Қожалардың құлқыны бес дихрам!

Әбуғаббас. Он дихрамын алсын мейлі, қитыққа жібермеңіз.

Ғұламқадыр. Бураханнан басқа хандықта қожа пайғамбардың әулетіміз деп нысапсыз кеткен. Біздің көкжал жүз елу қожаны сүндетке қайыра отырғызды. Шариғат заңында бір рет сүндетке отырған он үштен асқанын қайыра отырмайды.

Әбуғаббас. Оған шок, шок демей-ақ қояйық. Әзірленіңіз?

Ғұламқадыр (*мәдресінің ішіндегі әріптестерін шақырып*). Ей, сарай ғалымдары?! Жақсылық бар! Бері келіңдер? (*Мәдіресіден Бекдар бастаған ғалымдар шығады.*)

Бекдар (*быдықтау*). Ненің жақсылығы?! Біздегі жақсылық атаулы ханның басында. Еліне бақ үйіріліп, өрісін кеңітіп пе? Басқа не қылған жақсылық?

Ғұламқадыр. Оң-солына қарап сөйле. Ай орнында, күн орнында.

Бекдар. Айың шалқасынан туып, күнің мұнарға батса жетісерсін.

Ғұламқадыр. Ұлы ғалым Әбунәсір Фараби келті...

Бекдар. Фараби! Отырардың ұлы перзенті.

Әбуғаббас. Атағы жер жүзіне жайылған ұлы ұстаз келді.

Бекдар. Қайда түсіпті?

Әбуғаббас. Ғаскер басы әкесі Зұлық қарияның үйіне түсіпті.

Бекдар. Жер бетінде білмейтіні жоқ. Жетпіс жұртың тілін білетін, бармаған шаһары жоқ, Бағдат, Басыра, Әлеппа, Шам ғалымдарын аузына қаратқан, жеті қат көктің сырын, дүние ғалам құпиясын ашқан астроном ғалым... Онымен теңдесіп сөйлесе алатын бізде кім бар?

Ғұламқадыр. Менің де айтпағым, сарапка саларым, қарсы алу, дидағласу жайындағы мәселе еді.

Бекдар. Ғұлам әке. Бізде кәтім қарда дәрежесін алған бас ғалым сіз ғана. Онымен сөйлесуге сіздің де, осы тұрған бәріміздің де шама-шарқымыз жетер ме екен.

Ғұламқадыр. Бекдар, сен тым асыра бағаладың! Ол сен айтқандай кеудесімен көк тіреген, есігінен үңіле қа-

раудың өзі арман болған жан болмауы, өзіміз тәрізді ғалым шығар. Барымызды алдына жайып қарсы алсақ, сұқбаттассақ, бізге сол сый құрметтің өзі де жеткілікті.

Бекдар. Барынды алдына жайғанда екі кітабыңыз жоқ. Ғылымға сіңірген еңбегінді сұрай қалса не дейсіз?

Ғұламқадыр. Ойымды быт-шыт бұзып жіберді-ау!

Әбуғаббас. Бекдар, ол, ғалымдардың ғалымы екені рас. Бірден сауал қоя қоймас.

Бекдар. Алда-жалда сауалды қоя қалса, не деп жауап береміз?

Ғұламқадыр. Қоя қалса инабат білдіріп келген құрметіне тағзым етудің өзі инсият.

Бекдар. Инсиятына пыскырмайды да. Инсият құдайға сыйыну, мүлги шұлғып бас ию.

Ғұламқадыр. Не қыл дейсің сен бізге.

Қабасақалды ғұлама (*ашу қысып, ісіне долырып*). Немене сонша, тасып төгілетіндей біз білмейтін не сиқыры бар. Бізге ала келген жаңалығы Аристотель ғылымы ма? Аристотель де заманында бүлдірген. Оның да басы бір қазанға сыймаған. Әлек болатын түк те жоқ. Мен білсем... Мен білсем?.. (*Өзінен өзі аспанға қарап, ойланып тұрып қалады.*)

Бекдар. Сіздің білетінііз дидарласпай жатып аспанға қарап анырып қалдың... Ал мен білсем!

Барлығы. Білгенінді айтып көрші.

Бекдар (*көсіле сөйлеп*). Мен білсем, қоятын сауалымызды, беретін жауабымызды іріктеп алайық.

Ғұламқадыр. Уа, жарандар! Бекдардың біздерге қоятын сұрау, беретін жауаптарыңды ой елегінен өткізіп аңдидарласындар деген сөзінің жаны бар. Ол Шам шаһарының ғалымдарын нұрландырған. Кім білікті, кім өнерпаз, кім шын ғалым. Бір қақтығыстың өзінде — Хамадан сұлтанның қайраулы қылышын тасқа шапқызып, өктемдікпен алдын тосам деп қызба бастанған кей біреулерінің тілін байлап кеткені, қызу айтыста, төкаппар Сұлтанды иманындай ұйытып мейірім шапағатын төккізді деседі. Біздің Бураханды да сондай мейірімге келтірсе бізге де мерей. Жарайды. Шәкірттерді әзірлейік. Оның бізге жеткен рубайларын жаттап алындар! Бар, барындар! Шәкірттерге үйретіндер. (*Ғалымдар мәдіресіге кіре бергенде сырттан дабыл қағылады. Тархан уәзірлерін ертіп Бурахан келе жатады. Көне түрік қағандарынша киінген. Бойында ер қаруы бес қару.*)

Сарай ғалымдары (*тағзым етіп*). Алдияр тақсыр, дат дедік.

Б у р а х а н. Бұл не жиын? Не тұрыс?

Б е к д а р. Дат, тақсыр! Бұл ғалымдарыңыздың үрей жиыны.

Б у р а х а н (қатаң). Үрейленетіндей не көрінді бұларға?

Ә б у ғ а б б а с. Дат, тақсыр. Көптен күткен. Отырардан шыққан дана Әбунәсір Әл Фараби келді.

Б у р а х а н. Туған еліне жеткен екен ғой. Шам шаһарынан шығыпты деп естіп ем. Қалай кепті?

Ә б у ғ а б б а с. Керуенге ілесіп жаяу кепті.

Б у р а х а н. Шам шаһары қай теңіздің жағасында деуші еді, Бекдар?

Б е к д а р. Жер орта теңізіне құятын Евфрат, Тигр өзенінің жағасында, хан ием!

Б у р а х а н. Оның даңқы жер жүзіне кеткені рас па, Бекдар?

Б е к д а р. Рас болғанда — сіздің тәңір Бұхарыңыз оның атын ерттеп беруге жарамайды. Ол аңызға айналған адам.

Б у р а х а н. Е, дүние. Әкем марқұм Мүсілім Құтайбаның шаһарын жаулап алуына қарсы жорыққа аттанған кезінде Фараби сегіз жасында оқу іздеп Отырардан кеткен екен. Сол жылы мен туыппын. Бекдар, неше жыл болды?

Б е к д а р. Сарайыңыздағы шежіре кітабында сіз доңыз жылы туғансыз. Доңыздан доңыз 53 жыл.

Б у р а х а н. Еңселерің түспесін. Ғалым не үшін ғалым? Отырарды нұрландырып біздің даңқымызды әлемге жая келсе Фараби — сайысқа шақырам? Терең мен тайызды біздің жұрт мұхитпен өлшейді. Билікті асқар таумен өлшейді. Жаксылықты жұлдыздың жануы, жамандықты жұлдыздың сөнуімен балайды. Мұхиттай терең кім? Асқар таудай биік кім? Жұлдызы жанғалы тұрған бақытты кім? Кім білікті, кім өнерлі? Ал ғалымдар, әзірленіңдер. Өзім барып ертіп келемін.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Дат, тақсыр. Салтанатты құрметпен қарсы алуға біз де әзірлік жасап жатыр едік. Біздерді де ала кетіңіз.

Б у р а х а н. Жүріңдер! Еріндер маған! (Ғұламқадыр бастаған сарай ғалымдары мәдіресіден шәкірттерді алып шығады. Шәкірттердің қолдарында домбыра, лютия, жетіген. Асқан қобызшы қыз Қарақас, қыл қобызда Фарабидің әуен сазын ойнап рубаиларын сұңқылдап айтып тұр.) «Заттың сыры ашылмай, асыл гәуһар қырланбай...»

Б у р а х а н (өзіне). Бұл сөзде мағына бар! «Сұрауға жауап табылмай, бастысы қалды жырланбай». Бастысы не?

Бастысына біздің Тәңірі Бұрахан да жауап таба алды ма? *(Қарақастың қасына келеді.)* Кімнің қызысың?..

Қ а р а қ а с. Әкемнің қызымын.

Б у р а х а н. Әкең кім?

Қ а р а қ а с *(қиналып)*. Әкем... Дүниеде бар-жоғы белгісіз. Ол кісіні сіз білмейсіз.

Б у р а х а н. Мен Отырардың бесіктегі баласына дейін білем.

Қ а р а қ а с. Әрине, хан бәрін де білуге тиісті.

Б у р а х а н. Әкең тірі ме?

Қ а р а қ а с. Әкемнің өлі-тірілігінен хабар жоқ.

Б у р а х а н. Әкеңді көрдің бе!

Қ а р а қ а с. Он бір жасымда көрдім.

Б у р а х а н. Қазір нешедесін?

Қ а р а қ а с. Он тоғыздамын.

Б у р а х а н. Шешен бар ма? Бар болса не тірлік жасайды?

Қ а р а қ а с. Шешем өлгендердің кебінін тігеді. Табытын жуады. *(Бұ кезде Бұхар әміріне аманатқа берген қызы Дату ханым күтушілерімен бірге сарайдан шығып, қастарына келеді.)*

Д а т у. Әке?! *(Бірден Қарақастың көркіне, сымбатына қызығып.)* Мен адам танысам, жүрегінен от лаулап, жанынан күй саулап тұрған аса бір туған ару ғой!

Б у р а х а н. Қызым, қалауыңа татыса, осы қызды келген жолыңа күтуші ғып берсем ризамысың?

Қ а р а қ а с *(шошынып)*. Менің шешем бар! *(Үрке қашып.)* Шешем бар!

Б у р а х а н. Хан қаласа шешен өзін де қияды. Қобызшы қыз, сен шошыма! Менің қызым Дату да, ел намысы жолына басын қиды.

Қ а р а қ а с. Сіз, маған да ки дегіңіз келе ме? Жоқ, күн бола алмаймын.

Б у р а х а н. Сезімің сергек қыз болсаң мені байыппен түсін. Хан қалауынан бас тартпа. Түбінде біздің жұрттың салмағын екеуің көтересіндер. Фараби де келді. Оған түсер салмақ, парасат, ақыл дүниесі, жалғанда ақылсыздықтан асқан кедейлік жоқ!

Д а т у. Әкеміздің мейірім түскен күн екен. Қаһарына ұшырамай тұрып қалауыңа көнсең саған да, маған да мерей. Атың кім?

Қ а р а қ а с. Атым Қарақас!

Д а т у. Қарақас ару. Мынау көсіліп жатқан қыпшақ даласы. Аңызға толы дала. Сен де, Фарабидей аңыз боп қаларсың. Тандағаным қыл қобыздан төгер күй сазың.

(Қалтасынан алтын ақшасын шығарып.) Он мың динар! Бағама берген пұлым деп алма! Қалауыма берген сыйым деп ал, шешеңе апарып бер! *(Еріксіз береді. Қарақас алады.)*

Бекдар *(келіп килігін)*. Қарақас сұлу! Әужай түйіскендей болып едің, қағып кетті ме менен!

Қарақас *(жалт бұрылып)*. Әужай! Сіз менің сырыма қанық болған жоқсыз.

Бекдар. Хан қызы менен бұрын күндікке сатып алғаны өкініш... Өкініш.

Қарақас. Жаны жадау жетім қызбен әужай түйгенде табарың не?

Бекдар. Табарым. Жетер мұратым асыл өнерің.

Қарақас. Өнерімді өксік буып, тағдырымды күндікке байлаған өнерден безген артық.

Бекдар. Басым шырмалмай тұрып, өнерлі қыз, менің де сенен безгенім артық. Уа, жалған! Некелі әйелім болып, қолымнан тартып алса не шара! Не амал!

Дату. Безгенің артық, жас ғалым. Құмар жүрек бір мақсатқа сыймайды. Некелі әйелің болған күнде өнеріне көркі сай арудың аты сенікі, ләззаты басқанікі. Осы бастан безгенің абзал, жас ғалым!

Бекдар. Бірден қайырдың-ау бетімді. Арсыз болмай іс оңбас, алдамшы болмай бақ қонбас. Арсыз болсам мен де талай сиқыры мол сұлуды өлгеннен кейін де жаназамда мөлтілдетіп көз жасын, беттерінің қытығын, жүздерінің ұятын сартап болған сайқалдықпен жуғызып қояр едім!

Дату. Тілінді емізбей, кетсең қайтеді?

Бекдар. Тіл емізбей жүре алмаймын. Фарабидің алдына жүгінем. Бұхар әмірінің ханшасы, күйеуіннің алдына жүгінем.

Дату. Басыңның аманында жоғал!

Қарақас. Сыртыңыздан қанық едім. Саған жоғал деді ғой хан қызы!

Бекдар. Жоғал десең жоғалуыма болады. Мені Қарақастан айырған қасірет, басыңа қара күн боп тусын! *(Кетеді.)*

Дату *(күйініп)*. Кімнің еді?

Қарақас. Сабақ берген жас ғалым.

Дату. Қаласаң сарай қызметіне алайын.

Қарақас. Жоқ қаламаймын.

Дату. Түбінде сенің жолыңа бәле боп оралса жаза арқалап кетеді. Қаламағаның дұрыс. Динарыңды жоғалтып алма. Шешеңе апарып бер.

Қарақас. Шешем? Сорлы шешем? Аңырап қалатын

болды. Сырғанақ тағдыр сырып әкеп мені сізге күң етті. Қуып әкеп мұң бесігіне бөледі. Бұдан былай әлдилейтін кім? Аялы алақанымен мандайымнан сипайтын кім?

Д а т у. Әлдилейтін де мен. Мандайыңнан сипайтын да мен. Қамықпа!

Қ а р а қ а с. Сіз болсаңыз көкірегіңе күй боп оралу болсын қызметім. Сіз, мені күтуші қыз деп алмаңыз. Ерсанатым, қысылғанда алып шығар өр қанатым, салтанатым деп алыңыз.

Д а т у. Салтанатым, өр қанатым деп алдым. Шешене бар да Бұхар әмірінің сарай сауықшысы болдым деп айт!

Қ а р а қ а с. Шешем бақыт таба алар ма екен?

Д а т у. Табады!

Қ а р а қ а с. Хан қызы айтты. Табады... Табады! Табады!

Шам сөнеді. Перде ашылғанда сахна Гауһар ана сарайына ауысады. Әбуғаббас Фараби мен оның досына сарайды аралатып таныстырып жүр.

Ә б у ғ а б б а с. Мұхтарам ғалым, мұғалім сани. Екінші ұстаз. Сәби күніңізде тербелген бесігіңіз, ел мұрасы асылын жиған шаһарыңызды көріңіз, өткенін солыңыз, болашағын болжаңыз. Таңғажайып көркі таң-тамаша салтымен қойының қазынаға толтырған қала еді. Қаратау сазы, Сыр аңызы, Сарыарканың хикаясын толғаған шаһарымыздың аты Фараб. Осы шаһарда туғандықтан сіз де Фараби атандыңыз. Шығармаларыңыздағы Отырардың тірлігі біздің тірлігіміз. Сөйлеген сөзіміздің, ойлаған ойымыздың құйылар жері Отырар. *(Фараби жан-жағына қараған сайын көңілін ойран асыр өкініш буады. Иоганн үнсіз. Бір кезде Хорезм мұнараларының үлгісімен салынған «Гауһар ана» сарайы таланған, тоналған. Тасқа жазылған белгілерден басқаның барлығын да құрттып жіберген. Фараби жүріп келеді, көріп келеді. Иоганн білгісі келеді.)*

И о г а н н. Бұл сарай Афрасияб, Регистаннан бұрын салынды ма? Кейін салынды ма?

Ф а р а б и. Бізде ежелгі заманнан қалған мұралардың атасы Афрасияб. Одан не белгі қалды?

И о г а н н. Бүлінген іс қалпына келмейді. Мен сынығын суретке салып алайын. *(Қағаз-қарындашын алып суретке салады.)* Қараймын да сымбатыңа қызығам. Күдігім жоқ, сені салған ісмер жанға иманымдай сыйынам!

Ә б у ғ а б б а с. Мұны жасаған қыпшақ бірлестігін құраған жұрттың өнерпаз шеберлері.

И о г а н н. Қыпшақ бірлестігі көшпелі емес пе?

Ф а р а б и. Көшпелі деп, кемсітіп кем санаушылар ғана айтады. Ионан жұртының Афинадай аруына барабар Қир патшаның бетін қайырған, Самағаттар мемлекетінің патшасы Тамарис арудың мүсіні. Иә, бұл мүсінді жасаған елден Алгеместі талдаған Әбуғаббас Жәуһаридей ғалым шыққан. Бұл мүсінді құйған халықтан Әбурайхандай ақын шыққан. *(Мүсіннің кеудесіне жазады.)* Егер де бізге қайта туу кәсіп болса — екінші рет Отырарда туар едік.

Ә б у ғ а б б а с. Қайта туу кәсіп болмай тұр ғой, ұлы ұстаз!

Ф а р а б и. Зейіні ашылған жүрек бір хикмет, сені қоршап тұрған табиғат адамның санасында бейнеленеді. Ол бейнеленудің дұрысы ғылым.

Ә б у ғ а б б а с. Бұрысы не?

Ф а р а б и. Бұрысы дін дер едім. Дүниеде нәрсенің көзі жетпесе сол нәрсені құдай қылып тұр деу әдетінен.

Ә б у ғ а б б а с. Келістік таппаған ғылымда тұшыну мен шошыну бірдей.

И о г а н н *(суретін салып тұрып)*. Қасиетсіздіктің алдыарты мұнымен бітпейді. Кірпішін қопарып алып, мал қорасын салады.

Ф а р а б и. Шопан ата, Зеңгі баба мүсіндерінде шапқан балтаның дағы жатыр. Ертең бұларды да жояды. Апыр-ау, бұл ел-не күйге ұшыраған?

Ә б у ғ а б б а с. Өшуге айналғанда қолды-қолда кететіні әдет емес пе.

Ф а р а б и. Маңдайының қырсығын басқаның жебеуінсіз-ақ өз күшімен арылтуға шамасы келетін ел еді. Жүрек толғап жыр шертер үні бар, шұбыртып талай жөнелткен керуен көші бар, өнеге, үлгісі бар ел еді. Бұл мүсін ғылым мен өнердің өрбіген күндерінің айғағы. Қолтума күйінде сақталса әжім басқан жүзімде күлкі оралып, күңгірт тартқан көздеріме ұшқын ойнар еді. Көз қарастар, ұғымдар, түсініктер, нанымдар себебі неде, Әбуғаббас?

Ә б у ғ а б б а с. Себебі Араб мәдениетін сіңіре алмауында. Себебі сіз оқыған елдің ойдан шығарған белгісіз күштердің қорқынышындай қараңғылық надандықтың бұғауында, камшының күші мен теңсіздікті жақтауында! Адамдар арасындағы туысқандықтың жауы және қуғыншысы болуында. Себебі соған қарсы күресуде біздің бірлігіміздің жоқтығында!

Ф а р а б и. Өсетін елдің ынтымақ бірлігі — оқ өтпес болат сауыт деп халық бекерге айтпаған... Салып болдың ба?

И о г а н н. Болдым.

Фараби. Болсаң бұл сарайда әлі сен көрмеген, сен білмеген сырлар толып жатыр. Біздің жұрттың сауыт жасап қару соғар ұста дүкенін көрген де жоқсың. Мынау біздің жиырма жеті сатылы күнбағар «Отырардың календары». Он екі жыл, он екі ай, он екі сағат күн, он екі сағат түн. Біздің халқымыз біріне-бірін сәйкестіріп осыдан жыл қайырады. Жыл қайыру уақыт кілті. Календарсыз өмір санасыз өмір. Сауатсыз тірлік.

Иоганн (жазып алады). Фарсы аңызында жылдың басы наурыз емес пе.

Фараби. Нау — жана, рыз фарсыша күн деген сөз. Біздің наурызымыз содан алынған. Ай мен Күн аспанның екі көзі. Наурыз бен Мехран уақыттың екі кезеңі деп жырлаған фарсы ақындары. Енді бері жүріңіз. (Ілгері жүреді. Отырардың күнбағар мұрасына жалғастыра аспан шырақтары жұлдызды бақылайтын күмбездің ішіне кіреді. Аспан шырақтарының қозғалысын бағатын сатылар қойылған. Күннің шығуы, батуы, көкке көтерілу жолдары көрсетілген. Осы хрусталь тәрізді күмбездің босағасында бетін бүркеп алған көзінде қырлы дөңгелек көзқап, алдына кітабын жайып қойып дәруіш мүсәпір отыр. Ол үндемейді.)

Фараби (Иоганға). Біздің жұрттың көк әлемін бақылайтын аспаннама, байқайсыз ба? Көк әлемін бейне бір шөлмек шыны жұмыр хрусталь етіп бейнелеген.

Дәруіш (кенет). Көк қабы деп атаңыз.

Фараби. Бізде жеті қат көкті осылай түсінеді... оны біздің тілімізде сайран деп атайды.

Дәруіш. Жетеуге жеткізіңіз.

Фараби (енді ғана бұрылып). Ассалаумағалейкум! Факир, оқып отырғаныңыз не кітап?

Дәруіш. Уағалейкум... Бәйтул ғибратун, құбылынама. Жағырафия ғылымы.

Фараби. Кім жазыпты?

Дәруіш. Фараби деген қаңғыбас жазыпты.

Фараби. Қаңғыбас біліп жазып па, білмей жазып па?

Дәруіш. Білгені де, білмегені де бар. «Мейірбанды қала тұрғындарының көз қарастары» бұл кітабын Апылатонның «Полистика» Аристотельдің ғылымына сүйеніп жазғаны көрініп тұр. Бірақ Бағдат, Мысыр патшалығының салт-санасынан ел билеу дәстүрінен әрі аса алмаған. Өзінің туған елін алайық, қыпшақ, Түркістан, Хорезм тұрғындарының мезгіл көшін бастауға жол сілтей алмаған.

Фараби. Мезгіл көші дегеніміз — замана ағысы. Араб мәдениетін ұғып болмаған, өз елінің заман сырын сезінуден

калып, шындық пен жалғандық не? Қайшылығын зерттемеген болды ғой.

Дәруіш. Біздегі шындықтың қыры қашып дүние кері айналды. Бағдат, Мысырдың сәлде ораған жалған ғалымдары адамды дүние тану туралы теріске уағыздап жоқты барға табынған шатасуын ғана алған. Ғұмырда өсу бар, өшу бар. Ақыл-ойдың таразысы нанымда. Нанымы сайыз жұрттың, табиғаттың құпия сырын тануы да саяз. Біздің елдің өз нанымы, өз сенімі бар. (*Күмбезге беттеп.*) Мынау төңкерілген аспанды кім ұстап тұр? Көк қағабасындағы жеті сайранның үлкені күн, ол бәрінен де зор. Тәңірлердің патшасы Күннің тегі, от, әлемінің шырақ сәулесі от атасы Күн. Біздің жұрттың нанымын кітабына арқау етіп ала алмаған.

Фараби (*өзінше*). Ай бетінде айғыз бар. Сырына көп үңілдім. Күн қызуы неліктен, бір түйіні ол көңілдің, ақыл деген пендеде қазса бітпес кен екен, ал адамның қайраты күдіретпен тең екен.

Дәруіш. Күдіретпен тең қайратты күннің жылуына жұмсағанымен аз жұртына «ояныңдар, ояныңдар. Құдайдан тіл алдық деген ертегі, құранды көктен түсті дегенге нанбаңыздар» деп өз жұртының хиял шарықтауын арқау етіп ала алмаған дедім ғой.

Фараби. Ала алмауының мәні неде? Ой салдыңыз ба?

Дәруіш. Салып та көрдім. Ол өзінің туған елін сағыныш көзімен көретін тәрізді. Мына бір жазған ғазылдары мен рубаяттарында «Амалсыздан еріктен тыс жалтақтаумен кете бердім жетелеп, қайта оралар күн болса, жетер едім төтелеп» депті.

Иоганн (*Фарабиге*). Бұл сіздің өлеңіңіз.

Фараби (*айтпа дегендей*). Оқи беріңіз, еліне оралуды арман еткен қаңғыбас ғалым тағы не жазыпты?

Дәруіш (*оқып*). «Қос жанарым қалар онда, кетер тәнім бөлініп, қос жанарда қалар бірақ, құр сұлдерім көміліп. Елді ойласам шөл қысқандай бойдан қуат қашады, құм боранда аңсауменен жүрек аузын ашады», сөйтіп ұлы ғалым аңсаумен аузын ашып, еліне келе алмай қалып қойған.

Фараби (*кітабын алып*). Иә, аңсаумен аузын ашып қалып қойған ғалымның мына сөзін оқыңыз. Менен бұрынғы даналар мен ғалымдар ашқан жаңалықты қайталау артық болар еді. Олардың айтқанын, жазғанын иемденіп ап қайталап айту надандық пен арамзалық. Демек негізгі еңбек алғашқынікі. Кейінгі, алғашқының ойын түсіндірушіі.

депті. Оқыңыз, пайымдап оқыңыз! (*Кітабын қолына береді де әндетіп жүре береді.*)

Сарай көрдім сүп-сұрғылт мұңға батқан,
Ескерткішке үңілдім заман сырын бойына тығып
жатқан.

Евклидтің «негізін» сараладым, талдадым,
Аристотель ілімін оқымасқа жоқ қой менің амалым.

Елімде бір сарай бар Гаухар аты,
Мәрмәр тастан өрілген қос канаты.
Сол сарайда өлмейтін бір-ақ зат бар
Күн нұрынан жаралған сәуле заты,
Жас арманды аңсату бар мұраты.
Күй толғап жетіғаннан
Сол сарайдың түбінде мен де жатқам,
Тарихтың таңыменен бірге атқам!

(*Кете береді.*)

Дәруіш (өзіне). Мұхтар ғалым, мені танымады. Та-
нырлық менде не күй қалды. Көріспегенімізге отыз жыл
екен. Ол дүниеге мәлім ғалым болды. Ал, мен қарғыс таң-
басы басылған қайыршы болдым. Жоқ, мен оған өзімді таң-
ытпаймын. Тани қалған күнде жолына сор боп байлануым
анық! (*Күбірлей сөйлеп, бетіндегі желпінішін аша түсіп,
сұстана бақылайды. Қоржынын арқалап жүре бергенде
Әбуғаббас алдын орайды.*)

Әбуғаббас. Тоқтай қал!

Дәруіш. Не қыл дейсің маған!

Әбуғаббас. Фарабиді бетке ұстап алар кегің осы
сәт. Құдайдан бетер шыдамды құдайша жұмсар кезің енді
келді.

Дәруіш. Үндемей жүре берсем мені ешкім де таны-
майды. Талап қойып егеске шақырсам, маған да, Фарабиге
де өшігеді.

Әбуғаббас. Тендік ездіктің қапасына айналды. Біз-
ге қай жол қолайлы? Нәсілшілдік, хайуандық! Кенересі
кепкен ел не ғылымнан, не діннен опа таба алмай дағдару-
да. Ақылдан ұту ақылдылардың ғана қолынан келеді.

Дәруіш. Бір келгенде біздің ісімізге араласа ала ма?

Әбуғаббас. Барыңыз. Соңынан қалмаңыз. Бұхар
арқылы біздің басып ап тұншықтырып жатқан дін езілген
және елегізген көңілдің сандырағы. Сол сандырақтан Фа-
рабидің ғылымына сүйенгенде ғана құтыласың.

(*Бұл кезде Ғұламқадыр, Бекдар бар қасында, Фарабиді*

үйінен кездестіре алмай Бурахан келе жатады. Дәруиш жылысып тайып тұрады.)

Бурахан. Бізді күтпей Фарабиді бастап алып кеткен сенбісің?

Әбуғаббас. Туған шаһарын аралап көруге асығып отыр екен. Гауһар ана сарайын көруге осында келді.

Бурахан. Көрді ме? Не дейді?

Әбуғаббас. Көрді. Көріп ап, ел болудан қалған екенбіз. Асыл мұраларды қиратып тастаған деп қатты күйінді.

Шам сөнеді. Қайыра жанғанда сахна Бураханның сарай алдына ауысады. Музыка тартып, дабыл қаққан ғаскерлер араулап, ұран көтеріп, Фараби мен Иоганнға қошамет көрсетіп келе жатады.

Бурахан. Уа, ақылы асқан дана, ұлы ғалым кемеңгер! Қол қусырып қарсы алдық!

Әдепкідегі қабасақал. Аллау, ханның өзін тізе бүккізді-ау? *(Ғаскер басы Фарабидің әкесі Зұлық қария да келген.)*

Зұлық. Ата-баба салтында, әуелі бізде жыр шалқитын. Содан кейін наз, жүректер балқитын. Шалқысын жыр, балқысын жүрек! Басыңдар қалың айғайға!

Ғаскерлер *(ұрандап)*. Ұран! Ұран! Ұран! Арзу! Арзу!

Зұлық. Арзу, асанқылық архант!

Бурахан *(орнында тұра алмай)*. Уа, тәңір Бұрхан. *(Ғаскерлерге үн беріп)*.

Көк аспаннан нұр келді,
Нұрмен бірге тіл келді!
Уа от ием, от ием,
Қызуыңа тез тоям,
Тез тоям да, май құям!

(Ғаскерлер мен шәкірттер үн қосады. Жағылған отты айналып жыр толғайды).

Хор:

От аспанда сөнбейтін,
Әлемге ортақ шырақ бар.
От алауы дүниеден,
Басқа өмірдің бәрі тар!
От ием, от ием,
Қызуыңа тез тоям.
Тез тоям да, май құям!

От алауын күн отынан алғанбыз,
Қара түнде шам шырақ боп жанғанбыз!
Қ а р а қ а с (қосылып).

Төрт бұрышына жиһанның,
Еркін құшақ жайғанбыз!

Б у р а х а н. Уа, арзу! Тәңір Бұрхандай бейнет шеккен бауырым. Қиыр жайлап шетте жүргенің «құрдым шөлде су-сын таппай шөлдегенің... бір елден екінші елді жаяу кезгенді, есікте отырып бала, төрде отырып дана болғаныңды естіп жаттық. Сенің ұстаз болған дарыныңа Отырардың ұл-қызы боп бас идік. (Ғалымдарына.) Иіңдер бастарыңды! Ұлы ғалымнан дәріс алып қалыңдар! Фараби, бері кел де менің қасыма отыр.

Ф а р а б и. Күн паналағанды, жапырақ саялағанды жақсы көреді емес пе? Сіздің саяңыз да жетеді, Ұлы мәрте-белі хан ием!

Д ә р у і ш (кенет). Уа раббиал, кімге қандай бак, кім-ге қандай тақ десеңші!

Ф а р а б и (қасына барып). Ә, сіз де осында ма едіңіз?

Д ә р у і ш. Көлеңкеңізде болайық деп келген едім.

Ф а р а б и. Мана сізбен таныса алмай кетіп ем. Елін сағынып, аузын ашып аңсаған қаңғыбас ғалым Фараби мен болам.

Д ә р у і ш (басын иіп). Раббиал, Фараби болсаң айқа-ра құшақ жайып, амандаспаймыз ба? (Құшағын жаяды.)

Д а т у (киілігіп). Раббиал, сарнамай кетіңіз бұ жерден.

Д ә р у і ш. Билік бар деп қолымда, Әмірдің ханшасы, тыйым сала алмайсың.

Д а т у. Сүлдерінді сүйретпей жөнел әрі!

Д ә р у і ш. Бұл елдің қуанышын көрген көз, күйінішін де біледі! Хан қызы, мені қуып тастай алмайсыз. Онан да сіз ғайыптан келген екі жолаушының сырын ашып бер деп сұраңыз!

Д а т у. Бере көр деп сұрадым.

Д ә р у і ш. Уа, Бурахан. Раббиал!

Б у р а х а н. Тәйт әрі, Раббиалдамай тәңір Бұрхан де.

Д ә р у і ш. Екеуінің мансұғы қара көңілдің ішіне кіріп кеткен сұмдықты болжау. Отырардың өз жұлдызына қарап бал ашу. Күннің берер жылуын, желдің айтар сыбырын білетін де болар! Қазалы ауыр күннен алып шығатын да болар.

Қ а б а с а қ а л д ы (Фарабидің алдына шалмасын көл-денең тастап). Мынау шалма пайғамбар тартқан шалма!

Дүниеге білім себем деп у сеуіп жүргеннің бірісін. О дүние туралы, құдай туралы түсініктерді теріске шығарып, адамды дәріптейді дейді сені. Кәне мына құранды өтірік де де бетіне түкір.

Ф а р а б и. Мен емес, менен бұрын өткен Гераклит, Эпикур деген ғалымдар өтірікке шығарған.

Қ а б а с а қ а л д ы. Түкіруге қорықтың ба?

Ф а р а б и. Жала жаппаңыз. Бұл қасиетті кітапты сенен бұрын ақтарғам. Мұнда тәртіп те, жүйе де, көркемдік те, ұйқастық та жоқ, басынан аяғына дейін қайшылықтар ғана бар. Құлдықтың қара мөрі таспыық пен кресте. Шеркеу мен меграпта... Бұл кітап жалғандықты дәріптейді. Әлкенді 225 қателік тапқан.

Қ а б а с а қ а л д ы. Астағырыпалла! Құранға тіл тигізіп, күйе жакты.

Ф а р а б и. Адамды құдаймен таластырғанда үндінің ақыны адам аузына мынандай сөздер салған еді: Сен қараңғы мылқау түнек орнаттың, мен ошакқа жанды жалын тұтаттым. Сен тау-тастарды біріне-бірін сұлаттың, мен кәдімгі рычаг ойлап тауып тараттым, сен жансыз, түрсіз, саз топырақ жараттың, мен алғашқы құмыра құюшыны ояттым, сен қалың талды бір-біріне ұйыстырдың, мен одан солқылдақ садақ идім. Сен аждаһа мен Аһ жыланға у бердің, мен дертке шипа дәрі-дәрмек шығардым. Сен биік жота, асқан жартас қаладың, мен ол жартастың қиясына өрледім. Әлі де өрлеймін, иә, солай, менсіз сенің ісіңнің бәрі бос.

Қ а б а с а қ а л д ы (*бетіне түкіріп*). Уа, Бурахан, дінсіз малғұнды қадыр тұтып қарсы алған сізге де бір зауал. Бетіне түкіріңдер, бетіне!

Д ә р у і ш (*ара түсіп*). Токтандар, біздің нәрсіз тірлігімізге нәр беретін де осылар! Бұқар әмірінде кеткен кегіңді алып беретін де осылар. Алты жүз мың әскерді сапқа тұрғызып әскер басы Зұлық атаға жығылған туынды қайыра көтерткізетін де осылар.

Б у р а х а н. Аузыңа май! Тілеулес пақырым!

Д а т у. Әке, екі елді араздыққа итеріп от тастап тұрғой! Кетіңіз.

Ф а р а б и. Қумаңыз пақырды. Екі елдің бірлігіне дәнекер болғандай. Әмірдің кімі боласыз?

Д ә р у і ш. Раббиял, жолаушы, мен таныстырайын. Аманатқа берген ханның қызы. Әмірдің ханшасы. Елін сатқан кертбан, құсы күйшіл ат шабан, заманы кер қор Қаран! Қыз күнінде кесеге құйып бал берсе, енді бүгін у бере-ді бұл шаян.

Д а т у (*шамданып*). Әке, бетінен қақпайтын кімің еді. Шолжындатып қоя берген!

Б у р а х а н. Өз пақырым... өз тентегім... ұлыстың ұлы күнінде не айтам десе де еркінде.

Д а т у. Әке, қайыр тілеген несібесізді қайраумен ұлы мәртебеге жете алмайсыз. Шаптамаңыз. Қарақас, қайдасың?

Қ а р а қ а с. Не бұйырасыз, ханым.

Д а т у. Бұйрық сол, ашындар бетіндегі пердесін. (*Нөкерлерімен Қарақас бетіндегі пердесін ашуға ұмтылады.*)

Д ә р у і ш. Жұмсама, ханым, балғын жасты ғайбатқа.

Д а т у. Жоқ, атыңды бүркеп, ізінді жасырып екі елді араздыққа шақырып жүрген сиқырдың бірісіз. Фарабиді бетке ұстап әкемнің Бұқар әмірінде кеткен кегін қайыра жандыруды мақсат еткен. Жансыз бетіндегі перденді ашқызбасам кім екенінді өзің айт.

Д ә р у і ш. Киырға қара, шиырға қара, хан қызы. Сопау құмды шөл, мұнартып жатқан менің далам. Қырмызы қызғалдақ гүлін жұлып ап, кеудеңе тағып көріп пе едің, Бұқар әмірінің тәкаппар ханшасы. Қыдыртып көздің жанарын тыныстап ал да маған кел. Ағытсам сырын заманның, сатылған қыз, сонда білесің.

Б у р а х а н. Қызым, аптықпа! Бұл пақырдың жүзіндегі перденің тасасында менің ала алмаған кегім жатса, оған да шүкірлік. Тіме пақырға. Айта берсін. Менің хандығымда пақырға, жұртқа берген еркіндікті көрсін Фараби, қысым жасады демесін. Білсін Фараби. (*Хан кетеді.*)

Д а т у. Әкем берсе де ерікті мен бере алман!

Ф а р а б и. Бұл пақырдың бетіндегі перде ұялшақ ардың арашасы болар. Не дәрменсіздіктен жасқанудың салдары шығар.

Д ә р у і ш. Сіз жөнінде сөз қозғасам, кетер шошып, өтер өксіп, ғұмыр бойы жауығып, жүрегінді суырып ап көмсем сені ішіме, қажытпаса қасірет қысар едім, алар едім, айқара қысып төсіме! Байқаңыз, сақ болыңыз!

И о г а н н. Сіздің жазған ғазылдарыңызды жатқа біледі.

Ф а р а б и. Бұл тегін емес. Айта түсіңіз.

Д ә р у і ш. Ар жағын ұмытып қаппын.

Д а т у (*қалтырап*). Мені айқара қысып, төсіне алар, сиқырдың ашындар бетіндегі пердесін!

(*Датудың нөкерлері бетіндегі пердесін жұлып алады. Бір көзін ағызып жіберген. Ұру, соғу, дүрелеуден тамтығы да қалмаған. Аузы қисайып кеткен. Маңдайында басылған қара крес. Дінсіз малғұн деген қарғысқа ұшыраған. Түрі-*

нен адам шошырлық лақап аты Азапбақ. Шын аты Ғұлам Салық.)

Жігіт (айғайлап жібереді). Аһ, алла, не сұмдық! Маңдайындағы қара кресті қараңдар!

Қ а р а қ а с (зәресі ұшып, шегіне береді. Шырамытады. Бетін басып, көзінен жас парлап). Не көрдім, жасаған! Қара таңба! Қарғыс таңба! Дату ханым, неге ашқыздың? Неге ашқыздың? Қос жанарым сәт қағысын қаға алмай, неге шығып кетпейді менің жаным? Сорлы әкем, бүйтіп тірі жүргенше, қалсаң еді топырақта көміліп! (Бассалады, солқ-солқ. Дәруш сілейіп тұр.)

Д а т у. Фараби, таныдың ба?

Ф а р а б и (танып). Азапбақысың? Азапбақ?

И о г а н н (о да танып). Ғұлам Салық. Сізді біз ана дүниеге кетті деп жүрсек тірі қалып па едің?

А з а п б а қ. Иә тірі қалғам.

Д а т у. Әкетіндер, күн қызды!

Б е к д а р. Әкетпендер. Дату ханым, сізден сұрау. Қызды күндікке аларында әкесінің маңдайына крес басылған лағынат екенін біліп алдың ба? Білмей алдың ба?

Д а т у. Қызбен әужай түйіскенде біліп түйістің бе?

Б е к д а р. Мені құдай сақтаған.

Ф а р а б и. Айнымал едім де... (Қарақасты алып кетеді.)

Д а т у. Халифатты он жыл дірілдеттің.

А з а п б а қ. Дірілдеттім...

Д а т у. Бұхар әмірі Насыр Сәйдтің әкесі Шахид Ахмедті асыранды өз арыстанына талатып өлтірдің.

А з а п б а қ. Маған өлтіру керек болды. Ол менің елімді жыртқыш арыстанша бас салып, таласа, мен оны өз арыстанына талатып өлтірдім.

Ф а р а б и. Сен, осындай жолға түсіп пе едің?

А з а п б а қ. Иә, мен осындай жолмен кек алуды қалап алғам! Басына қатер төнгенде мен сені де құтқарғамын.

Ф а р а б и. Құтқарғансың. (Қалай құтқарды екен деп Фарабиді тыңдай қалады.) Тірліктің сырғанақ, жар басы тайғақ кезі болатын. Мұхтадир Халиф өзімен бірге сунниттің қаталдығын халифатқа ала келді. Жол тарылды. Аристотельдің екінші аналетикасына түсіндірме жазып жүрген кезім еді. Бәрімізге ақылшы ибн Халладжды Арун Рашид алаңында тал түсте дарға асып өлтірді. Тар қапаста қамалып жалғыз қалдым. Серік достарым Әлмукапфа Әлназзоди қамауға алынды. Олардың жазғандары отқа жағылды. Мені қоса жазғырып, қолдарына түссем асу жазасы берілді. Мен қарт ғалым ибн Исхақ Бағдатидың үйінде тығылып жаттым. Азалы бір сарын құлағымнан кетпей, бірде мұн,

бірде зар, бірде арман боп көз жасымды қылғына жұтып, құтылар жол іздеп отырғанымда, сен келдің де мені ұрлап алып кеттің. Евфрат өзенінен мені қос атпен жалдатып өткізіп салдың. Сол бетімде мен Басыра, Каррун шаһарына барып, әріптес-серіктерімді таптым. Сен туған елің Түркістанға кеттің. Иә, сен от едің, өжет едің.

А з а п б а қ. Қапылыста кездестік, Фараби. Ендігі тірлігім өлуге тірелсе жосылған қан шеңгеліне гүл өсіп құлпырмайды. Тағы да мен не істедім. Естісін мына жұрт. Айтсаң түгел айт.

Ф а р а б и (үнсіз). Жолым құтсыз жан болдым. Жас кезіңде істеген ерлігіңе — бүкіл Қорасан, Бұкар хандығы сүйсініп еді. Гират, Меров шаһарында біздің жұртты еріксіз өздеріне бағындырушы имамдар мен хазіреттерді мешітке қамап өртеген жансебілдігің мұсылман қауымын қалтыратты. Сүйтіп сен, Муканна Қашимнің кегін алдың. Бағдатта даналар үйінде азапқа шыдамай бақшаның ішінде өз шалмасына асылып өлген сопыны ағаштан босатып ап, халифаттың тағына отырғызып кеттің. Сен маған бір күні теңіз суын құмыраға сыйғызғандай геометрияның үш күліне дүние ғаламды сыйғыз деп, бір кішкене кітапты әкеп бердің. Сол кітаптан барлық бейнелерді физикалық тегінен аулақ әкетуге болмайтындығын ұғындым. Барлық шатасуға себепші болған рухани адасушылық, міне менің көзімді ашқан сенің ерлік істерің болатын.

А з а п б а қ. О, тәңірім. Соның бәрін ғылым, біліммен емес, қылыштың жүзі, білектің күшімен істегенім өкініш боп тұр ғой, Фараби.

Ф а р а б и. Өкінбе, достым, кейде білім істей алмағанды білектің күші істейді.

А з а п б а қ. Талқандауға соларды, келмей қойдың, Фараби! О, Түркістанның басына оралар қашан алтын бақ? Мазактап асыл дініңді бар мүлкінді болды ұрлап.

Ғ ұ л а м к а д ы р. Кім ұрлапты?

А з а п б а қ. Сен ұрладың. Қорлаған да сен! Туған жердің маңдайының қырсығын арылтуға керек болса бір шығын, Фараби достым, құрбандыққа мені шал! Қиналма сен, қиылар деп қыршыным! Өз басымды әлде қашан ұмытқам. Сұр өмірден көңілімді суытқам. Арманым жоқ. Кек алудың жолында ажалымды тапсам мен?

И о г а н н. Ғұлам Салық, маған қызыңның тағдырын айтшы! Неліктен сені бассалды?

А з а п б а қ. Е, о да бір дәуренім жүріп тұрған шағымда, біреудің үзіліп қалған гүлі еді. Жерден көтеріп алдым да кеудеме бастым.

Д а т у. Жоғалтып ап табысқан досыңа кездесіп, құмарларын тарқаған шығар.

Ф а р а б и. Әр себепке бір амал. Мүмкін қасиетті жерімізді қорлай келгенге қарсылық білдірсе о да тәңірінің ісі емес пе, Дату ханым.

Д а т у. Құтқар дегенің бе?

Ф а р а б и. Перизат, кешірілмес күнә жоқ, өлмейтін алып жоқ. Өзен де сарқылады. Теңіз де таусылады.

Д а т у. Қайтпайтын кек жоқ, алынбайтын қамал жоқ. Бұл мазасыз жан кімге қастық істесе жазасын сол адамның алдында өтесін. Әкем келе жатыр. Оның қаһарына жолықтырмай Фараби үшін, кепілдікке кім алады?

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Фараби қан құйлы іске кіріспесін дейді хан ием.

Ф а р а б и. Мұның басына төнген қатерге кіріспей тұра алмаймын. Не істесе де өзінің мансабы мазағы үшін емес. Елдің намысы, ердің намысы үшін істеді. Жерімізді таптаған елімізді қорлағаннан кек алу үшін қылыш жүзіне табан басты. Мұның қасіретін ел боп көтерсін.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Бұхар әмірі басын кесіп әкеп берушіге он мың динар алтын тікті.

Б е к д а р. Он мың динар? Кімге бұйырар екен?

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Әмір қарызын өтесең, саған бұйырады.

З ұ л ы қ *(қылышын суырып)*. Фараби балам, туған еліңе оралғаның жақсы күнім болсын деген үмітің зая кеткелі тұр-ау! Қылышпен ел бекиді. Қаламмен білім бекиді. Антпен иман бекиді, бірлікпен ғұмыр бекиді. Мен аламын кепілдікке? Жүр, бейбақ. *(Азапбақты ертіп кетеді. Қасында Бекдар, сарайдан құтырына ызғар шашып Бурахан шығады. Қолында жалаң қылыш)*.

Б е к д а р. Дат, таксыр! Қашқынды сізден жасырып алып кетті!

Б у р а х а н. Арзу! Арзу! Менің ақ ниетіме ақау түсіріп, хандығыма қауіп төндірген қашқынды әкеліндер алдыма?

Б е к д а р *(қосарланып)*. Әкеліндер алдына! Ара түскеннің басы қырқылады. *(Қылышын жалаңдатып Азапбақты алдына әкелуді талап етеді. Жұрт сұлық, қыбыр етуге шама жоқ.)*

Б у р а х а н. Фараби, көптен аңсаған Отырардың ұлысың. Кіріспе біздің ішкі ісімізге?

(Фараби көтерілген қылыш астына барғысы келеді.)

Д а т у *(безек қағып)*. Бармаңыз! Сақтаныңыз, Фараби аға! Әдеті солай! Салты солай! Әміріне қарсы келгенді аямайды! Барма, Фараби! *(Алдына барса орып жіберуден)*

танбай тұрған Бураханды Фараби арбаумен бетін қайыруға кіріседі. Тесіле түйіліп.)

Ф а р а б и. Уа, Қараспан қыпшағының қиясканы. Жасамаспын деген айла сұмдығы ма еді. Алалыққа, ала бүлік қиянатқа бастамаңыз!

Б у р а х а н. Арбау ғылымың ба қорқытатын!

Ф а р а б и. Қарабасқырдың өзі екенсің. Маған тура қара! Сендегі дерт қызбалық! Басың айналатын болар. Жүрегіңнің соғуы тышқан алған мысықтай лыпылдап тұр. Қасқырдың бетін от қайырады. Менің отым көзімдегі жалыным. Патшалар өліпті, емендер сыныпты, темірлер де сыныпты. Қай ғылым қай жерде сөніпті. Қай құдай ғылымның өлгенін көріпті. Қан бүлінсе сорыңа. Ер бүлінсе бағына!

Б у р а х а н. Ердің бүлінуі елінен. Ханның бүлінуі қасынан. Қашқын құлда қайырым жоқ.

Ф а р а б и. Қанда екі тізгін бар. Қаһарлы әміріне ақыл тізгін. Аса кетсе ажал тізгін. Тізгініңізді жинаңыз.

Б у р а х а н. Мен қылышымды кімде-кім, тұнығымды лайласа, намысымды қорласа соның басын алу үшін қайрағам. Қап, Арзу... арзу... тағдыр сені оралтқанына не шара. Тарттым тізгінімді. Әкетіндер алдымнан! *(Фарабиді Дату ханның алдынан алып кетеді.)*

Б у р а х а н. Қайда жібердіңдер қашқынды? Шығарып беріндер. *(Жасауылдарына).* Інге кірсе іннен іздендер. Көрге кірсе көрден суырып алындар. Іздендер! Табындар! *(Қызына.)* Қайда жасырдың?

Б е к д а р. Дат, тақсыр, қашырып жіберді-ау деймін.

Б у р а х а н. Ей, Фараби. Ханда екі тізгін бар дедін. Қызым қас жауымды қашырып жіберсе қай тізгінімді тежейін.

Ф а р а б и. Аталық мейірім атты тізгінінжі тежеңіз.

Б у р а х а н. Ілім біліміңмен қызымды маған қарсы қойған саған қай тізгінімді тежейін.

Ф а р а б и. Қай дінде болмасын жаман аттан сақтандыратын адамның қасында періште жүреді. Тәңірі Бурахан дініндегі періште шашты албасты. Албасты тізгініңізді тежеңіз. Маған тап берсеңіз қылышынды қағып ап өзіңізге тап беруі анық.

Б у р а х а н. Сіздің дүниеде білмейтін сұмдығыңыз бар ма?

Ф а р а б и. Оқығаным шындық, баққаным сұмдық болса неге білмеймін.

Б у р а х а н. Оқығаны шындық, баққаны сұмдық. Ненің сұмдығы. Кімнің сұмдығы?

Ф а р а б и. Ғаделетке қиянат жасаушы хандар мен патшалардың сұмдығы.

Б у р а х а н. Сенің ашқан ғылымыңдағы сұмдық не?

Ф а р а б и. Ғылымда сұмдық жоқ. Үйлестігін таба алмаған ғылым шала. Үндестігін таба алмаған ән әсерсіз. Дарынсыздық үйлестілік пен үндестікті таба алмауда.

Б у р а х а н. Естіп тұрсыңдар ма? Үйлестік деген не? Үндестік деген не? Бізде соның бар-жоғын айтып беріңіз?

Ф а р а б и. Сіздің хандықта соның екеуі де жоқ. Жұрдайсыз да тұлдайсыз. Атқа мінсе қамшыға таласқан. Би сотында сөйлеуге жағаласқан елдің басшысы бақас! Заңында тиянақты сенім жоқ. Бақытсыздыққа бой ұрып, әр немені бір шатқан ғылымында ілім жоқ, басшысында пәтуа жоқ, тамақ тоқ пен өткен күнде белгі жоқ!

Б у р а х а н. Уа, ғалым, біз бәрінен де жұрдай, бәрінен де тұл екенбіз. Айтшы? Сізді асқан күйші, күй ғылымына арнап Шамның сұлтанына үш үлкен кітап жазды дейді. Кітабыңды арнаған сұлтанның бізден несі артық?

Ф а р а б и. Сізден ақылы артық.

Б у р а х а н. Ақылы асқан дана болса кітапты өзі неге жазбайды. Сіз көп елді араладыңыз. Оларда қалай?

Ф а р а б и. Қай елді сұрайсыз?

Б у р а х а н. Үш үлкен кітабыңды арнаған сұлтанды айтып беріңіз. Дүние жүзіне даңқын жаярлық не артықшылығы бар?

Ф а р а б и. Мысыр еліне саяхат шегіп арып шаршап келе жатыр едім, Шамның патшасы алдымнан кісі жіберіп шақыртып алдырды. Ол мені біледі екен. Музыканы сүйетін сауыққой сері сұлтан барған бетімде сарай ғалымдарымен сайысқа шақырды. Мен кешігіп бардым. Қалаған орныңызға отырыңыз деді. Мен ғалымдардың үстінен аттап өтіп, сұлтанның қасына барып отырдым. Ғалымдар қызғаныштан өлгелі отыр екен. Сауалды үсті-үстіне қойды. Құдай бар ма, жоқ па? Барлық адамдардың жалбарынатын — бір ғана құдай бар! Ол не? Ол байлық! Басқа құдайлардың барлығы да еріккен, шатасқан ақылдың түкке тұрмайтын өтіріктері, дедім. Дүние ғалам неден жаралады? Жиһангез ғалым жауап бер деді сұлтан. Мен тұрдым да: Дүние ғаламды ешкім жаратқан жоқ. Дүние ғалам барлық өмір сүрушілерге бірдей. Оны құдай да, еш қандай әулие, пайғамбар да жаратпаған. Ол заңды түрде жанатын, заңды түрде сөнетін мәңгілік от боп табылады. Осы жауабыма сұлтан да шошынып, сескеніп қалды. Ғалымның бірі сұлтанға сыбыр ете қалды. Дүниені оттан жаралады деген Әл Кендидің уағызын айтып тұр. Сол үшін оның көзін ойып

алған жоқ па еді. Дінсізді жазаламай неғып шыдап отырсыз. Оған, сұлтан мені түсінбейді деп ойлады-ау деймін. «Қайтып алар сөзін. Қайтып алмаса жазасы дайын» деді. Мен тұрдым да «сабырлық әр қашан да данышпандар мен күдіреттілердің үлесіне тиген...» дедім. Сөзіміздің құпиясын сіз қайдан біліп қалдыңыз деді сұлтан қызарақтап. «Мен жетпіс жұрттың тілін білемін» дедім. Сол кезде айбалта ұстаған жендеті де желкемде төніп тұр екен. Менің сөзімнен кейін жендет балтасын төмен түсірді. *(Әзілдеп.)* Тұп-тура сіз сияқты.

Б у р а х а н. Бір жасың мың болғыр... Сұлтанның тілін қалай таптың.

Ф а р а б и. Жыланның тілін баққан біледі. Сұлтан маған сарай бағында бағбан болуымды қалады. Бас тартпадым. Бағбан болдым. Жұлдызды аспан астында, миуалы баудың саясында баудың патшасы бағбан! Тыңдағаным бұлбұлдың сайраған үні. Қиялыма бүкіл әлемнің үні оралады. Үндестікті үйлестік, еселестік заңын содан үйрендім. Анау көшкен шөл сағымның бұлдыры, сонау Сырдарияның сылдыры, ырғақ ағымы бір емес пе? Осы бір ырғақ ағымынан біз ән сыры, күй сырына сыйымды үндестікті іздедік. Одан үн алдық. Музыканың әліппесін ойлап шығаруға ғылым алдық. Менің ашқан музыканың әліппесі былай жазылады. *(Тақтайға жазып көрсетеді. Өзінен басқа бір пенде де танымайды.)* Кітап әл мусика әл кабри»— үш үлкен кітап осылай басталады.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Мұны сіз қалай оқисыз?

Ф а р а б и. Солдан оңға қарай. Дыбыстың мөлшері хисап тілімен оқылады. Менің жасаған қыпшақ дутары осы мусика әліппесіне орай жасалды. Әбуғаббас, Қарақас қайда, шақыршы. *(Әбуғаббас кетеді. Қолында қобызы бар Қарақас келеді.)*

Қ а р а қ а с. Фараби аға, жай шақырдыңыз ба?

Ф а р а б и. Өнер күдіреті сенде, қызым. Қыпшақ дутарында мәні! Қобызда сен! Қосылып күй тартып жіберейік. *(Өзі шығарған музыканың әліппесіне қарап күй толғайды. Қарақас та қосылады. Ғажап бір сарын баяу басталып жан-жүйеңді балқыта, тыңдаушыны мұңға бөлейді. Бәрі де тұнып қалған. Бураханның көзі сүзіліп маужырап қалғып отыр. Бүкіл дала, тау-тас, ағын, өзен, дір етіп тұна қалғандай сезімге жетелейді. Енді Фараби сөйлеп кетеді.)*

«Қос қолда қос шарапат шыны сауыт,
Бірі қалам, бірі шарап!
Дүниені сыйғызам деп тарттым азап.

Бірінің көмегімен ғылымның жолын аштым,
Бірінің көмегімен жүрегімнің жырын шаштым.
Ғаламның құпия сырын аша алмай,
Асыл Гауһар қырланбай,
Әркімде болжау айтып қалтырап,
Сұраққа жауап таба алмай
Бастысы қалды-ау тантирап.

Мен бармын да, Мен жоқпын да.

Б у р а х а н (*шошынып*). Сіздің барыңыз қалай? Жоғы-
ңыз қалай?

Ф а р а б и. Сіз оған түсінбейсіз. Жоқ болудың ішінде
бар болу, бар болудың ішінде жоқ болу.

Б у р а х а н. Сіз сырқат адамның сөзін сөйлеп тұрсыз.

Ф а р а б и. Мен сырқатпын да, сырқат емеспін де...

Б у р а х а н. Оқи-оқи қияли болғансыз.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Мәжнүн... жыңды болған.

Ф а р а б и. Мәжнүннің сырқаты махаббат. (*Төндіріп.*)

Сіздер ойлай білесіздер ме? Ойлай білмейсіздер.

Б у р а х а н. Сөйлеп тұрмыз ғой.

Ф а р а б и. Ойлағандарың өз ойларың емес. Сөйлеген-
дерің өз сөздерің емес. Сіздер барсыз да, жоқсыз да.

Б у р а х а н. Не деп барады жасаған.

Ф а р а б и. Не деп барады дейсіз. Көз көз үшін, тіс тіс
үшін! Сіздің хан болғаныңыз бар болғаныңыз үшін емес?

Б у р а х а н. Менен не қалайсын!

Ф а р а б и. Ал менен не қалайсыз?

Б у р а х а н. Өз тіліңде жазуынды қалаймын.

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Осынша басыңызға сыймаған ғы-
лымды өз тіліңізде... неге жазбадыңыз?

Ф а р а б и. Өз тілімде жазбауым, ұрпақ камығар өкі-
ніш. Мен адамзатқа ортақ тіл, дүниедегі ең сұлу тілде жаз-
дым. Тіл табиғатына құныққан ғалым, барлық тілдегі ой-
дың меруертін жинайды. Ана сүтімен кірген өз тілім... Ана
тілім... Абзал тіл. Түбінде менің шығармаларымды ұрпақ-
тар жеткізеді.

Б у р а х а н. Сенің тіліңе де, біліміңе де түсініп жатқан
мен жоқ. Қалауынды айт!

Ф а р а б и. Досыма кешірім беруінді қалаймын.

Б у р а х а н. Кешірімді Бұқар патшалығынан сұра. Ме-
нің орнымда хан болуды қалаймысың?

Ф а р а б и. Айта көрмеңіз.

Б у р а х а н. Хан қасында, ақылшы болуды қалай-
мысың?

Ф а р а б и. Ханда мың кісінің ақылы бар. Мен бір кісі-

нің ақылымен дүниеге сыймай жүрмін. Сізге де сыя алмаспын, хан ием! Сізден жалғыз ғана қалауым бар!

Б у р а х а н. Айтып көріңіз.

Ф а р а б и. Қала тозып барады екен. Тоздырмай қолтума мұраларын Тәңірі Бұрқандай қадірлеп, ретті жерінде бас иіп ұстауынды сұраймын.

Б у р а х а н (*шамданып*). Не, не? Бұл жалғанда Тәңірі Бұрқанға теңесетін не бар?

Ф а р а б и. Гәуһар ана сарайы бар. Онда баға жетпес хорезм қыпшақ мәдениетінің өзіне тән асыл мұралары бар. Дүниеге мәлім, әлем қазынасы ғажап кітапхана бар. Араб, парсы, үнді ғалымдары сүйсінген. Онда Тәберидей шығыс тарихының кемеңгері, Плутарх пен Геродаттың біздің еліміз жайында жазған тарихи деректері бар. Дүние тану ғылымын Отырардың кітапханасынан бастадым. Сақ ұстаңыз. Құртып алмаңыз. Ең соңғы қалауым. Отырар хандығы үш жүз жыл құпия сақтап келген Сырдариядан тартылған жабық су құбырының құпиясын ашып алмауынды сұраймын. Маған тартқан сыйыңыздың ең қымбаты сол болсын. Батыстан, не Шығыстан көтерілген шапқыншы жау қаланы басып алуға ұмтылса, су құбырының құпиясын біліп ал мемлекет жүрегіне пышақ салады. Су құбырының құпиясын өзіңіз ғана біліңіз. Уәзірлеріңіз бен Тархандар, туған балаңыз да білмесін. Оны халық қанымен қалаған!

Б у р а х а н (*абыржып*). Ақ сөз, адал ақыл, білушілерге не шара қолдануым керек. Бастарын алуым керек пе?

Ф а р а б и. Сіздікі бас алудан келеді екен. Иманындай сеніміне берік болу.

Б у р а х а н. Жасырын, құпия екенін сіз қайдан білесіз?

Ф а р а б и. Отырардың мен де бір перзентімін. Су құбыры Әбурайхан Жәуһаридай ғалымның басшылығымен салынған. Асқан математик, астроном Жәуһари, Вавилон ғалымдарынан үйреніп, отырарлық туыстарына үлгісін жасап берген.

Б у р а х а н. Біздің Отырардан шыққан екен-ау, талай сабаз! Қайда солар! Қызығын басқа елдер көріп, ансауыл біз көргендей тәңіріге не жаздык. Заманға не жаздык. Ей, Фараби! Орнымда хан болуды қаламасаң, хан қасында ақылшы болуды қаламасаң келген жолыңа басқа тартар сыйым жоқ. (*Хан қалауын өткізе алмағанына күйініп.*) Жасауылдар! Жабыңдар дарбазаны. Қашқынды іздеңдер! Кім жасырса соның үйін өртеңдер. Кім ара түссе соның тілін кесіңдер. (*Бурахан кетеді. Азапбақты іздеп жасауылдар да кетеді. Әкесін іздеп Қарақас келеді.*)

Қ а р а қ а с. Әкем қайда? Кесімі не болды?

Д а т у (келіп). Жалғанда зұлыматтан құтылған бар ма? Кесімі басын алу.

Қ а р а қ а с. Фараби аға, сізді де тыңдамағаны ма?

Ф а р а б и. Қызым, өнер құдіретің мені де ойландырып тұр-ау. Тағдыр сұмға не дауа! Әкеңнің басын әкеп тапсырғанға Бұхар әмірі бәйге тіккен. Сенің басың күндікке байланды. Менің басым тас қамауда. Шырмалған өмір торын үзсе ажал ғана үзеді.

Қ а р а қ а с. Ажалдан басқа шығар жол бар ма?

Ф а р а б и. Сені де, мені де, әкенді де шырмаған шығар, жолды Дату ханым таппаса?..

Д а т у. Абзал аға! Кешіре көр! Шырмау торын үзсем... үздім. Үзе алмасам дариға! Аңыздарда жүрмеуші ме еді бір аяр! Мыстан аяр! Жалмауыз аяр деген ат ғұмырыма таңылсын. Мойныма құрым боп ілінсін. Аяр атым бүкіл әлемге жайылсын. Фараби аға, енді сенуіңізге бола ма!

Ф а р а б и. Зейіні ашылған жүрек бір хикмет. Егерде бізге қайта туу нәсіп болса Отырарда туар едік. Жүрек хикматына берер едік билікті.

Д а т у. Қайта туу — нәсіп болмай тұр ғой, ұлы ұстаз. Үшеуміз оңаша қалдық.

Ф а р а б и. Дозақтан бетер оңаша.

Д а т у. Сырымды ағытсам сөкпейсіз ғой.

Ф а р а б и. Ой буылып, тіл күрмеліп тұрғанда не қылған сыр?

Д а т у. Сіз, әкемнің озбырлығын бетіме баса бермеңіз. Сіз, әлемге мәлім Қаңлы-қыпшақтың ұлы болсаңыз, мен Қаңлы-қыпшақтың жүрегін жылыта алмаған қызымын. Мені жат жұртқа жаратты.

Ф а р а б и (жалт бұрылып). Мені елең еткізгендей сыр шерттің. Иә, иә... Айта бер, аяулым.

Д а т у. Сіз ғылым жайында көп айттыңыз. Туған еліңе шапағаты тимесе, ғылымың не дейді? Маңдайына жазылған жұлдызы не дейді?

Ф а р а б и. Ғылымға берсек төрелікті әлем шеңберінде еш бір бәлекет жоқ. Бір есіктен кіретін тажал бар, мың есіктен кіретін ғанибет жақсылық бар дейді ғылым. Сені әкең бұқар әміріне сыйға тартты ма? Өзің қалап бардың ба?

Д а т у. Сыйға тартты.

Ф а р а б и. Сүйген жігітің күрсініп қалған болар.

Д а т у. Күрсінген жігіттің ойына орала түсіп кілт үзілген лебізін сіз жалғарсыз, Фараби аға.

Ф а р а б и. Мен.

Д а т у. Иә, сіз. Бұл кезімде бұр жарылмаған қыздың кеудесінде тұнып қалған сырды сіз ашарсыз. Жүрегіңіз шөлдеп көрді ме?

Ф а р а б и. Шөлдегенде шөлімді өз ойымның қорегімен басқан жанмын.

Д а т у. Қызуы қайтқан кәрілігіңізден именсеңіз де менен именбеніз. Сандалған өтті-кетті дәмем шығар. Іңкәр болған арудың нешеуінің шөлмегін сындырдыңыз. Иә, сізге тәңірім сараң өлшеген... Тақуалық пен ізгілік бәрібір сізді сақтап қала алмайды. Жүгенсіз топтан құтыла алмайсыз.

Ф а р а б и. Жүгенсіз топ?

Д а т у. Сіз ойыңызды аулақ салғаныңызбен сүсті сөзіңіз. Тәж біткенді даттаған тасқа басылған тіліңіз түсіреді. Ерегіс таяғы шындыққа тиеді.

Ф а р а б и. Ерегіс таяғы шындыққа тиеді деп жазыппын ба?

Д а т у. *(қойнынан Фарабидің кітабын суырып ап).* «Мейірбанды қала тұрғындарының көз қарастары»... Солай деп жазғансыз.

Ф а р а б и. Аяулым, түсініп оқығаныңа шүкірлік.

Д а т у. Бұхар патшалығы Отырар хандығы емес. Онда сіздің кітабыңызды оқитын да баршылық. Оқып ап, бас шайқайтын да баршылық. Сырт айнала беріп, тасада тұрып қанжар салушылар да баршылық.

Ф а р а б и. Аяулым, алдына қойған мақсаты жоқ елде қорлық пен жауыздық — қиянат пен озбырлық белең алатын әдеті. Көзіңе мақтамайын. Дір етіп егіле ақтарылдың. Өттең қызуы мол шағымда кездессең, түбірімен жұлып ап кетер едім. Бал гүлімдей өсірер едім бағымда. Оған енді кеш. Қыспақты жағдайда кездесіп тұрсың.

Д а т у. Шаршаған, қажыған құшағыңа орала кетсем. Қалауымды табалмаған, қапастағы маған сол бақыт та жетеді.

Ф а р а б и. Аяулым, ғұмырымды тән ләззатынан гөрі ой ләззатына сарп қылған жанмын. Махаббат сазын шертуді маған сараң өлшеген.

Д а т у. Махаббатсыз өмір тұл деп өзіңіз жаздыңыз.

Ф а р а б и. Мен не жазбадым. Байымдап карасам дүние сырын ашуда көңіліме тоқығанның бәрін жаздым. Саралап жаздым. Көп жаздым. Соны жинап алуға ғұмырым жете ме, жетпей ме?

Д а т у. Абзал аға! Жасым кіші болса да құрбындай сырласып ғашығындай мұңдастым. Жүрегімді ұсынғаным кешірім. Әйелге тән қасиет әдеп пен ізет, ізетін тауысқан әдепсіз екен деп кіналай көрмеңіз.

Фараби. Аяулым. Жан сырың маған аян болды. Мен үйленуді, жар сүюді арман етпеген, жүрегімді салқын ақылмен тұсап келген адаммын. Мен үшін сүйген жар да, махаббат та, алар ләззат та ғылымның көзін табу болды. Сіз де маған кінә қоймаңыз. Ғылым жер қабатынан аршып алар гауһар тас тәрізді. Гауһарды аршып қырласаң қайрап сілтер алмас аласың. Дер шағымда қырлауым жетпеген болар, аяулым.

Дату. Абзал аға, сізбен дидарласудың өзі гауһарды аршып, қырлау деген сол емес пе. Өнегесіз ортада өскен, көңілі жадау, санасы тайыз қызға қисаңыз ауысыңыз барынды. Қимасаңыз қинамаймын.

Фараби. Аяулым, қалағаныңның бәрін ал. Бойымдағы барымды ал. Дүниенің бар құпиясын жинаған жүрегімнің қабын ал. Барлық шатасудың себебін іздегенде тапқанымның бәрін ал.

Дату. Барынды алдым, абзал аға. Көтеріп жеткізе алам ба? Бұл арадан тез кетейік. Тажал әкем, екеумізді жұтпай тұрып кетейік. Қарақас, бар да хабар бер.

Қарақас. Кімге берейін?

Дату. Ат қосшы серіктеріме бер. Күйемді әкелсін.

Қарақас. Мені де ала кетемісің.

Дату. Фарабимен бірге сені де ала кетем. *(Қарақас кетеді. Әбуғаббас келе жатады.)*

Әбуғаббас. Аңғал екенсіз, Фараби аға.

Фараби. Не болды?

Әбуғаббас. Алданғансыңдар.

Фараби. Бізді алдау оңай. Не болды?

Әбуғаббас. Кепілдікке алған Зұлық атаны өлердей соққыға жығып үйін өртеді. Әне, досыңызды айдап әкеле жатыр, сізді қосақтап айдауға әмір берді. Иоганны тұтқынға алды. Дәрігермін деп несі бар еді. Мені емде, елімде қара өлім көп, соларды емдесін деп хан зорлықпен жібермей отыр.

Фараби. Амалын тауып, алып шығуға болмас па екен?

Әбуғаббас. Табамын деп қолға түссек, зынданда шірітеді. *(Алақ-жұлақ етіп Бекдар келеді.)*

Бекдар. Абзал Әбунәсір Фараби, Сізге шаһарымнан тез кетсін деген ханнан бұйрық бар.

Фараби. Несін бүлдіріпін.

Бекдар. Ғұламқадыр сіздің ғылымыңызды зиянды, дүниеге лаң салып, адамзатты бақытсыздыққа душар ететін ғылым, деп ханды азғырып тастаған.

Фараби. Сен де ғалымның бірісің. Дәлелдеп айтпай-дың ба?

Бекдар. Фарабидің атағы зор адам ғой. Қайдам деп басымды шайқадым.

Дату. Алдымен сенің басыңды алу керек еді.

Бекдар. Қызба бас, жыңды әкең сүйген қызымды тартып ап саған күндікке берді. Фараби аға, мені де ала кетіңіз.

Фараби. Менімен бірге айдалуға риза болсаң, жүр.

Бекдар. Сізді айдап жіберетін болды ма?

Фараби. Тез кетсін деген бұйрықты өзің әкелдің.

Бекдар. Айдалмай адам мақсатына жетпейді дейді даналар. Мен де сізбен бірге айдалуға көнер едім. «Айдалды» деген ат жаман. Датуханым, жүрегімнің жарымын жұлып әкетіп барасың. Менің маңдайыма сыймағанда, сенің де маңдайыңа сия қояр ма екен. Әужай түйген асылым. Әкең сыйлаған алтын арпа шанағында менің де бақытым бар еді. Қайғыдан өлсем өлейін. Қаракірес, маңдайыңа қаратаңба басылған, әкенді айдап келеді. Мұндай сойқан, сұм сойқан махаббатқа сия ма?

Қарақас. Саған тисем, у сойқанды мен де жұтып әкемнен бұрын өлер едім. Бар қойыртпақ, қумылжын.

Бекдар. Сыйымды алдым. Күң қайраттанса күл шашады.

Қарақас. Шалап көже, шыпылдата жұта бер. Отырардың зіңгіт керсен, тай қазанын жалап болғансын мені аларсын, қу мешкей. Бүгін неше тегене мәңті жедің.

Бекдар. Күң қызды сусылдатып қойған сіздің қоша-метіңіз.

Фараби. Шырағым, саған неше тегене мәңті жедіңіз деді ғой. Мәңтіге тойған тоқтық та бақыт.

Бекдар. Фараби, осы қызды сенің алдыңнан лақша бөктеріп алып кетпесем жер баспайын. Айтқанымнан қайту жоқ. Ораламын алдыңа! Отырарда тосалмасам, Бұхарда тосамын. Құтылмайсың менің шеңгелімнен. *(Кете береді. Бетіндегі пердесін алған, түймелері ағытылған, есі де ауыс-сыңқыраған Азапбақты айдап келеді.)*

Азапбақ. Уа, дүние ғалам. Жер жиһан. Адам деген не өзі? Заман деген не? Қызым гүлім... Тазалығың Вергелидің өзіндей, адалдығың... құдаймен жағаласқан Лукиянның Перегриніндей... Қапасты қызым. *(Бас салады. Құшақтап сүйеді.)* Жасауылдар, қоштасуға аял беріңдер?

Жасауылдың бірі. Қоштас тезірек.

Азапбақ. Қызым, құпия сырды ашпай кетіп барам.

Фараби. Баланы күдік ойда қалдырмай ашып кет.

Аз а п б а қ. Фараби достым, рахат құшағында аша алмадым. Қасірет құшағында ашқаннан алар ләззат не? Қызым, ойып алып тастаған көзіме кара! Құйын үйірген ғұмырыма зер сал. Қолындағы қобызыңа кара. (*Қарақас қобызына үңіледі.*) Менің ашпай келген сырым, осы қобыздың шанағында. Сені күн еткен, мені қор еткен. Жан солқылы, өксік, осы қобыздың шежіресінде. (*Айтайын дейді. Айта алмайды.*) Бұл қобыздың шанағын қорасанның патшасы сарай сауықшысы арудың төс сүйегінен ойдырып жасатқан. Сол патшаның сарайын шапқанда тұтқын болып қолыма осы қобыз түскен еді. Менің қызым да сауықшы, өнерпаз болсын деп шешеңе әкеп сыйладым. Одан бері он тоғыз жыл өтті. Айырылып қалма? (*Ғұламқадыр келе жатады.*)

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Қарғыс атқан, қоштасып болдың ба?

Аз а п б а қ. Болдым. Қара жер қабірімді жасырса да кара көңілімнің қапасын жасыра алмас! Менің қырсығым туған еліңе сені аялдатпады. Аспандағы күн жамаусыз, жасқаусыз да әсем. Сен бәрібір әсем болып қаласың. Ұзақ жол. Аптабы ыстық анызақ. Құрдым шөл екен ендігі сапарым. Аял берсендер жиналып алайын.

Ж а с а у ы л. Тез, жиналып ал. (*Азапбақ жиналады. Қарақас әкесіне көмектеседі де сесті ызамен қобызын толғай жөнеледі.*)

Қ а р а қ а с (*кілт тоқтап, Фарабиге*). Фараби аға, әкеден бала айырылып, елден ер айырылғанда көкірекке не оралушы еді?

Ф а р а б и. Ақынға жыр оралатын. Күйшіге әуен сазы оралады.

Қ а р а қ а с. Енесін жылан шаққанда, канаты қатпаған балапан құсқа не оралады?

Ф а р а б и. Ұшсам деген талпыну оралады. (*Азапбақты жасауылдар алып кетеді.*)

Қ а р а қ а с. Талпынар қаруым, қолымдағы қобызым. Неге оралмайды сондай бір саз! (*Қобызын Фарабиге беріп.*) Мінекей, маған оралмаған әуен сазы, ынтазар досыңызға арнаған сіздің кеудеңізге оралар. (*Дел-сал ілби басып кете береді. Фараби қобыздың шанағына үңіле қарап, жазылған жазуды оқиды.*)

Ә б у ғ а б б а с (*кенет, жан-жағына көз тастап*). Діріл неге үзілді? Күй неге шалқымайды! Қобыз неге сарнамайды. (*Фарабиге.*) Ә, сіз қобыз ұстап қапсыз! Отырардан алған сыйыңыз өзіңіз ойлап шығарған қобыз ғана болды ма? Толғаңыз, Фараби аға! Сізге көрсеткен салтанатымыз — өз толғауың. Өз күйің, абзал аға! Үшеуімізді қосқанда же-

тім қыздың зарына да тұрмадық. Дарынды қыз, шерлі қыз. Аймалап бізге құшақ жайды. Шапалақпен жағына тартқыздық. Енді сіздің өз жағыңызға тигелі тұр сол шапалақ. Елiндi аңсап келгенде алар сыйың сол болды. (*Күйiне сөйлеп кетеді.*)

Фараби (*қобыздың шанағындағы жазуды оқып тұр*). «Сенің сәби жүрегіңнің түбінде, дірілі бар, қыл қобыздан құйылатын үнінде. Сәулесі бар, нұрлы аспанның күнінде. Іздегенде, арманыңа, бағыңа күй жеткізер патшалардың тағына!..» (*Күрсіне ойланып.*) Өз қызы емес. Шапқыншылықта тауып алған патша қызы.

Дату. Қайдан білдіңіз. Өзі айтты ма?

Фараби. Мына қобыздың шанағына жазылған. Тали — Барзу хорезмнің көне жазуы айтып тұр. Қыздың көңілін суытпайық. Құпия сырды жасырудан ашылған сырды жасыру анттан да қиян. Қисынсыз істің қиюын іздеуден, қысылғанда ғазар тарту көп артық. Қимас көңілдің сыйластығы, ықылас тірліктің қимастығы осымен бітті. Осымен тынды. Аһ, заман! Өзіңнің ыстық ұяңнан безуден артық азап бар ма?

Жасауылдың бірі (келін). Әбунәсір Мұхаммед Зұлық ұғылы Әл Фараби... біз, сізді күтіп тұрмыз.

Фараби. Күтсеңдер мен әзір. (*Үнсіздік, айналаға көз тастап, туған шаһарына ұзақ қарап тұр. Қинала толғанып.*) Туған қалам! Ыстық ұям! Тербелген бесігім. Отырар. Ағузы билләһиден бастап, Алгеместі аяқтаған аралықта қаншама қилы-қилы жылдар өтті. Сарқа оқып сарғайған айлар да, түндер де өтті. Көрсем екен елімді, жетсем екен жеріме деп аңсай сағындым. Сол сағыныш маған жүрегіңнің отын апарсаң, көңіліңнің шоғын аласың деп жетеледі. Қатал тағдыр алдырмады. Маған қимады. Дүниені жаяу кездім, ғылым таптым. Күн көзінің қызуына үнілдім. Сыр тоқыдым. Ғылымның көзін аштым. Тапқаныңды, ашқаныңды еліңе апар да, жүрегіңнен жыр шаш десе сағыныш. Ойдан шаршап, тоналып қайттым. О, Отырар? Бүгінгі тірлігің қай тірлік? Тәж біткеннің тепкісі, сені құрдымға құлатпай қоймас. Сенің күйреуің шапқыншы жаудан, менің ажалым шаршаудан, қажудан болар. Қош бол, туған қалам. Ыстық ұям! (*Кете бергенде еңірей боздап, соққыға жығылған, тәлтіректеп әкесі келе жатады.*)

Зұлық. Балам, панам, еліңді сағынып, жерінді аңсап келіп ең. Аһ ұрып, қайғы жұтып қайтатын болдың ба?

Фараби. Қырсығым қартайған шағыңызда сізге де тиді-ау, әке.

Зұлық. Қадыр білмес, қайырымсыз ханға салынар

семсер қайырадан соғылады. Мен оған кегімді жібермеймін. Сенің киең атады. Менің сілем атады. Қарасыз ханның күні жоқ. Уайымдамай аттан, балам. Көзімнің тірісінде келдің. Әкенді көрдің. Көрмей кетсең... о да арман. Әкене тиген қамшының ұшы ертең озбыр ханның көзіне тиеді. Әкеннің ішінде бұғып жатқан кек тұтанып ордасын ойрандамай басылмайды. Ғаскерімді сапқа тұрғызып саламын соғысты. Болған талай біздің елде қырғын майдан. Ханзаданың басын ап ойран салам. Ойран! Ойран! Қош бол, балам. Сағың сынбасын. Енді қайтып көре алам ба, жоқ па. Қара жер тарта қалса — бауырына, қабырымның басына белгі қой. Кімге болса да дұға керек шығар. Мың сан оқыған кітабыннан маған бұйырған дұғанды оқи сал. Бакыл бол, балам. Отымның алды, суымның тұнығы. Аса бір туған асылым. Өлім барда, каза бар. Сені мен қайдан іздейін?

Ф а р а б и. Мені іздеп әуре болма, әке.

З ұ л ы қ. Биыл алпыстасың. Сен де бір күні құлайсың.

Ф а р а б и. Тағдыр мені қайда апарып жығарын білмесем де, әке, өлсем орным қара жер болатынын білемін. Зарықпа, сарғайма. Долы ашу, асау кек, келсе орайға кек алу — ата салтың. Келмей жүрсе орайға, істің парқын баққан жөн. *(Құшақтарын айқара жайып қоштасады.)*

Ж а с а у ы л. Әкелі-балалы, енді жүруге болатын болар.

Ф а р а б и. Болады. Айдай бер мені. *(Жасауылдар Фарабиді алдына сап алып кетеді. Дату келеді. Қасында Қарақас.)*

Д а т у. Маған әкем, артымнан топырақ шашсын мейлі. Күйем әзір ме?

Қ а р а қ а с. Әзір, Дату ханым.

Д а т у. Алып келсін. *(Қарақас кетеді.)* Жыраққа Фарабиді жаяу айдаса, мен оны пыраққа мінгізіп апарам. *(Салдыр-гүлдір күйме келіп тоқтайды.)* А, құдай, азап сорынды өзің ал. Алмасаң бізге де бір бұйырғаны бар шығар. Фараби аға, тоқтаңыз! *(Соңынан жүгіріп кете береді.)*

Ғ ұ л а м қ а д ы р *(Датудың соңғы сөздерін естіп қалған)*. Аһ, сайқал! Саған Бұқар хандығының бұйырғаны ажал болар. Мен де тез жетейін!

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бұхар — Худет, Ташхиді патшалығы заманында салынған Бұхардағы үлкен алаң Регистан қорғаны. Әмір Исмайлдың шөбересі Насир Сәид Регистан қорған алабына Джуи Муллиан сарайын салғызған. Саманидтер династиясы құлағанға дейін Бұхар патшалығының ордасы Регистан қорғанында болды.

Джуи Муллиан сарайының мәрмәрмен капталған маңдай алдында жауынгер тарқандар мен сархандардың жорықтағы ерлігі тасқа қашалып жазылған. Мұнда атақты ғалымдар, күйшілер, ертегі аңыздардан қалған ескерткіш мұралар да сақталған. Сарайдың айналасы миуалы бак. Хауыздан аспанға шапшып атылып жатқан фонтан, жібек құрты, сандал, шынар ағаштары, жемістің неше алуан түрлері сыңсып тұр. Кезінде Джуи Муллиан сарайын көрген ақындар: «Әрбір тасы гәуһардай жалтырайды, неше алуан от бояулар, көз алдында қаулап жанып тұрғандай. Бұхарда бұдан асқан жұмақ жоқ» деді.

Ендігі оқиға әмір сарайының алдындағы қауызда өтеді. Сахнаның төрінде сарайға көтерілетін мәрмәр баспалдақ. Үстіне кілем төселген. Сарай тәртібі қатад. Бұхаран шәрифтің патшадан патшаға ауысып келе жатқан заңы бойынша сарайдың алдынан өткен адамдар тәжім етіп, сәлем беріп өтуге тиісті. Аттылар атынан түсіп, есектілер есектерін жетектеп, қол қусырып өтпесе есік ағасы ұстап алып дүре соғады. Не ақшадай айып төлеткізеді. Жендеттер айыпқа ұшыраған тәжік, персиян, жебірей, түріктерді айдап алып келе жатады. Есік ағасы Миршахтың қолында айбалта, әмір беріп тұр.

М и р ш а х (*айбалтасын үйіріп*). Жүз дихрам теңге айып! Мал баққан малымен, бау еккен бағымен төлесін! Мағда дініне сыйынушылар отханаға, калук — қимақтар бұтханаға! Қаңлы-қыпшақтар ат қораға! Тартқызындар айыбын! (*Қарулы айдауылдар алып кетіп жатады. Сарай зынданынан Фараби мен Азапбақты алып шығады. Фарабидің екі қолы артына, Азапбақтың екі қолы алдына байланған. Кім де кімнің қолы алдына байланған болса, ол адамның басын кесу жазасына бұйырылған боп есептеледі. Басын кесу жазасына бұйырылған Азапбақты Фарабиден бөліп алып кетеді. Осының бәрін бақылап тұрған Дату ханым, жендеттердің бастығын шақырып алады.*)

Д а т у. Миршах, әмірден бұйрық болмайынша Азапбаққа кесілген жазаны орындамай тұра тұр.

М и р ш а х (*айбалтасын кесе-көлденең ұстап, иіліп*). Ханым, өлімге жазасын кескен, орындамасқа амалым нешік?

Д а т у. Әмірдің бұйрығын мен ғана өзгерте алам. Оқымысты ғалымдар алдында Фарабидің да сұрауы бар.

М и р ш а х. Босат деген бұйрық алғамыз жоқ.

Д а т у. Бір тұтқынның кепілдігіне жарамасам, ханша атым құрысын. Бұйрықтан қорықсаң әмір алдында өз мойныма алам. Босат!..

Миршах. Кепілдікке алдым деп маған қолхат жазыңыз.

Дату. Әпкел қағазың мен сиянды. (*Миршах қағаз бен сия береді.*)

Дату. Қалам орнына саусағым, сия орнына көз жасым. Қағаз орнына қолымның терісі. (*Бармағың басып қолхат береді. Фарабиді босатып алады.*)

Фараби. Дату ханым, бекер босатып алдың.

Дату. Тезірек бұл арадан кетейік.

Фараби. Зындан. Сұп-сұр қара үңгір. Адамзаттың ойын сорып, миын шағып, есеңгіретіп ап жан езгіге салатын зындан, қапа-қапас екенін кім білген. Уа, жарандар!.. Менімен бірге зынданға қамалғандар! Естіндер! Тыңдаңдар! Сендерге айтам! Жер бетінде жоятын сұмдықтар да бар шығар. Жойылуды тездететін заңнан, шариғаттан, жаз-жәбірден алып тастар азап зындан екен. Төтеп бере алмай кіріптар болсаң жауызға, зындан заңын паш етіп, адамзатқа жеңілдік әпере алмасам, мені өз қолдарыңмен бауызда! (*Тұтқынға.*) О, бишара жан! Егер сенің еншіңе ғадалат үшін өлім тисе, тартынба! Ғайыбыңа зындан тисе, дүниеден ұлып өтуге риза бол! Бұл қорлықтың қорлығы. Азаптың азабы. Дозақтың дозағы.

Миршах. Досыңды қорғаймын деп тілеп алған өзіңіз ғой!

Дату. Иә, өзіңіз. Досыңыз көрген азапты бірге көруге бел байлаған да өзіңіз.

Фараби. Тілеп алған өзім. Құр сұлдерім ғана қалды.

Дату. Менің күйем болмағанда жете де алмайтын едіңіз.

Фараби. Сенің күйең менің күйсіздігіме шарапатын тигізгенімен бәрібір ластықтан тазармайсын.

Дату. Шындық жолға апаратын менің тазаруымда емес, сіздің көздеген нысанаңызда!

Фараби. Менің алған нысанам — ислам мәдениетімен бірге ұлттық өрлеуге кіре алмаған, елді сергіту, кешегі Хорезм мәдениеті шах сарайының кір көрпесінің астында тұншығып, қайта оралмасқа кетті. Ғайбат, өсек, хиянат, зындан мен дүние.

Дату. Ғұмырға құштар жан жеке басының азабын тарта жүріп, жиһан әделетсіздігін жоюдың жолын аңсайды деп өзіңіз жаздыңыз.

Фараби. Жаздым. Соқтыққанға сойқан боп тиісуді жазбадым. Дүлей күшті тойтармай теңдік жоқ екенін кейіндеу білдім. Адамның ең кеменгер алыбы — дүлей күшті қолына алып басқаруында. Оның заңын, ағымын білмей,

әйтеуір ізгілік деп аңсау аңғалдық. Мен аңғал жанның бірімін. Сол үшін де мен досымды қорғап қала алмадым. Иоганнан да адасып қалдым. Ол енді бізді тауып жете алар ма екен?

Д а т у. Аман болса жетеді. *(Үнсіз. Қарақас келеді.)*

Ф а р а б и *(жалт бұрылып)*. Қарақас балам, әкенді көре алдың ба?

Қ а р а қ а с. Көре алмадым, Фараби аға.

Ф а р а б и. Әкенмен бірге жаяу айдалып, зынданға бірге қамалдым. Патшалар мен хандар, имам, ғұламалармен аяусыз жұлысқан дәруіш боп үмітін үзгенше, мақсатынан таймаған адам.

Қ а р а қ а с. Мақсат барда, мақсатқа жету жолында қыр-қырынан өту бар емес пе, Фараби аға.

Ф а р а б и. Қыр-қырынан қарағанмен, қатты шайқасқа бара алмадым. Сенің әкең өзінің әр мінезімен не қиындық болса да өз басынан өткізген, заман зәбірін сезінген. Ол қарсы күшті менен гөрі жіті бақылап, өткен дәуір мен келешектің қактығыс-соқтығыстарын анық көрген. Патшаларды құлатуға болмайды! Мен сияқты үрке караушыларға «болады» деді.

Қ а р а қ а с. Құлатуға бола ма?

Ф а р а б и. Болады екен, қызым. Болады дегені үшін де әкен бүгін дарға асылады. Дату ханым, осы бір сәтте, адамзаттың қалжыраған көңілін музыка ғана сергітеді. Оны ешбір тасқын да, сұрапыл дауыл да өшіре алмайды. Оны темір өзек жан да батылы барып сөндіре алмайды. Бізге сәл уақыт шұғылдануға жағдай беріңдер! *(Қобызды қолына алып шанағындағы жазуды есіне түсіріп.)*

«Сенің сәби жүрегіңнің түбінде,

Дірілі бар қыл қобыздан құйылатын үннің де.

Қ а р а қ а с. Бұл өлеңді кімге арнаған?

Ф а р а б и. Қызым, саған арнаған менің өлеңім.

Қ а р а қ а с. Менің сәби жүрегімнің түбінде,

Дірілі бар қыл қобыздан құйылатын үннің де,

Сәулесі бар нұрлы аспанның күннің де.

Қай уақытта, маған арнап қашан жаздыңыз, Фараби аға?

Ф а р а б и. Шыр етіп дүниеге келген кезде жаздым.

Қ а р а қ а с. Мен туғанда қасымызда болдың ба?

Д а т у. Сенің асқан күйші, қобызшы болуың дархан жанды адамның берген батасынан. Қәне, Фараби атаң айт-

ты ғой, ендігі тірліктің жалғасын күйге берейік, деп. (*Әбу-ғаббас келеді.*)

Әбуғаббас. Зындан қақпасы ашылған. Тұтқындар барар жеріне барған. Фараби, сізге жазмыштын қыл тұзағы құрылса да оны Азапбак қағып алып өз мойнына ілуі ғажап ерлік. Сіз ырысты екенсіз.

Фараби. Бұл қай қажауың, жас жігіт?

Әбуғаббас. Менің қажауымнан сізге түсіп жатқан салмақ шамалы. Бұхараи Шәриф сіздің алғаш тәлім алған мекеніңіз. Сіз Бағдатқа осы шаһардан аттанғансыз. Сіздің сөздеріңізді медіресенің қақпасына, қабырғаларға, зынданның есігіне, мешіттің мінбәратына жапсырдық. Сіздің келгеніңізді паш етіп, шаһарға тараттық.

Фараби. Менен рұқсат алдың ба?

Әбуғаббас. Рұқсат алуға қолға түспедіңіз. Зынданда жаттыңыз.

Дату. Не оймен тараттын?

Әбуғаббас. Ой деген ұшан теңіз. Болжырап қалған бізді ширатып, Жайхун, Яхсартта қайрандап қалған кемеміздің желкеніне жел толтыра жүздіретін сіздің ғылымыңыз!

Фараби. Тағы да не деп жаздыңдар?

Әбуғаббас. Қорықпаңыз. Қорықсаңыз Азапбактай біріміз емес, бәрімізді бас алатын жендетханаға тоғыта жаратарсыз.

Фараби. Не бұл? Арандату ма? Тағы да не жаздыңдар?

Әбуғаббас. Тағы да... таспық пен крестен, шеркеу мен мехрабтан көргенім құлдықтың қара мөрі! Тағдырдың зұлымат балғасы Бұхар патшалығында. «Исламның қаңсыған қайыс ноктасын бастарыңнан сыпырғанша мың жыл өтеді. Кешегі хорезм мәдениеті — шах сарайының кір көрпесінің астында тұншығып келмеске кетті. Бұхар патшалығын қара түнек басып жатыр. Барлық шатасуға себеп — рухани адасушылық, сіздің сөзіңіз!

Фараби. Бекер, бекер істегенсіңдер. Мені мазағы мен азабына кіріптар етуге асыққансың, бала! Тырс етіп тамған тамшының солқылы — мыңды шақпай кетпейді. Ділгерлікке жіпсіз байлаған екенсің. Дату ханым, бір сәт жылы леп естудің камы сан жылдық. Біз енді жылы леп есітуді сізден ғана күтеміз. Қалайша менің ғұмырым қаңғыру, тентіреумен өтеді. Тіріні тірідей жалмағанды көру — өліні қорлағанды көрумен өтеді. Азап шегу, қан кешкенді көру, ажал торына түскенді арашалау, қалайша мейірбандылық, ізгіліктің жайма-шуақ күндерін көрмей өтем? (*Тез*

жазып.) Иә, адамды зор қылмысқа айдап салатын құмарлық. Рухани жақсылықты адам бәрібір іздемей тұра алмайды. Дүниеде дарынсыздықтан ауыр кесел жоқ. Адам жанының шөл даласы дегеніміз дарынсыздық. Менің ғылыми еңбектеріме коса өлеңімді де тарат!

Қос қолымда хрусталь қос шарапат!
Бірі қалам, бірі шарап!
Дүниені сыйғызам деп көрдім азап!
Бірінің көмегімен, ғылымның жолын аштым,
Бірінің көмегімен жүрегімнің жырын шаштым.
Әркімде болжам айтып қалтырап!
Сұрауға жауап табалмай
Бастысы қалды-ау, тантырап!

Мә, бала! (Қолына береді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда сахна Регистан алаңына ауысады. Джуи Муллиан сарайының көше жақ қабырғасына сүйеніп Ғұламқадыр мен діни серіктері тұр. Олар біреуді аңдыған тәрізді. Түн. Қолдарында Әбуғаббас таратқан Фарабидің шығармалары.)

Ғұламқадыр (серіктеріне). Көрдіндер ме, біздерге жаппаған жаласы жоқ! Жазасын айтып, жауласам деген жауыздың ісі.

Серіктері (оқыс). Я алла, сыртта жүрсе де бізді шаға келген шаянның сөзі. *(Заресі ұшып.)* Дінсіз, жаратушы иемді жоққа шығарған.

Ғұламқадыр. Даурықпандар! Сұм сұркияның әзәзілі біреуге гүлдей, біреуге зілдей. Өзі ыңғайына алып жармаспақ қой тізгінге. Зынданнан босатқызған Әмірдің сырты жылмаң, іші харам хатуны.

Серіктері. Ол сайқал, әмірдің көзіне шөп сап...

Ғұламқадыр (аузын басып). Байқап сөйлендер! Ол желікпе хатун, әмір өлсе мұрагері болу. Билікті қолына алу.

Серіктері. Әмір нем харам фиғылын біле ме?

Ғұламқадыр. Әмір білмесе де сезеді. Фарабиді жасырын ұстап отыр. Жан-жағын бекітіп ап, шаһар халқы алдына жарқ еткізіп бірден шығармақшы. Оның шығармаларын тарату бедел алудың әзірлігі. Бері жүріндер. Мына келе жатқан екеудің бірі Әбуғаббас.

Серіктері. Қасындағысы кім болды екен?

Ғұламқадыр. Жасырын қаскөйлер. Анықтап танып алыңдар! *(Ілгері ұмтылып.)* Я раббім, солар екен. Сенісерге жан таба алмай түн торуына шыққан. Әне, суырып алды қойындарынан. Сенделген сұмдар! Тентіреп ті-

міскіленіп жүріп, Фарабидің бізге қарсы ғылымын уағыз-
дамақшы. Мешіт алдына қарай бұрылды. Хасиетті мехра-
бымызды лас сөздермен былғамақшы. Соңынан аңдындар!
Барындар! *(Түн қарауылына шыққан жендеттер кетеді.
Ғұламқадыр жалғыз. Оның қасына Отырардан Бұхарға
келген беті Бекдар келеді.)*

Бекдар. Дәрежетуль ғайрат. Ғұлам әке, сізді мен та-
балмай жүр едім.

Ғұламқадыр. Неге келдің?

Бекдар. Сізге берік бол деп Бурахан жіберді. Баласы
Себутегінді қол бастатып, Самарқанды жаулап алуға жүр-
гізгелі жатыр. Самарқан әмірі құласа соның орнына сізді
әмір етіп қоймақшы!

Ғұламқадыр. Сөзіңді жұтып, қылғынбай ашып
айт, Самарқан әмірі құласа...

Бекдар. Орынына сізді әмірлікке қоямын. Такқа кө-
теремін дейді. Уәдеден таймасан.

Ғұламқадыр. Қара жүз бол да дініңді сат, елінді
сат та имансыз ет десе ол түрік, саттым елімді. Тағы да
не деді?

Бекдар. Фарабиді ұстап ап Отырарға қайырсын. Ол
занталақ жаманатымызды дүниеге жаяды.

Ғұламқадыр. Самарқан әмірі құласа!

Бекдар. Құласа емес, құлатамын дейді Бурахан.

Ғұламқадыр. Ханның басын хан алады. Екі ман-
сап екі найсап, бір такқа сыймайды. Самарқан шабыл-
ғаны ма!

Бекдар. Шабылғаны сізге бақыт емес пе!

Ғұламқадыр. Дүние қан саситын болды?

Бекдар. Былқылдама. Былқылдасаң зұлыматтың кү-
пия хабарын алып келген мен де өлем, сен де өлесің!

Ғұламқадыр. Мен неге өлемін. Сенің жалған суақы
хабарыңның азабын тартып өлемін бе?

Бекдар. Сені мен өзім өлтірем.

Ғұламқадыр. Сені хан жіберген жоқ. Отырарда
Фарабиден жеген таяқ, Фарабиден естіген сөз, Қарақасқа
деген желік алып келді.

Бекдар. Онда шыдап көр. Түн торуылына шыққан
екенсің. Торуйлда, мен де қарап қалман! *(Ғұламқадырды
алқымға алады. Бұ кезде Иоганн келе жатады.)*

Иоганн. Уа, қала тұрғындары. Кешеулеп келген жо-
лаушыға жол сілтеңдер! *(Екеуін айырып.)* Тастандар сем-
серлерінді!

Бекдар. Қапы соқтым-ау! Сен келмегенде.

Иоганн. Кімді қуып келдің?

Бекдар. Намысымды.

Ғұламқадыр. Суақы суайт! Сенде намыс бар ма? *(Иоганнга.)* Босатпа! Босатсаң бұл суайттың орнына сен тұтыласың.

Иоганн *(танып)*. Сіз екенсіз. Меймандостықты алланың өзі сүйген! Бір түнге түнеп шығар жер болса.

Ғұламқадыр. Бурахан сізді неғып босатты.

Иоганн. Тілеуін өтедім. Науқасын жаздым. Маған өзі рұхсат берді.

Ғұламқадыр. Дертінен сауығып ап, қылышын кімге қайрап, кімді шапқалы жатыр! Одан не білесіз?

Иоганн. Ол жағын маған аңғартқан жоқ. Фараби қайда? Оған қалай жолығам! Түн қараңғылығына тығылып неге жүрсің! *(Бұл кезде Әбуғаббас соңына түскен Ғұламқадырдың жендеттерімен қылыштасып келе жатады.)*

Жендеттер. Токта, қарсыласпа! Сал қылышыңды қынабына!

Әбуғаббас. Суырылған қылыш қайта салынбайды. Сендер қалаған жауыздыққа сілтеу үшін ұстағам. Сендер қалаған харамдықты тазарту үшін қайрағам!

Ғұламқадыр. Қамап алмай неғып тұрсыңдар! *(Жан-жағынан қамап алады. Әбуғаббас берілмеуге бекінеді.)*

Әбуғаббас. Кел! Келіндер көне, қайсынды ала өлейін! *(Ғұламқадырға ұмтылып.)* Сені ме, ала күлік!

Ғұламқадыр. Ар-ұяттан безген бұл сұм Бұхар әмірі мен Отырар хандығын жауластыруға келді. *(Серіктерін шақырып.)* Бері келіндер! Тыңшы боп тіл ала келген, жаушы боп жаулыққа шақырған мына азғынды бас кази мен Хафиз хакімге апарып тапсырыңдар! *(Түн қарауылындағы сақшылар Бекдарды алып кетеді.)*

Бекдар. Мақсатыма жете алмадым. Мақсат! Мақсат! Иоганн Фарабидің досы, көрдім деп куәлік берсең, мен сені ала өлемін! *(Сақшылар алып кетеді.)*

Ғұламқадыр. Уа, жас ғалым, ізгі ақылдан адаспай, жүрмейсің бе сабыр, кып!

Әбуғаббас. Сабырлы боп та көргенбіз. Тірліктің бар қапасы, тас қамауы Бұхар патшалығында. Ғаділдіктің тілін кесу де Бұхарда. Ғылым білім парасатын шалмамен орап, тірлік харакетінен үрке қашып, байбалам сап, күнді, жерді, жарқыраған жұлдыздарды бір орыннан қозғалтпай, арқандап қойғысы келген алжуаздық та Бұхарда. Үнсіздік басып мүлгіген ой түндігін Фарабидің ғылымы ғана ашады! Егерде менің осы қарсылық харакетімді аяққа таптап,

үйіме өрт қойсандар, өртті сумен емес, ойранмен сөндіруге серт бергем!

Ғұламқадыр. Құдай алдында осы сөзің үшін отқа жанасың, жас ғалым!

Әбуғаббас. Ізіме түскен бір жендетінді жайраттым, жансам, сені де жайратып барып жанамын! *(Қылышын ала ұмтылғанда, қоршаған жендеттер мойнына арқан тастап байлап алады.)*

Иоганн (ара түсіп). Баудай ормандар балғын жасты! Кірлеген жүректің ішін бәрібір біреу тазартуға тиісті.

Ғұламқадыр. Ей, шетелдік, қарап тұрмай, арашаға сен де түстің бе? Тілеп алған өз сорың. Апарыңдар! Бұларды еркіне жіберсең шаһарымызға өрт салып, ошағымызды ойрандаудан қашпайды. Фарабидің эзезіл оспағын тарататын немені апарыңдар! Көзін ойып алыңдар! *(Қолдарында келте шоқпар, жендеттер Әбуғаббас пен Иоганнды алып кетеді. Сахнаны қараңғылық басады. Күрсіне солқыл қағып жылаған, немесе сақ-сақ күлген дарақы дауыстар естіледі. Қинау жазасы. Күрс-күрс соққы өкпеңді суырып өзегіңді талдырған аянышты сезім еріксіз егілдіреді. Құланда құлыныңды шығарған шыңғырыс, миыңды қашап жатқандай. Жан күйігі құйындай үйіреді. Иоганн Фарабилеп боздап келе жатады. Ес те қалмаған. Ойы әлемтапырық. Көзі шарасынан шығып, үгілеп етбетінен құлап түседі. Жан ұшыра айғайлайды.)*

Иоганн. Фараби! Фараби! Сұмдық! Мұндай ауыр жазаны кім көрген! Енді ол мәңгі суқараңғы боп өтпекші. Көзін ойып алды! Жанарын сөндірді! Жаратқан ием, адамға тартқызар азабында шек бар ма! Уа, Фараби, құлағым да тас боп тұнып қалды. Фараби, Фараби! *(Ес-түсінен адасып.)* Көзімнің алдында не? Қара тұман ба? Қанды тұман! Жұтып барады! Фараби! Фараби. *(Даң-дұң, арпалысты түн, төніп келген ажал тәрізді. Жан ұшырған айғайды естіп адымдай басып Фараби келе жатады. Ол, бүк түсіп отырып қалған Иоганнды сүйемелдеп тұрғызады.)*

Фараби. Иоганнбысың? Аяғыңды баса алмай, буыңдарың қалтырап отырып қапсың. Не болды? Неден шошыңдың? Аман-есен жеттің бе?

Иоганн (жас парлаған жүзін қолымен басып). Жеткенімді қайтейін. Сұмдық!.. Сұмдықтың үстіне келдім. Кеш қалдыңыз. Ара түскеніңізбен ағып түскен жұлдыз қайтып сәуле шаша алмайды.

Фараби. Ағып түскен жұлдыз?

Иоганн. Оның көзін ойып алды!

Фараби. Әбуғаббастың ба?

Иоганн. Иә, анау азапханада құр сұлдері жатыр!

Фараби. Иоганн! Байғұс, бір күйіктен бір күйікке ұшыраған досым. Сені қалай босатты? *(Не істерін білмей аңыра қарап ойланып тұр. Кенет лықсып келген ыза, күйікке шыдай алмай сөйлеп кетеді.)* Жаны жара, қаны қара! Қам көңілді тағы да салды қыспаққа! Қайда өзі? Мына тымырсық түнде жөн нұсқайтын жан да жоқ! Қайда? Жүр, достым! Бастап алып бар, адастырма! Қай тұста, қай мезетте? Иә, сенде зәре де қалмаған! Жүрегің өзіндікі емес, үрейлі сәтте ондай болады. Иоганн, есінді жи! Күйреме! *(Иоганн есін жинап ширайын десе де дел-сал, былқ-сылқ ширай алмайды.)* Өзегінді тіліп өткен сұмдыққа ізгі жаның көтере алмай қалған екен. Көзінен айрылған сорлы, сұлап түсіп жатқан болар. Дудыраған қою қара шашы қан-соқтаға малынып, өксік буған жаны тілім-тілім. Арбиған қолы түн қаранғылығын кармалап, бізді іздеп келе жатқан болар. Апырау, не деген ауыр шақ?! Шыбын жаным шырқырап, аптапты сезім аял бермеген мұндай сәтті кәрі жаным көтере алса жақсы, көтере алмай құлап түсем бе? Неден сүріндім? Қателіктер бола береді. Адамдар қателесіп жүріп, бірінің опығын бірі тартады. Бірін бірі табады. Мынау қара түнде көңіліне алған нысанаға жетсем деген болымсыз үміт, тіршілік сәулесі еріксіз жетелейді. Иоганн, есінді жиып болсаң, мені қанды азаптын болған жеріне алып бар! *(Иоганн тәлтіректен түре келеді. Енді қол ұстасып жүре бергенде алдарынан қараңдап, екі көзі ойылған, жанары сөнген Әбуғаббас келе жатады.)*

Әбуғаббас. Көзім, көзім?! Мен қайда келе жатырмын?

Иоганн *(алдынан шығып, қолтығынан алып)*. Тағдыр қайда кезіктірсе, сонда!

Әбуғаббас. Таң атты ма?

Иоганн. Сенің таңың атып болған.

Әбуғаббас. Енді мен, сар самалды дала таңын көре алмайтын болдым. Соқырдың жетегі — таяғы. Енді мәңгі қараңғы, мәңгі ұзақ, шексіз, беймезгіл дүниеде қол ұстасып өтетін болдым.

Фараби *(алдында тұр. Сөйлеуге дәті жетпейді. Тастай қатып қалған. Қыбырсыз, қимылсыз. Тек демін күрсіне алған өксігі ғана естіледі. Ақырын ғана)*. Иә, біз, мәңгі шексіз дүниеде қол ұстасып өтеміз. Тағдыр бізді солай өтуге жазған! *(Әбуғаббас солқылдап кеп бас салады.)*

Иоганн. Апыр-ау, ғалам тірлігі тым, тым қатал! Суық ызғар екен-ау, Фараби!

Фараби. Иә, күн нұрынан нұр алатын көздер сөнсе,

бұдан да бетер қатал, суық ызғар, қара түнде өкпенді жел суыратыны анық. Иә, біз сол кезеңде тудық. Сол кезеңнің отына шыжып, жануымыз да анық. Әттең, жүректеріңді ездiрiп, жанарыңды сөндiрiп алған менiң қатем! Сұм дүниенiң салар салмақ сұмдығын сезбей қалдым! Өкiнiшiм сол! *(Еңiрей егiлiп отыра кетедi. Шам сөнедi. Қайыра жанғанда, Бұхардың патшасы Насир Сәидке Ғұламқадыр өткен түнде болған оқиғаны баяндап тұр.)*

Ғұламқадыр. Алдияр тақсыр, әмiр ием, түн торында солай болды. Бiр досының көзi ойып алынды.

Насир Сәид. Шәһәр халқына таратқан Фарабидiң нендей өсиетi?

Ғұламқадыр. Бұхар патшалығын түнек басып жатыр! Езiлген, егiлген көңiлдiң сандырағына айналды. Бұхарды қара бұлт торлап алуда.

Насир Сәид. Олай деуiне дәлелi не?

Ғұламқадыр. Дәлелi — жетпiс елдi аралаған жiһангез, жетпiс түрлi тiл бiледi. Ұғымдар бар, ұйғарымдар бар. Дәлелсiз ұғым сандырақ. Уақыт мезгiлiн бiлгiзетiн кимыл, қозғалыс.

Насир Сәид. Оны өлшеп бiлiп пе? Арқасына көтерiп бiлiп пе?

Ғұламқадыр. Бәйтүл хикметтi хатым еткен ғалым, оқып бiлген де.

Насир Сәид. Бәйтүл хикметтi хатым етiп келген бiздiң Бұхар ғалымдары ненi оқыған?

Ғұламқадыр. Ол түпсiз терең адам. Түбi қыпшақ, дiн исламның дүрие көйлек, ақ желеңi — дiнсiз жұртқа Бухараи шәриф арқылы кигiзiлiп жатыр. *(Фарабидiң кiтаптарын көрсетiп.)* «Мейiрбанды қала тұрғындарының көзқарастары» деген кiтабында «өнегесiз шаһардiң басшылары да өнегесiз» дейдi, оқып көрiңiз.

Насир Сәид *(оқып)*. «Әкесiн өлтiрiп падша болған есуас бала, ағасын бауыздап таққа көтерiлген жауыз iңiге қараған елдiң тартар кейiстiгi — қан кешiп, қақсау. Жердiң тартар кейiстiгi — құрдым шөл, судан қансу. Ғылымның тартар кейiстiгi — қараңғылықтың қара пердесi. Адамның тартар кейiстiгi — топастық. Әйелдiң тартар кейiстiгi — ерiксiздiк. Фақыр бишаралардың тартар кейiстiгi — құлдықтың қара қамыты, ғұлама Хафиздердiң тартар кейiстiгi — өз басын жалмау.

Ғұламқадыр. Аржағын оқыңыз. Әрiден тартқандағы ұраны туысқандық тазалығы.

Насир Сәид. Уағаздайтыны туысқандық тазалығын сақтау. Уағаздайтыны өшкенiн тiрiлту, уағаздайтыны —

ізгілікті мұсылман мәдениетінен таба алмай, кәфрият мәжусилерге бағындыру. Уағаздайтыны қыпшақ жұртын бізден алшақ ұстау.

Ғұла мқадыр. Туған әкең Шахид Ахмадты өлтірудің қастығына қатынасқан Азапбақты әйеліңіз арқылы қорғап қалуға жан таласты. Азапбақпен бірге айдалып зынданға қамалуына да риза болды. Әйеліңіздің харам қолы менің жағыма да тиді.

Насир Сәид. Мазағы боп дінсіздің, қас жауымды қорғаған әйелімді қарғыс атсын! *(Орнынан түре кеп, қалшылдап ілгері жүргенде алдынан Дату ханым шыға келеді. Насир әйелінің жүзіне жирене қарап қалған. Үнсіздік.)* Тағымда отыра алмай, ашу қысып, ой лықсып шақыртқалы түр едім. Адалынан?!

Дату. Сіз де адалынан тергеңіз.

Насир Сәид. Жолбарыс атыларда жерге бауырын төсейді. Адалынан?!

Дату. Бауырын төсеген жолбарысқа адам қаруын жұмсайды!

Насир Сәид. Қай бұрын қимылдағаны алады.

Дату. Ол сізден бұрын қимылдаған.

Насир Сәид. Менен бұрын қимылдауына — қолына қару берген сенің сиқырың. Уа, хан қызы! Әкенмен арадағы татулыққа аманат болған хан қызы!

Дату. Аманат аз болар. Ара бітімге берік қамал болған күнімде болған. Маған не қыл дейсің?

Насир Сәид. Саған ба? Кірлеме менің жанымды. Саған жалған, маған аян! Ғазиз көркің — бір сәт сапарыма алданыш болды. Одан әріге жарамадың. Кіршіксіз аптапты сезім, суына да бастады. Жүрегіңе қылау түсірген қаралы сұлу, адалынан?! Халал неке ғайыптың сыр сандығы. Ашылу, жабылу кілті жүректе. Жүрегімнің алақанын кімге жайдың? Атағыма, тағыма аярлықтың көлеңкесі неге түседі? Мен наман да өз бақасым, өз тұстасым алдында мәртебем жоғары, күннің көзін кір шалар, менің көңілімді кір шалмас, сұқбатым сынбас! Сындырдың ба? Ар отына өртедің бе? Сыйға келген сұм қатын!

Дату. Жалған! Өсек пен жаланы бірімізге біріміз байқап жабайық. Сыйға тартылып келгеніме жиырма жыл, жиырма жыл жақсылықтан жаңылған сұмдықты да көрдім, жарық дүниеден мезгілсіз кеткен арулар, күндер, сатып алынған көз жастар, бейуақта ымыртпен бірге батты. Бұрымдарына буынып өлді. Күміс кесе, кестелі кебіс алдыңа төңкерілді. Ақпын, адалмын! Ант ішкен әлсіз жандар, айбалта астына абайсызда басын төседі. Сонда қалш-қалш

діріл мені де талай есеңгіреткен. Төсегіме апарып мені де талай жыққан!

Н а с и р С ә и д. Айтып болдың ба?

Д а т у. Дін басы ғұламаның жапқан жаласын араным ашылған жалмауыз боп сімірмей неге болам! Фарабиді ұғынып та болған жоқсыз, ол аңызға айналған адам.

Н а с и р С ә и д. Ол аңызға айналған адам. Біз оның аңызына үймелеген қара шыбын болдық. Басымызға қайыс нокта киген хайуан болдық!

Д а т у. Ол олай деген жоқ!

Н а с и р С ә и д. Оралма жолыма!

Д а т у. Ол олай деп жазған жоқ!

Н а с и р С ә и д. Алғаш сенің көзіңнен сорғалаған хасіреттің маржаны еді. Күлкің күмістей, жаныңда шуақ бар кезінде, ерке назынды жылап тұрып кешіргем! Ол бір сәт, құмарлықтың құшағы жайылған сәт! Жылан боп ысқырып, аяр боп арбап алдыма оралған сәтте, менен алар сыйың — қара балта! Қара балта! *(Датуды жұлып тастап, имам ғұламға бұйырып.)* Бар!

Ғ ұ л а м қ а д ы р *(түсінбей)*. Қайда бар дейсіз, әмір нем!

Н а с и р С ә и д *(есінен шатаса күйініп)*. Бар! Дұшпаныңнан кек алу барлық заңның атасы! Менің кегім — қызығы тез басылған әйелімде. Регистан мұнарасы бүгін құламаса, түбінде бір құлар! Қап-қараңғы сұр өмір! Сенім де жоқ, сенгенінде иман да жоқ! Шақыр, білімдар, діндар, ғұлама атаулыны, әйеліме қолданар шарамды, кесер жазамды естісін! Риза шығарсың?

Д а т у. Ризамын! Шақыр!

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Әміріңіз орындалады! *(Кетеді.)*

Н а с и р С ә и д *(сұлық. Өзегін өртеген өкініш, іштей мүжіліп, таусылып бара жатқанын сезе ме, әлде әйелінің Фарабиге деген ыстық ықыласын қап-қара қызғанышқа аударып, аяусыз айқасуға әбден бекініп алған. Осы сәтте алдына кеп оралғанды орып жіберуге әзір. Дату да берілер емес. Үнсіз арбасуда. Іштей күбірлеп)*. Менің падшалығымда еркіндік жоқ... Менің падшалығымда қара түнек, рақымсыздық, рақымсыз падша, рақымсыз ғалым. Сақтыкпен қарауым да рақымсыздық. Сабырмен баққаным да рақымсыздық! Айнала демеушім де рақымсыз. Иә, дұспаныма рақымсызбын. Бетіме келген пенде менен тірі құтылмайды! Көк тәңірісі — Күн! Жер тәңірісі кім? Мазасыз қауым, мен сендерді кешірер ем, алыс, жұлыс, арпалыс, азынаған уақыт кешірім бермесе, күнәдан аршып тазартып ала алмасам, кімнің кінәсі? Менің бе? Менің бе? Данышпандық пен

даңқты үйіп-төгіп берген құдірет сенің кінәң? Маған кесе толы шарапты ішкізген де, арулардың көз жасына шомылдырған да сенің құдіретің. Енді сол құдіретті қара құйындай ұшырып, мансабымды, бағымды жұлып алып жерге таптар құдірет. Жаншып өтер құдірет Фараби ма?!

Бұл кезде Фарабидің музыкасы бөліп кетеді. Бұрын-соңды Бұхар патшалығында естілмеген бір сарын, шерлі сарын-күй күмбірі шалқып, сарайды күпірентіп кернеп кетеді. Жүректен боздап шыққан қаһарлы зар, өлім жазасына кесілген Азапбақ, көзін ойып алған Әбуғаббасқа арналған! Азала сарын екі түрлі сезімді уысына алды. Азапбаққа төнген ажал, Фарабидің ажалға қарсы үкімі! Сырттан имам Ғұламқадыр бастаған Бұхардың ғұлама, ғалымдары, әмірдің уәзірлері, дін қожалары келе жатады. Олар да Фарабидің тоқсан бұралған күй сазын тыңдап тұрып қалады. Күй дауылы сілкіп-сілкіп өткендей, тұмшаулы кара перде сырылып, күйдің алау оты әмірді шарпып өткендей, жан қысымы ой қыспағына жеткізеді. Әмірдің бар зұлымдығы алқымына тығылып әрең тұрады. Күй зары өзегін суырып барады. Уәзірлер мен дін қожалары беттей алмай, біртіндеп шегіне береді. Ошарылып қалған әмір қындауырды қанжарды суырып алады.

Н а с и р С ә и д (*қалтырап*). Кейін! Кейін! Тырп етсеңдер ырғап алып мен салам! Өзіме де, сендерге де! (*Иоганга ілесіп, қолын алдына жайқап Әбуғаббас келе жатады.*)

Ә б у ғ а б б а с. Көзім қайда? Көрер жарығым қайда? Кім тартып алды? Неге сөнді менің жарығым? Неге? Неге? О, суқараңғы тірлік! Тоналған тірлік! Іштей мүжіліп, таусылып, сарқылып бара жатқан тірлік. Көзім қайда? Көрер жарығымды қайырып беріндер. Көзім қайда?

И о г а н н. Көзің ішкі сәуленде! Жан қойнауында! Естимісің еңіреген күй сазын.

Ә б у ғ а б б а с. Естіп тұрмын. Менің тілеген дауылым! Күткен дауылым! Теңіздерді сапырып, тауды теңселту емес пе еді! Фараби қайда? Келді ме?

И о г а н н. Келе жатыр. Тарт, Фараби! Әне, Регистан алаңына Азапбақты алып келді. Ол біздің ең алғашқы ғылым көзін ашарда көк-ала бұлттан нажағай отын ұрлап ал, бізге от берген, жылу берген Прометей. Ол бізді өлім көпірінен алып шықты. Ол бізге қайратқа сеніп жасқанбауды үйретті. Дос қарызын атқаруды үйретті. Кәрі дүниенің жыртығын жамап, ғадалат үшін аянбай салысуға да үйретті. Әне, жасқанбастан жаңғырыққа басын төседі. Қараңдар! Көріндер! Көздерің тұнып, жүректерің жарылғанша шыдаңдар! Әне, жарк етіп көтерілген айбалта, сарт етіп қыл мойынға шабылды! Балта жүзі майысып ұңғысынан ұшып кетті.

Ә б у ғ а б б а с. Шапты ма?

И о г а н н. Шауып тынды жауыздар! (*Жетіген, керуіш-*

тен күй толғап *Фараби мен Қарақас келеді*). Тарт, Фараби! Толға, Фараби! Сәлем дендер, күй атасы Фарабиге!

Дауыстар. Сәлем! Сәлем! Фарабиге сәлем!

Фараби (*өзінің ғажап күй сазымен, әмірден бастап, уәзірлердің қара өзегін суырып ап, зілдей ауыр кегін қайтарғандай болады. Бір де бірі беттей алмайды. Тас жүректер қата қалған. Сөйлеп кетеді*). Уа, жарандар! Бастаған істің ақыры бар! Өскен бар да, өшкен бар! (*Қарақасқа.*) Өшкен сенің әкең, қанат жайып өсетін сен! Мен тоқтатсам да, әкеңе арналған жоқтау сазын сен тоқтатпа! Мезгілдің сипаты осылай! Адамның зар шеккен хасіреті әлмисақтан белгілі. Әкең бізбен бірге оқыды. Бетін кек алуға бұрды. Оның жүрегінің түбінде дауыл боп есілетін мұң кетті. Нөсер боп жауатын тасқын сел кетті. Жексұрындарға жирене қараған кек кетті. Әкеңнің жете алмаған арманын сен жалға!

Қарақас (*көзінің жасын мөлтілдетіп*). Жалғайтындай мені не сенімге жетеледі?

Фараби. Сенім — құдай берген ерекше дарында. Он саусағың өнер үшін жаралған. Әкеңнің қабырына бір уыс топырақ салуды бұйыртпады, ғұмыр бойы күй-сазымен жоқтап, ардақтау ғана сыбағаға тиді. Естіндер, жарандар! Әкесіне арнаған жоқтау зарын естіндер! Тарт, Қарақас!

Ғұламқадыр. Фараби, қайрама жамандыққа баланы. Бұл қыз сарай сауықшысы. Әмір ием, сенсіз де тұғырына қондырады!

Насир Сәид (*енді ғана серпіліп*). Манадан бері кімді бақтым, нені бақтым!

Фараби. Мені бақсаңыз, менімен болыңыз.

Әбуғаббас. Менің көзім соқыр, сіздің кеудеңіз соқыр. Екі соқыр біріксе көр-білте соқпақты тез табады, менімен болыңыз.

Фараби. Көр-білте соқпақ дедің-ау, жарқыным. Түсінбегенге аспан әлемі кеңістігі сфера да көр-білте, барар жолын ұғынып жетпеген, жоқтан барға сенумен шатасқан, әлсіз сана да бәрі де көрбілте! Көрбілте соқпақтан әрі бара алмаған топас, надан адам «космос әлемін, эфир, этхарды жаратушы иеге тіреп, көңілін де көмескі, қиялын да құбыжық, сандалған ой шешімін таба алмай, жол нұсқайтын, жөнге сілтейтін ғалымды — қара қасқа дұспан, қара ниет сұмға санап, көзінді ойып алды. Жаның сол үшін азапталды! Жанарыңды сол үшін сөндірді!

Әбуғаббас. Дауасы не?

Фараби. Дауасын бір көзін ағызып жіберген Әлкенди де таба алмаған. Ақыл мен сана, сенім мен наным лай-

ланып, менен келіп шындығы неде бұл сұмдықтың, деп сұрайсыңдар. Уа, ғасырдың перзенттері!

Көзінді шел басты. Ойынды тұман торлады. Көрбілте соқпақпен жүріп келіп құларсыңдар деген еді.

Н а с и р С ә и д. Өсиетінді естідік. Енді менің өсиетімді есті. Күдіретің күшті ғалымсың, қайтарып көр қаһарыма ұшырағанды, қайтара алмайсың! (*Датуға.*) Талақ еттім! Талақ! Талақ еттім! Тастадым!

Ғ ұ л а м қ а д ы р. Жаратушы иемнің құлағына шалынды! Аумин!

Н а с и р С ә и д. Сарай сауықшысы Қарақас (*қасына жақындап*), кара жамылтып, қайғы жапа тартқызған да өзім. Зарланыстан, мұнды шерден алып шығатын да өзім. Күн емес, падишам боласың. Наз күндерің, мәз күндерің сарайымда өтеді. (*Бұйырып.*) Алтын оқалы, әсем киімдерін шешіндер! Сарай сауықшысы Қарақасқа кигізіңдер! (*Уәзір мен қожалар тырп еткізбестен Датудың үстіндегі киімдерін сыпырып ап Қарақасқа кигізеді.*)

Қ а р а қ а с (*бұлқынып*). Бір жағы қайғы, бір жағы азап, бір жағы мазақ. Аза орнына майып той. Қаза орнынан өз басымның тоятына айналғаны не сұмдық?

Д а т у (*шашын жайып жіберіп*). Назаланба, асыл қыз. Сүю, жаулық, бақыт, азап қатар келген мезетте, бәрін де есіңнен шығар! Мен өзім кигізейін басымдағы тәжімді! (*Тәжін кигізеді.*)

Қ а р а қ а с (*әлі де үрке, Фарабиге жалынышын білдіріп*). Фараби аға! Фараби аға! Не қылған қилы тағдыр?

Ф а р а б и. Қан сарыққан жүректер қасірет азабын мазақ аралас мансаппен байлайды. Амал таппаған ақыл, әлсізге әуес! Дату ханым, өрттен бір түп көде қалады, Қарақас өрт ішінде қалған бір түп көде! Өрт ішінде туып, өрт ішіне қайыра кірді. Тек тегіне қайтады. Оны сен білесің, оны мен білемін! Сен кім болдың, дәуренің өтті, аянышқа ораған мұң да сенде, ашынған ерлік те сенде! Риялы көңілдің ынтығы мен ұмтылудың ақыры — кейде азаппен, кейде өліммен аяқталады.

Н а с и р С ә и д. Өліммен?

Ф а р а б и. Өліммен! Ғұмыр дегеніміз өлім!

Шам сөнеді. Қайыра жанғанда сахна Фарабидің тоқтаған үйіне ауысады. Фараби Джуи Муллиан сарайы маңындағы үйінде отыр. Иоганн да осында. Әбуғаббас есін жинап әлдене бастаған. Фараби латын, еврей, араб, фарсы тілдерінде басылып шыққан трактаттарын саралайды. Иоганн дал-дал болған киімдерін жамайды.

Ә б у ғ а б б а с (*қиялдана*). Көзім барда көкірегіме дүние сырын тере алмадым. Жанымды жайып тастап таршы-

ақта тартымды еңбек бере алмадым. Кәсібім, арқаланар өнерім не болу керек, Фараби аға?

Фараби. Көзінен ерте айрылған шайыр ақындар, ғалымдар, шешендер де болған. Жыр ағасы Гумер әлемнің он екі данышпанының бірі атанған Әлкенді ұлылық пен сұлулықты жырлап өтті. Көңіл көзің ашық болсын.

Әбуғаббас. Көңіл көзім кереметтер мен өмірдің қыр-сырына, көк жойқын тереңдігіне бойлағанмен, үзілген түймені қадай алам ба? Етікші болу үшін біз шаншып, ине сабақтайды. Зергер ұста көз торлап, күміс қақтайды. Астроном ғалым аспан әлеміндегі қозғалысты көзімен бағады. Философтар — логика, аналитика, хисап ғылымын — геометрия, үшкілді сызықпен шешеді. Ал, мен немен шешем? Маздатып өтер гұмыр отын қалай жағам?

Иоганн. Жағасың! Сезінгенің жакқаның! Етік тіге алмассың, қалам ұстап, жаза да алмассың. Қаруың — жалынды сөзің. Озбыр жауыздарға қарсы жар салып, лағнат айту. Тоналған ел, тұл дүние, күрмеулі тіл, тұсаулы қол, көкірегі қақ айрылған ата, шырылдап қалған сәби, тұлымы жұлынған ару, өртенген дала, бәрі де сенің ой көзіңе оралатын ашу-ыза. Жырлап өтсең, сарнап өтсең!

Фараби. Иә, айтып өтсең, одан асқан мұрат бар ма? Ұзақ әңгімелестік. Бағбан қайда? Ол менен жемістерінің қасиетін сұрамақшы еді.

Иоганн. Осы сенен сұрамайтыны бар ма? Жемістің аты жеміс.

Фараби. Е, достым, әрбір адам баққан ісінің қадірін бағалайды. Жүр, көйлегіңді ки, бағын аралап серуендеп келейік.

Иоганн. Бұхардың әмірінен көйлегімнің пұлын сұрасам төлер ме еді?

Фараби. Көйлектің пұлы төленген.

Иоганн. Немен?

Фараби. Енді қайтып бұл елге беттеп келместей дүремен. *(Үшеуі күле сөйлесіп кетеді. Қарақас пен Дату бағбан үйінің алдында кездеседі.)*

Қарақас. Менің келетінімді хабарлап па еді?

Дату *(күң қалыпқа түскен)*. Хабарлағам, перизат! Әмірдің қасында қалай ұйықтадың? Төсегің жайлы болды ма?

Қарақас. Өте жайлы, көйлегім кебін, төсегім бақыт. Жамылған көрпем құрым болғанда одан да бетер жайлы болатын еді.

Дату. Жанарыңның осы сөнгені сөнген. Жадырап шаттансаң ғапа сермелетін ақ семсердің жүзі таймайды.

Қ а р а қ а с. Менен бұрын осы ақылды өзіңе неге үйретпедің? Ғұмырынның сапарын мастық, мазақпен ап, енді маған өзің ала алмаған кегіңді ал деп қайрайсың? Көтер көйлегімнің етегін!

Д а т у (*көйлегінің етегін көтеріп*). Менің кебімді киме, жас падишам.

Қ а р а қ а с. Сенің кебің басында масайрау, соңында қан жылау. Менің кебім — қуатымды сорып алғанша сілкініп өту, шалқып та көрейін, жеткізе ме соған тәңірім! Оған жетуге қасіретім күшті жатса не істеймін? Жылат мені! Күңірет мені! Зар жұтқыз да, мылқау қапастан құтқар мені! Әке арманы алысқа жетелейді, әмірдің үйіп берген бақытын кеудеге теп те, у толтырған шөлмекті қолына ал! Беретін ақылың осы деңгейден?

Д а т у (*иіліп тізесіне отыра кетіп*). Осы деңгейден. Фарабиге жолықпа! Оған әмір Меабад-бәну мешітінде сот құрғалы жатыр. Егерде у беріп өлтіруге ойысқан ниетімізді білдіріп алсақ, ізгі жүрегін езгендей боламыз.

Қ а р а қ а с. Түбі келіп сокқы табы соған тиеді.

Д а т у. Соған тиеді. Қорқыныш, үрей тақсіретін тартпасын. (*Көйлегінің ішінен семсерді суырып ап.*) Міне семсер! Жадыгер ұстаға қырық динар алтын беріп қылауын умен аптап сокқызыдм.

Қ а р а қ а с (*семсерді алады*). Күй күмбірін шалқытатын қолым, умен аптап суарған суық қанжарды алды. Ындыным неге ауды? Үзілген үмітімді қанжармен сабақтап, күй дауылымен ала алмаған кегімді қанға бөктіріп алу да арман боп па?

Д а т у. Арман! Бәрі де арман! Бір қабат сілкіну де арман! Көзіндегі ыстық жасты ақырғы рет құрғату да арман! Көп ойланба, падишам!

Қ а р а қ а с (*бұлқына бой тастап жүріп кетеді*). Жүріп келем, жүріп келем ғұмырда, жүргеніммен жерден қол үзіп кеге алам ба? Жок! Жок! Өлер әкем өлді. Жамандықты, қастықты тар кеудеме неге жиям? Күдіретті алып ойдың иесі, бүкіл ғалам бас иген ұлы ұстаздың бауырына сыймағаным ба? Ол тағдырмен, өлмейтін өмірді көксеп күрескен дана! Зұлымдықтың басы да өлім, ақыры да өлім, деді. Мені сол өлім тырнағынан құтқарып қала алмаса, несі дана? (*Датуға ызғарын төге, жирене төніп.*) О, саған ермек керек. Әкең де, шешен де, иә, бәрі де, бәрі де, бәрі де сені көлең қаққызып масайратқан. Әмір де өлім егіп, жемісін жинаумен құныққан!

Д а т у. Мені қоса жазғыр, жазала! Бетіме бас! Көңілімді ластық жайлаған шақта, жамандықтан мен де жирен-

бедім. Ханның қызы, әмірдің аяр қатыны атандым. Менің басымнан бәрі де өтті. Жаңғыртпайық қорлық пен зұлымдықты, бірге бағайық, сіңілім! Ойлан, ойлан да жауабын бер маған!

Қ а р а қ а с. Ойлан дедің. (*Ақылға сап.*) Ойландым. Қайтара алам ба кегімді? Қайтара алмасам, ешбір ақыл, өнер, білім құдіреті жетелеп алып шыға ала ма? Бойынды жаздырмай, қайта қысса кеуденді, бар үмітім сап болып хасіретпен өтпей ме? (*Тура қарап.*) Иә, енді мен сол төгілген ән, манаурап толқыған күй кілт түйіліп, қобыздың ішегі кілт үзілсе, обал-жазығым саған, тастанды ханша!

Семсерін ішіне тығып кете береді. Жас жігіт Әбурайхан келе жатады.

Ә б у р а й х а н (*үрейлі*). Сіз де осында ма едіңіз? Анау кеткен кім?

Д а т у. Осындамын. Кеткенде шаруаң болмасын.

Ә б у р а й х а н. Фараби қайда? Жолыға алдыңыз ба?

Д а т у. Фараби бағбанның бау орамында татар рызығын теріп жүр.

Ә б у р а й х а н. Джуи Муллиян сарайы алдында бүкіл Бұхар халқы жиналып күтіп тұр.

Д а т у. Жиналғанмен қалың тобыр не бітіреді?

Ә б у р а й х а н. Сіздің оспадар күйеуіңіз — Фарабиге қырық сұқбат сауал қойылады. Қырық сауалға жауап берсе, бізден аман кетеді. Бере алмаса, дінсіз жәһилдің маңдайына қарғыстың қара мөрі басылады. Бүкіл шаһар халқына хабар берген. (*Фараби, Иоганн келе жатады. Дату жолықпауға тырысып тайып тұрады.*)

Ф а р а б и. Әбурайхан, сенің нендей хабармен келгенің айтпай-ақ та белгілі. Бәрін де естідім. Менің маңдайыма басылатын қара мөрді таспих пен крестен, шеркеу мен мехрабтан да көргенбіз. Құлдықтың қара мөрін кім баспақшы?

Ә б у р а й х а н. Сізбен айтысуға Самарханнан Әл Капан ибн Карра Бәһадри хазіретті алдырды. Нишапур мен Ғираттан ғаскер басы Әбуллайс Сархан да келді. Сізге төнген қауіп — ар қорлығы. Жауыққан топ сізді жат дінді, жат құдайлы жанға санайды.

Ф а р а б и. Кімді жатсыныппын?

Ә б у р а й х а н. Сіз бармаңыз, бас тартыңыз?

Ф а р а б и. Күн бар жерде, түн де бар. Түн қараңғылығынан қорыққан жолаушы сапарға шықпас болар. Сүюі жаулық, үміті үрей топтың қаһарынан қашып құтыла алмайсың.

И о г а н н. Бізге не қыл дейді?

Әбурайхан. Сіздерге ме, рухымызды кірледі, жар болған жаратушыға тіл тигізді, дінсіздер, дейді.

Фараби (*Иоганнға*). Ел тағдырын есірікпен баққандарға, тажал боп көрінуіміз анық. Сенің көрген қорлығың бұл сапарда жетерлік. Сен қал, мен барайын.

Иоганн. Не көрсек те бірге көрейік.

Фараби. Олармен енді кездессен, хрестиян дініне деген өштіктің отына май құясың. Мен барсам, ел арқанының ұшына жармасып, құлап кетер шыңыраудан құтылам ба деп барам. Уақытты алмайық. Азаматтың күй қайыра арпасын сындыратын кез де осы. Дозақ отына лақтырып тастап, тәнінді қинайтын жер де осы. Езіліп жүрек, егіліп көңіл тар қапастан сытылып шығар жол да осы!

Кітаптарын құшақтап кете береді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда Меабад-Бәну мешітіне ауысады. Түн. Мұсылманша іңір ахшам намазын оқитын кез. Мешіттің іші қара-көлеңке. Төрдегі мінбер-мехрабқа шырағдандар жағылған. Сәулесі есікке жақын дәлізге жете қоймайды. Фарабидің келуін күтіп, үстінде қара плащ, еркекше киінген, қолында шырағдан, бағбананың тасасында Дату тұр. Мінберден әрі діни ғұлама шәкірттердің күңіренге оқыған мақамы естіледі.

Дату (*өзіне*). Ол келуге бекінсе, әйел затына мешітке кіруге жазбаса да, мен жолығып қалуға бекіндім. Қырсықты жол, бөгетті жол (*діріл қағып көз тастап*), келе жатыр. Адамның өзі өлсе де, рухы өлмейді, шыдам тозып, әл бітіп, өліп кетсем менің рухым ақиретте, ана-дүниеде кебінімді жыртып, кеудеме қайыра кіреді деседі білгіштер. Келе жатыр. Жүрісі асығыс, адымы кең, қолында таяғы, сүйенері де таяғы, сілтері де таяғы. (*Қасында Әбурайхан, Фараби кіріп келеді.*)

Әбурайхан. Аялдай тұрыңыз, мен барып хабарлайын.

Фараби. Айтыс мәжілісін басқаратын кім?

Әбурайхан. Сайлап шығарғандары имам Ғұлам-қадыр.

Фараби. Тез хабарла! (*Әбурайхан кетеді. Фараби жан-жағына елеңдей көз тастап қарағандай болады.*)

Дату (*шырағданын алдына ұстап*). Тырп етпеңіз! Қозғалмаңыз!

(*Фараби үнсіз.*)

Дату. Дыбыс шығармай мені ғана тыңданыз.

Фараби (*танып*). Неғып жүрсін?

Дату. Жолыңды шалар қырсыққа өткел болғалы тұрмын. Сіз не «болады», не «болмайды» деген екі сөзбен жауап қайырыңыз. Ерлік пен ездік қатар түскелі тұр сарапқа.

Фараби. Не істемексің? Өлтіру ме?

Дату. Өлтіру. Айла-сұмдығын жасап келдім. Оның арты саған да қайырсыз желдей алдыңнан ұйытқып, қан жосығы бетіңе ұрады. Дауыл боп өкіріп, қара құйын боп борады. Жанашырым десең жұрт хабарланбай тұрып, бұл шаһардан тез кетуіңізді өтінем!

Фараби. Менің сапар жолымда оны істесен, өкініште өткізесің! Қанға қолын малуға жұмсағаның Қаракас па?

Дату. Қаракас.

Фараби. Өнерге орайлы зердесіндегі алау отын жанбай тұрып сөндіресің. Дату ханым, болмайды, амалыңды қайтып ал! Қыздың өмірін азапқа байлама! Құтылар жолын кісі өлтіруден іздеме. Кетіңіз бұл жерден тезірек!

Дату. Үстімдегі жеке көйлекті, аяғымдағы шәркені отқа салып іздейін бе? Алақан жайған қайыршы дәруіш боп іздейін бе? Хош болыңыз! Сүрінбей кетіңіз! Құламай жетіңіз!

Кете береді. Фараби көзін басып ойланып тұрып қалған. Шам жарығы күшейе түседі. Енді ол көзін қайыра ашқанда мінбәр-мехрабтың алдында алқақотан отырған дін басылары. Ызғарлары суық, барлығы да қара киінген. Араларында мұсылман болған түріктер де бар. Казилар мен уәзірлер, сұлтан хакімдер, диуана ғұламалар өз алдына.

Ғұламқадыр (*даусын созып, махамдан*). Әбунәсір Мұхаммед ибн Узлуқ Тархан ұғылы Фараби. (*Әркім өзіне лайықты орнына отырады.*)

Фараби (*лауазымы жоғары сұлтан, уәзірлерді атап өтіп, мінбәрға көтеріледі*). Маған лайықты осы орын болар?

Ғұламқадыр. Таһарат алып паредін?

Фараби. Таһарат алу — тән тазалығы, фарасат ғакыл жан тазалығында.

Отырғандар. Мінбәр, мехраб қасиетті орнымыз. Басынба, дінсіз!

Фараби. Қасиетті орынға Бұхардың патшасы, не Жаплы-кыпшақтың ғалымы отыруға тиісті.

Ғұламқадыр. Ұлылық не? Қандай адам ұлы бола алады?

Фараби. Қарның ашып, өзегің талғанда — қорек тауып ішкен адамды ұлы дер едім!

Ғұламқадыр. Инабат мөлшер дегеніміз не?

Фараби. Ешбір ұят өз мөлшерінен артық емес. Ешбір мөлшер өз деңгейінен асқан емес. Ешбір ғалым өз ғылымынан асқан емес!

Ғұламқадыр. Әйел алмаған адамның ұрпағы кесіледі. Әйел алмауыңыздың мәні неде?

Фараби. Тауып қойылған сұрақ. Бұл сұраудың жауа-

бын қатынды үйірлеп алған, қоралап бала туғызған Араб пен Түріктің етегінен қағынған патшалары мен уәзірлерінен күтіңіз.

Отырғандар. Жаратушы ием, жар бола гөр!

Фараби. Жаратушы ием, маған да жар бола гөр!

Ғұламқадыр. Данышпан дегеніміз кім?

Фараби. Данышпан дегеніміз — шындықтан таймау.

Шын данышпан мың жыл алдағыны болжайды. Кейбір таланттар бір жылды ғана ойлайды.

Ғұламқадыр. Жан дегеніміз не?

Фараби. Жан дегеніміз — тән. Тәнсіз жан жоқ.

Ғұламқадыр. Тумас бұрын жазылған әркімнің өз жұлдызы өзіне тәуелді!

Фараби. Шатасудың басы осында. Бұл жайында философтар арасында әзіл-оспақ бар. Көріпкел астролог — есалаң қыз, жұрт одан да әрі есалаң. Есалаң қыз шатпақтап жүріп тамақ тауып әкеледі де, ақылды шешесі астрономды асырайды. Есалаң қыз болмаса, астроном аштан өлер еді. Жоққа сену — астронологияның сандырағы. Менен өлім жайында сұрандар. Адамның ғұмыры не үшін қысқа? Ғұмырды ұзартудағы басты шарт — тірлікті жақсартуда. Суын қимағанға сүт берсе, пияылдың кеңдігі. Қара түн басына түссе, қара су кешеді заман тарлығы. Өзінің ініне қарап үрген түлкіні қотыр басады. Өзіне бағынышты еліне қарап үрген патшаның көзін қан басады.

Ғұламқадыр. Дүние ғаламды жаратқан кім?

Фараби. Дүние ғаламды ешкім де жаратқан жоқ!

Ғұламқадыр. Жалпақ жерді кім жаратты? Әлемнің орталығы неде.

Фараби. Әрбір халық жерді әр қилы түсінеді. Бұрынғыдан қалған іздер, бізге жеткен сөздерге сенсек Нион ғалымы Птолемейдің ілімі бойынша Күн Жерді айналып жүреді. Оны геоцентризм деп атайды. Бұл ғылым Әлтаурат, Құран, Инжилден де орын алды. Ал, Пифагор, Эвдикос, Ератосфен, Хорезмидің болжауы бойынша Күн орталықта болады. Күнді Жер айналып жүреді. Бұл болжамды гелиоцентризм деп атайды. Иә, Жер шарында өзіміз тұрғандықтан бізге Күн қозғалатын сияқты. Жер дегеніміз не? Әлем кеңістігіндегі планета. Күннің көзінен ұшып түскен, сөнген планета. Қиял жетпес аспандағы жұлдыздар сәуле шашып тұрады. Аспан кеңістік әлемі мәңгі тозаңмен қапталған. Тозаңның ішінде адасып, шатасып жүрген метойттер, біріне-бірі соқтығысып күйреп жатады. Ғылымның осы болжамы біздің ізгілігімізге нендей ықпал жасады? Сол табылған болжам, өзегін жарып шыққан ана перзентін

мейірлене сүюіне әсер ете алды ма? Жердің үлкен, кішілігінде жұрттың шаруасы не? Жер айналады! Айналып тұрғанын сезіп жатқан кім? Оның орнына жапа шегу, торығу, күйінуді ғана сезесіз. Шегелеп берген азап! Арылмас азап! Ұлы азап! Жалған әлемде Жер от жағатын пеш тәрізді. Сол пештің отына күйіп жатқан мехнат, қайғы-қасірет, қуаныш, шаттық, махаббат, арман, басқа планеталарда бар ма екен? Жок. Жок болса олар бізден гөрі бақытты екен. Менен бұрын болған орасан ойшыл ғалымдар, ғылыми ізгілік жасаймыз деп арман етті. Апплатон мен Аристотель ғылымы ізгілікті қуана қиялдады. Болса екен деді сондай бір дүние. Ғылымға патшалар мен хандардың ешқандай заңы жүрмейді. Дүниені ғылым жолы ғана өзгерте алады. Құдайдың құдіретінсіз ғылыми арман іске де аса қоймас. Тәңірі деген алып! Оның қаһары алдында адам әлсіз мақұлық. Мен көп жерді араладым. Хата Хаммуан ферғауынның храмында миынан түтін түтеп тұрған адамның суретін көрдім. Былай қарағанда күлесін. Бірақ та оның жан шошынар хасіретіне ренжисің. Ол сондай хасіретті, ол бір ғажап сурет. Мойнына орамал байлаған құртақандай адам, оның иығы да, қолы да жоқ, жап-жалаңаш жалтыр бас, ол зергер іс соғып отыр, көзімен Күн құдайына ата қарап, бір көзімен ферғауынға табынып құлшылық етеді. Сонда оның ойында екі түрлі тілеу бар: бірі — Күн құдайы сенбісің, мені осы халға жеткізген! Уа, ферғауын, мен сенің басына киетін тәжіне зер торлап отырмын. Ол сөйлемейді, қарсылығын қу бастағы шұңғып ішіне кіріп кеткен көзімен ғана білдіреді. Ғажап емес пе! Не қуанышты, не қайғы-хасіретті сезбейтін адамдар жайлы ақындар мен философтардың кітаптарын көп оқыдым. Бос қиял дүниесіне беріліп қайтадан Жерге оралу, Жердегі күрес-тартысқа араласып жапа шегу қандай рахат! Жапа шегуден алатын ләззат денеңдегі жараны тазартатын бальзам ағашының шипалы дәрісімен бірдей. Егерде ынтызарлық пен құмарлықты құртып алсаң, онда барлығын да құртқаның. Адам баласының тұрмыс халі қаншама ауыр болса да, біздің азапты тірлігіміз келістірмей, бітістірмей тұрмайды. Амалсыз келісесің. Амалсыз көнесің. Адамшылықты қадірлеу, өзінді қадірлеу — сені еріксіз көндіреді. Біздің тірлігіміз жан өте алмайтындай заңғар тау тәрізді. Сол тауға өрмелей тұра алмайсың. Барар жолда шатқал құз да, қия жартас та бар, ылди да бар, өр де, жазық та бар! Тірлікте күн көріп жасау ғана бақыт деу ақылсыздық. Біздің жағдайымызда ондай бақыт қамқорлығына алмай-ақ қойсын. Ыстық ықылас, ынта болмаған жерде, өнер-білім өркен

жая алмайды. Ондай қауымда ақынның қиял-шабытына не оралмақшы? Эпикалық музасы болмаса, жан сергітер күлкі-шаттық болмаса, адамдардың мардымсыз әлсіздігін, қиқымбақай кемшілігін кетіктерін жамап-жасқап ажуасықақ етсе, онда қандай мұра бар? Ондай ақындар Вергилийдің «Дидонбедірлерінде» махаббат дариясына шалқытып жүзгізе ала ма? Ала алмайды. Өлмейтін мұра жасай ала ма? Жасай алмайды. Жасай алмайтыны — адамды сүюде ынтызар құмарлық жоқ. Поэзия, махаббатқа деген ыстық назар жоқ! Олар өздерін бақыттымыз, алаңсызбыз деп санайды. Бақытты болғандықтан махаббатты қалай ансайды? Махаббат жапа шегудің жемісі. Жан ашуын, жан даусың шықпай махаббат жоқ. Махаббат күйігі — жан күйігі. Егерде құдайтағала менің орнымда болса, бишара сорлы болған болар еді. Менің кешкен жапа-хасіретімді басынан кешірген болса, әлдеқашан сеспей қатар еді. Құдайекен кешірмейді дейміз, құдайекеннің кешірмейтін күнәсі бар ма? Біздің айналамызды қоршап, шырмап жатқан шешуі жұмбақ қаһарлы күшті ойласақ, шынын айтқанда, Сырдың суы сирағынан келмейтін есерсок ақылсыз болуын керек. Есерсок ақылсызға бәрібір. Ол қиюы қашқан тірлікте трагедиялық жәбір-жапаны сезбейді. Өйткені ол тірліктің мағынасынан мүлдем хабарсыз. Біздің қажуымыз бен жиренуіміздің түпкі тамыры дарынсыз патшалықта!

Ғұла м к а д ы р. Не, не? Патшалықта!

Мүриттердің бірі. Асхабал — атраф. Діннен безген. Мешіттің мехрабында уағаздағаны — маррамиттер мен мутезалистердің балағаты! Бухыри шариф, сатылған! Түрік. Мына кітабында ғұламаларды көлбақаға тенеген.

Отырғандар. Көлбақаға! Жәндіктің де нашар жәндігі, оқып жіберші!

Мүриттің бірі (оқып). «Әмір атының аяғын тағалатып жатқанда қасына көлбақаның ғұлама-ғалымы бақылдап жетіп келеді: «Уа, квак, квак, тақсыр ием, мен де аяғымды тағалатып жіберейін» деп бұтын созған.

Дауыстар. Өртке жансын, от жалмасын, әкеліндер! Өртеңдер! (Фарабидің кітаптарын жерге лақтырып, өртеуге жинай бастайды.) Уа, иманымызды кірлеген, жаратушы жаппар иемді балағаттаған, жәңилдің кітаптары да жәңил! (От қойып өртейді.) Алас! Алас! Алас!..

— Қайт бетіннен, Фараби!

— Дозақы құсалықтан қаусап өл!

— Сойқанды! Занды түрде жанатын, занды түрде сөнетін мәңгілік от! Сөндіріп ал!

Ғұламқадыр. Күй сазыңмен сөндіріп ал!

Фараби. Иә, жаққандарың бір ғана тілде. Арап тілінде басылған шығармаларым! Латын тілі, жебірей тілі, рум тілі, сирия тіліндегі нұсқаларын жағып ал! *(Ызғары суық қара күш сәл қозғалса бассалғалы тұр. Бұл кезде әмір сарайының есік ағасы Миршах кіріп келеді.)*

Миршах *(зәре-құты қалмаған, үрейлі).* Уа, жарандар! Жарандар! Ғұламалар! Бұхар әмірінің игі жақсылары, тыңдандар! Ұлы мәртебелі патшамыз Насир Сәидті өлтіріп кетті. *(Төбелерінен жай түскендей суық хабар, сұмдық хабарға аһ ұра күрсініп тұрып қалады! Шәһиттердің заңы бойынша кейбіреулері қанжарларын суырып ап, өз бастарын өздері шаба бастайды. Қызыл қан жосылып беттерін жуып кеткендер, күбірлеп, сөйлей жөнеледі. «Шәһит әл-шәһит! Шәһит-ә-шәһит! Ғарасат құрбаны! Құраббино! Жолында біз де құрбанбыз!»)*

Ғұламқадыр *(сөз бастап).* Өлтірген кім? Кімнен болған жауыздық?

Миршах. Өлтіруші гарем қызханасындағы жеті жүз қыз-қатындарының бірі болуы ықтимал!

Ғұламқадыр. Жан тапсырғанда тілге келіп пе? Қасында болғаны бар ма? Патшалық мұрагер орнын қалдырудағы өсиетін айта алып па?

Миршах. Ғұмырымды аяқтар сапарымда,— дегіті әмір ием,— зәбір-жапамды көтерген жаны пак бір ғана адам бар. Ол сарай сауықшысы — Қарақас! Балаларым есуас. Адам сәулемен күн көреді. Тәңірі берген ғазиз көркі, Бухараи шәриф патшалығына нұр боп жарқырайды. Тағымда сол отырсын!

Ғұламқадыр. Өсиетін естігендер кім?

(Дату шыға келіп, қара плащын иығынан сырып тастап, мінбарға көтеріледі.)

Дату. Өсиетін естіген мен! Ару қыздың жүрегіне нұр қайнап өсиетін қалдырған әмірді мен өлтірдім. *(Семсерді көтеріп ап.)* Семсерді ырғап салдым өкпесіне! Маған өлтіру керек болды! Маған намыс алу да керек болды! Кем қызуы үстінде, көзімдегі ақырғы жасты құрғату да керек болды. Иә, мен өлтірдім.

(Имамғұлам бастаған топ шулай бастайды.)

Токтандар! Шуламандар! Тосын үрей үстінде сұрап қалыңдар!

Тәнімді езген, жанымды езген қорлықтан босандым. Ала-күлік пендешілік азабымен күн кештім. Ара-күдік күнәдан да арылдым. Қорқу, үрку, тажал деген үрейдің қазығында байланбай, ғұмырымды осылай аяқтадым.

Фараби, соңғы сөзім сенде! *(Басын иіп, жымия күлімсіреп, ізетпен.)* Сылқым сазыңды қабырыма ала кетіп тыңдайын. Жаназама тартар азаң сол болсын! Хош бол, Бухараи шәриф! Шер шемімен жанды езген Бухараи шәриф! Тірінің тілін кескен, өліні аяққа таптаған, Бухараи шәриф! *(Сырт айнала беріп кеудесіне қанжар салады. Құлайды. Фарабидің отқа өртелген кітаптарының күлін құшақтап барып жатады. Құлап жатып бар даусымен айғайлап.)* Естіңдер, жарандар! Қаракас — патша қызы!

Тұрғандар. Патша қызы! Не деп кетті! Қай патшаның?

Апыра ойланып кілт тоқтайды. Шам сенеді. Сәл үзіліс. Иығында қоржын, қолында таяғы бар Фараби мен Иоганн алға шығады. Сапар жолы. Беталыстары кайда? Бағдат па? Әлде Шам-Дамаска ма? Қарап тұр. Музыкада Фарабидің сазы. Қыл-қобыздан бебеу қаққан қоштасу сарыны. Тартып тұрған Қаракас па, әлде басқа шәкірттері ме? Қасында Әбурайхан, таяғымен алдын барлап Әбуғаббас келе жатады.

Әбуғаббас. Фарабилер жүріп кеткен жоқ па?

Иоганн. Жүргелі тұрмыз, Әбуғаббас!

Әбуғаббас. Қайырлы сапар! Қар жауып тұр екен. Қар жауса әуе тазарады. Бойындағы барынды туған еліне сарқып бере алмай кетіп барасың, Фараби аға! Біздерге айтар аманатың бар ма?

Фараби. Сендерге... сендер де ақша қардай аппак арманға жетіндер! Тар кеудеде тығылатын пендешілік әуресінен аулақ болыңдар! Бабтарыңнан — сүю, жаулық, үміт, арман, үрей, хасірет, арпалыстың бәрін де кешіріңдер! Қорықпандар! Ешбір бөгетті білместен, қаймығу-жасқануды естеріңнен шығарыңдар! Жазыңдар өленді! Туған еліме оймен келіп едім, оймен кетіп барамын. Сарқып бәрін бермесем де, елімнің ауыр жүгін сарқып алып барамын. Туған жердің бір уыс топырағын, өліп кетсем жамбасымда жатсын деп, орамалға түйіп алып кетіп барамын. Хош болыңдар! Самалыңмен әлдилеп, сазды сарын күй бесігінде тербеткен менің елім! Оянар күнің, түн пердесін сырып тастап бұлқынар, алға ұмтылар күнің де келер!

(Қоштасады. Кетеді.)

Әбуғаббас. Олар кетіп қалды ма?

Әбурайхан. Олар алыстап барады.

Шымылдык.

СЕРТКЕ СЕРТ

*Екі бөлімді, халықтық
драма*

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Науан Сәрсенов — комиссар
П. К. Жуков — ояздық атком председателі
Рақымжан }
Нұрыш } ағайынды Уалихановтар
Ескендір }
Бекназар }
Жамал — Ескендірдің келіншегі
Сақыш — Бекназардың қызы
Нұри — башқұрт шалы
Шамши — оның қызы
Бейсеке } жалшылар
Бейсенбай }
Қоновалов Иван — кулак
Лосов — ақгвардеец, полковник
Барақбаев — ауыл пысығы
Шаруалар, юнкерлер, бай-құлақтар, азық-түлік
отряды, ер-әйелдер

Мезгіл 1921—22 жылдың қысы.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Ауыр толғағыспен басталған музыка.

Ұлы серпін, ұмтылыс сарыны. Өмірдің қиын өткел кезеңін аңғартады.

Телеграф сымы зың-зың, бүкіл қала, дала, радио толқыны мен телеграф сым торабының уысында. Тық-тық... чик-чик. Кремль жұлдызының аясында бүкіл Советтер Одағына беріліп жатқан телеграмма... Шұбатылған ленталар. Телеграмма ленталарында В. Ульянов (Ленин) деп қол қойған жазу көрінеді.

Ленинді күзеткен қазақ солдаты шаттана қуанып сахнаға шығады.

Декрет!.. Декрет!.. Менің республикам туралы декрет! Ленин қол қойған декретті — Омбы делегациясының құрамында VIII съезге барған Прохор Калиныч Жуков оқып тұр. Лениннен жолдама алған қазақ солдаты қасына келді.

Н а у а н. Прохор Калиныч, жерлесім. Лениннің қабылдауында болдың ғой?

Ж у к о в. Болдым.

Н а у а н. *(Ленин қол қойған жолдама қағазын көрсетіп)*. Владимир Ильич мені сіздің оязға комиссар етіп тағайындады.

Ж у к о в. Құтты болсын!

Н а у а н. Біз ұлы көсемнен тапсырма алдық.

Ж у к о в. Иә, бізге қатал уақыт сынынан өтуге ұлы міндет тапсырды.

Н а у а н. Соғыс салған жараны жазуға, қайыршылық шегіне жеткен елді көтеруге біз ұлы көсемге серт бердік.

Ж у к о в. Сертке серт...

(Сәл кідіріп тұрады да кете береді.)

Сырымбет тауының етегіндегі Уалихановтардың ауылы. Шыңғыстың зал үйіне «Айыртаудың болыстық комитеті» орналасқан. Қыстың күні. Үскірік аяз. Шыңғыстың қазына сарайы маңында ығы-жығы халық. Тау-төбе боп үйілген азық-түлік. Басында түбіт шәлі, пұшпақ ішіктің сыртынан қамар белбеу буынған Бекнззардың келіні Жамал азық-түлікті қабылдап тұр. Кеңсенің алдында проппомощь сұрауға келген шаруалар, ашыққан қайыршылар да күтуде. Қызыл жолақ сеңсең папах киген белсенді Барақбаев келеді.

Б а р а қ б а е в. Ә, ақсүйектің келіні. Амансың ба? *(Ораған буманы алдына тастап.)* Валихановтардың асыл жиһаздары осының ішінде...

Ж а м а л. Тонадың ба?

Б а р а қ б а е в. Сандықтың ішінде шіріп жатқанша... Кедейлер киіп, қызығын көрсін.

Ж а м а л. Комиссардың әмірі бойынша ма?

Б а р а қ б а е в. Өз әмірім... Несіне белсенді боп жүрміз.

Ж а м а л. Белсенді?

Б а р а қ б а е в. Қанішер хан тұқымына аяушылық жоқ. Біздің қанымызды олар да сорған.

Ж а м а л. Екі інісі коммунист...

Б а р а қ б а е в. Бола берсін. Мынау Махмедтің торкалы тоны. Бәд құндыз бөркі. Мынау мауыты қаптал! Алтын кесе... *(Ескі шығыс, батыс ғалымдарының шығармаларын алып.)* Мынау, контрреволюцияның қоқыстары. *(Оқып.)* Ви-си-ло... вский... Милеранский, Березин... немістің шпиондары. Мұсылманша кітаптар! Әбілқасым... Фирдауси... «Шаһнама» *(Ежіктеп оқып.)* Абдулла... Ибн Муса... Хоре... зи... ми әлма-әнуси... Иттің аты не деген ұзақ. Жауыз патшалар, имам қазіреттер... Сикыршы ибн-сина! Қолыма берсе теріс каратып шоқындырар едім.

Ж а м а л. Дүниесін алған екесің, кітабында нең бар?

Б а р а қ б а е в. Самырат молда ғақли Ислам, жәннәтүл дүние! Осыларды оқиды. Қоқыштың өзі де бас қосқан мәжілісте шахтар мен патшаларды дәріптейді.

Біразын махорка орауға үлестіріп бердім.

Ж а м а л *(жинап өзіне беріп)*. Мә, комиссарға алып бар.

Б а р а қ б а е в. Қайын атаңа қарың бұрады, ә?! *(Буманы көтеріп алып кетеді. Еңірей боздап, қолында ағасының киімі, Бейсеке келе жатады.)*

Бейсеке. Бауырым, бір құрсақты жарып шыққан бауырым, қанатым, арысым!

Ж а м а л. Неге жылайсың?

Бейсеке. Бейсембайды өлтіріп кеткен.

Ж а м а л. Не дейді, жасаған? Кім айтты? Жеті күн бұрын комиссар... азық-түлік дайындауға жіберіп еді ғой. Қай ауылда, қай жерде? Киімдерін қайдан алдың?

Бейсеке. Қырауқамыстың қалың тоғайының ішінен. Өлтірген де ағаштың ішіне апарып тастаған. Аш қасқырлар... Жыртқыш тағылар...

Ж а м а л. Жасаған-ау, бұл не сұмдық! Кегін кімнен аласың? Ажалын кімнен сұрайсың? *(Үнсіздік.)* Дабырламай тұра тұрайық. Өз ажалынан болса бір сәрі... Кісі өлтіріп кетті, деген лақап... *(Ойланып тұрып қалады. Сахнаға*

қайыр тілеп қамыққан, бой жеткен қызы Шәмшиді жетектеп башқұрт шалы Нұри келе жатады.)

Нұри (жар салып, зарлана). Қайыр, дұға, садақа? Жарандар... Қаны бір туыс бауырлар! Көзі қарайып, өзегі талғанға бір үзім нан да қуат!

Шәмши (зарлана толған):

Нулы Орал бойлары,
Нұрлы Орал бойлары
Нұ болса да, нұр болса да,
Қалды Орал бойлары...
Жолымыз түсті бұл жакқа,
Еліміз қалды жырақта
Ә, бауырлар, бауырлар,
Біз пақырды жылатпа!

Нұри. Жел аударған қаңбақпыз, тәңірі айдаған бейбақпыз. Тал қармауға бұта да ілікпейді қолымызға. Қызымды сатам. Кім бар қолбала ғып алатын?

Бейсеке. О, сорлы пақырлар. Қызынды сатам-деймісің?

Нұри. О, алла, өлмегенге өлі батық. Сен бе сатып алатын?

Бейсеке. Мен бе, иә, мен!

Нұри. Он пұт бидай болсын бағасы.

Бейсеке (ішкі күйігін аңғартып). Жиырма пұт неге сұрамайсың? Байғұс, сенің өзегінді аштық үзсе, менің бір қанатымды өлім үзді. Сенің де қалың мендей. Айтшы маған? Жете аламыз ба, өте аламыз ба өмірдің бізге деген азап-көпірінен! Ашыққанға бір тойған да медеу. Қамыққанға бір сәт көңіл айту да сүйеу. Тәңірім екеумізді кез келтірді. Аштық пен тоқтық, жауыздық пен ізгілік. Тірлік пен ажал — қайсысын қалайын, пақырым? Айтыңызшы?

Нұри (түсінбей). Қызымды қала! Жан сақтауға қорек керек.

Бейсеке. Қорек керек пе? Сіз тәрізді қорек сұраушылар әне, волкомның алдында иіріліп тұр. Соған барыңыз. Несібең содан табылар. Үсіп өлулерің ғана қалыпты. (Ертіп кетеді. Шәмши зарлана әндетіп кетіп бара жатады. Кеңседен қасында Рақымжан, Барақбаев — бізге таныс Ленинді күзеткен солдат — комиссар Науан Сәрсенов шығады. Иіріліп тұрған продпомощь сұраушылар аңтарыла қоршайды.)

Науан. Зәру жандар, аш-жалаңаштар! Жәрдем сұраған өтініштеріңді волкомда қарадық. Халдерің ауыр. Қазақ республикасы ашыққандарға Лениннен қор сұрап

жатыр. Бір қадақ нанды екіге бөліп үнемдейміз. Несібелерің таусылмас.

Нұри. Қашан бұйырады сол несібе?

Науан. Бұйырады, қария, шыдаңыз.

Нұри. Бұйырғанша ақ қардан кебін де жамылармыз.

Науан (*Рақымжанға сілтеп*). Волком жолдас сіздерді әзірге ауқатты, әулетті адамдардың үйді-үйіне орналастыра тұрады.

Барлығы. Қойма толған астық, қимайсындар ма біздерге? Бермейсіндер ме біздерге?!

Біреу. Көзім қарайып кетті... Құлағалы тұрмын.

Рақымжан. Тыңдаңыздар, шыдаңыздар!..

Нұри. Ішімдегі күйіктен ыстық жасым көзіме толып барады. Қалай шыдайын? Қар қауып па?! Қаран қалсын ку дүние. Бізді сақтап қалар кім бар?

Науан. Біз бар. Рақымжан, орналастыр! '

Рақымжан. Еріңіздер менің соңымнан. Нұри Шафигуддинов! Сіз қызыңызбен Бекназар Валихановтың үйіне орналасыңыз. Гиззат Хакимов кім?

— Мен!

Рақымжан. Қай жерденсіз?

— Башқұрт өлкесінен.

Рақымжан. Сіз қайдансыз?

— Еділ бойынан.

Рақымжан. Сіз, Тақырбас Атығай ұлының үйіне! Қалғандарынды көрші ауылға Барақбаев жайғастырады. (*Біреулер жылап, біреулер зарланып, соңдарынан ілби басып шұбалып сахнадан шығады. Бізге таныс Ояздың исполком бастығы Жуков, екі иығына екі кісі мінгендей батыр тұлғалы Нұрыш келеді.*)

Жуков (*аяушылық білдіріп*). Ауып келгендер ме?

Науан. Үйді-үйге орналасатын болдық.

Жуков. Табылған ақыл. Бүгін сәтте сақтап қалар шама да жоқ.

Науан. Тез оралдыңыздар ғой?

Жуков. Ешімнен шыққан Зеленовтың бандасы Марьевкеге жақын қалды деген жаманат хабар алдық.

Науан. Лосов солардың адамы.

Нұрыш. Лосов біздің Махмед ағайдың үйіне қонып өтіпті. Махмед оқыған адам. Облонодан мектеп ашуға шыққан инспекторын деп біреудің келгені рас. Сол ма, басқа ма? Неғайбыл... Мұндағы іс қалай?

Науан. Мұндағы іс... тоқ қарындар, аш қарынға қарасатын түрі жоқ. Кеше бірнеше шонжарды қамауға алдым.

Нұрыш. Кімдер екен?

Науан. Бірі сіздің ағаңыз Бекназар Валиханов.

Нұрыш. Тумысынан қикар жан еді. Бекер істеген-сі.

Науан. Туған қызын, Үкілі деген қарақшыны жіберіп Имантаудан ұрлатып алдырған.

Жуков. Қыз қайда?

Науан. Қыз үйінде. Екі комсомолға күзеттіріп қойдым.

Жуков. Қыздың тағдырын ағаларына бер. Қамауға алған Бекназарды босат. Сенің келген жерің бұрын билеп-төстеп қалған төре әулеті. Пәледен бүліншілік туып кетіп жәрмесін. Қатты ығырып, қатал әмір жүргізуге де болмас! Еститінің құйрығы қайқы...

Науан. Басы артық малын, басы артық астығын бұуырына басып бермей отырған бай-шонжар қауыпты ма? Қырып, жойып өрт қойып тонап келе жатқан бандылар қауыпты ма? (Нұрышқа меңзеп.) Төренің бірі қасында жүр. Айтыңызшы, қайсысы қауыпты?

Нұрыш. Мен көпті көрдім. Білмеген жердің ой-шұқыры қауыпты.

Науан. Сіз көпті көрдіңіз. Қақпанға түскен қасқырдың ызаланғанда аяғын шайнағанын көрдіңіз бе?

Нұрыш. Көрдім.

Науан. Ендеше, қақпанға түскен қасқыр сіздің әулетіңізде. Маған төре-қараның ру жігі қауыпты емес. Аяғын шайнаған ағаңыз қауыпты.

Нұрыш. Ағам үшін мені жазғырыңыз...

Науан. Әулетінді аяққа таптап отырғаным жоқ! Не қыл дейсіңдер маған?

Жуков. Сізге батылдық жақсы. Батырсынба дейміз.

Науан. Батылдығым ұнамаса... Мұндағы істі өз қолдарыңа алыңдар. Бір туысыңыз менің қасымда. Үстінен қырық арыз түсті. Оның да заты төре. Сіздің де затыңыз төре. Еселеген дау, егескен кек, шыққан тегіне сұстанған көз көбейді.

Жуков. Марьевке жау қолында. Кеше бандылар сельсоветтің үйін өртеп кетті. Бізге жете қалса, сенен қысым көрген шонжарлар бандылардың отына барып жылынады. Соны ойла, комиссар!

Науан (мойындап). Ойладық. Менен алатындарың?

Жуков. Сенен, автоколоннамен көлік күшін түгел аламыз. Кашиловкедегі астықты бандылардың талауынан аман алып қалсақ, В. И. Ленинге берген серттің орындалғаны. Губерниялық штаб күтіп отыр. Азық-түлік комисса-

зы күтіп отыр. Сақ бол, сау бол. (*Жуков пен Нұрыш кетеді: Науан Жамалдың қасына келеді.*) Жамал, менің рұқсатымсыз бір тамшы спиртті босата көрме!

Ж а м а л. Біздің үйір болмаған затымыз.

Н а у а н. Бәрі де тапшылықтан. Жуков пен сенің қайнаған шонжарларды босат деп кеңес берді.

Ж а м а л. Мен де айтқалы жүр едім.

Н а у а н. Бұл ортаның сырын шала барлаппын. Сонда қалай? Қауымға залалды... Жауыздықтың қордасын қорғауға болмағаны ғой.

Ж а м а л. Бәле басы берік жатыр.

Н а у а н. Маған не істемекші?

Ж а м а л. Өшіктірмеңіз... Жамандығымен қатар жақсы жағын да көріңіз. Бұл әулетте өз ішіне үңілген де бар. Олар сізге түсінеді. Талай арысқа түскен жым аузында бұғып жатып бас салатын барыс та бар.

Н а у а н. Барысы — үлкен ағасы.

Ж а м а л. Сіз, көп өкілдің бірі емессіз... Ленин жіберген комиссарсыз. (*Бейсембайдың өлімін айтқысы кеп.*) Сіз жұмсаған ер-азамат...

Н а у а н. Оларға да қақпан құрды ма!

Ж а м а л. Мен, келін боп түскелі ел жорығын бастаған талай боздақ өліп те кетті. Солардың кебін кигізуден тайынбайды. Сіз, қайнағамның көзінше маған үйір бола бермеңіз. Әне, өзі де қарап тұр.

Н а у а н. Оны босатқан кім?

Ж а м а л. Сізге қатер төнбесін деп мен босаттым. (*Жамал өз жұмысымен айналысады. Үстінде берен қаптал шапан, сұқсыр қара, шұңгіл көз, ызғары суық, қолында таяғы, Бекназар кіреді.*)

Б е к н а з а р. Сәлеметсыз бе, жігітім?

Н а у а н. Саламат, ақсақал. Босандыңыз ғой?

Б е к н а з а р. Жасымды сыйлап босатқаныңа мың да бір алғыс.

Н а у а н. Бұрын түрмеде отырып көріп пе едіңіз?

Б е к н а з а р. Партия, сайлау ит... қай жарға соққызбады! Сіз, мені жете ұғынып болған жоқсыз.

Н а у а н. Ұғынған үшін де түрмеден сізді босаттым ғой.

Б е к н а з а р. Өркенің өссін. Қалай, біздің елге ризамысың?

Н а у а н. Ризамын, ақсақал.

Б е к н а з а р. Сізді риза қылсақ болғаны. Күш бірлікте.

Н а у а н. Әрине, бірігіп жіберіп еді, өзегі талып ашыққандарға қаншама азық-түлік, мың қаралы мал да жиналып қалды. Жөнелтуге не ақыл бересіз?

Бекназар. Азаматым-ау, көлік итің менде шамалы
елатын.

Науан. Төре әулеті «ал» дегенді білмей, «бер» дегенді
білген ғой.

Бекназар. Е, бағзы, бағзы заманнан бері жеп қал-
ған ауыз, сөйлеп қалған тіл, жүріп қалған ат, айтып қалған
билік те, шырағым. Ел ерні кезермесе, менің де ернім ке-
зермейді.

Науан. Терең жатырсыз, ә?

Бекназар. Кезінде терең де болдық... Атты да, тон-
ды да болдық...

Науан. Бұл күнде ат болдырып, тон тондырып тұр
деңіз.

Бекназар. Арымайтын семіз, құрымайтын теңіз жоқ.
Менің құрдым шағымда кездескен екенбіз. Қызымның тағ-
дырына басқаша қараңыз.

Науан. Қызынды тәлкекке салмаңыз.

Бекназар. Ата-ананың еркі.

Науан. Ара түсу — біздің еркіміз.

Бекназар. Шырағым, нықтауыңа екі інім де жетеді.
«Жәйімді білмес қарындас, аңдаусызда өзі дұшпан, өзі
қас» дегеннің кебін киесің, сыйлы бала!

Науан. Қызынды қорлап екінші рет сатпауға ант бе-
ремісін?

Бекназар. Өз баласын айуан екеш, айуан да қорла-
майды. Қызым, тауымды шағу үшін ғана керек болар. Бай-
дан қайтып келген тастандыға қызықсаң... қадырыңның
шамалы болғаны. (*Шала мастау, жымырайған қалпағын
көзіне еңкейте киген, үсті жұлым-жұлым, әндетіп Лосов
келеді.*)

Лосов.

Жапалақ қар жауса екен.

Сарай біздің панамыз.

Рызық пен нәсіпті

Бәрін жолдан табамыз.

(*Науанға жақындап.*)

Тұтатып жіберсек?..

Науан (*шылымын ұсынып*). Тартыңыз.

Лосов. Господин комиссар!..

Науан. Не айтпақ едіңіз?

Лосов (*емініп*). Алақан жайып сұраушы болғаным-
ша... сиқыршы неге блмадым? (*Кеудесін ұрып.*) Ішім күйіп
барады. Ленин сіздерге жанар майға екі мың шелек спирт
босатыпты. Бір жұтым спирт?.. Бір жұтым спирт болса...

Науан. Сізге ішуге болмайды, барыңыз.

Лосов (аңқау, қияли пендеге ұқсап). Иә, комиссар... Маған ішуге болмайды. (Бекназарға.) Ақсақал, заманында қандай жомарт болдың екен? Пақырға, құдайы садақан бар ма беретін.

Бекназар (танып тұр, сыр білдірмейді). Тәйт әрі! Мәліғұн... Табаныңды жалтырат.

Лосов. Біздікі тозған табан. (Өлеңдетіп кете береді. Үстінде аға сұлтанның полковник шенін таққан жез оқалы шапаны, басында көкбұйра қаракөл папақ, жұлығы жылтылдап етігін қонышынан басып батырақ, қыликөз Бейсенбай келеді. Науан аң-таң. Бекназар осқыра қарап тұр.)

Науан. Сен кімсің?..

Бейсенбай. Бәәлі... Кімсің деп сұрағанша құтты болсын... Сұлтанның сары ала тонына қолымыз жетіп... бір көтеріліп қалдық. Беке, бір қарап жіберші? Заманында ұлы атаң киген еді. Енді кедейдің сұлтаны мен кидім.

Науан. Кім алып берді сізге?

Бейсенбай. Сіздің әміріңізбен Барақбаев алып берді.

Науан (ызалы). Ұр да жық, есуастар!

Бекназар. Әр тұстың өзіне лайық сұрқылтайы болмай ма?

Науан. Сізге шаптау керек.

Бекназар. Дүние кезек. Жаман тымақ кедейдің қолы жетсе, сізге де мерей. Айналайын Совет өкіметінен!

Науан (шатынап). Айналайын совет өкіметінен! Совет өкіметінен кайткенде мін табу ғой арманың. Ей, жаман тымақ кедей... Азаныңмен аллаға жақпаған, қазаныңмен төреге жақпаған сорлы кедей. Сұлтанның қақ басқан тонын киіп кімге жағасың? Таста үстіңнен! Шеш те менің алдымда ұрпағына сыйла!

Бейсенбай. Қолым бір жетті ме деп едім... Бойға өлшенбеген тонның етегі келте көрініп тұрма сізге?

Науан. Бойға өлшенбегеннің бәрі де келте. Ойға өлшенбегеннің бәрі де өрескел. Тастаныз! Өзінді өзін ар азабына салмаңыз. Кедейсің. Кедейліктің мехнатын жамбасқа бөктерген, денең таза, жаның пәк! Құдірет оты паң кеудеңде сұлтанның тонын киюмен лауламайды. Қызықпаңыз. Есеп беріңіз өзіне!

Бейсенбай. Төре деген қалық күншіл... Қиесі атты деп күндейді ғой!

Науан. Кіе деген жоқтан барға сену. Кіе деген адалдықтың нышаны... Тіл өзімдікі екен деп... еріккенде қызыл

тілін тыймаған, өткеннің бәрі жаман, бәрі зұлымат деп қые жағып айғыздау. Қауымға жағымсынып... халықтан қарғыс алу. Қие сондайларды атады. Тастаныз! Иесіне беріңіз!

Бейсенбай. Ұр да жық?.. Ұр да жық?.. Беке, ұр да жықтың бірі едің... «Басқа біткен бақытқа — бес батпан ақыл керек» дегендей, шырағым. Төре деген халық мақтаншақ... Шілтіп шіренгенде көздері ақшиып кетеді.

Бекназар. Өз көзің бір жетісіп тұрғандай...

Бейсенбай. Осы қыли көзбен-ақ Жақып атаңа жаққамын. Төреден бас жесең, бара-бара тас жейсің. Мә, саған сыйладым, Беке.

Науан. Мұның ақылдылық. *(Қалтасынан кілтті алып.)* Мынау кілт!

Бейсенбай. Ненің кілті?

Науан. Астық сарайының кілті. Ие бол. Ақ ниет адалдығыңды жамандыққа бермейтін сенім кілті. *(Тапсырады.)*

Бейсенбай. Сеніп тапсырдыңыз ба?

Науан. Сеніп тапсырдым. Кірешілер күтіп тұр. Ашарықтың ризығын өз қолыңмен жөнелт. Жамал, мені сұраушылар болса күте тұрсын. *(Бейсенбайды ертіп кетеді.)*

Бекназар. Күте тұрсын? Атана нәлет, қу кедей...

Жамал. Ағаке, пендешілікті қайтесің. Болған күніңізде тәңірінің сыбағасын кем татқан жоқсыз.

Бекназар. Тәңірінің маған берген сыбағасы жалғыздық. Жалғыз қалдым ғой!.. Ақ желеңім, ақылдым... Екі ішіме айтып қой. Ағаң алакөңілде жүр де. Қайтып келген қыз жаман. Ана, қайынсіңліңе де бас-көз бол. *(Кетеді. Делсал. Мінезі адуындау Сақыш келеді.)*

Сақыш. Қайнағаң саған егіп кетті ме?

Жамал. Әкеңмен ұстаса беріп қайтесің.

Сақыш. Өзіне тартқан сұм боп тусам... Неге ұстаспаймын. Сенің көзайымың қайда?

Жамал. Көзайым? Ескендір ме?

Сақыш. Ол қортық сен үшін уайым емес пе? Құдай, сені мен маған... комиссардай жігітті маңдайымызға жазбапты. Иә, үндемейсің? Үндемей құрытасың. Әкемнің сұмдығына, күйеуіңнің ездігіне шыдап келген жаның не деген берік. Әкем өле ме? Әкемнен бұрын мен өлемін бе? Сәуегей ақылды жеңгем... Кеше екі комсомол мені күзетіп тұрды. Иә, қарауылдың жарық етегіне шығарып бергенде сен күзетіп ең... Сидам шалбар!.. Оқығандар!.. Сурылғанда тілін жұтады. Әкесінің мың жылқысы бар. Бимұсаның маған

төлеген қалың малын қайтарып беруге қотыр тайын да қимады. Айтшы, ақылдым? Үміт бар ма алдымда?

Ж а м а л. Бар. Әкең даудан шаршаған адам. Бір қи-тықпен сені ұрлатып алғызды.

С а қ ы ш. Сен сияқты көне берейін бе қитығына?

Ж а м а л. Көнбе. Ағаларынды қажытпа. Келген комиссар сені айттырған Бимұса Жәпекті қамауға алды. Оларда бас көтеретін шама да жоқ.

С а қ ы ш. Мені ұрлатып алғаны үшін қамады ма? Са-лығын төлемеген, басы артық дәулетін қимағаны үшін қа-мады ма?

Ж а м а л. Екеуі де. *(Қасында Жамалдың тәлтиген күйеуі Ескендір, қаба сақалды, тұлға пішіні кесек Коновалов келе жатады.)*

Ескендір. Жамал, Қанавал тамыр комиссарға жо-лыға кепті.

Ж а м а л. Қош келіпсіз, Иван ағай.

Ко нов а л о в. Сәлематсыздар ма? Сақыш, төркіндеп келдің бе?

С а қ ы ш. Иван ағай, төркіндеп келдім. Сіздің үйге де бармақ ойым бар еді. Біздің әулет, алып қашқан қызды орманға апарып тығатын. Не сіздің үйге апарып жасыра-тын. Мені сіз жасырасыз, Иван ағай?

Ко нов а л о в. Е, тағдыр да, шырағым, тағдыр да... Алып қашқан күйеуің қайда?

С а қ ы ш. Екеуің самогонды қағып ап, революция бізге не берді деп, біріңнің басыңа бірің алтын тауды талай ор-натып едіңдер.

Ескендір. Жә, бәле-жаланды жаппа. Отаса алмаған өз әлегің де жетеді.

С а қ ы ш. Отасып... қарық боп жүрсің... Жақсыдан жаман!..

Ескендір. Мына қыз жынданған ба?

Ж а м а л. Сақышта жұмысың болмасын.

С а қ ы ш. Иван ағай, маған баскесер бұзықтан бай тауып беріңіз. Құдай қаласа, сіздің үйде неке қияр тойын өткізетін болайық. Сонда, менің әкемнің кенже інісі, қа-рындасынды қайтып келді деп, кемітпе... Елізіктеніп астын-дағы атын қалай ма? Затын қалай ма?.. Ха-ха-ха! *(Кете береді.)*

Ко нов а л о в. Аумаған әкесі.

Ескендір. Байдан қайтып келген қыз не деп сан-далмайды. Жамал, Коновал тамырдың соғылмаған жеті маясын менің атыма жаздырып, ар жағын есептесе жа-тармыз...

(Жамал сазарып жауап қатпайды.)

Коновалов. Жамал, ұнатпай тұрсың, ә? Менікі пендешілік те болар. Пенде болғансың еріксіз барасың. Өзің қандайсың? Тағдырдың тәлкегі олай қақты, былай қақты... Ақырында көндірді.

Жамал. Иван аға, қайнағаларыма қорғап қал деп қолқа сала алмаймын. (Күйеуіне.) Намыссыз сорлы... Маған салынған ар салығы. Коноваловқа салынған заң салығы. Өзің қандайсың деді? Түсініп жатқан сен бар ма? (Кете береді. Соңдарынан кіре тарту, азық-түлік салық салған бай-құлақтарды ертіп, Рақымжан, Науан, Барақбаевтар кіреді. Төре әулетінен бірнеше үлгілдеген сұлу-мұрттар да шақырылған. Бейсенбай, Бейсеке де бар. Бекназар оқшаулана бағып тұр.)

Науан. Волком жолдас жарлығын естіртеді.

Рақымжан. Біз бәрін де сараладық. Біз бәрін де шамаладық. Жуанға — жуанша. Жіңішкеге — жіңішкеше. Қиқым төре, бармысың?

Қиқым. (қылмиған, даусы шикылдап). Бармын, тақсыр.

Барақбаев (жарамсақтанып). Тақсыр деп тәлпіштенбе, жолдас де.

Қиқым. Қай сапарда сендермен жолдас болып ем?

Рақымжан. Шана сайманымен он көлік дайындайсың.

Қиқым. Жүргізетін кім?

Рақымжан. Өзің.

Қиқым. Үскірік аязда қатып қалсын деймісің. Қай уақытта көлік айдап едім.

Рақымжан. Сиқым төре? (Үнсіздік.)

Барақбаев. Ей, ұзын мойын тырна! Жауап бер волкомға!

Сиқым. Ләббай?.. Сызып бермесең ұмытып қалам.

Барақбаев. Отыз хан, қырық сұлтан болған ата-бабаларыңды ұмытпайсың, ә?

Сиқым. Ләббай? Ұмытуға бола ма?

Рақымжан. Саған салынатын салық он текемет, сегіз алаша, сегіз пар көлік.

Сиқым. Қатынсыз қап тігіле ме, Айбаршаны да қосып жазыңдар.

Рақымжан. Самаймолда! Жәнтоктің Мәкені, Бекназар Валиханов, сендерге салынатын салық!.. Басы артық киім, басы артық астық, басы артық мал...

Бекназар (кимелеп). Басы артығыңды ала бер. Комиссар бала, төрелікке өзіңе жүгінемін.

Науан. Айтыңыз!

Бекназар. Бәле-жала кері кеткеннің ауылында. Екі інім коммунист. Сіз болсаңыз — Ленин жіберген комиссар. Қар жауса аязы бар... Уәкіл келсе оның ашар сиязы бар. Осы сиязда сізден сұраймыз. Бейсенбайды азық-түлік дайындауға жұмсадыңыз ба?

Науан. Жұмсадым.

Бекназар. Жұмсаған, барған жерінде маңдайына шоқпар неге тиеді? Қан неге жұтылады? Бейсенбайды өлтірген кім?

Науан (сұлық, өңі бұзылып, төбесінен жай түскендей жан шошынар суық хабарды естіп, сілейіп тұрып қалады). Бейсенбайды өлтіріп кетті де? (Үнсіз. Көкірегі қақ айрылып көзінің жанарына жас оралып.) Бейсенбайды өлтіріп кеткен? (Қинала торығып.) Ым... сезімі... адалдығы... сәби баладай еді,.. өткірлігі... екіжүзді семсердей... өрге салсаң талмайтын азамат еді. От еді, өрт еді. Қиын-қыстауға мен жұмсап едім, қай қанішер оны қыршынынан қиған? Қай жалмауыз оны жалмаған? (Шонжарларға төніп.) Өлтірген кім? Сенбісің? Сенбісің үйінде жатып жарқыраған береннің жеңінен қанжар суырған? Сенбісің?.. Сенбісің?.. Сенбісің?.. Жок, сенбісің?.. Жұлынқұрт? Қылмұрт, сенбісің?.. Қай асудан атылды екен оған оқ? Қай шатқалда, қай түкпірде?.. Қыршын кетті-ау, жас боздақ?..

Жамал. Иә, қыршын кетті. Анасы қалды зар жылап, інісі қалды қан жұтып.

Науан. Кімнен сұрайын?.. Кегін кімнен қуайын?

Қиқым. Қаны бір туыс інісі Ескендірден сұра!

Сиқым. Інілерін қарғап, өлім тілеген ағасынан сұра!

Қиқым. Баққа жету, таққа отыру да... Не қызын, не келінін қарғаша етіп салатын.

Байдың бірі. Жіп есе алмайтын жаман інісіне зорлықпен келген келінін салған болар! (У-шу. Даңғазалана даурығады.)

Жамал (шалысын қайырып тастап, ортаға шығады). Иә, ер азаматты қорлау да, жамандыққа таңылатын да әйел. Намыс атты қармаққа шаншылатын да әйел. Қарғаша етіп мені салды! Ризасыңдар ма? (Бекназарға.) Қайнаға, естідің ғой? Не бәлеге таңғанын?

Бекназар. Бәле-жаладаң қашар жан емен. Тартып үзген шабан да менің інілерім... өлімге жұмсаған да менің інілерім... Қара жамылып қан жұтқызған да менің інілерім... Әділдік те туған жоқ... Мен бір қолым қанға малын-

са, екінші қолыммен жуып тастауға әлім келеді. Комиссар бала, шығар жол іздейсің!

Рақымжан. Сізге не керек осы. Дау керек пе?

Бекназар. Маған қайырым керек. Менің қотанымда, менің бауырымда... шұбалған қанның ізі есігіме кеп тірелді! Жаладан арылуым керек...

Рақымжан. Жаттан болған жаланы көтеріп алсан бетке түс!

Бекназар. Түсемін. Туғаным сенен көрген жақсылықтан, жаттан көрген қорлығым артық. Комиссар бала! Есің барда еліңді тап! Қаруына сүйенсең, қан жұтасың! Нендей қасырет төніп келеді?

Науан. Маған төнген қасырет азап па? Ажал ма?

Бекназар. Не тілесең сол!

(Егесудің астарында нендей шешім қолданатынын Жамал, Бейсеке, Рақымжандар күтіп тұр. Бекназарға сүйенген байлар жағы қыбыр етсе бас салуға әзір.)

Науан *(наганның затворын ашып, оққа толтырады.)* Мына затвордың ішіне толтырған оқ саған арналған еді. Қас дұшпанды аяп қалмайды. Табан аузында жайратады. Сенен кек алу қажет болса — үш рет өлуге де әзірмін. Мә, ат!

Жамал. Аллау, сізге не болған? *(Мылтықты жұлып алады.)*

Науан. Қорқасың, ә? *(Жамалдан мылтықты алып.)* Онда, мен атамын!

Жамал. Токта!

Бекназар. Жансебіл батыр сен болып, ығып кететін қорқақ құлың мен емес! Айтқаным айтқан! Азаматты қанға бөгіп ар-намысты таптатып, сені сауғалаған екі ініме де бір зауал. Әу, ағайын, арылдым ба алдарыңда! Арылмады десендер. *(Белбеуін шешіп ап мойнына сап.)* Мойныма бұршақ сап өтейін. Зауал! Зауал! *(Кете береді, оның соңынан бай шонжарлар да кетуге ұмтылады.)*

Рақымжан. Токтандар! Ағадан іні айырылса оның да сұрауы бар шығар!

Сиқым. Шілтимей былай тұр! Әуелі өз ағанды жөнге салып ал!

Рақымжан. Өз ағам, тумай кеткір өз ағам...

Науан *(тарыға күйзеліп)*. Кетіндер. Бәрің де кетіңдер! *(Барлығы кетеді. Науан жалғыз. Коновалов аялдап сөйлескісі келеді.)*

Науан *(бұрылып)*. Ә, Коновалов!

Коновалов. Амансыз ба, комиссар!

Науан. Коммунаға бас боламын деп өтініш білдірдіңіз. Құдайлығыңызды айтыңызшы? Бейсенбайды өлтірген кім?

Коновалов. Ұрылар, казнокрадтар деп естідім.

Науан. Сіз де ұрының бірісіз. Досыңыз Бекназар да ұры. Үйірлеп ұрлайсыздар да, сомдап сіміресіздер. Ұры емеспін деп қалай таңасыз? Сіздің жиырма қап бидайыңыз Бекназардың үйінде тығулы тұр. Өз еркіңізбен аш-арықтың пайдасына өткізсеңіз ұры деген аттан арыласыз. Иә, иә, сіздің соғылмаған жеті мая астығыңа тигізбейін. Маған тіл алып беріңіз?

Коновалов. Бейсенбайдың өлімі жайында ма?

Науан. Иә, сіз бәрін де білесіз. Далбалақтап шаба беретін қазақтың жуан қонышы емессіз. Сіз бәрін де білесіз. Тоғыз балаң бар, солардың болашағын ойлаңыз! *(Коновалов басын изеп, сенім білдіргендей ишаратпен кетеді.)* Төре әулеті, келіндер?! *(Рақымжан, Жамал, Бейсеке келеді.)*

Рақымжан. Біздің өмір осылай, комиссар.

Науан. Сенің ғана өмірің емес. Менің де өмірім. *(Бейсекеге.)* Бірге туған бауырысың. Секемел алғаның кім?

Бейсеке *(кемсең қағып)*. Жұмсаған сіз, өлтірген, сізге өшіккен дұшпандар. Кімге топырақ шашам?

Науан. Сен қаймықпа! Сыртынан болса да сілтеші маған.

Бейсеке. Сілтегенім... сізге ертең қанжар боп қадалады. Жамал, сүймесең де сүйгендей болған құрбысы ең. Жарастық тапқан да сен едің.

Жамал. Оның езу тартқан күлкісі, өр-мінезі, ойын-қалжыңы... барша сөзі жүрегімде.

Бейсеке. Секемелім аз ғана дәурен сүрген сыйластығың. Сол сыйластықта жамандыққа сайыған күйеуіңнің қызғанышында ма деп ойлаймын, Жамал?

Жамал. Сыйластығым ағаңа ажал боп тисе сорымдағы. Қайда, әлгі байсымағы? *(Кетеді.)*

Науан. Ағайынды төртеусіңдер. Үлкенің қағынып өзіне бұрса, кішің бұзылып қанжар суырса, беделден не қалды? Бес коммунистің басын құраған яшейке де жоқ. Кедейің анау, қалт-құлт. Волком жолдас, бұлай басқаруға болмайды.

Рақымжан. Білгенімді көпсініп, қызметімді епсініп қалған жерім жоқ.

Науан. Ағаңа не шара, ініңе не жаза?

Рақымжан. Сіз, мені қинап тұрсыз. Бір әкеден

тудық... ақ сүтін суалтқан ана мейірімін... аттап өту де қиын. Жетелеп апарып түрмеге қамау, көзін құрту — біреулер үшін ерлік те болар. Қысастығын қоймаса — менсіз де басын жояды. Ағама болысып, інімді жан тартсам опасыздық. Адамға не ауыр? Өлімнен де арыңа түсетін сын ауыр. Досынды сатып, туысынды жазалау бәрінен де ауыр. Осы бір тынымсыз ой... Волком болғалы жанымды жеп келеді.

Н а у а н. Сені қинаған ой, мені де қинады... оқ аузына оралуға дейін барғызды.

Р а қ ы м ж а н. Оралуға дейін барғызды. Тартып жіберуге сіз де қимадыңыз! (*Жамал күйеуі Ескендірді ертіп келеді.*)

Р а қ ы м ж а н. Сен, сұмпейіл... Не істедің?

Ескендір. Не істеппін? Қызық-ау өзі, ә?

Ж а м а л. Ант іш... Үйір иманыңды?

Ескендір. Комиссар жолдас... Құдай мені... онсыз да қор жаратқан күйкі едім. Маған сол жазасы жетпегендей жауып тұрғандарың не бәле өзі, ә? Не сұмдық?

Р а қ ы м ж а н. Бейсенбайдың өліміне сенің де қатынасың бар.

Ескендір. Кім айтады?

Бейсеке. Мен айтамын.

Ескендір. Ұстап алдың ба, үстімнен түстің бе?

Бейсеке. Үстінен түсірген сен! Ағалар... Туыстың қоры бетке салық. Ағамның көңіл қосқан қызы осылардың жақыны... Менің естуім сол қызға іңір қараңғысында тілдесуге барады. Шақан, Шәмил деген ағаларына мына тұрған Ескендір хабар береді. Қарындасын қызғанған ағалары терезеден шыға бергенде... ай балтамен Бейсенбайды шауып өлтіреді.

Ескендір. Бекер... Бекер!.. Сол манды бассам бүгінгі күнім өзіме көп болсын!

Р а қ ы м ж а н. Көп болу аз саған. Сұмпейіл, түс алдыма! Жау табасы, жат жаласына қалдырған сұмпейіл. Адам боп туып, азғын боп аяққа оралған сұмпейіл! Көзіңді түрмеде суалтайын...

Ж а м а л. Тоқта, тоқта!.. Ағеке... қолыңды былғауыңа да тұрмайды. Бұған мені душар еткен төре әулетінің даңқы еді... қайғыра жүріп, көз жасыма булыға жүріп... ездігіне де шыдағам. Досыма да, қасыма да сыр ашқаным жоқ. Күндер де өтті. Түндер де өтті. Мұны қорсынып, ешкімге көз сүзген жерім жоқ еді. Соның бәрі кім үшін? Бір сен үшін... Екеуің үшін... Әкем байғұс, не азабы болса да өзім көтеріп алайын... Ол «қысылсаң қайтып кел деген-ді»... Төре әулеті бұрқанса қан төгіледі... Қасірет жұтқызып, бакыт

тапқанымша моншақтаған көз жасыма булығып өтейін деген де өзім. Бұған кесілген кесім — маған жабылған жала! Бұған шығарылған үкім жүзіме жағылған күйе. Артын ойла, ағажан!

Науан. Сізді мен жаңа таныдым-ау, Жамал!
(Асығыс Барақбаев келеді.)

Барақбаев. Төбемізден ұрып кетті, комиссар!

Науан. Не болды?

Барақбаев. Сарайдағы астықты бай-құлақтар өртеп, кілтшіні өрттің ішіне байлап кетіпті.

Науан. Күзетте кім еді? Сен қайда едің?

Барақбаев. Мен, мен... көзімнің шырымын алайын деп ұйықтап қаппын.

Науан. Мен келгелі үшінші өрт! Жан-жағымыздың бәрі де өрт! (Басын ұстап отыра кетеді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда астық сарайын өрт жалмап кеткен. Бықсыған түгін, сөне бастаған шала. Науан үнсіз. Сұлық. Мылтық ұстаған қолы салбырап та кеткен. Ауыр күйзеліс.) Ашарықтың несібесін өрт жалмады. Өртке күйген шала қалды. Қанға бөгіп ер азамат қалды. Ойраны шыққан ел қалды. (Ауыр күйзеліс үстіне Лениннің тапсырмасын есіне түсіреді.) Владимир Ильич... Неден сүріндім? Сіз жолдама берген сәтте кернеп келе жатқан ашаршылық апаты бойымыздан сорғалаған қан мен ажал камерлеріндегі шыңғырыстан да ауыр деген едіңіз... Сіздің берген телеграммаларыңызда «Ұмытылмас күннің куәгерісіндер! Намысты қолдан бермендер» деген едіңіз. Қорқау тағдыр аранын ашуды әлі де тоқтатқан жоқ! Барша жұртқа керегі азық-түлік. Сіз Арал балықшыларына да хат жаздыңыз. Олар да үлес қосатын болды. Жақында сіз Алтайдың, Риддер кеншілерін қабылдадыңыз. Мен күзетте болдым. Менің өлкемнің болашағын сіз оларға айтып берген едіңіз. Не деген ғажап өлке? Бұл далада әрбір адам жыр толғап тұрғандай... көкіректі жарып шыққан достық... Ыстық сезімдер... Тер төгер еңбек, бірлік серік болса ғана мұратқа жетесіндер,— деген едіңіз. Сол мұратқа жібимес жүректер, қан құйлы кектер жеткізбей желкемізді қиғалы тұр. Қалай жеңем?

Дауыс. Жеңесің. Күрестің сиқыры жан алып, жан беруде емес. Күрестің сиқыры — сенімде, сенімде, жетесің! (Рақымжан өртке күйіп шарпылған Бейсенбайды сүйеп келеді.)

Бейсенбай. Қапылыста, қапылыста... мені... байлап кетті, комиссар.

Науан. Иә, аман қалдың ба? Аман қалсаң болғаны.

Бейсенбай. Атаңа ләнет, шонжарлар... Енді менің

қолыма түссе... (*Науан ойынан айыға алмай, күбірлеп сөйлеп тұр.*) Сіз кіммен сөйлесіп тұрсыз?

Науан. Владимир Ильич Ленинмен.

Рақымжан. Ол кісі... бұл жерде жоқ қой!

Науан. Ол кісі менің қиялымда... Жүрегімде...

Бейсенбай. Менің аман қалғаным да сол кісінің шапағаты. Өрт ішінде байлауда тұрып Ленин деп мен де тіледім. Өмір берсең ұзағынан бер! Тендік берсең шындап бер! Көзімнен жасым парлап... Уа, дұспанның табасына қалдыра көрме? Сол мезетте бір комсомол келді де арқанды киып жіберді. Өрттің ішінен мені сүйреп алып шықты.

Науан (*арқасынан қағып*). Әр кезеңде Ленин бізбен бірге, достым.

Рақымжан. Ақтай алмай тұрмыз ғой борышын.

Науан. Иә, ақтай алмадық!

Бейсенбай. Ақтайсың, бауырым. Қапа болма. Қолыма күрек бер де не бейнетке болса да бізді жұмса! (*Үнсіздік. Шам сөнді, қайыра жанғанда сахна Бекназардың үйіне ауысады.*)

2

Үйдің іші қара көленке. Босағада Нұри мен қызы Шәмши алдарындағы бидайға өлердей емініп, тазартып отыр.

Шәмши (*зарлана салған мұңды әнмен*).

Уа, ғұмыр, пәк жаратқан пенденді,
Нешік сен шат жаратпадың,
Бізге берген сұбаған осы ма еді,
Телміртіп босағадан қаратқаның.
Көрсен де кейіс —
Дүниеге құшақ жаясың,
Таппасаң да бақытты —
Іздейсің жанға жайлы саясын!..
Қиналған сайын тұрмысың,
Көтересің — көресің,
Үгілейсің де көнесің!
Шығамын деп қияға!
Сілтейсің қолды дүнияға!

Нұри (*уыстап сапырып*). Қайран асыл дән? (*Көзінен жас парлап.*) Бір уысына ділгер болдық. О, тәңірім, жұмақта да, тамықта да адамның аңсағаны осы дән ғой. Мені қайыр тілетіп, қаңғыртқан да осы дән ғой. Қиеңнен айналдым. (*Көкірегіне басады.*)

Шәмши (төргі үйдің есігінен сығалап қарап). Әти, мына үйде ғаскери адам сөйлесіп отыр.

Нұри. Үндеме. Маңдайыңа не жазғанын көресің де, қызым.

Шәмши. Әти, сен не істедің? Бір жағынан үйін бақызып, бір жағынан әйелдікке алып жүрсе...

Нұри. Е, қызым. Аштан өлмеудің далбасасы да. Қаңғырармыз да, талығармыз да. Қай сайдың басында қалғанымыз да білмеспіз.

Шәмши (жекіп). О жасаған, қасірет зілін мені сатып, нығыннан түсіре алар ма екенсің, әке? Жоқ, жоқ! (Үйдің түкпірінен етек-жеңі сыбызғыдай, қайыршылықтан бұрынғы қалпына ауысқан, қасында Сақыш, Лосов шығады.)

Лосов. Сөйтіп, сені ұрлатып алғызды.

Сақыш. Бар сенгенім бір құдай, өзіңіз.

Лосов. Күйеуің соңғы шегіністе, қасындағы екі офицерін қызылдардың оғына байлап кетіп еді. Шамалауымша молалаларға түнеп, өлген аруақтарға құран оқып жүрген болар.

Сақыш. Өлі, тірлігінен хабарым да жоқ. Қайын атам азулы адам. Баласының сырғанақ жолға түскенін уайымдайды. Мені қолынан шығарғысы келмейді. Жыл күткізді. Қайтып келген қыздан жексұрын жан жоқ. Ағаларым мен комиссар... тағдырыма ара түскісі-ақ келеді. Әкем уысынан шығаратын түрі жоқ.

Лосов. Өз қалауың?

Сақыш. Өз қалауым — күйеуім.

Лосов. Күйеуің қашқын.

Сақыш. Сіз де қашқын.

Лосов. Екі қашқынның ортасында пана тауып, сөнген бақытынды жандырсаң — арманыңа жеткенің.

Сақыш. Сөнген бақыт мені тажалдың қолына қайта кіріптар етсе, ақ қардан кебін неге жамылмаймын... Қашқын күйеуім мұз қауып, құлап жатса... өлі денесін құшақтап... қайырсыз сәтте, өз қолыммен жерлеп... тұл боп неге өтпеймін.

Лосов. Ол сені сүймесе де ме?

Сақыш. Сүймесе де. Барлық жәллап, барлық қарғыс, барлық азғындық соның үстіне құзғын болып үймелесе де мейлі. Әйел жаны адал. Екінші рет сататын алып-сатардың базарға сәлар мәстегі емеспін. Менде де намыс бар. Сіз мені өзіңізбен бірге ала кетіңіз. Жеткізіп салыңыз!

Лосов. Әкең ырық бере ме?

Сақыш. Әкем, сіздің досыңыз. Қырық жерден қанды қырғын болса да сізге сенеді.

Лосов. Келіп жатқан комиссардан аулақ ұста қызыңды. Коноваловтың үйіне жасыра тұрайық.

Сақыш. Оны сіз айтыңыз.

Лосов. Ендеше әзірлене бер. Әкең де келді. *(Сақыш төргі бөлмеге кетеді, Бекназар келеді.)*

Лосов. Дала суық қой?

Бекназар. Шатынап тұр.

Лосов. Қысқы аспан бұлыңғыр.

Бекназар. Ашылмай тұр ғой қабағы.

Лосов. Ашылмай тұр. Сен көкжал, осындай ызғарлы аязда қарға аунап алып жорытатын едің.

Бекназар. Ол дәурен өтті ғой, достым.

Лосов *(күрсініп)*. Өтті де кетті...

Бекназар *(сыбырлап)*. Немене, жылысып жүрсің бе?

Лосов. Аз күн бой тасалап жүрмін. Інілерің аңқау екен.

Бекназар. Мен сізді танып қала ма деп қауіптендім. Жансебіл екенсіз. Господин Лосов,— деп айта жаздап әрең тоқтадым.

Лосов. Ажал аңғырт адамды андиды. Інілерің алдағанға мәз.

Бекназар. Інілерім, Ленин жіберген екі коммунистпен күн-түн сабылуда, Ұйқы да жоқ, күлкі де жоқ. Бер де бер! Дабай да дабай болып тұр ғой бүгінгі тірлік.

Лосов. Білемін. Айғаймен жұрттың зәресін алуда екенін де білемін. Тікелей провод. Телеграмма, телеграмма үстіне телеграмма! Жаппай шабуыл. Лениннен ала келген ұрандары да сол.

Бекназар. Қайдам. Ол жайына менің миым жете бермейді.

Лосов. Жуков бақытты орыс. Науан Сәрсенов жыртық шинелді солдаттан комиссарға көтерілді. Ашаршылық зардабын халыққа тартқызып тағы да көтерілмекші.

Бекназар. Халық кім күшті болса соның әмірінде.

Лосов. Дұрыс айтасыз. Лауазымға қолы жеткен адамға бәрі бір. Ертең қызылдар кетіп біз келсек сенің екі інің... Бізбен бірге өмір сүруге де әзір.

Бекназар. Е, достым, лауазымның бейнеті де, рахаты да бірдей ғой. Замана бетін берген күнде масайрайсың. Сыртын берген күнде құздан құлағаныңды да білмей қаласың.

Лосов. Кім билесе, ол билесін. Еркектік намыс сені тыныш жатқызбайды.

Бекназар. Петропавл, Көкшетауда бұрк етті дей ме?

Лосов. Бұрк етті. Қалаға жақын, орман ішіне бекінген біздің басшымыз Зеленеvтің отряды шабуылдауда. Поездың жолын бұзуда. Сенің інілеріңнің ішкі Россияға жөнелтіп жатқан астықтары вокзалда, жолдың жиегінде кансоқта боп шашылып жатыр. Қаланың тұрғындары өліктерін көшеден жинап алуға да мұршалары жоқ. Өшім алынды. Петропавл ертең-бүрсігүндер алынады. Еңсеріп келеді, сырып келеді біздің адамдар...

Бекназар. Келе қалған күнде менің ауылымда тағы да ойран... Тағы да...

Лосов. Екі інің бетін бізге бұрса тигізбейміз. Комиссардың шамы сенің қызың көрінеді ғой.

Бекназар. Иә, қызым мені есеңгіретіп тұр, достым.

Лосов. Қызыңнан қызыл жолақ белбеу байланған коммунист жасап әкесінің сақалын жұлғызбақшы ғой.

Бекназар. Атасына мың да бір нәлет! Оған жеткізбей көзін құрытам.

Лосов. Құртқанда не, бұрынғы айттырған жеріне қайтарып бересің бе? Сен ондай озбырлыққа барма.

Бекназар. Біздің өз салтымыз бар. Аруақ жібермейді.

Лосов. Аруақпен қолының кірін де сүртпейді. Қызыңның күйеуі менің тағдырлас жолдасым. Ол большевиктермен аянбай шайқасты. Ол сырылып жүр. Ертең күні туа қалса... бүкіл оаздық комитетке бастық боп сайланады.

Бекназар. Қайдам... Татар дәмі біледі де.

Лосов. Күйеу балаңның атынан ант етейін. Ол оралады. Ол тірі. Ол біздің тапсырмамызбен қырда астыртын жұмыста жүр.

Бекназар. Ант беру қарғысына неге ұшырады.

Лосов. Сендер үшін. Коммунистер төбелерінде ойнамасын, азат болсын деп отқа да күйді...

Бекназар. Жарайды, о да бір арман шығар.

Лосов. Арманыңды қызың арқылы жалғап, Коноваловтың үйіне жеткізіп салайын, ақсақал.

Бекназар. Бұған көнуге болады. *(Бидайдың қарамығын тазартып отырған Нұри мен Шәмши тыңдап қалады.)*

Нұри. Мына падшағардың сөздері бек осал екен де, қызым.

Шәмши. Жүрегім дір ете қалды-ау!

Нұри. Мылтығы бар ма? *(Лосов ысқырына ызғар ша-*

шып бұлардың қасына келеді. Нұри, Шәмши үрейленіп, тажалды көргендей шошынады.)

Лосов. Бұлардың кім?

Бекназар. Пақыр бейшаралар.

Лосов. Ашсындар, ә?

Нұри. Бүкіл елге келген ғасірет қой!

Лосов. Қайыр сұрау, тентіреу, қызынды сату... Неше мың жыл жасаған ел іргесі шайқалған жоқ еді. Шайқалды ма? Үстерінде лыпа да жоқ. Ішуге қорек те жоқ!

Нұри. Солай боп тұр ғой.

Лосов. Солай боп тұр ма? Саған қорек болатын нан керек. Маған — қажырлы білек пен жүрек керек!..

Нұри. Тауып айттыңыз. Маған қоректенетін нан керек.

Лосов (*шымылдықты серпіп жіберіп.*) Нан керек болса тойғаныңша ал. Бәрін ал. Жылдық азығың осы үйден табылады. (*Тең-тең боп үйіліп жатқан бидайды көрсетеді.*) Уәде былай болсын: сіз мені көрдім деп тірі пендеге тіс жармайсыз.

Нұри. Тіс жарарлық менде хал бар ма?

Лосов. Уәде ғой.

Нұри. Алла атымен ант етемін.

Лосов (*Бекназарға*). Аш қаптың аузын. Тарылма. Есесін мен қайтарамын. Коновалов қайтарады.

Бекназар. Бұл астық менікі емес, Коноваловтікі.

Лосов. Оның соғылмаған жеті маясы ну орманның ішінде қалпында тұр. О да тарылмасын.

Нұри (*бас салып, есінен адаса құшақтап*). Ризығым-ризығым. Несібем... қорегім, құдай бермеген қоректі сіз бердіңіз. Шынымен басы бүтін бердіңіз бе?

Лосов. Басы бүтін...

Нұри (*дір-дір етіп қалшылдап, сенерін де, сенбесін де білмейді*). Алла, бергеніңе шүкірлік. (*Емешесі құрып, әукесі түсіп.*) Бұйырта ма, бұйыртпай ма? Шіркін тірлікте бәрі осылай болса ғой, молшылық болса ғой.

Лосов. Коновалов жеткізіп саламын деп уәде байлап еді.

Бекназар. Қай жерден жолықсын!

Лосов. Жол үстінен. Мені мінгізе кетсін.

Бекназар. Үйде күте тұрыңыз. Мен барып хабарлайын. (*Бекназар кетеді. Лосов төргі бөлмеге кіреді.*)

Шәмши (*жалғыз*). Бұл не сиқыр... Баршылықта ар қорегі, жоқшылықта жан қорегі. Ақыры кеп менің тағдырым он пұт бидайға кеп тірелді. Бұл не?.. Не қылған оңай олжа?! Не қылған мырзалық?.. Жаңағы орыстың түріне

карасаң қанішер, жыртқыш тәрізді. Сөзіне карасаң білек пен жүрекке сенеді. Кім? *(Кетеді. Шам сөнеді. Қайра жанғанда волкомның алдында Жуков, Науан, Нұрыш, Рақым-жандар тұр.)*

Жуков. Аласапыран ойда қалып ең. Ақыры бар астықты өртке беріп тындым де.

Науан. Иә, өртке беріп тындым.

Нұрыш. Күзетте кім еді? Сен немді бактың?

Рақымжан. Мен, сенің қаныпезер ағаңмен, ініңмен алпарыстым.

Нұрыш. Кеселі белгілі еді. Көздегені есепті жаманшылық па?

Жуков. Астары неде? Неге жұлынады?

Рақымжан. Тетелес інісі Нұрыш сізге айтпады ма?

Нұрыш. Айтқанда... Әкеден жастай жетім қалдық. Бас көтерген естиярымыз ағамыз болды. Жесір қалған шешемізді әменгері боп Бексұлтан төре әйелінің үстіне алды. Намысы қорланған ағасы желісін қиып жылқысын, қақпасын бұзып, қоралы қойына қырғын боп тиді. Жарық дүние — біржола түнек боп қалған анамызды мазағына бермеді. Ол бізді неге үйретпеді. Дұшпанға қарсы тұруға да үйретті. Алған беттен шегінбеуге де үйретті. Арқамызда қамшы ойнап, дүре-тепкіге шыдауға да үйретті. Сөйткен қайсар жанды ағамыз құзғын боп өзіне түйілсе тағдырдың салған азабы да! *(Үнсіздік.)*

Жуков. Өмірде әркімнің жүретін сағаты бар. Оның сағаты тоқтайтын кезі болған да болар.

Науан. Ол кісінің сағаты тоқтайтын түрі жоқ.

Жуков. Қамауға алсақ?..

Науан. Қамауға да алдым. Босатқызған өздерің ғой.

Жуков. Жаныашыр көңіл болмаған жерде бірлікке шақыру қиын. Ол сенің күңіренген қайғыңды неқылсын. Бірақ, бірақ қаншама қатігез болса да өлімге қимауы. Ізін баға тұрайық. *(Оқиғаның басталар алдында Махметтің үйінен алған жиһазды көтеріп Барақбаев келе жатады.)*

Барақбаев. Құрметтеріңізге құлдық, көріңіздер. *(Нәрселерді алдына жаяды.)*

Жуков. Бұл не зат?

Рақымжан. Бұл, біздің ұлы атамыздың мұралары.

Жуков. Ұлы аталарыңның, аға сұлтан-правитель болғанын білуші ем. Мелиоранский, Березин, Марко Поло, Достоевскийдің шығармаларынан сусынданғанын білмеуші ем.

Барақбаев. Жауыз патшаның жарлығын осы кітаптарды оқып жүргізген ғой олар.

Науан. Менің қарауға да уақытым болмады.

Барақбаев. Сіздің бос уақытыңыздың жоқтығын біліп, кедейлерге махорка орауға үлестіріп бердім.

Жуков. Не деп тұрсың сен?

Барақбаев. Хан ордасын талкандамай... басқалар еркімен көне ме, оязком жолдас?

Жуков. Тона деп саған әмір берген кім?

Барақбаев. Әмір берген туған немересі Рақымжан...

Рақымжан. Мен, асыл мұрасын тона, кітаптарын махорка орауға үлестір деп әмір бергенім жоқ. Валиханов әулетінен екі үйге ашаршылықтан қанғырып келгендерді орналастыр. Асырасын, сақтасын деп әмір бердім.

Барақбаев. Бір ақылдан екі ақыл...

Жуков. Ақыл тұрмақ сенде ес те жоқ!

Барақбаев. Осы біз теңдікке қалай жетеміз?

Жуков. Теңдікке, алакүліктерден арылғанда жетеміз! *(Науанға.)* Ұлы көсемнің қасында болдың. Өмірін күзеттің. Кітаптарды өрте, мұраларды қират!.. Естідің бе?! Бұл азғындық. Бұл бандылық! Бандылар ғана осындай хаюандыққа барады. Сал қаруынды?!

Барақбаев. Ә, ә... Оязком жолдас!..

Жуков. Тонағыш, бандит! Сал қаруынды! *(Барақбаев қаруын салады.)* Тінтіңдер... *(Рақымжан тінтеді. Дәу портфельдің ішінен алтын кесе, алтын білезік, алтын жүзіктер, асыл қымбатты гауһар тастар шығады.)*

Науан. Мен сізге сеніп жүрсем...

Барақбаев. Тона деген өздерің... Рақымжан, Нұрыш, үндемейсіндер, ә?! Төреге ерген ер-тоқымын арқалайды. Арқалаттыңдар ма?!

Жуков. Рақымжан Валиханов, апар да ат! *(Рақымжан алдына сап алып кетеді. Барақбаевтың «тона» деген өздерің... деп айғайлаған даусы естіледі. Үнсіздік. Бәрі де іштей тынып тұр. Мылтық атылады.)*

Науан *(кітаптарға, асыл заттарға қарап)*. Кешіре көр... Кешіре көр... Біз білмей де қалдық. *(Кітаптар мен асыл мұраларын Нұрышқа беріп.)* Сіз сақтаңыз, жоғалтпай сақтаңыз. *(Нұрыш алып кетеді.)*

Жуков. Ендігі көз тігетін жеріміз Имантау торабы.

Науан. Имантау торабы? *(Рақымжан мен Коновалов келеді.)*

Жуков. Коновалов, сіз осы өңірді жақсы білесіз бе?

Рақымжан. Бұтаның түбіне дейін біледі. Сіз қазақтың тымақ бауын, орыстың малахайына матастыруды да білесіз. Комиссарды Имантауға жеткізіп саласыз.

Коновалов. Осы сапарға бекер жұмсап тұрсыңдар.

Жуков. Сіз не, бас тартқыңыз келе ме? Сізді бетке ұстау бізге де мерей. Сіздің атыңыз мәлім. Сіз «қикарлар» деп аталатын топқа бұрын жатсаңыз, енді жатпайсыз. Оның үстіне болашақ коммунаның негізін қалаушының бірісіз. *(Қолын алып.)* Келістік қой?

Коновалов. Тәуекел, сыбдыры білінбейтін ну орманның жаңғырығын естісендер, ол менің жаңғырығым дей беріңдер. Ол маң, тұңғыықтар мен жылымдар. Не мені жұтса *(Науанға)*, не сізді жұтса өкінбейтін болайық. *(Баршасы кетеді. Күтіп тұрған Жамал Науанмен кездеседі.)*

Науан. Жол болсын деші, Жамал.

Жамал. Жолыңыз болсын!

Науан. Күйеуіңнің бар ауыртпалығын өз мойнына алдын.

Жамал. Алдым. Қашан ораласыз?

Науан. Істің орайы біледі. Тез оралуға тырысамын.

Жамал. Аға, інілер... араларындағы алшақтық кекке айналмай, сіз келгенше жарастық тапса...

Науан. Бір жағы жардан құламай жарастық таба қояр ма екен?

Жамал. Соны сізбен ақылдасып қалғым кеп еді.

Науан. Алдымызды орамаса, бізге хауіп төндірмесе болғаны. Ағасының көкжалдығынан інілері де шошынады. Саған тапсырылатын аманат — қайнағанды бақыла, жансыз бақыла. Сау болыңыз, Жамал. *(Рақымжан қайыра келеді.)*

Рақымжан. Жүрмейсіз бе? Коновалов күтіп тұр.

Науан. Жүрелік. *(Рақымжанмен екеуі кетеді. Ізін ала Ескендір келеді.)*

Ескендір. О, сиқыры терең залым-ай!.. *(Кіжіне қитығып.)* Ым... Иә... Комиссар ұзаққа кетті ме?

Жамал. Өзінен неге сұрамадың?

Ескендір. Шығарып салған сен, айтып кеткен болар.

Жамал. Иә, айтып кетті. Бәрін де айтты... Саған да қадап айтты.

Ескендір. Жә, жә! Келді-кетті бір келімсек!

Жамал. Басқан ізінен садаға кет. Мені аңдуды қашан қоясын. *(Күйеуін тықсыра тергеуге ала бергенде шашы жалбырап, ашынған Шәмши келеді, көзі жайнап, құтырына жұлқынып Бекназар да келе жатады.)*

Шәмши. Осы елде пана болар, сая болар ер азамат бар ма?

Рақымжан *(келе жатып)*. Бар! Біз бармыз! Жәбірлеген кім сізді?

Шәмши. Біз де өздеріндей жандармыз. Тірлік өмір адыра қап, бір үзім нан... бір уыс дәнге зар болдық та қаңғырдық. Менің бағам... тентірегендегі бағам (*жылап*) он пұт қарамық басқан бидай болды.

Рақымжан. Сатып алған кім?

Шәмши (*Бекназарды көрсетіп*). Ана тұрған сіздің ағаңыз. Дәулеті тасыған бай екен, көңілі тасыған мырза екен.

Нұри. Қаңғыбасқа не кезікпейді. Жарандар! Жүрегімді жалғайын деп қызымды сатқаным рас еді. Бұл падшағар осал кісі екен. Үйімді қарасын, суымды тасысын, отымды жаксын деп келісіп, енді қызымды әйелдікке алмақ екен.

Рақымжан. Бәсе, қайдан қайырымды бола қалды деп ем-ау? Жыламаңыз. Көтеріңіз басыңызды.

Нұри. Тізе бүктіріп қойған тағдырыма не дауа.

Бекназар (*масайрап, мысқылдап*). Күйкі тірлік, қиғаш келген заман бүккізсе, оған да жазалы мен бе?

Рақымжан. Сен! Сен кінәлі. Сенің қолыңа түскен адам қан жұтып өлуі керек. Не аяғыңа тапталып, құлың, күңің боп өтуі керек. Өкініш арқалатпаған күнің болды ма? Неге өлмейсің тыншыңмен.

Бекназар. Тіпті де қарап өлмеймін. (*Мәтелден*). Темізден өтпесем де тереңнен өттім, өкінбен! Кісемді шештім де билікке түстім, өкінбен! Он алты жасымда төре әулетінің бетке түсер бегі болдым, өкінбен. Сен кім болдың?

Рақымжан. Айтып болдың ба?

Бекназар. Болғаным жоқ. Коммунист болса да, туысы бір бауыр қалпында қал. Бауырлықтан кетіп барасың екеуің. Тыңдамадың ба?

Рақымжан. Тыңдамасам ше?

Бекназар. Тыңдамасаң өкінесің. Айтпады деме?

Нұри (*Шәмшиге*). Қызым, мен бұ қаһар соққаннан шошып едім.

Шәмши. Әти, мен мұны бір көргенде-ақ танығам. Аға, ағалар!.. Апалар!.. Бұл мырзаның пигылы жаман. Үйінен ақтың офицерін көрдім.

Нұрыш (*жарыса*). Кімді көрдің, аты-жөні кім?

Шәмши (*ойланып*). Ұмытпасам аты...

Нұри (*безек қағып*). Бекер, көрген жоқ!

Шәмши (*атын аузына түсіре алмай*). Әти, әти, ойымды бөлме!

Нұри. Шатасып тұр!

Шәмши. Мен шатаспаймын. (*Бекназарды көрсетіп*). Шатастыра алмайсың? Лосов пен мына мырза екеуі жасы-

рын сөйлесті. Сол Лосов Коноваловтың шаңасымен кетті. Мына мырзаның қызын бірге ала кетті. Құдай куә, екі көзім куә!

Р а қ ы м ж а н. Не дейді? Науан да бірге кетті емес пе? Құрттым де?!

Н ұ р ы ш. Құрыған жеріміз осы шығар. Оны тұтқындауды маған тапсырған еді. Әттең, Бейсенбай болса қасымда! Кайда, кайда?! (*Аңыра ойланып.*) Маған серік болар азаматтан кім қалды?

Ж а м а л. Ақкөңілді ағекем! Осы әулеттің берік дінгегі едің, мін қайратыңа! Бейсенбай кетсе, Бейсекесі қалды қасында!

Б е й с е к е. Ердім, аға, қасыңа.

Ж а м а л. Жолдарың болсын! (*Барлығы да «жолдарың оңғарсын», деп шығарып салады.*)

3

Мүлгіген орман ішін қақ жарған жол. Жолдан оқшау ағаш қойнауында Лосов пен Науан Сәрсенов егес үстінде. Коновалов пен Сақыш не істерін білмей аңырып тұр.

Л о с о в. Кім екенімді білдің ғой.

Н а у а н. Банда Лосов!

Л о с о в. Қапы соқтырдым ба?

Н а у а н. Соқтыра алған жоқсың.

Л о с о в. Өжет екенсің.

Н а у а н. Қайсымыздың өжет екенімізді бір құдай біледі. Қашқын! Тығылған жерің қазулы ор, шатыр іші, мал қорасы. Подвал. Сабан асты. Қи мен тезектің сабық иісін сіміріп жата тұруың керек еді.

С а қ ы ш. Мыналарға қой десеңші? (*Өзі біртіндеп жақындап.*) Ау, ер азаматтар! Жан беріп, жан алу да мақсат па?

Н а у а н. Сөзге айналдырып алаңдатпа!

Л о с о в. Түспе арамызға, оққа ұшасың!

С а қ ы ш. Тірлікте тірек бола ма деген азаматтар! Адалдық пен достық таппай, өлім... ажал... көз алдарыңда төніп тұр. Қойсандар қайтеді?!

Л о с о в. Алаңдатпа бізді. Комиссарға қадаған оқ саған тиеді. Аулақ кет!

Н а у а н. Сорлы қыз... арашаға түсер сенде не хал бар? (*Сақыш кейін шегінеді.*)

Л о с о в. Сендер мені трибунал, түрме, атылу жазасының қызуы мен жылуына да тығып көрдіңдер.

Н а у а н. Бойымды жылытып ап қайыра ұмтылдым де.

Лосов. Қайыра ұмтылдым... Талап жатырсындар. Құлшылық етіп тілейтіндерің азық-түлік, отын-су... Шаруаларды тонау арқылы коммунизмге жетпексіндер!

Науан. Кергілесуіміз жетті, не керек өзіне?

Лосов. Есеп айыруым керек.

Науан. Кешірек емес пе екен.

Лосов. Аз-маз толас та жетеді. Зорлықшылар! Жолды босататын боларсындар! Ревкомшылар... Қысқасын айтқанда кешіккен мен емес! Сен! Азық-түлік штабтарыңның есігіне қара құлып салынғалы қашан. Партбилетінді қарсыласпай сал алдыма?!

Науан. Қойсаңыз қайтер екен қалжақты. Оқ шығару екеуімізге бірдей. Сайыссақ ақырына дейін. Аясып қалмалық. Қайсымыз өлсек те армансыз болсын.

Лосов (тез жиналып). Болсын! Тілегенім сол! (Алтыатарын құндағына салып, қылышын суырып алады.)

Науан (ода алтыатарын қынабына салып қылышта-сып кетеді). Кел-кел! Кел?! (Шайқасады, бірін-бірі ала алмайды.)

Сақыш. Бұл азапқа кезіктірген... Құдайға не жаздым. Әкеме не жаздым? О, сұм тағдыр! Қаңғырайын, кетейін, қараңғы түн... Қалың орман... Сиям ба мен сенің ішіне?!

Коновалов. Үсіп өлесін. Тоқта!

Сақыш. Қоя бер... Қоя бер!.. Қоймадыңдар ма екеуін. Онда маған қадандар оқтарыңды! Маған!.. Маған! (Коновалов Сақышты сүйреп алып кетеді.)

Лосов. Коновалов?! Бұл коммунист!.. Сеіі де тонаған. Сал мойнына арқанды.

Науан. Коновалов, тоғыз балаң бар! Азабы ұрпағыңның ұрпағына жетсін демесең, кіріспе біздің араға. Қадам бассаң құның бір оқ.

Лосов. Коновалов! Қаззептенбе?! Қаззептенбе, қорқасың, ә?!

Коновалов. Батырлықты екеуіне бердім... (Ұзақ айқас арасында Лосов алтыатарына қол сала бергенде Науан да нағанын алып үлгіреді.)

Науан. Қаззап Коновалов емес, өзің болдың. (Коновалов ара түседі.)

Коновалов. Тоқтатындар атысты! Өліктерінді сүйретіп, азалаудың міндетін алғаным жоқ.

Науан. Құтылмайсың! Құтқармаймын! (Көздейді. Лосов жүгіріп аттардың тасасына тығылады. Атады. Науанның сол қолына оқ тиеді.)

Науан. Тығылдың ба?

Ко нов а л о в. Аттарымды ата көрмеңдер.

Л о с о в. Атыңмен қоса жайратайын ба? *(Кезене берген Лосовтың алтыатарын Науан атып түсіреді. Зәресі ұшқан Коноваловқа қарамастан Лосов Сақышты сүйреп ала жөнеледі. Шанаға мініп қашады. Оқ тиген Науан бірнеше дүркін атады. Оқ нысанаға тимейді.)*

Ко нов а л о в. Не болды? Бір ажалдан құтылдың, комиссар! Тасада тұрып тартып жібергенде... Мәйітінді құшақтап қалатын едім.

На у а н. Маған сенің мәйітің қажет. Арамсыз, ә?

Ко нов а л о в. Айла-амалың аз екен де, ерлігің басым екен. *(Сүйемекші болады.)*

На у а н. Ара түспедің?

Ко нов а л о в. Ара түспейін дедім бе. Тоғыз балам бар. Оның қаны бұзық. Үй орманымен өртеп жіберсе қайттым.

На у а н. Тоғыз балаң үшін қасықтай қаныңды қидым. Алды-артыңа бұрылсаң басып салам! Жаныңның барында... *(Коновалов аяғы аяғына тимей зыта жөнеледі. Қансыраған Науан оппа қарға малтығып жүріп келеді, қаз бауыр қара бұлт торлаған аспан алай-түлей. Ұлыған жел. Өкірген дауыл. Сірескен қар. Бойынан әлі кетіп, аяғын әлтек-тәлтек басады. Құламауға тырысып ағашқа барып жармасады. Кәрі еменнің бірінен кейін біріне сүйене қарманады. Орман іші дүлей қапастай болып көзі қарауытып әлсіреп құлайды. Құлап жатып, күбірлеп, ойша Ленинді көз алдына елестетеді.)* Владимир Ильич... Қуат беріңіз?.. Қан жуып кетті денемді... Бойымнан әл кетіп барады... Өзің берген жолдама... өшпес жарығым... Сыйынар тәңірім!.. Сүйенер құдіретім өзіңсің, Владимир Ильич? Сіз маған жолдаманы ыстық құшағыңызға алып тапсырған едіңіз... Сұрапыл боран алды-артымды борап тұр. Жігерім құм боп, көкірек толы мұң боп кеткенім бе дүниеден. Неден сүріндім? Не деп тілесем екен? Қызуын бер, отын бер, орна менің кәудеме, қасірет жұтқан бар адамның ашу-кегі деп тілейін бе? *(Аяғын санап-санап басып.)* Бір, екі, үш, төрт... Жетер жерім неше қадам. Құлар жерім неше қадам?.. Жок, жок, құламаймын... Шыбыным болса кеудемде. Түн жүрегін жарам да жетем!.. Жетемін... Жетемін!.. Жетемін!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1

Науан үйдің алдында қабырғаға сүйеніп тұр.

Науан. Жетем деп ем жеттім. *(Үйге кіреді, шам сөнеді. Науан төсекте жатыр. Нұрыш, Жуков пен Рақымжанға баяндап тұр. Шәмши мен Жамал төсекте жатқан жаралы Науанның басын сүйеп отыр.)*

Нұрыш. Біз де түстік соңына, бұрқасын боран шанының ізін бүркеп, анда-санда көз шалдырып отырды. Ну орманның ішіне кіргенімізде, шанының ізі сүрлеумен ағаштың қойнауына бұрылды. Ізді қуып он шақырымдай жүрдік. Қар бетіне тамшылаған қанды бұрқасын көміп тастаған. Лосовтың қалай құтылғаны белгісіз.

Жуков. Жаны аман қалғанын айтсайшы.

Рақымжан. Лосов сұм қашқан болды ғой?

Жуков. Демін алсын, саябыр етіп тыныштық сақтайық. *(Бәрі тым-тырыс, тыныштық сақтап Науанның есін жинауын күтеді.)*

Рақымжан. Бұл қанды оқиғаның тамыры тағы да ағамызбен байланысты болғаны батып тұр-ау маған.

Жуков. Шақырып келіңіздер өзін.

Бейсенбай. Ол қара бәленің ішіне кек қатса мені де құрытады. Желкелемей-ақ алып келейін. *(Кетеді.)*

Рақымжан. Коноваловтікін не деп ұғуға болады?

Науан *(сәл есін жинап көзін ашып, көтерілейін дейді)*. Денем... мұз боп сірескен... Сәл ғана... Иә... Сәл ғана... сүйендерші?

Жамал *(сүйеп басын көтереді.)* Тыныс алыңыз.

Науан. Жамал, Жуков пен Рақымжан қайда?

Жамал. Міне, бәріміз де қасыңыздамыз.

Науан. Тұнжырап қапсындар ғой.

Жуков. Дәрігер де жоқ қаратқызатын.

Науан *(Жуковке)*. Не жаңалықтарың бар?

Жуков. Азық-түлік комиссариатынан өткен түні мынандай хабар алдық.

Науан. Оқышы! Не деп жазыпты?

Жуков *(оқып)*. Ешімнен бұрқ еткен бандылардың көтерілісі Петропавлды басып алыпты. Омбы комитетімен байланыс үзілді. Барлық жерде бүліншілік. Лап етіп, тұтанғалы тұрған өрт. Астық керуендері талануда. Вокзалда, жол бойларында, қабылдау пункттерінде. Сендер жөнелткен астық қан мен топыраққа араласып шашылып жатыр.

Науан. Иә... онда не тұрыс бар... Қозғалмаймыз ба? Кашиловкедегі астық қатерде... Мен білсем Лосов та жаралы кетті... Коноваловтің үйіне бір соқпай кетуі мүмкін емес. Тездету керек... Тез... *(Ышқынып барып жаралы қолын көтеріп жастыққа жантаяды.)*

Жамал. Әлсіреп қаласыз, жата тұрыңыз. *(Осы кезде өңі сұп-сұр, көзі шатынап, Бекназарды Бейсенбай ертіп келеді. Есік алдында тұрып қалған бәрінің көзі Бекназарда.)*

Рақымжан. Бері кел! Жақында! Көр, әне, үйде жатып, өңменінен қанжар сұққызған қастығыңды.

Бекназар. Мен не істеппін?

Рақымжан. Бір анадан, бір әкеден туған, бақ талабы асқан Бекназардай ағамыз бар!.. Байтеректің басын шалдырмайды... Лосовтың келгенін бізден неге жасырдың?

Бекназар. Бұлардың жолда кезігетінін мен қайдан білейін. Келді-кетті бір қашқын.

Рақымжан. Білмеген шығарсың? Сазаруын!

Жуков. Ойламаңыз, оңай құтыламын деп. Лосов досыңыздың бізге істеген қастығы жаныңызға жайлы тисе оны айтыңыз?

Бекназар. Ешкімге айғақ болар жайым жоқ.

Рақымжан. Пайдасыз ақыл болмайды... Өтетін жерде ақыл да, айла да берік болу керек демейтін бе едің?!

Жуков. Солай деңіз... Лосовтың бізді іштен шалуына көмектескенінді мойындайсыз ба?

Бекназар. Мойындағанда менің қолымнан не келеді?

Жуков. Қолыңыздан, Лосовты қолға түсіруіміз үшін Коновалов тамырыңыздың тізгініне ие болу келеді. Бізге уақыт қымбат. Қазір аттануымыз қажет. Осыған келісіміз бе?

Бекназар. Келіспесем ше?

Рақымжан. Үйінде жатып салған айғайың үңгірден шыққандай боп естілуші еді. Сол үңгірге біздің қолымыздан жерленбейін десең бер уәденді. Беруге тиістісің?

Жамал. Ағеке, от басының, шаңырақ астының тыныштығын да ойлаңыз. Арқа сүйеу бол деп тұр ғой ініле-ріңіз.

Бекназар *(ырық бермей)*. Заман бірде олай, бірде былай! Жауың да, досың да, қайыра оралып соққан күнде қадірімді сонда білесіңдер.

Нұрыш *(ойланып қап)*. Сөздерің екі-үшті, қайыра айналады деген не сұмдық.

Бекназар. Басқа не қилы күн түспейді. Бір кеш кетеді, екінші кеш келеді.

Нұрыш. Токтай қал! Сен не дедің? *(Бекназар ойқастап жауап қайырмайды.)* Сонарсыз күнде қан сонар ғой сенің күткенің. Бір жүректі болса да қақ бөлген екенсің. Сенің керенаулығыңнан, не бейнетті арқаламадым. Еңкулеп жүріп намысыңа найза боп шаншылған күнім де болып еді. Жаңылыс бассам, дойыр қамшымен осып-осып алатынсың. Мен де сені?.. *(Беліне қыстырған қамшысын жұлып ап, құлаштай сілтеп ағасын тартып жібереді.)*

Жуков. Ағайынды Валихановтар! Токтатындар керісті! *(Бекназар былқ етер емес, сазарыда.)*

Бекназар. Ұр! Сок! Аяма! Жонымнан таспа тіліп алсаң да айтқаным айтқан. Құдай бастарына үйірілткен бақытты бұл беттеріңмен сақтап қала аламысың? Жоқ па? Өлмесек оны да көрерміз. Ей, жаралы азамат! Сенің сілең шығар, маған осы жазаны тартқызған, сен де сіле...

Рақымжан. Сілеу аз. Қаншама қатал болсаң да жібір кезің болып еді. Қаншама ниетің қара болса да ағарар күнің жетіп еді. Тығып қалған тағы да нең бар? Туған ағам! Бітіспейтін жаулық бұдан артық қалай болады? Қолымнан ұстап неге бермедім?

Бекназар. Ұстап бер. Жетектеп апар да соттат! Қалған ғұмырым түрмеде шірісін. Коммунист болса да... ағайынды ала ұстамандар дедім бе!

Науан *(басын көтеріп)*. Иә, бұл кісінің бір қолы Лосовта. Бір қолы... інілерінде... Санқилы амал ойлайды.

Бекназар. Міне, дәл бастың. Тағдыр солай өлшеген. Солай болады да. *(Кетеді.)*

Жуков. Баракбаев та жазасыз кетті. Жауды аяймыз деп жаралы қаламыз ба?

Рақымжан. Баракбаевтың жарасы жеңіл. Қам-қапа кейіс, намыс әркімді әр жағдайда ыршытады... Айтындар, кесімдерінді!

Нұрыш. Айтындар? Бізді кимай келсеңдер, оны да жасырмандар!.. *(Үнсіздік. Науан жауап қатпайды. Науанның шешімін күтеді.)*

Науан. Қамау... Түрме? Одан бөтен бізде шара бар ма? Менің көрген азабым жеңілдей ме? Маған тыныштық, сауығып алғанша тыныштық керек.

Нұрыш. Тыныс алыңыз. Не жаза қолдануды өзімізге жүктеңіз.

Науан. Жүктелетін аманат. Лосовты қайткенде де үйінен басу. Топтасқан жерінен басу! Астықты жөнелтіп болғанша ұрыс жүргізіп, өршеленген бетін қайырсаң, ке-

руен-керуен астықты біз де жөнелтіп үлгіреміз. (*Ұмтыла түсіп. Нұрышқа қолын созады, сөзін аяқтай алмай, төсегіне сылқ жата кетеді.*)

Нұрыш. Тапсырмаң орындалады.

Жуков (*Жамалға*). Науанға сақ бол, тұрып кетіп қалмасын.

Жамал. Жақсы, қош болыңыз.

Науан. Қош, қош!

* * *

Арада бірер күн өткен. Сол үй. Науан төсек үстінде, әлі де ауыр халде. Екі қолымен жер таянып, аңсары әлденендей қиялға кеткен тәрізді. Терезе алдында кішкене керосин лампа сәуле шашып тұр. Төсек алдында Жамал отыр.

Жамал. Сіз тағы да қиялға кеттіңіз.

Науан. Кешір, Жамал. Жолымды қырсық шалған менің қолымнан қиялдан басқа не келеді.

Жамал. Сауығып алсаң бәрі де келеді.

Науан (*күйзеле толқып*). Парыз өтелмеді. Керуендер... Керуендер... жол тартса... Қасиетті борыштың ақталғаны. Жау сұмырай масайрап белең алмас еді. Осы сәтте жарадан сауықтырып, дем беретін сол кісінің аманаты болуға тиіс.

Жамал. Теңірім, тілеуіңе құлақ асып, тез сауығып кетуіңе жәрдемі тиер.

Науан. Қай жерге келіп тоқтап ем... (*Ойынан жазылмай.*)

Жамал. Елден шықтыңыз. Мәскеуге келдіңіз. Пулеметшілер мектебінде оқып жүріп, бірінші рет күзетке шыққан жерге келіп тоқтағансыз.

Науан. Иә, ар жағын тыңда.

Жамал. Иә, құлағым сізде.

Науан. Бірінші рет Кремльде Георгиевский сарайында күзеттемін. Коммунистік III Интернационалдың конгресі өтіп жатыр. Менің үлесіме сарайдың үстіндегі посты тиді. Қайдағы бір ыңғайсыз жерге тап болғаныма мұндай ренжімеспін. Кенет залдағы жұрттың даусы естілді... Апырмай, залдың төбесі жұқа болғаны ма деп танданып тұрғанымда, тесіктен жарқырап жарық көрінді. Ақырын еңкейіп қарасам, конгресс президиумының дәл үстінде Ленинге тұспа-тұс тұр екенмін.

Жамал. Араларыңыз жақын болды ғой онда?

Науан. Жақын, өте жақын. Көңілім әп-сәтте жарқырап сала берді. Шатыр деп кемсініп жүрсем, ең жақсы жері

екен. Енді мен, постымды алтын берсе де айырбастамаспын-ау дедім. Жұлдызым оңынан туып, пәтерін де, одан кабинетін де күзеттім. Владимир Ильичтің өмірін күзеткен күндерім сірәда естен кетер ме?! Әлі есімде... Тап қазір де көз алдымда. (*Жүдеу тартқан сұрғылт жүзі шырай тартып, жұқа еріндері күбірлеп, көз айырмастан қарап қалған. Ленинге берген уәдесін орындай алмағанына күйініп.*) Уәде... Парыз!.. Борыш!.. Жан қойнауымда түйінделіп жатыр... Өтей алам ба?.. Туған жердің топырағы тартып кетпесе неге өтемеймін.

Ж а м а л (*оқ тиген жаралы шығын сипап, маңдайына төгілген шашын кейін қайырады*). Өтейсің... Қуат жинап жазылып ал.

Н а у а н. Сипай түсші... Алғаш кездескенімде, көңіліңде мұң барын, көкірегіңде ашылмаған сыр барын сезіп ем. Денемдегі жарамды жазған сенің ыстық лебің. Тақай түсші бетінді.

Ж а м а л (*жүзіне жүзін тақап*). Ыстық лебім тез сауықтырса маған сол бақыт та жетеді.

Н а у а н. Ғажап әйелсіз... Бәрін білесіз. Жаның да әсем, мені хирургтен кем емдеген жоқсын. Аздап әл жинадык, болды емес пе? Әркім арқалаған жүгін күші жеткен жерге дейін көтереді. Менің жүгімді осы бір сәтте көтерген сен ғана, Жамал. (*Түрегеліп киіне бастайды.*)

Ж а м а л. Қайда барасың?

Н а у а н. Далаға шығып, күн райын байқайын, бойымды сергітейін. (*Кетеді.*)

Ж а м а л (*өзіне*). Сенім де Ленин, арманы да Ленин!.. Білегімді қойнына арта салар едім. Оған қанға сіңген, жапына сіңген инабат атты өнеге ырық бере ме? Бермейді. (*Төсегін түзейді. Сыртта шапқан аттың дүбірі естіледі. Ауыз үйден дегбірі қашқан Шәмши кіреді.*)

Ш ә м ш и. Кетті. Комиссардың өзі, сол, сол, өзі кетті.

Ж а м а л. Не дейді бетім-ау? Енді қайттым, жалғыз ба?

Ш ә м ш и. И, оллаһи! Тап өзі, жалғыз кетті.

Ж а м а л. Жарасы жазылмастан жазым болса Нұрыш пен Рақымжанға не бетімізбен көрінеміз. Бейбақ-ау, сенің әкең қайда?

Ш ә м ш и. Осында.

Ж а м а л. Шақыршы, Бейсекені де шақыр! Жылдам! (*Шәмши кетеді, Жамал ойда.*) Жүрегім өзімдікі емес деп ен. Иә, сенің жүрегің өзіндікі емес. Арманың барда арнағаның ба? Сені жау жараласа, мені топас дүлей қара күш жаралады. Қинала жүріп жол айырығына мен де жеттім.

Ал. Жамал! Сілкінетін жерін енді келді. *(Сырттан Нұри қарт, Шәмши, Бейсенбай, Бейсекелер кіреді.)*

Нұри. Ей, алла, инабат бер пендене.

Жамал. Бейсеке, қайнағаның үйіне тыққан Коновалов жауыздың астығын жайғастырдыңдар ма?

Бейсенбай. Тып-типыл құрыттық. Аш-арықтарға бөліп бердік.

Жамал. Жауға бұйырғанша елге бұйырсын! Комиссар кетіп қалды.

Бейсенбай. Ол жәй кеткен жоқ. Қап, сәл ілгері кездескенімде, мен оған Бекназар мен Барақбаевтың тығылған апанын айтатын едім.

Бейсеке. Қайнағаң Сақышты іздеп кетті.

Бейсенбай. Іздеуі сылтау. Ұялы қасқырларына барып қосылды.

Жамал. Сақыш қайда еді?

Бейсенбай. Сақыш та, бәрі де Коноваловтың үйінде.

Жамал. Барақбаев та өтіп кетті ме?

Бейсенбай. Өтіп кеткен. Рақымжан ғой оны ажалдан сақтап қалған. Бекер тірі жібердің дегенімде. Ол алабүлік, барсын, қанын ішіп қайтемін... Қапылыста комиссар жарға құламаса не қылсын. Сен тұрма, соңынан іздеп бар.

Жамал. Қайда? Коноваловтікіне барайын ба?

Бейсенбай. Иә, Сақыш та сол Коноваловтың үйінде. Мен, Кашиловқадағы Жуков пен Нұрышқа хабар берейін. *(Бейсенбай кетеді.)*

Нұри. Біз не істейміз?

Жамал. Сендер ме? Үйде болындар!

Бейсеке. Мен ерейін қасыңа.

Жамал. Жоқ, сен бас-көз бол.

Шәмши. Жалғыз қалай таппақсың.

Жамал. Шошынба, сіңлім, шошынба.

Нұри. Ал, балам, ата-ана тілегі жар болсын, қош енді. *(Бәрімен қоштасып, Жамал кетуге беттегенде көзі қанталап Ескендір келеді. Тұрғандар тым-тырыс.)*

Ескендір. Ә, жаралы жігіт қайда кеткен? Есін жi-ған ба?

Жамал. Сенің шарапатыңның арқасында... Есін жиды да, канат бітіп, пыр етіп ұшты да кетті *(Ескендірге сұс-тана қарап.)* Қайдан шықтың тағы да?

Ескендір. Қайдан емес, күйеуіңмін!

Жамал. Сен бе менің күйеуім?! Мына тұрған сен? Қалай байқамағанмын.

Ескендір. О, сұм тағдыр... Комиссардың сиқыры сені де құтыртты ма!

Ж а м а л. Күнәсіз жанды жазғыр деп мен бе сені жауыздыққа шақырған!

Ескендір. Ә, жаңа білдім ғой?! Жетіден жеті... айдан ай... Мені маңына жолатпай... Жарасын жазып ап... Әкетпек екен ғой сені...

Ж а м а л. Жаппа жалаңды! Масыл, шірік, сорлы!

Ескендір. Әй, мен бе мырық, мен бе масыл, мен бе сорлы. Көзін, көзін... Қаны кашып, сұрлануын сайтанның! (Жамалға ұмтыла бергенде.)

Бейсеке (ара түсіп). Кет былай, сушелек. Нұрыш пен Рақымжанға жолыға алмасаң аманатыңды айтып кет!

Ж а м а л. Нұрыш пен Рақымжанға ма? Жамалды байлап-матап келген қыл арқан үзілді... Өз жолы, өз арманы, өз қиялы неге жетелесе соның жетегінде кетті деңдер! Қатын да болса қайратына мінді деңдер! Келген азаматтың тағдырына... Қарлығаш боп канатымен су себе кетті деңдер!...

Ескендір. Ақыры мені сүйретіп кеп... жерге қаратың ба, қу қатын! (Өкіріп отыра кетеді.)

Ж а м а л. Жерге бұрын да қарағансың, әлі де қарайсың.

Ескендір. О, құдай! Өз үйіңнен жау, өз отымның басынан су шығарған құдай! Ненді алдым! Ненді алдым?!

2

Валихановтың ауылымен жапсарлас отырған деревня. Коноваловтың үйі. Коноваловтың өзі тағы басқа кулактар мен байлар, атылу жазасына кесілген Барақбаев та бар. Ол Лосовты сағалап коммунистерге қарсы әзірленуде.

Жендеріне қызыл жолақ лента байлап алған бандылар үйдің алдында карауылда тұр. Сырларын ішіне бүгіп бәрінің біреуді күткен түрлері бар. Барақбаев сырттағы сыбысқа құлағын тіге тықыршып қояды. Коноваловпен бірге екі-үшеуі кеңкілдесіп қызара бөріп самонды төңкеруде.

К о н о в а л о в. Барақбай баласы... тықыршыма. Тықыршысаң біздің маңымызға жолама!

Б а р а қ б а е в (даусы сыңғырлап). Әрине, әрине. Сақтықта қорлық жоқ дегендей...

К о н о в а л о в. Саған не опа көрсетті... Ана дүниеден бір-ақ шығатын едің... Татар дәмің бар екен де... (Шымылдықтың ішінен Сақыш шыға келеді.)

С а қ ы ш. Татар дәм де... (Барақбаевқа.) Иә... Менің де татар дәмімді сізбен бірге жазған. Кеше о жақта, бүгін бұ жақта... Жаныңыз не деген берік...

Б а р а қ б а е в. Табалама, қасқырдың қызы...

Ал. Жамал! Сілкінетін жерін енді келді. *(Сырттан Нұри қаст. Шәмши, Бейсенбай, Бейсекелер кіреді.)*

Нұри. Ей, алла, инабат бер пендене.

Жамал. Бейсеке, қайнағаның үйіне тыққан Қоновалов жауыздың астығын жайғастырдыңдар ма?

Бейсенбай. Тып-типыл құрыттық. Аш-арықтарға бөліп бердік.

Жамал. Жауға бұйырғанша елге бұйырсын! Комиссар кетіп қалды.

Бейсенбай. Ол жәй кеткен жоқ. Қап, сәл ілгері кездескенімде, мен оған Бекназар мен Барақбаевтың тығылған апанын айтатын едім.

Бейсеке. Қайнағаң Сақышты іздеп кетті.

Бейсенбай. Іздеуі сылтау. Ұялы қасқырларына барып қосылды.

Жамал. Сақыш қайда еді?

Бейсенбай. Сақыш та, бәрі де Қоноваловтың үйінде.

Жамал. Барақбаев та өтіп кетті ме?

Бейсенбай. Өтіп кеткен. Рақымжан ғой оны ажалдан сақтап қалған. Бекер тірі жібердің дегенімде. Ол алабүлік, барсын, қанын ішіп қайтемін... Қапылыста комиссар жарға құламаса не қылсын. Сен тұрма, соңынан іздеп бар.

Жамал. Қайда? Қоноваловтікіне барайын ба?

Бейсенбай. Иә, Сақыш та сол Қоноваловтың үйінде. Мен, Кашиловкадағы Жуков пен Нұрышқа хабар берейін. *(Бейсенбай кетеді.)*

Нұри. Біз не істейміз?

Жамал. Сендер ме? Үйде болыңдар!

Бейсеке. Мен ерейін қасына.

Жамал. Жоқ, сен бас-көз бол.

Шәмши. Жалғыз қалай таппақсын.

Жамал. Шошынба, сіңлім, шошынба.

Нұри. Ал, балам, ата-ана тілегі жар болсын, қош енді. *(Бәрімен қоштасып, Жамал кетуге беттегенде көзі қанталап Ескендір келеді. Тұрғандар тым-тырыс.)*

Ескендір. Ә, жаралы жігіт қайда кеткен? Есін жi-ған ба?

Жамал. Сенің шарапатыңның арқасында... Есін жиды да, қанат бітіп, пыр етіп ұшты да кетті *(Ескендірге сұс-тана қарап.)* Қайдан шықтың тағы да?

Ескендір. Қайдан емес, күйеуіңмін!

Жамал. Сен бе менің күйеуім?! Мына тұрған сен? Қалай байқамағанмын.

Ескендір. О, сұм тағдыр... Комиссардың сиқыры се-ні де құтыртты ма!

Жамал. Күнәсіз жанды жазғыр деп мен бе сені жауыздыққа шақырған!

Ескендір. Ә, жаңа білдім ғой?! Жетіден жеті... айдан ай... Мені маңына жолатпай... Жарасын жазып ап... Әкетпек екен ғой сені...

Жамал. Жаппа жаланды! Масыл, шірік, сорлы!

Ескендір. Әй, мен бе мырық, мен бе масыл, мен бе сорлы. Көзін, көзін... Қаны қашып, сұрлануын сайтанның! (Жамалға ұмтыла бергенде.)

Бейсеке (ара түсіп). Кет былай, сушелек. Нұрыш пен Рақымжанға жолыға алмасан аманатыңды айтып кет!

Жамал. Нұрыш пен Рақымжанға ма? Жамалды байлап-матап келген қыл арқан үзілді... Өз жолы, өз арманы, өз киялы неге жетелесе соның жетегінде кетті деңдер! Қатын да болса қайратына мінді деңдер! Келген азаматтың тағдырына... Қарлығаш боп канатымен су себе кетті деңдер!...

Ескендір. Ақыры мені сүйретіп кеп... жерге қараттын ба, қу қатын! (Өкіріп отыра кетеді.)

Жамал. Жерге бұрын да қарағансың, әлі де қарайсың.

Ескендір. О, құдай! Өз үйіңнен жау, өз отымның басынан су шығарған құдай! Ненді алдым! Ненді алдым?!

2

Валихановтың ауылымен жапсарлас отырған деревня. Коноваловтың үйі. Коноваловтың өзі тағы басқа кулактар мен байлар, атылу жазасына кесілген Барақбаев та бар. Ол Лосовты сағалап коммунистерге қарсы әзірленуде.

Жеңдеріне қызыл жолақ лента байлап алған бандылар үйдің алдында карауылда тұр. Сырларын ішіне бүгіп бәрінің біреуді күткен түрлері бар. Барақбаев сырттағы сыбысқа құлағын тіге тықыршып қояды. Коноваловпен бірге екі-үшеуі кенкілдесіп қызара бөрітіп самонды төңкеруде.

Коновалов. Барақбай баласы... тықыршыма. Тықыршысаң біздің маңымызға жолама!

Барақбаев (даусы сыңғырлап). Әрине, әрине. Сақтықта қорлық жоқ дегендей...

Коновалов. Саған не опа көрсетті... Ана дүниеден бір-ақ шығатын едің... Татар дәмің бар екен де... (Шымылдықтың ішінен Сақыш шыға келеді.)

Сақыш. Татар дәм де... (Барақбаевқа.) Иә... Менің де татар дәмімді сізбен бірге жазған. Кеше о жақта, бүгін бұ жақта... Жаныңыз не деген берік...

Барақбаев. Табалама, қасқырдың қызы...

Сақыш. Шошканың қызы десеніз де мейлі. Сүйтіп сен сатынды болдың... Мен, қолдан-қолға...

Барақбаев. Қолжаулық...

Сақыш. Иә, қолжаулық... Әркім бір қолының кірін сүртетін қолжаулық. Тағдырдың да тағдыры бар. Менің тағдырым... Әкемнің аранын тойдырып, билік алуына жараса — одан әрі қуаныш не? Үйден қашып, сендерге кеп тығылдым. Бүгін-ертең Лосов ұрысқа аттанады. Мен де бірге аттансам...

Коновалов. Қызым, қайтесің қиналып. Әйелдің зейнеті от басы.

Сақыш. От басында тыныш отырғыздыңдар ма?

Коновалов. Менің үйіме кеп, жаныңның қалғанына шүкірлік ет.

Сақыш. Шүкірлік, Иван аға. Әкеме де шүкірлік... Сізге де шүкірлік... Барақбаев бір ағашқа екеуімізді қосақтап асса...

Барақбаев. Мені неге қажай бересің.

Сақыш. Сені қажайтыным... күйеуім бұрылмастан кетті. Өлі ме, тірі ме? Шіркін, қазір қара дауыл көтеріліп, үйдің шатырын ұшырып... талқанын шығарса. Арасында қаңбақтай мені де домалатса. Маған қосылып сендердің де жұмыр бастарың домалап жатса ғой. *(Отырғандарға.)* Сіздің... Сіздің, сіздің... бастарың да. Менен жасырдыңдар! Қамалуға алған ағаларымның үлкені ме, кішісі ме?

Коновалов *(Барақбаевқа)*. Сөзіп қалған екен ғой.

Барақбаев. Сөзбесе ашынбас та еді...

Сақыш. Нұрышты ма? Рақымжанды ма? Айтсандаршы? Жасырасыңдар?.. Барақбаев, үндемейсің? Сатынды!.. *(Үйге Бекназар кіріп келеді. Отырғандар орындарынан ұшып түре келеді. Әкесіне ызалы Сақыш сілейіп тұр.)*

Бекназар. Е, біліп едім, осылай топталатында-рынды.

Коновалов. Біліп келсең құп алдық, Бекназар мырза.

Бекназар. Мен қызымды іздеп келдім. Қызым пейілі жаман бәлеге жолығады. Бітпейтін жала да әкеңнің басында. Бәрін де естідім... Киін, үйге жүр, балам...

Сақыш. Қай жасымнан бері сізге бала болдым.

Бекназар. Өкпең де дұрыс. Өкініш арқалатқан заманыңнан көр, балам...

Сақыш. Сәби кезімде бала болдым... Қазірде бала емес... Шіріген жұмыртқамын!.. Иә, әлдеқашан құтылар жолды табатын едім... Келетінінді біліп әдейі аялдадым...

«Сорлыға сойылдың жуан басы тиеді...» Сізден естіген мәтелім... Не қыл дейсің маған?

Бекназар. Қор болмай үйге жүр деймін.

Сақыш. Қор болмаған нем қалды? Мені алатын құдай... алар жерінде алады. Қара жерге қайық жүргізетін әкем... Әмірің жетсе ініңді құтқарып ал.

Бекназар. Не деп тұрсың?

Сақыш. Екі-үштіге бір күшті кіріссе ғана сақтап қалады. Інің қамауда! Мен албастыны сатқанда алар мағың — бес байтал... Інілеріңді жазмасаң қара жүзінде қап-қара дақ қалады, әке! Қара көңілің өмір бойы ағармай етесің әке! Аяғыңа оралғы болмайтын інің осылардың қолында. Құтылу үшін азаптан боранда адасып өлсем деп тәлейтін ем. Сол тілегіме жеткіздің, әке. Үмітім бұлдыр... Алдым күртік қар... Жол табар қайратты ешкімнен сұрамаймын... Ешкімге де жалынбан! Күйеуімнің қорқақтығын осы сапарда ғана білдім. Елім-жұртым деуі жәй бір дабыра. Қолынан келер қайрат жоқ! Намысы да жоқ. Ерлігі де жоқ... Тіл безеу... Сарнау... *(Киіне бастайды.)*

Бекназар. Қайда барасың?

Сақыш. Ескі жұрттағы апамның моласына барам. Қарауытып жатқан болар. Көп сақтап ем апама айтар сырмды. Естісін де аунап түссін!

Қоңовалов. Жібермендер!

Сақыш. Тәлкегіңе, ермегіңе тұтқындағы ағам да жетеді. Мұңлы жанымды өрге сүйресем де, отқа салсам да өз еркімде! *(Кете береді. Бекназар не істерін білмей ақырыба. Ол, кенет Барақбаевқа төніп келеді.)*

Бекназар. Сенің алқымыңнан алсам?.. Сен бе ұстап берген?

Барақбаев. Мені.. Мен ұстап берген. Еруліге қарулы.

Бекназар. Шіріген жара! Ағайындар, туыстар?! Жол айырығы екі бөлек болса да... бір кіндіктен туған бауырым ғой. Босатындар! Босатындар?! Қолдарыңа түсірген менің қырсығым, менің қасіретім... Міне, ымырт жабылып, түн қараңғылығы қоршап келеді. Қоршай берсін. Қолқа салам, босатындар? Босатындар!..

Барақбаев. Ә, қалтырадың ба, қара бәле!

Бекназар. Қалтырау аз маған. Мені буындырған өз жыланым. Өз кеудемде талай ысқырған, өз жыланым!

Барақбаев. Ә, әлі де ысқырғың кеп тұр ғой.

Бекназар. Жоқ... Енді ысқыратын сенің ылаңың. *(Сырттан ит үріп дабыр естіледі. Отырғандар орындарынан атып-атып түрегеп, есікке беттейді.)*

Коновалов. Шыдам керек, мырзалар! Шыдам дедім ғой сендерге! Декпірлерің қашпасын. (*Қарсы алуға беттеп.*) Былай тұра тұрындар! (*Шығады. Екі көзі қанталап, қаһарына мінген Лосов, Коноваловқа сөйлеп кіреді.*)

Лосов. Иттерінді абалатпай тұмылдырықтап қоймаймысың! Өз абалауымыз аздай, қоса абалатып...

Коновалов (*самогон құйып беріп*). Тоңып қапсың. Күн суық қой. Қағып жібер.

Лосов (*стаканды серпіп тастап*). Коновалов?! Жауды жайғастырып ап самогонге шомылатын күн алда! Есінді жи, ақымак! (*Бекназарды көріп.*) Бекназар Уәлиханов?.. Бізге ерте-кеш бір қосыласың деп едім. Қызыңа жолықтың ба?

Бекназар. Жолықтым.

Лосов. Қызыңа шық та тигізбей сақтадым. Енді қолыңа алуға болады.

Коновалов. Байғұс қыз, әкесіне пысқырған да жоқ. Кетіп қалды.

Лосов. Қайда кетті?

Бекназар. Шырмалған бала адасса да үйін табар. Сізге салар қолқам інімнің тағдыры.

Лосов. Иә, інің біздің қолымызда, тұтқында.

Бекназар. Қолданатын жазаныз не?

Лосов. Қолданатын жазам ауыр. Егер де сіз боп, біз боп, Ленин жіберген комиссарды қолға түсірсек... Жазаның бетін бұруға болады.

Бекназар. Қолға түсіре алмаған күнде...

Лосов. Сіздің құратын торыңызға байланысты.

Бекназар. Менің торым шұрық-шұрық боп тесілгелі қашан. Інім, сіздің қолыңызда ажал күтіп отырған сәтте — комиссар тұрсын мысық та түспейді. Ал, босатпасаңыз... Менің де бетім теріс бұрылады.

Лосов. А, вот он как? Солай ма?

Бекназар. Сіз менімен тар жерде табысып едіңіз. Кең жерде көрісейін десеңіз... Інімді босатыңыз. Босатыңыз да — салмақты маған салыңыз. (*Отырғандарға*). Мына отырған ұзыннан өші, қысқадан кегі бар... төре әулетіне жауыққандар! Кезінде бұларды мен ебіммен ұстағам. Еп кетіп, егеске айналған кезеңде...

Лосов. Жақсы. Інінді босатайын. Маған тіл алып беріңіз?

Бекназар. Тіл алып беруге болады.

Лосов. Комиссар бізге қарсы не қам жасап жатыр? Қапылыста орнынан басқызсаңыз... қолқаң орындалады. Барыңыз да жедел хабарлаңыз.

Бекназар. Оған шекті... (Сенбей.) Оған шекті?.. (Ойы бұзылып, көңілі босап.) Өлтірмендер... Мен құтқардым... Мен қорғап қалдым!.. деуге жеткізсеңдер болғаны. Жалғаймын деп, үзіп алмайын... Түзеймін деп, бұзып алмайын... Иә, бұзып алмайын. Жетейін... Үзіп алам ба?.. Бұзып алам ба? (Кетеді. Үнсіздік.)

Лосов. Мырзалар! Ақсақалдар! Игі жақсылар! Әрқайсың өз ауылыңның, өз деревняңның қожасысыңдар. Айтындар, шешімдеріңді? (Бәрі де ынталана қоршап тыңдайды.)

Сикым. Мен айтсам, төренің өшіккені — кара, қараның өшіккені — төре! Сіз бастап, біз қостап беттерін бір қайтарып тастайықшы? Қалған жұрт... тулақша сіліккенді тұр.

Лосов. Сіз бізді көбейтіп кеттіңіз. Мынаған келісейік: біріміздің аңдығанымыз бір-ақ жау. Коммунистер! Қызылдар! Талаушылар!

Барақбаев. Әрине, әрине... Мен сазайымды тарттым. Біз қазақпыз. Төреге еремін деп қазағымнан айырылып қала жаздадым. Қазақтың ішінде кірме дейтіні болады. Кірмелерді төрелер төлеңгіт етіп алған ғой. Көресісін көрген ғой.

Лосов. Өзің қайсысына жатасың?

Барақбаев. Ара кідік, төре де емеспін, төлеңгіт те емеспін.

Коновалов. Ие... айт десе ата жөнелетін майлы аяғы.

Барақбаев (шамданып.) Коновалов, қағытпаңыз!.. мен... Мен... (Мардамсып.) Шырмауынан құтылдым да қол үздім.

Лосов. Сіз не дейсіз?

Саудагер. Мен бе, маркабаттым?

Лосов. Иә, сіз?

Саудагер. Мен бе, мен?.. Аңада бір сайлауда, шар салмайсың деп масаға талатып... Мені ағаштың ішіне байлап кеткен еді. Содан бері... Ішіме қан қатып... Әй бір кезеңі келерсің-ау деп... жүруші едім... Мен, қолға түскенін дарға асу керек деймін.

Лосов (қазақ байына). Сіз ше?

Қазақбайы. Кім біледі... Біздікі кім бастаса соған еру ғой. Әумиін десеңдер... мен де әумиін деп қолымды жаям да.

Лосов. Коновалов, сен қалай қарайсың? Бекназар тамыры інілеріне бұрмай, бізге тіл әкеліп береді деп айта аласың ба?

Б а р а қ б а е в. Бірінен-бірі жер алып, шеқ-қарыны араласқан досы. Иә, тыңдалық?

К о н о в а л о в. Бекназар досым екені рас. Інісінің құнын бізден сұрайды. Бірақ бізбен жауласпайды... Жауласатын кісі қып-қызыл коммунистердің ортасында отырып, сені үйіне сақтай ма? Комиссарын менің шанама салып, қолыңа бере ме? Күні тусыншы?.. Қалай белең алар екен! Иланыңыз...

Л о с о в. Иланайын. Сонымен не деп келістік?

Б а р а қ б а е в. Келісім... кешіріңіз... Әр шонжардың қоңсысы мен құлаңы бар. Құлағынан бассаң тырп етпейтін төреден жәбір көрген мен сияқты кедейі мен кепшігі бар. Олардың төреге деген ата кегін, өз кегін оятсақ! Дүлей күшке төтеп бар ма? Басында сіз... қасында біз тұрсақ, түтіп жейтіндігіне... мен кепіл!

Л о с о в. Қайда сол тобыр?!

Б ә р і. Болады! Тоғысады! Топтасады! Көр де тұр.

Қ а з а қ б а й ы. Тап осылайша бір өш алсақ?

Л о с о в. Осыған уәде етейік! *(Қаруын сүйіп ант береді, басқалары да алдына иіліп қаруын сүйеді. Күзетте тұрған юнкер кіреді.)*

Ю н к е р. Құрметті полковник. Коноваловты сұрап бір әйел кеп тұр.

К о н о в а л о в. Кім болды екен?

Ю н к е р *(Лосовқа)*. Кірсін дейін бе?

Л о с о в. Жалғыз ба?

Ю н к е р. Жалғыз.

Л о с о в. Бар, кірсін де! *(Юнкер кетеді. Жүзі солғын, әбден шаршаған, аяз қарып, бойын суық сорған, қалш-қалш дірдек қағып Жамал кіреді. Үйдегілердің әрқайсысы, әр жерге ыдырап жайғасқан. Лосов қаруын ыңғайлап сырт беріп тұр.)*

К о н о в а л о в. Жамал! Жамалмысың, жарқыным-ау?! Қайдан жүрсін?

Ж а м а л. Ауылдан... Шешіндіріп жіберіңіз? Қол... аяқ... тұла бойым... мүз боп... сіресіп қатып... қалды... Шешінуге дәрменім жоқ... Үсіп барамын. У-у-у...

Б а р а қ б а е в. Қол-аяғың укаландар.

К о н о в а л о в. Спирт те жоқ... Самогон? Самогонды әкел! *(Барақбаев самогон құйып әкеледі.)* Қатты жаурағансың. *(Қол-аяғың ысады.)*

Б а р а қ б а е в. Танимысың?

Л о с о в *(суық)*. Жоқ.

Б а р а қ б а е в. Бекназардың келіні. Төре әулетін шебер ебіменен бағындырған сырбаз әйел...

Ж а м а л (*Коноваловтың қолындағы шыныны жұлып алып*). Бере тұрыңыз? Сырттағы ызғардан — іштегі ызғар бой күйдіретін де, тоңдыратын да. (*Күрешкеге толтыра күйіп тартып жібереді. Айналасындағылар оның өжет, батыл қимылына таң қалады.*)

Қ а з а қ б а й ы (*шегін тартып*). Сіміріп салды...

Ж а м а л. У болса да сімірдім. (*Өзегінен өткен самогонның барысын аңдып.*) Кетіп барады... (*Күрешкеде қалған самогонның дәмін татып көріп.*) Түк те емес қой! Аздап ісі мұрын жарады. (*Жан-жағына көз тоқтатып, қадалып.*) О, Әбіл аға! Сізді қай құдай айдап келген?.. Кезінде сіз де мырындағансыз... Маңыма дарытпай, менсінбей кетіп едім... Ол күнәмді құдай кешсін... Төре әулеті сізді де маңайлатпай қуып тастаған еді. Бекер болған... Жаны мұнды, көкірегі шерлі мен құрлы да тіресе алмадың...

Б а р а қ б а е в. Тіресуді заман көтеріп тұр ма?!

Ж а м а л. Иә, сіз адал боламын деп құрыдыңыз. Ал, мен сайқал! Сұмдығына көзім жеткенше шыдадым...

К о н о в а л о в. Айтушы ем-ау отты деп. Неге келдің? Қалай келдің? Жәбір көрдің бе?

Ж а м а л. Сұрамаңыз, ит тепкіні көрдім. Төркініме, үйіме, әкеме барайын деп, қайнаған ашу қысып тартып отырдым. (*Ызалы күйініспен.*) О, тәңірім! Намыс пен сезім бар ма бізде?

Л о с о в. Коммунист қайнағаларыңа күнәсіз екенінді дәлелдемедің бе?

Ж а м а л. Дәлелдедім. (*Сиқырлана, әрі мінеу, әрі шеңеу күлкімен.*) Ха, ха, ха! Күдіктеріне сылтау таба алмайтындай етіп-ақ дәлелдедім. Жолымнан тоқтата ма деп едім... Пысқырғаным да жоқ! (*Томсара түнеріп отырған біреуді танып.*) Мынаны қара. Төре түшкірсе жәрекім алладан аузы босамаған, шұлғауын сілкіп, кебісін салатын лапбайшыл көктеке неғып отыр?.. Уа, ел кетті!.. Жау шапты... Жар салғыш ұзын құлақ! Өсекшінің бірі болатын еді...

Б а й (*шамданып*). Тәбәрәк алғамын. Рахмет сенің қайнағаларыңа!..

Ж а м а л. Сізге де рахмет. Өгізге мінгеннің де бәйгеден дәмесі бар дегендей, биліктен бұ да дәметкесін, не амал? (*Тағы да біреуіне тесіліп.*) Исабайдың ұрты салбыраған... Сарала бөрібасарындай... Келте құйрық қайнағаны қара! Мені ұзатқанда бас құда болып келіп едің-ау!

Ұ р т ы с а л б ы р а ғ а н а д а м. Жә, жә! Тәңір қосты болды деп, тейтікті тандаған өзіңсің!

Ж а м а л. Иә, өзім... өзім... Тандаған да өзім... Тастаған да өзім...

Б а р а қ б а е в. О, бұл ма, бұл! Бойындағы асылын әлі де сақтаған әйел. Айрылмау керек өзінен.

Л о с о в. Аярлық емес пе екен?!

Б а р а қ б а е в. Көрмейсіз бе?! Айтқан сөздерінің бәрі де жан солқылы... Тығырыққа тірелген апақ-сапақта тартып отырған. Бұрын да былқыл-сылқылы болатын. Именер жанның тегі емес... Әбден ашынған...

Л о с о в (*сұстана тесірейеді. Ұзақ үнсіздік. Кенет Жамалға жетіп барып бетін өзіне бұрады. Жамал тайсалар емес. Екеуі көзбен арбасуда*). Еңтігіңізді бастыңыз ба?

Ж а м а л. Қалшылығызды деңіз.

Л о с о в. Сіз маған терең тұңғыықтан шыққандайсыз.

Ж а м а л. Дозактан десеңіз де еркіңіз.

Л о с о в. Коммунистер не істеп жатыр? Маған солардың дозағын баян етерсіз?

Ж а м а л. Неке бұзып қуылдым ғой. Намысын таптанған «сайқал» деген жаманатқа таңылдым.

Л о с о в (*сенбей*). Сайқалсың, ә?! Бізге келуінде не мән бар?

Ж а м а л. Мен сізге емес, Коноваловқа келдім.

Л о с о в. Неңді жоғалтып келдің?

Ж а м а л. Бойымдағы бар асылымды... (*Сөзге айналдырғысы келіп жолын бөгеуге тырысып.*) Иә, дүниеде екі түрлі қорлық бар деседі. Көңіліне сайтан ұялап, төсегін былғау әйелге қорлық... Паналар жер таба алмай, елден безу ерге қорлық... Екеуіміздің бағымыз да бірдей... Сіз маған сенбейтұрсыз! Иә, мен сол қорлықты басымнан кешірген әйелмін...

Л о с о в. Сайқал сұлу... Шыныңды айт? Неге келдің? Кім жіберді? Жуков па? Әлде Лениннен жолдама алған коммунист пе?

Ж а м а л. Тергеуіңіздің қисыны бар. Сіз маған бейтаныс адамсыз. Мүмкін мені, нәпсі буып ойымды... намысымды қуып келген болармын.

Л о с о в. Орағытуын сайтанның! Нәпсі буса ойыңды, сүйгеніңнің қойнына оралып жатпас па едің үйінде. Қалай әндеткеніңді көрелік... Шығарындар суырып! (*Көздері қарауытқан құзғынша құныққан байлар подвалдан қол-аяғы байлаулы, ес-түссіз Рақымжанды суырып алып шығады. Жамал әлде бір сұмдықты сезгендей, тітірене тесіліп қалған.*)

Л о с о в. Сикырланба, сұлу! Айтқаныңның бәрі жалған! (*Қолын қайырып қинайды.*)

Ж а м а л (*шошына ысырылып*). Жалған. Иә... Иә... бәрі жалған! Менің басыма келген қиял да, арман да жал-

ған! Не жалған емес... Сіз де жалған! Мынау тұрған көз-таныс... Әкемді көрген, шешемнің қолынан дәм татқан, игі жақсылардың көздерін сүзуі де жалған! Бәрі жалған! Өзімді өзім сатқандай боп тұрмын ғой сендерге!.. Дей беріңдер! *(Көзі енді ғана, еденде қанға боялып жатқан Рақымжанға түседі... Жамал ес-түссіз, сұлық, демі бітіп, үні шықпай қатып қалған. Аздан соң ерні күбірлеп өз көзіне өзі сенбей.)* Жо... жо... жоқ! Ол емес!.. Ол мұнда келуге тиісті емес! Жо-жоқ! Ол өлмек емес-ті! *(Бар пәрменімен жаны ышқына айғайлап.)* Рақымжан аға!

Рақымжан. Жамал, сен жылама, Ағекем де де, менің ажалымды күтіп ал! Бұл тажалдардан мен тірі құтыла алмаймын.

Лосов. Токтат!

Рақымжан. Баракбаев, сен ғой мені ұстап берген. Жуков сені атуды маған тапсырды. Қаныңды мойныма арқаламайын деп тірі жібердім. Өкінішім сол ғана. Бәрі-бір, сен тірі өліксің. Кешікпей, сенің де өлігіңді... бізді қойған зиратқа әкеп қояды. Қабырымыз қатар жатпаса болғаны.

Баракбаев. Аузын неге тұмшаламаймыз.

Рақымжан. Жамал, асылдың жүзі аруым... Тапсырар аманатым... Үш перзентім... Қаныпезер ағам... Жетімсіретіп жүрер. Өз қолына ал! Маған. дұға оқытпай-ақ қойсын. Аруым... Ақылдым, бақыл бол!..

Лосов. Жабындар аузын! Шығармандар дыбысын! *(Бұ кезде юнкер кіріп хабар етеді.)*

Юнкер. Атой салып Нұрыш Уалиханов кірді деревняға.

Лосов. Ах, солай ма?! Сақшылар қайда?!

Юнкер. Сақшылар орнында.

Лосов. Менің рұқсатымсыз оқ шығармандар! Бар! *(Тұрғандарға төргі үйді меңзеп.)* Ал, Валихановтар, имандарыңды айта бер! Сал тұзақты! Апарып асындар!.. Шұба-лаңға орын тар! Қапыда қала жаздадық! *(Бәрі жабылып Рақымжанды сүйреп алып кетеді. Шымылдық артына апарып асады. Жамал жан ұшыруда. Үй қара көлеңкеленеді. Шымылдық артындағы арпалысты, көлеңкелері арқылы көреміз. Оның ақтық сөзі даланы жарғандай жаңғырық береді. Жаңғырыққа ілесе атой салған шабуыл сарыны жалғасады.)*

Лосов. Кэззаптар! Қасық қандарың қалғанша қарсы шабуылға шығасындар! Ауланың, сарайдың, үйдің тасасынан орын алындар!.. Қорқып тая соксандар табанда аты-

ласындар! *(Үйден қолдарына не түссе соны алып дүркірей жөнеледі. Лосов кідіреді.)*

Ж а м а л. Ағекем! Ағекем! Ерлігіңнен, ерлігіңнен айналдым, ағекем! *(Лосов, Барақбаев, Коноваловтар тасадан күтеді.)*

Л о с о в *(аялдап)*. Мына әйелді босатпандар, қамандар!

К о н о в а л о в. Маған тапсыр.

Л о с о в. Қашып кетпесіне кепілмісің?

К о н о в а л о в. Қайда кетуші еді. Тесік атаулы тығындалған. *(Лосов кетеді.)* Қалай ойлайсың, Жамал? Уалихановтар жанымды қалдыра ма?

Ж а м а л *(теңселіп)*. Білмеймін. Білмеймін... Менің өз қасіретім өзіме жетерлік. Өз досың... өз қасың...

К о н о в а л о в. Өз досым мені қоса тонады. Мен де қарап қалман.

Ж а м а л. Коновалов? Дәм-тұзымыз жарасқан жақын деп жүрсем, мейірімнен сен де жұрдай ма едің? *(Сыртта қаңғыр-күңгір дабыл қағады. Колдарында қос ауыз мылтық, сойыл, балта, сүймен ұстап желігіп алған бай-құлақтар мен олардың сойыл соғарлары сайысқа шығады. Соның бәрін естіп-біліп тұрған Жамалдың үміт-сезімдері толқуда. Елжіреп егілгісі келеді. Лосов пен Коновалов, Барақбаев Нұрышты тасадан күтуде.)*

Б а р а қ б а е в. Бұл ма, орасан... Жолбарысша шөңгеріліп атылғанда оғыңнан да шапшаң...

Л о с о в. Неғылғанда, тірідей қолға түсіруіміз керек.

К о н о в а л о в. Тірі түсіреміз деп жүріп айырылып қалмайық.

Л о с о в. Кетіндер, менің маңымнан! Алып келіндер, тұтқын қатынды! *(Жамалды алып келеді.)*

Н ұ р ы ш *(сыртта)*. Жігіттер! Бандылардың тығылған апаны осы үй! Осы үйде сілейтіп, кебіндерін осы үйде кигізсек, кектің қайтқаны...

Ж а м а л *(Лосовтың нағанын Нұрышқа кезеніп тұрғанын көріп қап)*. Атпа! Атпа?!

Л о с о в. Оның бізді атпайтындығына кепіл боламысың?

Ж а м а л. Боламын! Тым құрыса тілге келтір. *(Коноваловқа.)* Не орыс, не қазақ баласында болмаған қасіретті көрсеттіндер. Тілге келтір де мынауыңа! *(Барақбаевқа.)* Дұспан да болсаң іргелес отырған ағайын емес пе ең. Бауырын іздеп сор айдап келген шығар. Біліп кетсін, естіп кетсін! Тілдестіріндер!

К о н о в а л о в. Айтқызбау керек!

Ж а м а л (Лосовқа). Тағдырым бір өзіннің қолында тұр. Айнала тор, қан шеңгелің құрып қойды емес пе. Өлігін көрсетпесең де естіп кетсін. Тілdestірсейші.

К о н о в а л о в. Шыдай тұрайық. Тілдесіп көрсін...

Л о с о в. Жә! Дыбыстарыңмен көбейтпендер. Үркітіп аламыз. Қолға түскенше бұлтарсаң оғымды одан бұрын саған қадаймын.

Ж а м а л. Нысанана мені қойып, жетем десең мақсатыңа тек арыздастырып... ақтық сөзімді айтқызып ал жанымды... (Кірпігін де қақпастан келе жатқан Нұрыштың алдына барып тұрады. Артында тасада Лосов, айнала қауауыл тұр.)

Н ұ р ы ш (үйге қарай ұмтыла басып келеді. Қарсы алдында сілейіп Жамал тұр. Бұл қайдан келді дегендей аң-таң). Жамал?! (Көзін сүртіп.) Жарқыным?.. Періштедей аруым... Жамалмысың жаным? (Жамалда үн жоқ.) Біз кеткенде үйде қалып едің ғой? Ауыл аман ба? Ел аман ба? Үнің неге шықпайды, Жамал?

Ж а м а л. Жамал емес жалмауызбын, ағеке!

Н ұ р ы ш. Не болды? Әлде сені қорлады ма жауыздар?

Ж а м а л. Көрген қорлығымнан да көретін қасіретім көп пе деп тұрмын. Ағекем!..

Н ұ р ы ш. Бір сұмдықты ішіке түйіп тұрғандайсың... Тезірек айтшы?

Ж а м а л. Сізге де, маған да жақындауға болмайды.

Н ұ р ы ш. Неге? Неге?!

Ж а м а л. Айналаң тор, алдың ор, келесің жарға құлауға.

Н ұ р ы ш. Сол ғана ма айтпағын?

Ж а м а л. Аржағын тыңда, ағеке. Шамаң келсе, көзіңді айырма менен.

Н ұ р ы ш. Апырмау, осынша неге киналдың? Айтып өлтірші?

Ж а м а л. Есіл ағекем! От кешкен сапарыңда аруақтай алдыңнан шығып, арыстандай арысыңның, Рақымжандай бірге туған бауырыңның жаманатын естіртем деп тілеп пе едім тәнірден.

Н ұ р ы ш. Не, не дедің? Қуатым-ай!.. Рақымжаным-ай!..

Ж а м а л. Демегім сол. Бұлар қазір анталап тұр. Маған алданып қалсын, қайратыңа мін де қапы соқтыр, ағеке! Лялдама!

Н ұ р ы ш. Қап?! Әттеген-ай! О, сұм өмір! Сені екі отың ортасына әкеп қойған тағдырыма не дауа?

Ж а м а л. Ағатай-ау, неге тұрсың? Неге соза бересің
ғазапты?!

Н ұ р ы ш. Ажалдың нысанасына сені байлады ма?!
Тағдырдың мені мұнда айдап әкелуі де жазымым шығар.
Жалғыз қалып не болам?

Ж а м а л. Не істегелі тұрсыз?

Н ұ р ы ш. Мен бе, мен?! Қорлау, зорлау, қиянат атау-
лыға лағнет айтып, асылым, аруым Жамал үшін, сенің
болашақ бақытың үшін, кегімді алу үшін, адал жолым, ақ
ниетім үшін не көрсем бірге көрем!.. Бірге өлем деп ба-
рам?.. Куәм бол! Ей, банды иттер!.. Қайдасындар! Шығың-
дар! Қорқамысындар?! Қорқасындар! Есіктеріңді мен сия-
тындай етіп шалқайта ашындар! Кең ашындар! *(Қайраты-
на мініп, қаһарын төге үйге беттейді.)*

Л о с о в *(іштен)*. Ә, түстің бе торыма! Іліккен шығар-
сың! Коммунист Уалихановтар! Қосақталып өлгің келген
екен, кел! Кел!

Н ұ р ы ш. Ал, түстім қақпанына, бандиттер! *(Есікті
аяғымен теуіп жіберіп ішке кіреді. Коновалов пен Барақ-
баев үйдің есігін бекітіп алады. Үйдің ішінде екі дүркін
мылтық атылады. Арпалыс, шайқас. Тасыр-тұсыр, шатыр-
күтір.)*

Б а р а қ б а е в. Өзі де өлді, Лосов та өлді. Жатсын
солай! Батсын солай күндері! *(Сүйретіліп сытылып қаша
жөнеледі. Қара көлеңке, шам жарығы Жамалға түседі.)*

Ж а м а л. Аһ! *(Кұлап кетеді. Айнала тым-тырыс. Сәл-
ден соң еңірей боздап.)* Қан ішерлер, құрыттындар ма ба-
рымды, құлаттындар ма қос тірегімді, қос байтеректерімді!
Қос қанатым бірден қиылды, қос ағекем! Қош, ағекем!
*(Жамалдың зарына қуатты күш дем бергендей, ерлер өлі-
мінің қасіретті қайғысына ортақ есілте салған ән естіледі.
Аласұрып Нұри, Шәмши, Ескендірлер келіп қалады.)*

Н ұ р и. О, аллатағала, пендеңе нысап бермегенің бе?
Не болды? Не болды, Жамал?

Ж а м а л. Бәрі де болды. *(Ескендірге.)* Сорлы... Аяқта-
рына шырмау болған сорлы... Бар, көр әне!

Е с к е н д і р. Тірі ме өздері?

Ж а м а л. Тірі болса жер құшақтап қалар ма едім?
Екеуін де өлтіріп кетті.

Е с к е н д і р *(өкіріп қоя береді)*. Бауырларым-ай! Есіл
ерлерім-ай! Бір әкеден төртеу едік? Төрт қасқыр деп атан-
ған... Жұртқа тірек күш едік-ау! Ойбай!.. Не дейін, ойбай!
Не дейін, құдай!..

Ш ә м ш и. Серігіне жарамағансын жыладың не, жыла-
мадың не?

Ж а м а л. Сорлыны қажап қайтесің. Жүріндер, сүйектерін алып шығайық.

Н ұ р и. Е, тәңірім. Жауыздардың қолында мейіті қалмағанына да шүкірлік.

Үшеуі үйге кіреді, шам сөнеді. Күйініш пен күдіретті күшке толы ән сазы бізді жетелеп отырып, тоқ басына қарай, бұқара, кедей-шаруалардың еңбек ақысына әкеледі. Молотилкадан алынған астық бір жағынан тазартылып, бір жағынан қапқа тиеліп жөнелтіліп жатыр. Жан аямай кара терге түсіп жұмыс істеп жатқан ер-әйелдер. Әлдісі жалғыз, әлсізі қолдаса бидай салған қаптарды көтеріп шанаға тиіп жатыр.

Науан, Жуков, Бейсекелерде дамыл жоқ. Ара-тұра қапты арқалап жүріп сөйлесіп қояды.

Науан (Жуковке). Қалайсың?

Жуков. Жараймын.

Науан. Рақымжанды қайда жұмсап ең?

Жуков. Қосымша ат көлік, қарулы жігіттер табам деп кеткен еді.

Науан. Қайда? Алыс па еді, жақын ба еді?

Жуков. Жақын, жылдамдат.

Науан (Бейсекеден). Рақымжандар неге кешігіп жатыр?

Бейсеке. Білмеймін.

Науан. Қай ауылға кетіп еді?

Бейсеке. Жапсарлас Барақбай ауылына, бөріктас-там жерде, тиіп тұр. (Ентіге басып кетеді.)

Жуков (Науанға). Келші, қолдасайық.

Науан. Бүгіннен қалған жан, жан емес. (Қапты қолдасып көтереді.) Иә, керуен жолға шығатын уақыт болған шығар. (Астық тиеушілер келеді.) Тиіп болдындар ма?

Өлшеуші. Болып қалдык.

Науан. Болсақ, шаналарды мінгестірмей, алдын ілгері апарып қойындар! (Бейсенбай келеді.)

Бейсенбай. Амансындар ма? Сендер не білдіңдер?

Науан. Зәрең ұшулы ғой? Рақымжандар қайда?

Бейсенбай. Рақымжан ғана емес, Нұрыш та, ағасы Бекназар да, сорлы қызы да Лосовтың қолында. Тағдырлары бір жерде тоғысқан. Қайсысы тірі, қайсысының өлгенінен хабарым жоқ. Барақбаев зымиян Рақымжанды алдастырып ұстап берген.

Науан. Ол итті тірі жіберген еді ғой.

Бейсенбай. Барлау салып, астыртын білейін деп Қоноваловтың үйіне бара жатып, сетік танау Сидр деген тамырыма жолықтым. Кейін қайт, барма... Ол үйде ажал күтіп тұр деді.

Жуков. Бірін-бірі шырмаулары жаман еді.

Науан (*сыртқа көз тастап*). Тоқтай қалыңдар! Мынау тәлтіректеп келе жатқан кім? Солардың бірі болмасын. (*Үнсіз қарап тұр. Бұл кезде сапырылысқан жұрттың ішімен үсті-басы дал-дұл, қып-қызыл қанға малынған, сүлде-сін сүйретіп Нұрыш келеді.*)

Жуков. Нұрыш! Нұрышпысың? (*Жұртты шошытып аламыз ба дегендей дегбірі кетіп.*) Бұл не болды? Бұл не болғаны?

Науан. Нұрыш қой.

Бейсенбай. Қалай жеткен? Тамтығы да қалмапты ғой. (*Үшеуі Нұрышты сүйемелдеп оңашаға әкеледі.*)

Нұрыш. Қалай келгенімнің мехнатын... сұрамаңдар... Мехнат деген не? (*Жаралы күйінішпен.*) Ол, ол болмағанда!.. Дүние-ай! Асылып көз алдымда тұрмағанда...

Науан. Оның кім?.. Кімді айттың?.. Аташы атын?.. Аташы...

Нұрыш (*ақырын айтып қалуға тырысады.*) Ол өлді. Кегімді... алдым... Бауырым... Рақымжан, бақыл бол!.. Лосов та өлді!.. Қалғаны қашты... Жамал да сонда...

Науан. Жамал да сонда ма?

Нұрыш. Коноваловтікінде... Бір жерге бізді... Бір жерге жерлендер. (*Өледі. Бәрі бас киімдерін алып Нұрыштың аруағына бас иеді. Бейсенбай еңкілдеп жылап отыр.*)

Науан. Олар өлді... Біз тіріміз... Біздер бармыз... Қайран есіл ерлер, бақыты ашылмаған Жамал. Қалай тап болды? Иә, ешбір сөзбен жеткізе алмайтын қаза болды. (*Шинелімен Нұрыштың бетін жабады.*) Жуков, қасыңа жігіттерді ертіп ал да Жамалға жет. Сүйектерін бірге алып жүреміз. (*Жуков кетеді.*)

Бейсеке. Астық тиеліп болса жұрт қамдансын. Қалың киінсін. Барын киінсін. Бары-жоғымен қарулансын. Хабарла! Қозғаламыз. (*Науан жүруге қамданады.*) Болдыңдар ма? Болдық па, жігіттер? (*Жұртты жағалап барлап шығады.*)

Өлшеуші. Болдық, аға, аттанамыз ба?

Науан. Аттанамыз, бала. (*Өлшеушінің өн бойына көз жүгіртіп.*) Омырауың ашық қой! Мә, бала, құлағыңды үсітіп аласын. (*Мойынындағы бөкебайын орап береді, тағы бір қартаңдау еркектің дірілдеп қолын уқалап тұрғанын көріп қолқабын шешіп береді.*) Алыңыз, жол ұзақ.

Бейсеке (*кекті, шерлі дауыспен сапырылысқан жұртты аралап жүріп*). Туғандар, бауырлар, ағатайлар, апатайлар, қамданыңдар! Қаруланыңдар! Астықты керуен

көшін бастаймыз! Қазір қозғаламыз. Аттанамыз, бауырлар! *(Бұл кезде Рақымжанның сүйегін алып Жуков пен Жамал, Нұри тағы бірнеше жігіттер келеді. Рақымжанның сүйегін Нұрыштың қасына әкеп қояды. Жамал шаршаған. Есеңгіреп қалған. Оның қасына Науан келеді.)*

Науан. Азалы қайғы, қатар келген қазаға куәкер болдың ба, Жамал?

Жамал. Болғайымнан не пайда?! Сен... қалдырып кетпегенінде жау құпиясын бірге ашатын едік. Маған сенбедіңіз. От басынан шыға алмайтын әйел ғой... Етекбасты ғой... *(Нұрышқа бұрылып.)* Қайран ағекем... Жолаушыдай шөл қағып, шөліркеумен өткен ағекем. Оқ жұтып, қанға бөккенінді көзіммен көрдім. Сүйегінді сүйреткіге салдырмай жетіп жығылыпсың. *(Солқылдап жылайды.)*

Науан. Оқ тиген жаралы денесін сүйретіп өзі жетті. *(Ауыр үнсіздік, алыстан шапқан аттың дүбірі естіледі. «Ұстаңдар қашқынды!» деген жанұшырған айғай. Барлығы да елең етіп қарап тұр. Күрс етіп атылған мылтық дауысы. Тұрғандар дауыс шыққан жаққа бұрылады. Қолында Рақымжанның қанға боялған киімдері, Шәмши келе жатады.)*

Нұри. Шәмши ғой?! Сорлы қызым, қайда қалып қойдың?

Шәмши. Пар жеккен шанада адам кетті! Өлген адам.

Нұри. Не дейсің? Өлген адам ба?

Шәмши. Өлген адам. Кеудесі, екі қолы салақтап түсіп бара жатты.

Науан. Еркек пе, әйел ме?

Шәмши. Еркек адам. Оны атқан үлкен мырза «Барақбаев, іштім бе қаныңды» деп айғай салып өзі де келе жатыр. *(Қолында наған. Бұрынғысынан да бетер, шұңгіл көзі қанталап, алас ұрып ашынған Бекназар кіріп келеді. Бәрінің көзі Бекназарда. Ол, келген бетте ешқайсысына қарамай, өліп жатқан інілерінің барып бетін ашады. Бірақ жыламайды.)*

Жамал. Солай, қайнаға! Екі бірдей інінің басын жұттың... Барақбаевты атқан сенбісің?

Бекназар. Барақбаевты атқан мен! Жүрегімді езіп, естен танған қасірет бойымды буып табандатып тастап еді... Енді менің жылауға да хақым бар шығар!

Науан. Сен безбұйрек емес пе едің? Не бетіңмен жылайсың. Әр кемелге бір зауал! Зауалыңды ерте тартқызуым керек еді. Әттең інілерің, мына тұрған келінің болмағанда.

Бекназар. Болмағанда не?! Мені де құрбандыққа шалмақ па едің? Бала, заман неше алуан өзгереді... Есті-

генді көз көреді. Ай балтаны мұқалтатын қайында қатты без барын, сүрінгенді түзейтін құрулы тұрған тез барын ойладыңдар ма! Ойлаған жоқсыңдар. Сүйектерін бер? Өз қолыммен арулаймын. Азалап жөнелтем.

Науан (*Жуковке*). Сүйегін сұрайды. Береміз бе?

Жуков. Борыш ақталды. Құрбандықпен ақталды. Берген жөн болар.

Науан (*Жамалға*). Енді не істейсің? Қаламысың, бізге еремісің?

Жамал. Ере алмаймын. Ұйқыда жатқан мені оятқандарыңа мың да бір алғыс. Қайтесіңдер мені. Қарапайым, шаруа қызын. Күрсінгенде сырласар досы да өзі, қалап алған қасы да өзі. Қолымнан келген септігім осы болды. Борыш ақталса мен үшін со да мерей.

Науан. Сырынды ашпай кетіп барасың-ау, Жамал.

Жамал. Ешкімге айтпауға бекінген өз сырым өзіме аян. Ұғатын досым да бар шығар. Қалап алған қоян жүрек қасың да бар. Осымен тындым. Осымен тұндым. Ұмытпай тұрып. (*Омырау қалтасынан ашып Рақымжан мен Нұрыштың парт билетін береді.*) Сіздерге керек болар.

Науан. Парт билет? Оқ тесіп, қанға боялған. Олардан не белгі қалды дегенде, ұлы Ленин партиясының берген билеті қалды.

Жамал. Бір дүркін сілкіндім. Мазак еткен тағдырға бас имедім. Сырымбет тауының шыңында. Қанатын қаға түсіп қалған еді бір қыз деп, естеріне алсандар болғаны. Қош болыңыздар. (*Қоштасады, кетеді.*)

Науан. Бұл не деген қайсар әйел!

Жуков. Әне, досы да қоян жүрек, қасы да өзінің күйеуі болды. Қолынан жетектеп Рақымжан мен Нұрыштың өлігін салған шананың соңында кетіп барады.

Науан. Айырып алып қалсақ...

Жуков. Біз айырмасақ та тағдырдың өзі айырады. Бірақ та есімізден кетпейді.

Науан. Оның есінен кете ме? Керуенді бастайық. (*Науан мен Жуков астық тиеушілерге қарап бұрылады. Ортаға шығады.*) Туғандар! Дән иесі, нан иесі бауырлар! Кедей шаруалар! Алдымызда ұзақ жол тұр. Оппа қар да, сүрең соқпақ та, қауіп пен қатер де жоқ емес... Өткелі қиын сапар... Белді буып, бекем кіріскен екеміз. Осы қарқынды суытпай аттанайық. Астық үшін маңдай терін төккенге де, астық үшін құрбан болып кеткенге де оң сапар болсын. (*Жұрт «айтсын! Айтқаның келсін!» деп шуылдасып шаналарына кетеді.*) Керуен басы, тартыңдар қалаға! (*Сыртта керуен лек-легімен шеру тартқан колонна жолға шығады.*)

*Қаңғұр-құңғыр, темір табанды шаналардың сақыр-сұқыр
шиқылы. Музыкада ерлік сазы, қасірет сазы.)*

Науан (соңын ала, қарайлап). Керуен күнгейге бет-теді. Сырымбет тауының шыңында. Жан лебімен жылытқан шаруаның қызы қалды. Ар борышын ақтауда серік болған қазақтың қайсар қызы қалды! Шыр айналған сәттерде ұмытылмас оқиғаның куәкері қалды. Ұлы Ленин тапсырмасын орындауда құрбан болған ерлердің ізі қалды. Осы жолда құмарлық үміті, қуаныш-қызық, қайғы-қасіретімді жүрегінің аясына сыйғызған менің махаббатым қалды. Қош бол, әнші ауылдың аруы!

Ш ы м ы л д ы қ.

Соңы.

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАР

(«Апалы - сіңлілер»)

Екі бөлімді, жеті суретті драма

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Әли Аксарин
Рәуеш — әйелі
Дәмеш — тетелес сіңлісі
Данаш — кіші сіңлісі
Қайыр Қараболатов — оқымысты
Шегір — әдепкіде милиционер, кейін секретарь
Ақжарқын — сүйгені
Бопи — жесір
Кенжебек — әдепкіде ат айдаушы, кейін шофер
Әукебай — Аксаринмен бажа
Дариға — Рәуештің қызы
Қасымхан — ұлы
Жидебай — бастық
Далабай — досы

Оқиға 30-40-50 жылдар шамасында.

БІРІНШІ БӨЛІМ

БІРІНШІ СУРЕТ

Н. қаласы. Кварталдың жарымын қоршап алған адвокат Әли Ақсариннің орамы. Жанадан салғызған жеке-дара зәулім особняк. Үйдің алдында шырша, қарағай, жеміс ағаштары да бой түзеп қалған. Веранда. Орамның түкпірін ала қойма қоятын сарайдың жартысы көрінеді. Мезгіл жазға салым. Ашпалы терезеден үйдің ішінде Әли Ақсариннің балдызы — жас өспірім қыз Данаш күйсандықта ойнап отыр. Оның тартқан күйінен сол мезгілдің қым-қуыт қайшылығын, замана тынысын аңғарғандаймыз. Күй тартыла береді.

Тал шыбықтай майысқан күтуші қыз Ақжарқын омырауында алжапқыш, қолында шелек, веранданы сүртіп, тазартып жүр. Ауланың ішінде ойнап жүрген Ақсариннің балаларына қарап Бопи тұр. Қолында балалардың киімі, ойыншық-құм көсейтін қалақ. Жасы отыздар шамасында.

Бопи (*үйреншікті әлдиіне сап*). Әкең би, шешең би. Әлди, әлди, бөлди... Дариға, Қасымханды құлатып алма! (*Інісін тәртіпке шақырған Дариғаның нәзік бала дауысы естіледі.*) Салма аузына саусағыңды! Аумаған әкесі.

Ақжарқын. Әкесінен айнымай қалған Дариғаш қой.

Бопи. Қарап тұр, өсе келе жігіттің сұлтаны болады.

Ақжарқын. Өсе келе ме, өсе келе нағыз сотқар, қаңғыбастың өзі болып жүрмесін.

Бопи. Қайдам, тым пысық. Дариғамен тайталасуын. Қасымхан, жәй ойна, таласпа!

Ақжарқын. Бопи апа, осы үйге неше жасыңнан үйір болдың?

Бопи. Үйір болайын деп болдым ба, маңдайыңа жазса сол-дағы...

Ақжарқын (*Данаштың тартып отырған әніне*). Біреуді жоқтағандай неткен зарлы ән!

Бопи. Е, бұл ән кімнің көңілін майыстырмады. Рәуешке ғашық болған ақын шығарған. Бүгін сот?.. Шәһәр халқы тәңірідей ұйыған Қазі хазірет еді, ақтай ала ма, жоқ па?

Ақжарқын. Ақтап алады, Бопи апа. Әли ағай, сот, прокурордың бәрімен де жақын. Олар бірінің сөзін бірі тас-тамайды. Аана, сіз күйеуіңіздің жылын беруге кеткенде, осы үйді салып бітірген тойын жасады. Тойға окружком-

ның хатшысы Бексапар мен облысполкомның шомбол қара председателі де келді. Астанада шашын тікелей қойған крайкомның өкілі бірге болды. Өзі де сөйлейді екен. Пәленовищина, туленовищина.

Б о п и. Шинасы не деген сөз?

А қ ж а р қ ы н. Жақтастық деген сөз-ау деймін. Гу-гу айтыс басталды да кетті. Қос бөшкеге ашытқан сыраны тоңқарғанша айтысты. Ақыры не керек, біріне бірі нағандарын ала ұмтылды.

Б о п и (*шошынып*). Аллау, не дейді?!

А қ ж а р қ ы н. Содан таяғын көтеріп Қазі хазірет. «Уа, зиялы оқығандар, Кунфаякун — туржағұн... Жабулы қазан жабулы қалсын» деп бітімге шақырды. Крайкомнан келген өкіл прокурорға, «Сен қой бағып жүрсің бе, заң бағып жүрсің бе?» деп Қазі хазіретті тұтқынға алуға бұйырды. Әлі аға өкілді оңаша алып шығып, хазіретті қамағалы тұрған жерінен алып қалды.

Б о п и. Ақыры тұтқынға алғызды ғой.

Д а н а ш (*терезеден*). Кім алғызса да оралмасқа кетті ғой!

А қ ж а р қ ы н (*бетін шымшып*). Бетім-ау, тыңдап тұр ма еді. (*Жалт бұрылып*) Дана, мен керекпін бе?

Д а н а ш. Үйге келші, көңілім зерігіп кетті. Қосылып ән салайық. (*Ақжарқын үйге кіреді.*)

Б о п и. Байғұс бала, жанының жарқылын қайтейін. (*Шашы бұйра, өңі қоңырлау, ой тұнығы терең, Қайыр Қараболатов келеді. Іздеп келгені осы үй ме, басқа ма, дәл басалмай, ойлана қарап тұр. Үнсіздік.*)

Қ а й ы р. Есенсіз бе?

Б о п и. Шүкірлік. Кімді іздеп кеп ең, шырағым...

Қ а й ы р. Ескі достарды. Көшенің осы деңгейінде Қазі хазіреттің шағын үйі болатын еді.

Б о п и. Ол үйдің орнына жаңа үй салынды.

Қ а й ы р. Хазіреттің үй-ішінен кімдер бар?

Б о п и. Үлкен қызы Рауеш, кіші қызы Дана, білетін бе едің?

Қ а й ы р. Білуші ем. Сіз кім боласыз?

Б о п и. Мен Әлидің жамағайыны, жесір әйел боламын. Отырыңыз.

Қ а й ы р. Осы үйде қолжазба архивтерім қалып еді. (*Үйден Дана шты сүйемелдеп Ақжарқын шығады. Дана мүгедек боп қалған. Қолтығында балдақ. Бір жақ иығы қисайып, семіп қалған.*)

Д а н а ш (*Қайырды бірден таниды. Көзі жаулаң қағып*). Қайыр аға?!

Қайыр. Данашпысың, жаным?

Данаш (*көзінен жас мөлтілдеп*). Осындай күйге кіріптар болдық, Қайыр аға!

Қайыр. Иә, күймеден құлап мертігіп қалғаныңды естідім, сүйегің дұрыс салынса әлі-ақ айығып кетесің.

Данаш (*қақпа жаққа қарап, күлімдеп*). Ақжарқын, барсайшы, телміртпей. (*Белінде наған, милиционер Шегір Жоламанов қарап тұр. Ақжарқын именіп кідіргендей болады.*)

Ақжарқын. Кескегін байлап тағы да келді ме?

Бопи. Бұртима. Түбінде бағың осымен ашылады.

Шегір (*жақындап*). Ассалаумаликем! (*Бірден тани кетіп.*) Қайыр Қараболатов? Бір қаладан бір қалаға кезіп жүрмісің? Құйрығыңа байланған қонырау, табытқа тығылсаң да қала қояр ма екен.

Ақжарқын (*шыдай алмай*). Шегір, үйге келген қонаққа...

Шегір. Қонақ емес, әйгілі лидердің бірі. Тәшкенге жылысып тайып тұрған.

Ақжарқын. Мені іздеп келсең менімен бол.

Шегір (*Ақжарқынға бой бермей Қайырдың мандатын алады*). Босадым де. Басыңның іші толы ақыл мен білім. Совет өкіметіне енді адал қызмет сіңіруің керек, достым. Сыбырлағанды құдай да естиді. Тағы да бір жерде сарнап, асанқайғыланып жүрсеңіз (*саусақтарын айқастырып,*) білесіз ғой, дәмін татып көрдіңіз ғой. Паспортыңызды тез ауыстырып алыңыз.

Қайыр. Адамның бақытын бағу азаматтық борыш, Шегір жолдас! Кейін шап, кінәрат жайлаған кезеңді қазбалаумен сіз де опа таппайсыз. Керенаулықпен кер тартып біз де опа таппаймыз.

Шегір. Керенаулықты қойған жөң, Қайыр жолдас! Жаңадан мүсіндеп, жаңадан түлетіп жатқан дүниенің көркемдік бояуын іздеңіз. Атыңыз мәлім — суреткер ғалымсыз. Ұлы дүбір оқиғаны шалқар шабытпен сезінсеңіз... Еліміздің мақтанышы ардагер болатын адамсыз, Қайыр Қараболатов! Өзіңнен кейін оқығандарға осықара қарамаңыз... Жауыққанды аямайды... Жаураған тонын шешіп бермейді. Сау болыңыз!.. (*Кете береді. Бой сымбаты аса сұлу, үстінде құндыз жағалы әсем пальто, шам сияқты, маңдайы жарқырап Рәуеш келе жатады. Қасында ат айдаушы Кенжебек бар.*)

Рәуеш. Кенжебек, күте тұр. Данаш, камоттың тартпасынан натариустың қағазын алып шықшы. Жездең күтін тұр.

Д а н а ш. Не болып жатыр?

Р ә у е ш. Союзқосшы үйімізді мектепке беруге ұйғарған. *(Данааш үйге кіреді.)*

Б о п и. Неге бере салмайды.

Р ә у е ш. Бермесең торгке салғызамыз деп округтік сот егесіп отыр.

Б о п и *(сыбырлап)*. Хазіретті де әкелді ме?

Р ә у е ш. Хазіреттің соты болып жатыр, біздерді кіргізбеді. *(Алаңдап.)* Балалар қайда?

Б о п и. Баудың ішінде, құмда ойнап отыр.

Р ә у е ш. Қарай да алмадым. *(Үйден нотариустың қағазын алып Данааш шығады.)*

Д а н а ш. Мә, осы бір үйдің әуселесі бітпей-ақ қойды.

Р ә у е ш *(аларып)*. Данааш?!

Д а н а ш. Өзің апар, бармаймын.

Р ә у е ш. Мен бір жетісіп жүрмін бе, ренжімеші.

Д а н а ш *(Кенжебекке беріп)*. Сен де осы үйдің бір жанысың. Жеккенің пар ат, сона көзденіп, мені мерткітпідің, тағы да кімді мерткітіресің. Сен алып бар.

К е н ж е б е к *(именіп)*. Кешіре көр, Данааш.

Д а н а ш. Далақтаған есірік...

К е н ж е б е к. Есірейін деп есірдім бе... Мені есірткен жездеңнің желігі... Жақсылығым зая кетсе, амалым не? *(Данааш, мені мүгедек еткен сенсің дегендей ызалы кейіс білдіреді де шығып кетеді. Кенжебек қылмысын мойнына алғандай кілт тұрып қалады.)*

Р ә у е ш. Мүгедек боп қалғанын сенен көреді. Қайтесің. Өзің алып бар. *(Кенжебек кетеді. Рәуеш Қайырды енді ғана аңғарады. Екеуі де үнсіз. Бақшаның ішінде Дариға мен Қасымханның шекісіп қалған дауысы естіледі.)* Қайыр?.. *(Көзін тез қағып.)* Қайырмысың? Мен неғып байқамадым.

Қ а й ы р. Ие, мені байқаған жоқсын.

Р ә у е ш *(көңілі босап, дауысы дірілдеп, үлбіреген еріні қыбырлап)*. Иә, хабар да жоқ, хат та жоқ...

Қ а й ы р. Зарығып күткен сағыныш, хабардан да қымбат емес пе?

Р ә у е ш. Сағыныштың құрсауынан жанымды мен де бір босатайын. *(Көзінен жасы мөлтілдеп құшағына оралады.)* Қайыр...

Қ а й ы р *(не болғаны белгісіз)*. Рәуеш, жүрегінде ескерткіш боп қалам ба деп ем. *(Кеудесіне басып, ұзақ тұрады.)*

Б о п и *(аңдаусыз келе жатып, аузын ашып аңырып қалған)*. Сұмдық-ай, құшақтасып та қалыпты ғой.

Р ә у е ш. Көзінен тартылған көлдей боп кетіп ең.

Қайыр. Әзірге тілінен тартылған жан боп оралдық. Не боп жатыр қалада?

Рәуеш. Қалада ма, қалада әкемізге сот боп жатыр.

Қайыр. Күйеуің ара түсе алмады ма?

Рәуеш. Ара түспек түгіл әкемнің түбіне жеткен өзі ме деп қорқам.

Қайыр. Себебі не?

Рәуеш. Не себебі болушы еді, есіл дүниеге ие болып қалудың айла-шарқы да.

Қайыр. Бақ тасып, дәулет шалқығанда көңіл неге сүйремейді.

Рәуеш. Көңілде тойым бар ма?

Қайыр. Сенің ару жаның бір жігіттің аңсарына жетерлік еді. Сүюдің бір кілті жүректе, бір кілті дәулетте.

Рәуеш. Сүйерінде лапылдаған жүрек нені тыңдайды, деп өзің жазған жоқ па едің.

Қайыр (*қыза, серпе сөйлеп кетеді*). Мен не жазбадым. Қилы күндерде, құйрық шаншып құйылғанды да жаздым. Шаңқан боздың сауырын шаң басып, құдыққа құлаған құланды да жаздым. Тар орында бас берген ерді де, қанжығаға байланған езді де жаздым. «Жүректің жұмбағында кеткен қыз» деп сені де жаздым. Ол кезде қызуы мол жастық, гүл боп ашыламын, аспан ашық болса — жұлдыз боп шашыламын деп те арман еткізді. Бірақ, одан не шықты?

Рәуеш. Мұнда ұзақ боламысың?

Қайыр. Бірер күнге аялдаймын да жүріп кетем.

Рәуеш. Ендігі сапарың?

Қайыр. Ендігі сапар! Асылдың қия жүзі қайда тартады. Дархан лебіз көңілге не оралады? Тіл қармағын қайда салам? Бір ойым — тәрбие, ғылым дүниесіне ауыссам деймін. Бірақ...

Рәуеш. Бірақ деп бәріміз де кідірудеміз.

Қайыр. Бірақ, деп кідіргенім — аянбай салысатын ортаға кездесем, тетігін де, кетігін де ұстап бағар ем.

Рәуеш. Құлашы кең, табысы мол күйеудің құшағында қалған маған не ақыл бересің?

Қайыр. Саған ба, сөніп бара жатқан сезім шоғын қайрадан үрлемейді. Көңіліне келмесін, ақ мамық төсек, ақ торғын көрпе, ақ борық нан, әппак май, ақ жібек шымылдыңтың ішінде, жанарында нұр жайнап, жүзінде күлкі ойнап жата берсен, тұңғыыққа бата бересің.

Рәуеш. Не деп барасың?

Қайыр. Қазақстанда Октябрь революциясының жалғасы енді ғана басталды.

Рәуеш. Революция болып өткен жоқ па еді.

Қайыр. Кімге қажет көк төбелі сарай. Ессіз жүрек, масаң көңілді лақтырып тастап, көктемнің гитарын қолына ап, сыңғырлата тарта жөнелу қолыңнан не келер, не келмес.

Рәуеш. Ессіз жүрек, масаң көңіл...

Қайыр. Шошыма, көктемнің басы себелеген жаңбырмен көркейеді.

Рәуеш. Жоқ, әр көктемнің әкелер жылуы мен ызғары бар Рәуаш.

Рәуеш. Біз қай ызғарына кездестік?

Қайыр. Араға түсер азабы бар ызғарына кездесіп тұрсыңдар.

Рәуеш. Сеніңше менің күйеуімнің жүрек тізгіні осы үймен қырқыла ма?

Қайыр. Осы үймен қырқылады!

Рәуеш. Ақсарының шарабы осы үйде сарқыла ма?

Қайыр. Осы үйде сарқылады!

Рәуеш. Сен де біздің үйден тіліңнен тартылып кетіп ең, неге келдің?

Қайыр. Қолжазбаларымды алуға келдім.

Рәуеш. Бопи, қайдасың?

Бопи. Қасымхан жылап жатыр.

Рәуеш. Жыласын. Мен де жылап тұрмын. *(Қалтасынан кілтін алып.)* Қара сандықтың ішінде ақ жібекке ораулы қолжазба бар. Бар да алып шық. *(Бопи кетеді. Рәуеш қалш-қалш дірілдеп тұр. Бопи шүберекке оралған қолжазба архивті алып келеді.)*

Бопи. Осы болар.

Рәуеш. Осы... *(Буған жібін үзіп.)* Өз қолыммен байлап ем, өз қолыммен шешейін.

«Ықтиярсыз мұнды сөзім, кетті ұшып жолыңа,

Мазағына бердім өзім, өз басымды қолыңа».

Маған арнаған бір ауыз өлеңің де осының ішінде.

Бопи. Күйеуің келе жатыр. *(Әли Ақсарин келе жатады. Сұп-сұр. Рұхы қашқан. Иығы салбырап Рәуеш пен Қайырға мәлие қарап тұр. Рәуеш те сұлқ. Екі қолын айқастыра ұстап үйдің қабырғасына шалқая сүйенуде. Күйеуінен болған жәйді сұрайды. Қайыр да үн қатпайды. Бәрі Ақсаринге жақындайды.)*

Рәуеш. Не болды? Үкім шықты ма?

Әли. Сапарын шалғайға тартқан екеңе үкім шықты. Бір тірлікте бір өлім. Жиырма бес жылға қоса үй мүлкі де кетті. *(Бұлардың үстіне солқ-солқ жылап Данаиш келе жатады. Оның соңынан ере келген Кенжебек аяушылық біл-*

дірейін дейді. Дана ш тыңдар емес. Шам шоғыры Дана ш пен Кенжебекке түседі.)

Кен же бе к. Қасіретінді арқалап өтейін, Дана ш.

Дана ш. Тән қорлығына кіріптар еткен өз қасіретің де жетер.

Кен же бе к. Есуастық адамға не істетпейді. Кумашы мені. Жаны жарым жалшыдан не сұрайсың.

Дана ш. Жаны жарым жалшы?

Кен же бе к. Жезде не көшір болып жалданбасам, пар жеккен желгішпен серуенге шықпасам, бәрі де жезденнен!

Дана ш. Жезде мнің тажал боп жұтарын аңғарған да жоқсың... Суық көкірегінді ашқаннан не пайда!

Кен же бе к. Апырай, менің кінәм нахақтық. Алаңғасар балалықтан тапқан азапты қосыла көтерейік.

Дана ш. Неге кетпейсің бұл үйден?

Кен же бе к. Кетер едім, сені қымаймын, Дана ш.

Дана ш. Қимастай менде не сый қалды.

Кен же бе к. Еремісің маған?

Дана ш. Тартар кейістігім алда. Кемтар болып қалсам сен де маған екі жүзденіп қарайтын боласың. Бәрі де көңілден дейді ғой... Көңілің жүдеу болса өмірдің несі қызық?

Кен же бе к. Мен кіріптар еткен дерттен сауықсаң. Арманым тірлігіме тірек тапсам, айыбымды өтер едім. Сол күнге қалай жетем. Сені аялап жетем бе? Саялап жетем бе? Бала емеспін. Бақытсыздыққа апарар жолдан сен құтылсаң... Мен де тырбанып көрер ем, Дана ш!

Дана ш. Апаң тартқан қасіретті тартпа дейсің ғой?

Кен же бе к. Тартпауымыз керек, Дана ш.

Дана ш. Тартпау деген жақсы-ау. Құр өнештің қамын ойлаған әкенің азабы, жезденің сұрқиялығы жібере қоя ма. Сәби жанда үрку бар, өксу бар. Кенжебек, бері жүр. Жездеміз келіпті. Сот үкімін тындайық. *(Екеуі Ақсаринге қарай ойысады. Сахнаның екінші мүйісінен Ақжарқын мен Шегір шығады).*

Ақжарқын. Әли ағай да келіпті.

Шегір. Мен бұларды ма, бұларды жаһаннамға жіберем!

Ақжарқын. Кіжінбе, кіжінбе!

Шегір. Параны судай сапырған сволоч, өз қолыммен түрмеге қамаймын.

Ақжарқын. Сенікі қамау, айдаудан келеді-ау.

Шегір. Түйені түгімен жұтпаса осыншалықты байлықты қайдан жинады. Сен не білесің, әкең мешіттің қорасын сыпырады. Шешен пешін жағып, еденін жуады. Сөн-

дағы алатын акысы қайыр садақадан түскен тиін-тебен. Уәделі күнімізді белгілейік.

Ақжарқын. Баспанаң да жоқ, мені алғанда милицияның жатақ үйіне апарып, күзетке қоямысың. Жоқ, әлде ет базарындағы саудагерлерге салған айып-нәлегін жинатқызамысың?

Шегір. Жақында Союзқосшыға қызметке ауысам.

Ақжарқын. Мені де шарт жасап алатын болдың ғой.

Шегір. Немен алсам да, алсам екен тезірек. Сыпайыгершілігім шамалы, мінезім тік. Байларға деген өшпенділік қатыгез ғып жіберді. Қатыгез болмай көр.

Ақжарқын. Қатыгезбін деп әкесіне күйдіріп баласын жазғыруға бола ма?

Шегір. Кімді жазғырыппын?

Ақжарқын. Рәуеш пен Данашты қорғап қап жазғырмасаң. Өз үйі өздеріне меңіреу қаратүнек болғаны да жеткілікті. Сен мені осы үйден алып шықсаң, оларды да алып шық. Маған бақыт аркалап келсең оларды да сол бақытқа жетекте.

Шегір. Жоқ. Замана қалай пішіндесе олар солай сомдалуға тиісті. Зейнетін өмірден, тірліктен талпынумен тбатын болсын. Оларды осылай сілкіп өту қажет. Не көрсе де талабынан, тандайынан, маңдайынан.

Ақжарқын. Көргеніңнен жазбай сен де шұқшия берме ендеше. Мен үй жаққа барайын.

Шегір. Бопты. *(Кетеді. Әли өз семьясының алдында. Рәуештің ортаншы сіңлісі Дәмеш, оның күйеуі Әукебай да осында. Рәуеш, Данаш, Кенжебек Әлидің сөзін тыңдап тұр.)*

Әли Ақсарин. Мені паналаған туыстар! Жақындар! Тату да едік, тәтті де едік. Биік лауазым, дәреже — барлығы да бар еді.

Әукебай *(шалқып, есіп сөйлейтін адам)*. Жоғы тек қана ізгілік. Ізгілерден не қалды, көлеңкесі ғана қалды. Қалтыраған аруағы ғана қалды. Сүйікті бажам, сенде не қалды? Сүйретілген сүлдерің, ұшқан үрейің ғана қалған.

Дәмеш. Қойсаңшы, Әукебай.

Әукебай. Тарихтың шұғыл бұрылысы. Ізгілік атаулыны жұтып жатса неге қоямын.

Әли Ақсарин. Оқығанға не жетсін, болған едік бір кезде, заң жүйірігі майталман. Жұрт жаласын, ел бәлесін қуғызған да тарих па?

Әукебай. О да тарих.

Әли Ақсарин. Қылышын суырып, оқ бораған қамалға кіргізген де тарих па?

Әукебай. Тарихтың көкесі.

Әли Ақсарин. Талайға тізгін тартқызып, тізесін сот алдында бүккіздім. Тұнып жатқан тұңғықтың түбінен асыл гәуһар да іздедім.

Әукебай. Онда жаныңызда жасқаншақтық бар еді, төбеңізде төніп тұрған жасыл аспан бар еді. Адалдық бар еді...

Әли Ақсарин. Уә, білімдар бажам, турасын айтқанға не жетсін. Рәуеш, сенің жолында суық ызғардың талайын жұтқан ем. Лауазым мен әкімдікте шертер сырым, айтар сөзім де осымен тамам.

Әукебай. Сізге дәулет үйрілткен нәп шатқалы да тәмәм болған болар.

Дәмеш. Нәп шатқалы деген не пәле?

Әукебай. Нәп дегеніміз шегініс, жаңа бір тыныс, шатқал әркімге әр қилы кезең.

Рәуеш. Не үшін шалдықтық сол кезеңге?

Әукебай. Оны байыңнан сұра.

Әли Ақсарин. Заман деген желмая. Желмаядан қалмауларыңды ойланыңдар, туыстарым. Заман деген қыл көпір, қыл үзілсе басыңнан бақ үзіледі. Заман деген епшіл, ебінді алса, жел аударған ебелекпен бірдейсін.

Дәмеш. Жезде, зан жүйрігісін, сонда, өтетін кезеңді ойламағаның ба, осынша неге...

Әли Ақсарин. Неге бейқам болдың дейсін ғой. Сен үшеуіңнің әкең, діндар әкең — ана дүниені қиялмен болжаған, хазірет, көріп кел әулие. Қағбаның жәй тасын үйде отырып сүйген, құранды төбесіне көтеріп, жиырма шаһарда қырық мешітті күніренткен. Әкең, мені бейқам етпес ерікке қойды ма? Ашқарақ көз... Жарға соқтырмай алып шығамын деген үміт... Бәрі де зая! Ендігі менің түсетін базарым торг. Аукцион! Кім көп берсе, нарқ соныкі. (Әукебайға.) Балдызымды жасаулап ұзатқан едім, сен түсерсің торгқа! (Әукебай үндемейді.) Қолыңдағы гәуһар жүзік әкеден қалған дәулеттің айғағы. Сен түсерсің? (Дәмеш үндемейді.) Кім түседі? Көзден ұшқалы тұрған дүниені қорғап қалар кім бар? (Барлығы да үндемейді. Енді Данашқа ұмтылып.) Сенің балбұл қызығыңды ерте тонаған әкеңнің дәулеті еді, сен түсерсің!

Данаш. Әкемнің дәулетін... басып қалуға жан таласқан сіздің арамдығыңыз болатын. Аянатын нең қалды? Өзің түсі!

Рәуеш. Мен түсемін аукционыңа! Екі балам, мүгедек Данаш, күлінді сыпырған Бопи, күтуші қыз Ақжарқын, бесеуімізге тиісті енші жете ме сенің аукционыңа?

Ақ жаркын. Жоқ, жоқ, өз тілеуім өзімде.

Бопи. Мен еш қайсыңнан енші сұрағаным жоқ. Құдай салды мен көндімен келемін.

Рәуеш. Иә, сені ғұмыр бойы біздің үйдің босағасына жазған. *(Күйеуіне.)* Сала бер үйінді торғқа!

Әли Ақсарин. Саламын! Қайсың аласындар? Мектепке сұрады, бермедім. Союзқосшы сұрады, бермедім. Діндар хазірет келмесе кетті. Өзім түсемін! Менен алар үлестерінді алып қалындар!

Дәмеш *(боздай егіліп Рәуешті бассалды)*. Әпке, өксітіп кетті ғой, жүйкемізді кесіп кетті ғой.

Рәуеш *(шығына асыла өксіген екі сіңлісінің қолын ақырын ғана алып, оңаша шыға береді)*. Мен неге жылаймын, сыртымды сырлағаныма жылаймын ба? Есалаң жүректің жетегінде кетіп, адасқаныма жылаймын ба? Нахақ өмір, еркіммен ер жете алмағаныма жылаймын ба? Жоқ, мен жыламаймын. Үлбіреген ернім, тоймас көзіммен дүниеге мен де құмарттым. Ақ мамықтың үстінде шолжаңдаған хазіреттің қызында, дауылдан үріккен көгершіндей зәре жоқ. Өмірдің у қосып берген сыбағасын осы үйде таттық, осы үйде әкеміздің дін құрсауынан шығармай бағындырған әлпешін де көрдік. Осы үйде тудық, осы үйде өстік. Енді міне, осы үйде күйредік. Маған ергендерің киімдеріңді алып шығындар!

Әли Ақсарин. Мен түсер торғқа жақтастарың қалындар!

Рәуеш. Арзан қалжа, мол олжаға құныққан лас әкенің қасында балалар да қалмайды.

Әли Ақсарин. Екі балаға әке керек болса сен де менің қасымда қалуға тиістісің. Балаларымнан тілеуім кесілгенде ғана айырасың.

Рәуеш. Тілеуің кесілмеген нең қалды!

Әли Ақсарин. Айырам десең жолың әне! Қара дауыл, жүз бүктеп жүрегінді езбей кетпейді. Қаңғырып, тентіреп кеп өзіме ораласың. Қазіреттің қайғысы тұл ғарып қызы! Ойлан, ойлан!..

Рәуеш. Мен ойланып болғамын. *(Кетеді.)*

Әли Ақсарин *(Рәуештің соңынан)*. Қайда барам ғой дейсің. Сені де, мені де тағдырдың осы шырмағаны шырмаған! Қайда барсаң да алдыңда мен тұсаған тұсау тұр. Жүрегінді сеніммен соққызар күн сенен де, менен де өтті! Иә, екі балаға әке керек! Әкесіз өскен ұл жетім! Айырма мені балаларымнан. *(Үйді сатудың торгі басталды. Есеңгіреп қалған Әли әлі тұр. Көзі аларып, сырттағы торғ саудасына, жаршының айғайына үн қосқандай болады.)*

Жаршы (айғайлап). Бұл үйдің ақшасы жетім балалардың пайдасына! Қазі хазіреттің құлқынына сіңіп кеткен халықтың несібесі. Үйін торғ арқылы сатып, өндіруге қаулы алды. Кім түседі? Сексен мың. Сексен бір мың... сексен екі мың...

Әли Ақсарин. Сексен үш мың, сексен төрт мың сом. (Қадамын санай басып.) Жүз мың сом, өзім түсемін торғқа! Жүз он бес мың, жүз жиырма мың, кім асырады? Бұл кәмпеске емес, бұл торғ. Өлген хазіреттің артында қалған мүлкін жұртқа үлестіріп берудегі торғ. Уа, мақшар дүние! Жауыздық атаулыны күнәға санайтын хазіреттің ихрам деп жүрегімізге құйып кеткен азап саудасы бұл, тәубеге кеш келтірген, (жалт бұрылып) менің күйреу торғім! Бұл менің тағдырдан тілеп алған тәлкегім. Жүз жиырма мың, жүз отыз мың, ха-ха-ха... (Кете береді. Қайда барарын білмей тұман ойға булыққан Рәуеш сілейін тұр. Оның қай жарға соғылары белгісіз. Музыкада арпалыс сарыны. Сол сарын Рәуешті ауыр стихияның, тұрмыстың тәлкегіне домалатып сүңгітіп жібергендей болады. Музыкадағы арпалыс сарыны алай-дүлей нөсер құйып өткендей. Қалжыраған Рәуеш кіреді. Үйдің екі бұрышында бүк түсіп Бопи мен Дариға отыр.)

Бопи. Жаным-ау, Рәуешпісің? Күр сүлдерің калыпты ғой.

Рәуеш. Неге күр сүлдер? Кеудемде шыбыным бар емес пе?

Бопи. Болнеске алдыра алдың ба әйтеуір?

Рәуеш. Орналастырмасам келем бе? Бойымды жаздырмай келген Данаштың мүгедектігі еді. Сүйретіп жүріп іліктірдім.

Бопи. Шегірге жолыға алдың ба?

Рәуеш. Жолыққанда қандай! Ол болмаса біздей қыры қашқанға кім қол ұшын беруші еді. Кеше өзекке теуіп, бүгін ауыр халімізде аяушылық білдіре қоймас дегенім берекер екен.

Бопи. Қайырымға қасың да, досың да қарсы тұра алмайды.

Рәуеш. Бізден не қайыр көрді.

Бопи. Не десен де Ақжарқынды қолымыздан алды ғой.

Рәуеш. Адамның бақытын бағу — адамдық борыш деп Қайыр айтушы еді. Ерлік істеді Шегір.

Бопи. Сауығып айығып кетсе екен айналайын. Дариғаны қайттік. Айтпақшы саған хат бар...

Рәуеш (оқып). Саратовтағы балалар үйінен.

Бопи. Қасымқан табылған ғой. Оқып жіберші. Ақсарбас... Ақсарбас! Не дейді. Бар ма екен?

Рәуеш (оқиды). Қасымхан Ақсарин деген қазақ баласы. Біздің балалар үйінде жоқ! (Хат ұстаған қолы дірілдеп.) Хат келген сайын үміттенем. Таусылмас үміт... Қадалам да сағынам... Ойлаймын да зарығам... Бопи апа, есібінді алдың ба?

Бопи. Алдым.

Рәуеш. Енді сен бұл қаладан оқымайсың.

Дариға. Қайда барамыз?

Рәуеш. Жұмыс іздейміз.

Дариға. Мені қайтесің? Интернатқа беремісің?

Рәуеш. Мен қызметке орналасқанша, тәтең жазылып шыққанша...

Дариға. Бармаймын, сенен қалмаймын...

Рәуеш. Қызым, киім-тамақ қазнадан, өзіндей қыздарды көрдің ғой.

Дариға. Олар әке-шешесі жоқ жетімдер. Менің шешем бар ғой. Апа, серігіңе жараймын.

Рәуеш. Кернеп бара жатқан ашаршылық. Әлім, күшім, қуатым азаймаса, жүрегімді жұлып алып беремін бе? Анаңның халін ойла, балам.

Дариға. Бәрібір қалмаймын сенен!

Рәуеш. Балаларын өткізіп жатқан жалғыз мен емес. Олар да сендей біреуі әкесін, біреуі шешесін жоғалтқан. (Үнсіздік.) Қасымханым, қайда ғайып боп кеттің, құлыным... Айналасы төрт-ақ жыл, қалай-қалай үйіреді мені өмір. Әкенің тағдыры анау, күйеудің тағдыры өзімен... Зауалды күнде қаға берісте қағып өткенінді білмей де қалдым. Қасымханым құлыным, іздеймін, табамын. Іздemesке шарам да жоқ. Іздеймін, табамын.

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ СУРЕТ

Арада бір қатар күндер өткен. Көлдің жиегінде колхоздың мал фермасы. Бопи сауыншы. Рәуеш колхозда істейді. Жұпыны үйдің іші толы сауыншылар киетін ақ халат, спецовка, әртүрлі киім-бұйымдар. Машинаның үстінде жағасы қондырылмаған костюм жатыр. Сырқатынан айыққан Данаш кітап оқып отыр. Омырауында алжапқыш, дағарадай қапты көтеріп Бопи келе жатады.

Бопи. Қызым-а, қызым, бері кел де, демен жібер.

Данаш (кітабын қолынан тастамай). Бопи апа, қазір.

Бопи. Күндіз-түні кітаптан бас алмайсың! Миың шіріп кетті ғой. Қойсаңшы.

Данаш (*құмартып*). Көңілімді бір ғажап дүниеге жетелеп барады.

Бопи. Не қыл дейді-ай, мынау! Демеп жібер. Белім талып барады.

Данаш (*жүгіріп кеп*). Апа, әуіп деп иығыңнан сырғыта сал!

Бопи (*күшін жинап түсіреді, маңдай терін сүртіп*). Уһ, уһ! Жидебайға жеткізіп бер десем... дәу төре келе жатыр, карсы аламын. Танау кеткен делдіп. Етек кеткен деліп.

Данаш. Ол қандай дәу? Астанада ба, облыстан ба?

Бопи. Қайдам. Марқасқасының өзі деседі. Рәуеш қайда кеткен?

Данаш. Учасковый милицияға хат кепті.

Бопи. Қасымханнан хабар болғай?!

Данаш. Әзірге белгісіз.

Бопи. Біздің босағамызға да жақсылықтың бір кіретін сәті шығар. Жарты құртты бөліп жедік... біреудің босағасында да отырдық. Отын жағып, күлін де сыпырдық. Бәрі де өтті... кетті. Бар қиыншылық артта қалды. Енді міне колхозға келіп сауыншы болып отырмыз. Құдайға шүкір, ел қатарына қосылған деген осы. Рәуеш әне, сәнді көйлек тігіп Алматыдан ақшалай сыйлық алғалы отыр. Тек Қасымханның жоғы қабырғамызға батып отырғаны болмаса...

Данаш. Қасиетті бір жансыз ғой, Бопи апа! Ана орнына ана боп әлпештедің. Сырқат күнімде менің жолымда жап кештің. Бәрінен де азабымды көп тарттың. Біздің қырсығымыз сізді де қалжыратып тұр ғой, Бопи апа!

Бопи. Қажыдым деп қашан айттым.

Данаш. Қажытып алдық... (*Бұ кезде шала мастау Рәуеш келеді.*)

Рәуеш (*басын шұлғып теңселе мөліп*). Мен байып келдім. Қойным толы олжа, қалтам толы ақша. (*Уыс-уыс ақшаны қойын қалтасынан суырып алады.*)

Бопи. Қайдан?!

Рәуеш. Ғайыптан... Тамаша! Бақ жанса бишара да тамаша! Ырысымыз енді тасыды. Жер отын малға кертіп бергендей... Шетінен кертіп жұмсандар! Қысылмай жұмсандар! Қысылмай жұмсандар! О дүниеде сұраусыз.

Бопи. Әкет, алып келген сұмдығыңның сұрауы болмай қоймайды. Бір байлықтан күйіп едік қой. Ендігіні кім тіледі сенен! Неге алдың?

Данаш. Неңе қажет болды? Не үшін алдың?

Рәуеш. Қасымхан үшін алдым. Ұлым үшін алдым!

Бопи. Қайтарып бере алмасан...

Рәуеш. Қайтарып бере алмасам қалыңмалға жатқызам.

Бопи. Не сұмдықты айтқалы келесің. Кімнің қалыңмалы?

Рәуеш. Шошыма, Бопи апа! Қазі қазіреттің қызы жетеді. Біреу емес екеу. Екеу емес үшеу. Қалағанын алсын.

Бопи. Дәтің қалай барды? Сонда тапқан өрісің кім? Құда жекжатың кім?

Рәуеш. Құдам Жидебай? Күйеу балам Далбай.

Бопи. Адам ба олар. Ар да жоқ. Ұят та жоқ... Май қапшықтан басқа сүйенер пенде табылмады ма?

Рәуеш. Май қапшықтың іші майлы. Менің құдам, менің өрісім... менің жекжатым сондай жандар. Не қыл дейсіңдер маған?

Бопи. Саған берік бол дейміз!

Рәуеш. Берік бол? Күндер өтіп жатыр. Бәрі де өздерінше...

Данаш (тіксініп). Орайын тауып байға тиіп алу да рахат!

Бопи. Не деп тұрсың?

Данаш. Иә, біз татпаған, біз жағалауын баспаған... жаңа ірге, жаңа қоныс тапқан екенсің. Мені қондыр. Оның не сөлекеттігі бар.

Бопи. Сүймесен де ме?

Данаш. Сүю деген сандырақ! Сүйгеннен бере ме? Сүймегеннен бере ме? Сиқырлы да, сындарлы да шыр айналған сәтте бір кәдеге жарасам... оған да шүкірлік... Жасай бер жасауынды, әпке! Бопи апа, жинап ал? (Ақшаны Бопиге береді.)

Бопи. Аулақ әрі, алмаймын. Алсам қолым күйсін.

Данаш (Рәуешке). Неге жылайсың?

Бопи. Сол қаныпезерлерден аулақ бол деп едім-ау. Кейінгі кездері ыбыр-сыбыры көбейіп кетіп еді... Тұра тұр... Жидебай.

Рәуеш. Оларды ашындырудың арты азап екенін неге ойламайсың! «Аш өзегінді жалғап, панама алған да мен» дейді.

Бопи. Баспана бердім деп осынша басына ма екен?

Рәуеш. Басынатынына басынады! (Үнсіздік, іштерінен тұнып, тұнжырап тұрғанда, мінезі шалкес Далбай кіріп келеді.)

Далбай. Амансындар ма? Мәлие қапсындар! Рәке, баланды іздеуге адвокат жалдап едім. (Хатты ашып.) Со-

веттер Одағында үш мың детдом бар екен. Баланың суретін бәріне жібердім. Нотариуске куәландыратын бес жүз сом пұт керек деп жазыпты. Сендерден немді аяймын, салып жібердім.

Бопи. Ненің ақысы деп жібердің?

Далбай. Осы сіз маған шырайыңызды бермей-ақ қойдыңыз, қайын ене-ау. Бұл әшейін қарындастың сақинасы ғой. Айтпақшы, сізге де арнап бір боз қасқаны үйге әкеп байлап қойып едім... жібіне оралып буынып өліп қалды. Аузыңыздың салымы жоқ екен де.

Бопи. Өзің қоса неге буынып өлмедің?

Далбай. Мен өлмеймін... мен өлуден кеткенмін. Сүйенгенді сүйрей алатын, құдайға шүкір, халім баршылық. Ойпаңға отау тіктір деші, тіктіремін. Көргенді жердің қыздарысыңдар. Айттыратын қыз табалмай келгенім жоқ. Ақсаусақ арулар! Жел қақпаған, күн тимеген сұлулар! Тек тегіне, нәсіл нәсіліне дарымай тұрмайды. Мен де бір құба арланның тегімін. Осал демендер? Әкемнің сөзі аузына сыймай бүкіл елді тыңдатқан... Иә, иә! Қырғиға қаз ілдіріп, күйкентайға қу ілдірген сайып қыран деседі.

Бопи. Сол екен ғой тегіне тартып, астыртын қалыңмал төлеп жүргенің!

Далбай. Өтірік. Ешкімге қалыңмал төлегенім жоқ!

Бопи. Шатып-бұтып болсаң... Жидебай арқылы Рәуешке қанша ақша бердің? Ақшанды ал да, жоғал әрмен!

Далбай. Асықпаңыз, қайын ене! Мен бұл ақшаны ала қояр ма екем?

Бопи. Алмадың ба, жауапқа тартқызып, сотқа берем!

Далбай. Кімді, мені ме?

Бопи. Тап сені.

Далбай. Ә, нәуетек сұлу! Сот алдына бірге барармыз, құтылып көріндер менен! Қай прокурор, қай сотыңа барасың. Қайсымыз құтылып, қайсымыз тұтылар екенбіз?

Бопи. Жоғал! Арамдықтың түтінін өз үйінде бықсыт! Бұл менің үйім... Жесір, жетім, жүдеу күнімде де жамандықтың талайын бетке қаққанмын. *(Ақшаны бетіне ұрады.)* Мен тіріде садаға кеткір. *(Далбай ақшасын жинап алып кетеді.)* Жаңа жетіп, жаңа тірілдік пе десем... құдай-ау, қайдағы пәле қайдан келеді. Тұра тұр, Жидебай, ендігі ісім сенімен болсын! Туыс болмай кеткір-ау... *(Тұра жөнеле бергенде үйге ортан қолдай жігіт болған Қенжебек кіріп келеді. Бәрі көз алмастан қарап тұр. Әдепкіде танымай, бірте-бірте шырамытады.)*

Қенжебек. Танымай тұрсыңдар ма?

Рәуеш. Қенжебек!

Кенжебек. Рәуеш апа! Кенжебегің, баурында болған Кенжебегің.

Бопи. Сықып қалыпсың, сені қай құдай айдап келді?

Кенжебек. Сағыныш. Сендерді көруге асыққан сағыныш!

Бопи. Үлкен төрені тасиды деп есітіп ек.

Кенжебек. Сол төреңіз өзіміздің Шегір.

Рәуеш. Шегір?

Бопи *(Рәуешке ымдап)*. Жә, абдырамай жүр бері. *(Алып кетеді. Кенжебек пен Дана ш оңаша қалады.)*

Кенжебек. Больницада емделіп жатқаныңда жолыға да алмадым. Хатыма жауап та ала алмадым.

Дана ш. Жауап бермесем ше...

Кенжебек. Өз көзіме өзім сенбей тұрмын. Міне енді тірі табыстық.

Дана ш. Тірі табысу да бақыт па? Іздеп жүріп тапқандағы бақытың шала жансар тірлігім.

Кенжебек. Неге көңілсізсің?

Дана ш. Үйлендің бе?

Кенжебек. Жоқ.

Дана ш. Үйленуің керек еді. Өзіне тең қызға үйленуің керек еді.

Кенжебек. Сол қыз сен боларсың, Дана ш?

Дана ш. Тәтті арманды менен күтпе... Мойнымызда қоңырау. Жел үрлесе қоса сыңғырлайды. Кезінде жаудың қызы атандық, енді міне даудың қызы атандық.

Кенжебек. Тағы да не болып еді?

Дана ш. Кімге тыйым салғандаймыз. Бұл өңір сенің қалаң емес, дала.

Кенжебек. Қалмап па еді сондарыңнан? Мен тіріде ешкім сені жәбірлей алмайды. Еремісің маған? Шегірмен келісіп келдім.

Дана ш. Сырқат кезімде Шегір ағалық борышын өтеді. Бірақ мен өтей алмадым.

Кенжебек. Шегір, бұрынғы Шегір емес, ел ағасы...

Дана ш. Ел бақытына жасай берсін. Мейрімі мол, асыл азамат.

Кенжебек. Айтпақшы қасында Қайыр да бар.

Дана ш. Қойшы, Қайыр! Қайыр ағаның кітабын оқыған сайын қызығам.

Кенжебек. Жүр, жүрші. Өзім апарып жолықтырайын.

Дана ш. Несін жетелей бересің.

Кен жебек. Кайткенде де баруың керек... *(Еріксіз алып кетеді. Қасында Далбай, Жидебай келе жатады.)*

Далбай. Мынауыс кім?

Жидебай. Шегірдің шопыры.

Далбай. Шегірің кім тағы.

Жидебай. Секретарь! Мана келген. Ана қыздың үстімізден шағым түсірмесіне кім кепіл. Не дейді өздері. Сөйлесе алдың ба?

Далбай. Не десін. Әпкем баласын іздеумен әлек. Мен саған тиемін деп уәде бергенім жоқ. Сотқа беремін дейді.

Жидебай. Онда бетінің бері қарамағаны. Менен әпкесі аларын алған. Сұрағанын бергем. Былай істе! Сені сотқа беріп үлгіргенше, сен ол қызды алып қаш!

Далбай. Зорлап па?

Жидебай. Алып қашқасын әрине, зорлайсың.

Далбай *(ақырып)*. Жок, оған бара алмаймын.

Жидебай. Онда былай істе. Махаббатымыз жарасып еді... Зұлым апасы, әлсіз, жүдеу-жадау күнінде менен аларын алды. Әлденіп алған соң сіңлісін айнытып отыр деп бар пәлені өзіне сал.

Далбай. Мен сол пәлені саған салсам ба деп тұрмын. Мені тәуір-ақ саудың, үйлендірем хордың қызына! Бай қалыңдық! Сұлуды құшасың деп, немді алмадың! Қара басқыр мен бұзау тұлыпқа мөңіреп, алданып жүре бердім. Жок, секретарьдың алдына мен де барам! Не, қорқасың, ә? Үндемейсің, ә? *(Көзі аларып, алданғанына ашына түседі.)*

Жидебай. Накұрыс, нойыс, бар, бар, маған сенің барғаның керек. Алған да айыпты, берген де айыпты. Су түбіне бірге кетесің менімен. Қалма жолыңнан, ұстап бер!

Далбай. Не деп қалам. Неге қалам. Қиын жатырсың! Малағаның бүкіл елге жетерлік. Бәрі де өзімнен! Маңдайсызға бәрі сор! Талансыздың бәрі қор! Кетемін бұл жерден. Көзім қарайып долы ашу бұған сәтте мен бірінді қылғындыра салам. Шер көкірек, тұт көкірек аптығын сонымен басады! Қара жерді жастана жатсам да кеттім. *(Үнсіздік. Түк сезбегендей.)*

Жидебай. Рәуеш! Ә, Рәуеш! *(Рәуеш келеді.)* Ана нойысты алдай да салмадың.

Рәуеш. Алдау қолымнан келмесе...

Жидебай. Алғанның да, бергеннің де сұрауы болуы анық.

Рәуеш. Менің тағдырыммен ойнауды қашан қоясың!.. Балам үшін қарызға деп алсам... Сен оны құдалық парызға жатсың... деп нойыс қараны талақша жабыстырып... байладың да қойдың! Қай ісінде адалдық бар?

Жидебай. Апырау, емеуірін білдірген өзің емес пе?

Рәуеш. Кіріптарлық не істетпейді. Есінде болсын. Ақыры саған да, маған да жақсылықпен бітпейді!

Жидебай. Жә, бұл әңгімені доғарайық. Сыйлы қонақтар кеп қалды. Көк шалғынға көрпе төсеткіз.

Рәуеш. Алып келемісің?

Жидебай. Сусын ішіп, аттаналық деп сұрап қалса сақ отырайық. Мен алдарынан барып қарсы аламын. *(Кетеді.)*

Иығында жеңіл плащ, қолында таяк, көзі қып-қызыл, айналаға қиялдана қарап Әукебай, ізін ала Дәмеш келе жатады. Дәмеш сәнді киінген.

Әукебай. Қатын, шалқар кеністікке қарап қой. Әр жотаның баурында тұнған сыр жатқан жоқ па?

Дәмеш. Қайдағы сыр, ермен, жусан да саған тарих, сыр болып көріне ме?

Әукебай. Идиот! Өнер құдіреті осында. Өзің актрисасың, табиғат әлеміне сүңгіп кірмесең, қалай актриса бола аласың?

Дәмеш. Өткен-кеткенге емініп тамашалаумен келесің.

Әукебай. Немді қираттың дейсің ғой?

Дәмеш. Бәсе, немді қираттың? *(Рәуеш келе жатады.)*

Әукебай *(Рәуешке бұрылып)*. Ә, тақаппар қайын-бікем, Каренині жоқ Анна! Қалың қалай?

Рәуеш. Не қалайын сұрайсың?

Әукебай. Дүниенің рақатындасың?

Рәуеш. Рақатындамын. Жадаумын деп қашан жалбарындым.

Дәмеш. Әпке, қайтесің мұны. Қасымханнан не хабар бар?

Рәуеш. Іздеу салып жатырмын. Неге келдіңдер?

Дәмеш. Сендерге жақын, қайнарда ашылған трактористердің курсына Әукең лекция оқуға келген еді. Сенің халінді біле кетейік... *(Өңіне қарап.)* Әпке, шаршағансың... Қажып жүрсің бе? *(Рәуеш үндемейді.)* Данаш қайда?

Рәуеш. Данаш жүріп жатыр.

Дәмеш. Бұл халде тұра беруіңе болмайды.

Рәуеш. Шақырғаныңа рахмет. Саған бардым, Бопиды қайтем? Оның ыстық құшағында сен де өскенсің. Жиһап алсан түгел ал.

Дәмеш. Бопиге айтар алғысымыз көп. Баршылықта да, тапшылықта да тағдырлас боп келді.

Әукебай. Сәби күндерінде құрсағына басқан апаларың. Бопи жесір, Бопи жетім, Бопи деген сиқыр күш, Бопи

қасын да, досын да бауырына сыйдырғыш. Шіркін қатын атаулының бәріне Бопидің қайратындай қайрат берсе!

Рәуеш. Не айтқын келеді?

Әукебай. Айтарым, соқырдың әрпін оқу көзі барға тамықтан да бетер деседі. Сендерді тәрбиелеу, сіңліңді тәрбиелеу, соқырдың әрпін оқудан да қиын.

Рәуеш. Солай, бізді тәрбиелеу қиын. Зиялы оқыған азаматтың бірісің, тарихшысың, лексия оқисың. Бет қаратпайтын долы дауылдай мінезің де бар. Өзіңді тәрбиелеу оңай ма?

Әукебай. Кезең солай, құрметті қайынбикем, кезең солай.

Рәуеш. Кезең солай ма? Онда бізді бауырыңа паналата алмайсың.

Дәмеш. Бұған менің үнім шықпайтыны белгілі ғой, әпке.

Рәуеш. Алыстан сыйласқанымыз абзал болар, Дәмеш!

Дәмеш. Періштедей әпкем, сауғаның сиыр, баққаның мал, қаққаның қара лашық үй.

Рәуеш. Мені есіркеп не қыласың?

Дәмеш. Дариғаны бізге бер, біз тәрбиелейік.

Рәуеш. Дариғаны қолдарыңа алып, оқытам десендер еріктерің. Қонақтар келе жатыр.

Дәмеш *(танып)*. Мынау Шегір ғой.

Әукебай. Қасындағысы Қайыр.

Рәуеш. Қайыр да бар ма қасында? *(Үлбіреген еріні дір-дір етіп.)* Екеуіне кездесем деп кім ойлаған?

Әукебай *(қоразданып)*. Мен кездесуді арман етіп жүр едім.

Дәмеш. Түйіле шаншылып сөйлегің кеп тұр ғой. Үлкен адамдар...

Әукебай. Жоқ, қайткенде де сөйлесуім керек.

Дәмеш. Сен көздеген бақ ырысты олар да көздейді.

Әукебай. Қатын, менің қайғым, ел қайғысы... Оны айтпай отыра алмаймын. Менен бұрын аталарымыз да Жер-үйекті іздеген болатын. Сонда жетсе ғана... соны мекен етсе ғана халық қарқ болады... Игілік-ырыс, құт, береке сонда ғана келеді.

Дәмеш. Кейін, ретін тауып айтарсың. Жүр бері. *(Еріксіз алып кетеді. Рәуеш жалғыз. Мөлдіреген жанарын аңдармай, бір орында тапжылмастан қарап тұр. Жидебай жол ашып Шегір мен Қайырды бастап келеді.)*

Шегір. Кеш қаппыз... нә, өткізіп аппыз... *(Аң-таң. Рәуеш те сұлық. Біріне-бірі тіл қата алмайды.)* Есенсіз бе, Рәуеш?

Рәуеш. Шүкіршілік.

Қайыр. Рәуешпісін?

Шегір. Сіз осында ма едіңіз? *(Үндемейді.)* Данаһ та осында ма. Дертiнен сауыққан болар.

Рәуеш. Өлiмнен қалды.

Қайыр. Халiң қалай?

Рәуеш. Не хал сұрайсыз?

Шегір. Балаларың қолында ма?

Рәуеш. Үлкен қызым қолымда. Ұлымды жоғалтып алдым.

Қайыр. Қайда жүрiп?

Рәуеш. Қаңғырып, тентiреп жүрiп. Отырмайсыңыздар ма?

Шегір *(ойланып)*. Не қызмет iстейсiң?

Рәуеш. Iсмермiн. Қол iсмерiмiн.

Шегір *(шешiле алмай)*. Балаңды жоғалтқаның қиын болған екен. Мүмкiн менi жазғыратын боларсың?

Рәуеш. Жүрегiмдi тiлiп өткен, аясына сыймай кеткен, жан сөлқылымды қозғап қайтесiз. Бiздiң үйдiң қара нөпiрiнен жиренгенiңiз сонша, сiренке тартып өртеп жiбергiң кеп тұрмайтын ба едiң, Шегiр?

Шегір. Егерде сiз құлазыған ескi жұртқа баруды аңсасаңыз, әңгiме қысқа.

Рәуеш. Қорықпай-ақ қойыңыз. Сiзге айтар мұным да, өтiнiшiм де жоқ. Жайласып отыра тұрыңыздар, қазан көтерейiн. *(Кетедi. Соңынан Қайыр да кетедi.)*

Шегір *(өзiне)*. Асылдың жүзi мұқалмапты. Көнiлiнiң тұнығын армандап кеткен күйеуi мен әкесi едi. Арманға толы дер шағы емес пе едi. Не деген төзiм, не деген шыдам. Ал, бiз болсақ, сол... *(Жидебайға.)* Сен берi, қасыма кеп отыршы.

Жидебай. Сiздiң қасыңызға отыру, жұмақтың төрi-не шыққанмен бiрдей емес пе?

Шегір. Сенi мен маған жұмақтың төрi бұйыра қояр ма екен? *(Қымыз құйған тегененi көтерiп Бопи келе жатады. Тегененi жерге қоймастан, жалп етiп Шегiрдiң алдына құлай кетедi. Тегенедегi қымыз төгiлiп қалады.)*

Бопи. Паруар-дигар! Жарқыным Шегiр-ау! Сағындық қой, зарықтық қой.

Жидебай. Не қыл дейдi мына қатын?

Бопи. Бiр көрiп қалуға арманда едiм, Шегiр-ау!..

Жидебай. Тұқшындамай тұр әрi!..

Шегір. Бопи апа, тұрыңыз. *(Тұрғызады.)*

Жидебай. Бұйырмағанға дауа жоқ. *(Тегененi алып қымыз әкелуге кетедi.)*

Шегір. Боппа, сіз де осындай ма едіңіз?

Боппа. Жаңағы бір — күндіз жусап, түнде өретін туысымақты сағалап келіп едік.

Шегір. Түнде өргені қалай?

Боппа. Ойбай-ау, кеуде мас деген сырқат бар емес пе, оған ақжорға қосылса, бастықпын деп тыраштаған мансап қосылса, ақкөз жындылығына әпербақандығы қосылса, мына көлдің қамысы өртеніп кетпей аман тұрғанына шүкіршілік, Шегір-ау. Жакында өзін шошқа жеп қоя жаздады.

Шегір. Не дейді!

Боппа. Шошқа деген ашқарақ хайуан ғой, қып-қызыл мас, түнде үйінен шығып кетеді. Петке деген шошқа бағушының үйіне барады. Оған да бой бермей, адасып, тәлтіректеп жүріп шошқаның қорасына кіріп кетеді. Ашыққан шошқалар үстіндегі костюмін жеп қояды. Құдай ақына, Шегір-ау! Ақжарқынды біздің үйден алып екі арана жеңгелікке мен жүріп ем. Бұл пәледен бізді қалай құтқарасын?

Шегір. Басқа жерге ауысқыларың келе ме?

Боппа. Саған жакындаудың ретін таба алмай жүрміз.

Шегір. Рәуеш жакындағысы келе ме?

Боппа. Рәуеш ісмер ғой, оюлап кілем тоқып бәйге де алды.

Шегір. Бізде қол өнері мектептері де ашыла бастады. Қаласа соған орналасар.

Боппа. Данаштың да машақаты толып жатыр. Кенжебек те сені паналаған екен. Жаңа Данашты ертіп алып кетті.

Шегір. Данаш сырқатынан сауықты ма?

Боппа. Сауықты. Е, несін сұрайсың, ол қыздың да хикаясы жетерлік. Кейін естірсің.

Шегір. Ол не хикая?

(Қымыз құйған тегенені алып Жидебай келеді.)

Жидебай. Жайлау шөбі асыл ғой, қымызымыз — қымыздан бөлек.

Шегір. Қоя тұр қымызыңды. Бері жүр. Сенімен сөйлесетін сөзім бар. Көлді жағалап келейік. (Жидебай барғысы келмейді.) Аларма, жүр! (Ертіп кетеді.)

Боппа (Қайыр мен Рәуешке көз тастап). А, кездескен екен. Інкар едіңдер, шөліркеп қалған жаныңды сен де бір суаршы. Қой, бөгесін болмайын. (Кетеді.)

Қайыр (сөйлеп келе жатады). Осы сапар мен үшін сәтті сапар болды. Іздер, іздер, мың-мың шақырымға көсіліп жатқан туған жеріміз, оны талай шапқыншыдан қорғап қалған ата-бабаларымыздың іздері. Тасқа жазып кеткен

жазулар. Құм көміп қалған қалалардың іздері. Арманына жете алмай аңсаумен өткен арулардың іздері жатыр... Ыстық жандар шығады алдыңнан. Сан қилы тағдырлар, мазасыз өткен күндер шежіресі. Тарихтың қара жалауы ойыңа еріксіз оралады.

Рәуеш. Көргенінді көкірегіне сіңіруге бөгесін жок кой.

Қайыр. Іздей біл, арқауы берік, өрнегі шымыр дүниені жасай біл, деп отыр, арқа сүйер азаматтарымыз. Кімнің болса да тағдырына араласуға бет бұрды. Ешкімнің де есуас тәлкіліне жібермейді. Сенің де, менің де басымыздан өткен сәтсіздік, енді қайталанбайды. Өткенге өкінбе, Рәуеш. Жақында ғана облыстық газеттен оқыдым. Сенің көрмеге апарған қол өнерің бәйгі алыпты. Құтты болсын.

Рәуеш. Сенің де соңғы жазған шығармаңды сыйлыққа ұсынды деп естідім.

Қайыр. Ұсынылуын ұсынды. Қызғаныштар қоса ұсынылып жатыр.

Рәуеш. Қалмап па еді ондай әдет?

Қайыр. Ол қалмайды. Ындыны құрығанда, қызғаншақтар көзінің жасын жұтады.

Рәуеш (*дірілдеп*). Ындыны құрығандар қайда жок. Бізде де бар. Енді мені тыңда! Іздер дедің. Жанарымнан сүйіп өткен от деміңнен не із қалды? Бұлыңғыр күн бе? Буалдыр елес пе? Иә, кейін де қиядан сорғалаған қырандай зу етіп, ойымнан өте шығып жүрдің. Соңғы жылдарда жазылатын емің көп, ақау түсірмейтін қырың көп, жаныңды тез аршып, өзің айтқан асылдың жүзі — өнерге, ғылымға тартқанын да естідім.

Қайыр (*сөзін бөліп*). Ұмытпаған екенсің.

Рәуеш. Неге ұмытамын. Баққаным сенің өсу жолдарын. Далаға қонғаның, қияға қонғаның, құпия сыр тұнығы әркімде әр қилы. Құдайдың берген дары мен адамдар тағдырына ара түскеннен артық бақыт бар ма? Сол бақытқа сен жеттің. Кемеліңе келдің... Ал, мен соның бәрінен де жүрдаймын. Бөленген сүйіспеншілігім жок. Уақыт өтіп барады...

Қайыр. Иә, уақыт өтіп барады. Біз егде тартып қалдық. Алдыңғы толқынның үлгісінен қалмай, кейінгі толқынға аға болу, абай болу борышы тұр.

Рәуеш. Мен үшін есек дәме ғой!..

Қайыр. Сен үшін қайыра сілкініс дер едім.

Рәуеш. Жастық шағым зая кетті. Жар сүйіп кенелмедім... Семья құрып жарыта алмадым... Ақыл сарабына сап, дүниені үйрілтетін кезім, көкірек толы кейіспен өтті.

Ішімнен шыққан ұлымды да көкірегіме басып сүйе алма-
дым. Бауырымда бей-жай ұйықтап жатқанда, жүзіне қарап
еміренгенде алатын ләззатта шек бар ма? Жұрдай боп
қалдым ғой, Қайыр. Менің іштегі ойларымды әлі де оқып
болған жоқсың. Несін айта берейін. Маған жасаған қам-
қорлығың сол болсын. Жоғалтып алған баламды іздеуге
көмек бер.

Қайыр. Жан сөзі. Дос парызы, Рәуеш. Баланды із-
дейін. Қалаға ауысуды қалай ойлайсың?

Рәуеш. Қалай ойлайын. Қалған тірлігімде қолым-
нан келер өнерім ине сабақтау.

Қайыр. Өз қолыма алсам?

Рәуеш. Семьяң бар...

Қайыр. Семья — соншалықты кең ұғым.

Рәуеш. Сол кең ұғымды тар қауызға сыйғызып қай-
теміз?

Қайыр. Көңілдің жарықшағы кімде жоқ. Денендегі
бір мүшенің дертке шалдыққаны тәрізді. Жанындағы
солқыл — жоғалтып алған арманды аңсатпай тұрғызбайды.
Кемеліме келсем де парасат таразысы бәрібір соған ауса
не істеймін?

Рәуеш. Өкінішке орай, достықтың ардақ тұтар асы-
лы ар тазалығында. Балаларға мен анамын. Олар әр бір
атқан таңның алауын — жүрегі жылы, жаны таза анасына
арнайды. Жоғалтып алған арманына аналық борыш-кесі-
мін айтса, аяқ астына таптауға қандай хақымыз бар!
Қайыр, бұл әңгімені доғарайық.

Қайыр. Алдымды орай бердің-ау.

Рәуеш. Орай берем. Сабақ алған өмір маған солай
үйреткен.

Қайыр. Қара шашыңның аяғыңа төгілгенін де көріп
ем. Басқан ізіңнің гүлге көмілгенін де көріп ем. Қағатын
қос қанатым да өзіңсің. Жүрегімнің соғатын сағаты да
өзіңсің деп жүргенім көрікті ой ғана ма еді.

Рәуеш. Не деп барасың?

Қайыр. Шошыма, қартайған көрі дауын айтады дей-
сің ғой. Дей бер, Рәуеш.

Рәуеш. Жок, жок. Кеудемде тұнған өз күйім бар.
Оның аты «өкініш». Жүре берем кідірмей. Не сыйса да
кеудеме. Кілті берік сенімнің. Жата берсін білінбей. Қоз-
ғай көрме жасаған. Сұрағаным, жалынғаным, Қайыр.
(Солқылдап, алақанымен жүзін басып отыра кетеді. Шегір
мен Жидебай келе жатады. Сахнаның екінші жағынан
Дүкебай, Дәмештер де келеді.)

Дүкебай. Игі жақсыларға бір сәлем.

Шегір. Сәлемет бол.

Әукебай. Кешіріңіз. Приеңізді ала алмай жүр едім.

Шегір. Алған кезде?..

Әукебай. Сіз елді аралап жүр екенсіз. Жалғыз емес, Қайырдай ғасыр сырын көңіліне тоқыған ғалымды бірге ертіп жүріп аралағаныңызға мың да бір алғыс. Мынау қу медиен дала... Лашық үйлер, құнарсыз тірлік, өнімсіз еңбек, орып-бұрып күнелткен ата-аналарымыз. Олардың қилы-қилы өмірі, кеміп қалған мал басы, қоныс ауған ауыл. Соның барлығының басын қосып көтеріп әкете аласыз ба?

Шегір. Көтеріп әкете алмасам?

Әукебай. Сіз көтеруге тиіссіз.

Шегір. Күшім жетпесе, күрсіне ойланып, күйінуім жетпесе?

Әукебай. Күрсінудің өзі де үлкен зіл емес пе?

Шегір. Сен тарихшысың ғой...

Әукебай. Тарихшымын. Кеше мен бүгін, кешегіміз ер-азаматтың жете алмай кеткен ой заңғары. Бүгінгіміз — ауылдың көк жиегін кеңейту, ертеңіміз — бет түзеген биікке көтерілу. Жылдар айғақ.

Шегір. Маған қойған сұрауды өзіңе қойсаң, ішіңнен сыбап алар едің. Тарихшылар! Қилы күндердегі ерлердің ерлігін, өсер ұрпақ, келер дәуірге жеткізетін де тарихшылар. Халық атынан сөйлейтін де тарихшылар. Жоғынды іздеу, өлгенінді тірілту, өшкенінді жандыру, қағажу қалғанға қайыра оралатын да тарихшылар. Тарих жүгі — ауыр жүк. Адамның көңіл күйін жадыратып, патриоттық сезімге көтеретін де тарихшылар. Бірің жалтақ, бірің шорқақ. Бірің итаршы... Жәбір-жападан аршып алатын аты әйгілі азаматың қаншама?! Біз бұл тақырыпқа әлі де талай ораламыз. Орысша айтқанда: никто не забыт, ничто не забыто. Сынау оңай, шындау қиын. Рәуеш, бізді дәмге қара деп, аялдатпа. Бізге әзірлегенінді (*Жидебайды түйреп*) осыған сыйла. Біз жүрейік. (*Бұл кезде үрейлері қашқан, күйзеліске ұшыраған Кенжебек Данашты сүйемелдеп келе жатады. Барлығы да шошына қарсы алады.*)

Бопи. Сұмдық-ай, тағы да неге ұшырадың, сорлы қыз? Күйреу-құлау.

Жидебай. Күйреген кім?

Данаш. Күйреген де, құлаған да сен жіберген Далбай!

Шегір. Далбай кім?

Жидебай. Ой бір жарым ес!

Қайыр. Қалай болды өзі?

Кенжебек. Ызғытып келе жатыр едім. Далақтаған біреу көлденеңнен килікті. Бізді тоқтатпақшы болды. Мен тоқтамадым. Жанаса шауып машинаның алдын орап, өлемін, өлтіріп кет, таптап кет деп гүрс етіп құлады.

Шегір (*шошынып*). Өлі ме, тірі ме өзі?

Кенжебек. Тірі. Бет-аузын қан жуып кетті. Медпунктке апарып жарасын байлаттық.

Шегір. Ол сендерге көлденеңнен неге килікті? (*Бірде-бірі ашып жауап бермейді. Үңсіздік.*) Бұл келіссіз істің тамыры неде?

Рәуеш. Айтуға да жиренішті.

Шегір (*Жидебайға*). Қалтырауың жаман, сенбісің?

Жидебай. Түк көрмей тілеусіз өтейін.

Данаш. Шегір аға, сөзді ұққанға айтады. Әулекіге ауыл малы бұралқы. Қайтесіз. Жүрелік.

Шегір. Ала кетуді өзім де ойлап едім. Иә, жүрелік. (*Жидебайға.*) Ертең ауданда болатын слетке кел. Азық-түлік, көрпе-жастығынды ала кел.

(*Кетеді. Кенжебек, Данаш соңдарынан ереді.*)

Әукербай. Қатын, ертерек біз де қалаға жетейік.

Дәмеш. Әпке, еңсенді көтартпей келген Данаштың қасіреті еді. Серпіл енді, әпке. Бізге қарай оралшы, әпке.

(*Рәуеш үңсіз, сұлық.*)

Күтемін, әпке, көшіп келіндер. Өз қолыма аламын. Хош болындар. Біріңе-бірің серік бол тұра тұрындар.

(*Кетеді. Шегірлерді шығарып сап Жидебай келеді.*)

Жидебай (*бірден түйіліп*). Мені шошқа жеп қоя жаздады деп айтқан қайсың? Сенбісің, Рәуеш? Сенбісің, Бопи? Қаланың сайқалдары! Құдайларың кеп көкіректеріңді керіп, Шегір мен Қайырға не деп көкідіндер?

Бопи. Әбестенбе, есуас!

Жидебай. Ерінің жібіп, емшегің сыздамаған қу бедеу! Сендермен арақты ішіп алып сөйлесемін. (*Қырлы стақанға арақты толтыра құйып ап сіміре салады. Көзі ала-рып екеуіне.*) Кетіндер жерімнен! Кетіндер суымнан! (*Ыдыстарды лақтырып.*) Кетіндер маңымнан! Қанғырып, тентіреп өтіндер! Табандарың шұбаумен тесілсін! Көздерің жылаумен ағарсын! Кетіндер! Кетіндер!

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҮШІНШІ СҰРЕТ

Шегір тұратын жеке особняк. Биік дуал. Сырлы қақпа. Ауланың іші сыңсыған бақ. Жапырағы төгілген жуан емен ағашының саясында беседка. Қақпаның мүйісінде будка. Күзетте милиционер тұр. Қақпаның алдына машина кеп тоқтайды.

Кен жебек *(машинадан түседі. Қасында Данаш).*
Күзетте сен екенсің?

Милиционер. Мен! Бойжеткенің кім? *(Ыржыңдай күліп, әзілдеп.)* Көзі мөп-мөлдір.

Кен жебек. Үйге звондап мазаларын алма.

Милиционер. Қыз ертіп келетінін біле ме?

Кен жебек. Ақжарқынның сіңлісі.

Милиционер. Хош келіпсің, Ақжарқынның сіңлісі...

(Үйден қызыл шырайлы, быртиған жуантық, қарапайым әйел болған Ақжарқын шығады.)

Ақжарқын *(егіле боздап Данашты бассалады).*
Господи! Данаш, Данашым.

Данаш. Ақжарқын тәте!

Кен жебек. Ақжарқын, арманы сізді көру еді. Мен айналып соғамын, күтіндер. *(Кетеді.)*

Ақжарқын *(айналдыра қарап).* Кәне, кәне! Тұра қалшы! Ғұмыр бойы кемтар боп қала ма деп уайымдаушы едім, сауығыпсың, жазылыпсың.

Данаш. Емдеуі табылса — жазылмайтын жара жок.

Ақжарқын. Айналайын. *(Ішке алып кіреді. Беседкаға қатар түзеп отырады.)* Иә, ал, қалай жазылдың? Кім емдеді?

Данаш. Шегір аға мені ауруханаға орналастырғаннан кейін сендер кеттіңдер. Менің сырқатым, Рәуештің кейістігі, жылдың ауырлығы өтіп жатты.

Ақжарқын. Мен де естіп жаттым.

Данаш. Кеудеде әлсіз соққан жүрек бар. Жанарда солғын жанған жалын бар. Екі аяқ салдырап қалды. Қаз қадам жер мұң болды. Өзімді өзім іштей кеміріп, төсек тартып жатып алдым. Бұрылуым да мұң, қозғалуым да қиын. Хирург дәрігер операция жасады. Қираған қабырғаларымды, шор боп қисық біткен сүйектерімді қайырадан жамады. Екі жылдан аса тірлігім тар көйкенің үстінде өтті.

Ақжарқын. Господи! Просто чудо!

(Данаш көзіне жас алады, Ақжарқын қосыла жылайды.) Қатар жүруді жазбаған кездер болды. Бірімізді біріміз жат көрген де кездер болды. Рәуеш көшіп келді ме?

Дана ш. Көшіп келді.

Ақжарқын. Баласы табылды ма?

Дана ш. Колхозда тұрғанда Далбай деген біреу іздеу салып еді...

Ақжарқын. Шегірдің үстінен арыз берген Далбай ғой?

Дана ш. (шошып). Арыз беріп пе?

Ақжарқын. Қызымызды шопырына тартып әперді. Ара түскенді машинамен соғып мерт етті деп арыз беріпті...

Дана ш. Менің лаңым Шегір ағаға да тигені ме? Оны білсем, бұл үйге келмейтін едім.

Ақжарқын. Шегірдің үстінен кімдер бермей жатыр арызды. Қайырды жақтайсың деп. әлдекімдер өшігіп те кетті. Комиссиядан комиссия... Шақырып сенен де жауап алам деп оқталған екен, Шегір «ол қыздың менсіз де тартқан азабы жеткілікті» деп, сені шақыртпапты. Тағы да кім еді? Сүгір... деген көксау шал, «Қазі хазіреттің қыздарын қорғап отыр» деп бюроға құлаш-құлаш арыз түсіріпті. Сол көксауды көтерген өзі еді, дүниенің бір малғұны! Оқуынды оқи бер, талай шонжарлардың қыздары оқып та жүр, шалқып та жүр. Господи, ауызға ілегіп жүргендердің бірі де сорлының баласы емес.

Дана ш. Ақжарқын тәте, мен кетейін.

Ақжарқын. Неге?

Дана ш. Мен үшін ол кісінің де басын қатырып жатқан көрінеді.

Ақжарқын. Сенің жазығың не?

Дана ш. Бұдан да жазықты бол, жаза тартқаным артық! Ыланды қыз! Соңынан сөз ерткен қыз! Аяғы күнде күтіп алар азабым шығар даушарға душар еткен. Хош бол, Ақжарқын тәте. Мені сырттан бағыңыз.

Ақжарқын. Қайдан ғана айтып ем?

Дана ш. Дер кезінде айтқанына рахмет. (Құшақтап сүйеді де, жалт бұрылады. Кенжебек келе жатады.) Сен де хош бол.

Кенжебек. Токта, қайда барасың?

Дана ш. Басында мені құлатқан да сен. Құтқарған да сен. (Кете береді.)

Ақжарқын. Жалғыз жіберме! Сен де бар! (Кенжебек соңынан кетеді. Үйден Шегір шығады. Дана шты сыртынан байқап қалады.)

Шегір. Келген Дана ш па?

Ақжарқын. Кетіп қалды.

Шегір. Неге жібердің, жүгір соңынан, ертіп кел!

Ақ жарқын (лыпылдап). Жүгірейін. (Тез жиналып қақпаны ашып шыға бергенде, алдында Дәмеш тұр. Аңтаң. Екеуі де оқыс, біріне-бірі тесірейіп қалған.) Сен неғып тұрсың?

Дәмеш. Үйлеріңді бағып тұрмын. Шошынба, Ақжарқын, Данашты жіберген мен едім.

Ақжарқын. Сенің жібергенің көрініп тұр. (Шегірге.) Шегір, қайынбикенді қарсы ал, артистке.

Дәмеш. Артистке? (Ішке кіреді.) Сәләматсыз ба, Шегір!

Шегір. Хош келдің. Сенімен өзім де сөйлескелі жүр едім. Данаш қайрылмады ма?

Дәмеш. Сізден сұрайтынымыз жәрдем ғой.

Шегір. Ақжарқын, сен бара тұр.

Ақжарқын. Немене, мен бөтен бе едім?

Шегір. Сен естімей-ақ қой.

Ақжарқын. Господи, естімей-ақ қойдык. (Кете береді.)

Шегір. Көңіліңе алма, саған жолыққанда екі жайды ескерту еді, Данаш тағдыры. Ақ тілеумен бізге еріп келсе де, арызға ілекті. Маған арқа сүйеп, шулатып кеткен менің шопырым, бауырыма алғаным балдызым, әйелімнің сіңлісі. Қай тағдыр кіріптар еткенін біліп жатқан кім бар? Сұрап жатқан кім бар?

Дәмеш. Қолданатын өз шараныз?

Шегір. Мен ешкімді де шырылдатқым келмейді. Әкеңе жазғырып шырылдаттым. Жездеңе жазғырып тентіреттім. Солай ету керек те болды. Кімді де болсын мезгілдің жарлығымен бағындыратын кезі болады. Досыңның да, қасыңның да көңіліңнен шықпайтын кезің болады. Жиренішті, жексұрын сезімнен шаршайтын кезің де болады. Арқаң жауыр болғанша ауыртпалықты арқалайтын кезің болады. Сахна өнерінің зергерісің... Иә, мен сенің күйеуінді де жауапқа тартқым келмейді. Тілдері сала құлаш. Қолы көтере алмайтын шокпарды беліне байлап алған, қайда, кімге сілтерін де аңдамайды. Балағат, лас сөздермен басшы атаулыны сыбайтынын да білеміз. Дау шыққан жерде сол. Шаң шыққан жерде сол. Жақында бастауыш партия ұйымының сайлауында «бізді пәленше билеп отыр, түгенше билеп отыр» деп ұран көтерген. Не деген сұмдық. Қойдыру керек, қойдырмасаң өкінесің, Дәмеш.

Дәмеш. Сізге жолығуға бата алмай, Данашты жұмсауым да сол күйеудің жайы еді. Орнынан алдырып тастапсыз.

Шегір. Орнынан алумен құтылғанына шүкірлік ет.

Дәмеш (*қиналып, бір жағы өтінгендей боп*). Иә, қойған кінәңізден жүректің суылы сезіледі. Зәре-құтыңды ұшыратын үрей елестейді. Алабүлік, ағат айтылған сөздері, әрине тізімде. Ешқандай шара да жоқ, қиыннан жарып шығатын Қайыр емес.

Шегір. Қайырдың самғауы бөлек жан. Орыста мақал бар: «Умеренность — роковое свойство, только крайность ведет к гибели!»

Дәмеш. Жазмышта сол қасиет бойына қонбаса, не дауа!.. Телефонның шылдырына, есіктің сықыры, қыбыр еткен қимылға құлақ түріп отырудан асқан азап бар ма? Қайырдай қыран қанатының суылын есту емес, жүрек суылына құлақ түреміз. Сол суылды шығарыңыз көңлімізден. Сіздің бір ауыз сөзіңіз, күрт түскен сынайымызды жазар еді. Оның сізге тілі тисе, сіз мейіріммен қайырыңыз. Мен үшін қайырыңыз. Бір тұрып, бір құлап жүру де бақыт емес. Құлаған жанға көз қырын сала жүру бақыт.

Шегір (*қайрауға үйренген тәсілмен*). Құлағанның тағдырына көз қырын салуға не жетеді. Бірақ бет түзелсін де, Дәмеш. Жүгенсіз күйеуінді ауыздықтай аласың. Ол жүгенсіз болса, сен ақылды бол. Жалғанда — жаулықтан да қара көңілден тазармаған сатқындық жаман. Жүрелік, сені үйіңе апарып салайын. (*Ертіп кете бергенде, Ақжарқын шығады.*)

Ақжарқын. Спектальдерің бітті ме?

Шегір (*бұрылып*). Қол соға беруіңе болады.

Ақжарқын. Спектакльдің аяғында, біреу құлап, біреу жылап, біреу сұлап жататын еді, сендердікі ызғарсыз спектакль болды ғой. Ұзағынан сүйіндірсін.

Дәмеш (*сабырмен*). Иә, бізге ызғарсыз күн керек. Тыныштық керек. Ынтымақ — оқ өтпейтін сауыт десе, тірлік түбі бірлік, Ақжарқын бауырым. Хош бол! (*Шегірге еріп кете береді.*)

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Әукебайдың үйі. Әукебайдың жан-күйі бұрынғысынан да бетер алай-түлей. Дәмеш Шегірге барып жолыққанын айтқан болу керек, Рәуеш те, Данаш та осында. Бопи киініп алған, қызметіне барғалы жатыр. Барлығы да тұнжырауда.

Бопи. Өзді-өзіміз болып шүйіркелесе қалған екенбіз. Сөзді көбейтпеңдер. Рәуеш, ісінді тік. Қызметінді істе. Не-менеге тұнжырай қалдың?

Рәуеш. Бізге кет деп тұр ғой.

Әукебай. Мені қорғап ал деп сендерден қашан сұрадым. Шегірге бардың, бар пәле ішінде бұғып жатыр. Кеудесінде шынжырлы қара төбет ұлып жатыр. Елпең қағып еңкілдедің ғой сен қатын!

Дәмеш. Еңкілдемегенде. Жаманат атаулы орнынан алумен бітсін деп құдайдың зарын қылдым. Тыңдадың ба?

Әукебай. Тыңдамадым, тыңдамаймын да.

Дәмеш. Тыңдамасаң үйінді тауып келе алмайтын күйге кезігесің, сорлы.

Әукебай. Маған бишара бол да бүрсенде, қол қусыр да монтанда! Пәленше-екем, түленше-екем, деп жарбанда, Жамантайдың көжегі (*Басын сілкіп тастап қалышылдап*). Жок, жок! Жок! Бір басшы жігерімді құм етсе, екінші басшы жүрегіме қанат бітіреді. Әукебайдың жан сырын ұғыну қиын. Ол солай жаратылған. Кафедрадан тайдырса да, өмірден мені ешкім де тайдыра алмайды.

Дәмеш. Өмірдің өзі тайдырады.

Әукебай. Мен Қайыр емеспін, Әукебай боп тудым, Әукебай боп өтемін! Шегір кім?

Бопи. (*басалқы айтып*). Шегір өзіне. Әукежанның өз бақыты өзіне. Дариға «жорамалында» оқып жүр ме, оқып жүр.

Дариға. Журналистике деңіз, апа.

Бопи. Дана ш болса медсинада оқып жүр ме, оқып жүр.

Дариға. Медицина деңіз.

Бопи. Дәрігерлік қой. Асықпаса бұлар да жатақ үйіне шығады. Сәті түссә Рәуеш пен мен де баспана тауып аламыз. Садаған кетейін, үйің тар болса да, кеулінді кеңге сақта, шырағым...

Әукебай. Маған тыныштық керек, Бопи апа.

Дәмеш. Саған керек тыныштық бізге де керек!

Әукебай. Шуылға үйренген артист емеспін. Мен оймен істейтін адаммын.

Дана ш. Жездемізге тыныштық керек. Бізге бөлісіп алар қызық, қуаныш керек. Алыстан сыйласайық, көшіп келмеңдер дедім.

Дариға. Апа, бұл үйде мен де тұрмаймын. Жатақ үйге қағаз алдым.

Әукебай. Сен қызды мен болмағанда, құлатып жіберетін еді емтиханнан.

Дариға. Құлайтын күн алда.

Әукебай. Сұм қыздың сөзін...

Дариға. Оқуға түсу оңай, оқу қиын, жезде. Апа, қара нанды көз жасыңа батырып жегенсің. Арқама салып

асырауға мен де жарап қалдым. Бір көйкеңнің үстіне сыямыз. Кетейік бұл үйден.

Рәуеш. Осының бәрі де менің әлегімнен. Бір жолғы салмағымды көтереді. Саған келіп арқа сүйенем, дәтке қуат аламын деген мен едім. Қасымқаным болса қасымда, сүйеніш іздер ме едім. Неге келдім? Шырқынды неге бұздым? Туыстан да, сырлас құрбыдан да артық бақыт сұрағаным жоқ. Біреулерге жағынсам, біреулерді алдасам, сиқырым жететін еді. Сиқыр не? Көлтiрсу ме? Сиқыр не? Рақымшылдығын сатып алу ма? Мейірім — еменнің шор боп қатқан безі емес! Жаныңа нәр, бойыңа әл беретін мейірім, жүректің аясынан орын алмаса, оны қолмен итеріп кіргізе алмайсың. Далада қар жауып тұрды. Қасымханды іздеп вокзал басындамұз құшақтап құлап қаппын. Жанымнан өтіп бара жатқан қайыршы кемпір, мені көріп, шоқпыт пальтосын шешіп ап үстіме жауып кетіпті. Қайыршы кемпірде де мейірім бар. Дәмеш, сүйіп қосылған күйеуің, біз үшін шырқынды бұзба. Бопи, жиналайық, бізге де бір баспана табылар.

Дәмеш *(булығып)*. Ер-азамат дейді-ау. Қолтығыңа бүкіл елді алсаң қайтер ең? Жәбір-жапа көрген адамдар келіп пана бол, сая бол десе қайтер ең? *(Рәуешке.)* Шырқынды бұзба дейсің, аялайтын жылуы жоқ, көңілге бейжай беретін назы жоқ, тек қана ызғырық, аяз жұтумен өткенім бе, әпке?

Әукебай. Мені түсініп жатқан сен де жоқ, қаласаң бірге кет!

(Үнсіздік.)

Бопи. Әукебай, ағаға қарап ұл өседі, анаға қарап қыз өседі.

Әукебай. Апалы-сіңлілі үшеуі, саған қарап неге өспеді? Сен кім? Бұлар кім?

Бопи. Осы жасымда қисық отырып, түзу сөйлегенді де көрдім. Түзу отырып, қисық сөйлегеннің қырсығы қара қазандай! Қума бізді! Қусаң мен де сені сілеп кетем.

Данааш. Апа, жалынып қайтесің?

Бопи. Тіріде пенде баласына жалынып көргенім жоқ. Сендерді де жалындырмаймын. Қол көтеріп көрсін, туысымақ, жақынсымақ! *(Үй ішінің талқанын шығарады. Әукебай беттей алмай, төргі бөлмеге кете береді. Кенжебек кіріп келеді. Үйден киімдерін киіп Дәмеш шығады. Кенжебек жайсыз жайға батылы бармай жалтақтап қарап*

тұр. Кенет ызаға шыдамай төргі үйге беттейді. Дәмеш жолын кес-кестеп жібермейді.)

Дәмеш. Барма!

Кенжебек. Мен оны форточкеден лақтырып жіберем.

Дана ш. Лақтыруға дәнiккенсiң.

Кенжебек. Неге қуады?

Дана ш. Кiмнен, қандай қайырым. Дүнненiң төрiне шығаратындай үмiтпен алып кеп ең, не шығардың?

Кенжебек *(торығып)*. Түк те шығарғаным жоқ. Ең болмаса, маған пәтер үй берсiншi, жинап алмасам...

Дана ш. Сен бiздi жинап ала алмайсың.

Кенжебек. Жүрiндер, ерiндер, көрiндер, менiң жатақ үйiмдi. Көңiл сыйған жерге бәрiмiз де сыямыз...

Рәуеш. Ықласынды бiлдiргенiңе де рахмет, шырағым.

Кенжебек. Бүкiл қаладан сендерге деген үйдiң есiгi ашылмай тұрған болар. Қосыла iздейiк, кiлтiн қолға алсақ, ол — бiздер үшiн бақыт кiлтi. Сол үйде бәрiмiз де табысамыз. Сол үйде салтанат құрамыз...

Бопи. Тiлеуiңнен... Кеттiк ендеше, қолда жоқ кiлттi iздеуге.

Кенжебек. Мен машина алып келейiн. *(Кетедi. Тағы да үнсiздiк. Ойда жоқ жерде, қасында Қасымхан, Далбай кiрiп келедi. Алты жасында жоғалып кеткен Қасымхан, ержетiп қалған. Жасы он бес, он алтыда. Далбайға деген өшпендiлiк Қасымханды бiрден таныта қоймайды. Бәрi де шошына қарап қалған.)*

Далбай *(Қасымханға)*. Бiз қайда кеп тұрмыз, бала?

Қасымхан *(басын шайқап)*. Бiлмеймiн. Бұлар кiм? Сiздiң жақыныңыз ба?

Далбай. Бұлар — маған қара қаска дұшпан.

Қасымхан. Дұшпаныңыздың үйiне неге әкелдiң?

Далбай. Сен арқылы алдарынан өтейiн. Мынау тұрған сенiң туған анаң Рәуеш.

Рәуеш *(көзi бұлдырап, жүрегi алып ұшып)*. Алла-ау! Алла-ау! Бұл не жаңсақ! Қасымханым, боздағым?..

Қасымхан *(ұмтылып)*. Мама! Мамам!

(Өкiре боздап бассалады.)

Бопи *(зарлап қоя бередi)*. Ақ-сарбас, ақ-сарбас! Құрмалдық! Ақ-сарбас! *(Дәмеш пен Данаштың да көздерiнен жас парлайды.)*

Рәуеш. Күнiм, жарығым! Қасымханым! *(Құшақтай бередi. Үнi шықпайды.)* Он жыл көзiмдi суалтқан жарығым.

Қасымхан (*құшақтап жібермей*). Мама, мама, менің мамам... қандай кісі деп ойлаушы ем. Сенбісің менің мамам?!

Рәуеш. Көзіме қарашы!

Қасымхан. Жоғалғанды көзден ғана айырады. Менің көзім кімге тартқан?

Рәуеш. Сенің көзің — маған.

Қасымхан (*жан-жағына аңсарын аудара қарап*). Мына кісі кім?

Рәуеш. Сені әлдилеп алдына алған Бопи әжең.

Қасымхан. Бопи әжем, әлди-әлди, бөлди... шөлди...

Бопи. Жарығым-ау, ұмытпапты.

Рәуеш. Дәмеш апаң.

Қасымхан. Білмеймін, есімде жоқ.

Рәуеш. Данаш тәтең.

Қасымхан. Данаш. (*Ойланып есіне түсіріп.*) Қолтығындағы балдағы есімде. (*Далбайға меңзеп.*) Сендерді осы кісінің адресі арқылы іздедім. (*Далбайға.*) Сіз неге отырмайсыз?

Далбай. Кетуім керек. (*Қасымханды қоршап ішке қарай алып кетеді.*)

Данаш. Иә, сөйтіп, Далбай, қарымын осылай қайтардым де...

Далбай. Осылай қайтардым.

Данаш. Жаныңа осыншалық жылу берген кімнің оты?

Далбай. Сенің жан сүйсіндірген ерлік отын.

Данаш. Мен жаққан оттың қызуы ма, саған Қасымханды іздеткен? Әлде рахымшыл жан боп, баласын алдына тартып, күнә-сұмдығыңнан арылудың амалы ма?

(*Далбай үндемейді.*)

Тосын көзге ғажап. Кеудеде бұғып қалған ұяң сезімді қайыра оятқандай боп тұрсың. Кел, сенен құтылуым мұң, шырай беруім тамұқ болса да, отыр, сыйлы қонағым бол!

Далбай (*батылы бармай*). Қонақ болу үшін келгенім жоқ. Мені ұқпай тұрсыз. Қас қағым уақытта мен сенің ерлігіңе сүйсінгенмін. Күрт түскен сынайды жадыратқан да сенің асылдығың. Жақсыдан шарапат демей ме. Мен қапы ұрдым. Мінезімнің нашар жақтарын жөндеуіме себепші болған сендердің шарапатың. Қате жіберген істерімді мойындауға тура келді. Мені Шегірдің қаһарынан арашалап қалған да... сендер. Баланы іздеді ме? Шегірдің сендердің алдарында өтейтін адамшылық қарызы еді. Енді мені Шегір де кіналамас. Хош бол! Бақытыңа жеті! (*Кете береді. Үйден жұлқынып Әукебай шығады.*)

Әукебай. Адам — бір ғафыл дүниеге, деп бекер айтпаған. Қасымқанды тауып әкелген азамат қайда? Тағдырлар, қилы-қилы тағдырлар... осылай табыса берсе ғой. (Үйге Қайыр кіріп келеді. Әукебай оған бірден.) Бақ, талабы асқан ағамызға бас идік!

Қайыр. Тағзым ететін — мен Римның папасы деп тұрмысың. Рәуеш қайда? Баланы тауып әкелген азамат келді ме?

Әукебай. Келді. Аялдамады. Сіз жіберіп пе едіңіз?

Қайыр. Алдымен маған келді. Сан сапардағы сапырылыста жоғалып табылған жандар болған ғой. Жоғалуынан табылуы ғажап. Бір тағдырдан бір тағдыр!

Әукебай. Сіздің тағдырыңыз да ғажап емес пе, жақсы аға?

Қайыр (ойлана қап). Не деп тұрсың?

Әукебай. Қиыр жол, шиыр жол, шөл де, өр де сізге бәрібір.

Қайыр. Сұрауларын жұмыртқадан қылшық іздеген нойыстай қисық-қисық.

Әукебай. Өзіңізбен бірге кемеңгер ойдың ұрығын сепкен қимас достарыңа қарайламай кетуге бола ма?

Қайыр. Кемеңгер деп кімдерді айтар едің?

Әукебай. Қараңғы түнде жол тауып шыққандардың барлығы да кемеңгер. Олар бір қадам болса да тарихты ілгері жылжытып кетті. Оларды заманның өзі шыңдады. Өзі жетеледі. Неліктен сіз жалғыз қалдыңыз?

Қайыр. Жүректен шықпаған сөз, жүрекке тура жетпейді. Күжілдеген барабан тәрізді, сөздеріңнің дүңкілі бар да, лүпілі жоқ. Ә, иә, жаңа түсіндім. Кафедра, кафедрадан тайдырған...

Әукебай (кимелеп). Шешем мені кафедраны басқарсын деп туғызған жоқ. Соқтығып тұрғаным — соның қитығы деп ойлауыңыз... Үлкен адамсыз, сіздің атыңызды бас әріппен айтамыз. Қазіргі тілшілер соны, сүбелі тілді сөзден келтіреді. Неліктен сіз қор болған махаббатты оятуға құмарсыз? Манаурап ұшып, маңынан шықпайсыз?

Қайыр. Бетіңді енді түзедің. Сезім ұшқындарына жаңа тидің. Махаббатта қорлық жоқ. Оны қорлаушылар бишара жандар. Періште боп оятып, жаудыраған жанарының жасын сүртіп уатпаған жігіт жігіт пе? Сен маған жалғызсың дедің. Менің лауазымыма тіл тигізіп жүргендер де аз емес. Қылп етіп қынжылмаймын. Мен үшін күн барда құйып өткен соқыр жауын тәрізді. Ал, жақсы көрген жаным тіккен жанарымды сөндірсем менің қоса сөнгенім. Кібіртіктеп айталмай тұрғаның Рәуешпен арадағы

достық қой. Ол достық — атар таңның самалымен бірге кірген. Ол достық — ұясына құлаған күннің арай шапағына бірге оранған. Ол достық талай күрсіндірген. Айрылуымыз мұң, қосылуымыз қиямет болған. Енді сенің өз жайыңа келейін. Аласұрма, адалдықпен жүрген жайсың. Құлашыңды ентіге сілтеумен келесің. Ендіккен адамның ұзақ сонарда өкпесі тез қабынады, тез шаршайды.

(Үйден Рәуеш шығады. Есін жиғаң. Өңі кірген.)

Рәуеш *(Қайырға, көңліндегі қуанышын сыйғыза алмай)*. Қайыр, Қайыр?!

Қайыр. Қуанышын баянды болсын.

Рәуеш. Қайыр-ау, қым-қиғаш өмір, қиюы қашқан көңіл. *(Күрсініп.)* Уһ, дегенімде өзегімді өртеп шыққан өксік басылды ма? Жоқ па?

Қайыр. Қызыл іңірің, қуаныш қызығың қайыра оралса, неге басылмайды.

Рәуеш *(теңселіп, көзінің жасын тыя алмай)*. Ойымнан әлі шығар емес... Қызыл іңірім, қуанышымды қайыра оралтқан саған мол ғып берген жомарт шапағатың шығар. Бәрін де естідім... Далбай бізге қас дұшпан еді, дұшпанның жүрегін жылытып, баламды іздеткен сен екенсің. Жол сілтеп тапқызған да сен болдың. Ризамын, ризамын.

(Мойнына асыла кетеді.)

Ш ы м ы л д ы қ.

БЕСІНШІ СУРЕТ

Соғыстың алғашқы айлары. Рәуештің пәтері, жұпыны, тар. Баяғы іс машинасында көзі сығырандап Рәуеш әскери фуфайкенің түймелерін қадап отыр.

Бопи *(сырмақ фуфайкені аң)*. Қай бейбақ үстіне киер екен? Шұрқ-шұрқ оқ тесе ме, өрт шарпи ма? Алла-ау, заман не боп барады?

Рәуеш. Заман соғысқа ауды. Әукебайды да шақырып па әскерге?

Бопи. Шақырыпты.

Рәуеш. Дәмеш үйінде ме екен?

Бопи. Театрымен гастрольге кетіпті.

Рәуеш *(фуфайкенің түймесін қадап болып, ішкі бөлменің есігінен қарайды)*. Ұйқтап жатыр екен, түнімен ұзақ отырып хат жазды.

Бопи. Қызына ма?

Рәуеш. Көрпенің астынан сығалап қарап жаттым.

Жүрегін үзіп бергендей егіледі. (*Үстел үстінде қалып қойған Қасымханның хатын алады*).

Бопи. Оятып алмайық, ақырын оқып көрші!

Рәуеш. (*оқып*). Светлана! Райхан гүлім. Мен сені түсімде көрдім. Екеумізді, қанғырып саңырауқұлақ теріп жүргенімізде бір солдат қолымыздан жетектеп детдомға әкеп тапсырған еді ғой. Он жыл жоғалтып алған шешемді аңсадым. Сен үлкен апанды аңсадың. Менің шешем табылды, сенің апаң табылмады.

Бопи. Алда, құдай-ай, екеуін бірге тауып алған...

Рәуеш. Екеуі бір партада отырған. (*Ілгері оқып.*) Саған қалай жетемін, сен маған қалай келесің? Соғыс киіп кетті, соғыс жолды тарылтып барады. Соғыс арманымызды үзгендей боп тұр-ау!

(*Сырттан Дана ш кіріп келеді. Рәуеш хатты жасырып көрсетпейді.*)

Дана ш. Қос жесірлер! Сендер не шешіммен келгенімді білмейсіңдер ғой.

Рәуеш. Тағы да не боп қалды?

Дана ш. Дәрігерлік институттан оқи алмадым. Шәй фабрикасына кіріп ем, көңілім қаламады. Совнаркомның түнгі дежурствасында... почта қағаздарын қабылдау қызметі — аясы тар, жүгірінді қызмет болды. Сүймедім. ЦК-а Комсомол снайперлердің курсіне жіберетін болды.

Рәуеш. Соғысқа ма?

Дана ш. Соғысқа. Табан аузында өтінішімді жаздым. Жазып отырып, көкірегіме шок толғандай болды...

Рәуеш. Қолыңа пугаш ұстап көрген жоқсың, сенен қайдағы снайпер.

Дана ш. Менен бе, жан-дүнием қаласа...

Рәуеш. Кенжебек не қылды?

Дана ш. Алматы — Фрунзеден құрылған дивизияда.

Рәуеш. Сенің кеудесінен итеріп тастаған каприз мінезің ақыры соғыспен тынды де.

Дана ш. Көзіңнен жасың ыршып кетті. Бопи апа, мұндайда сен ғана беретін едің ақылды...

Бопи. Найпыр деген не өзі?

Дана ш. Мергендік.

Бопи. Е, мергендік пе? Мылтық атуды да оқыта ма? Оқу шіркіннің оқытпайтыны жоқ екен. Түсініп тұрмын. Не үшін қаладың, не үшін бел будың, білемін. Бар, оқы да, бағынды аш!

Рәуеш. Өлімге ме!

Бопи. Ертәуекелге — өлім де бір, өмір де бір... Барсын.

Рәуеш. Жоғалып табылған баланың көңілі қимас қызына тартса, сенің көңілің майданға тартса, біздің күніміз не болады?

Дана ш. — Сендердің күндерің — тек қана мақтаныш. Сіңлім — майданда, ұлым — қолымда. Бопи — қасымда. Өзің — фабрикада, Шегірге барасын да сен де бұлданасың, «зауалды күннен біз де өттік, біз де үлесімізді қосып жатырмыз. Біз де мандай терімізді сыпырып жатырмыз. Біз де соғыстың ауыртпалығын жұртпен бірге көтеріп жатырмыз». *(Фуфайкені алып киеді.)* Оқ тессе де, от шарпыса да осы фуфайке маған бұйырған екен. *(Жиналады.)* Мен жүремін... *(Төргі бөлмеге кіреді. Ұйқыдан тұрған Қасымхан келеді.)*

Қасымхан *(ізден)*. Апа, хатымды сіз алдыңыз ба?

Рәуеш. Үстел үстінде қалдырыпсың. *(Береді.)*

Қасымхан. Түсімде тағы да көрдім. Апа, бір айға босатшы!

Рәуеш. Шақырып алғызайын, ақша жіберейін.

Қасымхан. Донбасты біздің әскерлер тастап кетті. Ставрополь мен Краснодарда қанды қырғын соғыс...

Рәуеш. Балам-ау, баратын жерінді жау басып алса қалай барасың?

Қасымхан. Не болса да бара көрем...

Рәуеш *(қысылып)*. Бері кел, Дана ш. *(Дана ш әскери киімдерін киіп алған, жүруге әзір.)* Естідің ғой?

Дана ш. Естідім.

Рәуеш. Қайсыңның тілегінді орындайын?

(Дана ш бірден айта алмайды.)

Рәуеш *(бимағұлым үнсіздік, ұзақ жауап күтеді)*. Кемсең қаққан Бопиды да, мені де жан солқылына кіріп-тар еткен екеуіңнің тағдырын еді. Қиын жерден бақыт іздеу, армандау да керек шығар. Айрылысып та көріп ек, бірімізді біріміз аңсай жүріп табысып та көрдік. Аз күн де болса соның қуанышын бойға сыйғызбай, енді тағы да айрылысқалы тұрмыз. Тағы да талай қаусармыз, алда талай аңсармыз. Екеуіңнің де тілеуің болсын. Ізгі хабарыңды жанымды жая күтейін. *(Дана штың маңдайынан сүйеді. Дана ш қарайлап Бопи мен Рәуешті әлсін-әлсін құшақтап қоштасады да, кетеді.)* Балам, сенің де сапар жолыңның ізін барлап көрейін. Жүр, балам, кеттік военкоматқа!

Шам сөнеді. Қайыра жанғанда Рәуеш пен Бопи Қасымханды поезға шығарып салуға келген. Әскери эшелон. Тартылған гармон. Майданға баратын жауынгерлермен біреу өксіп, біреу жылап, енді біреулер айқара құшақтап қоштасады. Рәуеш баласын өз бетімен жібермей военкомат арқылы әскери эшелонға қосып жібергелі тұр.

Рәуеш. Колымнан келген жәрдемім — осы балам. Әскер жасына толған да жоқсың. Толмасаң да аға-бауырларыңның қатарына қостым. Көңіліңді жасытпайын. Бір мектепте оқыған, бірге өскен достарыңнан айырмаймын. Соғыс, сұрапыл соғыс, оқ бораған дүлейдің арасында ада-сып қап, серік қызың жаутаң қағып жылап отыр ма! Әлде түн жамылып, сенің келуіңді тілеп отыр ма? Жанымды бөліп бер десең берейін. Ол аз болса, анаңның ақ жүрегін қоса ал. Сырың бір, арманың бір дос қызыңның жолына құрбан қып шал, балам!

Қасымхан. Апа, егілмеші! Нәресте күнімде де сүйеушілер табылған.

Бопи. Ер азығы жолда дейді, балам. Үзбей хат жазып тұр.

Қасымхан. Үзбей жазып тұрам. *(Қоңырау қағылады. Сыртта команда: «Вагонға!» Қасымхан кетуге асығады. Ана көкірегі қақ айрылып Рәуеш баласын жібермейді. Әлсін-әлсін құшақтап сүйеді.)*

Бопи. Жасытпа баланы.

Рәуеш. Түсте көрген елестей боп кетіп барасың-ау, балам!

Қасымхан. Апа, мейірімің көкірегіме күш толтырды. Өлмеймін, ақтаймын, апа. *(Қоштасады. Кетеді. Бопи мен Рәуеш көз алмастан қарап тұр.)*

Рәуеш *(өзіне).* Қыршын боздақтар. Туыстарымен қош айтысып әр қайсысы өздерімен бірге армандарын ала кетті. Тағдырларының не боларын жаудыраған көздерінен ғана ұғысты. Оң сапарға қыршын жастар!.. *(Шам сөнеді. Арада бір қатар айлар өткен. Сахна Шегірдің кабинетіне ауысады. Жеті-сегіз телефон. Кең бөлме.)*

Шегір *(көңілі төмен тартып қағазды оқып отыр. Жүрегіне ине шанышқандай күйзеліп).* Заман тезіне түскен үш қыз еді. Үшеуінің де тағдыры айғыздап кеткен жота тәрізді. Жандары тілім-тілім. Бұралаң жолдан шығуда мені паналап, мені сағалаған еді. Панама сыйғыза алдым ба? Шұғыл бұрылыс. Қаңтары мен қатқағы өзіңе қауіп боп төнсе не амал? Кіші қызы Данаш соғыста қаза болған. Хабарын үйіне жазбай маған жазған. *(Қайыр кіріп келеді.)*

Қайыр. Суық хабар қаралы халды естіртуге шақырған екенсіз.

Шегір. Панфиловтың қазасын естідің ғой?

Қайыр. Естідім.

Шегір. Жиырма сегіз жауынгер жау танкісімен жол-

барысша жұлысқан. Жиырма сегізі де өлген. Олардың ерліктерін соғыстың зауалы жұтып жатқан көрінеді.

Қайыр. Кім жазыпты?

Шегір. Сегізінші гвардия командирі Момышұлының хатында былай дейді. «Қырық жыл қырғын болса да, ел дәстүрінде жабығу мен жадырау қатар жүрген. Жоғалтқан жақсыларына, сынған асылдарына жабығарсыңдар. Ұл-қызыңа, өсер ұрпаққа жарық үміт қалдырған ерлігіне бас иіп жадырандар, бауырлар. Жалынды сезім қашан да қатар жетіліп, қатар толыспақ. Толысыңдар, бауырлар»—деп бітіреді. Маған бәрінен де қағажу көрген семьядан шыққан Данаш қыздың қайғысы батады.

Қайыр. Жетем деп талап етіп, қия жар қырқаны басқан өр қыз еді.

Шегір. Панама да алдым.

Қайыр. Алдыңыз. Бәле-жалаға ырық бермей алдыңыз.

Шегір. Күйігі кеудеде жанып болғаннан кейін күйінетін әдетіміз. Шырағы өшкеннен кейін ойлаймыз. Тірілігінде я шаттығына, я қайғысына селт етпейтіндер де бар... Неге бұлай? *(Шегір орнынан тұрып кетеді.)*

Қайыр. Ол солай, Шегір жолдас! Айналаң қаншама тымық болса да жел қақпай, аяз қарымай тұрмайды. «Өзім» деген меншілдік жетім қақырықтай жабысып қалмаса бәрібір көңілдің кірі аршылмайды. Мақтаныш, мадақты қолдан жасап берсеңіз де іштей егес аңдысудың қиян кескі дәрекілігі аяқтан алғызбай да тұрмайды.

Шегір. Қашан арыламыз?

Қайыр. Ыңғайластық, жерлестік, жүзге бөліну ғылым мен өнерде белең алып барады... Луначарский айтқандай: «бойларына шағын емес данқ, дәреже атаққа ие болу ғылым мен өнерде болмауға тиісті... Өнер тарихының шежіресінде ондайларды Энгельс Маркске жазған хатында «Дурацкое празднество» деп айтқан болатын.

Шегір. Оның рас... Өнер мен ғылымды атақ данқпен шулаған тойға айналдыру өнер-білім қайраткерлерін есіртпей қоймайды. Діңкені құртып тұр. «Ағаштың аласасы, биігі бар. Адамның адалы бар, сұйығы бар» деп халық беркерге айтпаған. Жақында сенің данқы зор әріптесің сені қамауға ал деп маған үш дүркін ұсыныс кіргізді.

Қайыр. Білемін.

Шегір. Ол, сенің абырой-беделің аспандап барады, біздің арамызда болмаса екен деп қамығады. Ол сенің өрге басқан өнерінді қызғанады. Бүкіл Одаққа белгілі бола

бастаған беделіне күйінеді. Сіздер ойлайсыздар, жұлып неге тастамайды? Бәрі де уақытқа байланысты. Өшкенінді тірілтетін де уақыт. Әлсізінді күшейтіп, мешеуінді жүргізетін де уақыт. Мысалы мына сен. Жүрек күйін тынбай шертіп келесің. Жылағанды уатып, күйінгенді қуантып, қыранша самғап, алдыңа жан салмастан келесің. Саған түсер жарықты бұдан былай ғылым мен өнерде жасаған өшпес мұраңнан іздейді. Бері, менің қасыма кеп отыршы. (*Қайыр отырады. Қолын айқара мойнына арта тастап*). Саған айтпаспын деген сырым еді... Жүрегіңнен орын алған Рәуеш, сенің мерейінді көтерді. Неге көтерді? Ғажайып күнге жетерін сен де күттің, о да қатарға қосылар шақты аңсады. Кішкене жүректің бүкіл ел сенімін ақтағанына кім сүйсінбейді. Мені де сүйсіндірген сіңлісінің ерлігі. Апасына қазасын қалай естіртеміз?

Қайыр. Үлкен трагедия. Өзіңіз естіртіңіз. Траурлық салтанатпен де естірткен жөн болар.

Шегір. Елеусіз біреуден естіп қалса келіспес. Баласы қайда! Қолында ма?

Қайыр. Баласы бірге оқыған жан серіктеріне кетіп қалды.

Шегір (*сүйсініп*). Отты бала болды ғой!

Қайыр. Баланың өршіл санасы қимасын іздетпеу еркіне қоймады. Ақыры әскерлерге ілесіп тайып тұрды.

Шегір. Аман-есен жетіп пе?

Қайыр. Бас штабтан жолдама алдым деп шешесіне телеграмма беріпті.

Шегір. Шешесі қабылдауымда күтіп отыр. Үш айдан бері маған жолыға алмаған. Қасынан сәлемдесіп өте шықтым. Байқаймын, көзінен сараң тамшы үзіліп түскендей. (*Қнопканы басып көмекшісін шақырады, көмекші кіреді.*) Күтіп отырған әйел кірсін.

Көмекші (*басын изеп*). Макұл. (*Дауыстап.*) Рәуеш Ақсарина, кіріңіз. (*Жүзі солғын Рәуеш кіреді.*)

Шегір. Сәлеметсіз бе, отырыңыз.

Рәуеш (*отырмай*). Келген шаруамды түрегеп тұрып та айтуыма болар.

Шегір. Айтыңыз. Кезінде қабылдай алмағанымға кешірім. Көңіл-күйіңіз қалай?

Рәуеш. Үй ішім жым-жырт, жарығым әлсіз. Баспанам подвал. Жан сергітер — қызық қуанышым балаларым еді. Сіңлімнен хабар жоқ. Арқа сүйер ұлыммен де қош айтысып майданға шығарып салдым... Иә, сіз маған күнгірт дүние құшағында қалған өз бақытсыздығыңнан деген едің. Сол бақытсыздықтан арашалап алған өзің болдың. Қайыр-

ға мейірім төккен екенмін. Адалдыктан әрі бара алдым ба! Бара алмадым. Сіздің маған ызғар шашып, қатулы қабақ, жиреніш сезіммен қараған кезіңіз де болды. Енді міне көңіліме нұр құйған кезге де жеттім...

Шегір. Көңіліне нұр құя алсақ бізге де мерей. *(Шегір де ойланып қалған. Қайыр айта түс дегендей қарап тұр. Рәуеш атыла қарады.)* Сабыр етіңіз. Сіз ыстық ұяңнан безіп шыққан сәтте-ақ нұр құшағына кіруді аңсадыңыз. Сіз Отанға туған сінліңді бердіңіз. Адасып табылған ұлыңызды бердіңіз. Анамын, советтің азаматымын деп мақтанып айтуыңызға болады. Сіз маған не айтам десеңіз де еріктісіз. Бірақ та сіз қажымаңыз. Дәл осы арада сіздің қайратыңыз дауыл тұрса да құламайтын жартас сияқтысыз.

Рәуеш. Жел қаққан, сел мұжыған деңіз.

Шегір. Жел кімді қақпайды, аяз кімдерді қарымады. Сізді де қарып өтті. Сінліңнің хабарын естідің бе?

Рәуеш *(шошынып)*. Не дегелі келесіз?

Шегір. Не дегелі келеді дейсің... сінліңіз...

Рәуеш. Өзі тілеп майданға аттанғаны кеудеме енді ғапа кірген жылудай үмітке жетелеп еді. Ол мерт боп ба? *(Шегір айта алмай тұрып қалады.)*

Қайыр *(көзіне жас алып, даусы дірілдеп)*. Жанымызды күйдірген хабар келді, Рәуеш. Бауырың енді қайтып оралмастай соғыста қаза болды.

Рәуеш *(сұлық, жанарынан ыстық жас бірден төгіле қоймайды. Үнсіз. Іштей тығылып тұр. Біртіндеп қара шашы жәйіліп бетін жабады. Омырауын ашып «уһ» деп күрсінгенде оның ағыл-тегіл үні де шығады.)* Не естідім? Менің енді жылауға да хақым бар шығар. Бірақ мен жыламаймын. Ер азаматтарды жыққан оқ, менің сінлімді қоса жықса мен үшін о да мерей. Тым ерте жанып еді. Ерте сөнді бауырым. Не дейін. Не деп боздасам да қайтып маған келе ме? *(Қайратын жинап.)* Шегір, мен саған мөлдір сыр шертейін деп келіп ем. Төзімімді жоғалтқандай қайғы жұтып қайтатын болдым. Мен, сенен өнер мен білімге талпыну талабымды айтайын. Соған көмек бер деп келіп ем. Ол тілегім де айтпай жатып ішіме жұтып қайттым. Мен сенен қыз күнімде құлпырған шағымда Иса мен Әміре шалқыта салған әнімен, нөсерлей төккен жыр қанатымен мені де желпіп өткен еді. Тас мола тақыр табытқа көмілгеннен бері солардың бастарында қоршау да жоқ. Соларға ескерткіш орнатуды тілек ете келіп ем. Өз сінлімді де еске алар ескерткішін естіп қайтатын болдым!

Шегір. Тілеуіңнің бәрі жөн. Ізгілік те, ерлік те, ма-

жаббат та соғысқа ауған шақта, Рәуеш, тілегінді түгелдей орындаймын деп айта алмаймын. Арман жарығы да ұмыт қалған азаматтардың бастарында лаулап жануы анық. Сінліңді қанжардай өткір қайраған — сенің тәрбиен. Оның жаны кекті қайтарған оққа айналуы да, сенен ауысқан қасиет. Енді өзіңе берік бол. Қайғынды қоса көтерейік. Азамат болып көтерейік. Бүкіл ел боп ардақтайық! *(Қасына келіп көзінің жасын сүртеді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда сахна Рәуештің үйіне ауысады. Рәуеш пен Бопидың алдында Данаштың суреті басылған бірнеше газеттер жатыр.)*

Дә меш *(қара жамылған. Дел-сал)*. Ал, қалай, сұлу көркінмен, сымбатты ажарыңмен, Рәуеш десе ішкен асын жерге қоятын, үлбіреген бұраң бел, сен жетуің керек еді, мұндай даңққа. Мен бөленуім керек еді атаққа! Басым мең-зең. Бүгін репетицияда отырып, қазіреттің қыздары, күйеулері, тұрмыстың күйбеңінен аса алмаған, тірлігінде дүниеге сілемдей септігін тигізбеген, саудагерлер! Жалдап-тар! Құлқын мерез күйдіргілер!.. Бұрын-соңды естіп көрмеген даңққа бізді қалай жеткізді.

Рәуеш. Күндеймісің?

Дә меш. Күндеу, күншілдердің басынан кетпесін. Таң қаламын, киініндер, жүріндер!

Рәуеш. Қайда барамыз?

Дә меш. Данаштың даңқы бізді қайда шақырса, сонда. Кеше ҚазПИ-де, бүгін біздің театрда. Ертең — медицина-дәрігерлер ортасында. Бүрсігүні завод-фабрикада, кездестіруге шақырып отыр. Қайдан білсін, ағайынды үш қыздың екеуін қарғыс атып келгенін. Айтпақшы, күйеуімнен хат алдым.

Рәуеш. Не деп жазыпты?

Дә меш. Сенің айдалып кеткен байыңмен кездесіпті. Түрмеде өтемеген күнәсін майданда штраф батальонында өтеуге барыпты сабазың.

Рәуеш. Тірі екен-ау, байғұс.

Бопи. Шүйінші неге сұрамайсың.

Рәуеш *(ойлануда)*. Сүйретіліп жүріп майданға барды де. Оны ойларлық менде не күй бар. Есеңгіретіп кеткен Данаш пен Қасымханның қайғысы да маған жетерлік еді. Беріш боп байланған жан түкпіріндегі жарама тағы да ине сұғып алғандай болды. Қайсысын ойлаймын. Шерімді қайсысына ақтарайын.

Бопи. Е, бірінен бірін ала-құла көретін не бар? Жүрегі құрғырды бөлшектемей-ақ... Рәуеш, кебін киген келмейді, кебенек киген келеді, тірі келуін тілейік.

Рәуеш. Өкпе жүрмейді дейсің ғой. Ал, үшеуінің де маған салған күйігін қоса көтердім. Қоса тіледім. Тығылып келген көз жасымды үшеуіне де төктім. Риза шығарсың, Бопи апа? *(Серпіліп.)* Ендігі тірлік, Данаштың аруағына жылыну. Даңқына бөлену. Байды да, баланы да, аналық тәбетіммен күту болса, ал, күттік. Қайда жүр деп тұрсың сен?

Дәмеш. Театр қауымымен кездесуге.

(Жиналып кете береді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда Рәуеш, Бопи, Дәмеш стол басында отыр. Қайыр мінбеде сөйлеп тұр.)

Қайыр *(сөзін аяқтауға жақын)*. Данаштың балалық шағы суық елес. Әлемді ерлігімен тітіренткен қыздың басынан кешкен бейнет, өз алдына қияпат. Ол — өліп-тірілген. Дертті сырқат үстінде жатқанда да, сәт сайын арманынан ауыспады. Бар қасіретті сұрапыл күшпен сілкіп тастап, снайперлікті өзі қалап оқуға барды. Мына отырған әпкелеріне жазған хатында, «өмірбаяным ғажап емес, уақыт ғажап. Осы бір ғажап кезең, менің тағдырым. Мен сияқты өрімдей жастардың тағдыры. Өкінбеймін тағдырыма» дейді батыр қыз. Алды өрт. Арты құламалы жар, өзен. Шегінер жер де жоқ. Арманы асыл жіпке тізілген маржандай, махаббатын қырғын соғыста үзіп алмау. Бейбіт өмірге жеткізу еді. Ол үш күн андысқан жаудың мергенін атып түсірді. Одан бұрын жиырма алтысын жайратқан болатын. Сөйтіп қысылшаң кезеңде бүкіл полкке жол ашты. Бар төңірек көк жайқын дария, жарқыраған айдын, жүрегіне тіл қатып, махаббат жайлы сыр шертіп сөйлеп те кетті. Сөз байласқан ғашық жігіті де өзімен бірге майданда болатын. Үш күн бұрын жаралы жарын госпитальға өзі шығарып салған.

Бопи *(шыдай алмай)*. Кенжебек еді ғой сүйгені.

Қайыр. Кенжебек. Айрылар сәтте кеудесіне құлай кетіп, ащы өксікпен «Сен тірі қал. Екі талай боп кетсем, артымда жаным жақын жарым бар деп өтейін дүниеден» деп қоштасады.

Жау қоршап төніп келеді. Иығынан оқ тиеді. Сыңар қолымен қаруын тастамай, «үрейленбе, жүрегім, қалтырама, қолым, сыңар болса да тастама қаруыңды! Тастама! Жармастым толқынның тұлымына!» дейді де, биік жарқабақтан өзін өзенге лақтырады. Бораған оқ астында жүзіп барады. Құтыла ала ма? Құтыла алмады. Қара шашы су бетіне жайылып та кетті. Аққұстай періште қыз, мөлдір тұнық көк жайқынға батып жүре берді. *(Үнсіз тұр. Бұл кезде балдаққа сүйенген, оң аяғы тізесінен кесілген Кен-*

жебек келе жатады. Бопи, Рәуеш, Дәмеш үнсіз орындарынан түрекеледі. Кенжебек бар жайды үнсіз ұғынғандай. Аяныш сезіммен қарап тұр.)

Бопи (ақырай боздап бас салады). Кенжебек, Дана-
шың қайда, боздағым?

Кенжебек. Дана ш жүрегімнің аясында. Қарапайым қазақтың қызы тағдырын жаумен шайқаста от бораған қырғын соғыста аяқтады. Оны ойласам көзімдегі ақ сүңгі, ақырғы жасымды төгем... Оның даңқы майданға аттанбас бұрын басталған. Қазақ даласының тау жотасынан қиялай ұшқан қыран қыз! Жаудың бекінісіне көк ала бұлттан нажағайдай атылып бізге жол ашты... Сол жолмен Берлинге де жеттік. Сау-сәлемет, аман елге де оралдық. Үміт тәтті шүбәдан деп өлмес арманмен де жұбандық... Дана ш! Сен біздің арамызда жоқсың. Сыңар жүрек, сыңар аяқ, сыңар қолмен оралған мен бармын. Үзіліп қалған арманыңды мен жалғаймын өмірде! Махаббатты жеңе алмайды жауыз кек... Махаббатым жүрегімде...

СОҢҒЫ СҮРЕТ

Соғыс аяқталған. Рәуештің үйі. Дариға оқуын бітірген. Жауапты қызметте, телефонмен сөйлесіп тұр. Рәуеш тігін фабрикасында дирек-
тор. Қызметіне баруға жиналып жатыр.

Рәуеш. Дариға, телефонды босатшы, машинамы
шақырайын.

Дариға. Менің машинамен апарып тастасың.

Рәуеш. Ашулысың ғой?

Дариға. Ашулымын. Шағымнан шағым. Үлкендер
«қатын бастаған ел қаран қалады» дейтін көрінеді.

Рәуеш. Біздің жұмысшылар тып-тыныш. Не жетпейді
сендерге?

Дариға. Жұмысшы қауымның аясындасың. Олар
біздей қағынып-ұшынбайды. Олар жан қиярлық еңбегіне
сүйсінеді. Жасампаз іскерлігіне қарай сый-құрметке бөле-
неді. Даңқ асқарына көтеріледі. Олар — парламент мүшесі.
Адам бойындағы алып қуат соларда. Біздікі не?

Рәуеш. Сезім дүниесі — ғаламат. Шұғыл кетпе. Ең-
бегі сіңген абзал аға, абзал апаларыңды сыйла. Жылы шы-
рай үлкенге де, кішіге де бірдей. Сенің жасыңда жазықсыз
жәбірленгендерді де көрдім. Жаттанды дәріптеулерді де
естідім.

Дариға. Облсоветтің депутатысың. Министрліктің
коллегиясында мүшесің. Сені көтеру — заңды ма? Заңды

дейін. Мені де көтереді. Бір күнде партия қатарына мүше етіп алды. «Игілік көзі иек астында» адал тәбетінді неге былғайды, аяғыма неге оралады?

Рәуеш. Балам, біз сүйеумен өстік. Бізге сүйеу керек те болды.

Д а р и ғ а. Екі сіндің, бір байынның әлегі шығар сүйеу іздеткен. Әкемді қайтпексін.

Рәуеш. Тірлігінен сілемдей септік жоқ жаныңа тұр-шігу, көңілге ала қайғыны ала келген әкең боп тұр ғой. Штраф батальонынан тірі оралды. Қасымхан от кешіп, еңіреп жүріп серіктерін тауып алды. Соғыс қайыстырып кете ме деп қорқып ем, қайыстырмады. Нәресте кезінен серік болған қызына қосылып биыл ғана әскери академияға оқуға түсті. Бала қызығын татқаным жоқ. Ата-ана әлпешін көрмеген, аңсарын аңсаумен жас ғұмырын жетімсіреумен өткізіп келеді. Әкең... мақтануыңа тұрарлық әке деп оған қалай айтам! Маған аты бай сендерге әке... Сөнген шаламен бірдей. Асырайық, сақтайық. Менен одан басқа мейірім күтпе, қызым...

(Дәмеш кіріп келеді.)

Дәмеш. Әкең үйдің алдында құлап жатыр. Алып кірмеймісін?

Д а р и ғ а. Қасында кім бар?

Дәмеш. Кенжебек байғұс, Қайырдың машинасымен алып келген екен, ағаш аяғын сүйретіп кіргізе алмай тұр.

Д а р и ғ а. Қайырдың машинасымен? Ол кісінің өзі қайда?

Дәмеш. Ол кісі далада. *(Дариға жиналып кетеді.)* Немене, көзіңнің алды қуқыл тартып, жүзің сұп-сұр, неғып тұрсың?

Рәуеш. Күйеуіңмен кездестің бе?

Дәмеш. Өзі келді аңқылдап. Трапеядан алған ғажап сурет әкеп сыйлады.

Рәуеш. Алдың ба?

Дәмеш. Алмағанда...

Рәуеш. Талантыңның бір қырын ашып кетті де.

Дәмеш. Күлме, әкпе.

Рәуеш. Біреуге күлу — күлкі болған пенденің ісі. Маған жылау керек. Апалы-сінділі үшеу едік, сенде де, менде де жоқ қасиет Данашта бар еді. Жан сұлулығын жоғалтпай кетті. Жүрегіне кек тұрса да, қақ тұрмайтын. Қақ тұрған жүрек, сенің жүрегің. Менің өмірім.

Дәмеш. Маған бәрібір. Семьямды жоғалтсам да, өнерімді жоғалтқан жоқпын. Сахна өнері, шарықтау шегін

көңіл көзімен күнде көрем. Әрбір ойнаған ролім — сұлулық сыры. Адам жанының бай қазынасы. Ол сенің тігетін киімің емес, мен үшін бай да, бала да, тірлік қуаныш та — сахна. Сахна! Сахна! Әрбір шығардағы выходым — әлем сахнасына кіріп бара жатқандай сезінесің... Соған орай атағын да берді. Бір әйелге сол қуаныш та жетеді. Онан да сен азып-тозған өз күйеуінді адам қатарына қосып ал!

Рәуеш. Қосып ал! Жанынды пара-пара тілімде де, қосып ал... Батпаққа аунаған хайуандай, үстінді лапта, жанынды лапта! Өткен жолымды екшелегенде, жинап алар асылым не? Оған берер сыйым — көшеде қалдырмау.

(Қайыр кіріп келеді.)

Қайыр. Сәлематсыз ба, Рәуеш?

Рәуеш. Шүкірлік.

Қайыр. Сенің үйіңе бір себеппен келіп қалдым. Ұзақ жыл күткен жолдасың кепті. Ынтызар көңлің, жолы кесілген күнде азабын тартып ең...

Рәуеш. Немене, маған айтқан көңілің бе?

Қайыр. Бір жағы көңілім. Абзал едің ғой, құштарлық күйігін аңсайтын жастан өттің. Деміге сыбырлайтын кез де емес. Жалғанда жапа шеккен адамды қастерлей білу де парыз. Саған да қиын болар, қиын да болса, мұң-зардың азасына айналдырма. Асылы сұрапыл күш, өрепкуге жібермейтін күш шыдамда. Сол күш сенде бар еді ғой.

Рәуеш. Менің киген кебімді өзің кисен қайтер ең?

Қайыр. Сенің халыңды сезінбесем келмес едім. Сыртқа итеріп тастап жатырмақ бар да, бірге сіміретін сыр бар. Төзім бар, мұң бар, қуаныш бар. Шамадан тыс көтеретін салмақ бар. Балаларың үшін, өскен ортаң үшін. Дариға, кешір, әкеңнің жүрегі алай-түлей. Оны топас деуге болмайды. Оның күйкі халы, шытырман ойдың астасуына ұрындырмай да қоймайды. Маған мас боп келіп, ойындағы сырın ақтарды.

Дариға. Қалдырып кеткен қарызын сұраған болар.

Қайыр *(секем алып)*. Қарыздың да қарызы бар.

Дариға. Сізге тапсырғаны өтей алмайтын қарыз. Аты әйгілі ағалар, жан парызын біріне-бірі бұрын өтей алмаса, өтейтін кез енді келді. Сылаң қаққан апалар, кәрі жүрегін жасартып, құпия сырын шертетін кезі де осы кез.

Рәуеш. Дариға, сен не дегелі келесің?

Дариға. Адам ырысына қарай, екеуіңнің жарастығыңды бұзған әкемнің тірі өлік боп оралған қасіреті екен. Оны көтеретін бала бар, оны көтере алатын туыс бар. Екеуің де шәу тартқан адам емессіндер. Жан күбірін аша

білетін, ақыл, парасатпен шешімін табатын ағалар мен апалар. Мұнарланып бататын өз күндерің бар. *(Қайырға)* Қайыр аға! Өз өмірлеріңнің өксігін жазыңыз. Қызарып барып бататын қазақ күнінің қызыл арай шапағын жазыңыз. Жұрт не десе, о десін, өз қалауларыңды істеп кетсеңдер болғаны. *(Төгіп айта салады да, жаузын күткендей тұрып қалады.)*

Қайыр. Рәуеш, Шегір Москваға жүретін еді.

Рәуеш. Біреу жетіп, біреу жетпей жығылады.

Қайыр. Оның жеткен жері осы сапар. Құлайтын жері де осы сапар. Шығарып салуға кеттім. Қош болыңдар.

Дариға. Бәрінен де сіз сау болыңыз. *(Қайыр кетеді. Үйге Әукебей кіреді.)*

Әукебай. Амансыңдар ма, жаңарған үйдің жандары. *(Ешкім үн қатпайды. Үйге Кенжебек келеді.)*

Кенжебек. Қарсы алмай кетіп қалды ма?

Әукебай. Кетіп қалды.

Кенжебек. Соғыс бітті ғой.

Әукебай. Менің соғысым әлі біткен жоқ. Ей, қайда-сыңдар? Мен сендермен сөйлесуге келдім.

Кенжебек. Айқайлама, анда кісі өліп жатыр.

Әукебай. Өлген кім?

Кенжебек. Әли Ақсарин.

Бопи *(Рәуеш, Дариғамен бірге шығып)*. Басына шырағдан апарып жағайын, Рәуеш. Топырақ сенің қолыңнан бұйыратын болды. Бізді сан азапқа салса да арулап жөнелтейік. *(Кетеді.)*

Дариға. Апа, әкем ғұмырын өз баласының босағасында аяқтады. Жүректің аясына не сыймайды. Бәрі де, бәрі де сияды. Тас түйін болып бекіткенде бізге салған азабы, көңілімізді елжіретіп тұрғанда өтер парызы, қарызды екен, өтейік, азасын мен көтерейін.

Кенжебек. Сыңар аяқ, сыңар қол, сыңар жүрекпен қалған мені кім көтереді?

Дариға. Данаштың өлмес даңқы көтереді. Өзімен бірге ала кеткен арманы көтереді. Саған қалдырған киелі махаббаты көтереді.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ

(комедия аралас драма)

Үш перде, бес сурет

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Үкілі Ыбырай
Хакима — сүйген қызы
Дағалақ — Хакиманың әкесі
Ұрқия — шешесі
Ақан сері
Мәмбетәлі — Ыбырайдың досы
Жаналы Шөбеков — правитель
Шағалақ } — шонжарлар
Тарсан }
Мүстарица } — ерлі-зайыпты
Алтын }
Нұржан Аманов — оязда советник
Серік — Ыбырайдың серігі
Күләш — елес бейнесінде
Қыз, бозбала, поштабай, урядниктер.

Оқиға ХІХ ғасырдың аяқ деңгейінде
Қызылжар, Көкшетау атырабында.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ СҮРЕТ

Есіл өзені. Шабылған ауыл, қоныс ауған елдің жұрты... Өзен жиегіндегі қалың тоғайдың ішінде айшық кілем жапқан күрке тұр. Мезгіл шаңқай түс. Күркеден бойжеткен қыз шығып біреуді күткендей жан-жағына елегізе көз тастайды. Сайраған бұлбұл құстың үні, бозторғайдың шырылы, сылдырап аққан су сылдыры қыздың сезім сырын қозғайды. Қыз қыбыр етпестен қатып қалған. Құба талдың жапырағын жұлып ап аузына сап, кұшырлана тістеп, қолындағы орамалдың бұрышын бұрап тұр... Алыстан үзіліп ән естіледі.

Қыз (өзіне). Ән... ән?.. Осы бір әнді бұрында бір естіп ем... Қанбай қап еді құмарым... Кім болды екен? Ел қиырға, азамат шиырға түсті. Біз сияқты қашқынның бірі ме? Кім болды екен? Неге тұрмын. (Ат дүбірі жақындайды. Ән саябырланады. Келе жатқандарды түстей қарап.) Жетегінде қас қара нар... Құйрық-жалын сүзген жылқыларды косақтап алған. Түн жорығынан оралған ұры ма? Базарға мал тоғытқан саудагер ме? Келіп қалды? (Қыз күркеге кіреді. Серіктерімен алқам-салқам Ыбырай келе жатады. Бөркіне қолазы үкі таққан. Желді көріктей гүілдей кіреді.)

Ыбырай. Жігіттер! Есілдің құба талының саясында түстік жасайық. Жылқыларды отқа жіберіндер. (Толғанған діріл мен шабылған ауыл, иесіз қалған жұртқа көз тастап.) Қайран Есіл... Суатың қайыр күтеді. Көгалыңа бауырымды талай төсеп ем... Қайран Есіл... Қызығыңды талай көріп ем. Салқар желі тартқан ауылдың жұрты жатыр, желі жоқ... Шағаладай ақ үйдің орны жатыр, өзі жоқ...

Серік жігіті (қосты көріп). Ыбырай, қос тігулі қапты...

Ыбырай (бұрылып). Қос? (Үңіліп қарай бергенде көзінің оты жалтылдап, періштедей үлбіреп қыз шыға келеді. Ыбырай аң-таң. Қыз да бірден тіл қатпайды. Оқыс кездескен екеуі де қараң қалған.) Аруым, сен кімсің?

Қыз (бірден айтпай). Танымай тұрсыз?..

Ыбырай. Түсім дейін десем... Көрген аруымның бірісің... Өңім дейін десем... Күтпеген сәтте алдымнан шықтың...

Қыз. Ұмытшақ екенсің...

Ыбырай. Ынтықтырмай айтшы, сәулем... Мен Ыбыраймын...

Қыз. Ыбырай, сал Ыбырай... үкілі Ыбырай...

Ыбырай. Бір кезде көз тастаған биігім болсаң... осы сәтте жұртқа қалған күнгім боп тұрсың... *(Есіне түсіріп.)* Иә... Иә... Дүние хакім даниял... Жаңа таныдым... Алтын?..

Алтын. Шілдеканада... Әніңе арқау болған Алтын! Хош келіпсің, дархан ақын... *(Иіліп сәлем етеді.)*

Ыбырай *(ентелей иіліп)*. Айдалада, қос қасында кездесем деп ойлап па едім... Алтын, риясыз көңіл қосқаның Мұстариза...

Алтын. Мұстаризаның соңына түскен қуғын да мені қосқа қамап кеткен.

Ыбырай. Мұстариза қайда?

Алтын. Мұстариза да осында... Жылысып қашып жүр. Сенің де уызын шайқап, атын маздатқаның Керей Шағалақ еді... Сол Шағалақ оязнайда советник Нұржан Амановпен біздің елді қонысынан аударды... Ер-азамат намыспен қару алып қарсы тұрды...

Ыбырай. Өзің мұнда қалай келдің?

Алтын. Қилы-қыспақ та мені мұнда келтірген. Некем де қиылған жоқ... Күндіз тоғайда, түнде қоста... Айналаны кезек қарауылдап тыныс аламыз. Ел ебелекке айналды. Біздің тағдырымыз осы күнге тіреледі, Ыбырай.

Ыбырай. Қайын атаң. Қожахмет пен Қайнарбай, ата қонысы үшін Еділ бойына жер ауған еді... Айдауда, қамауда жүрсе де... жоктап өтті туған жерін. *(Серік жігітіне.)* Домбырамды әкелші? *(Домбырасын әкеп береді.)* Есіл үшін егескен аталарыңның әні осылай басталатын.

Арғы жағы Еділдің, бергі жағы, Еділбай-ау,
Жағасында сарғайған жапырағы, жеңеше-ай-ау!

Осы бір әнім өзгеше-ай!

Туған жерді сағынып, әнге салдым, Еділбай-ау,
Бауырлардан тіл хабар, ала алмадым, жеңеше-ай-ау,

Осы бір әнім өзгеше-ау!

Қайырымасы:

Ал, қаракөк жаз жайлап,
Шалы-орамал бір байлап,
Сағынып сәулем келгенде-әй-ау,
Қайда кеттің, жеңеше-ау, той тойлап.

(Әні жүрекке мұң оралтады. Алтын егіл-тегіл жылап отыр. Ыбырайға серік жігіттері де қосылады.)

Ақ қағазға хат жаздым, қалам алып, Еділбай-ау,
Сағыныш сырын қозғадым... Әнге салып, жеңеше-ай-ау,

Осы бір әнім өзгеше-ай!

Өрт шалғанын көріп ем, туған жердің, Еділбай-ау,
Қас қапыда қалып ең, қайран елім, жеңеше-ай-ау,

Осы бір әнім өзгеше-ай.

Қ а й ы р м а с ы.

(Ән аяқталады. Үнсіздік. Ыбырай ойлануда. Сөйлеп кетеді.)

Ы б ы р а й. Алтын, қайын аталарыңды егілткен осы Есілдің сазы еді. Топырағына тамған кіндігінің қаны еді. Олардың зары менің зарым... Сенің зарың... Көкірегіме ән болып неге оралмайды?

А л т ы н. Дарханым, алыстап бара жатқан... аталарымның арманы — сенің әніңмен жалғассын... Менің де қалшыл қатқан күйікті жаным әніңмен сергісін...

Ы б ы р а й. Қалауыңа тартуым... «Алтыбасар» болсын. «Алтыбасар!» «Алтыбасар!».. (Күйзеле тебіреніп толғай жөнеледі... Қасындағылар әп-сәтте қалай оралды көкірегіне дегендей ойда тұр. Ыбырайдың түсі кеткен бұзылып, ішкі жан дүниесі ала-сапыран... Орнынан тұрып кетеді. Зікір салған бақсыларша аруағын шақырып, пернелерін дірілдете басып, күңірене — ішіне сыймай лықсып төгілгендей барлап.) Келе жатыр бір сарын... «Алтыбасар!» «Алтыбасар!»..

Ей қалқажан, туған жоқ сенен асар,
Бұл күнде, менің сәулем, қалым нашар.
Айрылып сенен, сәулем, күткен түні,
Әніне мен басайын «Алтыбасар!»

(Қайырмасын «әләлаулап» ұзақ қайырады.)

Серіктері. Қонды Ыбырай кеудеңе... әннің төресі, жоғалтып алма.

Ы б ы р а й. Өзі алып келген ән перісі, өзі алып кетпесе жоғалмайды.

(Енді сезім тереңдігіне кіре толғайды.)

Ей, қалқа, жүруші едің, күліп-ойнап,
Ойнаушы ең, өзің тиіп ерікке қоймай,
Осы әнім, саған қияр некем болсын,
Сертке берік сыр міне асылым-ай!..

(Қайырмасын әле-лайлап қайыра бергенде серік жігіті сыртта келе жатқандарды көріп.)

Ыбырай, шаңдатып аттылар келеді.

Алтын (жүгіре ұмтылып). Мұстаризаны іздеген Шағалақ қой...

Ыбырай. Жігіттер, ол қиясты... қыбын тауып амалмен бетін қайырмасақ... азуын айға білеген аждаһаның өзі болатын.

Алтын. Мен жасырына тұрайын.

Ыбырай. Өз бауырыма жасырын. (Ойланып.) Көзінің отын немен аламыз? Жігіттер... Ыбырайдың пері жыны осындайда келетін. (Серік жігітіне.) Қосқа кір де... Алтынмен киімінді алмастыр... Алтын маған ат қосшы болсын.

Серік жігіті (қипақтап). Ыбырай аға, маскара етсе...

Ыбырай. Кімді-кім маскара етерін кейін көресің...

Серік жігіті. Қыз болуға қылығым жете ме?

Ыбырай. Қылықтың зоры жан қысылғанда шығады. Қорғасынды қамшы арқанда жосылса да... Шыдайсың... (Алтын мен Серік қосқа кіреді.) Сендер, талды тасалай тұрындар. (Жігіттер кетеді. Ыбырай оқшаулау шығып, талдың көлеңкесінде шалқасынан түсіп жатады. Қаннен-қаперсіз. Екі аяғын қайшыландырып домбырасын күйлеп «Алтыбасарды» толғайды. Сойыл соғарларын бастап Шағалақ келеді.)

Шағалақ (Ыбырайға төніп кеп). Сұлап жатқаны кім? (Қамшымен түртіп.) Ей, сені кім зарлатып кетті? (Ыбырай тыңдамай айта береді.) Токтат әніңді!

Ыбырай (басын көтеріп). А, ассалаумаликүм, Шағалақ!

Шағалақ (танып). Ыбыраймысың? Бұл қай жатыс?

Ыбырай. Жамбастап жатыс... Шағалақ, осы бір ән қонбай жүр еді?..

Шағалақ. Сенің де жүрмейтін жерің болсайшы? Қайдан келесің?

Ыбырай. Сандыбайдың үлкен қызын бағаналыға ұзатқан. Тайжан деген жиенімді... Ән перісі, ақындық жын айналдырып жүр екен... Жиенімді ұшықтап, аузына түкіріп келемін, Шағалақ.

Шағалақ. Қос нар, қысырақтың үйірін жезден берді ме?

Ыбырай. Жездем берді.

Шағалақ. Үйіңе тура тартпай, бұл жаққа неге бұрылдың?

Ыбырай. Өлеңмен Сапалат әулетімен сені де бір сауып өтсем бе деп келіп ем... Дау мұраты біту... ел мұраты жету еді... Мұраттан кетіп жауласып тұрған кездеріңе кезіктім.

Шағалақ. Дау мұраты бітім екені рас. Билікті ұққанға, ақылды жаққанға айтады. Уа, Сапалаттың әулетін біріне-бірін қас қылған... Жүректеріне мұз қатырып жібейтін тас қылған Керей емес. Өзінің Ырсайы. Әкесін жер аударған кегін менен ала ма? Жетпегір жалғыз ұлы Мұстариза, желімді кесіп жылқымды алды. Шандатып ауылымды шапты... *(Жігіттеріне.)* Индете алмай жүр едік... Мынау соның қосы! Талдың ішін сүзіндер! Қостың ішін тінтіндер!

Ыбырай. Уа, Шағалақ, кашқанға да бір шарт... Қуғанға да бір шарт... Іздегенін Мұстариза ма?

Шағалақ. Кіріспе біздің арамызға!

Ыбырай. Уа, Шағалақ, есігін теуіп кіретін әкеңнің үні емес.

Шағалақ. Мұстаризаның бізге қарсы семсері болсаң оны айт? Кіріспе деп тұрмын ғой?!

(Қостың ішінен Алтынның киімін ауыстырып киген Ыбырайдың серік жігітін алып шығады. Жігіт бетін шалымен тұмшалап алған.)

Шағалақ. Байың қайда, қу сайқал?! *(Дырау қамшысын білеп арқадан осып жібереді.)*

Ыбырай *(ара түсіп)*. Уа, Шағалақ!.. Әйел заты ердің әлпеші. Күйеуінің төлеуіне тұтқын ғып әкетсең де, қорламай әкет!..

Шағалақ. Орала бердің-ау алдыма!

Ыбырай. Оралмай тұра алмаймын...

Шағалақ. Күнге мандайын сүйгізген аруын аламын деп келгенім жоқ. Мұстариза сенің досың болса, менің қас дұспаным... Жарына берген серттен айнымаса алдыма өзі келсін.

Ыбырай. Мені қоса ала кет ендеше.

Шағалақ. Күлкің көктем. Әнін самал ақынсың. Аулақ ұста өзінді біздің жаманатымыздан... Қолқанды қабады... қайтесің... Жігіттер, тартындар!

(Қете бергенде қолында білтелі қара мылтық, Мұстариза жетіп келеді.)

Мұстариза. Қайсынды ала өлейін?!

Шағалақ *(тайсалмай)*. Мені ала өл! *(Омырауын ашып.)* Керейдің саны кеміп қалмас! Бір қатыны ұл туар!

Ыбырай. Салма қолды шаппаға! Жігіттің ерлігін өлшейтін ел таразысы... қарғысын айтса ел айтсын. Екеуін де елге жүгініндер!

Шағалақ. Мен жүгініп болғамын. Әкең де — ағайынға көз алартқан ала-күлік мінезінен тапқан.

Мұстариза. Әкемнің сілтеген семсерін сындырған сен едің. Жер ауып барған жерінде дәмі таусылды. Мен

Керей ағайынды шапқаным жоқ... сені шаптым... Неге шаптым? Құйрығыңды тығып алып ұлыққа — атымызға су құйдың. Жарығымызды өшірдің... Қан жұтқыздың. Саған қарсы атылсам... Қоныс ауған елімнің кегі... Әкемнің кегі... өз кегім.

Шағалақ. Жерінді тарылтып, орманыңды өртке шалдырған мен десең... аянбайық! (*Бұйырып.*) Байлап алыңдар! Қандықол қарақшыны!..

(*Жігіттер ұмтылады. Ыбырай ара түседі.*)

Мұстарица (*Ыбырайды серпіп тастап*). Кел! Кел! Ұзақ ойлауға уақыт тар! Егестің беті — менің көз алдымда байлап әкетуге тірелсе... Мен де тірі қалман... Алтын, шық былай?!

Шағалақ. Бірімізді емес, бәрімізді де оқ аузына байла!

Алтын (*еркек киімінде, бетін бұрғысы кеп*). Сорлы қыз!.. Сорлы қыз?..

Мұстарица (*жалт бұрылып, Алтын емес екендігіне көзі жетіп*). Кегімді алам ба деп едім...

Ыбырай (*жылап тұр*). Екі жағыңның егесінді әніммен айырмасам құмарым тарқар емес...

Ал, Шағалақ, Шағалақ, біз тұрмыз саған абалап. Кеткелі тұр сорлы қыз, кам көңілді жаралап!

(*«Алтынасарды» аңыратып.*)

Келуші ем, кеш болғанда көңілім түсіп,
Ежелден қадірлес ек бірге өсіп,
Ел шапқан Шағалақта, құн қайтпасын,
Байладым жетегіне сені қосып!..

(*Шағалақ жағы қыз киіміндегі Ыбырайдың серік жігітін алып кетеді. Мұстарица ойлануда. Тұтқында кеткен жігітті Ыбырайлар «Алтыбасарды» қосыла күңіrentіп шығарып салады.*)

Қайырмасы:

Алтын айым,
Салма уайым...
Жұлдыздай жарқырасын,
Ақ маңдайың!

Ыбырай. Ел іргесі шайқалып, еңсең түскен кез ғой бұл. Қос қара нар мен қысырақтың үйірін сендерге сыйладым.

Алтын. Бізге тартқан ән мұратың да жетеді. Дәулетің шағын... Қолың қысқа, қайтесің...

Ыбырай. Екеуіңнің жолыңа Қарауылдың қақ жары-

мын тарту ғып тартсам да көп емес. Пейіштей мекеніңнен айырылдың. Сендерге тағылған жазаның жүгі ел жүгі. Енді сол жүкті сендермен бірге қосыла көтеруге мен әзір... Осы беттерінде Ақанға жетіндер.

Мұстариза. Өзің қайда қаласың?

Ыбырай. Домбырамды сабалап, Шағалақты жағалап өтпей менің жырым бітпейді.

(Коштасады.)

Ш ы м ы л д ы к.

ЕКІНШІ СУРЕТ

Хақиманың әкесі Доғалақтың ауылында қызойнақ. Сайдың жағасында қос киіз үй. Үйдің аралығында Хақиманың әкесі мұжығырлау Доғалак пен шешесі Ұрқия отыр. Ыбырай қызойнақтың ортасында.

Ыбырай (үйдің ішінде)

Артық туған қаралдым,
Жолыңда сенің оралдым
Аққу жүзген айдын көл,
Жағасында жайқала шыққан құрағым,
Қара түнде лап етіп,
Қолымда жанған шырағым.
Ақ сұңқар ұшса ұядан
Бөктергі түссе соңыңнан,
Басқа боп кетсе тұрағың!

Доғалак (әйеліне). Не кыл дейсің қызыңа!

Ұрқия. Айтысқа құмар қыз болды. Қарауылдың перісіне өзі тиісті.

Доғалак. Ләззат шіркін кімдерді желіктірмеген. Дарқан ғой Ыбырай.

Ұрқия. Айбын болып аңсарын баса ма десем. Ләззат алғанына мәз болғанды сенен көрдім. Ойбай-ау, құдаңа не бетінді айтасың.

Доғалак. Е тәйірі, қызға кім қызықпайды.

Ұрқия. Бәдік соққан ба өзінді. Қызыңа қосып сені де Ыбырайға ұшықтатып алу керек болар...

Доғалак. Бопты, қатын. Ыбырайдың ұшықтап өткені басқаның басына құран жастағанымен бірдей. Пәленшенің қызына ақын Ыбырай құштар бопты деген атақтың өзі неге тұрады? Біреудің аты байлықпен, біреудің аты сұмдықпен. Менің атым қызымның ақынға ауған аңсарымен шықса... оған да шүкірлік...

Ұрқия. Сен өзің алжығанбысың.

Доғалақ. Сен алжымай мен алжымаймын... Жүрген жері ән-думан. Аяулының бірінен... Түн айтса да сарқылмайды... Күн айтса да таусылмайды. Қызыңды Шағалақтың асыранды баласына қидың ғой... Мен айырып алайық дедім. Шағалақ шаңынды қағады. Күлінді сабайды деп мияулап болдың ба, сен қатын.

Ұрқия. Ыбырайдан не опа табарына көзің жетті. (Үйден былқ-сылқ, қозалы үкі таққан бөркі бір жағына қисайып та кеткен, алқы-талқы әндетіп Ыбырай Хакимамен айтысып келе жатады. Қоршаған қыз-келіншектер.)

Ыбырай (астарлай толған)

Өлеңмен екі өкпенді қалқытайын,
Дененді қорғасындай балқытайын.
Бір жаннан алып қалған әнім еді,
Азырақ шалқымамды шалқытайын.
Ақтамақ, шұбар бауыр, Хақима қыз,
Сүйгенің күтіп отыр жасыма, қыз.
Өлі жүнің түскенше үйінде қамалмассың
Ауал бұлттай ауытқып тасыма, қыз.

Хакима (домбырасын күйлеп ән)

Сөзіңді кім тыңдамас жүйе болса
Ғашықтық балбыраған шие болса
Жез бұйдалы нартайлақ деп жүргенім
Қақиған жабу жапқан түйе болса.
Қолыма ақ тұйғындай қондырғаным,
Аһ ұрып, үйде отырып болдырғаным,
Жамылдым деп жанат ішік деп жүргенде,
Жанатым шекпен болып тондырғаным,
Білсең де айтпай тұрсың, аңғал ақын,
Сұрап па ем, жүре көр деп маған жақын,
Өлеңмен бес-он тиін олжа тауып,
Домбыранды сабала да кете бер, қаратақым!

(Қоршағандар Хакиманы қолдай көтермелейді. Ыбырай жауап беруге әзірленеді.)

Доғалақ (еліріп). Пах! Пах! Аянба, қызым. Тас қияда табысқанша айтыс! Тас түнекте қалғаныңша айтыс!

Ұрқия. Қопалақтамай тыныш отыр... (Ызбарлы.) Ей Ыбырай! Қапелімде кез болдың. Далада жатқан қыз бардай егілдің де төгілдің!..

Доғалақ. Інжуі де өзінде, лағылы да өзінде. Тоқтатпай айта бер...

Ыбырай (*Хакимаға*).

Анаңнан айналайын сені туған,
Сүтімен боз биенің бетін жуған
Шешең тұр шыңға оралған ұлпа бұлттай.
Бусанып бой көтерген қалың нудан
Уа кешірім, апа, кешірім,
Болмасын ағат кесімің...
Жан едім мен бір жын қуған!
(*Иіліп сәлем етеді.*)

Хакима (*ысырыла ілгері шығып*). Апа, кезегімді бөлме.

Ұрқия. Адалымды лайлатпаймын.

Хакима. Түйілгеннің бәрі жат... түнергеннің бәрі қас. Мен бір шошынған құралай едім ғой, апа! Көзіме оралған жасты көрсетпей сұрткен қызға біткен шыдамда...

Ұрқия. Не қыл дейсің сен қыз?

Хакима. Еркіме жібер. Бөлме біздің айтысымызды...

Ұрқия. Болмас, болмас! Ал, Ыбырай, мына қызды ұшықта да емдеп кет!

Хакима. Жок, ұшықтайтын мен сырқат емеспін... Ақын болса биіктен сорғалап түссін де, жан көзіме үңілсін... Үңіле алмаса кезегімді берсін.

Қыздар. Кезегін бер, Ыбырай!

Ыбырай. Бердім кезегінді, періштем.

Хакима (*домбырасын серпе тартып*).

Ақынға неге керек құл мырзалық
Сүйгенін жаутандатып ойға салып,
Айт-тағы сертіңе жет деген мақал
Болмай ма ән шығарсаң ғұмырға азық!

Қыздар (*қолдай көтеріп*).

Ағылсын ән төгілсін,
Көк ала бұлт сөгілсін.
Бір-ақ шумақ өлеңмен,
Қыз жүрегі егілсін...

Ыбырай (*мойындап*).

Таусылмас дариясы әзіл наздың
Мамығы жаныма ем қоңыр қаздың
Қыл арқан ер мойнында шірімейді
Періштем, жауабыңа қарыздармын...

Мен жеңілдім, сен жеңдің, Хакима! Сертім, жегідей жер дертімде. Сен қалаған бір шумақ ән болсын. Жан ле-

бізін ән ғана шығарады. Шабыт бусын жүректі... Сөз шырынын оралтар өзіңсің, Хакима. Қайғының суық ызғары көңілімді мұздатса, жылытатын өзіңсің. Міне жаным. Міне қолым. *(Қолын ұсынады, Хакима әлі де сенбей қолын бере қоймайды.)*

Д о ғ а л а қ. Кайтарма созған қолды, қызым...

Ұ р қ и я. Тілімен от көсеп, өзіңе шашса қайтесің!

Д о ғ а л а қ. Бұрылмай кетсе не істер ең. Бер сертінді...

Х а к и м а. Серт. Осыдан үш жыл бұрын, біздің ауылдың жәйма шуақ кешінде, әніңнің қанатымен аймалап өтіп ең... Сонда бергем сертімді. Тұрдым мен де сертіңе. *(Қолын алады. Ыбырай құшағына алып Хакиманың бетінен сүйеді.)*

Д о ғ а л а қ *(өзіне)*. Ұзағынан сүйіндір, жасаған! *(Ұрқияға.)* Тесірейме, көзің тиеді.

Ұ р қ и я. Кұдай-кұдай, сені де әке дейді-ау... *(Бү кезде Шағалақ келе жатады. Ол Ыбырайдың серік жігітін қарғыбау тағып жетектеп байлап алған. Жігіттің үстінде Алтынның киімі. Сілесі қата соққы да жеген. Ыбырайды қоршаған қыз-келіншектер сұстана қарайды.)*

Д о ғ а л а қ *(сәлем беріп)*. Ассалаумаликом, Шағалақ құда!.. *(Жетектеп алған қыз киіміндегі жігітке таңырқап.)* Мұның не пәле.

Ш а ғ а л а қ *(қолын қағып жіберіп)*. Тарт әрі қолыңды! Шөккен түйеге міне алмайтын сүмелек!

Ұ р қ и я *(шамданып)*. Өстесің-ау сен! Немене, сен мінгізіп жүр ме едің?

Ш а ғ а л а қ. Кедейдің мысығы мияуласа, кесірдің күшігі қыңсылайды. Ә, Ыбырай, сен мені жер соқтырып... Тақыр мұзға шоқайтып отырғызып кеттім... Желге қарап ұлытып кеттім дейсің, ә!

(Ыбырай үнсіз, сұлық.)

Серік жігіт. Қор етті ғой. Сүйреткіге сап... Жер етті ғой!

(Ыбырай оған да былқ етпейді. Домбырасын тартып тұра береді.)

Ш а ғ а л а қ. Қалай екен! Сен, қыз орнына қыз текені байлап жіберсең. Мен сенің қызтекенді маңыратып қалың Қарауылдың ортасына апарам. Одан билік ала алмасам... Оязнайдың алдына сүйреймін. Одан теңдік ала алмасам, жандаралдың алдына дейін апарам... Атым арып, тоным тозғанша қуынамын. Шыдап көр!

(Ыбырай «Алтыбасарын» ыңылдап, берер жауабын осы бір жан ашуына толы әнмен аңғартқандай болады. Оны

түсінген Шағалақ қорқау қасқырдай атылайын десе, ән құдіретінен сескеніп беттей алмайды. Сілейіп тұр.)

Шағалақ. Бетіме от боп шашарың, көзімді қарып, тіліме шоқ боп басарың да осы әнім!

Ыбырай. Басарым да осы әнім. Тосарым да осы әнім!

Шағалақ. Әніңнің қанаты қиылсын!

Ыбырай. Менің әнім қиылғанша... сенің желкең де қиылады. Босат серігімді...

Шағалақ. Мен саған тиістім бе? Қар орнына қан жаудыруды тілеген өзін. Сөз орнына сор жаудыруды сұраған да өзін!

Ыбырай. Қиясты қыса түскенде ғана тәубәсіне келеді. Босатпасаң елге жаям!

Шағалақ. Не деп жаясың?

Ыбырай. Уа Шағалақ, Шағалақ,
Барымта, шабыс дау қуып,
Есілге келді жағалап,
Асулы тұрған қазанды,
Төңкеріп тастады сабалап,
Үріп шыққан иттерді
Қуа жөнелді абалап!
Дау қуған батыр Шағалақ
Қысыр қалған Керейдің
Қатындарына апарып салуға,
Тұқым алып қалуға
Жетектеп кетті азбанды
Көріппең мұндай азғанды!

Доғалақ (*шегі қатып шиқ-шиқ күледі*). Хик... хик... хик... О, шек-бауырым... Ха... ха!.. Ха!.. Өлтірді-ау! Ома қаптырды. Уһ... шегім... Ойбай, қатып, су бер! Шегім түйіліп қалды. (*Оған ілесіп бүкіл қыз-келіншек күледі.*)

Шағалақ (*тілі байланып қалғандай, аузына сөзі түспей, буынып тұр. Еркі дірілдеп, бет-аузына тікен шөп жүгірткендей жыбыр-жыбыр етеді. Нойыс ұмтылып Доғалақты арқасынан осып-осып жібереді.*). Кейуана!.. Сен күлсең... көзіңнен сорынды ағызып жылатайын. Ыбырайға қосылып, тас лақтыратын неме!

Хакима (*оқтай атылып алдына кеп*). Тоқтаңыз!

Шағалақ. Сен де алдыма шықтың ба?

Хакима. Қамшы сілтеп, жауыққандай не жаздық?

Шағалақ. Қыз болсаң да отты туған бала едің... Бал қызығынды көрейін... Көңілім толып, балама айттырған едім. Сұрауына шындап жауап берейін. Келемеждің

шегі жетті. Қайтармасам емі жоқ! Ішімде қатып жатқан кегім көп!

Х а к и м а. Көңіліңізді қайтарған менің де жерім жоқ еді ғой, қайын ата! Алар кегің Ыбырайда екен... Еңсесін түсіргендей әкемнің жазығы қанша! Жазығы қалауынды қайтармай кіндігіңнен тумаған балаңа қызын бергені ме? Ауылға келген ақынды қай қазақ кірлеп еді. Сипат көрсетіп аттандырып салмаушы ма еді.

Ш а ғ а л а қ. Аяулым деп қалай айтам. Бұл мені сілейтіп кетті ғой!

Х а к и м а. Сілейткенге сілені төгу оңай, қайын ата. Мына байғұсты итше сүйреткіге салуың да сізге лайықсыз. Рас, Ыбырайдан өш алудың ашу-дығы шығар. Бұл жігітке көрсеткен қорлығыңыз, Ыбырай үшін ауыр жаза деп айта алмаймын. Ажуа, сықақ, мазақпен сізді бір өлтірсе... тұлыпқа мәңіретіп екі өлтіріп отыр. Сүйегім әкемдікі болғанымен намысым сіздікі. Мені бал-қызығым десең, қайын ата... мен үшін кешіріңіз... мен үшін босатыңыз!

Ш а ғ а л а қ. Асқақ сөзбен ақшандамасын Ыбырай. Басымды қылыш кессе де тосар жерде бір тасам! Маған істеген мазағын қияметке қия ала кетем. Енді маған тиіссе — құлайтын жері шыңырау! Тұнығымды лайламай кетсін!

Х а к и м а. Тұнығыңыз мен ғой?

Ш а ғ а л а қ. Сөзіңе құлдық. Тұнығым да... аяулым да өзіңсің. Мен қу баста бала жоқ. Асыранды болса да тірлікте тілекке жеткізер... үмітім. Бердім тілегімді... Босатыңдар ана жігітті. *(Ыбырайдың серік жігітін босатады.)*

Ы б ы р а й *(жігітті бауырына тартып)*. Сенің қолда қалмасынды, сағынның сынбауын біліп ем... Ақымақты ақылды етер күлкі ғой. Уа, Хакима, төрелігіңе мен де тұрдым... Кеудеде тұнған шердің шегі жоқ... Менің де алар кегім көп... Сойқандыға тыйым салар ем де көп...

Өзің жаққан от еді... Сөндірмеудің алда талай себі бар... Ғашық болған құмарым. Білмеймін немен тынарын. Сау болыңдар! *(Әндетіп кете береді. Хакима ойланып тұрып қалады. Қыз-келіншектер «Алтыбасардың» қайырма-сына қосылып шығарып салады.)*

Әле, ләйлау, әләлай-лэй, әләла-лэйлау. Әлэ-лэй... лэй... лэй... әлэлэй-лэй-ау!

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

ҮШІНШІ СУРЕТ

Ақан серінің қонысы. Қоскөл. Көлдің бергі жиегі құм қайраң. Майса құрақ. Арғы жиегінде қырқа жоталарды өрлеп өскен ну қарағай. Жер де сұлу, көл де сұлу. Көл жиегінде ақ шатыр. Мезгіл кешкі салқын.

Бізге таныс Алтын, Мұстариза бар қасында, Петербург университетінде оқыған лапылдаған жас жігіт Мәмбетәлі Шабеков фейерверк — бенгал отын жасаудың қамында.

Мәмбетәлі (*Мұстаризаға түсіндіріп*). Әлемде... біздің қазақ қауымы білмейтін сиқырлы сырлар толып жатыр.

Мұстариза. Аты не бұл сиқырдың?

Мәмбетәлі. Фейерверк. Біздіңше алау...

Алтын. Сиқыры қай жерінде, қайным?

Мәмбетәлі. Мағни деген қызу беретін зат. Сол зат алаулаған сәуле шашады. Оны жаққанда көресіндер.

Алтын. Лап етіп, лаулай жөнеле ме?

Мәмбетәлі. Шашырай жанады.

Алтын. Күйіп қалып жүрмейміз бе?

Мәмбетәлі. Мұның оты — суық от.

Мұстариза (*ұстап, айналдыра қарап*). Оты суық... О, пәләй, өзі жарқылдап алау шамса... өзі күйдірмесе... маған жолдас болар зат екен.

Алтын. Түнде жортқанында зәресін ап иманын үйірсең...

Мұстариза. Сүрінбейтін жол болмайды... Сені абайсызда қамап алды... Шығар жол жоқ... Қия бассан тап бергелі тұр. Сол сәтте зәресін ап... жапырып бір тас-тасаң... И-ю-кию... тым-тырақай үрке қашыратын қаруың болса...

Мәмбетәлі. Жүректің оты соның бәрінен де құдіретті. Алтын жеңге, патрондарды оқта, Мұстариза, қанылтыр шелек, сынған күршек, қашаба арбаның доңғалағын тауып әкел... (*Мұстариза кетеді.*)

Алтын. Осыны қойсаң кайтеді, қайным.

Мәмбетәлі. Неге, жеңгесі?

Алтын. Ақанның қыстауынан сайтанның отын көрдік деп жүрсе біреу... бүкіл елге жаяды...

Мәмбетәлі. Саналы қыздың бірісің. Ақанды перінің қызына үйленді деп онсыз да өсекке танды.

Алтын. Ақан жынданды... Перінің киесі соқты, деп әке-шешем айтып отыратын еді... Мұнда келгелі ақ таңға қараймын да ойланам. Ыбырайдан сұрасам. «Қос көлге үр қыздары ауып келді»... Қайдан келді десем...

«Жәй тасымен бірге аспаннан жылап түсті» дейді. Кейде жалғыз қалғанымда күн жалт етсе-ақ болды... Ұр қыздары жылап түсе ме деп үрейленем... ұр қыздарының ұшып жүретіні рас қой, ә?

Мәмбетәлі. Ыбырай айта береді. Жын да, пері де жоқ. Екеуі де даланың серілері... Еш бір жанға ұқсамайды. Дала бір кең сахна.

Алтын. Сахна. Сахна деген не ол, қайным?

Мәмбетәлі. Сахна... Өнерлі қалықта, өнер көрсететін театр деген болады... Бүкіл ғалам кең театр,— деп Шекспир айтқан. Адамзаттың еркек-әйелі сол театрда актер. Сан қилы жандар кіріп, шығып жатады. Біздің қазақ даласы да кең сахна. Тулаған ойлар, шамырқанған сезімдер... шырқалған әндер... төгілген күйлер. Жан жарасы, ой арпалысы бәрі де дала сахнасында жүріп жатыр. Көшпелі елдің өрістегі малы да, көк майса жайлауы да... суық ызғар шашып, қыса келген қысы да сол сахнаның ішінде... өткен ғасырлар, тұл ғасырлар... Шөл ғасырлар... аламан шабыс, ру тартысы да дала сахнасынан өткен. Жұлып алып күн еткен, зорлап алып тұл еткен арулар да сол сахнада солқыл қағуда.

Алтын. Қайным, менің өрем жетпейтін әңгімені қозғадыңыз...

Мәмбетәлі. Иә, сендердің өрелерін жеткенше... көк арайды сусымалы құм басып, талай көлдер тартылар... Талай ойлар сарқылар. Алып жүрейік... *(Екеуі бенгал отын алып кетеді. Белін буынып алған, басында қамшат бөрік, Хакима, оның серік қыздарын ертіп Ақан келе жатады. Ақанның сақыл-шашы ағарған, аппақ құдай. Өңі жұқалтаң, бойы тіп-тік. Үстінде тозығы жеткен қаптал шапан. Қартайса да сынын бермеген. «Қалқам шырағымды» қоңыр дауыспен әндете кіреді.)*

Ақан *(баяу ғана)*

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
Ажары, ақ жамбыдай жаркылдаған.
Сексен қыз серуенге шыққанында,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.

(Қыздар соңғы шумағына қосылады.)

Ақан

Етегін ақ көйлектің кестелеген,
Бәд күндыздай құлпыртып дестелеген.
Ғашықтың жан әуезін кірлемейік,
Шәйпау сөз естілмесін әсте сенен

Етегін ақ көйлектің бүрмелеген,
Перизат бір ақ жауын сыр бөлеген
Қызықтың алды ыстық, арты суық,
Кетейікші бір жерге жан көрмеген.

Ха к и м а. Ақан аға, айта түссеніз еді...

А қ а н. Қалқам, үзілген әннің сітемі де... Келген бетте сұрамадым... Ыбырайды өлеңмен тоқтатпассың... Лебізінді естийін. Өзің деп жіберші...

Ха к и м а. Ақан аға, менен бұрын да... арулар алды-аңызға келіп жытынған... Алдыңызға алып келген, шөлімді аяңдырмай кеткен Ыбырайдың жыры шығар... Қайдап келді? Кім шақырды бұл қызды?— деушілер де табылар. Қызылғанда тыныс алар, қуат берер сіздің әніңіз. Жасқаншақ қызды қайратқа шақыратын да сіздің әніңіз...

А қ а н. Аязды күнде панама алар ару екенсің. Әттен мен шаршап қалдым ғой.

Ха к и м а. Шаршадым деп айтпаңыз, Ақан аға!

А қ а н. Теріс айналған дүниеде қалай шаршамайын. *(Сөйлеп кетеді.)* Жасымда дүние шерін көп жұттым... Балға қосып у да жұттым. Керек десе жан аманатын да кидым. Бұл күнде не? Басында болжам жоқ... Тон пішкен биде тыным жоқ... Көңіл алаң... Бой бұлған. Алдамшы салдақы қарларға ісің түссе — басыңды дауға байлайды. Ит жортақпен елің қалай күн көреді. Жерің қалай көгереді. Хикая өртек толғаған жырау тілінен тартылса заман қалай жөнделеді? «Қоскөлдін қуы кетіп, қазы қалды. Қызықтың көбі кетіп, азы қалған» Ақаннан не сұрайсың, жас ару?!

Ха к и м а. Ақан аға, қажығаныңыз да рас шығар. Мен сияқты қызға әніңіздің аясын берсеңіз болғаны. Дауымды алмаңыз. Қуып келген жауымның көзінің отын алсаңыз болғаны. Ар жағын өзіме тапсыр, Ақан аға!

А қ а н. Солай ма? *(Өңіне тесіле қадалып.)* Мен жаңа таныдым. *(Сергіп.)* Ыбырай неге кешікті. Мәмбетәлі таңғажайып өнер көрсетемін деп еді. *(Шақырып.)* Алтын, әу Алтын?! *(Алтын келеді.)*

А л т ы н. Ақан аға, Хакимамен серуенге кетерде жалғыз едіңіз.

А қ а н. Жас аруларды жидек теріп жүрген жерінен, Мәмбетәлінің өнерін көрсін, Хакиманың қасында болсын деп ертіп келдім. Қонақасынды әзірле. Думансыз менің күнім жоқ. Думандатсын, ән салсын.

А л т ы н. Хош келдіңдер, арулар!
Қ ы з д а р. Бар болыңыз, жеңгесі.

А л т ы н. Сендерге қазір, сонау, патша ағзам тұратын қаладан оқыған замандастарың сыйын көрсетеді.

Қ ы з д а р. Қандай ойын. Аты не?

А л т ы н. Ойынның аты алау!

Қ ы з д ы ң б і р і. От жағып па? Отпен ойнама демеі ме?

А л т ы н. Күйетін от емес. Сүйетін от. Үйшік-үйшік ойынымыз тәрізді. Қолдарыңда шоқ қызыл орамал. Орамалды бұлғайсындар да сүйген жігіттеріңді қастарыңа шақырасындар. Жігіт атылып, оттан аттап өтіп қастарыңа келеді. Қолдарыңнан жетектеп ортаға шығарады. Күй кетеді төгіліп. Ән де кетеді шырқалып. Көздеріңде тентек сәуле ойнайды. Ғажап емес пе, ә?

Қ ы з д ы ң б і р і. Жігіт алып каша ма?

А л т ы н. Қыз алып кашуды біздің қазаққа ғана жазған. Жүріңдер. *(Қыздарды ертіп кетеді. Сырттан серіктерімен Ыбырай келе жатады.)*

Ы б ы р а й *(алаңдап қарай)*. Ақан аға, қыз-келіншектер кеп қапты ғой.

А қ а н. Желді көрік, аңқылдама. Не хабар білдің?

Ы б ы р а й. Хабар түбі дуанда.

А қ а н. Дуанға не, кісі шапқызған ба?

Ы б ы р а й. Шөбектің Жаналысын ертіп Шағалақтың өзі кетіпті.

А қ а н. Жаналынікі не?

Ы б ы р а й. Сізде кеткен дығы бар емес пе. Сары сапалақ Жаналы, кемпір ауыз Баялы, төрт көз төбет Нұралы Сауытбектің сарыала итіндей әкенді ұрайынның балалары деп елге жайдын.

А қ а н. Е, оның ызғары басылғандай кез боп еді.

Ы б ы р а й. Жерінді алса бөлшектеп, барынды алса емсектеп.

А қ а н *(күйініп)*. Жер де?.. Әр кімнің өз жері өзіне Мысырдай. Туған жерден қияға теуіп тасталмай шуағына жылынып өтер болсамшы? Өткізбеймін, жеткізбеймін деп отыр ғой. Аш бүйірден ескі қысқаны қысқан. Хакима өзі іздеп келді. Жасын қалай құрғатамыз? Арманын қалай жалғаймыз?

Ы б ы р а й. Дауасын өзіңіз болжаңыз, Ақан аға?

А қ а н *(орнынан тұрып)*. Маған болжатсаң, Хакима жыртқыштан қашқан құралай. Қасірет жасы көзіне оралса лебіңмен құрғат. Бұрында жанымыз кекті еді. Тағылықтың талауына бермейік. Көкірегіне ән боп оралсын. Жанын өртеген күйікке су боп себіл, Ыбырай. Саған бой бермесе ақ кебінге ора да табытқа мені сал.

Ыбырай. Ақан аға, әлі де алысарлық қайратың бар екен. Сізді сарқып алды ма деп ойлаушы ем.

Ақан. Керейден келген кімдер?

Ыбырай. Шағалақ Торсан қажыны ерте кепті. Торсан Шөбек әулетімен құдандалы.

Ақан. Мынды айдаған бай Торсан ол, кекеш тілін көлденең шайнағаннан басқа билік айтып немді жарытады.

Ыбырай. Сол кекештің қалтасы қалың.

Ақан. Алтын, күміс сықаған зұлмауыр сандығын астына баса келген болар. Оязды алса сонымен алады. (Көңіл ойнайды.) Осы сенің «Алтыбасарың» былай басталмайтын ба еді?

Ыбырай. Оны неге есіңе түсірдіңіз, Ақан аға?

Ақан. Сенің осы әнің арқырап арнасына сыймай жалалауын шапшып атқан өзен тәрізді. Билердің билігі құлақты талай сарсытқан. Сенің түсер билігің осы әніңнің құдіреті. Түсінсе түсінсін. Түсінбесе махаббатқа араша болар осы әнің. (Өзі жәй ғана толғайды. Ақанның толғауында терең сыр жатыр.)

Ыбырай. Айтуы келіспей жүр екен-ау, Ақан аға. Өз әнімді жаңа ғана таныдым.

Ақан. Бөлме ойымды. (Еңірете, егілте қайырады. Ыбырай да қосылып кетеді. Мәмбетәлі, Мұстарица келе жатады. Олар да ізетпен баяу ғана ілесіп тұр.)

Мәмбетәлі (өзіне). Даланың гимні десе де болады.

Мұстарица. Гимні не?

Мәмбетәлі. Гимн — заман сазы.

Ақан (сыр шерткендей сөйлеп кетеді). Шәуі қашқан бүркіттей шала алмаса қиядан, кәріліктен ауыр не бар? (Ыбырайға.) Сен әніңді жаңа танысаң даусыма кірген дірілді мен де жаңа таныдым. (Мәмбетәліге.) Петербор сарай салтанаты... ғылым, білім парасатына шөлдеп барып ең. Патшаны өлтірушілер достарын болды. Олар дарға асылды. Сен Сібірге жер аудың. Шөбек әулеті малын шашты. Беделін салды. Босатып алды. Қилы кезеңнің дауасы не?

Мәмбетәлі. Дауасы құдіретті күштің сарыны, Ақан аға.

Ақан. Ол не сарын?

Мәмбетәлі. Кеудеде тұнған зар сарыны. Ыза бұған жүректегі кек сарыны. Намыс атты қайрап салар семсер бар емес пе?

Ақан. Қайралған семсерді қалың жауға сілтер ер қайда!

Мәмбетәлі. Кімде-кім... өз тағдырын қорғаса ол да

ерлік. Ез болып ығына түспеу де ерлік. (*Мұстаризаға меңзей.*) Жері үшін алысқан Мұстаризанікі де ерлік. Уытты өткір тілмен шенеген Ыбырайдікі де ерлік, ынтық жүрек қалаулысын, қимас сәтте әніңізбен жұбатқан сіздікі де ерлік.

Ақан. Ендеше, Хакима қыздың дауына қарусыз боп қалмайық. Заң алдына сен түс. Білекке тірелсе сен түс! Көк жендетті жемдеп тұғырына қондырайын. (*Keredi.*)

Мұстариза (*өзіне*). Ақан аға осындай екен-ау?

Ыбырай. Бұл сырды Хакима мен Алтынға сездірмейік.

Мәмбетәлі. Күн де ұясына батып барады. Ойынымызды бастайық. (*Мұстаризаны ертіп кетеді. Хакима келе жатады.*)

Хакима. Ыбырай, Ақан аға көңілсіз ғой?

Ыбырай. Шау тартқан кәрілік, шаршатпай қоя ма?

Хакима. Өзің не бітіріп қайттың?

Ыбырай. Бардым, ағайынға қолқа салдым.

Хакима. Ағайының нендей емеурін білдірді?

Ыбырай. Жасырмадым. Жіңішке жолға түскен екем... Байлығым — әнім. Байлығым — Хакимадай аруды сүйгенім. (*Маңдайынан сүйеді.*)

Хакима. Сүйе түс. Құмарың тарқағанша сүй, Ыбырай.

Ыбырай. Ыбырайдың сүйгені басын сәлдеден алмайтын молданың иманын, бидің билігін де бұзған. Қалауыңа тартуым қарақат көзім.

Қарақат көзді, ақ жүзді,
Кімге сырын білгізді,
Ғұмырымның еркесі,
Күлімдеп тұрған нұр көзі,
Қарақат көзді — жас жүрек,
Ғұмырыма сен тірек,
Ойлағаным бір өзің,
Тағы да артшы ақ білек...

Хакима. Бұл әніңді менен бұрын діріл қаққан сұлудың мөлдіреген көзіне арнаған болатынсың.

Ыбырай. Саған арнар әнім. (*Батып бара жатқан күнге меңзеп.*) Батар күннің алқызыл нұрындай қос көлдің айдынына шашырай жайылған шапағындай. Жасылы ну қарағайдың тынығындай. Көлдің самалына төсейікші кеудемізді. (*Айқара құшақ жайып көлге қарап тұр. Хакима дір етіп Ыбырайдың құшағына кіре түседі.*)

Хакима. Мені қозғаған ән сиқырың еді.

Ыбырай. Жаркылым көп те, ебім аз бір жанмын. Ақан емеспін. Ақанның әні ажал боп қадалғанның семсерін сындырды. Безгек боп қалшылдатқан Махамбеттің солығын басты. Шөл өртеген таңдайдың шөлін қандырды. Ал, менің әнім...

Хакима. Сенің әнің балауса. Жел үрлесе каракөк толқындай ырғалады, тербеледі.

Ыбырай. Хакима... *(Көл бетіндегі аққудың сыңғырына ой жіберіп тұнып тыңдай қалады.)* Токта, тоқтай қал! Аққу құстың сыңғыры не дейді? *(Домбырасын дың еткізіп келе жатқан орағандай сезініп.)* Қосыла тыңдайықшы, Хакима.

Хакима. Осы аққудың сыңғырлаған үні саған ән боп оралса...

Ыбырай *(бірер ырғағын қайырып ыңырси толған)*. Жок, ұшып кетті.

Хакима. Ұшып кетті ме? Қайтып оралады. Тәңірден де, сенен де тілерім... *(Жалт қарап.)* Әне, Мәмбетәлі де алаулата от жақты. Алауы қандай сұлу. Жалыны қандай ыстық.

Ыбырай. Отты сүйеді екенсің.

Хакима. Түнде қойды көп күзеттім. Сағыныш кернеген көңілді оттың алауы басады.

Ыбырай. Жүр ендеше, отқа барып біз де жылынайық. *(Кетеді. Ымырт жабылып, түн қараңғылығы қоюлана түседі. Көл жиегінде алау. Көгілдір қызылды-жасылды сан алуан сәуле ойнай бастайды. Алаудың ішінде қыздар, Мұстарица, Алтын, Хакима, Ыбырайлар да жарқ-жүрқ елес береді. Ыбырайдың серік жігітімен Доғалақ келе жатады. Кіріп келген бетте оқыс шошынып тұрып қалады.)*

Доғалақ. Серік-ау, бұл не бәле?

Серік. Шошыма, шошыма, құда. Бұл ауылда осындай алаулар... дірілдер. Иін, жиындар болып жатады.

Доғалақ. Астапыралла!

Серік. Дұғанды ішіңізден оқыңыз, құда. *(Домбырамен термелеп Ыбырай алау ішінде әндетіп жүр.)* Ыбырай да осында екен.

Доғалақ. Қызым да осында ма?

Серік. Қызың да осында.

Доғалақ. Құдая тәуба... Тілім байланып қалмаса не қылсын. Әулием-ау, перісі ме, жыны ма? Табандары жерге тимейді, нықтарына қанат байлап алған. Не сұмдық? Жігітім, мені қайда алып келдің?

Серік. Есінді жи! Қамап алар жау келеді. Сені жұта-

тын тажал бұлар емес. Даланың аш бөрілері. Қызына жолықтырайын.

Доғалақ. Пері соқсын қызымды.

Серік. Бері жүр. Дөң астында бей аулақта күте тұр. Мен барып хабарлайын. *(Доғалақты сүйемелдеп алып кетеді. Сыртта шулы дабыл. Аласұра алқынып Шағалақ, ізін ала правитель Жаналы, Торсан қажы, соңдарынан ат қосшылары да ере келеді. Бәрі де маңдайларын тасқа ұрып алғандай шошып оқыс тұрып қалады. Сиқыр арбап, буып тастағандай сілейін тұр.)*

Торсан қажы *(ерні жыбырлап қалшыл қағып)*.
Ләһиләһи е...ел... ал...ла-лұ мау...ха-ма...да...ра су...л...ал... аллла.

Шағалақ. Кұдайдың бұл не сиқыры, не сұмдығы?

Жаналы. От шашып ойнаған перінің қыз...да...ры, Ақан перінің қызына үйленген...

Торсан *(кемсең қағып)*. Тілде...ріңді ... и...иман...ға келтіріңдер.

Барлығы *(сыйынып)*. Лаһи-ләһи-илла-алла мухамма ду...расуа... алла!

Торсан. Тәңіріге жаз...ған...да жерден ... от құсқан та...жал... шығады... құ-дайға... құрмалдық атандар.

Барлығы. Атадық... Ақсарбас... Ақсарбас!

Торсан. П...п...пері...лер қауы...мы. Мәжуси әл кәфри лер кудус шәһарын өртеген Әу...лие... ән биелер...ді де до...заққа жетелеген. Иманы...нды жұлып алып... лақ ... тырып жыр...тып алып тастайтын да перілер... Ал...л...ла...л... л...ла... Кеудем... қысылып барады.

Жаналы. Қажеке... құдайы садақа атаңыз... *(Қажы талып қалады.)* Біздің елді Ақанның ақ жыны бұғалы қашан... Күнде кешке қоскөлден перінің қыздары шығады... асыр салады. Ақанды Жердің астындағы сарайына алып кетеді. Өне біреуінің аузында жалын. Көзі шоқтай жайнап... атылып ортаға шықты. Перінің қызын құшақтап Ақан да шықты ортаға.

Шағалақ. Тұрамыз ба осылай, жын ойнағын бағып?

Жаналы. Көзім тұнып та кетті. Қарауға шамам жоқ.

(Ойынның қызуына әбден желігіп алған, бір жағы шошытып, әшейіндегі үйреншікті әдетіне басып Ыбырай қыздарды қуып келе жатады... Үстіндегі киімдері де өзгерген. Әлем-жәлем.)

Ыбырай. Уа, дүние, Хакім даниям... Іздегенім бір хиял! Ойлап тұрсам дүниені, пенделікте не дүр хал! *(Зарланып.)* Уа, жырым қайда? Тілден меруерт төккізген... Уа, пірім қайда, безгектей қалшыл қаққызған! Айсыз түн-

де шарқ ұрып, махаббат іздеп талпынғам! Сүйгеніммен кездесе алмай, сорлы жүрек зар жұтып, кеудеме сыймай алқынғам! (*Сақ-сақ күледі.*)

Ж а н а л ы. Ыбырайды жын соққанын көрдіңдер! Бізді де жын соқпасын десендер кетейік. (*Баруға батылдары бармай барлығы да кейін шегінеді. Бұл кезде Мәмбетәлі арбаның доңғалағын алаулата дөңгелендіріп қояды. От алауын айнала Хакима мен Ыбырайды қоршап қыздар хор айтады.*)

Қ ы з д а р (хор):

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
Ажары ақ жамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шыққанында,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.
Етегін ақ көйлектің кестелеген,
Бәд құндыздан құлпыртып дестелеген,
Ғашықтық жан әуезін кірлемейік.
Шәйпау сөз естімесін әсте сенен!

(Ән би. Жыр шеруі.)

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Қоскөлдiң жағасында қызу дау. Оязнайға советник Нұржан Аманов келген. Қасында он поштабай, жеті-сегіз урядниктері бар. Үстінде жез оқалы мауыты шинель, иығында шашақты погон. Сап-сарыала. Сөзі доғалдау. Миссионерлік мектепте тәрбиеленген. Ортада жеке-дара тұр. Шағалақ бастаған қарсы топ Амановтың оң жағын ала жайласқан. Ақан, Мәмбетәлі, Жаналы бар, Амановтың сол жағында. Доғалақ шөміп шет жақта отыр.

А м а н о в (*тілін бұрап*). Сендердікі былық... шылықтар... Кәжітіп-ақ болды... осы... Дала губернаторы... Господин... Миллер киргиздардың қандарында... коздиртқыш смесь... бирдемелер бар... олар бірімен-бірі... жауласпай... дауылдаспай тұра алмайды... олар физиология жағынан... онша жетіліп болмаған... сезімдері доғал... Адал... Честный деген... Волостной правительдердің өздері.. доңыз... нағыз қабаң... өлім мен ... тірлік атысып жатқанын незнайт кариндарын сипап, қатындарының қасында... брис... брис... мауыққан мысықтай... уйқыдан көздерін ашпайды. (*Қаһарына мініп.*) Көздеріңді тырнап ашу керек сендердін!

Ж а н а л ы. Советник мырза, ескерткеніңізге зор алғыс...

Аманов. Шағалақ, Керейов!

Шағалақ. Шағалақ Керей баласы, көзін тырнап ашатын мысығың емес.

Аманов. О, көкжал!

Шағалақ. Түре кеп шаптырған шоқындының өзі едің... Тергестіріп теңдік әперемісің? Губернатордың езген малтасын қоса езіп тұрамысың?

Мәмбетәлі (*шапшаң*). Да, да! (*Шағалаққа.*) Тауып айтқан тапқырлығың үшін. Сізді мен губернаторлыққа сайлар едім...

Нұржан. Мәмбетәлі Шобеков! (*Көзін сүзе қарап.*) Ә, ым... Шобеков!.. Жүру, тұруыңа... қырық шақырымнан тысқары... жерге рұқсат жоқ... Ал, сен жүрсің... Осы сен Петербурдан оқығансың, ә!

Мәмбетәлі. Петербурдан.

Нұржан. Кәрі оязнай. Киргиздің оқығандары ештеңе істемейді... ештеңе ізденбейді. Санасына саңлау кірді болды. Кеуделеріне сайтан ере кіреді...

Мәмбетәлі. Сайтан кімге ермейді. Сіздің сайтаныңыз ба, менің туысым правитель Жаналының сайтандары ма, кеше кешке Шағалақ ақсақал, Торсан қажы бір үйір сайтанды көріпті. Кімнің сайтаны екен? Алланың ба, әлде сіздердің бе?..

Торсан. Жалған дүниенің алдамшылығын қазбалап кайтеміз, бала.

Аманов. Далада сайтан, қалада сайтан! Мидың ішіне кіріп ап патшалы Россияны кернеп бара жатқан сайтандар.

Мәмбетәлі. Ақылына құлдық. Зуылы қандай сұмдық. Ысқырығы жер жарып, қасірет шеңберін айналып азырады... Кейде үрдің қыздарындай малынып жүреді... Әпсәтте қару асынған разбойник, қарақшы болуы да апайқын. Кеше Торсан қажының тілі байланып қалған... Менің ағам Шобектің аруағын шақырып, құдайға құрмалдық айтып құтылған. Бүкіл ел дүрлігуде. Сегіз қатын үйлерінде талып жатыр. Баяғы қажы қонысын тастап көшкелі жатыр. Сіз тыйым салмасаныз, тақсыр.

Доғалақ. Иә... бұлар көрген сайтанды мен де көрдім, тақсыр.

Аманов. Не, не... өзі... (*Жаналыға шұқшиып.*) Қару асынған қайдағы сайтан? Кімнің сайтаны?

Жаналы. Осы ауылдың өз сайтаны, тақсыр!

Аманов. Қаруды бұлар қайдан алады?

Жаналы. Біздің көргендеріміз.

Шағалақ. Есі кеткен ескіні жамайды. Біздің көрген-

деріміз перінің қызына үйленген Ақанның сайтаны. (*Мәмбетәліге.*) Сенің оқыған сиқырың, менің тоқыған сиқырым.

Мәмбетәлі. Тәубеңе келдің бе?

Шағалақ. Келердей жаныма сүңгіп кеткен сұмдығым жоқ. Өз сайтаным өзіме жетеді. Сайысқа шығар ерің кім? Тіресер биің кім? Шығар мына ұлықтың алдына!

Аманов (*енді ғана түсініп*). Теперь я понимаю... господин Шобеков, бері кел!

Мәмбетәлі. Келдік.

Аманов. Қаршадай басыннан сайтансың, ә?

Мәмбетәлі. Сайтандық емес. Мейірімді махаббатты қорғау. Қолында қаруың жоқ жерде адамға ат қана серік.

Аманов. Бұзық. Кет, бұ жерден!

Мәмбетәлі. Декбірсіз тыпыршымаңыз, советник.

Аманов. От шашып ойнайтын сабаз! Біздің далаға сенің өрт қоюың жетпей тұр еді... Жел бас бала! Шамаңа қара! Өшір қаранды!

Мәмбетәлі (*берілер емес, ұзақ ойлап іркілмей*). Жұртты бет қаратпай, бетке соғып үйренген губернаторға сыйынғаның озбырды тілдеген қарғыс сөз неден туады? Қылыш не үшін суырылады. Найза не үшін сілтенеді? Қаһар неден тұтанады? Жәбірге шыдамаудан. Қорлық, зорлық бар жерде қарсы айла да бар. Жыртқыштан сақтануда ор қазады. Дала... Менін дүниеден биापасыз өтіп жатқан далам... Ұшпа бұлт сияқты баянсыздығын Ақан жырласа, мезгілсіз сөнген жұлдызын Ыбырай жырлады. Жүрекке мұң оралтса... Көзден жас егілтсе... Сендерге қарсы сілтеген найзалары... Сол найзаның ұшын мұқалтам. Жалт еткен жарығын сөндірем. Жарынан айырам дейді, мына дүлей топастар. Жалаң қылыш советник... Миынды тесіп құйса да сен оған түсінермісің.

Аманов. Әкетіндер мынаны! (*Урядниктер Мәмбетәліні алып кетеді. Жұрт ақыруда.*) Қыз кімнің қызы?

Доғалақ. Менің қызым, тақсыр.

Аманов. Ыбырайдың өзі қайда?

(*Ешкім жауап бермейді.*)

Аманов. Қыз кімнің қолында?

Жаналы. Ақан мырзаның қолында.

Аманов. Қорамса баласы Ақан... (*Ақан домбырасын баяу ғана тартып отыра береді. Жауап қайырмайды.*) Содыр түбі не малға, не жанға кеп тіреледі. Жерімді заң жарлығына лекірген Нұржан Аманов деп мені сілеп, мені тілдейтін көрінесің. Сайрашы менің алдымда?!

(*Ақан әлі де сұлық, іштей қарсылық нышанын домбы-*

рамен аңғартады. Оған Нұржан түсінбейді. Советниктің құлағына жақпаса да «Алтыбасардың» бір шумағын қаннен-қаперсіз өзінен өзі шалқыта толғайды. Оның толғауына алқам-салқам пері соғып кеткендей үстіне әлем-жәлем құстың қанаты, үкінің жүні, бүркіттің тырнағы, құлынның құйрығы, қыздың шолпысын тағынған, әйелдің күндігін бір шекесіне қисайта тартқан Ыбырай Ақанға қосыла кіреді. Қайырмасын зарлап қайырады.)

Аманов (Жаналыдан сұрап). Бұл не қылған диуана?

Жаналы. Диуана емес, Ыбырайдың өзі. Советник мырза, бұларға дауа жоқ... «Нұржан деген сотымыз жүріп тұр ғой хатыңыз, жерімізді алды деп қисайды біздің бұтымыз». Саған да өлең шығарған!

Аманов. Не, не... өзі ақжын Ыбырай сенбісің?

Ыбырай. Алдымен Торсан қажы, Шағалақ биге сәлем беремін. Жасы үлкен ағалар... Сабыр етіп күте тұрыңыз, тақсыр төрем!

Аманов. Сәлемінді көрейін. Қалай берер екенсің...

Ыбырай (домбырасын күйлеп, Торсанның алдына ііііп). Уа, атыңнан айналайын, Торсан қажы!

Торсан (үрке қашып). Кет әрі, малғұн!

Ыбырай (соңынан қалмай, алдын орап)

Жал шайнап, майға бөккен борсаң қажы,
Жүн сатып, қыл қадақтап меке бардың.
Иман тұрар жерің жоқ, сортаң қажы...
Қайрандағы шабақты қуып жүріп қылқыған,
Су жыртқышы жалмауыз шортан қажы.

Алдияр, қол тапсырдық піріне... (Қолын ұсынады, Торсан қолын аларын да, алмасын да білмей, түтіге булығып тұр. Ыбырай кетер емес.)

Торсан. Аруақ атсын сені. (Шағалаққа.) Мына кәпірдің жүзіне қараудың өзі күнә! Уа, Ақан, даңқынды сыртыңнан естуші едім... Инабатты жаны дарқан әулие... Намазын тастамайды. Оқығаны расул әнбие... Мына жын соққанның бұлай келуі хилап. Сізге де хилап. «Оқушым айтушыдан болсын зият... ыарапатты жақсыға — қыл инабат» — деп өзіңіз айтқан едіңіз...

Ақан. Дүние Хакім даниял, пенделікте недүр хал.

Торсан. Дархан, «пенделікте недүр хал» дегенің құранның сөзі.

Ыбырай. Қате айтасыз, қажекел! Ол менің сөзім... «Ақылдан асқан байлық жоқ, жомарттан асқан нарлық жоқ». Кімнің сөзі...

Торсан. Мен қойдым.

Ыбырай. Сіздің қойғаныңыз жөн... Советник мырза...
«Ерлі қорлама састырады, асты қорлама құстырады». Кім-
нің сөзі?

Аманов. Мен сөз сарасын айыруға келгенім жоқ.
Сіз сарасын айыруға келдің. Мені шенеп өлең шығарға-
н не рас па?

Ыбырай. Рас!

Аманов. Естісін мына жұрт.

Ыбырай (*қуланып*). Шеттігінді басып кетсем шам-
данбайсың ғой?

Аманов. Салғыласпа! Айт дегенсін, айт!

Ыбырай. Қолқа салып қоймадың. Ат берсе де, алтын
берсе де басқаға қымай сізге арнағаным бар еді. (*Барлы-
ғын*) Ұл талтайық, айғақ болындар!

Досғалақ. Айғақпыз. Не тартынатыны бар, айтып
бер!

Ыбырай. Жаналы, правитель. Кепілдігіне алсын.

Жаналы (*Амановқа*). Айтқызып қайтесің.

Аманов. Атылған оқ, айтылған сөз қайтпайды.

Ыбырай (*қадалып, тілін шегей жөнеледі*)

Ей. Нұржан, жас күнінде маймақ едің,

Өлі жүнін түспеген тайлақ едің.

Әкенің де құйрығын арқан тесіп,

Көпестің талай қойын айдап еді!

Бұл күнде Нұржанмын деп күпілдейсің,

Сол күнде Нұржан болсаң қайда едің?..

(*Аманов шыдамсызданып, қолы қылышқа барып қа-
лады.*)

Ыбырай. Сабыр, сабыр, ұлығым. Аржағын тында.

Аманов. Аржағында не? Тез айт!

Ыбырай (*асықпай*):

Аттының келе жатқан жолын кесіп,

Ақынның сөйлер сөзде тілін кесіп,

Ененің қойнына қол салып па ем,

Суырдың ғой қылышты белден шешіп.

Нұржан. Ә! (*Қылышын қынабына қайтадан сарт
еткізеді.*)

Ыбырай.

Әміріңмен Ақан тұр елден көшіп,

Мен тұрмын болар ма деп, сенен несіп,

Шағалақ тұр, шабуға!

Сен тұрсын, жымқырып пара алуға!

Сүтке тиген сұғанақ — сен бір күшік!

Доғалақ. Ыбырай, өлдің ғой, сорлы.

Нұржан. Өлім ұрынғанға кезігеді. Сүйтіп мен күшік болдым. Арлан күшігінен ер жетеді. Күркіреген жауын, құйылған селге де бір тоқтам. Қыршаңқы тілінен жазады. Қайырып бер. Шағалақтың жесірін.

Жаналы (қайрап). Қайырып бер! Уа, Ақан, жауластырма іргелес отырған екі елді. Қыз сенің қолыңда!

Ақан. Қыз менің қолымда. Сырларыңды бұрын да талай барлап ем... Жылап салған әніммен... Саулаған жырыммен барлағамын. Қайырып бер! Қайырып беретін Торсанның несиеге алған қызыл бұзаудың пұлы емес... Билікті маған берсеңдер. Төгілмесе екен көз жастар... Төгіле қалса көз жастар... Домбыра күйге толып боздамай тұрмайды. Құшақ жайған жардың кімде-кім жолын кессе... өленімді, әнімді қамшы ғып өріп арқасынан жосылуын тіледім. Еті өскен көздерге құм құйылсын деп тіледім. Құйылмады. Араны ашылған сендерді жер жұтсын деп тіледім. Жер жұтпады. Советник мырза... Жерімді қаттап, қағаздап алып ең. Көл керек екен — көлімді ал... Су керек екен — суымды ал. Оны азсынсаң аспанымды ал... Қара кебін жамылып, өрт шалғанның бәрін ал. Мені паналап келген арудың бағын алма?..

Нұржан. Содыр қамшым саған да тиеді, Ақан. Шығарып бер қызды.

Ақан. Бере алмаймын.

Нұржан. Сізді ел сыйлайды?

Ақан. Ел сыйласа, сіз де сыйлаңыз.

Нұржан. Домбыраның шегі үзіледі. Боздаған күйдің үні өшеді. Даудың түбі барымтаға кеп тіреледі.

Ақан. Кектенген сана, өртенген жүректің түбі неге кеп тіреледі?

Нұржан. Сіз кектенбеңіз. Өксіген Ақтоқты не мұратқа жетті. Ұрқия жынданып өлді. Бұл қызды да әлекке салма, Ақан.

Ыбырай. Ақан аға, мен берейін жауабын. Уа, ұлығым, дүниеде не әлек? Арық біткен бақ әлек... Көтере алмай сол бақты ың-дың болған бас әлек. Бағынар басшын ақылға көнбесе... алдынан іс өнбесе... Қойды бүлдірген шарықтап... бүлдірсе елді сол әлек?

Доғалақ (есінен тана сүйсініп). Айналайын. Бәрі де ақиқат. Дөп айттың, Ыбырай! Енесін ұра айттың... Ұлығым ұғынар құлақ болса.

Нұржан (зәкіп). Балаға тыйым әкеден. Ұғынсаң үйінде неге тыйым салмадың қызыңа.

Шағалақ. Мияулаған мысық! Қарауылға кеп сенін де тілің шығайын деді ме? Қызына қосып сені де саттым, кім алады? Қырық байтал қысырақтың үйірін кім береді. *(Жаналыға.)* Кісі ұстап, кірме кіргізген Шөбектің әулеті... Құл керек пе? Мына басыбайлы құлымды ал. Саған малынды бағатын жалшы-жақыбай керек пе? Ақы пұлы төленген жалшымды ал. О дүние, бұ дүниеде де сұраусыз. Өз пақырым, өз меншігім.

Доғалақ. А, құдай? Өз қолым өз аузыма жетті деп жүрсем, жетпеген екен ғой. Ә, қу бас! Сен қу бас!

(Қасында Алтын, Мұстарица бар, Хакима кіріп келеді.)

Хакима. Әке! Әке!.. Қарғама! Қарғама!.. Баласыздығын бетіне баспа.

Доғалақ. Мені неше шырылдатады бұл найсап! Мұстарица-ау, бұл қорлыққа не дауа? Не шара?

Шағалақ *(естіп қап)*. Мұстарица?! Ішімді үңгіп жеген қас жауым... алдымнан шықты.

Нұржан *(сезік ап)*. Мұстарица?!

Тұрсын *(көзін жыпылық қағып)*. Аллау, бұл дию тірі ме еді. Ұсталды дегені қайда?

Нұржан. Бізді адастырып осында кеп тығылған. *(Танып, тірі ұстауға батылы бармай дірілдеп, қалшылдап та кетеді. Мұстарица сұлық, көзінің қиығын тастап алара қарап тұр. Хакима әкесіне байбалам салма, берік бол,— деп қайрағандай болады. Ыбырай Мұстаризаның не үшін келгенін әлі түсініп болған жоқ. Нұржан Мұстарицадан көзін алмай, Жаналыға урядниктері мен поштабайларына хабар бер деп ымдайды. Жаналы жылысып шыға береді.)*

Мұстарица *(үртіс атылып ортаға шығады)*. Бұл дүниенің құсасы о дүниеге кетпейді. Ей, Шағалақ! Мен қашқын, сен соңыма түскен міскінсін. Дәме бар да, дәрмен жоқ. Кезінде кездескен ек. Асқынып, қарышталып қалжыраған сәтте... омакастыра алмай кетіп ем.

(Шағалақ сұлық.)

Нұржан *(алдын кес-кестен)*. Мұстарица Саполатов. Сабыр, сабыр... Ақылды ердің ішінде алтын сандық ат жатыр,— дегендей, тентек болсаң да ақылды ең.

Мұстарица. Ақылды ерді жайқандаған жалғаншы шаршатса, сен шаршатасың. *(Шағалаққа.)* Тұрған жерінде тартып жіберсем! Құныңды арқалап өтуге ризамын.

Шағалақ. Сөз салысқанға дау ортақ. Ат салысқанға жау ортақ. Ормағың мен екем... Аяма!

Мұстарица. Кесер басты алатын ажал сендерсіз де алады. Ақан аға, қартайған шағында... Сіздің алдыңызда, мына жалмауыздың қанын ішсем... ертең азабын сізге, Ха-

қима, саған тартқыза ма деп тартынам! Болмаса... Жок, болмаса да... *(Он екі атар маузерын суырып ап Шағалаққа кезене бергенде Хакима жан ұшырып ара түседі.)*

Хакима. Мұстариза, тоқта. Ақанды ая, бізді ая!

Мұстариза. Кап, тағы да мүлт кетті-ау!

(Жаналы бастаған Нұржан Амановтың поштабай урядниктері келе жатады.)

Ыбырай. Ә, Жаналы! Қара бұлттын торлауы сенсіз де жетерлік еді. Мұстариза, жөнел тез. Қолда қаласың. Келіп қалды.

(Мұстариза қаруын кезеніп кейін шегіне береді. Нұржан төніп келіп қалған урядниктердің алдынан шығып тоқтады.)

Урядник. Қарақшы қайда?

Нұржан. Қарақшы сендерге алдырмайды. Тоқтандар!

Шағалақ. Қай жан сауғалау?

Нұржан. Қуып келгенің қарақшы емес. Жесір екен. Жесірмен бол... Алындар мына қызды?!

Хакима *(шырылдап)*. Ұлығым... менен туған дау... Менен болған қиястық. Кек... Намыс екен... Билікті өзіме беріңіз... Кесімін өзім айтамын.

Нұржан. Тілеуің не?

Хакима. Тілерім. Өз басым емес... Ерге де жазған бір азап, қызға да жазған бір азап. Тағдыр кімдерді мазақ етпеген. Ете беріндер. Айтысып билікке түсерім кім? Шағалақ па?

Шағалақ. Мен!

Хакима. Сіз болсаңыз... бал қызығым балам дедіңіз бе?

Шағалақ. Дедім.

Хакима. Терезем тең... Құдам дедің бе?

Шағалақ. Деген екем.. Кеудене сайтан үймелеп, неге айныдың? Неге бұзылдың?

Хакима. Айнығаным... Лай тұнды кеудеме. Әкемді құл, шешемді күнге балап, мешкей көңілінді, мейірімсіз жүрегінді қаталдықтың қайрағына жаныдың. Құдалық өтіп, ұзатар уақыт таянды. Ізімді бағып, үйімді күзеттірген сенімсіздік күдік буды ннетінді. Сол сәтте... сол сәтте... үмітімді ән ғана асырады. Ыбырайдың әні осы сапарға жетеледі. Ақанға жетейін. Өксігімді басайын. Ақан аға! Сенің әнің мен үшін құранды сүйгізіп некемді қиғанмен бірдей. Шарт болат шарт етіп сынса сынар... Сенің әңің сынбайды. Ақан аға, жаныңды өрт шарпып жекіп тұрсын. Ала берсін мені тұтқынға. Ыбырай да бұл дертті күйікті не кө-

тәрер, не көтермес. Маған сізді қаусатып кеткені батады, Ақан аға?..

Нұржан. Бар даналықты қызына да, ұлына да құйып берген ғой! Мелшима, Ақан. Қанатымен сипап өтетін су перісі емес. Қашан екі жағың бітімге келгенше қыз менің қолымда болады.

Ыбырай. Сенің қолыңда?

Нұржан. Менің қолымда.

Алтын. Қырық шырақты әйелді тұтқын ету не сұмдық?

Нұржан. Ақан, сіздің есінеуіңізді естіік?

Ақан. *(Сарайынан шығып, жүзі құбылып, көзінен ақ жұлдыз сезімін өртеген күйік, ойран топыр... қызы болса-болса сезілет кетеді).* Су перілері... Арулар... Ем түбіне шыға келсе... ақ жүздерін айға тосып сайран-даса о да қызық. Қайда, шіркін, сол сұлулар. Жайлауда ма? Шалқар көлдерде ме? Ну ормандар... Жалтылдаған астар ғой олардың сайран салар мекені. Ауып келген үр кыздары. Омырауым қан болғанша құшақ неге жаймай-мын. Аспанда жұлдыздар жарқырайды. Кең ғалам. Сиқыр ғалам. Түпсіз жиһан. Қиял дүниесі... ой дүниесі... сорлы адамның көз жанарына, ақыл-парасатына сыймай, ұшпа бұлттай ауып жатыр, өтіп жатыр. Қыбырлаған құмырсқа да аяқ астында жыбырлап, қоныс ауып көшіп жатыр. Мен де көштім... Коскөлден...

Бір сарай нұрланады жалғыз меңнен,
Екі кәп, екі мәт бар оған ерген.
Болғанда күннен ғауһар, түннен самал
Дүниенің төрт бұрышын даламен кезген.

(Өзімен өзі. Дел-сал. Оқшауланып шыға береді.) Мен де кездім сол даламен. Адал арман, ұшан үміт бәрі де осымен тынды. Ессіз махаббат та даламен кезген ғұмыр... *(Жынданған адам тәрізді. Қолын жәйіп Ыбырайға да, Хакимаға да бір түрлі сезіммен.)* Ей, сорлы адам... Сиқыр ғалам. Бар алданыш көк жиекте айналған-сағымда. Көңіл де бір сағым, арман да бір сағым *(Үнсіз, жымып, айналаға бір қарап алады да сақ-сақ күліп, ілби басып теңселе шайқалып кете береді.)*

Ыбырай. Ақан аға! *(Соңынан ере түсіп.)* Қайран Ақан аға! Бұрын да жаның қапаста еді... Қу тірліктің тепкісіне әзер шыдап жүр едің. Әлсіз адам... Сиқыр ғалам... Бізге айтқан соңғы өсиетің осы болар. *(Нұржанға.)* Мұратыңа жеттің. Сала бер маған бұғауынды.

Нұржан. Ақанның кәрі жыны, ескі желігі.

Ыбырай. Саған сауда жын, сырқау да жын боп көрінеді. Ақанның осы кеткені кеткен. Енді ол қайтып оралмайды. Өсіп-өнген мекені қалды құлазып. Алаулаған Қоскөлдің таңы қалды... Жан сергітер самалы қалды. Кәусәр суы қалды... *(Мәмбетәлі келе жатады.)*

Мәмбетәлі *(Нұржанға).* Мыңды жұтқан мұндар! Ақанды жұттың ба?

Нұржан. Кел, кел бері татулыққа!

Мәмбетәлі *(қолын қағып жіберіп).* Қырқылып неге қалмайды. Ақанды анау елден қудың. Паналап келген қызды тұтқынға алдың.

Нұржан. Өз басыңа сауға сұрап ал.

Мәмбетәлі. Аяспайық ендеше. Босат Хакиманы.

Нұржан. Дауға ие кім болса, қызға ие де сол.

Хакима *(бұлқынады. Урядниктер жібермейді).* Жібер, жібер!

Нұржан. Аптықпа, сұлу.

Хакима. Ақан аға, тас қамауға қалдырып кеткенің бе, Ақан аға?! *(Ыбырай зарланып):*

Қараңғы түнде жол таппай,
Тұман басып ел таппай.
Ақан да кетті дүниеден
Паналарға жер таппай.
Қызығың дүние өткен күн
Ақанды қуып жеткен күн
Қара бура қалжырап,
Жер басына шөккен күн.
Жасында боп ең балдырған,
Талайды сөзбен қандырған.
Сол балдырған кезінде,
Ғашықтық отын жандырған.
Ақан аға! Ақан аға!
(Солқ, солқ.)

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БЕСІНШІ СҮРЕТ

Аманов Нұржан шарықтау шегінде. Салқар желі тартқызып, бие байлатып, алты қанат ақ үйлерді тіккізіп тастаған. Үйді-үйге қатына-сатын жолға масаты кілемдер жайғызған. Кілем үстінде құс жастық,

қарғын көрпе. Күтуші әйелдер мен еркектер тағзым етіп бір ізден кіреді, бір ізден шығады. Урядник поштабайлары сыртта күзетте тұр. Ұез түймелі оқалы бешпентін желбегей тастап, үйдің алдында Аманов тұр. Хакима оның қасында, кейінде отыр. Сыртта екі жақтың дауы үріп жатыр. Әкімдік шен, төстеп қалған биік-мансап тұтқын қызға сәтсіз бой ұрғызып, құштарлық сезім билейтін тәрізді.

Аманов (өзіне). Дала қызы... Кекті қыз... Отты қыз! Жапа қыз... Менің қолыма түсірген ненің құдыреті? Мені не бастап келді? Үміт пе? Ажал ма? Жыртқыштардың тыр-ағына бермей құтқарсаң, өзің құтқар деді маған.

(Үйден Хакима шығады.)

Хакима. Төрем дегенім, деген. Өзіңіз құтқарыңыз.

Аманов (жалт бұрылып). Ізеттісің, сұлуым.

Хакима. Ізет... Ақ сүтін суалтқан үйде анам отыр. Артыңдағы әппештеп алдымда аға тұр. Ақтап алар, артыңдағы сырласым билердің дауында отыр. Күн тыныштықпен батса, інір қызығын ала келмей ме, жан аға!

Аманов. Осы тұрысың — тау тағысы маралға ұқсайды.

Хакима. Иә, марал болсам, кия құздардан қарғып, құмбак тастарды аралап жүрер едім. Сіздің қолыңызға не түсер едім, не түспес едім...

Аманов. Түскеніне ризасың ғой!

Хакима. Дәрежең, лауазымың жарамды жазды, халымды жеңілдетті деп разы боламын ба? Жарқыраған шеңбе мені риза қылған?

Аманов. Лауазым атты сиқыр шығар қолыма түсірген.

Хакима. Лауазым атты сиқырың ысқырған оқ, ысылдаған от. Оқтың, оттың шарпуы кімдерге тимеген?

Аманов. Сені ат арқасына өңгеруге бермей сақтап қалған оқтың күші, Хакима. Мен қаруымды төсегенде Шағалақ байлап әкететін еді. Ыбырайда ара түсер не хал бар.

Хакима. Төсеген қаруыңыздың құдыреті Ақанды қолысынан аударды.

Аманов. Біреудің аты ерлікпен, біреудің аты қорлықпен шығады. Замана тонын әркім әр қилы күйде киеді, Хакима.

Хакима. Сіздің атыңызды Ақан мен Ыбырай жан есебінде емес... замана тонын жамылған қасқыр есебінде шығарды.

Аманов. Ауысқан адам не деп сандырақтамайды...

Хакима. Жендірмесін жеңетін, алдырмасын алатын Ақанның құдыреті асқан әнінде еді. Сұлу әннің от қанаты

сияқты сылқым қаққан аруларды да желпіген. От ошақтың басында еңкейіп қалған кемпірді де жұбатқан. Сіз кімді жұбаттыңыз, кімді уаттыңыз?

Аманов. Парасатына сүйсіндім, Хакима. Солғын тартқан ажарыңа өң беріп, көз жасыңды айбарыммен құрғатсам. Сені түл етем. Күң етем деген даланың дүлей топастарының қадамын қырқып, оқпен байлап құтқарсам... Барымта, шабыс, керістің ортасында қалдырмай өзіммен бірге қалаға ала кетсем... О, қала! Жаранның емін жазатын да қала, құлазыған көңілінді толтыратын да қала сәні. Губернатор... Сарай салты... Үлде мен бұлдеге оранған ханымдар... Олар жазықсыз гүлді жұлмайды. Олар қапаста ешкімді де қалдырмайды. Олар сөне бастаған жарнағға сәуле береді. Мұнды жанды әлдилейді.

Хакима. Дала... қала... Даладан табылмаған дертімнің емі қаладан табылады. Ғажап, қала деген не өзі?

Нұржан. Қала деген шаһар!

Хакима. Шаһар ма? Иә, иә... үйлері үлкен, көшелері кең. Онда да біздей көсілтіп ән шырқайды.

Нұржан. Шырқағанда солар шырқасын.

Хакима. Онда да біреуді-біреу тонаған, біреуді-біреу қорлаған жат қылықтар бола ма?

Нұржан. Болған күнде тыйым салады.

Хакима. Тыйым сала ма? Онда да — біздің билеріміздей әкімдер пара ала ма?

Нұржан. Алмайды. Заң жібермейді.

Хакима. Онда да біз сияқты дастарқанын кең жайып, көл-көсір қонақасы бере ме?

Нұржан. Көл-көсір... Ақшаң болса... пыраққа мінесің, ақшаң болса ірбіт шабасың.

Хакима. Онда да би, төре, болыстар бар ма?

Нұржан. Бар.

Хакима. Оларға именбей, тізе бүкпей, қол қусырмай еркін кіре бере ме?

Нұржан. Есіктері шалқасынан ашық жатады.

Хакима. Сіз қаладағы төренің бірісіз. Неліктен сізге тақсыр төре... Алдияр ұлығым, — деп болыс та, би де бүгелктеген жылқыдай шұлғиды. Неліктен сіздің үстіңізге бірде-бір жан батып кіре алмайды. Неліктен сіз, параны қапшықтап алып, қалтаны ақшаға сықап қайтасыз? Жазықсыз гүлді жұлмайды дедіңіз. Жазықсыздың мен де бірімін. Неге жұласыз? Неге жұлдырасыз? Босатыңыз! Дауға байланған тағдыр екен. Арашаға өзім түсем. Үзілгелі тұрған арман екен... Айналаға қарашы? Сонау қырлардың қабатында не жатыр? Құрығында қойшының, жүрегінде жыр-

лының... менің зарым... Асық ойнаған бала да, жас босан-
ан ана да... мейірім тілейді...

Нұржан (ойлануда). Мейірім... Мені де елтітіп тұр-
ан сол мейірім.

Хакима. Сізді де, мейірім? Жосылтып өткен ізіңе қа-
айық. Сіз жүрген жерде, есіз қалған зираттар, қоныс
ұтан ел, шұбырған жұрт, қош айтысқан жоқтаулар. Ғара-
т майданы... газалдар... өксіп өткен назарлар... Сіздегі
мейірім — жұлып алып лақтыру... жыртып алып тастау!..

Нұржан. Мейірімді білмей аңыруды. Қасында Алтын, еңі-
ей бәйбіше. Тасемнің шешесі Ұрқия келе жатады. Ұряд-
м, шешесіңізді жібермейді.)

Ұрқия. Жібер! Жібер! Шаға келген мұным бар!
Алтын, шешесіңізді жібермейді!

Нұржан. Бізге әлді ме, неге зарлайсың?

Ұрқия. Бай іздеп келгенім жоқ... Қызымды іздеп кел-
тім. Қызым қайда, жасаған?

Хакима (дірің қағып). Апам! Қайран апам! Жеткен
кең ғой!.. (Нұржанға.) Сен де мендей анадан тудың... Жі-
ер де аға төбетіңе!..

Нұржан (бұйырып). Жіберіндер!

(Ашыққан омырауын аша, зарлап Ұрқия мен Алтын
келеді.)

Ұрқия. Ботам. Тас емшегімді жібіткен ботам! Бота-
шым, Хакима!

Хакима. Апа, егілгеніңе есіркемейді.

Алтын. Жылайтын жерің емес. Ширайтын жерің, апа!

Ұрқия (Нұржанға бірден түйіліп). Ояздан келген тө-
рем, қызымның тағдыры сіздің әміріңізде... Екі дүниеде ті-
леуінді берсін. Шырай бер, ұлығым.

Нұржан. Туған анасымысың?

Ұрқия. Өзегімді жарып шыққан анасымын.

Нұржан. Қасиетті ана! Тілеуіңе тілеу... Қызынды
өзің көндір... Ана баласын ақылға шақырады.

Ұрқия. Қорлап көндірем бе, зорлап көндірем бе?

Нұржан. Қызынды даланың тажалдары жұтпай
қоймайды.

Ұрқия. Әйел затына еңіреген ер де, жез тандай ше-
шен де, бағы асқан патша да бас иген.

Нұржан. Мен де бас идім. Әр пенденің ой түбіндегі
асылы сүйген жары. Мен жеңілдім. Қызыңмен сөйлес те
жауабын бер. Қызыңа ғашық жанның мен де бірімін.
(Сырттағы билердің тобына қарай кете береді.)

Ұрқия. О, сұм тағдыр. Саған бұ да ғашық боп қап-
ты. Азған елдің ұлығы аялы қолды кеседі деген осы да.

Азған елдің билері біріне-бірі жем тастайды деген де осы. Отына да, сотына да мені сал...

Х а к и м а. Бізге төнген қара күш тастан да ауыр.

Ұ р қ и я. Е, балам, түн ұйқымды төрт бөліп, бесігіңе таянып әлдилеген анаң. Қасіретіңе неге қылыш боп қайралмаймын. Жәбіріңе найза боп неге шаншылмаймын. Қалағаным осы сұм... Әуелде мандайыма жазғаны да осы сұм де де, билікті маған бер.

Х а к и м а. Ыбырайға жолықтындар ма?

А л т ы н. Ыбырай өзі жіберді. Қараңғы түнде домбырасын құшақтап, ағайыннан, туыстан безіп кетуге де әзір. Қараңғы түн... Шығар жолды таба алмаса зарланғанынан не пайда! Жүзіме қараңдар! Өңіме қараңдар! Бетіме басылған қара таңбаға қараңдар!

Ұ р қ и я. Не деп тұрсың, жасаған!

А л т ы н. Тәңірімнің бұл қай мазағы. Кекке кек! Қарғысқа қарғыс! Әлгі біздің аңырумен өткен аңғал қайда жүр? Мен барып хабарлайын.

Ұ р қ и я. Еркек болмай кетсін. Қары үзілгір, осындайда көрсетпеген қайратын қайда көрсетеді. Жүр бері. Өзін ширатып көремін. *(Алтынды ертіп кете береді. Ыбырай келе жатады. Дел-сал. Бұрынғыдай емес. Жаны күйзелуде.)*

Ы б ы р а й. Сұм көңілім. Судай тасыған көңілім. Кемерінен шалқып асқан көңілім. Түтілген жүндей, жапырылған қамыстай боп қалғаны ма?

Х а к и м а. Саған жетуім мұң болды. Ел айрылса кебіне, жол айрылса кеңіне. Жолы құрғыр тар екен. Әлсіз екем. Қырау қарыған жапырақтай үзілуге жақын тұрсың. Нар көтере алмастай жырым... арашаға түсе алмаса не амал. Дүние Хакім даниял, пенделікте недүр хал,— дегенім өз тағдырым екен. Нар көтере алмайтын жырында мысқалдай салмақ болмаса — елінде қадірің жоқ екен. Ағайынның бір қызға төлерлік малы қалмаса — түбі құрдым шөл екен. Қарауыл да Ақан, ардақтың да Ақан еді. Шер буып, қайғы салмағынан еңсесін жаза алмай о да кетті. Қорғап қалуға күшің жетпесе, маған неге соқтықтың, неге оралдың жолыма.

Ы б ы р а й. Айтуынның жөні бар. Жолыңа оралтқан қызыл тілім. Асқақ әнім. Тізеден қан кешейін мейлі... Саған арнар әнімнің көзін ашпай тоқтаман.

Х а к и м а. Ашылса екен, сол әнің қайда! Неге қонбайды кеудеңе! Билер бітімге келетін бе?

Ы б ы р а й. Билер. Билер... Рия таймас. Мекерлікпен

атын сатқан билер. Бізде би қалды ма? Мың қайғының қазынын бұзар тәуекел, мың көңілдің жарасын жазар би бізге!

Хакима. Билікке өзің неге түспедің!

Ыбырай. Түстім, Хакима. Ырық бермеді. Лұқман менің «Даналықты кімнен үйрендің» дегенде «Таяғымен атын барлап, аяғын андап басатын соқырдан үйрендім» депті... Билік айтуды соқырдан үйрендіңдер. Шаңырақ тілегін үстіне құранды үйіп артсаң да иман дарымайды. Ақалған да, бас кесер тажалдан да қаймықпа... Қаймық сен кірпісің таза махаббаттан!— депті ибн Имани деген бәйбіше.

Хакима. Олар не деп жауап қайырды?

Ыбырай. Дұрыс арыз дауасыз! Қыршаңқы тілінен жазатын тілме тыйым салмақшы болды.

Хакима. Сала алды ма?

Ыбырай. Тілімді жанып алар қайрағым ғашықтық. Соқырдың суалған жанарына нұр берген махаббат, ақылсызды ақылды, данагөйді есалаң, жылы қылған махаббат, күшсізге күш бітірген махаббат. Қоқпақты батыр, қаусаған шалдың делебесін қоздырған махаббатқа тыйым бар ма? Сонда Шағалақ «бар!»— деп атып түре келді. Мен «жоқ!» дедім, ол «бар» деді. Бар болса тыйымынды сала бер, ышқырымды көтеріп, қолыңнан келсе ала бер!— деп жүре бердім, Хакима...

(Шағалақ, Жаналы, Торсан, Нұржандар келе жатады. Соңын ала бебеу қағып Хакиманың әке-шешесі де келеді.)

Доғалақ (зарлап). Торсан қажы... аузыңнан иман төгілген. Керейдің ырысы ең, иманың қайда? Менің қызым несиеге берген ақшаң құрлы болмайды. Берген қарыздың да сұрауы бар. Бір қолдан бір қолға өткізгендей... Не жазды?

Ұрқия. Тіріні тірідей, өліні өлідей жалмаған. Жалмауыздан не иман сұрайсың. Қажы дегенше, қабан неге демейсін? *(Шағалаққа.)* Қалған көңіл, шыққан жан!

Шағалақ. Біз күлсек сен езу тарт дегенімде көнбеп ең. Бетіңе келер ұятыңды ана болып сен жу дегенімде қадірімді білмедің. Көр енді кесапат!

Ұрқия. Мәуелі ағаш майысқақ. Майыстырсаң да жемісімді құрыта алмайсың. Жеміс еккен анамын. Сен не ектің, Шағалақ! Бақ бітпеске бақ бітсе бақастықпен кетіретер. Тон кимеген тон кесе қаға-қаға кетіретер, үстіндегі тоның ба сені бізге жауықтырған. Жабуың жамшыдай, құйрығың қамшыдай сені тонаған біз емес.

Шағалақ (Жаналыға). Қатынға тілдетіп қоямысың.

Сен едің ғой тұлпардың оттауы бір болса да жусауы бөлек деп кесім айтқан.

Ж а н а л ы. Кесім айтқан мен! Өлетін жан молаға сүйкенеді. Сүйкенбеңдер молаға! Аттамайық атаның аруағын. Тойда тон сұраспайық. Ақын біздікі... жесір сендердікі. Адасып барып су ішінен өрт салған Ыбырайға айтар билік, желді өкпеден соққызба? Алаңғасар әрі құла десе, бері құлайды. Іргелес отырған елдің ортасына құлама! Құлайды екенсің, дауды көтере алмайтын өзіңнен көр, шыққан тегіңнен көр!

Ы б ы р а й (*бірден*). Өзіңнен көр дегенің күйсізсің. Тегіңнен көр дегенің, әкем қара мұрын ұста. Құдай бергенге құлай бер дегенің ғой, Жаналы?

Ж а н а л ы. Құдай бергенмен арпалыспа!

Ы б ы р а й. Уа, шоң Шөбек, шонжар Шөбек! Әкем болса жетесіз, шешем болса некесіз... (*Торсанға*) қажы ата, әкемнің шапқанын көрдің... шешемнің тапқанын көрген ең. Ана дүниеге күнә аркалап кетесіз. Айтыңыз болыс құдаңызға.

Т о р с а н. Сенің осы тілің ғой шабына от түсіретін.

Ы б ы р а й. Өртеніп неге кетпейді. Боса да тілімнен жазады екем. Хакиманың дауын оязнайдың алдына апаруға билік шығарған, Жаналы, сыбағанды алып қал!

Ж а н а л ы. Кемелдің Жәпиясы Токсанбай да жесір дауымен оязнайға жүгінген.

Ы б ы р а й. Айыпқа Мүсірептің қызын беріп, сен бітіргенсің.

Уа, Жаналы, өмірде дертің бар ма емдетпеген,
Кімің бар, дау-шарменен терлетпеген...
Сайлау болса — шатылып, сан шабылып,
Қырсығың елге тимей бір кетпеген!
Қатының тыр қасынып, тырқылдаған,
Үйіңе қонақ барса бырқылдаған.
Барған жерде байымен отаса алмай,
Үйінде қызың отыр жырқылдаған.

Оның дауын оязнайға неге сүйремейсің.

Келте құйрық төбетін, құрттап, биттеп,
Босағада ол жатыр ыңкылдаған.
Кіші қатын, кісі қатыны деген сөз бар,
Есіктегі жалшыңмен жымың қағып былғақтаған!..
Билік айтқыш сабазым... бір басыңа
Жетіп жатыр азабың...

Жаналы. Кесапат! Кесапат! Занталак!

Мәмбетәлі. Сыйынды алдың. (*Нұржанға.*) Бата бұзған бір қыздың дауын шеше алмай ояз алдына, сот алдына алдына сүйреген сенің әмірін.

Нұржан. Сенбеймісің заңға?

Мәмбетәлі. Жөн болса, әділ болса заң. Біздегі заң ақталықтың әмірін жүргізудің заңы. Біздегі заң азғын-лұта айналған монархия! Біздегі заң — тозығы жеткен естелі! Мына тұрған билер... сол заңның күшігін жеген ақылдар! Сіз болсаңыз қойға қосақтап қасқырды жеген ақылдар! Ой пайдай беріңіз басынды.

Нұржан. Тұрған жүрсен, ток жүресің, бала! (*Доғалықпен.*) Қызың ата-анасы, жәбірленбеніздер. Бір несіңіз ауылда ат оната алмайды. Жесір күйеу несіңіз сөзсіз өз қолың алады. Аламан, ша-жар барыңаңа заманы өткен. Қалаң екі жақ ымыраға өтсең қызың менің қолымда болады. (*Ыбырайға.*) Лағасар ақын... Махаббат сәтсіздігіне ұшыраған ақын... несіңіз қызың бәрі Ақтоқты емес. Ғашық болғанның бәрі Ақан емес! Атып жүріңдер.

(*Ардақ пен поштабайлар Хакиманы алып кетуге сұғайланады.*)

Хакима. Тар кезеңнің уысына түскен екем... Ағайындар, туыстар! Қарауылдың серісі Ыбырай! Дүниеден таңдап алған мұратым өзін ең. Азап, өксік, жан солқылы... ән болып шалқып, күй болып төгілетін күнге жете алмадым. Нар көтере алмайтын әнінді қайтейін. Ата-ана, тірі орауым екі талай. Лажсыз сүрген өмір өлмешінің күні де. (*Шағалаққа.*) Бата бұзған мен болдым. Заң қуған сіз болдыңыз. Оязнай алдында кездеселік. (*Кете береді. Ата-ана өңіреп қала береді. Сыртта қаңғыр-күңгір қоңыраулы фазтон. Ызғытып кетіп барады. Алтын мен Мұстарица келеді. Кімге тиісерін білмей аңыруда.*)

Шағалақ (*Торсанға.*) Неге отырсың? Мезгілінде жүрмесен, мерзімді жерге жетпейміз.

Торсан. Жетерсің қақ басына. (*Орнынан тұра кеп.*) Қарусыздың қайраты зая. Мына тұрған қарақшы желкенді кимай жеткізер.

Мұстарица. Сопы сұмнан шығады! Түс алдыма! Қуғандарын дау болса — дауды бітіретін жеріңе апарам, іздегендерің жау болса — жаумен ұстасатын жеріңе апарам. Оң орайына келмей жүр еді. Қотыр түйедей тыр жалаңаштап Есілдің тоғайына байлай алмай кетіп ем. Байланатын, масаға талататын жәйлі орын Қоскөлдiң қамысынан бұйырды. Түс алдыма!

(Екеуін алдына сап айдап жөнеледі. Серік жігіттеріне бұйырып.) Киімдерін сыпырып алыңдар. Қамыстың ішіне байлап тастандар! (Қайыра келеді, жер боп қалған Ыбырайдың басын көтеріп.) Ел сұмдығына көзің қанып күңіренумен келесің. Кеудеңнен жаның шыққанша әлі де күңіренесің. Ғашықтық жалын болса... Көрік боп үрлеп лапыл қаққызатын әнің емес пе? Әніңнің қанатын сындырып кеткен Хакиманың қасыреті. Арты қуғын, алды сүргін... Жаулық пен кектің бетін қайырсам... Тұрасындар ма?

Мәмбетәлі. Тұрамыз, қалай қайырасың?

Ыбырай (басын көтеріп). Дыбыссыз мылтық атылмайды. Қарусыз қол жұмсалмайды. (Діріл қағып). Әкен Саполат қамауға алынды. Шолпы бауын зерден өрген анаң Жанат беті қайтып қалған елді, көк ала ту биені шалып жіберіп жауға қарсы өзі бастап, өзі көтерген еді. Анаң тартып тусаң, қалжырап қалған мені өзің көтер, өзің баста...

Мұстарица. Маған серік боп еретін кім бар?

Жігіттер. Біз бармыз!

Мұстарица. Еріндер маған... (Жігіттерді бастап тарта жөнеледі. Ыбырай да кетеді.)

Доғалақ. Қайрат деген қыран бар, қайғыға да тізгін бермейтін. Бізде жоқ қайрат сенбісің. Қайғы деген жылан бар, өзекті шағып өртейтін. Өзекті шаққан жыланнан өш алып беретін сенбісің. Үміт, сенім, тілек бар... Тілегіме жеткізер жаным сенбісің, Мұстарица! Тіледім тілеуінді. (Мойнына белбеуін салып тілеуін тілейді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда Қоскөлдің жағасында Алтын мен Ұрқия қырға көз тастап қарап тұр.)

Ұрқия. Не ілінеді көзіңе?

Алтын. Сарыбелдің үстінде шаң көрінеді, апа!

Ұрқия. Шаң көріне ме? Белімді баса алатын емеспін. Домаландырып көзіңді талдырған, ұмсындырып үмітте қалдырған... Сорлы қызым... ақ жүзін айғыздап алды... қай қылығын айтайын.

Алтын. Хакимада не жазық бар, апа?

Ұрқия. Жазығы, ақыл-көркін артық қып жаратқаны. Шаң жақындады ма?

Алтын. Шаң толастап қалды. Қыр астында қырғын боп жатпаса не қылсын... Жаннан безген жазықсыз көзді шығармай кете ме!

Ұрқия. Ақ бесігі адыра қалды деген осы да. Арманын үзіп, тұнығын лайлап алды деген де осы. Ата-ананың ажарына қарамай, аңсағаны Ыбырайдың әні еді. Ән де үзілді. Уа, қасірет... (Түре келін.) Мұнарланған сағым. Тіз-

Беттелген тау сілемі де алыстап барады. Сорлы қызым. Ешбәк қызым.

Алтын. Үмітінді үзбеші, апал! Қырдан көтеріліп қыла берді.

Ұрқия. Солар ма, басқа ма?

Алтын. Жүрістері баяу.

Ұрқия. Баяу болса қалжырап қалғаны.

Алтын. Қалжыраса да есен-аман келсе екен. Солар... ~~аққу солар. Мен алдарынан шығайын. Қарсы аламын, аққу! (Беттеп кетеді. Үңсіздік. Шағы жалбырап алдына қарай қарай жүзі құл-құл... Ашыну да, күйіну де болмайтын сияқты келе жатады. Қалжырап, шаршаған Аққумен сөйлеп бәй-бәй, денесіне жара-таңба түскен, тартып басып салып етіл отыра кетеді. Ыбырай, Серік және басқалар да күйзелген.)~~

Ұрқия (зарлап). Не пәлеге жлықтын? Не жалаға тәп болдың. Хакима ботам?!

(Хакима жауап қайырмайды. Жылама дегендей қолын аясыз жайқал тоқтатады. Дел-сал. Елегізе жан-жағына мүсәкей қарап, жер таянып отырып қалған Мұстаризаның қастына келеді. Оның жан қияр ерлігіне сүйсініп, бір жағынан аяныш білдіріп, бас салып еңіреп қоя береді.)

Ерлік ықыласына, ағажан! Лайсаң селді кешкен ағажан!

Мұстариза. Мені аймалап қайтесін. Апанның солқылын бас.

Мәмбетәлі (келіп). Алдырмай ма деп қорқып ем...

Мұстариза. Алысқанды алу керек!

Мәмбетәлі. Жауласқанды жығу, көз ұшынар ерлік! Хакима, сабыр ет. Жалғаның тарылып, жаныңа түскен жара жеңіл тиген жоқ. Өзінді-өзін қолыңа ал.

Хакима (көлге тесіле қадалып қалған. Өзімен өзі. Ешбір сөзге селт етер емес). Тынымсыз толқын. Мұнарланған сағымдар. Мен кеткенде айдында жүзген аққу сынғырлап кош айтысқандай болып еді. Қайда кеткен? Ақан аға, үзілген махаббатыңды аққу құстың сынғыр қаққан үні жалғайды. Мұздаған жүрегінді Ыбырайдың әні жылытады. Арпалыс сәттегі шерлі елестер қайда? Мені уатар сиқыр, дертіме ем шипа — Қоскөлдің айдыны. Бетіме жағылған күйені кетіретін де, арға түскен ұятты жеңілдететін де, жара-жаза дертімді жазатын да Қоскөлдің айдыны. Айдыңға шомылып алмай мен тазармаймын.

Ыбырай. Хакима, не дедің? Арға түскен ұят жалғыз сені өртеген жоқ. Мені де өртеп кетті, Хакима.

Хакима. Жоқ, ер қайраты көтереді.

Ыбырай. Не күнә, сұмдығыңды мен көтеремін. Жауыздың тырнағынан қан жұтып құтқардық.

Хакима. Бекер құтқардыңдар. Ғұмыр бойы тұнығымды ластап алған азаппен, ақ бесігімді былғап алған қорлық шеруін тартқаннан өлгенім артық. *(Ыбырайға.)* Мен енді сенің жүзіңе тура қарай да алмаймын. Сынған көңілді қайыра жамау да қиын, Ыбырай. *(Солқ-солқ жылап тұр.)*

Ыбырай. Жалғыз ғана тілегім. Жан күйіңді әніммен емдейін. Сынған көңліңді әніммен жамайын. Тұсау-бұғауды әніммен үзейін. Әннен басқа менде не қару бар?

Хакима *(тыңдап)*. Сен жамарсың да жалғарсың. Арымды аршып алмай ғибрат ала алам ба? *(Бой бермей, көлге қарай шайқала теңселіп кете береді.)*

Ұрқия. Сорлы қызым, қорланғанын жаңа ғана сезінді. Алтын, баршы, мерт боп жүрер. *(Алтын кетеді.)*

Ыбырай. Су аударған дөңбектей, біз бір қия, күміс қалам болса да — дария сия... *(Кілт кідіріп, шұғыл келіп қалған ән әуені жан тынысын, ой тұнығын үйіріп әкетіп бара жатқандай толғанады. Бұл кезде көл бетінде жүзген аққудай сыңғыр қағып үн қосқандай болады.)* «Гак-ку, гак-ку, гак-ку» деп үш мәртебе қайырады да әуелете толғап жөнеледі. Тұна қалған тыныштық. Бір шумағын толық орындайды. Мәмбетәлі, басқалар да қуаныш сезімінде. Ұйып тындап тұр. «Гакку» әні кеудеге сыймай, тыңдаушының көз жанарында мөлтілдейді. Көңілдің нөсерлеген жаңбыры тәрізді, құйыла төгіледі.

Мәмбетәлі *(өзіне)*. Арпалыс көңіл күйінде. Гакку деп ән де оралды. Үрей бұлтын гакку деп тарқатып, сансыз өмір соқпағынан гакку деп өтеміз, Ыбырай.

(Үрке қашқан марал тәрізді түймелерін салмаған, омырауы ашық, жүзінде өрттей лаулаған ыстық леп, аңыра қарап елегізі кіреді Хакима.)

Хакима *(үнсіз кідіріп)*. Осы мен не естідім? Түсім бе? Өңім бе? Ақкудың сыңғырын естідім бе? Мен не естідім, бауырлар?

Ыбырай. Саған арнап шығарған әнімді естідің. Мұн оралған көңліңді сергітетін гаккуімді естідің.

Хакима. Гак-ку?!

Ыбырай. Бұдан былай сенің атыңды «Гак-ку» деп атасам.

Хакима. Гак-ку? Атым да «Гак-ку», шырқап салар әнім де гак-ку... Аз өмірде жүрген жолым да, қалдырған ізім де гак-ку. Жұмыла жаздап қалған көздің жанарын қадағанда көрер қызығым да гак-ку. Бір қолдан бір қолға

Ақпакыл жасап көкпарға тартты... Ақ бесігіме қайырған
да гәк-ку әні...

Ыбырай. Не сыймас адамзаттың кеудесіне. Сұм
тағдыр маған сыйласа қорлығы мен азабын... Мен саған
сыйтадым «Гаккуімдей» жүз бұралған ән асылын, маржа-
нын, Хакима...

Хакима *(егілмейді, иілмейді де, көзін қадаған жері-
мен аудармай)*. Айтып көрші, тыңдайын...

Ыбырай *(«Гак-куді» толғайды)*

Таранған дария ішінде сен бір гакку,
Етпеген мүңдай әнді бек-ләззатлу,
Қытай мен домбыранын арасында
Батысқан қорғасындай қайран Гак-ку!
Гак-ку, гак-ку, гак-ку, гак-ку, гак-ку... га-гай!
Таранған дария көлде сен қоныр қаз,
Зарыммен тебіrentіп айтамын наз,
Айрылып, сенен сәулем, қалған шақта,
Дұспан ит масайрады болып бір мәз!

(Қайырмасы)

Хакима. Кеш оралды кеудеңе... Кеш оралды-ау...

Мәмбетәлі. Бойындағы ызғарды шығаршы, Ха-
кима.

Хакима. Оңайлықпен шыға қоя ма. Апа, ұятынан
өртенген жан не істеуші еді?

Ұрқия. Ұятты қайрат қана женеңі, қызым.

Хакима. Ендеше, қайратқа жеңгіз де үйге қайт. Қош
айтысар сәт те таянды. Мені шаққан жыланның уына ем
жоқ. Үміт, сенім, тілек, қуантып қуат алар тірлікті де
тәңірім маған сараң өлшеген. Хош болындар! Ата-бабамыз
ән әуенін кастерлеп төбесіне көтерген, жан сусыны да ән.
Бұлбұл боп сайраса да ән... қайғы боп зарласа да ән...
Менен кейін үзілген арман да гакку деп жалғанар. Оны
жалғайтын ұл да туар. Қыз да туар. Ыбырай салған гакку
еді. Кімге арнаған? Неге арнаған?.. *(Үңсіздік. Шам күңгірт
көгілжім тартады. Ұйып қалған жұрттың көз алдына сах-
наның төрінен «Гаккуді» шырқап салған Күләштің бейнесі
елес береді. Барлығының назары Күләшта. Күләш Жібек
роліндегі «Гаккудің» бір шумағын орындап болады.)*

Ыбырай. Сен Күләшпісің?

Күләш. Күләшпін, Ыбырай аға! Сіз өткелі дүниеден
театрдың шымылдығын қырық рет аштық, қырық рет жап-
тық. Сіз солқыл қаққан қызды әнімізбен жұбаттыңыз. Сіз
гүлдердің сырып, құстардың тілін де білдініз. Сауық-сай-

ған дабылын қағып, театры жоқ елде театр, артисі жоқ елде артист болдыңыз. Өзіңізбен бірге қоса жоғалтып алған әндеріңізді тауып алдық, Ыбырай аға! Белгісіз кеткен бейнелердің бірі едіңіз... Сіздің бейнеңізді «Гакку», «Шалқыма», «Мақпал», «Алтыбасар» сияқты қалдырған әндеріңнен көреміз. Ақын тілімен бейнелесем:

«Арманнан биік нәрсе жоқ,
Аспайды адам арманнан...
Жылатсын жұртты неге демеймін,
Көздің жасын шығынсынар мен емес.
Ойды ауыртар, жанға батар,
Зіл қайғылар, бұл өмірде кем емес.
Құрбаны боп туған елдің,
Өрт ішінде ән боп қалған,
Жанып болып, бір-ақ тынған,
Қуалап болып, бір-ақ сынған..
Сіз болдыңыз, Ыбырай аға!

Ыбырай. Күләшім, аруым... балам!
(Кенет музыкада «Алтыбасар» аңырай жөнеледі.)

Ш ы м ы л д ы қ

АЛҒАШҚЫ ҰШҚЫНДАР

Екі бөлімді, бес суретті драма.

Үшінші варианты

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Ғани Мұратбаев

Күлсім — шешесі

Сағдат

Тұрсын Ходжаев

Әлім Тойбашынов

Павел

Саржан Үнгібаев

} — комсомолдар

Асанбай

Көпбол

} — панасыздар

Табынбаев Ділда

Қалпақты зиялы

} — алашордашылар

Шәмун шаих

Халима — Байғанидың әйелі

Күлпәш — жетім қыз

Қайыршы — бай

Панасыздар, комсомолдар, студент-оқушылар.

Мезгіл 1920—21 жылдары,

БІРІНШІ БӨЛІМ

БІРІНШІ СУРЕТ

Сахна шымылдығы әлі ашылған жоқ. Сыртта сап түзеген жастардың маршы. Барабан үні. Қара көлеңке. Қызыл алау. Қолдарына факел ұстаған панасыздар. Барабанның жебеуімен бірінен кейін бірі сахнаға шығады. Аяқтарын тебініп Асанбай мен Көпбол сахнаның оң-сол мүйісіне келеді.

Асанбай. Ойраны шығып өртенген дала! Төгілген қан!

Көпбол. Менің әкемнің қаны.

Асанбай. Айықпас мұң. Менің шешемнің мұңы.

Көпбол. Олай болса

Ойлай көрме тіпті де,
Тек осында, бүгінде
Тұр екем деп түп-түгел.

Асанбай. Ойла қайта,

Атқарумен бір міндет,
Кеше менен ертеңнің
Арасында жүрмін деп.
(Залдағыларға көз тастап)

Бұлар кімдер?

Көпбол. Театрға келген көрермендер. Қылқандай жастар екен.

Асанбай. Студент, оқушылар-ау деймін.

Көпбол. Бұлар бақытты ғой. Бізді айтсайшы, бізді.

Асанбай. Құлазыған далада тудық. Тарыдай шашылып жатқан әр сайдың бауырындағы ауылда өстік.

Көпбол. Жер үй, сығырайған білте шам. Тапшылық, жоқшылық. Ата-ананың асырауға шамасы келмей қалаға шұбырдық.

Асанбай. Жатпаған жеріміз жоқ. Шұқырға да түнедік. Сайға да қондық. Шатыр іші, көпір асты, сабан төсек бізге мамықтай болды.

Көпбол. Жүретін жеріміз вокзал. Көк базары... Мал базары. Істейтін кәсібіміз сұраушылық, кезбелік.

Асанбай. Мойнымызда дорба, қолымызда кателок.

С, тасимыз. От жағамыз. Қора тазартамыз. Түк таппағанда ұрлық қыламыз.

К ө п б о л. Қалта қағып қайыр тілеп жүргенде Ғани бізді тапты. Біз Ғаниды таптық.

А с а н б а й. Сондағы көрген қорлық пенен сұмдықты...

К ө п б о л (*ілгері жалған*). Ал, бастадық, бастан өткен шындықты!!!

Шам сәулесі жарқырай түседі. Факел ұстаған панасыздар кетеді. Сыртқы шымылдық көтеріледі. Алаулаған қызыл арай сәуленің құшағында Ғани бастаған комсомолдардың жасағы. Павел, Тұрсындар келе жатады. Марш. Ән. Сап түзеп келе жатқан Ғанидың алдынан Байғанидың әйелі Халима айбар шашып қарап тұр. Әр қилы ойда. Басына ораған қара шәлісінің етегін жел желпи қағады. Тістеген жерде тісі қалатын адуын бәйбіше, күйеуінің орнына үй қожасы, билеп-төстеп қалған кикарлығы жүрегіне ырық бермей арпалысуда.

Х а л и м а (*көлденең тұра қап, бой тастап, кеудесін кере*). Тоқта, Ғани?! Сен мені танимысың?

Ғ а н и. Жок, танымай тұрмын.

Х а л и м а. Танымастай өзгергемін ғой сірә...

Ғ а н и. Өзгергенсіз.

Х а л и м а. Ентелеп қайда барасың?

Ғ а н и. Мезгілдің жарлығы қайда бұйырса, сонда! Сапар алған жолыма! Өзіңіз неге тұрсыз?

Х а л и м а. Үмітімнің лаулап жанар отын күтіп тұрмын. Арқа сүйер асқарымды күтіп тұрмын.

Ғ а н и. Сәлем бердік. Армысыз, Халима апа!

Х а л и м а. Бар бол, балам! (*Амандасады.*) Менің бауырымда, менің күйеуім Байғанидың панасында, ащымды татып, ауырымды арқалап өсіп едің... Жау жаласы ел пәлесіне ұшыратуға келдің бе? Шаңырағы ортасына түскен, үйінді алуға келдің бе?

Ғ а н и. Шырылдап дүниеге келгенде, маған азан шақырып, ат қойған сіздің күйеуіңіз еді. Мойнымдағы парызымды ақтайын. Қамқорлығына алған еді. Шалқыған күнінде көріп ем... Енді шайқалған күнінде көрейін. Шешем қалып еді қолында. Қимасым қалып еді шырмауында. Жәй күйіңізді білуге келдім, Халима апа! (*Жел желпіп шығынан салбырай түскен шәлісін түзетеді.*) Шалыңыздың етегін жинаңыз!

Х а л и м а (*әлі ызғарлы*). Жақсылыққа жақсылықтың қайырымы бола ма?

Ғ а н и. Болады, Халима апа! Ескі сонар ізінен адасып қалған кәрі арқардай аңырып тұрсыз... Тоналған дүниеңіз бен жоғалған ырысыңызды іздесеңіз, оны есігіңізде жүрген жалшы-жақыбайлардан сұраңыз.

Х а л и м а. Сенен сұраймын, Ғани! Шапағатым аз тиген жоқ еді...

Ғ а н и. Тиген. Өтеуін әкем, төлеуін шешем қайырған.

Х а л и м а. Солай ма! Олай десен мен де жолыңа көлденең тұрдым... Таптап өт менің өлігімнің үстінен! Тістеген жерде тісім, ұстаған жерде қолым қалатынын білесің. Көмейіме тас тығып, тілімді байласаң да саған ауысқан жақсылығымды айтпай отыра алмаймын. Кешегі дүрбелең жылдарда жарнама таратып жүрген жеріңнен пристав ұстап алып түрмеге қамады...

Ғ а н и. Мені түрмеге қамады. Сіздің күйеуің Байғаниды ояздік комитетке сайлады.

Х а л и м а. Приставтың дүресінен құтқарып қалған Байғани емес пе еді? Қыршыныңнан қиып жібергенде қайтер едің?

Ғ а н и. Несі бар. Қамауда отырып, айдауда жүріп те адам мақсатына жетеді, Халима апа! Оның басын ауыртып қайтесіз.

Х а л и м а. Соның бәріне ара түсірген шешеннің көз жасы, әкеңнің бізге сіңірген еңбегі болатын. Оны қалай ұмытасың.

Ғ а н и. Ұмыттым деп сізге қашан айттым. Бір кезде тағдыр әке-шешемді сіздің босағанызда сарғайтса, енді ұзын жол үстінде сіз де сарғайып тұрсыз. Қайда сапар шексеңіз еркіңіз. Сізді, есіңізден тандырған, қу түйін болып құлқыныңыздан өтпей қалған мыңғырған байлығың, көк төбелі үйің, алтын жиһаз мүлкің, Ташкенттегі жәйма дүкенің, Шәржойдағы мешітің ғой... Оларды қырғын жойқымен сізден тартып алды. Риза шығарсыз жұртыңа. Жол беріңіз.

Х а л и м а. Жол бер дейсің бе? Қордалы кора, сәулетті сарай, ең дәулет пе іздегенін? Аларсың! Жетімдер, панасыздар ма жеткізбегің? Жеткізерсің!

Ғ а н и. Жеткізбегім де, жетегіме аларым да жетімдер мен панасыздар. Жол беріңіз? *(Халиманы сырып тастап ілгері ұмтыла бергенде үсті-басы жүдеу, басында жымырайған елтірі тымақ, сақал-шашы өскен, түсі суық, жағы суалған, қапас күйіктен қаңғырып қайыршы боң кеткен бұрынғы бай алдынан шыға келеді.)*

Б а й *(таяғымен жасқап)*. Тоқта! Шаңбарақ жолды қан басқалы қашан!.. Көбігі атқан көлдің суалып, қайрандап қалғалы қашан! Сен Ғанисың ғой?!

Ғ а н и. Иә, мен Ғанимын. Өзің кімсің?

Б а й. Мен, дала мықтысы — көкжалмын. Сенің құрған

қақпаныңа аңдаусызда түсіп қап, аяғымды шайнаған көк-жалмын. Айырмаған есебің, алмаған еншің қалды ма?

Ғ а н и (*танып*). Білемін сізді. Қара арғымақпен көсіл-тіп қалада талай ойран салғансыз. Аяғыңызды қақпанға шаптырған көкжал, енді сізге не керек?

Б а й. Өткен күннің өкініші емес маған керегі. Жұртқа қадырым асқан кезде қайғылының қайғысын көтердім. Ашарықтың аузына ас салдым. Асырадым, сақтадым. Жерімді, туған елімді тастап Бұқардың әмірімен Иран асып кетуді де ойладым. Кіндігімнің қаны тамған жерімді, бауыр басқан елімді қимадым.

Ғ а н и. Дұрыс болған. Сіз барарыңа бара алмай, арманыңа жете алмай аңырып қалған байдың бірісіз. Дүние кезек. Тағдыр бір кезде сізге аузыңызбен құс тістетсе, бұл күнде жер сүзгізіп, алақан жайғызған қайыршылыққа жеткізді. Тәубәңізге келіңіз!

Б а й. Тәубе дейін. Бөліп берер не еншің бар маған?

Ғ а н и. Сізге берілетін енші осы жүрісіңіз. Қадыр-құрметіңізден нең қалды? Өле қалсаңыз аза тұтарлық қасиетіңізден не қалды! Жол беріңіз?

Б а й. Менен жолды әлі де алған жоқ па едің?

Ғ а н и. Алғамын! Оралмаңыз аяққа!

Б а й. Мен оралу үшін шықтым алдыңа! Мен әлі де талай ораламын. Жанымда неше алуан дерт бар! Күйлемді сапарға шықпай тұрып күйретсең... Ал, мен сені ұзын жолдың үстінде жайратамын! (*Жыртық қапталының ішінен бес атарын суырып, Ғаниға оқталады.*)

Т ұ р с ы н (*қағып жібергенше атып салады. Тимейді*). Мына жалмауыздың қаруы барын кім білген?

Б а й. Қап, қап! Мөлт кетті...

Ғ а н и. Мөлт кетті ме?

П а в е л. Тұтқынға алайық!

Ғ а н и. Қайтесіңдер қолды былғап. Тентіреп қаңғырып қалған жазасы да жетеді. (*Бай бүкшең қағып, имене аяңдап кетеді. Бой жетіп қалған, жүзі аппақ, үлкен қара көзін төңкере тастап Күлпәш келе жатады. Ғаниды көріп құқыл жүзі лапылдап жанады.*)

Ғ а н и (*ұмтыла түсіп*). Күлпәш, мен кеткенде қапас дүниеде жаутандап қалып едің.

К ү л п ә ш (*кібіртіктей, бірден шешіле алмай*). Иә, менің қай жағдайда қалғаным... сізге бәрібір емес пе?

Ғ а н и. Сәби жанды Күлпәш... Көре аламын ба, жоқ па деп келіп едім? Әлі де осында екенсің.

К ү л п ә ш. Кетерінде қош айтысуға да жарамадың. Өскен ұям — осы үй болса қайда барамын.

Ғани. Бұл үй адам алып, адам сатудың ордасы емес пе еді? Шығар жолыңды таппағаның өкінішті-ақ, Күлпәш.

Күлпәш. Шығар жолда өзің қандай азап шектің... Сені түрмеге қамағанда ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндерді мен де өткіздім... Сондағы сағыныш пен үмітті ойласам... бір соқпа самалдай өтті де кетті.

Ғани. Ажарың неге сынық. Көңілің неге жадау?

Күлпәш. Тағдырыма ешкім болыс бола ма? Не туыстан, не жақыннан, бірге өскен тең-құрбыдан сүйенерлік дос таба алмасам... алыпшығар аға бойын аулаққа салса... көңіл неге жадау болмасын? Көргенім қос дуалдың арасы. Күндіз үй сыпыру, төсек жинау. Өзің жетілдің... өрен жәйдің. Менің тірлігіме көз қырынды салдың ба? Тағдырлас жетім қыз еді... Аялағаны апам еді... Қарғадай күнімізден бірге өсіп едік. Енді міне, Байғани таландыға ұшырап, бауырына басқан Халима, басар тауы жоқ, айдалада аңырап қалған шағында — ауыр қасыретті бізге арқалаттың. Бізді де қоса тонадың. Апаң болса анау, мен болсам мынау. Іргені айырудың да жөні бар емес пе? Неге келдің? Бізді мазақ етуге келдің бе?

Ғани. Не деп барасың. Сөз жеткісіз жүрек тілі сәби жанында. Интернат ашамыз.

Күлпәш. Интернат ашасыз?

Ғани. Осы Қазалының өзінен ашамыз, Күлпәш.

Күлпәш. Мені қайыршы, кезбе, шпана, ұрылардың ортасына апарып берерсің.

Ғани. Тумысынан ешкім де қайыршы, кезбе боп туған жоқ.

Күлпәш. Қалауыңа татымайтын, күл сыпырып өскен, ойдан мешеу, күйкі қызды жеткізгендегі қайырымың интернатқа орналастыру болса... мың да бір алғыс! Сау болыңыз! Жолыңыздан қалмаңыз... *(Сырттан егіле боздап Күлсім келе жатады.)*

Күлсім. Құлыным, көз ашып көргендегі жарығым... Көрдім бе, көрмедім бе?

Күлпәш. Апа, балаңызды көрдіңіз. Сіздің маған деген ақ тілеуіңізді тәңірім қысқа өлшепті. Шаршамаңыз! Сіз де сау болыңыз! *(Кете береді.)*

Күлсім *(дағдарып)*. Күлпәш, зерделі едің ғой. *(Ғаниды құшақтап.)* Жүрегім қалтырап та кетті-ау.

(Кеудесіне қысып жібермей.) Хабар-ошар болмай ұзақ сарғайттың-ау, құлыным.

Ғани. Хабар берерлік жағдайда болғаным жоқ, апа! Қетерімде не маған ер, не төркініне апарып орналастырайын дедім. Көнбедің.

Күлсім. Ақ сүтім осы үйде суалды. Ашаршылықта құйканы осы үйде жедік. Іргенді сен айырсаң да мен айырым жоқ.

Ғани. Мен десең айыруың керек еді, апа!

Күлсім. Құлыным-ау, сені қайырымсыз, жүрген жерін қан қақсатып кететін мейрімсіз деседі. Алдына жанды барғызбайды. Жақсы демейді, жайсаң демейді, малын талайды. Үйін үптеп жұртқа үлестіріп береді. Байғаниды тұтқынға алдырған асыранды баласы деп лақап тарады. Құлыным-ау, бір күн дәмдес болғанға мың күн сәлем демейтін бе еді?

Ғани. Байғаниды тұтқынға алған үкімет, апа.

Күлсім. Үкіметтің сен де бір көзісін. Мен де осы үйдің бір жанымын. Құдай сүйегімді осы үйден шығаруға жазса оған не дейсің?

Ғани. Не дейін, апа?! Сізге бәрі де қошаметшіл. Жан күйіңіз арбалған... Әбден құлшылыққа көнгенсіз де сенгенсіз. Ертелі-кеш иығыңнан ауыр бейнет түсті ме! От басында қалғып кір сырмаққа жата кетпейтін бе едің. Езілген, егілген күннің бейнеті есіңізде қалмауы өкінішті-ақ, апа!

Күлсім. Балам, соның бәріне де көндірген, төздірген сенің қызығың болатын. Ержеттің, ел аузында Ғани атандың. Мені қуантамын, сергітемін деп келсең, ұйғарғаным бар!..

Ғани. Ұйғарғаның кім?

Күлсім. Құлпаш қолымда өсті. Көз алдымда бой түзеді.

Ғани (күліп). Түзей берсін бойын, апа! Жан біткеннің қымбатындай көрсем де бекер ұйғарғансың, апа! Ол қызбен серт түйіп, сөз байлауға келгенім жоқ. Үйленейін деген ойым да жоқ...

Күлсім. Апырау, көзге айтылған суық сөз, құрсаққа барғанда мұз болады. Мұздап кетті-ау көңілім... Менің бір тілегімді орындамағаның ба, балам?

Ғани. Сізге келін боп түсумен ол қыздың бағы ашыла ма?

Күлсім (көндіруге тырысып). Қалауын тауып сен ашарсың... Бір құмырысқа дән сүйретсе, екінші құмырысқа оған жәрдем бермей ме? Жар сүю жігіттің миуалы бағы емес пе? Жүзінен нұры төгілгеннің аузынан мәйегі төгілді. Пейілінді кең алшы, балам... Үміттің қайғысында қалтылдап келген анаңның жақсылыққа емексуден басқа не арманы бар!

Ғани. Тілеуің де дұрыс, үмітің де зая кетпейді, апа!

(Шешесін алдандырып, құшақтап тұрған үстіне жастары Ғанимен шамалас, сауатты оқыған Сағдат пен Саржан келеді.)

С а р ж а н. Уа, Ғани, қақжарлы ойда тұрған еліміз бар. Ел үшін сен не істедің? Біз не істедік? Жұрт базарлайтын нендей қайрат көрсеттің?

Ғ а н и *(жалт бұрылып)*. Жеміс күткен жастың сен де бірі боларсың. Қалың сордан шығаруда — қараңғылық зілін көтеріп көріп пе едің?

С а р ж а н. Көрмесем көлденеңнен келіп килігемін бе? Панасыз жетімдерді жинауға шықты деп естідім. Бізге қояр тілегің не?

Ғ а н и. Тілегім танысу. Қай қауымнансыз?

С а р ж а н. Баспалдақты тартысқа жаңада ғана көтерілген, батыл іске енді ғана бет алған зиялы-оқығандар қауымынан. Атым Саржан, фамилиям Үңгібаев.

Ғ а н и. Естуім бар. *(Сағдатқа.)* Қарындас, сіздің аты-жөніңіз?

С а ғ д а т. Туған жерім Сұлутөбе... Орынбор шаһарынан, үлгілі тәжірибе мектебінен.

Ғ а н и. Меңіреу түкпірден емес, іргелі үлгілі шаһардан тәлім алғаныңыз қазақ қыздарының мерейі Ташкенге келіңіз.

С а ғ д а т. Ташкенде сізді қайдан табуға болады?

Ғ а н и. Туркстанның орталық қойсомолдар комитетінен. Біз асығыс едік. Сау болыңыздар. Ал, кеттік, жолдас-тар. *(Апасына оралып.)* Апа, барлығы да ақыл- парасаттан туатын қуат екенін көрдіңіз ғой.

Күлсім. Балам, қашан ораласың, қашан көремін?

Ғ а н и. Құдай жазса тез ораламын.

Күлсім. Не дейін. Қайда жүрсен де аман бол дегеннен басқа не дейін. Саулығыңды сақта, бойыңды күт, балам...

Ғ а н и. Алаң болма, апа! Хош бол... *(Қоштасады. Кете береді. Музыка... Шам сәулесінің шоғыры Күлсімге түседі. Қолын әуелете көтерген Күлсім баласын үнсіз шығарып салды.)*

ЕКІНШІ СУРЕТ

Ташкент қаласы. Ерлер гимназиясының алдындағы сквер. Алғы шымылдық ашылады. Көшенің мүйісінде Халима кілем, түс киіз сияқты асыл жиһаздарын сатудың қамында.

Х а л и м а *(Күлпәшқа ескертін)*. Бұл Қазалы емес, жеті базарында жеті жүз қайыршы кезген Ташкент.

Күлпәш. Халима апа, Ташкенттің бұл қай тұсы?

Халима. Ерлер гимназиясының алдындағы сквер. Сонау қаңқиып тұрған тас мүсіннің түбінде жолығуға қасқа бас зиялымен келіскен едім. Ыдысыңның бетін жауып ұста. Сұғанақ қолдар жұлып кетіп жүрмесін. Паранжанды аша.

Күлпәш. Пысынап барамын. *(Сыпырып алып)*. Буалдыр тұман. Айналаның бәрі күңгірт. Құрысыншы, апа! *(Жұлып алады.)* Көзім шайдай ашылды ғой...

Халима. Шыда, қызым, шыда... Мен қасақана кетейін. Сен наныңды қыдыртып сата тұр. Жарай ма?

Күлпәш *(корзинканы көтеріп)*. Шірмәнді нан! Майға пісірілген!.. Жеген де арманда, жемеген де арманда. *(Айғайлап кете береді. Басында қалпақ, қолында таяқ, көзілдірікті жасы мосқал тартқан Табынбаев Күлпәшті тоқтатады.)*

Табынбаев. Шірәйлім, шірмәйліңнан бесеуін берші. Бағасы недең?

Күлпәш. Жиырма сомнан.

Табынбаев. Ақша итте құн қалды ма, мә жүз сом. *(Ақшасын төлейді. Самсаны қағазға орап алады да жүре малжаңдап кете барады. Ізін ала Шәмун шаих келеді. Күлпәштің бетін ашып қап басын ізеп өзеуреп.)*

Шәмун. Апаң қайда, қызым?

Күлпәш. Апамды қайдан білесіз?

Шәмун. Бұ шәһардің гүл салған құмырасына дейін білемін, қызым.

Күлпәш. Апам, сонау тас мүсіннің түбінде отыр.

Шәмун *(таңдайын қағып, өзіне)*. Кәтте, бик, аяулы боп өскен. Қанша төлесем де пұлыма татырлық қыз екен де... Құдайым деніңе саулық берсін. *(Кетеді. Табынбаев Халимаға кездесіп сауда жасап тұр.)*

Табынбаев. Халима ханым, қолыңыздан талай дәм татып едім. Жиһазыңды бұттамай-ақ бере салмаймысыз.

Халима. Қолды-қолда кеткен жиһаздың сілемі де. Ерге келеді бір кезек, жерге келеді бір кезек. Ерге кезек келгенде атын бәйгеге қосады дегендей, ат қосудан қалып тұрмыз. Затымның бағасы жүз мың сомдық.

Табынбаев. Ғанидың басының бағасы жүз мың сом... Сөйлесе алдың ба Персиянға.

Халима. Қалтарыс кезеңін андиын. Үйінде ме, әлде түзде ме?..

Табынбаев. Шәмун шаих деген бар деп едің ғой.

Халима. Оның саудасы өз алдына.

Табынбаев *(сыртқа меңзеп)*. Гимназияның үйін

Ғани алам дейді. Біз бермейміз дейміз. Жарастық тапсақ таптық. Табалмаған күнде... Қадамын қыркудан басқа шара жоқ. Күйеуіне сәлем де... Солқылдақтық жасамасын. Қолындағы жетім қызды жемге неге ұсынбасқа... Персиянды өштестіріп Ғаниге айдап неге салмасқа. Кеше интернат мұғалімі Машһур Жүсіптің баласы Әменді жер қаптырғандай жайратып неге кетпеске... Кілем саудасы осымен тынсын... Уәде ғой!

Х а л и м а. Уәде... *(Қол алысады. Табынбаев кетеді. Халима қалады. Шәмун келе жатады.)*

Ш ә м у н. Сауда сәтті болсын, Халима ханым.

Х а л и м а. Сәттілік екі жағымызға да бірдей болсын, Шәмун әкем. Қызымды көрдің бе?

Ш ә м у н. Көрдім.

Х а л и м а. Қызым инабатты қыз. Отынды жағады... Шәйінді қайнатады... Қолы да епсекті. Сауданды да жасайды.

Ш ә м у н. Балығыға толғанына неше жыл болды!

Х а л и м а. Екі жыл.

Ш ә м у н. Ақ сүтіңіздің хақын сұраңыз?

Х а л и м а. Жеті жүз мың сом.

Ш ә м у н. Бес жүз де елу мың.

Х а л и м а. Жаукасындай жас қызға миллион сом берсең де көп емес, Шәмун әке...

Ш ә м у н. Әзірге алты жүз мыңын алыңыз. Қалғанын некесін қиғаннан кейін.

Х а л и м а *(ақшасын алып)*. Екі жағымызға да мүбәрек болсын, әумин!

Ш ә м у н. Әумин.

Х а л и м а. Мен саттым, сіз алдым деп сырды аша көрмеңіз. Дүкеніңізде қол бала боп қызмет істейді деп сендіретін боласыз... Түбінде қуса да, қудаласа да бір ғана адамнан қауып күтіңіз — деп ескерттім ғой.

Ш ә м у н. Білемін. Комсомолдың басшысы... Оған қанжар жалынсын... *(Халима Күлпәшқа жолықтыруға алып келеді. Саудасын жасап жүрген Күлпәш еш нәрсені сезбейді.)*

К ү л п ә ш. Шірмайлы нан! Жеген де арманда, жемеген де арманда!

Х а л и м а. Қызым, наныңды қоя тұр. Қожаңмен танысып қой.

К ү л п ә ш. Қожа! Бұ кісі не үшін қожа! Қалайша қожа?

Х а л и м а. Дүкеніне сатушылық қызметке алады.

К ү л п ә ш. Маған осы нан сатудың өзі де жетеді.

Х а л и м а. Базарда күн қақтыда жүремісің. Жәйлі орын тапсын деген мен едім де, қызым.

Ш ә м у н. Бәрі де риясыз. Ақы, пұлын, аналық ақ сүтінің хақын төледім, көз айым.

К ү л п ә ш (*шошынып*). Жоқ! Бұл кісінің сүтімді суалттым деуге қандай хақысы бар? (*Халимаға.*) Сіз мені қай уақытта емізіп едіңіз. Сіз мені сатқансыз ғой...

Х а л и м а (*қолын аспанға жәйін*). Құдай сақтасын, жәй күйінді ойлап, өзіңізге де, маған да жәйлі орын тапсын дегеннен басқа ниетім болса қаңғырып түк көрмей өтейін.

К ү л п ә ш. Біз онсыз да қаңғырудамыз. Тентіреген кезбелерден айырмамыз не? Ғаниға да ермей қас-қабағыңды кимай қалып едім... Басына оралтқан бақытыңның, құрмет сыйыңның... аналық әлдиіңнің, балам деп еңірегендегі мейіріміңнің сиқы осы болса, мың да бір алғыс... (*Карзеңкені лақтырып.*) Мә, жинап ал!..

Х а л и м а. Аллау, сен де безейін дедің бе менен!

К ү л п ә ш. Безбегенде... Тентіреймін, кетемін. Адыра қалсын, қу тірлік.

Х а л и м а. Құлыным, Құлпәшім... Қу тірлік не істетпейді.

К ү л п ә ш. Жат есікте күн боп өткенімше қайыршы боп өткенімнің өзі артық... Базар... тар көше... Кім бар мені сатып алатын? Кім бар маған серік болатын! (*Шәмунге*) Ей, қаспақ бет! Қысық көз тарғыл мысық. Сен бе мені сатып алатын?! (*Ашулы да, ызалы да. Көзіне қан толып қолына пышақ берсе жарып тастауға да әзір, жан солқылына булығып кете барады.*)

Х а л и м а. Тоқта, қайда барасың?

К ү л п ә ш. Басым ауған жаққа! (*Асанбай бастаған панасыз балалар келе жатады. Халима мен Шәмун тайып тұрады.*)

А с а н б а й (*алаңдап*). Аанада біз қалтасын қаққан қазақ келді, қағайын ба қалтасын?

К ө п б о л. Қаракездік, қаққыш болсаң, ана паранжы жамылған жуан кемпірдің қалтасын қақ!

А с а н б а й. Ақымақ, Халима апай ғой.

К ө п б о л. Мейлі, тыққан алтыны көп, іші майлы кемпір.

А с а н б а й. Ая, жан апатай, деп сендер алақандарыңды жәйіп алдына барып тұра қалындар. Қаңғырған харам ит десе де кетпендер. Сүзіле емініп соңынан қалмандар. Көзі тая бергенде корзинкесіне қолды бір сұғып берейін. (*Үшеуі жөнеле беріп кілт тоқтайды. Қасында екі-үш панасыздарды ертіп Павел мен Ғани келеді.*)

Асанбай (жалт бұрылып). Қалай түсті екен қолға, бөліспеген ақша Өтебайда емес пе еді?

Көпбол. Сымпидық, қаракездік.

Асанбай. Сымпимаймыз.

Фани (сырттарынан көріп қап). Товарный станцияда көпбей кеткен осылар емес пе?

Павел. Қазалының қаңғыбасы Асанбай бұзық.

Фани. Павел, Саймасай бастаған қырғыз балалары асқанаға қарай жөнкілді. Ізіне түс. (Павел кетеді.)

Асанбай (қақпаның тасасынан шыға келеді). Қалта қаққыш қаракездік Асанбайды естіп пе едің?

Фани. Қазалының панасызы.

Асанбай. Нақ солай. Босатыңыз менің серіктерімді.

Фани. Серіктерің кім еді?

Асанбай. Өтебай, Елеусіз, Жүсіпбек, Сейілжан, Төлеш! Шығындар бері!

Фани. Кезбеліктен қол үзгің келмейді, ә?

Асанбай. Үйренген кәсіп. (Ызбарлана ақырып.) Неменеге жаутандай қалдыңдар! (Жұдырығын білеп.) Сендерді ме, сендерді қияр салған күбінің ішіне бастарыңды тығып қойып сойса да обал жоқ.

Фани. Еһе, тұзды қияр салған күбінің түбін жалаған қандай рахат, ә?

Асанбай. Кекетпеніз!

Фани. Сендерді осы күйге түсірген ненің салдары? Жоқшылықтың, жұттың, соғыстың салдары екенін сен бұзық білмейсің де ғой!

Асанбай. Немене, соғысты біз шақырдық па? Жұтты біз тіледік пе?

Фани. Әкең марқұм, бақытым да сен, қызық, қуанышым да сен деп өтті-ау дүниеден. Сенің сиқың мынау. Байқаймын, осы балалардың атаманысын?

Асанбай (қиқарланып). Секретарымын!

Фани. Басы асауға бәрі жөн. Серіктеріңнен бөліске түспеген үлесінді ал. (Ызғарланып.) Менің көзімше ал!

Асанбай (екі баланы оңашалап). Шығар қалтаңнан, боз өкпе.

Өтебай. Қалтамның тесігінен түсіп қапты.

Асанбай. Қалтаңа неге саласың, соқыр күзен.

Өтебай. Қағынба, қаракездік.

Асанбай. Мына жаманның тілі шығайын депті. (Тұмсықтан періп кеп жібереді. Қойын қалтасынан селебе пышақты суырып.) Кәне, тыпыр етші.

Өтебай (Ғаниға тығыла). Ғани аға, Ғани аға!

Екінші бала (қолындағы пышақты қағып түсіріп).

Кәзге, өзің тыпыр етіп көрші? *(Барлығы жабылып қол-аяғын байлайды.)*

Ғ а н и. Ал, атаман, ұнай ма саған бұл кәсіп?

А с а н б а й. Айлаңызды асырдыңыз.

Ғ а н и. Босатындар қол-аяғын.

А с а н б а й *(көзінде жас, булығы күйініп)*. Біз не үшін қанғырдық?

Ғ а н и. Орынды сұрау! Қайыршылық, бүліншілік шегіне жеткен елді ашаршылық қаусатса, бай-қулақтар қосыла қаусатты. Ата, анадан әл кетті. Қорегі үзілді, пана болар бауыр қалмады. Қанғырып жүріп қалаға жеттіндер. Мұқтаждық не істетпейді. Қайыр сұрадыңдар. Мен де сендей жоқшылықтың зардабын тартсам да, қайыр сұрамадым. Қалтаға түспедім.

А с а н б а й. Уха! Дархандық ерте дарыған екен.

Ғ а н и. Маған қиқарлығың ұнайды.

А с а н б а й. Жетім кеше, кезбе қиқар. Таңдайсыз туып, маңдайлы болған өзіңіздей көресіз. Байғанидың аркасында адам болғаныңды бұлдамаңыз.

Ғ а н и. Мен сені санасыз ба десем, өзің көп жайларды аңғарғансың. Таңдайсыз туып, маңдайлы болу үшін де ақыл керек. Төзім керек.

А с а н б а й. Мен бе төзбеген. Жамандықтан құтылмақ жоқ. Сақ болыңыз. Қаңғыбасқа бір түнеу де олжа. Бүгін түнеп шығамыз. Ертең біздің қарамызды да көрмейсіз! *(Команды беріп.)* Сапқа тұрындар! Сасық күзен! Танша. Бөлірік... Шаң құдық! Жұп түзендер! *(Панасыздар сапқа тұрады. Асанбай көнген тәрізді, екі-үш рет айналып жүргеннен кейін.)* Розайттисы! По домам! По улицам! Марш! *(Балалар тым-тырақай қаша жөнеледі. Ғани аңырып қала береді.)*

А с а н б а й *(кетіп бара жатып, Ғаниге қолын шығарып.)* Секретарь мә? *(Тайып тұрады. Саржан, Сағдат, Тұрсын, Әлім келе жатады. Әлімнің қолында үлкен кітап. Жүре қарап беттерін парақтайды.)*

Ғ а н и. Панасыздарды мың-мыңдап жинадық. Орналас-тырудың амалы неде?

С а р ж а н. Амал дейміз, заман дейміз. Ғасырлар бойы тас қараңғы ұйқыда келген меніреу күш ырыққа көне қоя ма.

С а ғ д а т. Ғани, осының бәрі де еңбегің болса да, қасиетті өнерің болмаған. Оқу-білім алар орның болмаған.. Ұзын көштің соңында өткеннің салдары да...

Ғ а н и. Ұзын көштің соңында келді — деп қиналмай, күреспей отыра алмаймыз. Гимназияда не боп жатыр?

Тұрсын. Гимназияның үйіне кириппрос, өзбек инпросы таласып көріп еді. Оларды маңайлатпады.

Ғани. Гимназияны үлгілі еңбек мектебіне ауыстырсаң Наркомпрос қалай қарайды?!

Саржан. Наркомпрос қалай қарасын. Қала халқының қалауы біледі.

Ғани. Бізге шендесіп жатқан қарсылық қаланың ку мүйіздерінде. Тұрсын, инпросқа жіберген балалар емтиханнан өте алды ма?

Тұрсын. Өте алған жоқ. Құлады. Институт маңына қайқы таяқтар мен қалпақтылар, сыландаған сұлу қатындар қаптап кетті. Қабылдаушы комиссияның ауыздарын алып қойған. Қолы жеткендер балаларын өткізіп жатыр, жетпегендері қайқайып кетіп жатыр.

Ғани (*Саржанға*). Сен бақылауға алмадың ба?

Саржан. Конкурс. Емтихан. Оқуға әркім де ерікті.

Ғани. Ішерге асы жоқ, жатарға орны жоқ кедей балаларының рызығын тонауға да ерікті ме?

Саржан. Ол, бос идеал ғой, Ғани!

Ғани (*шатынап*). Қытықтауды жақсы көресің-ау. Қырда дала содыры, қалада қолы жеткендердің балалары өтеді. Жетпегеннің желкесі қиылады. Несібесі тоналады. Бұлай бола бермейді.

Саржан. Сенікі желке қиылды, жолы кесілді деуден келеді-ау.

Ғани. Қиылмағанда не? Тұрсын, біле отырып белен алғызу жақсылыққа болысу емес... Гимназияның үйі үшін алысамыз. Оқыту жүйесі үшін таласамыз! Сен бар да керуен сарайдағы панасыздарды алып кел.

Тұрсын. Мақұл. (*Кетеді.*)

Ғани (*Әлімге*). Әлім, кітабінді қоя тұр.

Әлім (*қиялдана құмартып*). Парасат та, ғибрат та осы кітаптің ішінде екен, Ғани. Тындашы? Қиял ғажабы... Жәмшит патшаның аспанда жұлдыздардың жүрісін... Жерде дүниенің төрт бұрышын... біліп отыратын ғажайып сырлы айнасы бопты. (*Қырғызшылап.*) Туит туит сөз айтсам, түйнсін бала деп айтам... дегендей... сол айнаның бір қырынан қарасаң — күмбезі күнмен шағылысқан, үйлері заңғар таулармен шендескен сәулетті шаһарлар көрінеді. Онда өзі ұшатын кілемдер, көкке көтерілетін аспалы сатылар. Екінші қырынан қарасаң тауды соғып, көлді жұтып жатқан алып диюлар көрінеді. Көз алдында... Қиялында. Ыстық сезімінде... Ғани, сен оқыдың ба?

Ғани. Оқығамын. Құт-бақыт, білік білім ордасы — өркен жайғанда ғана қиял ғажабымен айқыш-ұйқыш кезіп

жүретін боламыз. Жатарға үйі жок, оқып тәрбие аларға орны жок, мың-мыңдаған панасыздарға үй тауып беру сенің Жәмшитіңнің айнасында қиын... Сен бар да қырғыз жастарын гимназия үйінің маңына топтастыр.

Әлім (*қырғызшылап*). Ашық, ашық сөз айтсам, ашылсын бала деп айтам. (*Кітабін қолтықтап кетеді.*)

Саржан (*өзінше қиялданып*). «Өмір гүлсіз, бұлбұл үнсіз, ол әншейін бір сұр қуыс...» Сағдат, қаламысың?

Сағдат. Қалсам ба деп тұрмын.

Саржан (*өлеңдетіп*). Қараңғы қиял, бос идеал, ол әншейін бір қуыс! (*Ғаниге.*) Осы өлеңнің иесіне кеше сот құрғызды.

Ғани (*шошынып*). Не дейді? Кімдер?

Сағдат. Қайназаров пен Байназаровтар. Мен кешірек барып қалдым. Батыс, Арқа, Сыр бойы, Жетісу боп үш жікке бөлінген. Іштей атысып әбден күрең қабақтанып алған.

Ғани. Біз нені байқағамыз?

Сағдат. Байқа, байқама, алалық ата салтымыз, ру желеуі кімдердің басын қатырмады. Дарынды, дарынсыздың аузында сөз барымтасы. Бірін-бірі асыра мақтайды, не өлтіре даттайды.

Саржан. Қоздыратын кімдер?

Ғани (*тұра*). Мына тұрған сендер!

Саржан. Өзің ше?

Ғани. Пендеміз ғой. Мен де сау қалмаспын. Жау найзаласа бір жөн... Жікке бөлініп, топ ертіп, өзді-өзімізді найзалаудың ақыры неге соғарын кім біледі? Таңдай қақтыратын өкінішке ме? Көкіректі қақ айыратын күйінішке ме? «Қарғағанын жер қылып, алқынғанын зор қылған деген осы да. Адасқанның топшысын қимайды. Бетін түзейді. Ұлтын сүю — ұлтшылдық емес, ұлтын қорлау ұлтшылдық. (*Саржанға.*) Достарыңа айта бар осыны!

Саржан. Мақұл (*Кетеді.*)

Сағдат. Сен тамаша айттың. Революция тұсындағы кесім ызалы жүрек кесімі болатын.

Ғани. Жүректің шешімін тауып, оларға орын бердік.

Сағдат. Орын беру бар да, рухани табысу бар емес пе?

Ғани. Егерде кекке булыққан қара ниетінен таймаса?

Сағдат. Таюға тиісті. Таймауы мүмкін емес, Ғани.

Ғани (*үнсіз ойлануда. Жатақ үйдің ішінде «Бір бала» әнін шырқай салған жас жігіттің даусы естіледі*). Бізге әнші келген бе?

Сағдат. Қырдың баласы.

Ғани. Сағдат, менің кейбір достарым, ән құрлы да сезімге тимей жүректі мұздатып кететіні неліктен?

Сағдат. Әр кім әр қилы. Біреу аяңшыл... епшіл... Енді біреулер ашқарак, жаулықпен кекке булығып тыным да алмайды. Тыным да бермейді.

Ғани. Тоғыз жолдың торабында тұрмыз. Тапшылық, тарыншылықтың үстіне... Әлі де бізді қараңғылық торлап жатыр. Шығар жолда жүрек жарғандай шын сырға шақыратын ағалар жоқ. Ағаларын құптап жатқан іні жоқ. Осы біз қалай ел болар екеміз?

Сағдат. Өгей шешенің баурында жаутаң қаққан баладай маңдайдан сипаса, шандиямыз. күлеміз. Сипамаса, өкпе-ызаны ішке түйеміз де жүреміз. (*Жалт бұрылып.*) Мына бір қыз еңкілдеп боздап келеді.

Ғани. Күлпәш қой... (*Қасына барады.*) Сені жоғалтып алып ек. Көзінде жас, жүзін солғын. Құтыла алдың ба қорлықтан?

Күлпәш (*ашулы*). Сенен тағдырыма ара түс, арашала деп келгенім жоқ. Ренжітсем, жапа жасасам, кешірім сұрайын деп келдім. Кеңінен түйіп түсініп жатқан мен жоқ. Иә, мешеу-кешеулігім өзіме жетеді. Бір сәтке адасу сапарым да жетеді. (*Сәл кідіріп, сұлық.*) Не айтпақ едім мен саған!

Ғани. Арнан да, арманын да дұрыс, Күлпәш.

Сағдат (*жақындап*). Ашу буып келгенің көрініп тұр. Жапа тартқызған кім?

Күлпәш (*тіксініп*). Сыралғы дос көрінесіз. Ғанидан сұраныз.

Ғани. Күлпәш, оянсам өнімде, ұйықтасам түсімде болатынсың... Енді артыңа алаңдама. Айналаң меңіреу. Мен білетін күй мен жәй, Байғанидың ескі-ұсқысын базарға шығарып сауда жасау. Ар қорлығынан шыға алмай адасқан Күлпәш. Бұл келісінде сатылып кеп тұрсың...

Күлпәш. Иә... Сатылған қыз, базар кезген қызда не қасиет қалды? Сол үшін де, Ғани, менен жиренуіңе де, өзім тілеп алған тағдырыма күлуіңе де болады. Салтанат құрып, сенің қатарыңа ілесуге жарамасам... Құдай маған ол қадырын көпсінсе... Сатылды деген жаманат еншіме тиген үлес... бетіме басылған таңба екен. Неге келдім? (*Қалай болса солай сөйлеп.*) Өмірім де... өзім де... тас қараңғы ұйқыдай... Аға деп сүйенерім кім? Бауыр деп жұбанарым кім? Көше... Базар... Біреулер алады... Біреулер сатады... (*Алақанын жайып, Сағдатқа.*) Не сұрайсың пұлыңа?.. Ха... ха... ха!.. Бұдан асқан кәсіп болар ма!? (*Солқ-солқ жылап кете бергенде, Сағдат тоқтатады.*)

Сағдат. Сөздерін қандай шерлі еді. *(Оған да бой бермей көзін жұмып, мең-зең кете береді. Қарсы алдынан Халима келе жатады. Күлпәш Халиманың құшағына оралады.)*

Халима *(құшақтап)*. Қызым, құлыным!

Фани *(алдын орап)*. Базар мыстаны... Тағы да оралдың ба Күлпәштың жолына.

Халима. Базарда жетіскеннен жүрміз бе! Қорап толған нан еді. Қағынғыр бұзықтарың анталап алды да кетті... Алды да кетті...

Фани *(бетінен паранжысып жұлап ап)*. Шалқыған дәулеттің ақыры базарда шелпек сатуға кеп тірелді ме? Таныс жандар танымасын деп бетіңе пәренжі де жамылғансың...

Халима *(үні бар да сөзі жоқ)*. Ә... ә... ә!..

Сағдат. Қайтесің, істей берсін саудасын...

Халима. Ей, егіз екі болмағыр қазық аяқ қыз, сен де маған бөтен емессің.

Сағдат. Базарда шелпек саудасы мен қыз саудасын қатар жүргіздіңіз бе? Былай тұр...

Фани. Күлпәш, сындырма сағынды!

Халима. Сен кімнің сағын сындырмадың... Үйімізді интернатқа алдың... Сені оқытқан Байғани, арақтан бас алмай қаңғырып кетті. Жетпегір-ау, сенің тілеуінді қаңғырып қалған шешенмен қосыла тілемедім бе?

Фани. Тілегенің үшін де тайрандап бос жүрсін. Күлпәш, жан күйігін, тән қорлығын тартуың жетті. Енді аянатын нең қалды?

Күлпәш *(безеріп)*. Апаңның құшағына сыймағанда, сенің құшағыңа тіпті де сыймаймын.

Халима. Ақсаусақ оқыған қыздар тұрғанда саған пыскырмайды да. Жүр, қызым!

Фани. Кете алмайсың, Халима. Бір тағдырдан бір тағдыр... Іш мерездікпен Күлпәшті арбап келсең, оған айтылатын үкім... Революция атынан тұтқынға алу!

Күлпәш *(Халиманың құшағынан жалт бұрылып)*. Тұтқынға алу?

Фани. Тұтқынға алу!

Күлпәш. Ала бер тұтқынына. Менде жұмысың болма-сын!

Фани. Адаспа, Күлпәш!

Күлпәш *(Халимаға)*. Ақ дәміңізге у қосып берген сізге де рахмет... *(Фаниге.)* Құшақ жая жүгірген саған да рахмет.

(Жұлқынып кете бергенде Фани алдын орайды.)

Ғ а н и. Еш қандай дүлей күш сенің жолыңа бөгет бола алмайды...

(Павел бірнеше панасыздарды қолдарынан жетектеп алып келе жатады. Ғани еріксіз Күләшті солардың ішіне қосып жібереді.) Гимназияның ауласына (Өзі бірге кетеді.)

Х а л и м а (дауыс қып). Уа, жетпегірі! Жүре шөккірі!.. Егіз екі болмағыр! Сені де мендей зарлатсын құдай. (Жығыла-сүріне кетеді. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда гимназияның үйіне ауысады. Қалпақты зиялы мен қаланың бай даһиялары Ғаниға қарсы ұйымдасуды. Инпрос директоры Шамда Табынбаев пен Наркомпрос тарапынан Саржан да бар. Бәрі де Табынбаевқа тағзым етіп түнеріп, түйіліп қалады. Бұлардан оқшаулау бұрышта Шәмун шаих пен Халима тұр.)

Т а б ы н б а е в (сөз бастайды). Меңіреу дала қыбырсыз. Ғасыр сырын ішіне бүккен көшпелі қазақ, сайда саны жок кырғыз, кетпенін арқалаған өзбек сілкінер, оянар шағын осылай күтіп пе еді? Ұлтым, елім, жұртым деген күйініш-қайғысы ішінде шемең болып қатқан емес пе еді? Қар борасын, дауыл өкірсін. Алатау жотасы, Сарыарқаның сауыры қаз қалпында мызғымай жатпайтын ба еді. Россия жинаны өз алдына. Одан соққан ызғар қай тұста бізді аптап өткен еді... Қай уақытта қарымыз талып, қарыс адым жүре алмай аттан жал, ерден қайрат кетіп еді? Тәлім алар шәкіртің — білім жаяр мектебінді быжынаған бит, құжынаған құрт басарын кім көрген!

Қ а л п а қ т ы з и я л ы (таяғын әуелете көтеріп). О, жарандар! Киркрай өлкесінен, Орынбор шаһары — кіндік столицасынан бізді жанабіна мәлім — Түркстан уалаятының жәмуһуриятына Владимир Ильич Ульяновғылының өзі аударған... (Қалтасынан тілдей қағазды суырып ал.) Военно-революционный комитет, по управлению Киргизским краем поручил президиуму обратиться Реввоенсовета Туркестанского фронта с просьбой объявить амнистия...

Т а б ы н б а е в (түзетіп). Амнистию деп оқыңыз.

Қ а л п а қ т ы з и я л ы. Амнистию всем нам... Уральский и Тургайской группам алаш-ординдам...

Т а б ы н б а е в (түзетіп). Алаш-ординцев деп оқыңыз.

Қ а л п а қ т ы з и я л ы. Борющимся против советской власти...

Т а б ы н б а е в (жарыса). Қаруын тастап совет өкіметі жағына шыққандарға кешірім жариялаймыз.

С а ғ д а т (қалпақты лидерге). Сіздерге кешірім берілген екен... әлі де ойларың толас таппаған... Ғаниге қарсы,

бізге қарсы күңіренгенде жақтағандарың кім? (*Халима мен Шәмунді меңзеп.*) Қаланың базар кезген жалдаптары ма? Бұлар зат айырбасымен қоса, адам айырбасына құныққан жалмауыздар!

Х а л и м а. Кімді айырбастаппыз?

С а ғ д а т. Қолындағы жетім қызды.

Ш ә м у н. Айғағың не?

С а ғ д а т. Айғағым — сатылған қыздың өзі... (*Қалпақты зиялыға.*) Сіз, кешеу оянған сахарада қанатты бірге қаққан, көрпені бірге төсенген азаматтың бірісіз. Бұған не дейсіз?

Қ а л п а қ т ы з и я л ы. Менің тілім қырқылған. Түк те демеймін. (*Теріс бұрылады.*)

С а ғ д а т (*Табынбаевқа*). Ұстаз тұтқан ағаның бірісіз. Сіз не дейсіз?

Т а б ы н б а е в (*солқылдақ*). Айғақсыз іс елекке құйған сумен бірдей. Қазақ қызының сатылмай жүрген күні болған ба?

С а ғ д а т. Жөн сілтеп ақыл айтатын ағалар... Әділ іске айғақ іздейді. Тарттым әділ соттың таразысына!

С а р ж а н. Қайда жөнелдің, Сағдат? .

С а ғ д а т. Мұнда сен қалдың, болды емес пе! (*Кетеді.*)

Т а б ы н б а е в (*өзіне тітіреніп*). Қадамын неге қырықпасқа! Қанжар итті сілтейтін жерде сілтемесең несіне тағып жүрсің!

Ш ә м у н. Ей, миқатты зиялылар... Шатып-бұтып кімге керек? Заң дейсіндер... Сендерде жөні түзу заң бар ма? Жаңағы қыз... Көздеріне топырақ шашып кетті. Не олай не былай! Білектің күшіне ақылдың ісі... Екеуі жоқ жерде тартысқа түсіп неме керек.

(*Серіктерімен Ғани кіріп келеді. Барлығы да үрпиісіп, үнсіз қарсы алады. Шәмун Ғаниге тап беруге әзір тұр.*)

Ғ а н и. Сәлделі шаих тауып айтты.

Ш ә м у н. Тауып айттым ба?

Ғ а н и. Білек күші, ақыл ісі жоқ жерде күреске түсіп те қажеті жоқ!

Ш ә м у н. Сіз де сақ болыңыз! (*Кетеді.*)

Ғ а н и. Адам үміттердің жинағы... Жақсы үміт, қалтқысыз көңіл бар жерде ынтымақ, бірлік те бар. Орыс қауымының майталман жүйріктері осы гимназияның аудиториясында оқу-білім, тәрбие-тәлім ісін қолға алып, өркен жайды. Ұрық шашты. Сендер де соны істерсіңдер. Сендердің тілдеріңмен айтқанда құжынаған құрт, быжынаған биттен жиренбей, маңдайларынан сипап оқытарсыңдар.

Қалпакты зиялы. Есек пен арғымақты бір астаудан жемдмейді, Ғани жолдас!

Әлім. Алдына толы жем төксең... кекілін түйшең, құйрығын сүзшең... Сізбен де қатар дәм татып қалуы...

Табынбаев. Шырағым, әр нәрсе өзінің парқында. (Саржанға.) Наркомпрос өкілі қасымызда тұр. Гимназияның үйі бізге берілген.

Ғани. Біз дегеніңіз кімдер?

Табынбаев. Біз дегеніміз — қырғыз-қазақтың маңдайына біткен оқу орны.

Ғани. Сіздіңше кімдер оқуға тиісті?

Табынбаев. Сауаты толық, көзі ашық, ақыл-парасаты жетілген жастар оқиды.

Ғани. Саржан, сеніңше қалай?

Саржан. Біздегі қасіреттің ең ауыры оқу. Оқыған үстіне оқу... Анталағандағы таласқанымыз гимназияның үйіме? Ысқырғанда табарымыз — құрсалып келген арқа сүйер ағаларын сауырлап тастау ма?

Табынбаев. Ақылыңнан, парасат, зейініңнен... Сендей інілеріміз көп болса тыныс қой. Ырыс қой!

Барлығы (даурығып). Алалықты ішке сақтау ғой бізді құртқан!

Ғани. Бізді құртқан жат дүние жамандығы өзімен кеткен. Сартап болған сайқалдыққа енді қайтып жол берілмейді.

Әлім. Біздің қырғызда сөзден сөз тұйт, бөзден бөз тұйт... Кемеліне келгенде келіннен бұрын қыз тұйт деседі, Саржан.

Саржан. Шүлдірлеме!

Әлім (мес кітабын ақтарып). Біз бұрын да іргелі ел болыппыз. Аттаварих, көне ғасырдан қозғасам... Алатау өңірі, Сырдың беткейі, Каспий атырабында Баласағұн, Сары айшық, Сығанақ, Таразы атты шәһарларымыз болыпты. Болашаққа болжам айтқан кеменгер даналар да өтіпті. Жердің құпия сырын, жұлдыздың жүрісін, күй сазы, ән әуенін зерттеген майталман жүйріктер де өтіпті. Сөз сарасы соларда, ой дариясы соларда. Баласағұннан шыққан Юсуф Дисхажабтың «Құдатғу білігі» замана сырын әлемге пәшеткен мұраның бірі емес пе? (Парақтай.) Мұғылдың Бабір-нәмесі тастан сарай салғызып нақыш-шәйірлер қалдырған Ғибратнәмеде қаншама сыр жатыр десеңші. Бахрам гурменфитна жәйіндегі аңыздар баға жетпес қазына екенін кім білген? Отырар шаһарында Қыпшақ нәсілінен Ғабдул-нәсір Әл-Фараби теңдесі жоқ философ. Оның қалдырған мұраларын тәтті қиял сиқыры! Сіздер бізді кір борбай, кеше-

лер, санлаусыз топастар,— деп кемсіте сөйлейсіндер! Қайсын актардыңдар! Жұрт назарынан тысқары қалған мәдени мұраларды қайсын зерттедіңдер! *(Барлығы да өрши алмай ұйып тыңдап қалған. Сағдат Күлпәшті қолынан жетектеп алып келеді.)*

Сағдат. Әр бір сиқырдың өз шешімі бар. Айғақ керек болса — міне айғақ! Не істедіңдер Күлпәшка!

Күлпәш *(Табынбаевты танып)*. Сіздің қолыңызға да талай су құйып ем. Ғанидың басын жүз мыңға балап мені Шәмун шайхқа сатуға ақыл берген де сіз болатынсыз. Ұрықарыны жалдап қапыда қан жұтқызуды ойлаған да сіз болатынсыз.

Ғани. А, қапы ұрдыңдар ма, ағалар! Сіздер қастық нистен бас тартып, панасыздар мен жетімектерді оқытуға тиістісіңдер. *(Гимназия ауласында жанжал. Айғай-шу, төбелес. Асанбайдың бүлігі болуға тиісті.)*

Табынбаев. Қиратты-ау терезені. Қырғыз бен қазақтың еншісіне берген үй еді. Жындықанаға айналды. Уа, қайда біздің жігіттер?

Ғани. Бұл айғайға аттан қосып ұрандасатын іс емес! Арандатпаңыз.

Табынбаев. Кезбелердей бізді де мылтықтың күшімен көндірмекпісің?

Ғани. Алда-жалда көнбесеңіз.

Табынбаев. Әкет кезбелеріңді. Әкетпедің бе, қақпа есігі ашық.

Ғани *(бұрылып)*. Павел, Әлім, әзер болса бізді катал шараға бардың деп айыптар!

Табынбаев. Кімді, мені ме?

Ғани. Иә, сізді. Кең жерде тар отырсың, тар жерде кең отырсың. Ағалар, сіздерге рұқсат.

Әлім. Түйін-түйін сөз айтқам, түсінер аға деп айтқам! Түсінбеген өзіңізден көріңіз. *(Әлім мен Павел мылтық төсейді.)*

ҮШІНШІ СУРЕТ

Арада бірнеше күндер өткен. Интернат балалары әлі де тапшылықтан арылмаған. Қарындары аш. Өзегі талып, көздері қарайған балалар бүк түсіп етпетінен сұлап жатыр. Біреулері өксиді. Біреулері құтырына ашынады. Күйзеліс сарыны. Көңілге мұң, көзге жас оралтады. Асанбай мен Көпбол алақ-жұлақ, тиісуге қара табалмай жұлқы-нуда.

Асанбай. О, елки-палки! Қай құдай мені бұлардың қолына түсірген. Нечего... қыбын табамыз.

Көпбол. Табамыз, табамын дегеніңе он күн болды. Ой,

ішім шұрқылдап барады. Бір полк әскер кернейлетіп бара жатқандай. Осы кезде базардағы буы бұрқыраған мантины ала қашып уыстап асаушы едім...

А с а н б а й. Еске түсірме! Бір тартым темекі болса ғой? *(Кезекте тұрған Сағдатқа жақындап.)* Иә, бикеш?.. Бізді бағып отырмын деңіз. Бізді бағу сіздің қолыңыз емес қой...

Сағдат. Бала, қылжақты қойып орныңа бар!

Көпбол. Жолдас апай?.. Тиін-сиініңіз болса базарға барып самса сатып әкелейін. Қаласаңыз, бірге барайық. *(қолтығынан жебейді.)*

Сағдат. Тарт қолыңды!

А с а н б а й *(Көпболды сырғытып)*. Тұр былай! Маған жіберші өзін. *(Екі қолымен Сағдаттың мықынынан сипап балаларға бұрылып.)* Ха! Құмырысқа бел, ақ саусак! *(Тесірейе қадалып.)* Қадалуын. Кәне, қайсымыз бұрын қағар екеміз кірпігімізді.

Сағдат. Ежірейме! Жақындама маған!

А с а н б а й. Аһа, солай ма екен... Қорқамысың, сұлуым...

Сағдат. Тапқан екенсің қорқақты. Көргеміз, сендей бас бұзардың талайын.

А с а н б а й. Қателесесіз. Сен әлі, сырттанын... Бөрібасар арланын көрген жоқсың! *(Ысқырып жіберіп.)* Тұрамыз ба осы қызбен ежіктеп. Айда тартыңдар! *(Алдарын кескестеп Сағдат тұрып қалады.)*

Сағдат. Мен тіріде табалдырықтан аттап көріндер кәне?

А с а н б а й. Манадан бері аяп тұрсам... қайтеді-ай мына қыз! Қанбақша ұшырамын. Сырылыңыз! Жол беріңіз? Ана қақпа алдындағы мылтықты күзетшіні кетіріңіз. Біз түрмеде отырғанымыз жоқ.

Сағдат. Кәне, кетіп көріндер. *(Асанбай омыраулап ұмтыла бергенде Павел мен Ғани кіріп келеді.)*

Ғани. Бұл не тағы да? Не болды, Сағдат?

(Асанбай, Көпболдар сүзіле қарап қалған.)

Сағдат. Балапан қораздармен аздап шайқасып алдық.

А с а н б а й *(шыдай алмай)*. Әй, ыбылжыған өншен мәжнундар! Байғанидың асыранды қызы Күлпәш құрлы бола алмадыңдар! Кетті әне интернатты тастап...

Ғани. Күлпәштің кеткенін пайдаланып іріткі салмақсың ғой!

А с а н б а й. Салмағанда.

Ғани. Күлпәшті бездірген де сендердің осы қылықтарың. Біріне біріңнің бауырмалдық сезімдерің қашан оянады.

Асанбай. Бізде бауыр жоқ. Өкпе ғана бар. Мына ақ саусак апай бізге кір жуындар дейді. Немізді жуамыз! Разверскеден алынған кигіз туырлықты ма? О заманда, бұ заман туырлықты жамылып, туырлықты жуып көргенің бар ма еді?

Сағдат. Жуса несі бар.

Асанбай. Тырнағыңды сындырып аласың, ақсаусак!

Ғани. Жумасаң, қағып, сілкіп тазарт. Тазалық болсын дегеннің саған несі айып?

Көпбол. Ғани аға, аштан өлетін қалымыз жоқ. Басымызға алтын тау орнатамын деп едің. Таудың өзі алыстап кетті ме қалай? Ойбай ішім...

Асанбай. Жұмағы мынадай болса, тамығы қандай болмақ?.. Не жейтін тамағымыз жоқ, не ішетін ыстығымыз жоқ. Өзегім үзілсе де шыдар едім... Бәрінен де темекі... темекі болсайшы! Бір тартым... бір тартым махорка берші? *(Алақанын жәйіп Ғаниден сұрайды.)*

Ғани. Темекі? Павел, берші барыңды.

Павел. Кел бері. *(Махорка береді. Асанбай газеттің қағазына орап рахаттана сорып тартады. Серіктері де кезегімен түтінін бұрқырата сорады.)*

Ғани. Құмарыңнан шықтың ба?

Асанбай. Елшілікті қойып бетпе-бет сөйлесейік. Енді неше апта ораза ұстаймыз. Аузымызды ашуға қанша күн қалды? А, сіздің аузыңыз ашық екен ғой!

Ғани. Менің сенен артық кенеліп жүргенімді қайдан білдің, ақымақ! Сендердің аш-жалаңаш кара суды қорек қып отырғандарыңды ойламай жүрген кім бар? Горпродком наряд бітті деп жауап берді. Наркомпрос қорын ерте сарқып алған. Жерден қазсам да мен сендерге нан тауып беремін.

Асанбай. Қайдан? Кімнен?! Қашан?!

(Телефон шылдырлайды. Сағдат барып тыңдайды.)

Сағдат. Алло, тыңдап тұрған интернат штабы. Ғани Мұратбаев осында. Ғани, сені Нарком сұрап тұр.

Балалар *(үнсіз, сыбырлап)*. Нарком дей ме? Жақсылық болғай!..

Ғани *(тұтқаны алады)*. Алло... Ие... айта беріңіз... Иә... рас... бәрі де рас... Айтып болдыңыз ба? Енді мені тыңдаңыз, нарком жолдас! Сіз шекара таласы, енші алу үлесінен баска тірлікті ойлайсыз ба? Ойламайсыз. Таны кеш атып, ұйқыдан кешеу оянған қаншама ұлдар мен қыздар әлі де панасыз жүр. Олардың қай қыстақта туғанын, қай ауылда өскенін де білмейміз. Күні ертең аштықтан айырылып қалған ата-ана балаларын іздер болса, жауап беретін кім бол-

мақ. Ағайынды екеудің бірін ұстасан бірін жоғалтып аламыз. Қаншама бала із-түзсіз... басы ауған жаққа кетіп жатыр. Мен бұларды сабылып жүріп жинадым. Сабылып жүріп сіз ішерге ас, киім, төсек орын тауып берудің орнына гимназияның үйін тартып алдың, заңсыз алдың дейсіз. Иә, мен тартып алдым. Ол үшін мені жазалаңыз... Орнымнан алыңыз. Мен неге болса да әзірмін. Иә, болдым! *(Тұтқаны іледі. Балалар да ойланып қалған. Ыңырси әндетіп олар орындарына сұлап жата кетеді.)* Қалғандары қырылып қалса да, Сағдат, бар тамақты Асанбай мен Көпболға бер де, тойындыр!

(Көпбол елегізіп Асанбайға қарайды. Асанбай ойлануда. Қисайып жата кетеді. Ұзақ үнсіздік. Ғани орнынан түре келеді.) Жүн-жұрка бөстек атаулыны жинаңдар да аулаға шығарыңдар! Простина, одеял, жастықтар келуге тиісті. Керосин құйып өртейміз.

(Балалар үнсіз үстеріндегі шоқпыттарын шеше бастайды. Астарына төсенген кигіз бен бөстекті, ескі-ұсқы атаулыны жұмарлап алып шығады. Біреулер жылайды. Біреулер іштей егесе, ескілікпен үнсіз қоштасқандай ишарат білдіреді.)

Ғани *(Сағдатқа)*. Күлпәштан айырылып қалғанымыз жарамады.

Сағдат. Иә, жан себіліне не дерсін. Түн ішінде терезеден шығып тайып тұрған.

Ғани. Меңінше ол қыз өздігінен кеткен жоқ. Кетуіне біреудің қатынасы болды.

Сағдат. Кімнен деуге болады.

Ғани. Әлде, Қазалыға тартып тұрды ма екен? Апама барса өкініші жоқ. Олай болмай жүрсе қайтемін.

Сағдат. Байғанидікіне астыртын кісі жіберіп көрсек қайтеді?

Ғани. Жок, ол үйге қайта оралуы мүмкін емес. Жақсы, жіберсек жіберейік. Әуелі, мына балаларды орналастырып алғаннан кейін болсын. *(Кете бергенде, киім-кешек, төсек-орын жабдықтарын алып Тұрсын келеді.)*

Тұрсын. Айтысып-тартысып жүріп алдым-ау өйтеуір.

Ғани. Жарайсың, Тұрсын. Кәне, көңілдері селт етер ме екен. Тым болмаса, төсек-орнын жанартып берелік.

(Екеуі жатақ үйге кіреді. Сағдат кезектегі ісіне кіріседі. Саржан келе жатады.)

Саржан *(көңілсіз, Сағдатқа жақындап)*. Сағдат, жайғасып болдыңдар ма?

Сағдат. Болдық. Сөзінде зіл бар ғой?

Саржан. Зіл бар, Сағдат. Бетке ұстаған оқыған зия-

лының бірі Табынбаевты қорлағаны анау. Үйді тартып алғаны мынау. Ал, сен шөлдегеннің сусынын қандырамын деп жүрген қыздың бірісің. Қазалыда түйісіп Ташкентте бірге қанат қақтық. Түркстан жастарының жұлдызы боламыз деп қолымызды айға да сермедік. Күнге де сермедік. Бұл сапарда серігім сен ғана деп жүрмін ғой.

Сағдат. Не деп тұрсың. Сөздерің қандай жалынды еді.

Саржан. Не дедім?

Сағдат. Жәй әшейін. Айға қарап жол тартып жарқылдап келген қырынды айтам да... Шіркін, қанатты сөзге не жетсін. Егілесің де еңірейсің... Армандайсың да қиялдайсың. Соның бәрі бір орайға тоғысып, бір арнадан шығып жатса ғой.

Саржан. Тауып айттың, Сағдат. Менің де тілеп жүргенім сол емес пе! Айналамызда кімдер қалды?.. Айтысып, арпалысып жүрген жылдарымды, сені қарайлап, сенің қасыңда өткізген бір күнгі медетке де жетпейді. Әттең тек...

Сағдат. Иә, әттең тек... босқа өтіп бара жатқан жастық шақ. Албырт кезең демексің ғой!

Саржан. Деймін, Сағдат. Босқа өтіп бара жатқан жоқ десен қателесесің. Осы бір тұста... *(Ынтыға, аптыға сөйлеп)* қырсық шалған жолымды сен арқылы түзесем. Қара сүрең тобырлар ортасында — сендей асыл туған перизаттың қадырына жетпесем азаматтығым қайсы?

Сағдат *(ойнақы әзілмен)*. Болды, болды! Көз тартар бой жеткен екенімді ұмытып кеттім бе деп жүрсем... сен қайта еске түсірдің ғой, жігітім.

(Осы кезде сахнаның сыртында лаулаған жалын көрінеді. Ол интернатты ескі-құсқы кигіз, бөстек, шоқпыттан тазартып өртеген от жалыны.

Саржан мен Сағдат елегізіп қарап қалған. Тауы шағылған, әлсіреген Күлпәш келеді. Лаулап жанған отқа қарап тұр. Сыртта балалардың айқайлап шулаған мәз-мәйрам күлкисі, қуанышы оны ажыу, мазақ етіп тұрғандай сезінеді.)

Күлпәш. Сағдат, Ғани қайда? Шақыршы, жолықтыршы маған.

Сағдат. Қазір шақырайын. *(Кетеді. Ғани келеді.)*

Ғани. Күлпәш, қайда болдың?

Күлпәш. Кекке булыққан көңілім маза бермеді. Мен де тірі жанмын ғой. Халимадан кетерімде көзім бір сұмдықты шалған еді.

Ғани. Ол не сұмдақ?

Күлпәш. Шәмун шаихтың үйіне, астық пен қаруды тыққанын сезген едім. Кезінде саған айта алмадым... Ізін

бағайын... Барлап көрейін деп барсам, ишандар мен қазіреттер, басмашыларға жөнелткелі жатыр екен. Тез барыңдар! Үстінен басыңдар!

Ғани. Айналайын Күлпәш. Жан біткеннің қымбаты өзіңсін. Келші, бауырым! (Құшақтайды.)

Күлпәш (еңірей боздап). Ғани аға! (Бас салып құшақтап иығына асылады. Павел мен Тұрсындар бастаған комсомолдар сапқа тұрып маршпен келе жатыр. Алаулаған қызыл арай: Жалт-жұлт жүздерінде ойнайды. Музыка. Ән. Сап түзеген бетінде алға қарай адымдайды. Сахна шымылдығы маршпен жабылады.)

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Перде алдына Асанбай мен Көпбол шығады.

Асанбай. Иә, сөйтіп біз — бірде тұтылып, бірде құтылып қысты да өткіздік.

Көпбол. Емтиханнан құлап-сүріне жүріп интернаттан инпроска да ауыстық.

Асанбай. Әлі де төсек-орынға жарымадық. Жүз баланың ортасында он кровать... Төсенішіміз разверскеден жиналған киіз туырлық, сырмақ, текемет, бөстек пен алаша. Күндердің күнінде биттің қордасы болғасын, оны Ғани импростың ауласына шығарып керосин құйып өртеп жіберді.

Көпбол. Қиындыққа шыдамай бірнеше рет каштық та...

Асанбай. Қаншама кашсақ та Ғани бізді құтқармады.

Асанбай. Қаншама бас бұзар, сотқар болсақ та жуасытпай қоймады.

Асанбай. Тумысымнан жолым құтсыз, маңдайсыз едім. Ана әлдиін көрмеген, әке әлпешін білмеген тілім шайпау, әукелі, бассыз өскен мен бейбақ адам қадырын, азамат қарызын енді ғана таныдым. Иә, өлермін. Біздер үшін түн ұйқысын төрт бөлген азаматтың еңбегін ақтармын!

Көпбол. Маған қамқор жанның бәрі де аяулы... Ізденгіш зердеме не оралса — бәрі менікі деген ұмтылысқа жеттік-ау әйтеуір.

Асанбай. Олай болса оқу, өнер сатып алар зат емес.

(Кетеді.)

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Түркістан Орталық Комсомолдар Комитетінің үйі. Бюро мәжілісі өтетін залдың алдындағы қабылдау бөлме. Стол, орындық. Телефон.

Асанбай бастаған интернат балалары да өтініштерін айта келген. Өз алдына шоғырланып күтіп тұр. Араларында Күлпәш та бар. Сағдат пен Саржан келеді.

С а р ж а н (*қолында газет*). Сағдат, бүгінгі газетте Әнвар Исләмпол шаһарына оралыпты.

С а ғ д а т. Немене, сені елшілікке шақырып па?

С а р ж а н. Түркістан әр түріктің ошағы еді. Бізге тілектес «Түркістан ошағы құрылды» деп жазыпты.

С а ғ д а т. Ошақ бар жерде от та бар. Өрт шығатын ұшқынды көрісімен сөндіру керек.

С а р ж а н. Халық аралық дипломатия, оны ойлаудан зиян не?

С а ғ д а т. Дипломат! Қалтыраған күйінде Ғани сені шетке қақпады. Орынсыз даурығып өштестірудің не лайығы бар. Табынбаевты жарастыққа неге шақырмайсың?

С а р ж а н. Табынбаевқа орынсыз тиіскен Ғанидың өзі шақырсын.

С а ғ д а т. Кешірім екі жағына бірдей. Жүз жыртысып көрместей болды. Аралары алшайды. Не мұратқа жеттің?

С а р ж а н. Таусылмай айтуыңа да болады ғой!

С а ғ д а т. Таусылып та, сарқылып та айтамын.

(*Қасында Тұрсын, Ғани келеді.*)

Ғ а н и. Оқығаны да, оқымағаны да арпалысуда. (*Балаларға.*) Ал, жақсы келдіңдер. Қоятын талап жатақ үй мен тіршілік қамы. Көтеретін ұран: «Табынбаевшылар жойылсын! Жікшілік пен жершілдік жойылсын дендер!»

С а ғ д а т. Сабыр ойласаң қайтеді, Ғани!

Ғ а н и. Сабыр ойлағанда алған сыйымыз қан жұтып, қапылыста қасірет шегу болса оны да көрдік.

С а р ж а н. Ғани-ау, жастықтың сәні жақсылықтың жаршысы болуда емес пе?

Ғ а н и. Оғаш кетсем тежеулеріне болады. Дала сахарасында жүз мыңға жуық кедей-батырақ жастары жан түршігерлік ауыр азаптан құтылған жоқ... Қыздарымыз көз жасын құрғатқан жоқ. Ұлдарымыз ой мешеулігінен арылған жоқ.

С а ғ д а т. Ойлану, толғануың да орынды.

Ғ а н и. Оларды сүрең тобыр деп қарамасын. Таласты доғарайық. Мәжілістен кейін комсомолдар жасағы майданға аттанады. Соған әзірленіңдер!

(*Ғани мәжіліс залына кіреді.*)

Тұрсын. Біздегі қасірет оқуда. Бүгінгі жастар кімнен оқиды? Қалай оқиды.

Сағдат. Тұрсын, шөлдегенге сусынды қай қолыңмен бер мейлін, шөлі қанса болғаны да!

Тұрсын. Еһе, біліпсің. Мәселен менің әкемді құл, шешемді күң ғып ұстаған бай-манаптың оқыған баласы маған ұстаз болсын да, мен одан сабақ алайын. Менің таптық намысым қайда қалады?

Сағдат. Таптық намысың сенің оянуыңда. Жан саян олардан биік болса арланатын не бар...

Тұрсын (тұтығып). Олар оқытқан оқуын ғана білсе екен. Хисап пәнінен сабақ беретін математик мұғалім, әкенің сирақ-қолын шешеннің аяқ-қолына көбейт деп есеп шығартқан. Ондай найсаптан қалай оқиды? Оқымайды. (Кетеді.)

Сағдат (Саржанға). Естідің ғой. Сүрең тобыр деп қарамасын деп саған да ескертті. Табынбаевты көндіресің ғой?

Саржан. Иманыммен, Сағдат!

Сағдат. Тұрсындарға тоқтам салмасам бүлдіруі анық. (Тұрсынның соңынан кіреді.)

Саржан. Мұндағы жайды маған тапсыр. (Сағдат кетеді. Саржан өзіне.) Сыры терең сиқыр қармаққа түскенін қайдан білсін? Әр мансаптың арбауы осылай басталып жетпейтін бе еді мақсатқа.

(Табынбаев келеді.)

Табынбаев. Кешіккен жоқпын ба?

Саржан. Кешіккен жоқсың, Ділда аға!

Табынбаев. Кезектегі біздің мәселе болар?!

Саржан. Қоңырау шылдыры естілсе қарамай-ақ кіре берініз.

Табынбаев. Орталықтан келген Түркістан комиссиясының бастығына шағым берілді. Бірінші хатшы қаймыға соқпаса, бізге деген тілеуі дұрыс еді. Менің заңсыз қамалуымды адвокат атаулы қуытуда.

Саржан. Ол сізге төңірегіне топ жинаған жікші, жершіл деген айып тағады.

Табынбаев. Жершілдік, жікшілдікпен басы ауырмаған қазақты көргенім жоқ. Дүрде араздықпен дүйім елге азап арқалатпаған күніміз болды ма? Сондықтан да жанымызда үрку бар. Бақыты қайтқан пенденің жүрегін осындайда не билеуші еді?

Саржан. Қан билейді?! Ызаға суарылған семсер билейді.

Табынбаев. Ақымақ! Ақырын жүріп, анық басуды бізге құдай жазбаған ба? Қан орнына мейірім неге билемеске, ыза, намыс орнына ақыл, парасат неге билемейді? Жә, не тұрыс бар. Сен мені күтетін шығарсың?

Саржан. Күтемін, Ділда аға.

Асанбай (балаларды бастан). Табынбаевшылар жойылсын!

Көпбол. Инпростан бай балалары қуылсын! Біздің несібімізді қақшымасын! Долой табынбаевшылар.

Саржан. Тоқтатындар! (Табынбаев таяғына сүйеніп тұрған үстіне, қолтығында мес кітабі, Әлім кіріп келеді.)

Әлім. Жүр. Түсін-түсін сөзіме сіз түсінбей-ақ қойдыңыз.

Табынбаев. Жүр бюроға. Құй миына!

Әлім. Қиын-қиын сөз айтсам қиюына түсінсеңіз баруыма болады.

Табынбаев. Жүр.

Әлім. Жамиғаты ет товаришқа қол қоясыз ғой.

Табынбаев. Қоямын.

Әлім. Айда кеттік. (Екеуі мәжіліс залына кіреді.)

Асанбай (Саржанға иіліп). Біз интернатқа жаңада алынған бұрынғы қарақшы кезбелер едік.

Саржан. Не, не? Шатып, бұтпай дұрыстап айт!

Көпбол. Бұрын панасыз болған едік, ағасы.

Асанбай. Әлі де панасызбыз. Жататын жайың, көсілетін төсек-орынның болмаса, панасыздан айырмасы не? (Кеудесін қағып.) Біз осы кімдерміз?

Көпбол. Инпросқа емтихан тапсырып едік, құлап қалдық.

Саржан. Құлаған баладан емтихан қайыра алынбайды.

Асанбай. Нарком бұйырса да ма?

Саржан. Одан жоғарғысы бұйырса да.

Асанбай (келеке-тәлкек етіп). О, мықтым-ау! Оқу бітіріп, өнерім асса — емтиханды өзім де тапсырамын. Әкені тумай жатып, шешені жүре жалмаған біз сияқты несібе-сіз, мандайсыздарға жеңілдік деген бола ма?

Саржан. Болады. Сол үшін де интернатқа орналастырды.

Асанбай. Сирағым сырықтай, бойым құрықтай, сақал шыққанша интернатта жүрмекпін бе?

Саржан. Кеш қалғансың, әрине, жүресін.

Асанбай. Е, мықтым-ай, біз сенің алдына да барғанбыз. Оскырып қарамағансың. Бәлем бізге де бір кезігерсің деп аңдып жүріп, үйіңнің терезесінен түстік. Мылтығыңды

ұрладық. Акша беремін, қайырып бер деп жалынғансын, қайырып бердік. Бізді ертіп келе жатып мына Көлболдың ішінен етіктің өкшесімен теуіп кеп жібердің. Оқыс тиді. Тіл тартпастан талып түсті. Біз жалма-жан көтеріп алып кеттік. Терең шұқырдың ішіне алып бардық. Бауырын езіп жіберіпсін.

С а р ж а н. Қысыр әңгімені доғарындар! Қайда тұрсындар!

А с а н б а й. Ақырма! Сіз отырған орынға құдай қаласа біз де отырып қалармыз.

(Мәжіліс залынан Табынбаев шығады.)

Т а б ы н б а е в. Бюроға шақырғанда алған сыйымыз осы болса бұған да шүкірлік.

С а р ж а н. Не деп шешті? Орныңызда қалатын болдыңыз ба?

Т а б ы н б а е в. Алдамшы бақ, баянсыз орын. Осының бәрі де алдыңғы толқынның жарға соғылуынан. Кейінгі, сендердің жетесіз туғандарыңнан.

С а р ж а н. Бізге не қыл дейсің. Аяспайық десем, мейірімге жеңгізейік. Ақыл-парасатпен табысайық деп гуманизмді соғасыз.

Т а б ы н б а е в. Ел игілігін көргеннің ер де игілігін көреді. Бізді көруге жазбаған. Қырсыз ұстаздан, құлшынған шәкірт артық. Неге осынша қырсыз болдық екен. Қырсығымыз Ғаниға тиді.

С а р ж а н. Сіз не, достасып шықтыңыз ба?

Т а б ы н б а е в. Есінде болсын — жалыны мол жастық өмірі қысқа келеді. Жә, не тұрыс бар. Бастай бер есігіңе!

С а р ж а н. Қай есіктен кірсеңіз, сол есіктен шығыңыз.

(Табынбаев кетеді. Саржан ойлануда.)

Б а л л а р. Наркомпростан Саржан қуылсын! Наркомпростан Саржан аласталсын! *(Саржан беттей алмай қарап тұрады да, о да кетеді. Мәжіліс залынан Тұрсын шығады.)*

Т ұ р с ы н. Шағымқой сабаздар!

А с а н б а й. Өтініштеріміз не болды? Оқуға алынатын болды ма?

Т ұ р с ы н *(сұлық)*. Сендерді оқуға алғанымен, Ғаниды орнынан алды.

А с а н б а й. Орнынан?

Т ұ р с ы н *(жылап)*. Сөйтті.

А с а н б а й *(көзінен жас парлап)*. Ғани мен үшін жәбірленді. *(Мәжіліс залынан Ғани шығады. Ғанидың орнынан алынғанын достары батып сұрай алмайды. Ұзақ үнсіздік. Сағдат та келеді.)*

Ғани. Мұнаймандар, жолдастар! Орнымнан алынғаным, біз үшін сабақ та болар.

Асанбай. Біз ғой сізді сүріндірген.

Ғани (*басынан сипап*). Бұралаңға көп түскен жастың бірісің. Жолынды аштың. Мені өкіндіретін жақ жазып, арманын айта алмай аяғынан тозып талай жастар кетіп қалды.

Асанбай. Өзіңді қайда ауыстыратын болды.

Ғани. Самарқандқа. Басмашыларға қарсы соғысқа! (*Күлпәштің қасына келіп.*) Күлпәш, қан сорпа болып сенің тағдырыңа, сен сияқты жетімдердің тағдырына ара түскенімді апам кейін түсінді. Қайран апам! Пейілі мен тілеуі екеуміздің үстімізде еді... Ана!.. Осы бір қарапайым қысқа айтылатын сөздің қасиеттілігі сонша, ана деген сөздің аясына ерлік те, бақыт та, қайғы да, қуаныш та сыйған ғой. Ана, сенің ыстық құшағыңдағы мейрімділік пен жылылықта шек бар ма? Әркімнің де анасы бар. Менің анам қарапайым, күйік тірілікпен ауыр бейнетте өтті.

(*Күлпәш солқылдап жылап тұр. Анасын есіне түсірген Ғани да ойлануда. Бірнеше адам шеткерек шығып қарап қалған.*)

Сағдат (*өзіне*). Жүзінде айбар, жүрегінде от, тұлғасында қайрат. Аспаннан атылған нажағай оты бір еменді күйдірсе бүкіл орманды тазартып өтеді. Сенің де отың іріген-шірігенді күйдіріп өтетін от-ау, Ғани. (*Сағдат кетеді. Ғани интернат оқушыларына бұрылады.*)

Ғани. Сапқа тұрындар!

(*Оқушы жастар сапқа тұрады.*) Әнменен! Шагом марш! (*Алаулаған қызыл арай жүздерінде ойнаған жастарды маршпен шығарып салып қайырадан оралады. Шам сәулесінің шоғыры Ғаниға түседі. Ол — марштың жебеуімен өзі де адымдайды. Жүріп келеді. Келе жатып өзінің ішкі толғанысын аңғартқандай болады. Ол сөйлеп келеді. Ғанидың соңынан Ажар, Тұрсын, Әлім, Павелдар да сапқа тұрып, олар да адымдап келеді.*)

Ғани (*жүріп келе жатып*). Революция жеңіске жеткен дәуірде адамзаттың дамуы ғаламат... Жойқын шайқастар мен идеялар шарпыспай отырмайды. Көз қарастармен, позициялар соқтығысы ғасыр дауылындай, тыныш жатқызуға тиісті емес.

Бүгін таңдағы комсомолдардың міндеті, ала-құла ойларға жол бермей адалдыққа баурауда болып отыр. Білімге, оқуға ұмтылған жастар... Сан алуан эволюциялық сатыларға осы мақсатта ғана көтеріледі. Идеялар шайқасына түсетін адам, оның сыр-сипатына, оның болашағы, оның көзқа-

расы... берік бекінген дінгегі маркстік, лениндік ғылымда. Өмірдің гимні шабыт пен шаттық болған күнде қатал кектің не екенін де білмеспіз.

Шам сөнеді. Интермедия. Проектордың жалаңдаған жарығы сахнаның сыртындағы атойлап шулап келе жатқан басмашыларға түседі. Аспан от түстес. Талқандалған қыстақтар, қираған үйлердің қабырғалары мен пештің мұржалары сорайып қалған. Жер төбе боп үйілген коқыстар. Өлген адамдар мен аттың қаңқалары әр төбенің басында, әр сайдың астында қалып қойған. Міне, басында шалма, үстінде сарыала шапан, қолында кезенген мылтық, оқты боратып жан-жағын атқылап келеді. Ол мұрттай ұшты. Одан кейін тағы да құтырына шапқан басмашылар құбылаға басын төседі.

Тачанканың үстінде Ғани, Тұрсын, Павел, Ажар. Пулеметтен оқ жаудырып, қарсы келгендерін, нысанаға іліккендерін қалпақтай ұшырып құлатады. Қыргын шайқас. Атыс. Майдан шебінде азалы күндер, ажалды түндер. Солардың ортасында белуардан қан кешіп Ғани жүр. Осының бәрі проектордың сәулесі арқылы, сыртқы фонда берілуге тиісті. Женіс сарыны. Комсомолдар маршы.

БЕСІНШІ СУРЕТ

Комсомолдар клубы. Түркістандық комсомолдар комитетінің съезіне делегаттар сайлауға конференция өткелі жатыр. Жақтаушылардың бірнешеуін ертіп Саржан шығады.

Саржан. Москвадан келген Түркістан комиссиясы Сапаровтың жұмысын Совнаркомда қарайтын болды.

Бірінші жақтаушы. Олардың жұмыстары не жөнінде?

Саржан. Самодержавияның тұсында орнап қалған үстемдік пен байырғы халықтың арасындағы қайшылықтар жөнінде. Тартып алған жерлерді қоныс аударушыларға қайырып беру жөнінде полиция, жандарм бұрынғы әкімдерді жер аударып, партияға, Қызыл Армияға ретін тауып кіріп алғандарын тазарту жөнінде.

Екінші жақтаушы. Партия күштерін сол үшін қайыра құрып жатыр ма?

Саржан. Иә. Горкомның бюро құрамы таратылды. Райкомдар ажыратылды. Ғани Мұратбаевтың еккен достығы қастыққа айналды.

Бірінші жақтаушы. Оқыған-зиялылар жайында пікірлері қалай?

Саржан. Зиялылардың алды қамауға алынды.

Екінші жақтаушы. Кімдер?

Саржан. Кімдер дерің бар ма. Енді олардың уағазын ести алмаймыз. Бүгінгі жастардың екі жарға бөлінуі де солардың күйігінен.

Бірінші жақтаушы. Сіз неге ара түспедіңіз?

Саржан. Ара түсілді. «Түркістан ошағы» құрылды.

Ендігі от сол ошақта лаулайды. Ендігі қазан сол ошақта қайнайды.

Екінші жақтаушы. Ағаларымыздың уағыздаған ұраны сол емес пе!

Саржан. Бүгінгі конференцияда қайткенде сол ұранды өткізуіміз керек. Ғанидың күнәсізді күнәкәр, жуасты содыр етуі анық. Тойтарысты соған беруіміз керек.

(Бұларға қарсы Тұрсын, Күлпәш, Павел бастаған комсомолдар келеді. Араларында Асанбай, Көпболдар да бар. Екі жағы да шайқасуға әзір.)

Тұрсын *(Саржанға)*. Делегаттар құрамында сен де бармысың.

Саржан. Немене, жатың ба едім.

Тұрсын. Түркістан ошағының көсемі. Зиялы да, қиялы да сенің төңірегінде.

Саржан. Көргені жаман көрінгенге тап береді.

Тұрсын. Көргені жақсы көлеңкеге тығылмайды.

Күлпәш. Күні кеше, бас малшылармен айқаста, қолына түскен комсомолды шауып өлтірген Орман палуанның баласы да делегаттар құрамында.

Тұрсын. Тағы да кімдер сайланыпты?

Күлпәш. Ташкент, Бұқара, Самарқант мешіттерін күңіrentкен Уәлит муфтидің қызы Сахип Жамал да делегат болып сайланған.

Саржан. Ол қыздың күйеуі коммунист.

Күлпәш. Мына бірі Шымкентте дүкен ұстаған коммунистің баласы.

Тұрсын. Айдап шығуымыз керек.

Күлпәш. Мына бірі Қоқан хандығына мұрит болған ишанның баласы.

Тұрсын. Бұлардың дегені болмайды!

Саржан. Сендердің де дегенің бола қоярма екен. ЦК-а жүктеген бір конференцияны өткізе алмай осыншалық шиеленіске жеткізудің не лайығы бар?

Тұрсын. Лайығы сол. Шығар мандатыңды?

Саржан. Шамаңа қара!

(Ғани келе жатады.)

Ғани. Сара жолмен енді ғана іс бастайық десек, бірі алдайды, бірі арбайды. Ескі жұртқа қайыра сүйрейді.

Саржан. Ойдан мешеу, өнерден кенже болған жастарға надандық уы бірдей себілген. Алаламайық, Ғани.

Ғани. Әкең базар шонжары. Өзің жолдан қосылған жолбикесін. Делегатқа сайлануға сенің қандай хақың бар?

Саржан. Әркімнің тазалығы шыққан тегінде емес, ниетінде.

Ғани. Сен шыққан қауымның ниеті қараңғыда қанжар сілтеуден әлі де тыйылған жоқ. *(Павел мен Асанбай кіріп келеді.)* Күлпәш, Павелды қасыңа ертіп ал! Ата тегі жат пиғылы терістердің қолдарындағы мандаттарын алыңдар. Шіріп біткен қоқыс идеяларымен біздің арамызды былғамасын. Ешуақытта олардың дегені болмайды.

Күлпәш. Конференция кейінге қала ма?

Ғани. Кейінге қалады!

Саржан *(жүзі қуқыл тартып, ысқырына қарап)*. Ғани, сені біз жастан шыққан көрген, ой астары терең деуші едік. Сенің бұл қай күйіс қайыруың? Сеніңше біздер үміт желісі үзілген, шіріп біткен өлікпіз?

Ғани. Өліксіндер! Құпия сұмдық іске барудан тайдыңдар ма? Бастарың мең-зең. Енді қайтып оралмайтын буалдыр мақсатты арман етіп, дертті сезімге уланғансыңдар!

Саржан. Біздің қайғы-қуанышымызды түсініп жатқан сен жоқ. Дертті сезімге не үшін уландық? Сенің көлеңкеңде қалуымыз керек пе?

Ғани. Қал деп қашан сұрадым. Қалма!

Саржан. Ғани, сені жұрт абзал деседі. Абзалдығың қайда! Алатыққа өзін шақырып тұрсың!

Ғани. Шақырамын. Шақыртқаным пікір таласы болса бір жөн. Кирап біткен ескі дүниені қайыра тірілтемін дейсіндер! Кім үшін керек ол дүние? Түпсіз қараңғылыққа батып кеткен мешеу дүниені аңсайсыңдар! Қайыра ораласыңдар, өздеріңше керемет істі жасайтындай үміт етесіндер. Ол ненің үміті!

Саржан. Ол, бәріміздің де ыстық кеудемізде сақталған өзінді-өзін билеудің үміті. Ол, табан асты болып қалмай ел болуымыздың, ер болуымыздың үміті.

Ғани. Солай ма! Көкейкестің елдік намыс болса, сол намыс адамның правосына жазылған. Біздің правомыз көңілге нұр құйып, басына бакыт оралта келсе сол қуаныш саған жетпей ме!

Саржан. Жетпейді! Біз де адамбыз. Екі жағымыздың бірі жардан ұшпай келісе алмаймыз, Ғани!

Ғани. Жардан ұшу болса жетер жеріміз, оны да күттік. Тағдырдың соққысын көтере алмай, қайдағы бір керенауларды жинап алып, олардың жеркеніш сезімін шүпілдете толтырған сен сияқтылар қастыққа да барады.

Саржан. Сапаровпен арадағы алалық кімдердің сезімін шүпілдете толтырудан туды.

Ғани. Сапаровпен арадағы алалық, жаманшылықты ауырлата, жанжалды ушықтыра түскен сендерден туды.

С а р ж а н. В. И. Ленин біздің пайдамызға шешкен жоқ па! Оны неге жасырасың?

Ғ а н и. Жасырмаймын. В. И. Ленин ұлы орысшылдық шовинизм бе деп, немесе дұрысырағы соған қарай бой ұруыма деп өте-мөте күдіктенемін дегені рас.

С а р ж а н. А, ендеше біздің де күдігіміз сол күдік. Жергілікті халықтардың сеніміне ие болу үш есе, төрт есе ие болу. Отаршыл емес екенімізді дәлелдеу деген жоқ па?

Ғ а н и. Түркістанды бөліп ап, қаралы күн жақындады. Қиямет қайымның сират көпірінен құтылатын күн жоқ деп шаң басқан жол, ыстық табы бетті күйдірген шөл далада. Май құйған шаланы жалындатып, аттанға шақырған түрікшілдерге ешқандай дәлелдің қажеті жоқ!

С а р ж а н. Бізге тағар айыбың түрікшілдік. Жершілдік. Күтіп алдық!

Б і р і н ш і ж а қ т а у ш ы. Ғанидың дегені бола бермейді! *(Залды жаңғырта айғайлайды.)* Бір қасық қанымыз қалғанша қырылуға әзірміз.

Т ұ р с ы н. О, рухсыз, сиықсыздар! Сендердің дегендерің де бола қояр ма екен.

П а в е л. Салыңдар мандаттарыңды! *(Қаруын төсейді.)* Салмадыңдар ма?..

Е к і н ш і ж а қ т а у ш ы. Салмадық, не істейсің?

П а в е л. Саласыңдар!

Ғ а н и. Токтаңдар!

Т ұ р с ы н. Шығарыңдар мандаттарыңды!

Б і р і н ш і ж а қ т а у ш ы *(орындықтарды аударып тастап, кеудесін ашып)*. Мені сайлаған өз ұйымым, өз қауымым!

А ж а р. Сені сайлаған «Ғани бұқара» ұйымы!

Е к і н ш і ж а қ т а у ш ы *(кеудесін ашып, Павелге төніп келеді)*. Өз қаным... Өз иманым! Ат мені! *(Қолтығында кітабы, Әлім кіріп келеді.)*

Ә л і м. Бұларын не? Елу патшалыққа созылған Ирантұранның соғысы ма? Шапқыншы Шыңғыстың атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа қалдырған қанқұйлы кегі ме? Ұлы идеалмақсат өштесуді де жою, тату-тәтті халық қамын ойлауда емес пе? Шашырап жүрген аңыздар не дейді? Мыңдаған жылдар тарихында ата мұралар не дейді? Шындықтың жаршысы, әділдік айғағы жан салтанаты адамдықта демей ме? Аңсаған адамдықтың туын біз көтердік емес пе?

С а р ж а н. Ол өсиетінді Ғаниға айт! *(Көтеріп ала ұмтылған орындығын Павел қағып жібереді. Ғани екі жағына да ара түседі. Асанбай да жүндес жұдырығын түйіп ап біреуін салып жібергелі тұр.)*

А с а н б а й. Кел, кел... Төбелес пе іздегендерің...

(Қабырғадағы гүл орнатқан құмыра құлап еденге түседі. Столдар қирайды. Екі жағы да қатты егесіп қол жұмсауға дейін барады. Шам сөніп қайыра жанады. Киімдері далдұл. Кейбіреулері еденде сұлап құлап жатыр. Ғани екі-үш дүркін мылтық атып әзер тоқтатады. Әлім аң-таң.)

Ғ а н и. Делегат жолдастар! Конференцияны кейінге қалдыру лениндік принцип. Осы жылы апрель айында Ресейлік ортақшыл жастар одағының үшінші съезі өтті. Владимир Ильич Ленин «Ескілік қиратылды. Оны солай қирату керек болды. Ескілік тас-талқан етілді. Оны солай талқан ету керек болды. Болашақ жастардікі. Биікке көтерілу, қараңғылық әлемінен жарық әлеміне шығу кезеңі енді басталды. Кеше біз бытыраңқы болсақ — бүгін бір-бірімізге байланысты ұйым боп отырмыз. Ол Лениншіл ортақшыл жастар ұйымы. Осы ұйым соғыстың, революцияның салмақ салдарын басынан кешіруде! *(Өз тобын бастап кетеді, Саржан тобы қалып қояды.)*

С а р ж а н. Ескілік қиратылды... Оны солай қиратуды біз де тіледік. Болашақты көз айырмай бағу десе Ленин, көз айырмай біз де бағып келеміз. Балапан қанат қақты! Сырдарияның самғап ұшар қыраны, ер Алтайдың еркін өсер еркесі болмасақ қанатымыздың қиылғаны. Біз әркімнің жетегіне байланатын жетім тай емеспіз. Өлген атамыздың аруағын тірілтіп, Сарыарқаның топырағын тазартпай отыра алмаймыз.

Ж а қ т а у ш ы л а р. Отыра алмаймыз!

С а р ж а н. Бізге от та, су да қорқынышты емес. Істей берсін білгенін. Қажет болса өліммен де ойнаймыз. Тартыңдар! *(Саржан бастаған топ дүркірей жөнеледі. Қасында Тұрсын ғана келеді.)*

Ғ а н и. Тұрсын, Саржанды тұтқынға алмай болмайды. Оның азғыруына ерген жастармен сөйлес. *(Сағдат келе жатады. Тұрсын кетеді.)*

С а ғ д а т. Ғани, тым шұғыл кетесің-ау. Конференцияны кейінге қалдырдық. Одан не ұттық!

Ғ а н и. Сеніңше қазір өткізу керек пе еді?

С а ғ д а т. Әзірлігімізде кемшілік болар. Ал, мүлдем болдырмай тастау...

Ғ а н и *(іліп әкетіп)*. Болдырмай тастауға хақымыз жоқ демексің ғой. Жарайды. Сеніңше конференцияны өткіздік. Сонда Саржан бастаған топ белең ап кетсін де, масайраса дейсің ғой!

С а ғ д а т. Ғани, сен ұғыншы. Конференция үстінде бет-бет неге кездеспеске?

Ғани. Жо-жок, Сағдат. Делегаттар құрамының дені бізге іштей зілі бар, зығырданы бар, сырттай монтанысып жүрген шонжарлар мен бай-мамап, молда-ишандардың балалары. Олардың Саржан сияқты ділмәрлары бірінен соң бірі суырылып шығып ырқына алмасына кім кепіл? Әзірлігімізде кемшілік бар шығар дейсің. Олар ұлттық желеуді бетіне ұстап сарнағанда көкейкесті шерінді қозғайды. Бізге қарсы теріс бағытын, теріс үгітін, теріс пиғылын әшкерелеп бере аламын, соған әзірмін деп айта аламысың?

Сағдат (*қиналып*). Бұл мені қайрауың ба, жоқ әлде айыптауың ба? Ғани, не десек о де, мен конференцияны өткізу жағындамын. Олармен де есептесу керек болар...

Ғани. Жок, біздің ыргасуымыз жетті. Сенің де мырзалар тобымен жарасуың жетті. Не олар, не біздер. Екінің бірі... (*Бетіне тесірейе қадалып.*) Сенің солқылдақтығың ұнамайды маған. Кейде қарап тұрсам, сен сүюге де, сыйласуға да, белдесуге де, жарастыққа да тұратын ер қыздардың тегінен сияқтысың. Енді бір қарасам, соның барлығын да жоғалтып аламын. Оның орнына, көз алдыма оқыған, ізетті, көркем, салқын сұлулықтың иесі келеді. Түу, сайтан алғыр. Осының өзі жалпы қыз атаулыға тән қасиет пе, жоқ саған ғана ма?

Сағдат. Жақсы аңғарттың, Ғани! Қыз сырына онша қанық емес шығар. Орталарыңдағы жалғыз көзге түсер қыз мен екенмін. Әркімнің де көңілі алабұртады. Бірақ маған берген сипаттамаларыңның ақыры өкініш болып жүрмесе...

Ғани. Жок өкінбеймін. Міне сол сарынына тағы да түсін. Сен түсініп ал. Жалғандық кімге жарасқан. Қасында жүріп «Шарқи Түркістан», «Шурай исламы», «Тәрбуд» атты діни ұйымның құрылғанынан да хабарсызсың.

Сағдат. Хабарсызбын.

Ғани. Біз сындырып жатырмыз.

Сағдат. Рухани тірлігіне жол бермеу ағаттық деймін.

Ғани. Сеніңше рухани байлықты тонаушылар біз бе?

Сағдат. Мен олай демеймін.

Ғани. Демесең, олар асылзадалар да, біз ғана қаныпезер. Олар бізді аяды ма?

Сағдат. Біз де оларды аяғанымыз жоқ.

Ғани. Ендеше сол топтың жырын жырла да сен де бізді аяма. Ауырған жан ауыр дертті көтереді. Мен ғана көтерейін. Бара беруіне болады. (*Жөтел қысып қиналып отырып қалады.*)

Сағдат. Ғани, қиналып тұрсың.

Ғани. Несіне сүйейсің мені. Бояулы гүл тез өзгереді. (*Кете береді. Сағдат қалып қояды.*)

Сағдат (өз ойымен өзі). Ғани, Ғани!.. Жұрттан жасырған сырымды ішіме бүгіп келіп ем. Өзіне ғана оңашада айтып алармын, айығармын деуші едім. Арамызды ашып, анықтап алар шаққа да тірелдік. Болашақта бір еменнің жапырағындай жайқаламыз дегенім өзімді-өзім алдау болғаны ма? Сенің дертің — менің дертім, Ғани! Қума мені қасыңнан деп неге айтпадым! (Қобалжып.) Ғани, Ғани! Сеніміне сонша неге беріксің. Қуатыңа, қайратыңа қызығамын да қызғанам. Дегенмен де бір бетсің де. Қаталсың! Әлсіз болғаныммен намыссыз деп кім айтар. (Аяушылықпен.) Апыр-ай, ауырған жан ауыр дертті көтереді деді-ау... (Жақтаушы серігімен арпалысып Саржан келе жатады.)

Ж а қ т а у ш ы. Барма... Тоқташы!..

С а р ж а н. Барамын. Былай тұр. Бөгеме! (Серпіп тастап ілгері жүреді. Өзіне.) Құлазыған ойлар!.. Сағым қуып сандалған қиял! Ақ бата тілеп алақан жайды ағалар. Одан не шықты? Күнге қол созып, айға да ұмтылды. Одан не шықты! Көк майса. Көк орай шалғын. Кең жайлау, ақ боз үй деп сарнадық. Одан не шықты?

С а ғ д а т. Саржанбысың?

(Саржан жауап бермейді.)

Екеуіңді табыстырамын деп талпынып-ақ көріп едім. Бұл не кылғандарың?

С а р ж а н (суық). Менен емес, тыныш жатқан жылан-ның құйрығын басқан өзі. Сені де сілкіп алды ма?

С а ғ д а т. Кек басқан көңілді тот та басады.

С а р ж а н. Аршып алар зергер қыз, немене, бізді мүсіндеп қайта соққың келе ме?

С а ғ д а т. Соқса несі бар?

С а р ж а н. Жоқ. Біз сомдалып соғылған жандармыз!

С а ғ д а т. Мыс қазаннан қорытылып шықсаң да, бүгінгі күннің мөлдір тұнығынан сусындай алған жоқсың. Төл басы боламын деп тепсінгеннің бірісің. Не шығардың?

С а р ж а н. Бізді таразыға қайта-қайта тартқан қыздың сен де бірісің. Сен неге шығармайсың! Мен неге шығармаймын.

С а ғ д а т. Қойсаң кайтеді, Саржан...

С а р ж а н. Арманымызға ақау түссе өлгенмен бірдей. Қыран құс тек қана қияға тартады. Айтып қой ана Ғаниыңа! Көкірегін шалған құрт аурудың микробын жұқтырмасын!

С а ғ д а т. Не дедің сен? Сөздерің қандай зәрлі. Келісу емес, керіс іздеген қыңыр екенінді неге білмедім? Өзіңнің мерезінді көрмей, оның көкірегіндегі сырқатын көруің — табашылдық. Күншілдік. Кеудеңе бар ластықты жинап ал-

ғасын. Түріңнен адам шошығандай. Көзің қанталап та кеткен.

С а р ж а н. Шошыма, сұлу. Айналып келгенде мен қара қасқа дұшпан болдым да, сен ескексіз қайық үстінде қалай жүзеріңді білмей қалтылдап қалдың.

С а ғ д а т. Мені қажауынды қашан қоясың?

С а р ж а н. Өле өлгенше. Тереңге батырған да сенің дәуренің... Биікке ұмтылдырған да сенің әурен. Өкінесің де шошынасың. Күйінесің де шаптайсың. Жиренесің де даттайсың. Есінде болсын, бүгінгі түн сойқанды түн!

С а ғ д а т. Жо-жоқ! Сен оған бара алмайсың.

С а р ж а н. Бұл еркектің ісі.

С а ғ д а т. Еркектің ісі емес, ездің ісі. Қаскөйдің ісі...

С а р ж а н (*ұстап алып*). Шығарма дыбысыңды. Көзіңді жұм да меңіреуің, мылқауың.. Естігенім жоқ. Көргенім жоқ де де — жөніңді біл... Оған шамаң келмесе сен де менен тегін құтылмайсың. (*Бұл кезде Табынбаев келіп сыртынан қарап тұрады. Саржан ұмтыла бергенде Сағдат Табынбаевқа тығылады.*)

Т а б ы н б а е в. Ә, сырылдың ба, сидам жігіт!

С а р ж а н. Сырылу мен қуылу сіздерден қалған мұра.

Т а б ы н б а е в. Абырой оныкі. Әлегі сенікі. Өрең жетпейтін іске ұмтылма дедім.

С а р ж а н. Солай ма, қол берген піріміз.

Т а б ы н б а е в. Солай, бала, солай!

С а р ж а н. Сенің де залымдығың ішінде сақтаулы ма еді. Басында бурадай шабынып, аяғында қара суық соққан көтерем қойдай дірілдедің бе? Дірілдей түс... Қара мырза қайқайып еліне тартты. Пір санаған Тұрсынханов алжуға айналды.

Т а б ы н б а е в. Тіл тигізбе ел ағасына!

С а р ж а н. Бағы тайған бурыл шаштар. Ағайын арасы ашылса, топтан қашып үйлеріңе тығылатын күйлерің қалды. Мүмкін сіз де бата беріп, баспен бітіретін боларсың. Батагөйлер, бақа бастар! Бақастар! Бар, жат үйінде...

Т а б ы н б а е в (*басын шайқап*). Түбі қайыр болса игі еді.

С а р ж а н (*ызалы күлкімен*). Ха... ха... Қартайғансың! Ха, ха!

Т а б ы н б а е в. Басыңды жұтпасаң... әй, қайдам... (*Саржан өзін де, Табынбаевты да шенеп, кете барады. Табынбаев Сағдатты бауырына басып.*) Сағдат, надандықтың құрбаны болу біздің өткен жылымыз. Жас қауымның кеудесіне сана құюды біз де ойлағанбыз. Жаңағы сұм сені ғана емес, мені де талай шырмады.

Сағдат. Туғанымға қуанбаған, өлгеніме жыламайды.

Табынбаев. Ғани үшін жылауға да болар. Адам неге көнбейді. Маған бәрінен де шеккені азап, тағдыры сату, алумен өлшенген қазақ қыздарының халі батушы еді. Ол қорлықтан құтылдындар! Ғанидың сен кімісің?

Сағдат. Құрбысымын.

Табынбаев. Аспандағы бұлттан жаңбыр құйса, адамның өн бойы егіледі. Кейде жалғыз жүргенімде... Жастық шағым есіме түседі. Махаббат пен достықтың алды қызық, арты мұң болуы да бір мерей ғой. *(Ыңылдап әнде-теді.)*

Азамат, жай жатпа, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе кос...
(Екеуі кетеді. Ғани келе жатады.)

Ғани. Мен олармен кек қайтару қызуының үстінде кездесуім керек. Ізін суытпай кездесуім керек. *(Тағы да жөтел буып қысылады. Күлпәш келеді.)* Күлпәшпісің? Оқуың қалай?

Күлпәш. Жаман емес. Сен берген кітапты оқып болдым. Өзіне берейін. *(Ұсынады.)*

Ғани *(алады да қайыра береді)*. Сенде болсын...

Күлпәш. Саулығың қалай?

Ғани. Саулығым шүкіршілік. Апамды ойласам, сені ойласам «ауру жүрек ақырын соғады жай» дегендей көңілімді шер басады. Еркелік, балалыққа не жетсін.

Күлпәш. Соның бәріне де бір өзіне қарыздармын. Сағынғанымда шыдам бер деп тілеуші едім. Сол тілегіме жеткізді.

Ғани. Айналайын Күлпәш. Жаның қандай тұнық. Көзің қандай ашық. Жан тазалығы, ар тазалығы қашан да болса жарқын келеді. Күйбелең-кірбені жоқ көңіл қашан да болса ашық келеді. Міне, жауқазындай сен де ашыла бастадың. Сонына қуанамын.

Күлпәш. Иә, мен болашағымды асыға күтемін. Кейде тіпті қанат бітіп, алысқа, сонау жұлдыздарға самғап ұшып кететін тәріздімін. Бұрылып қарағанымда жағада тұрып, сағына күткен анамыз, алыстан қол бұлғап, жол болсын айтып тұрғандай көрінеді.

Ғани. Күлпәшім деп қоса аңсай ма екен?

Күлпәш *(ұялып)*. Өзінен сұрамасаңыз ол арасын біле алмадым.

Ғани. Неге мұнайдың? Мен саған көңілсіздік әкелдім бе? Ал, қәне жадырашы? Күлші?

Күлпәш. Адасып қалдым ойымнан. Адасқан жан ойынан тез жаңылысатыны рас па, Ғани?

Ғани. Оны неге сұрадың?

Күлпәш. Жәй, әшейін... Кінәмшілдің көңілі кейін тартыншақтап тұратыны қалай?

Ғани. Өзің қалай ойлайсың?

Күлпәш. Өзім бе? Көңіл көзі ашыла түссе алдымнан жарқ етіп көл айдыны шыға келетіндей сезінем. Кейде лау етіп от жанса... кейде әуен сазы құйылып жатса екен деймін. Өйткені, Ғани, тымырсық, меңіреу ортада көп болғанымнан ба? От шашып ойнағаннан қорқамын. Досың да, қасың да жылан көзденіп мысықша ұрланып қарамаса екен. Үлкен де, кіші де сәби жанды неге болмайды?

Ғани. Ойдан өсті деген осы. Жарайсың, Күлпәш. Сөз жеткісіз жүрек тілі сені сәби жаныңда... деп айтпап па едім. Есінде ме... Маған ән айтып бер деп жалынғаныңда (*әнде-тіп*):

Талдан таяқ жас бала, ей таянбайды,
Бала бүркіт түлкіден аянбайды,
Уғай-ай, ән салшы бір бала-ай,
Білім түлкі болғанда ей, бүркіт бала,
Талап етпей жас жанға жарамайды.
Уғай-ай, ән салшы бір бала-ай,
Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел...

Халиманың сөреге жайған құртын ұрлап алып, бөлісіп жейтініміз есінде ме? Мен сені Москваға бірге ала кетемін. (*Шам сөніп қайыра жанады. Арайлы таң сәулесі. Көкжиектен көтерілген күннің нұр шапағына бөленген бау-орай. Малына құлпырған алуан түсті гүлдер. Институт бағының саясында комсомолдар Москваға, Коминтернге Ғаниды шығарып салуға жиналған.*)

Асанбай мен Көпбол жастарды басқарып жүр. Ғани жоқ.)

Асанбай. Жігіттер, қыздар... Әуре-сарсаң албырттықтан кетіп ойлы да, уытты да екенімізді Ғаниға білдіруіміз керек. Кім не өлең оқиды?

Көпбол. Мен өз шығарған өлеңімді оқимын.

Асанбай. Сенің өлеңдерің... тым шұбалаң... Арқан жұтқандай демінді әзер аласың. Қысқа, дәмді... Қиыннан қиыстырып неге жазбайсың.

Көпбол (*мардамсып*). Поэзияның айтары көп, жүгі ауыр. (*Өлеңін оқып*):

Дауыл... Дауыл соғар,
Дауыл дүрліге,
Сілкінтер соқса ол кімді де,
Бұл ержүрек дауылпаз,
Самғап ұшқан шүйліге.
Бірде төнсе теңізге
Киліккен ілді де!
Бірде сүңгиді бұлтқа
Нажағайға киліге!
Бұл жеңістің жаршысы
Үн тастайды сақ құлақ.
Соқсын дауыл қаттырақ!

А с а н б а й. Ой мықтым-ай... бұл өлеңің маған ұнайды. Бірақ та өз туындың емес тәрізді. Әрдайым осылай жазсаң өлеңді, Маяковскийден кем болмас едің. Қаһарлы жылдың дауылын жаңағы Көпбол оқыған өлеңдей Ғаниға арнайық. Отты сезіммен үйіре өнер көрсетіндер! *(Қасында Павел, Тұрсын, Күлпәш бар Ғани келе жатады. Барлығы да дуылдата қол соғып қарсы алады.)*

Ғ а н и *(қолын көтеріп, тоқтаңдар дегендей ишаратпен.)* Сендер мені шығарып салуға жиналдыңдар ма?

Б а р л ы ғ ы. Құтты болсын. Коминтерндегі қызметің... Оң сапар тілейміз, Ғани аға!

А с а н б а й. Сіздің алдыңызда лебіз білдірсек дейді жеткіншек інілерің.

Ғ а н и. Тыңдалық!

А с а н б а й. Бейімбет Майлиннен! Орындаушы Өтебай Тұрманжанов.

(Өтебай роліндегі бала — Бейімбеттің «Жарлы кедей жалпы жас» деген өлеңін оқиды.)

А с а н б а й. Ілияс Жансүгіровтан! Орындаушы Саймасай Тәттібаев.

(Саймасай роліндегі бала — Жансүгіровтың «Арманым» деген өлеңін оқиды):

Алқынамын, басылмайды арыным,
Тау селіндей екпін қайрат сарыным.
Жарлы-жалшы, жақыбай жарылқау —
Жандағы ару, жүректегі жалыным.
Егер салсам қос өкпеден тепкіні,
Жау жапырар, көк дауылша бұрқырар,
Шүү дегенде кер бедеудің екпіні.

А с а н б а й. Сәкен Сейфуллиннен «Асау тұлпар», орындаушы Құсайынбек Әміров.

(Құсайынбек роліндегі бала Сәкеннің «Асау тұлпарынан» үзінді оқиды.)

Қөп бол. Ғани аға, мен өз өлеңімді оқып берейін. (Ортаға шығады):

Жалаң аяқ, жалаң бас,
Ауылдан кеттік аяндап.
Қарай бердім артыма,
Жетсін деп досым аялдап.
Дос та жетті —
Түн жарып, сапар шектік қалаға,
Дірдек қақтық, түн қаттық,
Құлазыған жапан түзде, далада...

(Ғаниға сыйлайды.)

Ғани. Жарайсындар. Біреуге біреу себепші, біреуге біреу сүйеніш деген осы. Қараңғыны қақ жара сендер үшін жол ашқан дүниеге рақмет айтындар! Иә, достар. Қар бораған қыста да, жазғы самалда да, шеру тартқан жорықта да сендермен бірге болдым. Бірге өткіздім. Ыстығын да, суығын да өмірдің... Аңыз-ертегілерді де бірге тыңдадық. Ғажап суреттерді де бірге көрдік. Сұрғылт-сүрең тірліктің қыспағына да бірге түстік. Бірге кештік. Қалендарьдің әр бетін ашқан сайын бәрі де еске түсер. Бірімізден біріміз жақсылықты да, өнер-білімді де бөлісіп ала жатармыз. Жан шөлікесе оған жүректің кең дариясы сусын да болар. Тарихтың шежіресі бізді де ұмытпас. Ал енді мен жүрейін. Мүмкін менің сендермен соңғы кездесуім болар.

Асанбай. Айта көрмеңіз, Ғани аға!

Ғани. Осы бір сырқат, ойда жоқ жерден жабысты. Тек басты жерге имейік. (Сағдатқа.) Сағдат, сен маған кінә қойма... Асылындай құйманың отты қыздың бірісің... Жастықтың арманы — жүрек лүпілін қаққызып ләззат алу ғой. Оған менің қолым тимеді.

Сағдат (қимастықпен егіле қоштасып). Сен де маған кінә қойма. Бұдан былай, бұдан былай хат арқылы хабарласып тұрармыз.

Ғани. Хат жазып тұр. Жігіттер! Біз дала перзенттеріміз. Дала жырының толғауы енді ғана басталды. Сауатсыз комсомол социализмнің күрескері бола алмайды! Бүгінгі ұран сауатты болуда, достар! (Күлпәшті ертіп кетеді. Марш. Хор. Шам сөнеді. Шығарып салған жастар дөңгелек арқаларын көрермендерге беріп авансценадан қарап тұр. Сахнада не болып жатқаны белгісіз. Музыкада қайғылы сарын.)

ЭПИЛОГ

Москва «Биік тау» санаториясының бір бөлмесінде маңдайы жарқырап жас Ғани жатыр. Көзін бір ашады, бір жұмады. Ол екі қолымен шалқалай таянып басын көтереді. Айналаға көз тастайды. Орнынан тұрады. Аңсары ауып ойланып қарап қалған. Ойына апасы оралады. «Ұйықтап кетіппін... Түсімде апамды көрдім. Қайда жүрсең де сенің қасыңдамын деді. Тұл да болды. Дер шағында жесір де қалды. Қатыгез өмір, қатал тағдыр. Сенен қасіретін аяған жоқ. Соның бәріне де төздірген менің бала шағым. Сенің аналығың. Қайран апам... Сенің арқанда балалық шағым жетім болсам да жаман өткен жоқ. Оқыттың. Ер жеткіздің. Менен не қызық көрдің? Көре алмай өттің-ау дүниеден».

(*Күлпәш келеді.*)

Күлпәш. Ғани, мен саған шай әкелдім.

Ғани. Почтаға бардың ба?

Күлпәш. Бардым. Хаттарыңды салдым.

Ғани. Скосоров, Шепиловке жолыға алдың ба?

Күлпәш. Конгреске дайындалып жатыр екен. Кешке қарай саған келіп көңіліңді сұраймыз деді.

Ғани. Конгреске ме? Күлпәш, терезені ашшы?

Күлпәш. Тұрғың келе ме?

Ғани. Тұрғым келеді. «Капитал»... Алғашқы тараудың ақырғы бетін терезенің алдында отырып аударайын. Терезені ашшы?

Күлпәш. Салқын тиіп қалады.

Ғани. Тиер салқыны тиіп болған. Терезені аш деймін, Күлпәш.

Күлпәш. Шаршап қаласың, неге асықтың?

Ғани (*ырық бермей ұмтыла түрегеліп*). Мен неге асықпадым... (*Терезеден алысқа көз тастап, құмарлана қарап тұр.*) Ақ қайындар жапырақ жая бастаған. Ну қарағайлар теңселеді. Көзімді жұмып бір сәт ойласам, қиялыма не оралмайды? Қырда да, қалада да қайнаған өмір. Еңбек! Оның жеңісі мен жемісі. Заңғар таулар мен ағын өзендерде көгілдір шамдар неге жанбасқа? Жаныңның жайлауы неге болмасқа! Адамзаттың жаратылыстан алары да көп. Мен соны көрсем, қалалардағы оқтай тұзу көшелердің аллея алаңында мрамордан соғылған мүсіндерді көрсем... Дала! Дала! Менің ата мекенім. Қияда қыран қалықтайды. Ойда маңыраған мал жайылып жатыр. Ұзын жолда ағылған машиналар. Шойын жолдар... Түтіндері будақтаған паровоздар! Лек-лек эшелондар кетіп барады. Қайда барады? Құстың қанаты талып жететін менің жеріме барады. (*Ең соңғы тынысында көзі мөлтілдеп төсегіне отырады. Күлпәшқа дүниеден бой саларын сезіп қарайды.*)

Күлпәш. Сен неге олай қарайсың маған?

Ғани. Дүниеде адамға ең қымбатты өмір, тірлік... екен... Күлпәш. *(Көзін жұмады. Күлпәш еңірей боздап үстіне құлап кетеді. Шамның жарығы бірнеше рет лып етіп жанып, лып етіп сөніп Ғанидың мәйітінің үстіне түседі. Азалы сарын. Ғанидың серіктері, өзі тәрбиелеген Асанбай, Көпбол, Тұрсын, Павел және басқа студент жастар сахнаның жоғарғы жағынан созыла төгілген қызыл туды желбірете созып Ғанидың үстіне жабады. Ғани қызыл тудың аясында. Асанбай мен Көпбол, алғашқы көріністей авансценаға шығады.)*

Көпбол. Жас Ғани қайтып оралмас сапарға аттанды! Тірлікте адам бірде ылдиға түседі. Бірде өрге өрмелейді. Сан қилы ауыр ауыртпалықты көтереді. Ғанидың өлімі ылдиға құлау емес. Өрге өрлеу дер едім. Өрлеу дейтінім — эне оның азасына қатынасуға фабрикадан, заводтан, студент қауымынан, Балтық флотынан, Қазақстаннан, Орта Азиядан мың-мыңдаған жастар келе жатыр.

Асанбай *(қолында «Капитал»)*. «Капитал»! Сырқат үстінде көз майын тауысып оқығаны да «Капитал»! Ең соңғы демі біткенше оқыған. Жылдар өтеді. Денедегі жара да жазылады. Көңілдегі қайғы да тарқайды. Ұрпағыңның мақтап та, шаттанып та айтар ұлының бірі ол — Ғани Мұратбаев. Топырағың торқа болсын, жас боздақ!

Азалы музыка сарыны, енді жастардың жігерлі маршына шалқыта қосылған хорына ауысады. Оқиға алғашқыда маршпен басталса, маршпен аяқталады.

Ш ы м ы л д ы қ

ҚҰЛПЫРМА ТОН

(Бір перделі комедия.)

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Қайрақбай Әуенов

Айнаш — оның әйелі

Несібелді — жақын қарындасы

Қайрақбай Әуеновтың үйі. Үйдің іші қара көлеңкелеу. Қайрақбай өз бөлмесінде оқумен шұғылданып отыр. Есік көзінде біреуге тоса тұрыңыз деп өтініп, қолында шүберекке ораған құлпырма тон, Айнаш келеді.

А й н а ш *(асыға іздеп)*. Несібелді! Ау, Несібелді... О, тілеуің кесілгір. Кеш болды-ақ бұл қыз да үйде отырмайтын болды. Гүлданаға жұмсайтын қайда жүр екен? *(Ұмтыла басып терезеден қарап.)* Талтаяқ жігітімен қисық ағаштың түбінде сөйлесіп тұратын еді. Қап, о бар бол, бар болғыр. *(Ішкі бөлмелері мен кухняны қарайды.)* Несібелді, Несібелді! Соққан қызды жер жұтты ма, көк жұтты ма? Кімді жұмсадым? Әшейінде бар ақша, осының тұсында болмауын қарашы. Қарызға ала қоятын тату тұрған көрші де жоқ. *(Есік көзінде күтіп тұрған әйелге.)* Күте тұрыңыз, сізден алғанымызды білсе қожайынымыздың желкесі қырысып айнып калуы мүмкін.

Д а у ы с. Жылдамырақ қамданыз!

А й н а ш. Қылп етпеңіз. Аанада алған түбіт шәлі, помбархаттың ақшасын да уәде бойынша берген едім ғой. Көзге түсіп қаласыз. Қолындағы заттарыңмен кухняға кіре тұрсаңыз қайтеді?

Д а у ы с. Тездетіңіз!

А й н а ш. Тездетейін... Қайреке-ау, Қайреке... *(Қайрақбай отырған бөлменің есігінен сығалап.)* Тұмсығынан көміліпті, басын да көтерегін емес. Түбін түсіретіндей-ақ түн оқиды, күн оқиды, мазасын алсам тонқ ете түседі-ау. Алмайынша да болмайды... Қайреке деймін, бері келші. *(Үстінде жылы халат, көзінде көзілдірік, қолында кітап, кекештене сөйлейтін Қайрақбай бөлмеден шығады.)*

Қ а й р а қ б а й. А-а-айнаштай, б-б-біреуіне қолың жеткен екен.

А й н а ш. Қуана бер, аңсағанымә үш жыл болды.

Қ а й р а қ б а й. Б-б-бояған ба өзі?

А й н а ш. Бояған... бояғанды киетін Ишанбайдың Меруерті ғой деймісің. Тапқан екенсің безвкусицаны. Жылбыспа кроликтің терісін де әлдеқандай қып даха кидім, тон кидім дейді. Оның қасында бұл құндызыңа бергісіз. Қаракул тондар мұның астарына да тұрмайды. Тігісінің өзі қан-

дай. Дәл маған өлшеп тіккен бе дерсін. Құйып қойғандай емес пе, Қайреке!

Қ а й р а қ б а й. Т-т-т-түсі күңгірттеу ме өзі?

А й н а ш. Күңгірт... Не қылған күңгірт. Сарылып отыра-отыра көзіңнің жанарынан да айрыла бастағансың ба? Анықтап қарашы, алтындай жарқыраған, таптырмайтын түс. Әлгі сенің диссертацияңды өткізбей тастаған кандидаттың әйелі бар ғой. Аты кім еді?

Қ а й р а қ б а й. Т-т!.. Тастыбаевты айтамысың.

А й н а ш. Аумаған, дәл осындай құлпырма тонды сол сілең қатқырдың әйелі Әжбикенің үстінен ғана көресін. Құдай-ау, анада ателъе модаға барсам малынып тұрып киінген. Басында цегейкадан тіккен камчат бөрік, үстінде қара қылшық құлпырма тон, енді көрсең бе, көрсең аузыңды ашып аңыраясың да қаласың.

Қ а й р а қ б а й. А-а-аңыраятындай мұның сиқыры бар ма?

А й н а ш. Тіпті сенімен араздығын да ұмытып кетіппін. Әшейінде тірсегі соқтығып жүретін сылыңқыр қара Әжбике гүл-гүл жайнайды. Цегейка бөрікті Иван IV-тый дейтін патша бар ғой, соның заманында баярлар киетін бөріктің модысымен тіккізіпті. Жиегін көк қаракульмен көмкеріп, дәл төбесіне жұмырықтай шошақ орнатыпты.

Қ а й р а қ б а й. Ж-жұмырықтай шошақ, онысы не, сәні ме?

А й н а ш. Әрине, жұмырықтай шошақ, сәнге орнатқан.

Қ а й р а қ б а й. Ш-ш-шығар қатындардан.

А й н а ш. Фу, түсінбейтінің-ай сенің. Балағын бұйрамен көмкерген шолақ етікке сондай бөрік ұнайды. Шапкесін келістіріп, етігін жаңаласам қатып жатыр.

Қ а й р а қ б а й. Қ-қ-қа-қатқаны қиын болған екен де.

А й н а ш. Ойпыр-ай, оскыра қалатының-ай... Ала ғой, кие ғой дейтін күнің бола ма? Сен қатарлы қызметкердің әйелдері қос-қосынан киінеді. Өзің өз болып маған жағасы бүтін бір киім алып бердің бе? Тарақ құйрық даханы екі жыл сүйреттім. Бұйра тон модыдан қалды. Мысық жүнінің түбіті шығып түтеленіп жатыр. Мың жарымына қарамай комиссияндағы тонды алайық дегенімде қ-қ-қоя тұр деп оған көнбедің. (Долырып.) Тонды тағы да сүйреткенім бе?

Қ а й р а қ б а й. А-а-ала ғой, Айнам.

А й н а ш. Алсам төле ақшасын!

Қ а й р а қ б а й. Өз бағасы ма, ж-ж-жоқ өсірмесі бар ма?

А й н а ш. Өз бағасына таба қоярсың. Дүкенде блатың бар кісідей. Жұлының үзілгір мехторгтың сатушылары әне

түседі, міне түседімен алты ай созды. Сауда министрінің өзінен барып сұра десем оған баспайсың. Ет жемесең өліп кететіндей кеше жинап жүрген ақшама қой сойғыздың. Қайдан тапсаң содан тап, кимей кетсем де аяғымнан тозар жайым жоқ.

Қ а й р а қ б а й. А-а-айнам-ау, енді бағасына келісесің те.

А й н а ш. Бағасына келістім. Ақшаң не болды, ала алдың ба?

Қ а й р а қ б а й. А-алдым, алдым.

А й н а ш (*отыра кетіп*). Ох... ақша алмағаныңда аңқып қалатын едім.

Қ а й р а қ б а й. Қ-қ-қайдан іліктірдің? Магазиннен бе, ж-ж-жоқ, саудагер қатындарыңнан ба?

А й н а ш. Сұрама, тарихын баяндасам, жатқан бойы машақат. Мехторгтың ашылу сағатында құлпырма тонды түсімізде аңсайтын он қатын жинала қалдық. Сыбыр-күбір, оңашаланып сөйлесе бастадық. Бірімізден біріміз қызғанып тұрғанымызда, складқа түсіпті деген сыбысты құлағымыз шалып қалды. Біртіндей жылысып складқа қарай тарттық. Күдай-ау, иіскеп біле ме? Барсам складтың алдында «Победамен» келген бес қатын, алысырақтан аңдыған жетеуі тұр. Батыр екенсің, тұмсығыңды сұғып көр. Әсіресе Мадияр дей ме, Құдияр дей ме соның сойдақ тіс, қалақ бет қатыны сып етіп директордың кабинетіне кіреді де шығады, шығады да кіреді. Ей бір ит жынымды келтіргені. Өзінің де сазайын бердік-ау. Кабинеттен түріп шығардық. Содан кемпір ауыз жылмиған директоры бар екен. О жаламыр... бізге ерегісті де складтан сатуға заң жоқ, 24-дүкенге барыңдар деді. 24-дүкенге қарай жорта жөнелдік. Сидам аяқ сыпылдақтар, жуантық кеспелтектер, мамырлай басатын маймақтар, еңтіге басып асығып жүгіріп келе жатқанымызда, қолында екі пар құлпырма тон, күйеуі магазинде істейтін таныс әйелім кездесе қалды.

Қ а й р а қ б а й. А-а-ашаддың кереметі-ай, алып та үлгірген бе?

А й н а ш. Біз складпен екі арада жүргенімізде күйеуі арқылы сыртқы есіктеп кіріп, алып та үлгіріпті.

Қ а й р а қ б а й. Ә-ә-әйтпесе саудагер бола ма?

А й н а ш. Қой әрі, не болса о болсын, шаруамыз қанша?

Қ а й р а қ б а й. Д-д-дүкеннен ала сап сендерге сатуы ұрлық қой.

А й н а ш. Ойпыр-ай, саған сыр айтсаң осы енді. Қайдан алғанда жұмысың қанша, мен тапсырдым, ол алды. Оған

сенің нең шықты. Жазушылар мен кандидат науқтың қатындары көрсін ше, көрген жерде қолға тигізбейді. Аанада құдайдың өзі әкеп иығыма жапқан тоннан да айрылып қалдым. Бәлесінен аулақ деп азарда-безер болдың. Сол тонды Тастыбай мен Қоянбайдың әйелі киіп-ақ жүр. Ұрланған тон болса олардың үстінен неге сыпырып алмайды.

Қ а й р а қ б а й. С-с-сөзді көбейтпе, б-б-болды, ала ғой.

А й н а ш. Алсам, үстемесіне мың сом берем де алам.

Қ а й р а қ б а й. М-м-мың сом көбірек болмай ма, Айнаш. Өз бағасы қанша?

А й н а ш. Дүкендегі бағасы екі мың.

Қ а й р а қ б а й. С-с-сонда үш мыңға түскені ме?

А й н а ш. Мм. Үш мыңға әркімдер-ақ алып киіп жатыр. Қаласаң да төрт мың, қаламасаң да төрт мың.

Қ а й р а қ б а й. Қ-қ-қоқайын жаңа айттың ғой. Саудагер жуликтерге жоласаң осы. Бұл тонау ғой, Айнаш.

А й н а ш. Сендерге барлығы да жулик. Жок жерде солақайлана қалатының бар. Саудагер де адамның баласы. Маған әперген әйелдің күйеуі іштен, өзі сырттан жымба жолдап жалғаспаса, біздей сенімді адамдарға ұй қыдыртып өткізбесе, оның көретін пайдасы не?

Қ а й р а қ б а й (*ашуланып*). П-п-пайдасы да, зияны да өзіне. А-а, арманың құлпырма тон еді. Ал да тыныштал. (*Суырмадан екі мың сом ақша беріп*.) Мә, бары осы, төле де тайдыр. Саудагер итке жоласаң артында бәлесі қоқайып көрініп тұрады. Есік алдында тұрғызбай тезірек жөнелт.

А й н а ш. Өй, қорқақ.

Қ а й р а қ б а й. Б-б-батырлықтың да орны бар. Сақтықта қорлық жоқ.

А й н а ш. Сақтық, сақтық, сен қорықты екен деп тон кимей өтеміз бе?

Д а у ы с (*есікті қағып*). Айнаш жеңгей!

А й н а ш (*ақшаны есептеп*). Қазір...

Қ а й р а қ б а й (*одан әрі үрейлене түсіп*). Бұл не деген жансебілдік. Тез бол, көзге түссе құрыдық.

А й н а ш. Өй, қолапай...

Қ а й р а қ б а й. С-с-сен қатын ба, с-с-сен қатын менің түбіме жетесің. (*Өз бөлмесіне кіріп кетеді, Айнаш ақшаны есептеп береді*.)

А й н а ш (*есік көзінде сыбырлай сөйлеп*). Байқағайсың. Біздің байдың үркуі мен өрепкүі басылған кезде тағы да жолығармыз. Мүйісте ме, түпкірде ме? Штор, плюш, одеялды ескерт, жарай ма? Күйеуіне сәлем де. Мына заттарыңды қымқырып қолтығыңа қысып ал. Сау бол. (*Сырттағы әйел кетеді*.) Ау, тірімісің, жаным, қайда болдың?

Несібелді. Тігіншілердің курсында болдым, Айнаш жеңгей. *(Тонды көріп.)* Оһо, қандай тамаша, біреуіне қолың жеткен екен.

Айнаш. Жараса ма, Несібелді?

Несібелді. Ғажап, бір тал арам қылшығы болса бұйырмасын. Біздің мастерскойда өзіндей екі әйел осыған заказ берді. Құтты болсын, игілігіңе кигізісін. Дүкеннен бе, жоқ қолдан алдың ба?

Айнаш. Сәті түсіп ғайыбынан келді де, Несібелді.

Несібелді. Бәсе, ғайыбынан келмесе, табылмайтын зат. Енді мұны Гүлдана апай, Қанифа ханым есітсе жыл бойы әңгіме қылатын болды.

Айнаш. Ойбай-ау, Тастыбайдың Әжбикесі де алып кигеннен кейін не сұрайсың.

Несібелді. Айнаш жеңгей, онікі первый сорт.

Айнаш. Қайдағы первый сорт, сен де соғасың-ау.

Несібелді. Оллаһи, түк көрмейін, онікі нақты цегей қойының өз терісі.

Айнаш. Әй, жексұрын. Оқығаныңа үш-ақ ай болды. Сен не білесің. Пионер магазиніндегі 30 сомдық даяр жағадан алып құрақ қылып тіккізген жоқ па?

Несібелді. Құрақ та болса бір-бір жағаны 300 сомнан алған болатын.

Айнаш. Қой әрі, ондай арзанқол жағаны өзіміздің каладағы артельдер де жасайды.

Несібелді. Міне, біздің артельдердікі бұдан көрі тәуір. Жалт-жұлт құлпырып тұрады.

Айнаш *(ұнатпай)*. Әй, жексұрын. Ұялмай-қызармай менімен таласады-ай. Кроликті котик деп көпіретін әсіре қызыл артискелерден жұққан ба саған. Владивостоктың құндызы, Сурейдің суыры. Нанайтстың ақ түлкісі деп көкіді. Соған да нанамысың? Таласпа деймін, Несібелді. Әжбикенікі құрама тон, жағасы бояма. Бар да көк шәйнекті плиткаға қойшы. Күн ұз-аққа ораза ашқамыз жоқ. Ішімізді жылытайық. *(Тұтыға сөйлейтін Қайрақбай көзі ежірейін, тілі байланғандай тұтығып бөлмеден шығады.)*

Қайрақбай. Қ-қ-құдай т-т-тас төбеден ұ-ұ-ұрды.

Айнаш. Көмейіңе тас тығылғандай түйілмей, не болды, жөндеп айтшы.

Қайрақбай. А-а-ана с-с-саудагер қатынынды... м...милиция...

Айнаш *(үрейленіп отыра кетіп)*. Милиция...

Қайрақбай. Ұ-ұ-ұстап әкетті.

Несібелді *(жүгіріп барып терезеден қарап)*. Бетім-ау, Айнаш жеңгей, анадағы саудагер әйелден алып па едің,

масқара... заттарын жайып көрді де алдына сап айдап жөнелді. (*Аңырған Айнаш сұлық тұрып қалады. Шам сөнбеді.*)

Арада бірнеше күн өткен. Сол үй. Қайрақбай прокурорға жауап беруге кеткен. Айнаш нәрселерін чемоданға салып, жылысып төркініне кеткелі жатыр. Несібелді қимастықпен босағада сүйеніп қарап тұр.

Несібелді. Айнаш жеңгей, ағаны күтіңіз.

Айнаш. Күтпеймін, күтпеймін. Көзінді жоғалт деді аған, жоғалтамын көзімді.

Несібелді. Күйінген кісі не демейді.

Айнаш. Масқара болған мен, прокурорға жауап берген де мен, ол несіне күйінеді.

Несібелді. Өлімнен ұят күшті деген емес пе.

Айнаш. Ұятты ойласа тергеуге жібермей алдын ала неге тоқтатпады. Жалғыз әйелін қорғай алмаған байдан не үміт, не қайыр.

Несібелді. Ағайдың басы тағы да дал болатын болды-ау! Кеткенде қайда барасың?

Айнаш. Тиін санап қалғыр... Қалтырап-дірілдемесе бұл машақатқа ұшыраймын ба? Ұрланған тонды алуым да соның құнтсыздығы. Онымен де қоймай, ұрлық жасадың, саудагермен байланыс жасадың деп мені сөгеді. Немене, мен алсам саудагерден алдым.

Несібелді. Саудагерлердікі ұрлық, біле тұра неге алдыңыз.

Айнаш. Ибай-ау, ол иттердің қолға түсіп қалатынын мен білдім бе? Прокурор ұрланған товарларды үй қыдыртып өткізуіне жәрдем бергенсіз деп мені кіналайды, одан да складтан жасырып сататындарға жол бермесейші. (*Телефон шылдырлайды. Айнаш сәл кідіріп тына қалады.*) Тыңдашы, мені сұраса жоқ де.

Несібелді. Тергеуші сұраса не деп өтірік айтам?

Айнаш. Үйде жоқ. Қайрақбай Әуеновтен айрылып төркініне кетіп қалған де.

Несібелді. Олай деуге дәтім бармайды, Айнаш жеңгей.

Айнаш. Жә, сен де инабатты бола қалдың ба?

Несібелді. Заң орны, өтірік айтуға болмайды, Айнаш жеңгей.

Айнаш. Қой әрі, сілеймей тыңда деймін.

Несібелді. Өзіңіз тыңдаңыз.

Айнаш. Ибай, жексұрын, онысы несі екен. Үйде жоқ дей салғаныңа нең кетеді.

Несібелді. Үйде отырсыз ғой енді.

Айнаш. Тілеуің кесілгір-ау, жетісіп отырғандай. *(Телефон әлсін-әлсін шылдырлайды.)* Өшіккендей безілдеуін. *(Телефонға ұрысып.)* Сымың қиылып, шілтерің талқан болғырдың үні неге өшпейді, ал тындамадым.

Несібелді. Дауыңызды сатып алар жайым жоқ. Мен де тындамадым.

Айнаш. О, туыс болмай кеткір, ағаңа да, маған да жаның ашымағаны ма?

Несібелді. Біріңнен бірің үркіп ат тондарынды ала қашқалы тұрғанда не деп жан ашиды. Аға болса анау, қайтсе ақталам деп табанынан тозып жүгіріп жүр, сіз болсаңыз мынау апалақ-құпалақ... телефонды тындауға да қорқасыз, бүйткен өнегелеріңе болайын. *(Кухняға кетеді. Айнаш телефонмен сөйлесуге батылы бармай төргі бөлмеге кетеді. Даладан ашуы сыртына теуіп түтіккен Қайрақбай кіреді. Қелген бетте телефонның тұтқасын алып тыңдайды.)*

Қайрақбай. А-а-алло! Қ-қ-Қайрақбайдың өзі. Қ-қ-кім керек еді сізге? М-м-Мұсабаймысың-ай. А-а-амандығы да, ж-ж-жамандығы да құрсын. Біздің қатын тон аламын деп, тоналып жатыр. Қайдан алғанын сұрамай-ақ кой. Прокурор жауапқа күнде шақырады. А сенің қатыныңды шақырмаса, шақыруын күте бер. Т-т-тон болмады, дәле болды. Біздің үйдің алдынан тал түсте ұстап әкетті. Ж-ж-жоқ, біздің қатынды емес, с-с-саудагерлерді. Қ-қ-кеңсеге баруға да бет жоқ. Әзірге айрылып тұрмыз. М-мен кіналы? Қалайша мен кіналы? Тергеудегі жауапта сенің қатыныңның да аты аталды. Тоқта, Мұсабай Марданович, жалғыз менің қатыным ба, сенің қатының да сыбайлас болатын. Үстіндегі сұр макентож, күрең велюр пальто, пом-бархыт... тонды ұрлаған саудагерден алған. Ж-жала жаппаймын. Ауыр сөзге барыспайық. Өгізге туған күн бұзауға да туаты. Ауыздықсыз қоя берген жалғыз мен бе екен. Қонақтан қонақ, ішкендері шарап, есіргендері сонша, шыртыңқыда жатқанында «эй, өй» деп телефонды соғу әдетке айналған. Каучук табан шولاқ ботинке түспеді, сор түскен жоқ па? Облпотребсоюздың складын, промкомбинаттың подвалына дейін сүзіп шыққан сенің қатының болатын. Прокурорға берген жауабымда осының барлығын жазғыздым. Күлмеңіз... Ах, үзіп жіберді-ау. Алло, аллу! *(Телефон басқа телефонмен жалғасады, көзі шарасынан шығып үрейленіп.)* А... *(Тұтқаның аузын қолымен баса қояды.)* Т-т-тергеушінің өзі болды. Бұған не деп жауап берем. Үйде жоқ десем бе екен, бар десем бе екен *(Айғайлап.)* Несібелді, ау Несібелді! *(Несібелді кіреді.)*

Несібелді. Жай шақырдыңыз ба?

Қайрақбай. Т-т-тергеуші-ау деймін. Мені сұраса кеңседе де, қызметте де.

Несібелді. Ана жынды қатыныңды сұраса не дейін?

Қайрақбай. А-айрылып кеткен. Қайда тұратынын білмеймін де.

Несібелді. Айрылғаныңды өз аузыңнан айт. Не әу-решілік бұл?

Қайрақбай. Несібелді-ау, айтуды біліп тұрмын. Бі-рақ та мені қысады ғой.

Несібелді. Сізді қысқанда мені де қысады.

Қайрақбай. Онда қайттік? Ақырын.

Несібелді. Ақырын, білдірмей ғана тұтқаны қоя қойыңыз.

Қайрақбай. Мә, бәрекелді, білдірмей ғана тұтқаны қоя қой. *(Несібелді тұтқаны ақырын орнына қояды.)*

Қайрақбай. С-с-сен қатын әлі кеткен жоқ па едің?

Айнаш *(жылап)*. Он бес жыл отасқанымда мұндай машақатқа ұшыраймын деп ойлап па едім, Қайрақбай-ау. Кеткенде қайда барам?

Қайрақбай *(көңілі босап)*. Кетем деген өзің ғой, Айнаш.

Айнаш. Өй демегенде не дейін, көзің тірі тұрғанда құшағыңды қиып қалай кетем. *(Өксіп-өксіп жылайды.)* Ей, ей... Еһ.

Қайрақбай. Ах, тамұқтан бетер қыспақ мұндай болмас. Аз күн айрыла тұрсақ деген далбасадан да түк шықпады. Несібелді, сен не дейсін?

Несібелді. Мен не деуші едім. Естуге де ұят.

Қайрақбай. Ұят екенін кім білмейді. Айрыла тұрайық па, қоя тұрайық па?

Несібелді. Айрылу сендерге таңсық па, кіріспеймін араларыңа.

Қайрақбай. Рас-ау... Айрылыса-айрылыса ағайын-нан да, қосыла-қосыла құдайдан да ұят болды. Жаздық-жаңылдық, адастық-алдандық, екінші рет аяғымызды байқап басатын болайық енді, Айнашжан. Бір жолға кешіре көр деп өтінерміз.

Айнаш. Басқа амалымыз да қалған жоқ.

Қайрақбай. Несібелді, сен үйде бол, кеттік халық сотынан кешірім сұрауға.

Ш ы м ы л д ы қ

ШАНШАРЛАР

Үш актылы комедия

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Сайра — әнші .

Андабек
Зәрубай }
Құдияр }

— сауыншы достар

Қырықсақина — қымызшы әйел

Тоқай — оның күйеуі

Күлсім — қызы

Дүркін Жәпеков — ескі коммунист

Жарқын — жас, оқыған, оның жолдасы

Тәйтік — ру басы, феодал

Құштиын — дүмбілез, шала оқыған атарман-ша-
барман.

Аламанов Алапай — алашорда комитетінің бас-
тығы

Шардақбай — судья

Ер, әйелдер, базаршылар, алаштың урядниктері,
совдеп мүшелері,

БІРІНШІ АКТ

Хан базар. Сахнаның арғы бетінің сол жағын ала Қояндының қоныр биігінің жартысы көрініп тұрады. Батыс жағында жарқыраған Сарысордың айдыны. Ортасында шаншылған жақпар тасты арал төбе. Айдыңға құйып жатқан Талдының өзені. Өзенді жағалай тігілген ақ шатырлар мен қостар.

Қатар тұрған екі үй. Оның бірі алау-жалау ту қадаған, базар тәртібін бақылаған әкімдерге тігілген. Төрінен есік шығарып, тіркестіре тігілген қымызшы Қырықсақинаның үйі сахнаның оң жағында, беріде тұр. Үйдің іші әсем жиналған.

Қолдарында әртүрлі заттары бар, базаршылардың бірі кіріп, бірі шығып жатады. Бірқатары үйдің ішінде, есік алдында жайылған кілемнің үстінде қымыз ішіп отыр. Базар әкімдеріне арнап тігілген үйдің алдында Құштиын бастаған өз алдына бір топ, дастарқан жайып қымыз ішіп отырады. Қолы тола білезік пен сақина, үстіне жеңсіз пүліш қамзол, етегі жерге сүйретілген ақ жаулық, аяғында сықырлауық көзел етік, ақ сары толық келген би қатын Қырықсақина күтуші әйелдерге әмір етіп, өзі қымыз сапырып отырады. У-ду күлкі, оқыған жас жігіт, әнші. Жарқын гармонмен Қырықсақинаның алдыңғы үйінде ән салып отыр.

Ж а р қ ы н (*әннің қайырмасын қайталап*). Сайра — сайра, айра, Сайра, дәрда-дийда, дара-дарараку-райра-райра...

Қ ұ ш т и ы н (*ұйпалақ біткен шолақ мұрты бар, сақалын таза қырған, қойған шашы будыраңқы, тәртіпсіз, үстіндегі киімі дүмбілез чиновниктерге ұқсайды. Үлкен имек мұрын, есіп, шалқи сөйлейді*). Аһа!.. Дөп болды... Сайра — сайра... деп отырған жерін қара, осы оңбағанды ана жылы кетті деп еді Омбыға, қаңғып келген екен ғой. (*Стол айналасында отырғандарға қымыз беріп жүрген Күлсімге.*) Әй, қыз! Бері кел! (*Қасына Күлсім келеді.*) Ал мынауыңды! (*Кәрлен кесені салдыратып потносқа тастай береді.*) Кеше Токпанның тасбұлағының суы деп, біреу Талдының суын сатыпты... Қымызға су қосатын болса, Токпанның суын қосу керек, алып кет әрі!

Қ ы р ы қ с а қ и н а (*таза бір стаканға қымыз құйып*). Немене, Талдының суы... О, сексиген албасты-ау! Талдының суы дегенді қайдан шығарып отыр? Мен бұған кешеден қалған түнемелді ғана қостым. Мә, мынаны апарып аузының дәмін кіргізіп кел.

Күлсім (стаканға құйған қымызды алып бара жатып). Оның аузының дәміне мен тату бола алмаспын.

Құштиын (қымызды алып). Былай тұр әрі! (Күлсімді қаға-соға Қырықсақинаның үйіне келеді.) Дұрыс, дұрыс, сен әлі екі-үш класты бітірер-бітірместен ақынсып тіл безеп, әншімсіп гармонь ырғап жүрген, Жарқынбысың, осың жарайды, жарайды. Әрине, сенің сататын малың, істейтін саудаң жоқ, соқтыр, соқтыр, соқтыратын жерің келген екен. Тындаушың да келісіпті. Қолында гармонь мен домбырасы жоқ кісі Қырықсақинаның төрінде көсіле алмайды, көне, тағы да бірдеме деп жіберші, құлағымыздың құршы қансын. (Жарқын гармоньын тартып бір әнге бастай бергенде.) Тарт әрі, дырылдатпай, гармоньды жыртып аларсын.

Жарқын (гармоньын тоқтатпай өлеңдетіп).

Күшті жыкпақ, бай жеңбек әуел,
Қолға түсер, сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Құштиын. Қысқарт әрі, былшылдаған сөзіңді, сенің ежелгі әліпбиің мен жаттап алған білімді өзім де білемін.

Жарқын (гармонды ұсынып). Ә, сіздің білмейтініңіз бар ма, өлең де білетін көрінесіз, айтып жіберіңіз.

Құштиын (мардамсып). Қырықсақина!

Қырықсақина. Әу!..

Құштиын. Біздің қауымға қабыспайтындар осы сенің үйіңе қайдан пайда болады?

Қырықсақина. Тұу, әкім ағасы, кәсібімізден қаламыз ба, қымызшының үйіне кім келмейді.

Құштиын. Кім келмейді!.. Бізге сақтық керек.

Қырықсақина. Әкім ағасы-ау, жап-жас бала, тіпті ұстасуыңызға тұрмайды ғой. Отырыңыз, қымыз алыңыз.

Құштиын. Да-да-да-да... Біздің мұрнымыз да бірдеменің иісін сезеді.

Бұл кезде үстінде желбегей шапан, басында пұшпақ бөрік, аяғында қисық табан етік, бір өңірін артына қарай қайыра ұстап жылдам басып Андабек, қасында қалың қара мұртты, қара шашы көзіне түскен, үңірейген еңсегей бойлы, түсі суық, бүркітше қарайтын, қолында сары-ала камшысы бар Құдияр, Зәрубай үшеуі келе жатады.

Үшеуі (әндете).

Дос болмас досты сырттан мақтамаса,
Бірін-бірі жамандықтан сақтамаса.

Бүгін тату болғанмен, ертең араз,
Достығы ендігінің таң-тамаша..

А н д а б е к (*сәлем есебінде*). Уә, сәт балғасы!

Қ ұ д и я р. Сәті түссе соғылады.

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Базардың думандары, жоғары шығындар.

А н д а б е к. Я, жеңгесі, біздің шығуымыз батулы ма, жол сатулы ма?

Қ ұ д и я р. Сәт балғасы сәтті күтуші ме еді.

Қ ұ ш т и ы н. Бұ қу табандардың да баспайтын жерлері болмайды-ау, әйтеуір.

Қ ұ д и я р. Қу табан?

А н д а б е к. Қай табан?!

Қ ұ д и я р. Не табан?

Қ ұ ш т и ы н. Я, сендер сықылды кезеген аяқ, сұм табан.

А н д а б е к. Құштиын аға, сабыр, сабырлық.

Қ ұ ш т и ы н. Былай түр әрі, бөгеме жолымды...

А н д а б е к. Құштиын аға, әзіл өз алдына, сізде кішкене ғана бұйымтайым бар еді (*оңашалап*), сіз бүгін не естідіңіз?

Қ ұ ш т и ы н. Ә, не бопты?

А н д а б е к. Қарқаралының түрмесінен совдептің үш кісісі қашыпты. Біреуі Семейге, біреуі Ақмолаға қарай қашқан болу керек. Біреуі осында келді деген қауесет бар, қайда екенін біл деп Зәрубайды жібердім...

Қ ұ ш т и ы н. Кім? Кімдер екен?

А н д а б е к. Күзетшісі мен емес қой. Кімдер екенін білмеймін. Қашқан түріне қарағанда, жер-жеріне қашқан болу керек. Мұнда келгені тегі сізді...

Қ ұ ш т и ы н (*шошынып*). Е... маған не істеуші еді?

А н д а б е к. Қапысын тауып жалп еткізіп кете ме деп қорқамын. Сіз бізге панасыз ғой, ә біз сіздің сыртыңыздан қамқор бола жүрейік дегенім де.

Қ ұ ш т и ы н. Дұрыс, Андабек, Алапай Аламанов аман тұрғанда біздің ұямызды ешкім бұза алмайды. Бірақ бір нәрсенің ұшығын мен өзім де сездім. Әй, осы бір қу аяққа сақ болшы.

А н д а б е к. Бұ кім өзі?

Қ ұ ш т и ы н. Есінде болсын, бізге жат адам. Аламанов қайда екен? (*Кетеді.*)

А н д а б е к. О, сәт балға Андамас сәт балған. Құшекеннің мандайына да бір сарт етті. Екі иінін жұлып жеп ол да кетті.

Құдияр. Таукезер, сен мына жігітті танымаймысың?

Андабек. Жарқынбысың-ау, Жарқын, сені мұнда бір құдай айдап, бір құдай жетектеп әкелді ме? Дүркін қайда, ол аман ба?

Жарқын. Дүркін, кімді айтып тұрсыз?

Андабек. Е, өзіміздің баяғы Омбыда грузчик боп бірге жүрген Дүркінді айтамын. Түу, өзің де қостандай жігіт болыпсың. Кәне, шырқай салатын әсем әніңді бұрын мен талай тындап едім. Мына хан базарды бір дүрілдетіп өтейік. Гармоньды алып шырқап жіберші.

Құдияр. Көз көрген дос болған соң, ән тілеген Таукезер алдыңа салды, әлде біз әзілден бастайық па?

Жарқын. Өткір әзілдің арты зілге айналатын, барлаушымыз жоқ деп байымсыз қалмайық, мен әннен-ақ бастайын. *(Гармонды көсілте тартып «Жайқоңырды» айтады.)*

Құдияр. Сәт балға!.. *(Көтермелейді.)*

Бұл кезде қасында қыз-келіншектері бар, қала сәнімен киінген сұңғақ бойлы, ақ сары көркем, бір жақ бетінде кішкене меңі бар, үстінде ақ торғын көйлек, айналасы оқалы, татар салтымен істелген жеңсіз қамзол, басына желбегей салынған ақ жібек шәлі, аяғында қызыл кестелі етік, Сайра келе жатады. Сайраның әнін Жарқын ойнап отырады. Сайра аз кідіріп тындайды.

Сайра *(сүйсінгендей боп)*. Апырау, бұл талапкер кім еді, тартуында мән бар ғой, кім еді осылай тартатын?

Андабек. О, сәт балға, ән әнге, сән сәнге ұласатын болсын. Кел-кел, Сайра. *(Сайралар орын алады.)*

Сайра. Кейбіреулер сені пері дегенде, мен сері деуші едім, тауып айттың, Андабек.

Андабек. Ас аттынікі, той тондыныкі, жарменке жабдықтынікі, тауып айту біздікі емес пе еді, Сайра?

Сайра. Біздікі екені рас, жылда осылай тоғысып, жан-жақтан ән құйылғанда жарастықты сәніміз бірге құйылатын әдеті еді ғой. Жыл құсындай әр тараптан бір-бірлеп кеп те қалыппыз. Андабек, Құдияр, асқақ әннің иелері Әміре, Қали, Жақыпбектер қайда? Қырық бұралып, жүз толқитын буынсыз Зәрубайларың қайда? Жарқын, қашан келдіңіз бұл жаққа?

Жарқын. Туған жерге бір айналып келіп едік, Сайра.

Сайра. Өмір деген қызық-ау. Сені біз қанталаудың қайнаған бір кезеңінде әнімен бірге, өзінді де шығарып салып ек. Оған міне неше жыл. Аман-есен келгенің жақсы болған. Кәне, келген қуанышыңа ән тартуын мен тартайын ба, жоқ, аңсаған жүректің лебізін сіз шығарасыз ба?

Құдияр. О, кермеиығым, кермеиығым, керіле салатын осындай бір көсемдігің болатын еді. Өзің тарт.

А н д а б е к. Сөз жүйесін тапқанда, гармонь несін таппай ма? Қырықсақина, қиналмай күт меймандарды. Жарқын, гармоньнды Сайраға бер. *(Жарқын Сайраға гармонь береді. Сайра гармонды толғап-толғап жібереді, көпшілік ынталана тыңдайды.)*

Т о қ а й. Шікін-ай, думанның бір-бірлеп қызуын қарашы. Біздің үйге кім келмейді. Жиырма екі болыс Қарқаралының жарым патшасындай Аламановтар да келеді.

Қ ұ д и я р. Саусағыңнан, саусағың ғой біздің аңсайтынымыз.

Т о қ а й. Шікін-ой, гармонға тіл бітіп кеткен жоқ па. Қырықсақина, қымызыңды құя отыр. Күлсім-ау, Күлсім қарағым, дәм де қамдап жіберейік.

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Жә, кәукелектемей тыныш отырып, ән тыңда. *(Күлсімге ала көзімен қарап.)* Бар, ас басында бол. Қатар түзеп отыра қалатындарың не.

Т о қ а й. Жақсы-ақ екен, шіркін! *(Күлсім көңілсіз тұрып жүре береді.)*

Қ ұ д и я р. Қарындас, қолқабысым тигізейін. Мені де ала кет.

К ү л с і м. Даяшы болам десен жүре ғой. *(Екеуі кетеді.)*

С а й р а.

Жарк етпес қара көңілім не кылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы ашық, сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да.
Шыдайды риза болып, жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да.

(Отырғандардың бәрі қосылып кетеді. Бұл кезде төргі үйдің есігінен Дүркін шығып, қарап тұрады. Жұрт әннің қызуымен оны аңғармайды. Сырттан әннің қайырмасын көтермелеп Құдияр келе жатады.)

Қ ұ д и я р. Оу, мынау бұлбұл сайрайды қалай-қалай! *(Дүркінді көріп, қолымен жұртқа сап-сап дегендей белгі беріп, көзін бадырайта қарап, аңырып тұрып қалады. Жұрт бұған не болды дегендей Құдиярға қарайды, аз үнсіз, көпшілік бетін артына бұрады.)*

Д ү р к і н *(дембелше келген толық қара жігіт, көзі оттай жайнаған, үстінде орысша киімі бар).* Неге тына қалдыңыздар?

Жарқын. Дүркін аға, мұныңыз қалай?

Дүркін. Не қалайы бар. Аңсап келгенім елім болғанда, айтылып жатқан сол елімнің әні болғанда, ән салып отырған Сайрадай бұлбұл болса, оны тыңдамағанда нені тыңдайды. *(Сайра кішілікпен тұрып амандасады. Қырықсақина жан-жағына қарап, абыржығандай болады.)*

Сайра. Дүркін аға, жыл құсындай қайдан жарқ ете түстің?

Дүркін. Жарқырап туатын жазың жақындаған болар. Сол үшін келген болармын, Сайра, оның не тандығы бар?

Қырықсақина. Жоқ-ау... Дүркін!

Андабек. Қырықсақина, қып етпе!

Дүркін. Андабек, Омбының грузчигі, бұл жердегі кәсібің ұйтықп келе жатқан құйынды да теріс айналдырып жіберетін болыпты ғой...

Андабек. Реті келгенде, Дүркін аға, құйын құдыққа да қуылып тығылар.

Дүркін. Ел сүйген өнер, екіталай күнде елдің есін де жиғызатын, ау, бұлардың не? Отырындар. *(Жұрт отырады.)* Кәне, тоқтатпандар әндерінді.

Сайра. Дүркін аға, шетте жүріп қалың елдің ішінде қаулаған қандай әннің барын ұмытып та қалған болар. «Әлду-бәлдуіңе» басып жібер.

Дүркін. Дегенмен де ескі дос-ау, дұрыс айтты. Сайра, саған аласұрып, аптыға ұмтылатын да бар шығар, оған бой бергізбей, әнімен қолын қағып келесін. Егер де біз әніңе серік болуға жарасақ, талайдың тауаны қайрылмай ма.

Сайра. Қайдам, себепші мен болып, түйілуін сізге түйіліп жүрмесе.

Андабек. Тек түйілсін де, Сайра, килігуші де табылар.

Сайра. Ә, килігушіге «бір әнімді» мен де көлденен тартамын. *(Гармонмен «Әлду-бәлдуді» тарта жөнеледі.)*

Сырттан дүрілдеп келе жатқан арбаның, шылдыраған қоңыраудың даусы естіледі. Күлсім үйге жүгіре кіреді.

Күлсім. Үш қаракөк ат жеккен пәуескелі біреу түсіп жатыр.

Қырықсақина *(елегізіп, күйеуіне)*. Омалып отырмай баршы, кім екен?

Тоқай. Шікіндердің біреуі шығар. *(Кетеді.)*

Жарқын. Дүркін аға, жоғарғы үйге бара тұрсаңыз қайтеді?

Дүркін. Неге?

Қырықсақина. Бара тұрсаныз деймін.

Дүркін. Кім екен өзі, Андабек, білші!

Андабек (*кетіп бара жатып*). Шылдырының түріне қарағанда, шедірейгендердің біреуі болу керек. Біліп келейін.

Алдынан Тәйтiк Дарабаев қарсы жолығады. Дарабаевтың үстінде ақ костюм пешпент, аяғында бәтешке, басында шляпа, сыртында күміс түймелі ақ сұр шапан, қолында сүйек сапты қол шатыр, алқалы алтын сағат, еңсегей келген қара сұр, қасында атқосшысы бар.

Андабек (*мысқылдап*). Е-ей, өзіміздің Тәйтiк екенсіз ғой. Қоңырауың шылдырап құлағымызды жарып кете жаздап еді, жарайды, жарайды, жақсы келдіңіз, жоғарылатыңыз.

Тәйтiк. Жігітім, сен кімсің? Қызара бөрткен қымызшылардың бірі емессің бе?

Андабек. Мен Таукезер деген боламын.

Тәйтiк. Таукезер?.. Кезеген аяқ едім де.

Андабек. Я, сіз де шақырумен кеп тұрмаған боларсыз.

Тәйтiк. Шақыру... Мұнда шақырумен келгендер де бар ма? (*Тәйтiк үйге кіреді.*)

Андабек (*атқосшысын ұстай алып*). Бұ қайда барады?

Атқосшы. Құдайыңның қайда барам десе де еркі өзінде.

Андабек. Мұндай жуан қарын, қазан бас, былшиған құдайды көрсемші.

Екеуі үйге кіреді. Тәйтiк Сайраға жалтақтай қарайды да, Дүркіннен қызғанғандай болады. Күміс портсигардан темекі тартады. Жұртта үн жоқ, одан сағатын алып қарайды. Тәйтiк пен Андабек сөйлесіп келе жатады.

Андабек. Міне шіркін сағат...

Құдияр. Байқа, болып жүрмесін ағат!

Андабек (*папиросын тартады*). Сірә, өзінде болмай отыр тағат.

Тәйтiк (*екеуіне ала көзімен қарап*). Сайра, тым үлбірей қалған екенсің, немене, мен шырықтарыңды бұздым ба. Біздің қазақ оқығандарының бірінен бірінің артықсып жүретін әдеті болатын. Тым болмаса мына қара жігітім амандықты да қимады-ау.

Дүркін. Мен сізбен қай гимназияны бітіріп ем? Тізенді бүгер-бүкпестен айналанды айпай-жайпай келген сен өзің кімсің?

С ай р а. Ғафу етіңіздер, таныстырмаған айып менен. Бұ кісі Дарабайдың Тәйтігі. Естуіңіз бар шығар. А мына кісі... *(Жарқын етегінен басып қап, ишарат білдіреді.)*

Д ү р к і н. А, біз оқыған зиялылардың біріміз.

Т ә й т і к. Бұл екі-үш дуанда мен білмейтін қай оқыған?

С ай р а. Тәйтеке, үш дуанның оқығандарының тізімі сіздің қолыңызда ма еді, білмейтіндер де болу керек.

Т ә й т і к. Әй, сен өзің қай оқығансың? Сәбдебімісін, алашымысың?

Д ү р к і н. Қуып келген дауыңыз бардай әкімдене сөйледіңіз. Оны неге сұрадыңыз?

Т ә й т і к. Немене? Уяздық соттағы сыйдам етік, сым шалбарлар үкіметімсіп, начальнигімсіп, үсті-үстіне жалбандатып кісі шаптырып, мені бір қырып алатындай, атарман-шабарман жіберіпті. Жоғарыдан тексеруге бір бастык келді деп еді. Сол бастык сіз бе әлде?

А н д а б е к. Байқап сөйле, Тәйтеке. Бұл кісі ояздық соттың үстінен қарайтын бастықтардың ішінде бастықтардың бастығы.

Т ә й т і к. А, Земский управтан, алашорда комитетінен шыққан сіз бе едіңіз? Танысып қояйық, Дарабайдың Тәйтігі мен боламын. Жоғарыдан келген ұлықтардың маған соқпай кететіні болмайтын.

Д ү р к і н. Мен сізді сыртыңыздан жақсы білемін. Бір ояздың тең жарымын қорғасындай басып, тізгінінізді бермей, тізе бүкпей келіп едіңіз. Мына Аламанов Алапай законшік келмей жатып сіздің желкеңізге мінейін деген бе, қалай?

Т ә й т і к. Дау-шармен ығыр болған ел ғой. Апалаң-топалаңның кезінде кейбір кезеген аяқтар кеселін тигізе кеп, мені тақымына қыстыра кетем дейді. Жай-жапсарымызға түгел түсінем деп келген екенсіз, ақты-қарасын өзіңіз айыра жатарсыз. Мен Аламановтың қанжығасына байланатын жанторсық емеспін.

А н д а б е к. Тәйтекең теріске сілтеп отырған жоқ. Алашорда күнінің астында тескен асқабағымын деп, ала-сұрып жүргені рас.

Т ә й т і к. Естіп отырсыз ба? Ең ақыры осы перілерге дейін біледі.

Д ү р к і н *(ызалы пішінмен)*. Ым-ым, оның өзін біз... өкімет басына қойғанда елдің лауазымына тіл тигізеді, алалық туғызады деп қойған жоқ едік. Құртып жіберетін екен де.

Т ә й т і к. Жерге қағып жіберсеңіз де рауа.

Андабек. Тәйтеке-ау, бұ кісі сот үстінен қарауға шыққаннан кейін жерге үш рет қағып, үш рет төбе шашынан сүйреп алуға да құдыреті жетеді.

Құдияр *(кимелеп, қамшысын жерге көлденең тастай беріп, бір тізерлеп отыра қалып)*. Ұлығым, менің де айта-тын арызым бар. Мына Тәйтiк бiздiң елден қырық кiсiнi тұтқынға алдырып отыр, оның ішінде нағашымның апасының қызынан туған жиенім де бар. Тергесеңіз әділ тергеңіз, болмаса құлаш-құлаш арызды Зәрубайға жаздырып алып, бiз де жаудырамыз.

Андабек. Андамас, не айтып тұрсың өзің?

Құдияр. Жайыңа тұр, менің сөзім Тәйтiкте.

Андабек. Немене, Тәйтекеңмен ұстасатын сен кім едің сонда?

Құдияр. Елімізді дауға сап, туысымды тұтқынға алып отырғанда неге жүрем?

Тәйтiк. Мынау кеселді қара, не дейді?

Андабек. Ей Андамас десе андамассың-ау. Адыраңдамай, шық бері. *(Сүйрей жөнеледі. Екеуі өтірік дауласып кетіп қалады.)*

Жарқын. Я, қырдағы қырық пышақтар осы жерге де келіп қырқысатын болды. *(Кете береді.)*

Дүркін. Сөз төркініне түсіндім, Тәйтеке. Дау-шарла-рын етек алған екен. Басып көрерміз. Менен меселің қайтпас.

Тәйтiк. Меселім қайтып көрген жоқ еді. Төрем, тек бір тізерлеп берсең болғаны.

Андабек *(ымдап Дүркінді шақырады, ол байқамай-ды)*. Төр ағасы, кішкентай мойын бұрып кетесіз бе? *(Тәйтiкке ым қағып кетеді. Тәйтiк маз-майрам.)*

Сайра. Қызық-ау өзі!

Тәйтiк. Нені айтасың, Сайра сылқым?

Сайра. Сіздердің сөздеріңіз бірінді бірің тізгіндеу, шүйделеу, желкелеуден келетінін айтамын.

Тәйтiк. Сайра... Бақыт, аброй осылай оралмаса бола ма? Біз де бір елдің сүбесіміз. Баққа қарсы мансап, ашық-тарға әзәзіл ара тұрады дегендей, алдымнан ана бір Аламанов қарсы тұрмақ екен. Оның да желкесі киылады.

Сайра. Сіз тіпті көп нәрсенің түйінін ұстап келген екенсіз.

Тәйтiк. Сылқымсың-ау, Сайра. Тілі құрғыр күрмеліп айта алмай отырған арманымды өзің аштың. Осы менің бір дертім сен едің, несіне жасырайын.

Сайра. Я, я. Сіздің түйіліп кеп түсе алмай, жайқап шыға беретін әдетіңіз болатын.

Тәйтік. Жок, Сайра... Биыл бабымдамын. Сен бір шеті анау Баян, сонау Павлодар, Қоянды, Қарқаралының ортасында бұландап қолға түспей келіп едің. Атынды елге әнің паш еткен, сәнді жүріс, өр мінез, оза туған Сайра едің. Әнің тартты ма, ажарың тартты ма, жанағы төре де сенің қасыңнан жалт етіп шыға қапты ғой, әйтеуір.

Сайра. Я, менің қасымнан шыққан мейманның сізге де зияны тимейтін болды ғой. Бір қолыңды оған, бір қолыңды маған созғаның қалай?

Тәйтік. Несі бар. Ұлыққа созсам қолымның жеткені, саған созсам жүрегімнің тұрткілеуі шығар.

Сайра. Сіздің тыпырлай беретін бір жүрегіңізге бір-неше әйел қалай сияды.

Тәйтік. Түу, Сайра-ай, соны да сөз деп. Қырда бір ауыл боп ол жатса, қалада көк шатырлы үй, қыс болса кара сәнке шана мен жорға, жазда пәуескелетіп жүрсек оның не сөкеттігі бар.

Сайра. Солай де! Сіздің наксүйеріңізбен жараспай жүрсек қалай болады. Соны ойладың ба?

Тәйтік. Ой тәйір-ай, дәулет жеткен жерге не жетпейді?

Сайра. Серт жетпей жүрсе қайтесіз?

Тәйтік. Сертке сенім жеткізеді. Сенің сенімің, Сайра, маған жетсе жолымның болғаны. Аламановты алып ұрып, албастыдай басуға серік болсаң...

Сайра (*сөзін бөліп*). Онда қалай, белдесіп күреске мен де түсем бе?

Тәйтік. Сылқымым-ау, сенімен райласып бір кетсем, дұшпандарым аңырая қарап қалмай ма? Өзің бері жақындап... әсем әніңді бір ғана сызғытып жіберші... Іші күйгендер тұз жаласын. «Жолыңнан сенің аярым жоқ»,— деп жіберші, сылқымым. Әлгі жүрген топты перілер қайда кетті?

Сайра. Апырай, тым ерте шешіліп кеттің ғой. Артыңа да қалдыр.

Тәйтік. Қалады, қалғаны да жетеді. Неге тартынамыз. Үш кара көк жеккен пәуескем тұр ғой далада. Дүрілдетіп бір жарып өтейікші, жүрші.

Сайра. Жок, намысыңның бетіне мені ұстасаң осы арада дүрілдет.

Тәйтік. Сылқымым, ол тілегің де болсын.

(*Андабек кіріп келеді.*)

Андабек. Сәт балға! Бір сауданың құлағы қалқиып, Тәйтекең тайрандап қапты ғой.

Тәйтік. Айтқапың келсін, жігітім. Әй, осы сенің атың кім еді?

Андабек. Түу, Тәйтеке, түйілгенді жазатын, сүрінгенді сүйейтін, шалқайғанды еңкейтіп, егескенді еріндіктеп бұрайтын, екі ұдайда керегіне жарайтын Андабек деген мен емес пе?

Тәйтiк. Ә, өй-өй... Пері Андабек сен бе едің? Зәрубайың қайда?

Андабек. О да осында.

Тәйтiк. О, пері де осында ма еді! Мен өзім, Сайра, ненің үстінен күп ете түскем. Ұлығы анау, мыналары мынау. *(Кенет қуанып.)* Болды! Болды!.. Уысыма бәрі де сияды.

Андабек. Тәйтеке-ау, уысыңа бәрі сиятынын, мен осы үйдің табалдырығын аттап кіргеннен-ақ білгем. Әлгі төре былай дейді. Сіздің ояздық соттағы ісіңізбен астыртын танысып келсін деп қасындағы көмекші жігітін жібермек болды. Соған сіздің пәуескенізбен барып келсін дейді. Беріңіз. Дұшпанға дүмпу болсын. Дарабайдың Тәйтiгі келген екен. Мынау үш қара көк ат соның аты ғой, келмей жатып ұлықтар соның пәуескесін де мініп жүр деп бір үрпісіп қалсын да.

Тәйтiк. Барсын, барсын, мінсін... *(Жігітін шақырып.)* Әй, бері кел. *(Жігіті келеді, оны оңашалап.)* Іс орайына келетін болды. Айқожа, Күнқожаларға айт, жоғарыдан бір төре кепті, Тәйтекең бауырына тартып алыпты. Осы жолға шығатын шығыннан аянбасын. Бүгін бағасына қарамай, 100 құр ат сатсын. Маған намыс керек.

Жігіт. Мақұл, айтайын.

Тәйтiк. Қара сөмкеге сақ бол. *(Сыбырлап.)* Үндеме, Сайра сылқым жеңгең де болып кетіп жүрмесін.

Жігіт. Қойыңызшы, қалай-қалай?..

Тәйтiк. Өй, салпауыз... Аузыңнан әлден шыға бастады, жап ерніңді. Пәуескемен ана төренің жолдасын қайда барам десе де алып бар. *(Жігітпен бірге өзі де кетеді.)*

Андабек. Сен мені ұқтың ба?

Сайра. Ұқтым, Андабек! Тек шок басып алып жүрме.

Андабек. Шок баспайық деп балта көтергенше, дөңбек жал тапсын деп тұрмын. Дүркішнің не мақсатпен келгенін сездің ғой.

Сайра. Неге кепті?

Андабек. Елдің бас көтерер азаматы қамауда, қуғын-сүргінде. Соған дәнекер болам деген ойы бар көрінеді. Ал, сен ер мінезіңнен тайма. Бұлт түйіле қалса, әніңмен тарататын бол. Өзің сол сұғанактың қолына жеке түсе бермей, тасалана тұршы.

Сайра. Қайда барам?

Андабек. Апырай, енді бой тасалап жүре тұрсаңшы.
Сайра. Әй, Андабек-ай, тағы біреуді табандап ұрғалы тұрсың-ау, ә? *(Кетеді.)*

Андабек. Андамас, бері кел. *(Құдияр келеді.)* Кейде бір аңдамай арандайтының бар-ау. Сен қитыққа бұрғанда, мен дұрысқа бұрмасам, Тәйтікті тәйкесінен түсіре алатын ба едік. Ол сені көрсе тағы шошынады. Бұл жерден сен де тая тұр.

Құдияр. Жә, мен кетпеймін. Сұр көжегімді күтіп отырамын былай.

Андабек. Кетпесең мына босағада су бүркітінше шөңки де отыр.

Құдияр. Отырсам отырам. *(Босағаға отыра кетеді.)*

Андабек. Қырықсақина қайда екен? Қырықсақина! *(Төргі үйдің есігін ашып қарайды.)* Ә, байғұсың демалып жатыр екен ғой. Біздің у-шуымыз кімді шаршатпайды. *(Андабек кетеді.)*

Құдияр *(жалғыз)*. Тәйтікті тәйкесінен түсірдім дейді, қайдан түсірді, алшысынан алшаң басып ана жақта жүр.

(Күлсім келеді.)

Күлсім. Апам қайда кеткен?

Құдияр. Әй, апанды қайтесің? Сұркөжегім... Осы сен нешеге келдің биыл?

Күлсім. Оны қайтесіз?

Құдияр. Менің есебімше биыл сен он жетіге келіп қалдың-ау осы...

Күлсім. Менің жасымды шотыңа қағасың да жүресің-ау.

Құдияр. Әй, сұркөжек. Мені жаңа Андабек тұғырда отырған бүркітше отыр деген соң отырмын. Бері кеп менің томағамды кигізіп кетеді екенсің.

Күлсім. Томағанды кигізіп жатқанда лап қойып жүрмесең.

Құдияр. Беталды далпылдай беретін мен бір жаман кәрі бүркіт қой деймісің?

Күлсім *(күліп, бөркін ап шашын бір сипап)*. Қитау-қитау! Бапым, бапым, бапым...

Құдияр. Құдай біледі, менің осы сұркөжегім түбі жақсы болады. *(Еңкілдеп күле береді.)*

Тәйтік пен Андабек сөйлесіп келе жатады.

Күлсім тайып тұрады.

Андабек. Тең тартысса бір жағын басып түсетін әдетің болушы еді. Мына қара сомқаңыз бүйірлі екен.

Тәйтiк (*сумкасын аша, iшiнен ақшаны бұрқыратып қалтасына салып жатады.*) Мә, Андабек, орайы келетiн iске орайластырып жұмсай бер. Сайра қайда?

Андабек. Сайра түнiмен ән салып, таң ата тараған. Ұйқым келдi деп жүр едi. (*Төргi үйдiң есiгiнен қарап.*) Я, сәт балға...

Тәйтiк. Не балға дейсiң?

Андабек. Бiз сәтi түсетiн iске сәт балға дейтiн ырымымыз болатын. Сәтi түстi. Сайра ана үйде ұйқтап жатыр екен. Немене, оң шырайын берiп пе едi?

Тәйтiк. Бермес еркiне Тәйтекең қоя ма?

Андабек. Барыңыз, барыңыз.

Тәйтiк (*Құдиярдан ығысып ым қағып*). Мен де аздап тынығып алмасам болмас. (*Сып берiп үйге кiрiп кетедi.*)

Андабек. Андамас! Ендiгi соғатын сәт балға сенiкi.

Құдияр (*етегiнен ала түсiп*). Сен не iстеп жүрсiң?

Андабек. Не iстедiм?

Құдияр. Анауың не?

Андабек. Е, жол жүрiп келген кiсiнi тынықтырмаймысың?

Құдияр. Жалғыз жатқан Сайраның қасына барып неге тынығады?

Андабек. Жалғыз деп кiм айтты? Қырықсақина да сонда. Жә, кейiн түсiнесiң. (*Кетедi.*)

Құдияр босағаға қайта барып отырады. Тоқай келедi.

Тоқай. Құдияр, шiкiн, не ғып отырсың-ей?

Құдияр. Күзетiп отырмын.

Тоқай. Ненi, шiкiн? Тал түсте не болушы едi?

Құдияр. Ана, ананы...

Тоқай. Ә, ол кiм, шiкiн?

Құдияр. Тәйтiктi.

Тоқай. Е, Тәйтiк келдi дегенше, дәулет келдi де. О шiкiн, ақшаны оң қолымен алып та жұмсайды, сол қолымен алып та жұмсайды. Базарлығың деп те мә дей салады, шiкiнiм, шiкiн-ақ. Алысқанын алып түспей қоймайтын көкжал ғой. Бағана екеуiң тәйкемдесiп қала жаздадыңдар ма, шiкiн?

Құдияр. Әй, шiкiн-мiкiн, тантырап отырамысың осылай.

Тоқай. Шiкiн-ау, отырмағанда қайда барамын. Тантырап деп үлкен кiсiге өзiң не айтып отырсың тантырап?

Құдияр. Әне, әне! (*Қолымен нұсқайды.*)

Тоқай. Әне, әне дейсiң, әнең не өзi?

Құдияр. Дәулет кіріп кетті ана төргі үйіне.

Тоқай. Шікін, менен Тәйтiктің дәулетін қызғана-мысын?

(Үйдің ішінен булыға сөйлеп, ашуланып Қырықсақина шығады.)

Қырықсақина. Дәулеттің мастығына есіргендер... Қай есікті ашып, қай есікті жабарын да білмейді. Мені бір жас келіншек деп жүр ме екен?

Тоқай. Асаудың қызы-ау, о не шікін? *(Қырықсақина үндемейді.)*

Құдияр *(кие соғып)*. «О не шікінді» мен саған қазір көрсетейін. *(Үйден Тәйтiкті айдап шығады.)*

Тоқай. Асаудың қызы... бұ шікіннің қай тәнтiгені? М-м... тұмсықтан кеп неге теппедің?

Қырықсақина. Тепсең аяғыңды біреу ұстап тұрма?

Тәйтiк. К-к-кешіріңіздер, кешіріңіздер, менен бір ағаттық болды... Әлгі Андабек, жо-жок, ол да жаңылды-ау деймін, жабулы қазан жабуымен, төренің құлағына тигізе көрмендер.

Тоқай. Әй, шікін, төре-мөренмен төрімді тайтандап, асымды ішіп... дәм-тұзым атқыр, қолыңда өлейін!.. *(Ұмтылады.)*

Құдияр *(сақылдап тұрып күледі)*. Ха-ха-ха! Бажалар бірімен бірі ойнап жүр.

(Тоқай қоразданып ұрайын десе де бата алмайды.)

Қырықсақина. Тәйтiк, қанша тайтандағанмен бұл жолы тап баса алмадың, табаныңның бүрі тоза бастаған екен. *(Кетеді.)*

Тәйтiк. Қырықсақина, Қырықсақина... Тоқай, айыбым мойнымда, айыбым мойнымда! *(Құдиярға.)* Әй, кеселді қара, мынаны ал да, аузыңа ие бол. *(Қойнынан суырып ақша береді де, ол да Қырықсақинаның артынан кетеді.)*

Даладан Андабек, Дүркін, Сайра келеді.

Андабек. Тоқай, немене, тоң-торыс боп тұрғаның?

Құдияр. Есіктен төрге дейін шашылған дәулетін көтере алмай тұр.

Андабек. Жә, қойыңдар.

Дүркін. Сайра, мен бір күн де болса ұлық атандым, сен сылқым атандың, одыр мінез, ұрда-жық орталарыңа бір түсті. Енді асауын ауыздықтап, алқынын басуға да айла керек.

Сайра. Ненің дейсіз?

Дүркін. Ненің деймін. Ел бастадым, аға болдым, деп

жүргендер, толқыны күшті теңізді лай су деп балық аулай-мын дейді. Кімді түсірмек қармағына, жаңағы Жарқынды қайда жіберді.

А н д а б е к. Ат-арбасы онда, өзі мұнда қолымызда ғой.

Д ү р к і н. Мен де бір сырды түйдім, әндерінді тоқтатпандар.

С а й р а. Менің әнімді естіп жүрсіз ғой. Дүркін аға, мына Қырықсақина женгеніз де қаражаяу емес. Енді сол кісінің дауысын естісек қайтеді?

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Ол не дегенің, Сайражан? Менен ән қалғалы қашан. Қырылдап дауыс шіркін де шығар дей-місің.

Т о қ а й. Ау, асаудың қызы-ау? Осы мен сені алар кезде бұл дуанда менен артық әнші жоқ деп маған мақтанғаның қайда? Айтып жібер, әне бір мен тәуір көретін өлеңінді.

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Қоймадыңдар ғой! Тек күліп жүрмендер. Кәне, Сайражан, тартып жібер ендеше.

(Сайра гармонь тартады, у-ду күлкі, даладан қару-жарақ асынған, қасында урядниктері бар алаш пен Колчактың бастығы Аламанов пен Құштиын келеді.)

Қ ұ ш т и ы н. Міне, пәленің басы өзі отыр. Бірін бірі паналап, әнді сағалаған боп, еңбектеп кеп жеткен жері осы.

А л а м а н о в. Ым, жеткен жері осы болса, жүдә, желкесінен басқыздын.

Қ ұ ш т и ы н. Сәбдептің шашырандысының бірі.

А л а м а н о в. Үндеме, сендер ана бізге тігілген үйде болындар. Керегінде шақырып аламын. (Урядниктер екінші үйге бұрылады.) Ә, сен әбдіреме, дымың ішінде болсын. (Үйге кіріп келеді.) Уа, орта толсын!

А н д а б е к. Үйезекем мырза, кемтігі сізбен толсын.

А л а м а н о в. Менімен толсын дейсіндер. Бұрыннан толы көрінеді ғой, ә, Сайра... Сен келмей жәрмеңке қызбайды дейтін еді, қыздыр-қыздыр. Бірақ айналаңа анадан қашқан, мынадан қашқан кезеген аяқтар жиналған екен, жүдә тәуір бопты.

С а й р а. Сіздің қамқорлығыңыздың арқасында ғой, үйезекем мырза.

А л а м а н о в. Әй, білмеймін. Шешеннің тілін, әншінің үнін бетке ұстап, талайды шоңқитады дейтін еді. Үйезекем деп көтермелеуінде ілгешек жоқ па, Сайра?

С а й р а. Ілгешек деп күдік алсаңыз, осында отырғандардың бәрі де алыстан келген мейманбыз, одан қашқан,

...деп кекеуіңізге жол болсын? Ұлықтың пейлі де болатын.

Аламанов. Е-е-е, тегі, туыста біткен өнер мен бұралта салатын әнің, тар көңілді кеңітіп, періштені де жүдә жолдан тайғызатын. Соның кебін киіп жүрмесек, тройкалатып елдің бір жағын езе жаншып жататын Тәйтік дырау да кепті дейді. Шылдырлаған қоңырау, сылдырлаған әнге сән беріп, базарды жарып өтпесе не қылсын. (*Андабек пен Құдиярға.*) Мына перілердің аузына да құм құйыла қапты ғой... Осы мен... астыртын әңгімелерінді бұзып жіберген жоқпын ба, жүдә?

Андабек. Дәт дедік, жүдә...

Аламанов. Тоқтат әрі, дәтшілін. Сайра, менің сөзім сенде. Түркстанда да кернай, сырнай, дутарлардың даңғыр-дұңғырын жүдә жақсы білеміз. Гармоньды безей берме, айналаңда кім отыр?

Сайра. Айыпқа тыйым болса да, ән мен күйге, өткір әзілге тыйым бар ма еді, зекіруіңізге жол болсын?

Аламанов. Әнім сұлу еді деп, зәрінді төге алмайсың, Сайра. Олай десең әніне де тыйым саламын. Ән астына сыр бүркемендер. Мен біліп келдім.

Андабек. Ал, міне саған тыйым!.. Жарғақ құлақ жастыққа тигенше, жырық атан сегіз бота тауып игенше, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге тигенше, бізге ешкім тыйым сала алмас.

Құдияр. Я, ақсұрат қайығанша, Зәрубай байығанша, осымыздан айрылмаспыз.

Аламанов. Мына жын-перілердің бұл қай шанышқан тілі. Ұйтқытып, ұйтқытып біздің балтырымыздан қапқызып, екеуін шәуілдетіп қойғанының кім екені белгілі. Дала сәнін бұзуға келген қырсыққаралардың жатысын қара. Сайра, бұлардың баратын жеріне қосақталып кетем демесең тоқтат гармоньды.

Сайра (*гармонды безеп жібереді*). Бола қоймас, біз сіздің қайнаған базарыңыздағы кім болса сонысы емеспіз. Тілінді тарта ұста. (*Андабек, Құдияр қосарланып гармонға қосылып кетеді.*)

Андабек.

Өтер ме жасық пышақ қайрағанмен,
Кім кетед ас пен тойдан айдағанмен.

Құдияр.

Ауызын айға білеп талай да өткен,
Балуан үйде жатпас байлағанмен.

Е к е у і.

Сыртта Зәрубайдың даусы естіледі.
Деген екен, деген екен-уай!

З ә р у б а й (*артымен жүріп келе жатып*). Әй, бұл өзі шұнақ құлақ, ақылды ғой, ақылды дейтінім шанбасары төленген. Бұл Аламанов отырған үйдің төріне шықпаса да, босағасында тұруға хақысы бар. Жүдә, тиме қойыма, тиме, жүдә, қойыма... Қонағым бар шақырған... Соймақшымын тойыма... Андабек пен Құдияр қайда кеткен жойыла... (*Кіріп келеді.*) Уә, сәт балғалар. (*Аламановқа қолын ұсынып.*) Жүдә, ағасы, уа, сәлем дедік сізге... Әуелі сіздің қолыңызды ұстайын. Әкімімізсіз ғой. Мәдени Далмұхамет, Түркстанда Асауи Қожахмет, бір күн болар қиямет... Алақаныңыз, алақаныңыз. Ойпырмай алақаныңыз... Ақша ұстайын деп тұр ма, жоқ адам ұстайын деп тұр ма. Қаһар тұр ғой. Қолыңызды өзіңіз алыңызшы. (*Кейін шегініп кетеді.*)

А л а м а н о в (*не дерін білмей бұлығып, тікелейген шашын қарсы-қарсы сипап*). Сайра, мына көп көлденендеріңді тарт алдымнан. Әй, қырық кара, тұр орныннан, шығар документінді.

З ә р у б а й. } Біздің де даставернеміз бар, біз де шы-
А н д а б е к. } ғарайық.

А л а м а н о в. Құштиын!

Қ ұ ш т и ы н. Шақырайын ба?

А л а м а н о в. Бар, шақыр!

Д ү р к і н (*басын көтеріп*). Менің документім сен жұлып ала қоятын ала-құла қол қойып, ақ мөр бастырып берген паспортың емес. Әңгімең менде көрінеді ғой. Сен тұрсың, сыбырдың тас қамауында, сенен де үлкен зілменен айқасқан күндерім де болған. Айналаңа қара, сенің содыр қамшың бұларға да, маған да өте қояр ма екен.

А л а м а н о в. Жоныңды тоса келген өзің, өтпек тұрмақ тіліп кетер!

(*Құштиын урядниктерге хабар беруге жүгіріп кетеді. Урядниктер кеп қоршап алады.*)

Әмір етемін, мұрындарынан тізіп алып жүріңдер!

З ә р у б а й. } Ал тізілдік, тізіңдер, тізіліңдер!
А н д а б е к. }

(*Урядниктер тап берген кезде Андабек бар, барлығы Дүркіннің етегінен ұстап, Сайраны орталарына ала, бірінің соңынан бірі тізіле бастайды.*)

Қ ұ д и я р (*Қырықсақинаны қолынан еріксіз ұстап әкеліп арасына тығып жібереді*). Сәт балға жаңа соқты. Тізі-

лiндер. Сайтан соққан сараламен мен де соғынан тұрайын.
(Ең соғынан бiреуiн құшақтап алып тұрады.)

Аламанов (бұйырып). Алып жүрiндер! (Урядниктер кiмдi алып жүретiнiн бiлмей тұрып қалады.)

Аламанов (Зәрубайға). Босатындар!..

Зәрубай (мысқылдап). Тiзiп әкет... Әй, Андамас, Таукезер уезкомның желке жүнi жаңа күдiрейiп келедi. Байқандар, бiреуiндi қауып алмасын.

Аламанов (мылтығын суырып қорқытам деп Зәрубайға кезенiп). Ә, тiл тигiзейiн дедiң бе? Жоқтауың бiр-ақ оқ! (Үстiн ала атып жiбередi. Зәрубай көптiң iшiнен жұлқына шығып, серейiп барып құлайды. Андабек «ой, бауырымдап» Зәрубайды бассалады.)

Құштиын. Сұмдық!.. Бекер аттың-ау, су түбiне кеттiк қой! (Есалаңданып шалқасынан түседi.)

Құдияр (қамшысын бiлеп). Аламанов кiсi атты. Мәшһүрда молда, уа, қатта зәкүншiл, адвокат Аламанов Зәрубайды атты! Уа, қарашор, қайдасындар! Аттан, аттан, аттан!

Тәйтiк жүгiрiп келедi.

Тәйтiк. Кiмдi атты? Кiм атты?

Көпшiлiк. Мына тұрған Аламанов!..

Тәйтiк. Өз қолдарыңмен кiсi ата бастадындар ма, тарт пәуескенi берi карай, сүйегiн елге алып жүрiндер!

Аламановтың тобы үрпiсiп қорқады.

Дүркiн (төнiп келiп). Маған кезеген оқ едi, кiмге тидi. Кайта бiр көтершi.

Аламанов (сұлық, мойындағандай боп). Т-т-тiлiнен тапты.

Зәрубай (шын оқ тиiп өлгелi жатқан кiсiдей көзiн әлсiреп ашып). Өлдi деген осы. Мен, мiне өлдiм!

Жұрт аңтарылып Аламановқа түйiледi. Аламановтың тобы үрке кейiн шегiнедi. Зәрубайды Құдияр, Андабек жылдам көтерiп ап шығып кетедi.

Шымылдык

ЕКIНШI АКТ

Арада бiрер күн өткен. Кеш мезгiл. Қызыларай ақ саңлақтың арасынан жаңа туған ай көтерiлiп келедi. Қарасордың айдынымен Аралтөбе күңгiрттенiп көрiнiп тұр. Базар әкiмдерiне тiгiлген үйдiң алды маң-

дайыннан қадалған алау-жалау туы аздап қисайып қалған. Қымызшы Қырықсақинаның үйі, есік жағынан ғана жартылап көрінеді. Есіктің алдынан сахнаның төріне қарай төселген алаша, сырмақтар көрініп жатады. Базар әкімдерінің үйінің ішінде Зәрубайдың өлімі туралы тергеп жатқанға ұқсайды. Үйдің алдында шақыру күтіп бірнеше адамдар тұр. Құштиын мен Тоқай өз үйінің оң жақ мүйісінде, алдарында тегеш, қымызға арақ қосып ішіп отыр. Аздап қызулау.

Құштиын. Бүліктің басы менен дейсің сен оттап... Бүлік төргі үйіңнің есігінен қылт ете түсіпті ғой.

Тоқай. Шікін, піліпсің. Біздің үйге кім келмейді... Дүркін, Дүркін деп қоймайсың... Шікін-ау, өзің айтшы, Зәрубайға кімнің мылтығы тарс қойды? Үкіметіміздің бастығы Аламановтікі емес пе?

Құштиын. Па деген-ау, сөзін қара. Әй, Тоқай, сен билікті Қырықсақинаға беріп, от басында омалып отырсаңшы.

Тоқай. Уә, шікін-ау... Мен еркек пе? Қырықсақина еркек пе?

Құштиын. Сенің еркектігің кұрсын. Қырықсақина әйел де болса сенен артық. Ол еркек болса, сендей-сендей төрт қатын алған болар еді.

Тоқай. Мендей-мендей... Шікін неме... Ол сонда ылғи сақалды қатын ала ма?

Құштиын. Сақал текеде де бар.

Тоқай (ашуланып). Әй, шікін... шікін... дәмімді татып отырып теке дедін-ау...

Құштиын. Ал теке емессің, енді ризасың ба? Ұзын сөздің қысқасы, соттың алдында менің ернім қалай қозғалса, сенің көмейің солай бүлкілдесін. Ал мына әкімнің үстіне түйілген пәле сенің үйіңнен шығып отырғанын біліп қой.

Тоқай. Бүлдіруін өздерің бүлдіріп, маған мысықша көме қой деймісің, болмас, шікін.

Құштиын. Неге болмайды. Болдырасың, болғызамын. Аш бүйіріңнен қысып-қысып жіберсем, құлындағы сақау, құнандағы тістеуінді айтарсын.

Тоқай. Ой-ой, қой! Өйтіп ойнама! Өйтіп ойнама деймін!

(Екеуі даурығады. Күлсім келеді.)

Күлсім. Аға, апам ұрсып жатыр. Даурықпай үйге келсін дейді...

Құштиын. Өне айттым ғой, сен еркек емессің деп.

Тоқай. Уа, шікін... (Ентігіп.) Мықты болсаң жүр, күшінді ана Қырықсақинаға көрсет.

(Кете береді. Күлсім тегешті жинап алып жатады.)

Құш тиын (*Күлсімнің қолындағы тегештің шетінен ұстай алып*). Қайда апарасың, қарындас?

Күлсім. Жинамаймыз ба, ағай?

Құш тиын. Жиналуын жиналады, қарындас... (*Мас, күле өлеңдетіп.*) «Қарағым айналайын, қарындасым. Сені ойласам шығады жарым жасым»,— дегендей.

Күлсім. Бұл өленді қайдан үйренгенсіз?

Құш тиын. Үйренбейтіні бар ма... Сынықтан басқаның бәрі жұғады, қарындас... Осындағы көп перілерден дарығаны ғой. (*Қолын созып Күлсімнің бұғағынан ұстайды. Құдияр ұлық үйінің сыртынан қылтия қарап тұрады. Екеуіне көзі түсіп қалып, беліндегі сарала қамшысын ыңғайлайды.*)

Е-е, арадағы дұшпанның тіліне еріп... Ағанды ренжітіп не қыласың?

Күлсім (*қолын қағып тастап*). Бұл не есірік?

Құш тиын. Әкеңмен келістім. Қарындас, сен көп мөңки берме. Мен де сұр бойдақтың бірімін, қарағым. (*Құдияр күледі.*) О, Құдияр... кел, кел... Отыр, мына тегештегі қымызды әдейі жібермей тұр едім. Ақшасы төленген.

Құдияр. Төлense бері әкел.

Құш тиын. Әй, Құдияр, құртақандай сабыр. (*Ішкі қалтасынан жартылықты алып.*) Аздап шекісіп қалып едік, татулықтың алды болсын, мына бір тентек суды қосып жіберейік.

Құдияр. Зәрубай марқұмға тие берсін, деп қылқылдатып көрейін. Құйып жібер! (*Бір-ақ тартады.*) Мені урядниктің көмекшісі реселни қып алып отыр. Ажалына кім себепші болғанын ашқалы жатыр ғой, анау үйдің ішінде.

Құш тиын. Кім дейсің, Дүркін, Дүркіннің келуі.

Құдияр. Жоқ, сенің хабар беруің. Қазір, жауап беруге сен де барасың.

Құш тиын (*үрейленіп*). Әй-әй, Құдияр... Менің қатысым қанша?

Құдияр (*ойланғансып, білегінен қапсыра қысады, ырғап-ырғап*). Атарман-шабарманның қатысы болмаушы ма еді?

Құш тиын. Ойбай-бай, бай... Құдияр... Бұлшық етім бөлініп кетті. Саусағыңның ұшы сүйегіме жетті.

(*Күлсім теріс айналып сылқ-сылқ күледі. Құштиын босанысымен тайып тұрады.*)

Құдияр. Күлсім, Құштиынның қолы сенің бұғағыңа жармасқанын көріп қалған соң, менің қолым оның қарына жармасып жатқаны ғой. Сайтан соққан сарала сарт ете

түсетін кезі-ақ келіп еді, бірақ айғайға аттан қоспайын дедім.

Құлсім. Көжекке төнген қара күшігенді қағып жібердіңіз. *(Тегешті алып кетеді.)*

Құдияр *(жалғыз)*. Сұрқөжегім, сұрқөжегім, сенің тілегінді тілеп жүрмін ғой.

(Тергеу үйінен жауап беріп Андабек шығады.)

Андабек. Ай, Андамас, бері кел. Немене, жан-жаққа сезілетіндей ештеңе тараған жоқ па?

Құдияр. Бәрі де реттеледі. Бүкіл базар Зәрубайдың өліміне сеніп-ақ тұр. Әй, не деп жауап бердің. *(Жалт қарап.)* Міне өздері де келе жатыр.

Сырттан Сайра. Зәрубай қатты өзгерген, кезі, бет-аузы бір жағына қарай қисайған, шашын қырдырып алдырып тастаған, үсті-басы жақсы киінген, пысықша аткамінерге де, саудагерге де ұқсайды, сөзін, жүріс-тұрысын, басқа адамдар алдында Зәрубай боп ойнай береді.

Сайра. Не болды, Андабек?

Андабек. Өздері бастаған пәле, қырқысатын түрі бар.

Сайра *(ойлана сөйлеп)*. Апырай, мұның өзі не боп барады? Жарқын болса ойламаған жерден бұлардың қолында отыр. Ойнақтаймын деп, от басып жүрсек жарамас.

Андабек. Жок, Сайра, бір қызық басталған екен, аяқтамай тастамайық, ештеңе де болмайды, хауіптенбе!

Құдияр. Жағаға жармасатын күн болса мен бармын. Айлаға келсе мына Таукезер, алдауға келсе мына тыңдамас пері тірі ғой.

Зәрубай *(өз қалпына кеп)*. Ой, мені қойшы, Қарасордан кайықсыз да өтемін.

Андабек. Сенің кайықсыз жүзетін ретін енді келді. Қазір сені шақырады. Кісі өлімі болған қылмыстың ішінде басқа уезден келген Бектасов та бар деп жазғыздым. Аламановтың атқанын сол анық біледі дедім... Өтірік атың Бектасов Құлжабай.

Зәрубай *(қайталап)*. Бектасов Құлжабай. *(Жаттап алады.)*

Сайра *(шыдай алмай орамалымен бетін басып күледі)*. Оң жамбастарыңа алған екенсіңдер. Беттеріңнен қақпайын. *(Серңіліп ойға жүгіртіп.)* Мұндайда, достар... тілден жарықшақ, сөзден шашау шықпасын. Мен... мен... не дейін... Әттең жер тар... Көмегім әнмен тиетін болса, қазір бар дауысыммен шырқап жіберер едім.

Урядник *(тергеу үйінен басын қылатитып дауыстап)*.

Құлсайтов Зәрубайдың атылғанының ішінде болған Ақмола уезінің адамы Бектасов Құлжабай бар ма?

Зәрубай (тез өзгеріп). Бар, мен мұнда.

Урядник. Мұнда болсаң тез кел. (Есікті жабады.)

Андабек. Міне, дәл болды... Мына көзінді (сұқ қолымен қабағын көтеріп) ақырайта түс.

Құдияр (қамшымен түртіп). Аузынды пері қағып кеткен адамдай қиғайта түс. Жүр. (Құдияр алдына сап айдап бара жатады. Зәрубай бәрін де аудармастан істеп, әсемдене басып үйге кіреді. Құдияр есік көзінде қалады.)

Сайра (мырс ете түсіп, күліп жібереді). Ау, мені шақыра қалса, не деп жауап беремін?

Андабек. Сені шақырса... Оның алдына жауап беріп тұрғаның бізге үлкен мін... Бір есебін табармыз. Жүр бері.

(Екеуі кете берген кезде, қасында атқосшы бар, Тәйтік келе жатады.)

Тәйтік (атқосшысына). Сен кейін бара тұр. Сайра, мұнда ма ең? Амансың ба?

Сайра. Шүкір. Андабекпен неге амандаспайсың?

Тәйтік. Мұнымен мана кездескем. Әлгі Мәшүр адвокат ауып келген кірме, біздің дуанға әкім болдым деп төбе шашын тікірейтіп мені мүйізіне іле кетпек дейді. Мен оны... Алашорданың шаңырағын біздің ортада сол көтеріп тұрса да, тірсектеп-тірсектеп Түркістанына айдап салармын.

Сайра. Не дейді? Сөйтіп жаласын сізге де аудармақшы ма?

Тәйтік (қалтырап). Ол зіл болса, мен де зіл. Мені төңкеріп тастап өзі оп-оңай жарқылдап шыға келмекші ғой. Зәрубайдың құнын менің жоқтайтынымды қайдан біліпті. Егессем ел шоқпарын үстінен үйіп қоям. Сонда, ол закончик неме әкесі Аламанның атын да ұмытып қалар! (Аз кідіріп.) Сен не ойлайсың, Сайра!

Сайра (жылы шыраймен). Менің басым іздеп алған ауруың. Ебін тапсаң емін де тап. -

Тәйтік. Ебін, емін дедің-ау, Сайра. Ағындаған әніңмен түбінде сырға шешім болатын бір кезеңін мен де күтем. Ал, мынау кесе түскен кедергі тобығымнан да келмейді. Солай емес пе, сылқымым?

Андабек (шын жаны ашығандай боп). Жауап беріп мен жаңа шықтым. Алақұйын бір жауап сап етіп алдыңнан шығайын деп тұр.

Тәйтік (шошынып). Немене, о не жауап? Кім беріпті...

Андабек. Кім берсін. Қара бұлтты басынан аударар-

мын деп тұрған Аламанов та. Кеше саған сенемін деп, төре сені қорғаймын деп барып айқасты. Сен, мұқатам деп Аламанов мылтықтың аузын табанда соған бұрды. Бұл бір. Мен саған дос адаммын. Екінші, Жарқын Аламановтың қолында тұтқында отыр. Неге отыр? Сен Саира үшін жүрегінді қолыңа ұстап келгенінді Аламанов жақсы біледі. Ал, Жарқын деген жігіт мына Саираға жанашыр жақыны. Жарқынды қолында ұстап Саира ы тізгіндеп, Жарқынның сертін алмақ...

Саира. Рас, сен де сен үшін арандағы Ел азаматының бірін тұтқын қыл, бірін атып жатса, бір от басында бет жыртқаннан не шығады?

Андабек (*Іліп әкетіп*). Мен ода да сұмдығын айттайын. Аламанов Жарқынға мылтықтың атылуы Тәйтіктің елді екі жарған, партиягерлік бүлігінен шықты. Жауабыңды Аламанов жазықсыз жарға жығып отырған Тәйтік деп берсең босатамыз депті. Осыған бар жанын салуда. Сол адамдары дел-далда. Бізден күш кетіп барады.

Тәйтік. Қандай күш, не күш дейсің?

Андабек. Жарқынның жауабының алдын орау.

Тәйтік. Ым-ым... алдын орау, білдім... түсіндім. Ендіше бұл дау мұнымен бітпейді. Аяғы ғасырға шабуы сөзсіз, Ел азаматтарының көзін жаудыратып түрмеге қамап қанша адамның қарғысын мойнына алып отырып, енді кеселін маған тигізбекші ме ол сойқан? Оның алдын немен ораймыз?

Андабек. Түрменің начальнигінен бастап, айналасының аузын ап, Жарқынның жауабын өзгерту.

Тәйтік. Дүниеге келе ме?

Андабек. Келмегенде.

Тәйтік (*ерленіп*). Дүниемен ебі табылса... кешегі жүз құр аттың құны жетеді.

Андабек. Әй, әй, жүз құр аттың құнын беретін ауыл-аймағымен мекеге жүргелі жатыр деймісің, бір-екі жүз сом да жетеді.

Тәйтік (*тәкаппар мінезбен*). Жарайды, мә! Айкожа, Құнқожалардың дәулеті жетеді. (*Қалтасынан суырып ақшаны бере салады.*) Саира, ебі мен емі деп едің... бір кілттің ебі табылған жоқ па?

Андабек. Иә, табылғанда қандай. Сендер көзге көп түсе бермей үй жаққа барыңдар.

(*Екеуін тайдыра берген кезде алдынан Қырықсақина шығып, қарсы алады. Үшеуі үйге кіреді.*)

О, сәт балға... Әзірге жақсы-ақ соғып келесің.

(*Тергеу үйінен Зәрубай сөйлей шығады.*)

З ә р у б а й (бұлтаңдай сөйлеп). Сотеке, сол айтқаным айтқан. Мылтық тарс еткенде — Зәрубай жалп етті. (Андабектің қасына кеп одырайып жан-жағына қарап тұрады.)

А н д а б е к. Немене, тап баса алдың ба?

З ә р у б а й. Көз бен ауыз қалай қисайса олар да түзелмесе кетті. (Көзін түзеп.) Мүлде қисайып қалмады ма екен, қарашы?

А н д а б е к. Өлмейсін, шыда... Қырық бұралатын сенің ежелгі кәсібің. Бері... (Кенет.) Тағы бір мәселе бар. (Екеуі бұрылып үйді айналады.)

У р я д н и к (айғайлап). Зәрубай Құлсейітовтың өлімінің ішінде болған Құштиын Қодықов... Тоқай Жолшораұлын алып кел!

Қ ұ д и я р. Қазір.

(Құдияр қамшысын білеп Тоқайларды барып айдап шығады. Тоқай шегіншектен жүргісі келмейді. Құштиын омыраулап оны бірге ала кеткісі келеді.)

Арық қойша тырыспай, бас аяғыңды!

Т о қ а й. Шікін-ау, барғанда, маған не деп жауап бер дейсің?

Қ ұ ш т и ы н. Аузыңа келгенінді көкіме, мен саған жаңа не айттым?

Т о қ а й. Шікін-ау, соның бәрі менің есімде қалды ғой дейсің бе?

Қ ұ ш т и ы н. Е, сенен кешегі өлген Зәрубайдың ақылды қойы артық.

Т о қ а й. Қой шікінді қоя тұршы, қой орнына мен құрбан боп кетпесем не қылсын.

Қ ұ ш т и ы н. Мына құлағыңнан құйсам, ана құлағыңнан ағып кетеді. Қысқасы, Аламановты ақтайтын жағың сөйлесейші.

Т о қ а й (безек қағып, тырысып жүрмейді). Аламановтың айыбы жалғыз Зәрубайдың өлімінде ме, бүкіл елді әлекке салып жатқан жоқ па. Тәйтіктің де тал түсте Қырықсақинаға тап беруі соның қырсығы, шікін.

У р я д н и к. Әй, неғып тұрсын, айдап кіргізсеңші мыналарды.

Қ ұ д и я р. Ал, айдадым... Әт-шүү... (Құштиынды бір тартып жібереді, арқасын сипалаймын деп жүріп Тоқайдан айрылып қалады. Тоқай жалт беріп кейін қашады. Құдияр Құштиынды айдап үйге кіргізеді, урядник жүгіріп барып түп етегінен ала түседі.)

Т о қ а й (сүйретіліп жатып). Шікін-ау, ұлығым-ау, төрем-ау. Мен шікіннің түймедей де жазығым жоқ. Қырықсақинадан сұрандар, соны апарыңдар.

Урядник. Жап аузынды. Шақырылған сенсің.

Тоқай (бара жатып). Қырықсақина, Қырықсақина... Мен шікін, шікін болдым ғой.

(Еріксіз алып үйге кіреді. Үйден Құдияр шығады. Андабек, Зәрубайлар келе жатады.)

Андабек. Құштиынның арқасына қамшы да тиді. Тоқай сорлы да сүйреліп қалды. Бері жақындандар. Бұл бір ел аузында кетпес жұмыс болды. Енді былай, Жарқынның тұтқында екенін білесіндер ғой.

Екеуі (қосарлана). Білмегенде.

Андабек. Білсендер, барлық ақыл-айланы қолданып, Жарқынды тұтқыннан босатуымыз керек. Тыңдамас, сен тағы да бір қиын өткелге барасың. Жарқынға тамақ апарған кісі боп...

Құдияр. Түрме начальнигінің аузын тырнағанмен не шығады?

Андабек. Шығады, сабыр ет. Андамас, сен мына кісі шақыру қызметінен тайып тұр. Төлеуқан, қызыл көз Сәкен, Алтай үшеуіне менің сәлемдемемді жеткіз. Екіталай күн бола қалса, үшеуі әшейінде істейтін тентектігін бізден аямасын.

Құдияр. Қалтамда соқыр тиыным жоқ, ол қырсықтар көне ме.

Зәрубай. Әй, кедейлік-ай, осындайда қолды бөгейтінің-ай!..

Андабек. Тыңдамас, мә, саған әзірше жүз сом.

Зәрубай. Не дейді, сұмдық, ата-бабаңа бітпеген осынша ақша қолыңа қайдан түсті?

Құдияр. Өзің кісі тонағаннан сауымысың?

Андабек. Осы базарда кімді кім тонамай жатыр. Соның бірінің есесі де. Бұл ақша Тәйтіктің атасынан қалған дәулет деймісің. Айқожа, Күнкожалардың табан ақы, маңдай тері. Жарқынды жатқан жерінде Құштиын сұм ұстапты. Енді Дүркінге сақ болайық. Есіне де салып қой. Барындар. Жолдарың болсын.

(Үшеуі үш жаққа жалт бұрылып жөнеледі. Қасында бір уряднигі бар Аламанов келе жатады.)

Аламанов. Ей, пері, тоқта.

(Андабек үн жоқ тоқтап тұрады.)

Айғайға аттан қосып, пәленің басы қайдан шыққанын білмей жаласын біреуге аударам деп жүргендерің не? Соңында аңдушысы бар, ізін бүркеп біздің ішімізге бүлікті сала келген бір қашқын кім, мен кім? Мен мылтығымды кезесем соған кезедім.

А н д а б е к. Кімді айтасың, Аламанов ағай-ау, кезелген де, атылған да бір-ақ мылтық емес пе еді?

А л а м а н о в. О, пері сокқан есалаң. Көздеріңді шел қаптап, оның кезегенін көрмейсіңдер де, менің қолымның жоғары көтерілгенін көресіңдер. Мен не жауап беремін. Ақты-қарасын аудара қарайтын мировой судья, одан қалса прокурор, земский управада отырғандар шындығына жетер ә, мен атсам бүліншілік әкелген үкіметтің жауын атым. Оған дәлдемегенім құдайға да, өзіме де аян.

А н д а б е к *(қатты қынжылып)*. Ошақтың үш бұтын-дай едім. Бір қарын сындырып, Зәрубайдан айрылып, зар соғып тұрғанымда, маған несіне шұқшиясыз? Әйтеуір, құмалақтай қорғасыннан қаза тапты ғой!

А л а м а н о в. Сүйегі қайда. Экспертиз... экспертиза жасатам...

А н д а б е к. Спиртіңізге түсінбедім... артынан құран шығарып, бата оқыту емес пе?

А л а м а н о в *(күйініп кетін)*. Ыстық темірдің басы кімге тиерін біле алмай тұрғанда бата дейді. Өзін қайда жоқ қып жібердіңдер?

А н д а б е к. Қайда жібердің деп жауар бұлтша маған түйілесіз. Мен пісіріп жеп қойды деп тұрсыз ба? О да, рулы ел, кеше мылтық тарс еткенде Зәрубай марқұм опат болысымен, енді мұны боршалап сояды, құнын кейін сұрармыз, есіл Зәрубайдың сүйегін қор етпейміз деп өңгеріп әкеткен жоқ па? Дуанға қос атпен шауып, Семейге гу-гу телеграмманы соғып жатпағанын қайдан білдіңіз. Күні ертең мына алау-жалау үйіңнің шаңырағын ортасына түсіріп, күлін көкке ұшырмайтынын қайдан білдіңіз? Жаяушылықтан тізем қырқылып, жаназасында да бола алмай тұрған мені осынша қысқаныңыз не?

А л а м а н о в *(не істерін білмей түнеріп, есінен адасқандай болады.)* Өлім... кісі өлімі... менің басыма ауғаны ма?

Аламановтың аспанға атқан мылтығын... сайтан ба, пері ме соған апарып сарт еткізген... Кім? *(Тәлтіректен қалай жүрерін біле алмайды.)*

А н д а б е к. Ит жегір қолыңа сол мылтығы құрғырды несіне ұстап көтердің?

А л а м а н о в. Я, я, қай жерге кеп соғылдым? Қай құздан тоңқалаң асқалы тұрмын? Шынында да ит жегір қолым мылтыққа неге жармасты. Түркстан өлкесінде большевиктерге төтеп бере алмай, тізгінді осы жерде ұстадым ба деп тұрғанда, қалықтың қалың нуына оқ атқаным айып

болды. Түбінде сенген бір күш бар. Сол күштің толқынына қарсы тұрамын деп таптым-ау!..

(Тергеу үйінен Тоқай жылап, Құштиын Тоқайға ыза боп шығады.)

Тоқай. Шікін, сен маған дұшпан екенсің. Өзім өтірік айта алмай, жаным мұрнымның ұшына кеп, тарс қойған Аламановтың мылтығы дегенімде, татыр қолтықтан түйіп кеп жібергенің не, шікін, талып қала жаздадым ғой?

Құштиын *(Аламановқа)*. Не деп оттап жатқанын естіп тұрсыз ба?

Аламанов. Ей, сенің де жүдә қырып жүргенің белгілі. *(Тергеу үйіне кіріп кетеді.)*

Құштиын. Қыжық-қыжық еткен сорлы. Сен бүлдірдің.

Тоқай. Шікін-ау, мен шынымды айттым.

Құштиын. Құлағына құйған сөзімнің бірін де дұрыс айтпадың. Шардақбай судья Зәрубай сенің үйіңнің төрінде серейе қатқанын сұрағанда, сен мылтық тарс еткенде, оның жалп еткенін рас дедің. Бірақ неден жалп етті, не үшін тарс етті — бұл жерге келгенде шикылдап, қикылдап тілің байланды да қалды.

Тоқай. Шікін-ау, мен не деуім керек еді. Мылтық тарс етпей тұрып Зәрубай жалп етті деуім керек пе еді? Ал сен татыр қолтықтан түйіп қалғанша, сол жерде неге сыбырлап жібермедің?

Құштиын. Шатылып берген жауабың түбінде өз жаға жармасады. *(Екеуі дауласып кетеді.)*

Андабек. Су түбінде сумандаған асау шортандар, кезі келгенде өзі кеп қармақты қалай қабады. Қапсын солай. *(Жалт бұрылып үйді айналып кетеді. Тергеу үйінен Шардақбай судья, Аламанов екеуі шығады.)*

Аламанов. Тең құрбы едік, Шардақбай, экспертиза жасамай, анығына жетіп алмай тергеуді дүрілдетіп жатқаныңның мәні не?

Шардақбай *(мыржиган қызыл мұрын, шүйдесі шығыңқы, бұғағы түсіңкі, маңдайы тайқы, басы артына қарай қайқая біткен, көзінің айналасы ісіп кеткен бітік көз жылтылдап әрең көрінеді. Шөп тығып қойған тұлып реңді, тамағын қыра керней сөйледі)*. Һә, Һә... Заң... Өзің бұрын законшік Мәшһүр адвокат, қазірде бір дуанның бастығысың. Мейлінше совдепке де, алашордаға да, Қолчакқа да, Керенскийге де, бәріне де қолданатын бір-ақ заң. Қылмысты істі бүркеп, қозғамай тастасақ, Қолчактың штабында отырған әкімдердің құлағына тисе, бізді ұшырып жібермей ме?!

Аламанов. Тым болмаса, менімен бір тілдеспей, занды бірден қолыңа ала жүгіргенінді айтам. Мұндағы айыпты кім? Айыпсыз кім, осы жағына көз жібермей, менен бір оқ шықты деп, опыра қимылдаудың не жөні бар еді, Шардақбай?

Шардақбай. Іә-іә... жөні бар. Тағы да айтам, заң. Қылмыс болған жерде, қылмысты кешеуілдетпей, сол сағатынан бастап заң кодексінің 76 статьясы бойынша оның «А», «Б» тармағынан тарайтын бірінші, екінші тарауында айтылған. «Егер қылмыс жасаушы, өшпенділікпен біреуді жәбірлеймін деп зардабын екінші біреуге тигізіп, ол адам жазықсыздан қаза тапса, айыпкерді табан аузында, бұлтартпастан тұтқынға алу» деген-ді, Мәшһүр адвокат, өзін білесің.

Аламанов (шошып). Тұтқынға алу... мен оған дәл-деп атқан жоқ едім.

Шардақбай. Атқаның рас па еді өзі?

Аламанов. Айтып тұрмын ғой, оған емес деп.

Шардақбай. Ә, ендеше, жауап берушілердің көбінің айтуы сен атты деп саған төндірді. Әсіресе, басқа губернияның қисық ауыз, шапыраш жігітінің көзін мөлдіретіп мылтыққа қолды қалай апарғаныңды, замокты қалай қайырып кімге нұсқағаныңды, мылтық дүрс еткенде, Зәрубайдың тырапай асқанын нақ-нағымен дәлме-дәл тілсіз мылқау адам ұғатындай ғып жауап берді.

Аламанов. Ол кезде ондай адам ол үйде жоқ тәрізді еді ғой?

Шардақбай. Ә, мен ойдан шығарып айтып тұр дейсің бе? Факты.

Аламанов. Басқа пәле тілден деуші еді, мен қолымнан таптым ба? Бір дуанның дағдыры қолымда деп тұрғанда, қыр мен сырды бірдей шулатып, базарды лаң қылдымау, Шардеке, шарасы мұның не болады?

Шардақбай. Әй-әй-әй, ағат іске бекер арандағансың. Сен Шардекеннен шарасын сұрайсың. Мен түбінде бұдан каторганың, Сібір айдалудың иісі шыға ма деп қорқамын. Осының үстіне, рулы елдің приговору, земский управа мен Қолчак штабының қолына тисе, жұрттың ішінен наразылық туып, осы күнгі тұтанғалы тұрған жағдайға жел беріп, кісі атты деп приговордың басына жазылсаң, шара түгіл Шардақбайдың өзін құрбан етсең де... Әй, білмеймін...

Аламанов. Шардеке, сіз құрбан болмай-ақ қойыңыз. Құрбан болудың жолын тапшы. Іс әзірге қолыңда тұр ғой. Бастан құлақ садаға деген.

Шардақбай (*портфелін қолына ұстап, үстінен қағып*). Иә, иә, бар пәле осының ішінде жатыр.

Аламанов (*портфельге жармасып*). Осының аузын жүдә аша көрмеңіз, еңбегіңізді ұмытпаспын. Ерше қайырам. Ердін қанаты ат деген еді.

Шардақбай (*портфелін өз баурына тартып*). Атама, атама, жарқыным.

Аламанов. Атамайтын түк те жоқ. Атам өлсе атамайтын күрең жорғам садақа.

Шардақбай. Қарағым Аламанов, зарланбашы. Алаш комитетінің бетіне ұстаған сен де бір азамат едің.

Сай-сүйегімді сырқыратып жібердің ғой. Сол Сібірді бүлдіріп келген Дүркін итке неге ғапа тиістің екен. Бізден басқа да Семейге аласұрып, алпарысып жатқандар бар еді. Шамам келсе бар жауаптың бетін түзеп көрейін.

Аламанов. Ризамын! (*Шап беріп қолын қысады*.)

Шардақбай. Иә, Аламанов інім, енді іс оңына келеді дей бер. (*Шардақбай үйге кіреді*.)

Аламанов (*өзіне*). Бұл пәледен бір күрең жорғамен құтылсам, жәрменке тарағанша бес күрең жорға орайына өзі келер.

(*Бұл кезде Андабек келіп тыңдап тұрады. Қолында қағазы бар Шардақбай урядниктермен үйден шығып, жанжағына хабарлағандай боп*.)

Шардақбай. Қылмыс заңы кодексінің зерттеуі жүргізу бөліміндегі 17-18 статьясы бойынша талапкері жоқ болғандықтан және де айып фактысының дәлелі ашылмай тұрғандықтан, Құлсейітов Зәрубайды көрінен ақтарып әкеп, экспертиза жасағанша тергеу ісі тоқтай тұрады.

(*Аламанов пен Шардақбай үйге қайтадан кіреді. Андабек дереу Қырықсақинаның үйінен Тәйтікті алып шығады*.)

Андабек. Тәйтеке, сен не білдің?

Тәйтік. Не боп қалды?

Андабек. Тәйтеке-ау, Сайраның айналасынан айналып шыға алмай қаласың ба деп қорқамын. Алдынды орап, заңын тауып кетті-ау деймін. Шардақбайды шартитып артына бөктеріп алды.

Тәйтік. Не дейді?

Андабек. Тергейтіндерін тергемей бұл Тәйтік дыраудың омырауға салып істеп отырған бүлігі, ертең сотты өз басына құрғызамын деп тоқтатып тастады.

Тәйтік. Өзі қайда?

Андабек. Өзі Шардақбайды артына өңгерсе, сені көкпардың серкесіндей алдына өңгеріп көлденең кес-кес-

тейтін сол ма, ол бір елдің арланы болса, мен алаштын арысымын деп мынау үйде арқауын ширатып жатыр.

Тәйтiк. Ол ширатып жатса, мен оны қиратамын. *(Атқосшы жігітін шақырып алып хат жаздырады.)* Әй, салпы ауыз, отыр, жаз. Аламановпен алысқалы тұрмын. Қазір оны алып ұрып астыма басу үшін күш керек. Нәма-найдан, Үсеннен, Жәнібектен келген, біз үшін жанын аямайтын сойыл соғатындарды дайындандар. Осы жолы Аламановты аластап, алаш комитетінің бастығына өзіміздің біреуіміз отырамыз. Тез жетiңдер... Мә, тез Айтқожаға апарып бер.

Андабек. Немене, сонда Аламановқа қарай сойылмен қарсы шықпақсыз ба, өзінді тарс еткізсе қайтесіз?

Тәйтiк. Сөзді доғар, салпы ауыз, бар, апарып бер де, тез кел.

(Жігіт кетеді.)

Андабек *(өзіне)*. Қара сойыл мен ағаш мылтықтың арасында сәт балға қалай соқпайды. *(Кетеді. Тәйтiк те өз жөніне кетеді. Сырттан Зәрубай келе жатады.)*

Зәрубай. Бір өліп, бір тіріліп мен жүрмін. Әлгі Андабек пен Құдияр не ғып жүр екен?

(Үйден Шардақбай мен Аламанов шығады.)

Шардақбай. Һә-һә, міне Бектасов Құлжабайдың өзі де тұр. *(Аламановты түртіп қалып)*. Осының жауабын өзгерттірмесек, өзеурегенмен болмайды.

Аламанов. Әй, қисық, сен қайдан қыңырайып кеп соқтықтың? Осы сен сол жерде бар ма едің?

Зәрубай. Ол жерде біреудің қисығы мен қыңырын сіз байқайтын уақыт болған жоқ-ты. Мен көргенімді айттым. Сот ағасы әп дегенімнің бәрін, дәп деп жазып алып, қол да қойғызды.

Аламанов. Сен сонда не көрдің, не білдің?

Зәрубай. Ә, мен, сіз әне бір қара жігітпен тәйкемде-сіп барып мылтық аттың. Зәрубай тоңқалаң асқанда Құш-тиынның омақа асқанын да көрдім.

Аламанов. Ым, бұл бір қыңыр қисық, оң бүйірімнен қайдан қадалып еді. Әй, сен басқа дуандікі болсаң да қарға тамырлы қазақсың, мен де бөтенің емеспін. Жапсарлас отырған елмін деп Тәйтiктің сойылын текке соғып жүрген жоқсың ба?

Зәрубай. Тәйтiк дейсіз бе?

Аламанов. Тәйтiк.

Зәрубай. Ой-бой, Аламанов ағай. Сіз Тәйтiктің сырын білмейсіз, тентек Тәйтiк, шайпау Тәйтiк, шалдуар Тәйтiк, бір даудың шеті қылт етсе, артын бұрқ еткізетін Тәйтiк.

Сіз маған діңкілдемеңіз. Әкімдігіңізді тайталасып отырған Тәйтіктің үстіне үйіңіз. Мен білсем оның қара сойыл шоқпарлары дайын тұр.

Аламанов. Не дейді, сен оны қайдан білдің?

Зәрубай. Нарышный ат шапқызып, Зәрубайдың өлімін бетіне ұстап сізді көтеріп соғуға дайындалып жатыр.

Аламанов. Ол жуан қоныш, кең қолтық бізге қарсы тұрайын деді ме. Ондай тоңмойындардың мойынын бұрап бұрап тәубасына келтіру керек.

Зәрубай. Көзін желкесіне шығарып, тіпті бет-аузын мендей қисайтып жіберсеңіз де рауа... Ағай, енді, менің сотқа керегім жоқ па. Жауап бітті ме? Жауап алу бітсе, жүріндер, біздікіне барып қонақ болыңыздар.

Аламанов. Рақмет!

(Зәрубай кетеді. Тәйтік үйден шығады.)

Тәйтік. Аламанов, қаныңды кімге шашып кетіп барасың?

Аламанов. Кімнің ақ-қарасын экспертиза ашады деп әйгіледі ғой. Мына заң орнының әділ адамы.

Тәйтік. Ә, олай болса, оқ тиген жердің орнын мылтықтың оғы да әйгілейтін болар. Тергеу неге тоқтайды?

Шардақбай. Сіз оқымаған қарадүрсін адамсыз. Адамның денесінен оқ табылса бір сәрі, оқ өтіп кеткен жаранын орны мылтықтың маркасын дәлелдей алмайды...

Аламанов. Ей Тәйтік. Мен сенің сауырлап қуып тастайтын дөнен бестің емеспін, шаужайыма жармаспа. Мына іштей кернеп жарылайын деп тұрған заманның жағдайына түсінбей, бізге тірек болудың орнына қара сойыл ұрда-жықпен әкірендейсің кеп. Менің алысып жүргенім кімнің жауы, сенің жауың, Тәйтік. Мен қолымды көтерсем, ертеңгі күні сенің желкеннен ап, ақ орданды ойрандап, аузыңнан сөзіңді, басыңнан билігіңді алатын совдептің содырына көтердім. Мен от басқанда сен сау қалмақпысың?

Шардақбай. Я, қылмыстың бір жағы Тәйтекеңе де қылтиып қарап тұр десе де болады.

Аламанов. Жә, бұған не дейсің?

Тәйтік. Солай ма? Қылмыстың шеті маған қарай қылтиып тұрса, ол сенің қанды қолыңнан шыққан ажал оғының әлегі. Мен кім? Сен кім? Тұқым-тұяғыңмен, өрен-жараныңмен жоқ қып жіберуге Тәйтіктің күші жетеді. Алаштың арқанымын деп пәле-жалаңды маған аударам дейсің ғой, сен законшік.

Аламанов. Олай болатын болса, мен саған арқандықты көрсетейін. *(Бұйрық беріп.)* Мына лауазымыма тіл

тигізіп елден құрық әкеткен бойлауықты әмір етем, жабыңдар!

Тәйтiк. Енді тегеурінді маған салдың ба? Уа, қайда-сыңдар!.. Ұрандандар!.. Аттан салыңдар... Аламанов кісі атқанын қоймай Тәйтiкті де жапқалы жатыр дендер!..

Аламанов. Жоғалт көзін...

(Урядниктер Тәйтiкті қоршай алып айдай жөнеледі. Үйден Сайра, Қырықсақина, Тоқайлар шығады.)

Тоқай. Е, шікін, әлі мен сықылдыға ғана келеді екен ғой. Алдына түсіп томпандай жөнелді ғой. Қырықсақина, көріп тұрған шығарсың Тәйтекенді.

Қырықсақина. Жә, қосақ арасында босқа кетіп қалармыз, жайыңа тұр.

Сайра. Уа, ел ағалары, болып жатқан даудың өзі де жеткілікті еді, біріңізге біріңіз зәрлерінді төгіп ұшыққан істен у шығарудың не жөні бар еді?

Аламанов. Ол содыр шоқпарға сол керек. Шоқпардың астында кімнің қалғанын көрсетейін.

Сайра. Апырай, ә, әкімдік дегеннің өзі жақсы екен-ау. Ап дегенде шап ете түсіп, шанқан боздар бірін бірі торға қалай шырмайды.

Аламанов. Сайра, тым асқанға бір тосу осылай болады. Оны қояйық. Кешеден бері кесепаттардың ісімен сепімен де келісе алмай қалып ем. Енді оны тастайықшы. Әлгі айналандағы перілерің бе, серілерің бе, бәрің бір кернайлатып, сырнайлатып бір азырақ серпілейікші. Солай емес пе, Шардақбай.

Шардақбай. Дәл солай. Жарастығына жағдай жасайық дегені дұрыс-ақ.

Сайра. Онда қалай? Бәріміз уезком ағасының соңынан еруіміз керек пе?

Аламанов. Еріндер. Ендігі қалғанымыз бір жерде тастүйін боп Ғабдол Рашиттің асханасын бір дүрілдетейік. Жүріндер!

Сайра. Уезком ағасы жүр деп тұрғанда жүрмеске шарамыз қанша.

Андабек *(алқынған, жүгіріп келеді)*. Уа, Аламанов, Тәйтiкті тәйкесінен түсірген екенсің. Бірақ, енді берік бол. Дауыл көтеріліп келеді.

Аламанов. Не, не, не боп қалды?

Андабек. Ойбай. Тәйтiктін қара құрым сойыл соғарлары сіздің оны тұтқынға алғаныңызды естіп қалып, жер қайысқан жұрт қаптап келеді.

(Зәрубай айғайды сала жүгіріп шығады.)

Зәрубай. Аламанов Алапай, жүдә талапай болатын

болдың. Құйындатып, шандатып, атой беріп, сізді шабуға келе жатыр. Жарқынды түрмеден босатып әкетіпті.

Аламанов. Не дейді сұмдық, Шардақбай, жүгір, урядниктерге хабарла.

Шардақбай. Оларды жаңа өзің жіберіп қойдың ғой. Мына кара топырдың ішінде аяқтың астында қала алмаймын, маған да жан керек.

(Сырттан шапқан аттың дүрсілі; ұрандаған айғай естіледі. Шардақбай үйге жып беріп кіріп кетеді. Аламанов тұра қашпақ болады. Оның алдынан бастарын орамалмен байлап алған үш-төрт жігіт шығады. Екінші жаққа жалт бұрыла қашқанда Құдияр бастаған екі-үш жігіт: «Қайт, қайт, кейін қайт!» деп көлденең тұра қалады. Айғай көтеріле береді.)

Аламанов (қайта айналып кеп). Жүдә, мен құритын болдым. Сайра, әйел затының аруы едің, алаштың мен де бір азаматы едім, мойныма арқан түсіп басыма шоқпар тигелі тұр. Байлап әкете ме мені, айдап әкете ме... Құтқарыңдар... (Қырықсақинаның үлкен жаулығына қарай басын сұғып тығылмақшы болады.)

Андабек }
Зәрубай } (екеуі екі жағын тоқтатып).

Әй, тоқтандар, үкімет адамын талатып, көкпарға тартқызбаймыз. Ала алмайсыңдар, бермейміз. (Жүгіріп кеп қорған бола бастайды.) Отыра қалыңыз, бұғыңыз... Төбенізді шоқпар ойып кетеді... (Аламанов отыра қалады.) Сайра, Қырықсақина, сіздердің қолдарыңыздан ешкім тартып ала алмайды... Етектеріңмен бүркеп отыра қалыңдар!

Тоқай. Әй, мына шікін қайда кіріп барады өзі?

Андабек (ода отырып). Мәшһүр адвокат. Аламанов Алапай... болып қалды-ау талапай...

Шымылдық.

ҮШІНШІ АКТ

Сол күнгі түн. Күндізгі базар шуы басылған, алыстан әр жерден салыпған әң, дуылдай көтермелеген дауыстар, дүкен күзетшілерінің тоқылдағының дыбысы бір алыс, бір жақын жерден естіліп тұрады. Қырықсақинаның үйінің сырты. Әріректе біріне бірі жалғаса тігілген ақ шатырлар көрінеді. Сахнаға басын орамалмен байлап алған, жалаң аяқ, екі етегі беліне қыстырулы, қолында сарала қамшысы, жүгіре басып Құдияр шығады.

Құдияр (*жан-жағын абайлап*). Андамас, аяғыңды енді аңдап бас. Олардың ісі, менің күшім. Дос жолына күшімді несін аяйын. Күрең жорға Шардақбайдың тәлтиген тақымына сыймайтын шығар. Андамас аңғалдықпен ала алмайсың нар тәуекел кеттім. (*Атқып шығып кетеді. Дүркін, Жарқын, Аңдабек үшеуі келе жатады.*)

Дүркін. Жарқын, біздің түпкі ойлаған мақсатымызды мына Аңдабектер жете түсініп, достық қарызын ақтады.

Жарқын. Я, Дүркін аға, біріне себеп болды ғой. Сірә, жолымыз оңдалар.

Дүркін. Оңдалмайтын несі бар. Біз жол торуға келген жокпыз. Бұл жер тоғыз тараудың тоғысатын жері. Мен де бірталай сырды түйдім. Революцияның дабылы жақындаса, халықтың қарманатын түрі бар. Ал, Аңдабек, соның бір түрі сендердің осы істеп жүрген өнерлерің. Бүгін біз тез жетуіміз керек, Жарқын, енді бұларға аялдауға болмайды. Қалай жөнелтесіңдер?

Аңдабек. Жөнелтеміз. Бір көлігін дайын. Екіншісін маған тапсыр. Енді өздерің былай тасалана тұрыңдар. Кеше Тәйтікті Аламанов алып ұрып астына басқанда, Аламановты біз қалай астымызға бастық, оны естідіңдер ме?

Дүркін (*күліп*). Естідік, ондырмай шокитыпсыңдар.

Аңдабек. Иә, соның ізін суытпай Тәйтікті тәйкесінен тағы бір түсіретін сәті кеп тұр. Мен, кеше сені босатқызыған анадағы төре дедім, сен сол төре қалпыңды бұзбай тұра бер. Қазір жолықтырам.

(*Үстінде қоянның киімі, атқып, ағараңдап Зәрубай шыға келеді.*)

Дүркін (*шошынып*). Бұ не нәрсе, ағараңдап, секіріп, атқып бізге қарай келе жатқан.

Аңдабек. Сескенбендер, анадағы атылған мылтықтың оғын өзіне қарай бұрып алған Зәрубай.

Дүркін. Міне, шын ойыншы артист... Ойыншы да, өнерпаз да...

(*Зәрубай қарғып қастарына келеді.*)

Оттең театрларың жок...

Зәрубай. Амансыңдар ма... От қағарларың тағы да келді қастарына, сескенбендер, не істеп жүрсіңдер?

Аңдабек. Ей, Тыңдамас, сен секеңдеп секіріп жүріп ашып аларсың, тая тұршы... Тағы бір іс орайына келгелі тұр.

Зәрубай. Дәл соғатын бол. Мен де дәл кезінде соғайын. (*Жалт бұрылып кетеді.*)

Дүркін. Ғажап, айтып ауызбен жеткізе алмайтын ғажап... Аңдабек, енді тездет!

А н д а б е к. Жарайды, тездетейін. *(Кетіп қалады.)*

Д ү р к і н. Әңгіме былай... Мен Қарқаралыға тура тартамын. Онда түрмеде отырған советтің адамдарымен астыртын байланыс жасап жүрген біздің жолдастар бар, олар дайындалуда. Мына жәрменкенің қызығында есірген Аламановтардың кезін пайдаланып, қайтсе де түрмеде отырғандарды босатуым керек... Ал, сен Ақжар поселкесіндегі партизандарға хабар жеткіз... Тұтқындағылардың дені солардың адамдары. Қарулы күшпен тез Қарқаралыға жеткіз де.

Ж а р қ ы н. Жету мезгіліміз қашан болады?

Д ү р к і н. Суыт жүр... Жолшыбай аялдама. Қалаға барлау салып кіріңдер... Бері тасалана тұр деді ғой. *(Екеуі тасаланады.)*

А н д а б е к *(шатырдан Тәйтікті алып шығады)*. Ой, Тәйтеке, кеше сіз тәңірінің берген абройымен Аламановтың астына жатпай төңкеріп тастап түрегелдіңіз. Шіркін, мына жас төре жігіт екен. Сіздің сәлеміңізді, менің айтқанымды бұлжытпай орындады. Аламанов көңгісі келмеп еді. Ей, тікірейген шаш, тікірейме... Сенің ойнайтын кісің Тәйтік емес... Ерегіссең сол отырған котелешкеге өзінді отырғызып қоямын дегеннен кейін босатып жіберді.

Т ә й т і к. Алғаш кездескенде-ақ тегін төре емес екендігін байқағам, Андабек. Әттен, өз қолым түгел тұрғанда Аламановтың күлін көкке ұшырып, ат құйрығына бір байлататын едім, ым... Сендер... қаңғыған итке мені талатпай әйтеуір елдіктеріңді істедіңдер. Ризамын, Андабек. Төре мені неге шақырды?

А н д а б е к. Сені, Тәйтеке... Аламановты ұшырып түсірудің лажы үшін шақырды...

Т ә й т і к. Ол қандай лаж?

А н д а б е к. Төре жігіт Қарқаралыға барып, Семейге қолма-қол телеграмма беріп, алашорда комитеті... және управзем дей ме... солармен келісіп, Аламановты ұстатып айдатамын дейді. Соған суыт барып қайту үшін сенің тройқанды сұрайды.

Т ә й т і к. Бердім, шіркінді көзіме бір көрсетші.

(Белгі беріп шақырады. Дүркін келеді.)

Д ү р к і н. О, Тәйтекенің өзі келіп қалыпты ғой... Тәйтеке, немене өзі кеше кәтта адвокат қапсыра бұрып... қабырғаңызды қайыстырып жіберген жоқ па?

Т ә й т і к. Айналайын, жігіт екенсің. Сенің арқаңда, ағаң әйтеуір айналып орнына қайта келеді ғой, бұл жақсылығыңды ұмытпаспын. Жол жүрем деп мені шақыртқан екенсің, басымен алам десең де үш қара көк атты пәуеске-

сімен бердім. Үкілі почтадай ұшырып апарып қайтуға жарайды.

Дүркін (*қолын ұстап*). Дұрыс, Тәйтеке, жұмысыңызды әбден бітірген соң қолыңызды бір-ақ алам. Аламановтай басы асауды құлағынан тұқыртып астыма бастым дей бер. Орнынан ұшып түскен хабарын телеграмма арқылы берем.

Тәйтiк (*сағатына қарап*). Бес минут... Аңдабек, бар жүргізіп сап қайтып кел.

(*Дүркін қоштасып, Аңдабек екеуі кетеді. Тәйтiк жалғыз*).

Тәйтiк. Ата-бабамнан бергі қонған бақ, неге гегін ұша қойсын деп едім-ау, мына жолы болғыр жігітті маған кез келтірген, сол атамның аруағы шығар. Ризамын аруағыма...

(*Зәрубай ербеңдеп қарғып алдынан шыға келеді.*)

Алда құдай... бісміллә... бісміллә... аруақтың өзі келді... Алдымнан өте шықты... Аруағыннан айналайын.

(*Зәрубай екінші рет оралып, шыңғыра қарғып, тап береді.*) Алла, алла... аруақ... мені... мені... аруақ соқты. (*Шалқасынан түсіп құлайды. Зәрубай үстінен қарғып түсіп, қоян боп ойнап, жоқ болып кетеді. Сыртта дүрілдеп кетіп бара жатқан арбаның дыбысы естіледі. Аңдабек келеді.*)

Аңдабек (*құлап жатқан Тәйтiкті көріп*). Ойбай-ау, мына Тәйтекенді кім сұлатып кеткен... Тәйтеке... (*Басын көтеріп.*) Тәйтеке.

Тәйтiк (*күрмеліп сөйлей алмай*). Кі-кі-кі келді... су-су-су соғып кеке-кетті.

Аңдабек. Не соқты... Совдептің бірі кеп серейтіп кеткеннен аманбысың? Су бүркейін бе? Дем салайын ба? Үшкірейін бе?

Тәйтiк. Ді-ді-ді...м деп сал. Аруақ...

Аңдабек. Тәйтеке-ау, сіздің қысылып жүргеніңізді біліп, жарықтық ата-бабанның аруағы келіп-ақ қалған екен ғой. Нешеу өзі... Біреу ме... екеу ме, түрі қандай? Таналарынды танушы ма ең? (*Үшкіріп.*) Уә, су-ә-су-ә, асу... уәл, арзу, әу қарзу, уақиын атан, сайқатаң, үйінде бар ма татаң... Үйінде бар болса татаң, құп-құп-құп. (*Өзіне.*) Ей, мұны соққан перінің салқыны Зәрубай ғой. Сұп-сұп...

Тәйтiк. Көтер мені, үйге жеткіз.

(*Аңдабек әрең дегенде көтеріп үйге алып бара жатады. Ізін ала Зәрубай, Жарқын, Сайра келе жатады.*)

Зәрубай (*шек-сілесі қата күліп.*) Әне, Таукезер арқалап әкетіп барады... Бірін құлатып, бірін сұлатып, бірін бөктеріп, бірін өңгеріп сайрандап Қырықсақина екеуіміз

де Аламановтың үстіне бір ойнақтадық... Әй, Зәрубай-ай...
Сенің де бір шаршайтын күнің болар ма екен...

Ж а р қ ы н. Иә, аз уақыт арқауымыз үзілгендей болып қалып еді... Өткір әзіл мен шалқыған ән міне қайтадан шарықтап арнамыздан аумай, шын жүректен тағы да кеп табыстық. Біз толқын ұрса аударылып шетке шығып қалатын қайық емеспіз. Әр уақытта ән дария, жыр бұлақ. Жер күйеуі күн лебімен қызып аққан қайнар бұлақтар бір арнаға құятын да күн болар, сол күнге де жетерміз.

З ә р у б а й. Інім... Сендер үшін өліп-тірілуге жеткен өнерім осыны көрсетуге жетпей ме? Үстімдегі кебін емес, кебенек. Кебін киіп кеткен күнде кебенегім қалады. *(Қоян боп ойнап қояды.)*

С а й р а. Иә, Жарқын, шұғыл келіп, жалт бұрылдыңдар-ау!

Ж а р қ ы н. Уақыт солай болды, Сайра.

С а й р а. Иә, сенің де емін-еркін жүретін күнің болар ма екен? Қанаттасамын деп қайырылып келген едің. Шалқып салар сәнді әніңді біздің ортамызда еркін айта алмай кететін болдың-ау.

Ж а р қ ы н. Сайра, біз кездесеміз. Өмір әлі алда ғой. Жақсылықты алдан күтейік...

С а й р а. Алда, алда деген аңызың жақсы екен.

(Аңдабек келеді.)

А н д а б е к. Әй, маймақ аяқ, қырсық-ай... Бүлдірген үстіне бүлдіресің де жүресің-ау. Өкіре құсып өлгелі жатыр ана Тәйтігің. Жүрегінің қабы жарылып кетіпті.

З ә р у б а й *(шошынып)*. Ә, не дейді, мен ол итті өледі деп ойнады деймісің?

А н д а б е к. Жә, дем салдым, ертең ойнауыңа тағы да керек... Әлгі Құдияр неге кешікті?

(Атқып Құдияр шыға келеді.)

Қ ұ д и я р. Сәт балғасы соғылды.

А н д а б е к. О, андамасым, дәл соғылды ма?

Қ ұ д и я р. Аламановты аңыртып, Шардақбайды шартиттым... Күрең жорғаны алып келдім. Өне тұр.

Ж а р қ ы н. Енді мен аялдамайын, қош болыңдар, достар. Себепшісі біз болып жәрменкені бір шулатуға шулатыңдар. Біздің не мақсатпен келгенімізді сендер жақсы түсінесіңдер. «Мен бір жан қуғын көрген арқадағы...» дегендей. Дүркін ағаймен біздің мақсатымыз қуғындағы жанның басына түйілген қайғы мен бұлтты ыдырату ғой.

С а й р а. Солай ма еді... Мақсаттарың қандай зор еді, армандарыңа жеттіңдер. Менің әнім киігушілерге бір дәнекер болсын деп едім.

Андабек. Өй Сайра, осындай қысылшанда дүрліктіріп ән салғалы тұрсың ба?

Зәрубай. Салмайтұғын несі бар?

Құдияр. О, кермеиығым... Керіле бір жазылып басып жібер. *(Сайра гармоньын сызылтып қана «Әлду-бәлдуін» тартып, қосылып қоштасу әнін айтады, барлығы қайырма-сына қосылып Жарқынды шығарып салады. Енді алаңсыз бұрынғы қалыптарына кеп, бір әнді қосыла көтеріп, гармондатып жүріп кетеді. Ішкі перде ашылғанда Қырықсақинаның үйінде Күлсімге Құдияр өзі ынтызарлығын білдіргендей боп тұрады.)*

Құдияр. Күлсім... Сенің атын Күлсім ғой... Ал, мен сені сүркөжегім деймін. *(Өлеңдетіп.)*

Дегенге Сүркөжегім, Сүркөжегім,
Сен дегенде өртенеді бар өзегім.
Андамастың ықласын аңғарып қой,
Келмей кетіп жүрмесін бір кезеңің...

Күлсім. Ақ қалпақты қобдиды ақылын тапқан ашады, ақылын таппас аңғалдар, аяғын шалыс басады, жылдам жылдам айтшы осыны...

Құдияр *(жылдам айтам деп.)* Ақ қалпақ... қобдиды ашады. *(Нәшіне келтіре алмайды.)*

Күлсім. Айта алмадың, Андамас.

Құдияр. Ендеше мен айтайын, сен шеше ғой.

Күлсім. Айт, айт...

Құдияр. Көз күлісіп ойнайды, құлақ сыбыр тыңдасып ойнайды... Мұрын искелесіп ойнайды... Тіл сөйлесіп, қол қысысып ойнайды. Екі сексен, бір тоқсан жұмбағымның ішінен осы бесеуін шешші.

Күлсім. Жұрт сені Андамас дегенге, аңдамайтын шығар деп жүрсем, Құдияр аға, қалай-қалай құдиясын?

Құдияр. Сүркөжегім, алдымда бұлтылдай бұғып сен тұрған соң құдимасқа бола ма?.. *(Қарқылдап күліп, ұмтылғандай болады. Күлсім бұлтыңдап қолына түспейді.)* Сенің әкең аяңға аты, құярға асы жоқ деп мені көзге ілмей кете алмайды... Менің өз дәулетім өзіме жетеді.

Күлсім. Сендерде дәулет бар деп мен естіген жоқпын. Сәулеттерің болса болар.

Құдияр. Мені саған құдйтып тұрған сол сәулет... Сүркөжегім. Дәулет деген не!.. Менің жұмбағымды шеше алмадың. Қол қысып ойнайық. *(Қолын созып.)* Әкелші!..

Күлсім. Менің болбыраған саусағымды ана балғадай қолын күйретіп жібермей ме?

Құдияр. Жоқ, Сүркөжегім, қыспаймын... сипап қана қояйын. *(Күлсім қолын ұсынады. Құдияр қолын қыспай, алақанымен аялайды.)* Ендеше... болдырған саусақ балғын тартсын. Айтшы, қалкам, Тоқай үйде ме?

Күлсім. Керек болса шақырып берейін.

Құдияр. Жоқ, жоқ... шақырма... Алтайы қызыл түлкім... Жаңа Андабек пен Зәрубай неше қар басып кетті деп сұрады. Аспандап түсер бүркіттің тегеурінінен аманбысың.

Күлсім. Түйілгеннің тырнағына оп-онай іліне берсем бүйітіп тұрмас та едім.

Құдияр. Өректің жүрегімнің үкімін саған қалай айтып жеткізе алмай тұрған соң сұрағаным да, келші бері, балдырғаным.

Күлсім. Сен әлі бір жайды білген жоқсың.

Құдияр. А, не дейсің? Ол не жай?

Күлсім. Кеше көжекке төнген қара күшігенді қағып жіберіп едің ғой, есінде бар ма? Сол күшіген басқа түрде түйіліп жүр дейді апам.

Құдияр. Құштиын ба?

Күлсім. Әкем байғұсты шырмай келіп, қолқасын маған салмақ.

Құдияр. Жарайды, Күлсім, жақсы айттың. Үшеүміздің ортамыздан сені қағып әкете алмайды. Мен сені өзімдік деп жүрмін. *(Шашын сипап бауырына қысады, сүйеге ыңғайланады, Құштиын жалт етіп кіріп келеді.)*

Құштиын. Бұл қайсың-ай, тал түсте қапсыра құшақтап тұрған?

Құдияр. Сен не іздеп жүрсің?

Құштиын. Е-е, ым-ым, мен жай жүрмін.

Құдияр. Жайдан жай неге жүресің, қағып кеткен бе, соғып кеткен бе, шыныңды айт?

Құштиын. Ым-ым-ым, мен шынымды айтсам, Аламановтың тапсыруымен бір кісіні іздеп жүрмін.

Құдияр. Дүркінді ме? Ә, Дүркіннен бұрын қолыңа мен түсейін. Кешеден бері аласұрып пәле жапқаның үшін мынаны бір деп қой... Күлсімнің бұғағына жармасқаның үшін мынаны екі деп қой!.. *(Қамшысын суырып ап тартып жібереді. Құштиын етпетінен түскенде, басына міне түседі.)*

Күлсім. Құдияр, үкімет адамы ғой, бұ не қылғаның?

Құдияр. Жоқ, сен сыртты бақылап тұр.

(Күлсім сыртта бақылап тұрады. Құдияр жалма-жан аузын ормалмен байлап жатады.)

Құштиын. Құдияр әкем, құдатайым, жаңағы біреуіңнің өзі де жетті ғой, өлтіремісің мені?

Құдияр. Өлмейсің... Шөлдеген боларсың. Қымыз іше-
сің. *(Тік көтеріп ап, күбіге басын шанша тығыңқырап ба-
рып).* Қой, жұрт ішетін адал қымызды сенің арам басыңмен
былғамайын. *(Далаға көтеріп алып шығады да, үйдің қа-
сында жатқан ләшінге арбаның қорабының астына төңкеріп
жабады.)* Жат осында. Дыбысыңды шығарсаң Талдының
суына ағызып жіберем. *(Қораптың үстіне өзі отырады. Да-
ладан Аңдабек, Тәйтік келеді.)*

Тәйтік. Мынау құж қара кім? Бұл қайсың-ей?! Ұя бас-
қан күшігендей төңкеріліп, бұл қай отырыс?

Құдияр. Өлексені қиядан көріп төнетін күшігенің мен
емес. Күшігенді төбесінен кеп түйіп өтетін бүркітсің де.
Тәйтеке, амансың ба өзің? Папиросың бар ма?

Тәйтік. Амандығым да, жамандығым да қолдарыңда
ғой. Әй, Аңдабек-ей... алысуын мен алысып, айласын сен
тауып ең, төреден хабар болмай кетті-ау. Қайдан қайтпақ
еді өзі, келетін уақыты болды ғой?

Аңдабек. Ой-бой, Тәйтекесі... Аламановтай азулыны
жұлып алып тастау оңай ма. Бар күшін соған жұмсап жат-
қан шығар. Ол жағынан хауіп қылмаңыз. Қырықсақина,
хабар-ошар білінбей ме... Ешкім келген жоқ па?

Қырықсақина. Құштиын тіміскіленіп бір келіп
кетті.

Аңдабек. А, Тәйтік не істеп жатыр екен деп соны жі-
беріп отырған Аламановтың айла-шарқы.

Тәйтік. Түнде жан алқымға келгенде де басымды сүй-
еген сен боп едің, Аңдабек. Бүкіл дуаннан менің сойылым-
ды соғатын бір қара таяқты алашорданың басына қоймай,
мен ұйқы-күлкі көре алатын емеспін... Төрем, төрем... есебін
таба алса жарар еді.

Аңдабек. Табады... Таппаса Аламановты табаныңның
астына өзім салып беремін.

Тәйтік. Қалай? Немен, немен?

Аңдабек. Дәулет жеткен жерге, қол да жетеді деуші
еді ғой, оның саған айдап салып отырған жалаң қылыш
урядник, пристоптарын, жандайшаптарын сатып аламыз.
Бір жолғы шығынға шыда. Шашып-төгіп... көл-көсір ғып ко-
нақ істейік.

Тәйтік. Ым... Бұ да табылған ақыл, өзім де солай деп
ойлап едім. Сонда ол сымпиып жалғыз қалмай ма, ә? Ая-
ғында өзі келмей ме, ә?.. Жандайшаптарының аузына ты-
ғып-тығып жіберсем, төрт көз төбеттей өзін өзі қаппай
ма, ә?!

Аңдабек. Қабады, қаптырамыз. Сол қонақтың ішіне
Аламановтың өзін ала отырып, ауыздықтан бір алсақ, со-

нын үстіне төреніз біздің үш қара көк атпен дүрілдетіп кеп түсе қалса, сәт балғаны маңдайыңа соғып-соғып жібереміз.

Тәйтiк. Болды... Боп қалды... Қырықсақина, пұлы менен, жөнелту сенен. Қоймен кім қонақ қылмайды. Бір ту биені әкеп жайраттырам. Дайындала берiндер. *(Қойын қалтасынан бір бума ақшаны бере салады.)*

Тоқай. Шікін, ақшаны қалай-қалай суырады. Шікін, дәулеттің күші не істетпейді. Жүр, Қырықсақина. *(Екеуі кетеді.)*

Тәйтiк. Әй, Андабек... Есебін тауып, бірер тамшы уды қымызға косып жіберсем кайтеді?..

Андабек. Аламановтан жылдам құтылудың оңай жолы сол болар еді. Бірақ бір өлімнің дауының үстіне, екіншісін жамап ап, мүлдем Сібір айдалып кетіп жүрмесең.

Тәйтiк. Ә, жоқ, оны қояйын. Енді сен, басы-қасында боп, дайындыққа кірісiндер. Мен Сайра жаққа барайын. *(Кетеді. Құдияр, Зәрубай келеді.)*

Андабек. Келгенімізге төрт күн болды. Сәт балғамыз өрлей соғып келеді. Құдияр, сенің сайтан соққан сарың төмен тартып соға алмай жүр.

Құдияр. Е, сен екеуің, бірiң іліп, бірiң қағып маған жол бердiндер ме?

Зәрубай. Жоқ, Құдияр. Сәт балғаны сен де төмен тартып соқпай, төске қарай соқсаңшы.

Андабек. Таптым, Құдияр, таптым... Сүркөжегім деп бастап едің, ақ тамақ қызыл гүлкім деп тоқтап едің. Беретін мал бізде жоқ, басқаға барар қыз да жоқ.

Зәрубай. Сүйгені анық сенбісін?

Құдияр. Е, сүймесе босқа сүмендеп менің нем бар. Сүйген үшін емес пе, үшеулеп қақпақ тастай қағып әкетейік деп жүргенім.

Андабек. Құдияр, сен енді беталды құдия берме, күйеу болар жігіт сызылтып жүреді. Тоқай атаңа сызылып сәлем беріп жүр. Қырықсақинаның көзінше де даландай берме. Бүгін Тәйтiкке той жасайтын болдым, сол той сенің үйлену тойыңа айналады. Ал мен Тоқай... *(Зәрубайға.)* Сен Қырықсақина... Кәне, батасын қалай сұрайсың, көрсетші?

Құдияр. Е, оның несі бар. Ассалаумағалайкум, Тоқай, деймін. Өстіп қу тіземді құшақтап, қатынсыз өтем бе, деймін. Маған Күлсімді бер, деймін.

Андабек. Жоқ, мұның тым дөрекі.

Зәрубай. Әй, Андамас, бері кара! Атаң мен енеңе бар ғой. *(Күйеу салтымен сызылып көрсетіп.)* Ассалаумағалайкум, Төке... Жоқ, ата деп иіліп сәлем бер. Қырықсақинаға: «Күйіңіз қалай, апа?» деп кішіпейілдікпен төмен қара. Сон-

да ол «шүкір, карағым, беттеріңнен жарылқасын» деп батасын береді.

Құдияр. Ей, өмірі қатынсыз өтсем де, өйтіп сызылмасын. Барамын да сұраймын. Өз еркімен бермесе, Күлсімді нығына салып ап, ауылға қарай тартып отырады Құдияр.

Зәрубай (есіктен қарап). Шардақбай судья келе жатыр екен. Тығыла қалыңдар.

(Зәрубай кетеді. Екеуі тығылады. Қолында телеграмма, зәресі ұшулы Шардақбай сөйлей кіреді.)

Шардақбай. Аламанов, Аламанов! Осы үйде отыр деп еді ғой. О кісі қайда? (Өзіне.) Әй-әй... Аламанов... Айға шауып алас ұрып арқырамайық, алды-артымызды байқайық деп айттым ба... айттым. Енді не болдық?

(Аңдабек пен Құдияр шыға келіп сәлем береді.)

Аңдабек. Ассалаумағалайкүм, Шардеке!

Құдияр. Амансың ба, Шардақбай!

Аңдабек. Шардеке, жайша ма... Зәрен қатты ұшты ғой. Ит қуып тыққаннан аманбысың?

Шардақбай. Әй, не жайшылықты сұрайсың. Телеграмма бар, телеграмма...

Аңдабек (Құдиярға ымдап). Ә, я, я, Зәрубайдың өлімі туралы Алапайдың қылмысын тергеуге жоғарыдан комиссия келеді деген лақап естіліп еді... Телеграмма сол жөнінде емес пе екен, Шардеке?

Құдияр. Күрен жорғаны параға алған Шардекең де сау қалмайтын болды де...

Шардақбай (шошып). Ә!.. Ай, сайтан қара!.. Сен тіліңді тісіңнің астында ғана ұстасаң деймін.

Құдияр. Колчагыңнан ба, алашыңнан ба, әйтеуір тексеретін біреу келе қалса, уа, ұлығым деймін. Біздің ояздың әкімдері мен сол тергеушілері мойындарына қыл бұрау салатын нағыз паракорлардың өзі деймін. Қолдарына түскен Дүркін Жапековтан айырылып қалды. Параға сатылып Зәрубайдың өлімін адал тексермей отыр деймін. Осыны айтпасаң Құдияр болмай кетейін: (Кетеді.)

Шардақбай (соңынан). Ай, Құдияр! Әкен марқұм жақсы кісі еді. Анық сөйдейсін бе, ей?..

Аңдабек. Қой, Шардекеңе ырық бермейтін кімсің... Шардеке, анықтап айтыңызшы? Телеграмманы кім беріпті? Келетіндер кім екен?

Шардақбай. Біздің қым-қуыт боп шатысып, бүлініп жатқан ісімізді тексеруге шыққан «қазақтарды ерекше тексеретін орын» деп аталатын Қолчактың Семейдегі жазалаушы жасауылдарының штабынан Ж. Дупыл.

Аңдабек. Жын Дүбір...

Шардақбай. Жок, Ж. Дупыл... Әй, сен бұған түсіне алар ма екенсің...

Андабек. Жын Дүбір. Я, қашан келеді екен?

Шардақбай. Семейден шыққанына бес күн. Қарқаралыға келіп түсіпті. Енді оның құлашын кере созатын қамшысына жонымды тостым дей беріңдер. Колчактың дүресіне тап қылған мына сор маңдайдың ашылмаған соры көп қой.

Андабек. Не дейді, сұмдық... Зәрубайдың өлімі туралы Дүбір сұрай қалса не деп жауап берелік, соның жолын үйретсеңші?

Шардақбай. Енді ойынды қояйық, шырағым... Заң ісі қылдан да жіңішке. Зәрубайдың өлімін аяқсыз қалдырады деп ойламаңдар. Ана, әумесер Құдиярынның аузына ие бол, шырағым.

Андабек. Сонда қалай? Зәрубайдың өлімін жасыр дейсін бе?

Шардақбай. Жок, мені тергемеді, тексермеді демесін дегенім де. Алапайдың мойнына тас байлап суға сүңгітіп жіберсеңдер де еріктерің. Дүркін Жапековты көрмедік дегендерің жөн болар.

Андабек. Көріп отырып айрылып қалған өздерің ғой, Шардеке.

Шардақбай. Мен білемін ғой. Заңда айрылып қалған да, айрылуға себепші болған да, андушының алдынан қашқан да құтылмайды. Ал, Шардақбай судья фактымен дәлелдеп барып мойнына қоям деп тексеріп жатыр десендер болғаны.

Андабек. Токтанызшы, біреулер келе жатыр ма, қалай?

Шардақбай (шошынып). А!..

(Сыртта Зәрубайдың біреулерді қарсы алып, орысшалап амандасқан даусы естіледі.)

Зәрубай (үйге сөйлей кіреді.) Үсті-басы сап-сары ала біреулер түсіп жатыр.

Шардақбай. Сап-сары ала, бастарындағы киімдері қандай? Папак ба, шлем бе?

Зәрубай. Жеңдерінде кісінің қу басы мен тоқпақ жілігінің белгісін салған қара шинельдері бар. Алапай мен сізді сұрайды.

Шардақбай. Мені сұрайды?

Зәрубай. Я, Шардақбай Тұрлыханов бар ма! Қымыз ішуді біледі, пара алуды біледі, бізден телеграмма ала оты-

рып, ол кебек бас, ақмақ бізді неге қарсы алмайды?— деп тіпті сізді шұқшия сұрады.

Ш а р д а қ б а й. Сен не дедің?

З ә р у б а й. Жаңа осында отыр еді. Қазір шақырып шығайын дедім.

Ш а р д а қ б а й *(төргі үйге бір кіріп, бір шығып)*. Ә, се... сен қисық, әлі күнге дейін кетпей... Шырағым-ау, менде бір қасың бардай, шақырып берейін деп нең бар еді... Андабек, мені айта көрме, жарқynam.

А н д а б е к. Қайда жасырсам екен?

Ш а р д а қ б а й. Жо, жо... жасыру дегенді атама. Шардақбай судья бұл үйге келген жоқ десен болады.

А н д а б е к. Ойбай-ау, Шардеке, қазір жетіп келсе жерге кіремісің?.. Ол пәледен қалай құтыласың? Әлгі Тоқайдың да жоқтығы... Таптым... таптым... былай, сіз ауырған кісі болып жата қалыңыз... Ал, мен бұл үйде сары сүзекпен ауырып жатқан кісі бар еді, кіруге болмайды деп көрпемен орап тастайын. Сүзектен қорқады ғой...

(Дереу Шардақбайды төргі үйге жатқызып, көрпемен тұмшалап орайды да, қайта шығады.)

А н д а б е к. А, былай енді. Құштиынды қораптың астынан, мұны көрпенің астынан ашса өздері ашсын. Ой, мына ит тым семіз еді, тұншығып өліп кетіп жүрмесін.

З ә р у б а й. Өлмейді. Ал, кеттік. Тоқай, қал. Аламанов келе жатыр екен, сен тая тұр. Оны тағы да бір жаңсаққа салып көрейік.

ТӨРТІНШІ АКТ

Андабек кетеді. Зәрубай босағада біреуді аңдып ұстағалы тұрған адамға ұсап, төргі үйге төніп тұрады. Қасында урядниктері бар. Дүркінді іздеп Аламанов келеді.

А л а м а н о в. Ол осында, ешқайда ұзап кеткен жоқ. Тінтіндер... Абдрасының ішіне дейін тінтіндер. *(Төргі үйдің есігіне төніп тұрған Зәрубайды көріп.)* Бұл кім, ей?

З ә р у б а й *(қолымен ымдап)*. ...Тіс-тіс. Тұра қал... Дүркіннің дәл үстінен түстің...

А л а м а н о в. Қайда, жалғыз ба?

З ә р у б а й. Жалғыз... Шаршаған ба, қалай, жүрісі солғын. Жаңа ғана осы үйге келіп кірді. Е, Алапай ағай, мен де бір керегіне жарайтын азамат едім... Кеше бет-аузымның қисықтығын, көзімнің ақырайғандығын айтып бекерге жәбірледіңіз. Бір керегіне жарадым-ау деймін.

А л а м а н о в. Өзі қайда?

Зәрубай. Әне, елеусіз болсын деп көрпенің ішінде ұйқтап жатыр...

Аламанов. Ракмет сізге...

Зәрубай. Тек мен айтты деменіз.

Аламанов. Қылп етпе. Көрпесінің астында тұншықтырып, аузын тұмшалап байлап алуымыз керек. Атысканнан көрген азабымыз белгілі. Кәне, тырп еткізбей басыңдар. *(Аламанов, екі урядник көрпеге тұмшалап Шардақбайды алып шығады, тепкілейді. Зәрубай қосыла тепкілейді.)*

Шардақбай. Ойбай, ойбай, өлтірдіндер, өлтірдіңдер...

Аламанов. А, қырық кара!.. Түстің бе қолға! Бүйірден тебіндер... Бүйірден...

(Зәрубай тайып тұрады. Шардақбай көрпені жұлқылап орнынан түрегеледі.)

Шардақбай? Ah.. Әлгі қисық ұрған екен ғой... Аламанов Алапай, інім-ау, байқасаң болмай ма... бұл не қылғаның?

Аламанов. Ә, ә... се... сені мұнда ненің қысымы әкеп тықты?.. Үндеме...

Шардақбай. Үндеме десең үндемейін. Оңдырмай сойдың ғой...

Аламанов. Тал түсте не кара басты?

Шардақбай. Кара баспаса, мен жайдан-жай тығылам ба? Мә, оқып көр.

Аламанов *(телеграмманы алып оқиды)*. «Сотты кімге құрып жатырсыңдар... Дүркін Жапековты мен барғанша тұтқынға алмасаңдар, біздің темір қамшымыз арқаларыңның соры... Ж. Дупыл».

Шардақбай. Я. Ж. Дупылдің өзі келіпті...

Аламанов. Ал, өзі қайда?

Шардақбай. Осында.

Аламанов. Кім айтты, кім көріпті?

Шардақбай. Әлгі Ақмоланың қисығы. Өз көзімен көріпті... Соны естіген соң ғой, менің...

Аламанов. Жә, төре түгіл сайтан да жоқ... Болар іс болды. Жазалаушы жасауылдың шыққаны дұрыс болған. Енді сен телеграмма бер, жазалаушы отряд келеді екен деп көкіп жүрме. Келгенін бір-ақ білсін. Бас жарылса бөрік ішінде. Осындағы сақ құлақ қулар естісе мазақ етеді.

Шардақбай. Мені жүндей сабап ап, аяғаның құрсын.

Аламанов. Тісімізден шықпасын дедім ғой. Көзге түспей тұрып жөнел енді.

(Шардақбай кетеді. Тоқай келеді.)

Тоқай. Шікін-ау, менін үйімді тал түсте талқандап, бұ не пәлең?

Аламанов. Пәленін басы сенін үйінде. Шақыр Қырықсақинаны.

Тоқай. Қырықсақина, Қырықсақина, бері кел ойбай!
(*Қырықсақина келеді.*)

Бәленін басы біздің үйде дейді, мына шікін.

Қырықсақина. Қандай пәле? Ойбай-ау, бұл не мас-кара?

Аламанов. Көре тұра көрмегенсіп, қырланба, Қырықсақина. Қашқын сенін үйіңнен шықты, тұтқын сенін үйіңнен ұсталды. Дүркін Жапеков сенін үйінде, күрең жорға аттың жоғалуы да сендерсіз болған жоқ.

Қырықсақина. Адырандай аптығып, мылтық атқан да мен дегін кеп тұрған болар?

Аламанов. Сол пәле, менін басыма сенін үйіңнен жабылды.

Тоқай. Шікін-ау, үстінен түсіп айырылып қалған өзіңнен көрмей біздің жағамызға жармасқанын қалай, шікін?

Аламанов. Әй, Тоқай, сен қыстырылмашы. (*Желкесінен алып итермелеп.*) Жөнел әрі... (*Шығарып жібереді.*)

Қырықсақина. Әңгіме сөзден кетіп қол күшіне ауысты ма? Күшіне қарсы тұрарлық бізде шама да жоқ. Тізгінді тежемей арқырап кеп Тоқайға жабысқанын жарасып-ақ тұр.

Аламанов (*мылтығын суырып ал кезеніп*). Тізгінім менін өзімде тұрғанда, кімді тізерлеп шайнаймын десем де азуым бата алады. Қырлануың жетті. Қырықсақина, Дүркінді қайда жібердіңдер, аш сырынды, төріңнен көр шығарам.

Қырықсақина. Бетім-ау, мына қара жолағы несі. Әкім ағасы, күштінің күштілігі қайсы, күшсізге істеген зорлығын айтпаса, жұшсіздің күшсіздігі қайсы, күштіден көрген қорлығын айтпаса, дегендей, бір мүсәпір шал мен әйелге барынды жұмсадың, аржағында нен қалды? (*Жыламсырап тоқтайды. Бұл кезде апы кіріп, құпы шығып Құдияр мен Андабек келеді. Құдияр қораттың үстіне барып отырады.*)

Андабек. Уа, шүйінші, шүйіншімді бер... Шүйіншімді қазір бер, Аламанов.

Аламанов. Немене, менін қатыным егіз ұл туып па, жоқ әлде өлген әкем тіріліп пе, шүйінші сұрайтын?!

Андабек. Тірілді, тірілді. Құдай берген абройың қисаймайтын болды, күрең жорға ат табылды.

Аламанов. Қайдан, кімде екен? Дүркін Жапеков мініп кеткен бе екен, өзі ұсталып па?

А н д а б е к. Я, Құштиын Қарқаралыдан қуып жетіп ұстапты. Тағы да бір сыбыс бар. Оқ көк шандырды жағалап отырып өкпеге дарымай, бұғананың басын үзіп, топшысына кеп тұрып қапты. Сол оқты атақты оташы Қияқбай пышақпен сылып алып тастапты. Зәрубай тілге кепті.

А л а м а н о в (*үһлеп түймелерін ағытып, желпініп, қуанып*). Не дейді, аспанға аттым деп мен аласұрып жүрсем, оғы құрғыр тиіп-ақ қалған екен ғой. Әйтеуір тірі дей ме?

А н д а б е к. Тілге кепті дедім ғой. Өзінің едірендеп кіріспейтіні болмайтын еді, өліп-ақ қалмаған екен.

А л а м а н о в. А-ты-ты-тоқта. Өлім итті айта көрме. О не дегенің, Андабек.

Т о қ а й (*о да демін алып*). Қырықсақина, енді болмаса көзіміз желкемізден шығып еді, шікін. Жаңа қысылған кезінде ішімнен құдайға қой айтып жіберіп ем. Соның өзін мына Алапай мен Андабек шікінге сойып жіберсем қайтеді?

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Әйтеуір ішіңнен ғана айтып па едің?

Т о қ а й. Ішімнен, шікін, ішімнен айттым.

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Айғайлап айтпасаң, ішіңнен айтқанына қой сойылмайды. Жүр бері. (*Аламановқа кекесінмен қарап кете береді. Тоқай да кетеді.*)

А л а м а н о в. Дүркін ұсталса, күрең жорға ат табылса, еңкейіп қалған туымды қайтадан көтеретін болдым. Аламанов Зәрубайды атты деген пәлені Дүркіннің жапқан жаласы екен деп жұртқа таратындар. Екі-үш күнгі әлекпен әкімшілік тәртіптің не боп жатқанын білмей кеттік. Жоғарыдан Колчактың штабынан тексеретін біреу кеп қап, мойнымызды жұлып ап жүрмесін. Барындар.

У р я д н и к. Құп болады.

А л а м а н о в. Әй, тоқта. Мынаны ұмытпа. Ана шартық итке айт. Қолына берген күрең жорғадан айрылды. Енді оған бір тал қылы да бұйырмайды. (*Урядниктер кетеді.*) Абройдан айрылып, аяғым аспаннан келе ме деп жүргенде, Андабек-ай... жақсылықты жарқ еткізіп тастай бердің-ау. Большевиктердің астыртын тыңшысы болып келген Дүркіннің қырсығынан ат байлайтын қазығымыз бір елдің тірегі боп отырған Тәйтікпен де түс шайысып қалдым.

А н д а б е к. Сенің қорғалап тұрған кезінде о да біраз көкіп жіберді. Керегі не сондайды жіпке тізе беріп.

А л а м а н о в. Әй, Андабек. Сенен бір сыр сұраймын. Сен Құдияр, Зәрубай марқұм, астапыралла, марқұм емес, ауызға сайтан салып тұр ма, я, я. осы Сайра — бәрің біріңнен бірің сыр жасырмайсыңдар ғой. Тәйтік пен Сайраның арасында қандай дәнекер бар. Шынында да ол Сайраны тоқалдыққа алғалы жүр ме?

А н д а б е к. Түу... Ақылың көп болғанмен, кейде аңғалдығың да бар-ау, ағасы. Тәйтiк болса бiр рудың бастығы, ақсүйек. Сайра бiр кедейдiн қызы, сол екеуi жұптаса қояды дегенге кiм сенедi. Абройын аспанға өрлеп тұрғанда Сайраға өзiң де сөз айта алдың ба?

А л а м а н о в. Несi бар айтпайтын. Бұрын айтпасам ендi айтармын.

А н д а б е к. Я, я! *(Өзiне.)* Мұның да көкейiнде не жатқаны көрiндi. Бiрақ, оның сәтi не бола қойсын.

А л а м а н о в. Ей, Андабек, Құдиярдың күшiн, сенiң ебiндi мен қайда көрем, еркелеп-ақ жүрсiндер ғой. Осы бiр өздi-өзiмiз болып бiр үйрiлейiкшi. Маған Сайраны... жүдә, бiр я... дөңгелетiп жiберсең қайтесiдi?!

А н д а б е к. Ойбай-ау, жеңгейдi қайтесiз?

А л а м а н о в. Жеңген не... Түркстан совдепiмен алысып осы жаққа тайып тұрғанда қапылыста қалып қойған.

А н д а б е к. Аһа! Сайраны маған тапсырыңыз... Ол қазiр осында келедi. Сiз бiр айналып соғыңыз.

А л а м а н о в. Қайда, осында ма?

А н д а б е к. Дәл осы үйде.

А л а м а н о в. Әй, Андабек. Бөтен-жараннан ешкiм сезiп жүрмесiн.

А н д а б е к. Жүрмейдi. Барыңыз.

(Аламанов кетедi. Андабек iшкi үйден Сайраны алып шығады. Сырттан Зәрубай, Құдиярлар келедi.)

А н д а б е к. Достар, жақсы келдiңдер екеуiң. Сайра, осы бiр iстеп жүргенiмiздiң өзi орынсызға айналып барады. Түбi бiр насырға шаба ма деп қорқамын. Аяғымыз көрiнiп қалғалы тұр. Аламанов пен Тәйтiктi бiр жаңсаққа тағы салып жiбердiм. Тәйтiкке сен болса да тимейсiң, Аламановқа айналып та қарамайсың.

С а й р а. Немене, менi ұзатам деп бiреуден қалың мал алып қойғаннан амансыздар ма? Сонда мен не iстеймiн?

А н д а б е к. Сен бе, сен Аламановты аңырта тұр.

Қ ұ д и я р. Бәрiмiз бiр жерге ұйлыға қалған екенбiз. Мен сыртты барып бақылай тұрайын. *(Кетедi.)*

З ә р у б а й. Сонда не, Сайраны Аламановқа ұзатам деп, жал таппақсың ба? Жоқ, мен оған көнбеймiн. Кеттiм...

А н д а б е к. Зәрубай, ей, Зәрубай... *(Қайрылмайды.)* Қап, мына маймақ аяқ, қисық, бүлдiрмесе игi едi?

С а й р а *(жан-жағына қарап)*. Андабек, берi келшi. Анада Қырықсақина мен Тоқайға Тәйтiктi арандатқан сенсiң ғой?

А н д а б е к. Амал не, өрши алмады.

С а й р а. Өршітуге де, өшіруге де менің айлам жететін болса, ақыл мен есебін табатын болсақ, сендерді қинамаймын. Бірақ... *(Ойланып қалады. Зәрубай жып беріп үйге қайтадан кіреді. Екеуі байқамайды.)*

З ә р у б а й *(өзіне сыбырлап)*. Ал, Зәрубай, тағы да бір жаңсақ болғалы тұр. Тез төргі үйден орын ал... *(Төргі үйге кіріп кетеді.)*

С а й р а *(тез серпіліп)*. Қызық-ау өзі, сонша мен оған қылмындаймын ба? Жоқ, құйқылжымын ба? Әлде ашуланып ұрыссам ба?

А н д а б е к. Айтып тұрғаныңның үшеуі де керек.

(Сырттан дабыр-дүбір. Аламановтың даусы естіледі.)

Аңдабек кетеді. Аламанов келеді.)

А л а м а н о в. Ә, Сайра, есенсіз бе?

С а й р а. Көріп тұрған жоқсыз ба?

А л а м а н о в. Көріп тұрсын деп енді, есендесуден де қалдық па?

С а й р а. Қайдам. Есендесуден үркітіп алған өзіңіз ғой, келген бетімізде, кетпенмен ұрғандай ғып, сөзіңіз дүңк еткенде, мылтығыңыз дүрс етті, маңдайымыз тасқа тигендей болғаны рас, алаш комитетінің ағасы болғаныңызда өрескелдігіңізді айтпай тұра алмадың.

А л а м а н о в. Өрескелдіктің өзі, Сайра... Дүркін сияқтылардың улы пікіріне өріс бермеуден шықты ғой.

С а й р а. Ә, солар ма... Түйілген бұлт ыдырап, алқымыңызды басып тұр екенсіз.

А л а м а н о в. Дәл айттың, е-еһ... кісінің тамырының қалай соққанын ұстамай-ақ білесің-ау... Аздап үлкен болсақта, жанымыз құрбы ғой, Сайра...

С а й р а. Қыр күйектен асыпты, қыркылжың тартып қалыпты. Қыз-қызығар жігіттің ақ қырау басын шалыпты дегендей.

А л а м а н о в. Апыра, Сайра, алғашқы түскен боз қырау қысып кетер қыс емес. *(Жаңадан елжіреп.)* Шашы құрғырдың аздап ағаруы алыс, жұлыстың салған белгісі де. Кәне көкірегімнің төрінде қалатындай бір әдемі үнінді, оңашада өзіме ғана бір естіртіп жібереді екен дейді.

С а й р а. Қалауыңыз сол ғана ма?

А л а м а н о в. Сол, сол-дағы, Сайра!

С а й р а. Мен енді — «уа, деген-ай, шәу, пәле» деп көтермелеусіз айтпаушы едім, ағасы.

А л а м а н о в. «Уа, деген, шәу, пәлен!» енді... шамамызша айтып көрерміз.

С а й р а. Отырып айтсам ба екен, тұрып айтсам ба екен? Қой, тұрып айтайын. *(Түреген гаржонын тартып, ерсілі-қар-*

сылы жүріп бір ән айтады. Аламанов өліп кете жаздан: «Уа, деген-ай, шәу, пәле» деп көтермелейді.) Жок, жетпей жатыр. Дауысыңызды шығара, көтере алмадыңыз.

Аламанов. Уа, деген... Шәу пәле. Тап осы әнің мына жерімде мықтап тұрып қоныс алды. Қолын сұғып ешкім де ала алмас.

Сайра. Ал енді, менің бір тілегім бар еді.

Аламанов. Айт, жаным, айт, айт, Сайражан.

Сайра. Сіз қала салтын жақсы білетін оқыған адамсыз. Менің әніме сәніңізді қосамын десеніз гармоныма даусыңызды қосыңыз.

Аламанов. Апырай, аталы сөз айттың-ау, Сайра!.. Бірақ мен ән білмеуші едім.

Сайра. Ән білмеген, ән сүймеген адам менің досым бола алмайды.

Аламанов. Буынсыз жерден пышақ салдың-ау, Сайра. Қайтсем екен енді? Кәне, тартып көрші бірдемесін...

Сайра. Не тартайын.

Аламанов. «Уа, шіркін, қыз-келіншек, бозбалалар» деген әнді білуші ме едің?

Сайра. «Уа, шіркін, қыздар-ай!» деңіз, мынау ғой!

Аламанов. Сол, сол.

(Өлең айтпақшы болады. Сайра гармонды жүре тартады. Аламанов соңынан ілесе жүріп, қолтықтаймын деп Сайраның аяғын басып алады.)

Сайра. Түу!.. Аяғымды басып алдыңыз ғой... Аюша қорбандаған не қылған өрескел адам едіңіз?

Аламанов. Апырай, не дейді. Қатты басып алдым ба?

Сайра (ауырсынып). Ой, бәшәйім...

Аламанов. Апырай, қалай болды? (Аяғын сипамақ болады.) Бақайыңнан, аяғыңнан...

(Даладан Тәйтіктің келе жатқан дыбысы естіледі.)

Сайра. Тәйтік келе жатыр. Ол менің қасымда отырғаныңды көрсе тағы да жанжал болады. Бері, мына үйге кіре тұрыңыз.

Аламанов. Бір сәтсіз жолым болды-ау, Сайра!

Сайра (бұйырып). Кіріңіз!

Аламанов (қысылып). Кіргенде... менің ол үйде екенімді білсе, ұят болады ғой.

Сайра. Мен десен кіріңіз.

Аламанов. Кірейін. (Аламанов төргі үйге кіреді. Сайраға құрмет істеймін деп қағазға орап әкелген нәрселерін атқосшысына көтертіп Тәйтік келеді.)

Тәйтік. Сайра, бұл жерге салтанатпен кеп, самғап

қайтам деген сертімді орындау үшін шалқымақпын. Аламановтың алқымынан алатын төреміз ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда болатын болды. Мен бүгін осында жиын өткіземін. Досты дос деп, қасымды қас деп шақырамын.

С ай р а. Аламановты да шақырасыз ба?

Т ә й т і к. Аламанов түгіл, алагүлік болса да шақырамын.

С ай р а. Әрине, менің әнім, сенің сәңіңе қошаметші боп, дұспаныңды бас игізетін болсақ, тоймен тарқатам дегенің дұрыс-ақ.

Т ә й т і к. О, айналайын сылқым керімнен... Жүрші, жүрші, жоғары үйге барып отырайық. Жүрші, сылқымым. Қонақты бұлар күте жатады ғой.

С ай р а. Қойыңыз... Жұрт жиналғанда екеуміз иесіз үйден сопаң етіп шыға келгеніміз ұят болар. Сіз барып дем ала тұрыңыз. Мен қазір келемін.

Т ә й т і к. Сылқымым... тезірек, тезірек кел. *(Тәйтiк үйге кiредi.)*

С ай р а. Ұстағанның колына, тістегеннің аузына Сайраның түсе бермейтінін бұ шіркіндер кайдан білсін.

(Жалт бұрылып кете бергенде, Аңдабек қарсы жолығады.)

А н д а б е к. Сайра, не болды, қайда жөнелдің?

С ай р а. *(есiктi сыртынан тас қып байлайды да.)* Қарқаралының түрмесінің бүйірі томпайып кетіп еді. Бұл екеуіне, өздеріне оңаша түрме жасап бердік.

(Іште Аламанов пен Тәйтiк екеуi даңылдасып, ұрсысып, керісiп жатқан дауыстары естіледі.)

Қырықсақина!.. *(Қырықсақина келеді.)* Жай дастарқаныңды. Өз дәулетін өзінен аяймыз ба? Күлсім мен Құдияр, келетін қонақтарды қарсы алып тұрыңдар.

Қ ы р ы қ с а қ и н а. Қазір. *(Дастарқан жайып дайындыққа кірісе береді.)*

Қ ұ д и я р. Әй, Таукезер... Зәрубай шындап өлетін жеріне енді келген-ақ шығар.

А н д а б е к. Ол қайда?

Қ ұ д и я р. Екі нардың арасында шыбындай езіле ме деп қорқып тұрмын.

А н д а б е к. Ол маймақ аяқ қырсық, бұл үйге қай жерде кеп кіріп еді. Бәрібір, Зәрубай бір есебін табады.

(Аңдабек есікті қайтадан шешіп қояды, қонақтар келе бастайды. Сүзіле қарап шартыып Шардақбай келеді. Бірлі-жарым тасадан Құдиярдың серіктері де шыға келеді.)

А н д а б е к. Уа, жоғарылатыңдар, төрлетіндер.

Ш а р д а қ б а й. Істің басы қатты болса, аяғы тату бо-

лады деген осы. Шынында да, өзі былай ғой. Большевиктердің армиясы Қазанды алып, Орынборға ұя сала, Оралды енсерге келе жатыр деп газетте айтылған хабарға қарағанда, біздің Аламанов пен Тәйтiктің ала көздесіп арпалысып келуі алаш партиясы үшін өте хауіпті еді.

Андабек. Шардеке, Қазан мен Оралымыз Ақмола мен Көкшетаудың ар жағында ма, жоқ, бер жағында ма?

Шардақбай. Әй, қырсық Андабек! Сен жағрафия ғылымын қайдан білейін деп ең, әрине, ар жағында.

Андабек. Ойбай, Шардеке, мен қайдан білейін. Осында біреулер большевиктер Ақмола, Көкшетау, Қызылжарға келіп қалыпты десіп жүр ғой.

Шардақбай. Жә, өрең жетпейтін іске кіріспе, сенің өзің... сенің өзің, байқа!

(Аламанов пен Тәйтiк ит пен мысықтай арбаса қарап үйден шығады. Қонақтар екеуін құттықтай қарсы алады.)

Шардақбай. Міне, бірін аға болғанда, бірін жаға боп, достасып табыскандарын абзал болған.

Аламанов *(ашулы)*. Ей... сен қойшы!..

Тәйтiк. Жә, боларымыз болды. *(Екеуі ентiгiп, екі жерге барып отырады.)* Сайра қайда?

Қырыксақина. Сайра киініп жатқан болар, қазір келеді.

Шардақбай. Сайра келмей мәжілістің сәні келе ме?

Тоқай. Бүшікін қайда жүр.

(Ішкі бөлмеден Сайраның киімдерін киіп алған Зәрубай шыға келеді. Сызылып кеп шет жағынан отырады. Жұрт дүрілдесіп: «Уа, Сайра... Жоғары шық... Былай отыр, былай кел» деп кәукелдеседі.)

Аламанов *(Тәйтiкке қарап.)* Һым, Һым болса Һым... Жүдә!..

Тәйтiк *(ода алара қарап)*. Һым, Һым болса Һым... Жүдә!..

Құдияр *(әдейі)*. О, кермеиығым, кермеиығым, керіліп қайдан шықтың, ана Аламанов ағайдың қасына отыр.

Шардақбай. Сайра, жұмысбасты боп, әніңді емін-еркін тыңдай алған жоқ едік, гармондыңды ала отыр, шырағым.

(Бұл кезде сырттан Сайраның гармонды боздата тартып келе жатқан әні естіледі, жұрт аң-таң... Қасында қыз-келіншектері бар Сайра кіріп келеді.)

Андабек. Маймақ аяқ сайтан, бүлдірді.

Құдияр. Сәт балға, не сайтан соққан сары ала... Екеуінің бірі болатын болды.

Аламанов. Бұл не боп барады өзі, өңім бе, түсім бе?

Ш а р д а қ б а й. Сайраның өзі нешеу боп кетті?

Т о қ а й. Шікін-ау, біздің үйден Сайра қу-қуімен шықты ғой.

Ш а р д а қ б а й (*Зәрубайдың бетін ашып*). Мына менің кешегі жауап берген бөтен уездің адамы осы, Бектасов Құлжабай.

А л а м а н о в (*күйініп*). Ақмақ... Бектасов Құлжабай емес, Құлсеитов Зәрубай.

Б а р л ы ғы. Зәрубай... Зәрубай!..

А л а м а н о в. Өлді деген Зәрубай ортамыздан шықты ма? Іште жүріп бір Зәрубайдың салған лаңын білмегенбіз.

Т ә й т і к. Апырау... кеше... кеше аруақ дегенім де осы Зәрубай екен-ау... Кешір, азаматым Алапай!

А л а м а н о в. Кешірмейтін несі бар. Сұмдық, сұмдық. Бұл сұмдықтың ортасында мен өзім де кеттім ғой. (*Әмір етіп.*) Аттырамын... астырамын... ал тұтқынға!..

(*Аңдабек пен Құдияр жүгіріп барып қораптың үстіне шығады, сыртта, алыста қоңыраудың шылдыры, шапқан аттың дүбірі, ығы-жығы шу естіледі.*)

А н д а б е к. Дүркін келеді. Дүрілдетіп Дүркін келеді!

Қ ұ д и я р. Лек-лек қол келеді.

(*Сахнаны, қастарында бірнеше тұтқыннан босаған совдептің адамдары, партизандар бар, Дүркін, Жарқындар кеп басып алады.*)

Д ү р к і н. Колчактың қарғылы төбеті Аламанов, өз қолыңнан қаматқан халықтың бас көтерер ер азаматы, совдептің мүшелері мінекей. Енді документінді сен шығар!

Қ ұ д и я р (*қораптың астында жатқан Құштиынды суырып ап.*) Мен біреуін жамбасымның астына баскалы бір-қатар уақыт болған. Мә, мынауыңды өзің ал! (*Желкеден итеріп ортасына Құштиынды кіргізіп жібереді.*)

Д ү р к і н. Достар! Үйірлерің жазылмай, қаз қалыпта-рыңда екенсіңдер. Ел сүйген өнер екіталай күнде елдің есін де жиғызады деп айтып па едім. Сол өнерлеріңмен бізге де қорған болдыңдар. Мынау Аламановтың кезеген оғы бос-тандық толқынына қарсы атылған оқ еді. Достарым, ән дария, жыр бұлақ, жер күйеуі күн лебімен қызып аққан қайнар бұлақтар бір арнаға құятын күндерің енді туды!..

Б а р л ы ғы (*қосылып*).

Дос болмас, досты сырттан мақтамаса,

Бірін-бірі жамандықтан сақтамаса.

Кер кесел кедергіні кесіп өттік,

Біздің достық мінекей таң-тамаша!

Ш ы м ы л д ы қ.

МАЗМҰНЫ

Әбунәсір Әл Фараби	3
Сертке серт	61
Қилы-қилы тағдырлар	115
✓ Үкілі Ыбырай	165
Алғашқы ұшқындар	209
Құлпырма тон	255
Шаншарлар	265

Ш. Хусаинов

УКЛИ ЫБЫРАЙ

Пьесы

(На казахском языке)

Издательство «Жазушы», Алма-Ата — 1972

Редактор *Т. Шаханов*. Художник *Г. Сидоров*. Худож. ред. *Р. Слюсарева*.
 Техн. ред. *С. Лепесова*. Корректор *М. Рзагалиева*. Сдано в набор 6/IV
 1972 г. Изд. № 210. Подписано к печати 4/XI 1972 г. Бум. тип. № 2,
 84×108¹/₃₂—10,0 п. л.—16,8 усл. п. л. (Уч.-изд. л.18,27). Тираж 25 000 экз.
 Цена 1 р. 03 к. Заказ № 343. Типография № 2 Главполиграфпрома
 Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата,
 ул. Карла Маркса, 63.